

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

30-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР,
АУДАРМА

1949–1952

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. –
Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

30-том: Мақалалар, зерттеулер, аударма. 1949–1952. –
428 б.

ISBN 978-601-294-172-2

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 30-томына “Заметки о романе”, “Қазақтың әдеби тілі туралы”, “Абай өмірбаянының төртінші нұсқасы” сынды мақалалары мен зерттеу еңбектері және И.С. Тургеневтен аударған “Дворян ұясы” романы енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-172-2 (30-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
ISBN 978-601-294-142-5 және өнер институты, 2014

Мақалалар



ЕҢБЕГІМ – ҰЛЫ ОТАНЫМДІКІ

Партия мен үкімет менің шағын еңбегімді мұншама жоғары бағалады. Турасын айтқанда, бұл қуанышты хабар мен үшін мүлде күтпеген жерден болды десем, оным дұрыс болмас еді. Өйткені мемлекеттік, қоғамдық өміріміздің қай саласында болсын, совет адамдарының еңбегі жемісті болып, көзге түскендей болса-ақ, ол еңбекті Отанымыздың қалай да бағаламай қоймайтыны сөзсіз. Бізді халқымыз, партиямыз, үкіметіміз осындай кәміл сенімге баулып, үйреткен. Сөйтсе де, әрбір жеке қуаныштың өзіндік сыры, әсері, өзіндік мағынасы болатыны анық. Осындай өзімше кейбір талдау жасай келіп, менікі өзімнің достарымның қуаныштарынан да біраз асып түсе ме деп таптым. Мен үшін, менің шағын еңбегімнің бағаланғанына қуанған достарымның саны өлшеусіз көп, олардың бәрінің есімі біреу – адал, таза жанды, туғаным совет халқы.

Бұл – біздің бәріміздің, Қазақстанның және Совет Одағының жазушыларының да, республикамыздың ғылыми және искусство қайраткерлерінің де, мені тәрбиелеп өсіріп келе жатқан партия, қоғам ұйымдарының да ортақ қуанышы. Сол себепті де мен үшін бұл шатты кезеңнің орны өзгеше. Дәл, осы шаттықтың үстінде мына ақиқатты әбден түсіндім, біздің елімізде қоғамның мақұлдауына жараған пайдалы еңбек бірден халықтың өзінің, бүкіл ұлы Отанымыздың игілігіне айналады, ол еңбек үшін қам, жағдай жасайтын, оған мақтанып, қуанатын сол халықтың өзі болады. Осының өзі – біздің еліміздің социалистік мәдениетіміздің артықшылық қасиетінің бір сипаты. Сондықтан да менің былай деп айтуға жеткілікті дәлелім бар: “Иә, бұл күнге дейін менің авторлығыммен аталып келген еңбек, енді туғаным совет халқы – сенікі! Өлшеусіз сүйікті, ұлы

даңқты Отаным – сенікі! Сенің тарихи, мәдени, материалдық табыстарың аса көп. Сол табыстар тізбегінің ұлы желісінің бір жерінен менің шағын еңбегім орын алуға жарамды болғандығынан да мен бақыттымын!”

“Абай” романының сәтті болып шығуына себепші болған, көмектескен жағдайлар мен күштердің барлығына мың сан алғыс айтамын. Бұл істе маған дем берген, ақылшы, көмекші болған, жарық жұлдыздай жол көрсеткен, ең алдымен, – Владимир Ильич Лениннің Россиядағы тарихи даму жолдарын, патшалық Россияның отар аймақтарының тағдыры мен келешегін данышпандықпен көрсетіп берген ұлы еңбектері болды. Содан кейін мен БК(б)П Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі тарихи қаулыларынан, Жданов жолдастың терең мазмұнды баяндамаларынан және біздің қателеріміз бен кемшіліктерімізді туралай көрсеткен ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулыларынан сабақ алдым. Мұның бәрі жауапты, қиын, тарихи тақырыпты көркем әдебиетте дұрыс алып шығуыма маған жол көрсетті.

Сонымен қатар, көркем шығарма жасау міндетін шешу үстінде орыс халқының классик әдебиет дәстүрінен, совет әдебиетінен үлгі-өнеге алып отырдым. Орыс халқының игілігі, ұлы мәдениетінің алдында мен өзімді қашан да борыштымын деп санаймын. Сол сияқты, өзімнің қаламдас жолдастарым – қазақ жазушыларының үлкенді-кішілі өкілдерінің жазған еңбектерінен де көп пайдалы тәжірибелер алдым.

Бұдан былайғы уақытта да осындай достық көмектерге сүйене отырып, совет оқушыларының, ұлы Отанымыздың өскен талабына сай етіп қалауына жарарлық жаңа еңбектер берсем деген зор мақсатым бар. Өзімнің барлық жігерімді, шеберлігімді, ой, білімімді көркем әдебиетте өзіміздің совет халқының бүгінгі ерлік істерінің, тамаша өмірінің бейнесін неғұрлым көбірек көрсетуге жұмсамақшымын. Біртұтас үлкен еңбекте совет адамдарының образдарын көркемдік жағынан Абай образынан да толығырақ көрсетем деген, – менің келешек творчествомның биік мұраты.

Менің шағын еңбегімді жоғары бағалаған, мені өсіріп, тәрбиелеп, жазушы еткен большевиктік партияға, совет үкіметіне шын жүректен сансыз көп алғысымды айтамын.

ПУШКИН И БРАТСКИЕ ЛИТЕРАТУРЫ СОВЕТСКОГО ВОСТОКА

Широкая постановка вопроса о влиянии Пушкина на весь ход развития поэтической культуры в России, и особенно его влияния после Великой Октябрьской социалистической революции на развитие всей нашей многонациональной советской литературы, чрезвычайно важна и плодотворна не только для самой науки пушкиноведения.

Пушкин мыслил патриотически, когда окидывал прозорливым оком будущее литературы и культуры народов “всей Руси великой”. Для многих литератур он всегда был великим маяком, могучей горной вершиной, к которой устремлялись взоры всех прогрессивных деятелей литературы. Имя Пушкина стало символом всей русской передовой культуры, которая одна только могла спасти народы, и, в частности народы Востока, от вековой косности, от панисламизма и пантюркизма.

Пушкин – наставник писателей-классиков наших братских литератур. У Пушкина учились Абай, Тукай, Коста Хетагуров, Ахундов и другие. На благородную почву попадали семена, зароненные в нашу поэзию Пушкиным. Трудовой народ, прогрессивные деятели общества, которым принадлежало историческое будущее, жадно тянулись к русской культуре.

Проникая в иную этническую, историческую среду, с иным языком, с иными поэтическими традициями, в среду, порой противившуюся распространению русской культуры (например, под влиянием фанатического и схоластического панисламизма), поэзия Пушкина завоевывала любовь и симпатии народов, оказывала огромное влияние на их историческое развитие, обогащала сокровищницу национальной культуры, оплодотворяла творчество поэтов

и писателей. Знаменательно, что глубокое освоение наследия Пушкина, его идейно-художественных взглядов имело большое значение не только для творчества отдельных поэтов, но и всей культуры данного народа.

Но, быть может, самым замечательным нужно считать тот факт, что поэзия Пушкина повсюду становилась достоянием народов, а не только культурных одиночек-просветителей.

Пушкин влиял и на творчество тех писателей XIX столетия, чьи народы еще в очень малой степени были приобщены к сокровищницам русской культуры. Знакомство с русским гением способствовало творческому росту многих писателей, ставших зачинателями нового, реалистического направления в литературе. Художники, глубоко усвоившие в своем творчестве пушкинские традиции, прославили имена, стали истинными новаторами, основоположниками нового направления в литературе своих народов. В истории казахской литературы XIX века такими писателями были Абай Кунанбаев и Ибрай Алтынсарин, в истории татарской литературы начала XX века – Абдулла Тукай. Богатая своими многовековыми традициями азербайджанская литература еще в год кончины Пушкина выразила скорбь по поводу его гибели устами своего выдающегося поэта Ахундова.

В казахской литературе в семидесятых годах благодаря творчеству Алтынсарина и в восьмидесятых, девяностых годах еще полнее благодаря творчеству Абая стало прививаться пушкинское понимание назначения искусства. Гневное изобличение пороков правящей среды, заступничество за трудовой люд, высоконравственное понимание ответственности поэта-гражданина перед народом, забота о его светлом будущем были присущи и Алтынсарину, и Абаю. Отсюда активное вторжение поэзии в общественную жизнь своей эпохи.

Казахские поэты-классики восприняли у Пушкина, у русской классической поэзии не только ее высокую идейность, но и эстетические, стилистические творческие приемы и принципы. В песнях Абая нашли широкое и глубокое отражение реалистические описания природы. У Пушкина он учился мастерству лирической поэзии – то гнев-

ной, то взволнованно-страстной, то саркастически обличающей.

Тесная связь с современностью помогла Абаю создавать произведения, в которых правдиво запечатлены картины и образы современного ему общества. Поэт-гражданин, возмущенный пороками и несправедливостью богачей, выступал глашатаем правды, обличителем социального зла своей эпохи.

Абай был не подражателем Пушкина, а талантливым продолжателем его традиций в иную историческую эпоху, в иной национальной среде. И это принесло казахскому поэту всенародное признание, как певцу справедливости.

Выдающуюся историческую миссию выполнил в истории татарской литературы Абдулла Тукай. В своем творчестве он продолжал традиции русского реализма, русской революционно-демократической литературы.

Прогрессивная, гордая поэзия Тукая, решительно осуждающая косность и фанатизм ислама, уверенно ориентирующая передовых общественных деятелей своего народа на освоение русской культуры, близка свободолюбивой поэзии Пушкина.

Важно и то, что Тукай воспринял реализм Пушкина. На этой основе он сумел глубоко раскрыть пороки и исторические противоречия современного ему общества. Тукай был подлинно народным поэтом.

Стихи Тукая никогда не окрашивались в пессимистические тона. В его творчестве всегда преобладало оптимистическое, солнечное, жизнеутверждающее начало. Как и Пушкин, Тукай был полон веры в светлое будущее Родины.

И вот, когда пришло светлое будущее, поэты советской эпохи обратились к сокровищницам русской культуры, к поэзии Пушкина.

Не только Аалы Токомбаев, зачинатель киргизской советской поэзии, пишет о своих размышлениях у памятника Пушкину. Пишут о Пушкине туркменские, узбекские, казахские, татарские поэты.

Нет у нас ни одной союзной или автономной республики, где бы не называл Пушкина “всяк сущий в ней язык”,

где бы поэты не восславили память Пушкина посвященными ему стихами.

Углубленное, внимательное изучение влияния русской культуры в литературах братских советских народов безусловно поможет установить тесную связь произведений казахских, узбекских, таджикских, киргизских, туркменских поэтов с бессмертными творениями Пушкина.

Об этом свидетельствуют лирика казахских поэтов Орманова, Тажибаева, Сарсенбаева, узбекских – Хамида Алимджана, Гафура Гуляма, Уйгуна, киргизских – Токомбаева, Бокомбаева, лирические стихи туркменских, татарских, таджикских поэтов.

Глубокому освоению пушкинских традиций способствуют многочисленные переводы сочинений Пушкина на все языки народов Советского Союза.

Более шестидесяти лет назад пушкинские строфы, переведенные Абаем, пел в казахских степях одинокий певец под аккомпанемент домбры. Сейчас стихи Пушкина звучали в школах, клубах, на сценах национальных театров, где ожили образы пушкинских героев и героинь в талантливом исполнении мастеров национальной сцены.

Переводя произведения Пушкина, поэты все глубже постигают величие его творений, актеры, воссоздавая пушкинские образы, все больше и глубже входят в созданный им мир поэтических образов. Все больше узнают о великом поэте народные массы. Все богаче становится в школах список произведений Пушкина, переведенных на национальные языки, и тем успешнее приобщаются к великому наследию поэта подрастающие поколения.

“Народная тропа” к величайшему в истории человечества русскому гениальному поэту никогда не зарастала. Не один русский народ, а все народы нашей великой Родины, которым мудрая большевистская партия создала все условия для расцвета национальной по форме и социалистической по содержанию культуры, пришли ныне к его памятнику.

ПУТЬ ГИГАНТОВ

Радостным восторгом охвачены советский и китайский народы, дружно приветствующие заключение Договора между СССР и Китаем – договора, закрепляющего дружбу и сотрудничество двух великих народов.

Много оснований есть у нас для подобного чувства.

Мы радуемся за великое счастье, обретенное китайским народом, – раскрепощение и свободу. Будто этот гигантский океан впервые в его истории, древней, как мир, озарился благодатным, житнетворным солнцем.

Мы радуемся тому, что победой китайской революции вписана новая страница в величайший эпос нашего века, начатый Октябрем 1917 года.

Каждому из нас, кто воспитан в духе ленинско-сталинской дружбы народов, кому ненавистны закабаление народов и расовая дискриминация, радостно и дорого сознавать, что уже наступает конец мрачайшей эпохи колониального угнетения в Азии.

Мы, советские люди, с особой гордостью видим торжество сталинских идей дружбы и равноправия народов, видим великие плоды сталинской внешней политики.

Волей наших величайших и миролюбивых народов внесен огромный вклад в дело защиты мира.

Мы счастливы сознавать, что акт 14 февраля закладывает новую основу вечной дружбы и сотрудничества китайского и советского народов. Этот акт есть начало дружного, совместного шествования по истории мира семисот-миллионного человечества, – это путь гигантов, перед которыми падут все идола веков и рухнут все надежды империалистических хищников.

ЗАКОН, ПО КОТОРОМУ ВСЕ МЫ РАВНЫ

Джамбул положил обе сухие кисти старых рук на палку. Из-под куньей шапки с ее зыблющейся на легком ветру золотистой остью на меня устремлены темные мудрые глаза.

– Выборы, сказал ты, сын! Прежде праздник был того, кого избирали. Теперь праздник и того, кто избирает. Прежде человек, имевший власть, готов был по трупам добираться к своей цели. Теперь на лице у каждого избирателя – “той” (праздник). Как же в наши дни – дни сталинского закона – не гордиться тем, что мне дано право избирать: человек, за которого я опущу бюллетень, пройдет из селения Узун-Агач в ворота Кремля, и ему отдадут честь; он увидит Сталина, его соратников и будет работать с ними. Ну, а раньше...

Джамбул немного помолчал и затем снова заговорил:

– Раньше выбирал не народ, выбирали золотые кошельки. Прежде боролись за то, чтобы стать “елю-басы” (представитель каждых пятидесяти дворов): “елю-басы” выбирали волостного правителя, родовых биев – судей. Да ты сам должен помнить те времена...

– Помню.

– Вокруг “елю-басы” кипела черная неправда. Клятвопреступники изрекали, положив руку на коран, свою ложь. Девочка в пеленках – ее сватали за седоголового, чтобы купить его голос и его голосом победить на выборах. Девушек, помимо их воли, выдавали третьими женами старцам, превращая навеки в рабынь, – так покупали голос влиятельного старика.

... Дни этой моей встречи с Джамбулом совпали со временем, когда я приводил в порядок собственные воспоминания о ранних годах моей юности и собирал материал

к тому роману, который теперь закончил, – роману “Ага акынов” – о последнем этапе жизни и деятельности Абая.

Абай, как и позже Джамбул, в совершенстве изучил беззаконие той мрачной и страшной поры, когда “волостные” тайно собирали аткаминеров (родовых старшин) волости, чтобы перед выборами выяснить настроения и обнаружить интриги родовых властителей.

Уездный начальник приезжал на “выборы” с женой, и ей тут же ловкие люди подносили соболью шубу, крытую шелком, а мужу – шкатулку с кредитками. Вокруг же “выборной юрты” – места чудовищной спекуляции голосами – раздавали кредитки разных купюр: кредитки вручали толмачу, городскому казаху, кредитки получал русский писарь волостного правления, получали урядник и даже стражники – “голосабельники” и те получали свою “синенькую” или “зелененькую”.

Баллотировочный ящик – половина черная, половина белая – для видимости был прикрыт куском дешевого плиса: голосование шло не бюллетенями, а шарами. Те немногие, кого допускали к ящику, получая шар, спускали на пальцы длинный рукав халата, чтобы не было видно, куда они кладут шар. Но тщетны были их усилия. У сильных людей были свои слуги, люди с собачьим нюхом. Став позади избирателей, они точно определяли, куда положен шар. И та самая рука, которая раздавала кредитки, хорошо держала плеть, обвитую медной проволокой.

* * *

Четыре года назад я ехал на выборы в селение Узун-Агач, центр Джамбулского района. Еще стояла ночь, осыпанная яркими звездами, – по дорогам, по тропинкам, по маленьким стежкам, с долин и с гор скакали молодцы на иноходцах. Старики в возрасте Джамбула и старухи, не уступавшие им в долголетию, ехали в удобных тележках.

А вот и Узун-Агач; стены его домов, крытые мелом, чуть порозовели под первыми лучами солнца. Девушка с косами, сложенными под тюрбетейкой, остановив коня перед дверями избирательного участка, звонко запела о законе, “по которому радость приходит, по которому степь плодородит”.

В этот день в Узун-Агаче двери всех домов были раскрыты настежь, точно это являлось архитектурной подробностью строений: ждали в гости всех избирателей, откуда бы они ни приехали.

Я навсегда запомнил эти открытые двери домов, эти скатерти, постланные на коврах, а кое-где на столах, лучшие скатерти-дастарханы, уставленные яствами и кувшинами с напитками. Я навсегда запомнил маленький оркестр селения, останавливающийся перед многими открытыми дверями, чтобы сыграть хоть отрывок песни.

* * *

Наш народ в Октябре прогнал баев и “тюре” – родовую знать. До той поры во многих городах Казахстана крестьян считали кочевниками, знающими долину только одной реки. Недавние номады, казахи в течение немногих лет воспитали передовых колхозников, свои рабочие кадры, свою национальную интеллигенцию.

Встречаюсь в эти дни с агитаторами, которые выступают в шахтах, где большие комбайновые участки выполняют план ко дню выборов: сами подземные рабочие-казахи – это ведь тоже агитаторы наших дней, так нов их труд для нашего народа.

Мы глядим на молодого еще человека Алтынбека Дарибаева, который в апреле 1944 года дал первую казахстанскую сталь: за ним выстроилась целая группа видных наших металлургов, таких же сыновей кочевников, как Алтынбек, таких же знатных сталеваров, как он.

Все они – в прошлом крестьяне.

Крестьянин в прошлом – Калибек Куанышбаев, выдающийся театральный деятель, депутат Верховного Совета СССР второго созыва, снова выдвинутый кандидатом. В детстве он знал только монотонный звук домбры, одноголосое пение кочевников, а ныне он знает мир: позавчера Калибек играл городничего, вчера он – Баптист из “Укрощения строптивой”, сегодня играет генерала Виноградова в “Победителях” Чирскова, завтра выступит в роли благородного поэта Абая.

Найля Базанова – депутат Верховного Совета СССР второго созыва из Семипалатинской области, дочь ветеринар-

ного врача, вышедшего из крестьян, сама – доктор биологических наук, сделавшая ощутительный вклад в науку. Ее снова выдвинули кандидатом в депутаты Верховного Совета СССР те же семипалатинцы. С Базановой встречаются ее избиратели, и она рассказывает им о женском конгрессе в Будапеште и о своей недавней поездке в Китай.

Из крестьянства, которое “знало только одну долину ближайшей реки”, вышел и депутат Верховного Совета СССР Малик Габдуллин, руководитель Института языка и литературы, автор книги “Мои фронтовые друзья”. Есть нечто символическое в том, что Габдуллин, с детства внимавший песням акынов о былых батырах степи, сам вернулся с фронта “батыром” – Героем Советского Союза, а ныне защитил диссертацию о героическом эпосе “Кобланды”.

На широких просторах – от Ала-Тау до Иртыша – родились известные народу выдающиеся люди: президент Академии наук Казахской ССР Каныш Сатпаев, директор лучшего из наших совхозов Багила Иргужиева, новатор полей Герой Социалистического Труда Утеу Кудайбергенов, новатор-нефтяник Балганым Доспаева; все эти товарищи выдвинуты сейчас кандидатами в депутаты Верховного Совета СССР.

* * *

Я вспомнил о былом наших людей не случайно. Некие турецкие борзописцы, решительные, но обделенные рассудком, говоря о своих крестьянах, пускаются в аналогии и даже намекают на то, что хорошо бы, мол, изведать и среднеазиатскому советскому крестьянству стиль турецкой жизни. Что же, взглянем на жизнь турецкого крестьянина, который пытаются нас “соблазнить” продажные крикуны, расценивающие свое “вдохновение” даже не на доллары – на центы.

Из девятнадцати миллионов населения Турции четырнадцать миллионов – крестьяне. Журнал “Ягмур ве топрак” (“Земля и дождь”) пишет о турецких крестьянах, жизнью которых нас “соблазняют”: “Турецкий крестьянин невежествен, голоден, раздет, разут, влачит жалкое существование в первобытных условиях”.

Эти люди живут еще хуже, чем когда-то, при царизме, жили наши люди, по выражению Джамбула, – “в юртах дырявых, в голодной толпе”. Турецкий крестьянин – извечный раб помещика. Помещик может продать деревню вместе с крестьянами, и есть такие помещики, которые владеют сорока деревнями.

В Анатолии, сообщает группа студентов, четырехколесная телега – “почти верх цивилизации”. В телеге – этой турецкой карете не только прошлого, но и настоящего! – турецкие публицисты и пытаются объехать на кривой нашу советскую жизнь.

Не выйдет!

Мы знаем наши казахстанские колхозы, где одновременно дружно работают казахи и русские, украинцы и кашгарлыки, дунгане и молдаване.

А в Турции отношения между народами совершенно иные. Во многих деревнях с нетурецким населением, кроме старосты, никто, ни один человек турецкого языка не знает. Там даже судебные процессы ведут через переводчика.

В нашем Алма-Атинском государственном университете я веду для русских студентов специальный курс по творчеству Абая. Русские девушки и юноши, интересуясь Абаям, изучают казахский язык, для них Абай стоит в одном ряду с прославленными поэтами других братских народов – Шевченко и Руставели. Нас интересует, найдется ли в Турции землячество курдов или арабов, которое имело бы возможность изучить в турецком подлиннике Намык Кемаля или иного поэта?

Президент Исмет Иненю утверждает, что крестьянам в “счастливой Турции” живется куда как хорошо, и что вообще Турция уже пять лет живет “в лихорадке (?) свободы дискуссии”.

Не будем придирааться к этому более чем странному сочетанию слов – “лихорадка свободы”. Спросим лишь: имеет ли президент в виду также и права крестьянина на землю? Вероятно, имеет! Так вот одна справка: безземельные крестьяне – по закону от 11 июня 1945 года и согласно подсчетам турецких статистиков – получают земельные наделы в течение ближайших 573 лет! От такой свободы действительно может залихорадить.

Некоторые турецкие журналисты считают, что можно было бы, пожалуй, даже снять существующее уже на протяжении девяти лет осадное положение в стране, если бы не “серьезность международного положения”. Серьезность международного положения – чего только на нее лицемерно-провокационно не валят турецкие реакционеры! Ссылаясь на нее, оправдывают они подтасовки на выборах, о которых сама турецкая печать сообщает чудовищные вещи. И не из-за этой ли самой “серьезности международного положения” десятки тысяч турок ежегодно заболевают туберкулезом, а под Анкарой вымирают от дистрофии целые таборы нищенствующих безземельных крестьян? Видимо, из-за той же “серьезности международного положения” женщин и теперь продают на рынках “живого товара” (в среднем за три тысячи лир), и Стамбул в этом смысле до сих пор не лишился своей классической репутации.

Таковы отдельные черты сегодняшней турецкой “демократии”, которую мистер Трумэн пообещал “укрепить” с помощью долларовых займов.

...И эти презренные господа, палачи своего народа пытаются произвести на нас впечатление своими “турецкими сладостями”. Благодарим вас, лакомьтесь сами вашей халвой!

Лишь немного дней отделяет нас от праздничной даты – выборов в Верховный Совет СССР; и когда будут голосовать в одном из колхозов Казахстана “Луч Востока”, где ежегодно вырабатывают более восьми миллионов гектолитров вина высокой марки, пять агрономов-колхозников поднимут свои бокалы и чокнутся со всеми остальными, в том числе с колхозником-гидротехником, с колхозником-врачом, со своим колхозным инженером. И все они во главе с Героями Социалистического Труда отдадут свои голоса за кандидатов сталинского блока, гордые тем, что, родившись в долине одной реки, они живут сейчас на великом просторе социалистической действительности одной счастливой жизнью со всем советским народом и идут к коммунизму, уже близкому.

МЫСЛИ ИЗБИРАТЕЛЯ

Слушая с самых ранних утренних часов радио, отрывочные звуки, доносящиеся с улицы, я чувствую дыхание родной, любимой столицы Москвы.

В мыслях я с коллективами людей многих профессий, с семьями друзей, знакомых. Как никогда в другой день, я ощущаю еще яснее и ближе их думы, переживания, вижу их спешные сборы, вижу их светлых и радостных, идущих на избирательные участки в одиночку или в обществе семейном, дружеском. В Москве в эти вечера были празднично нарядны и оживленны улицы, площади. Ночное небо столицы подобно темному бархату, прошитому золотой строчкой, бисером электрических огней. Портреты вождя, окаймленные узорным шитьем огней, трепещущие алые знамена, плакаты, лозунги – все напоминало о приближении знаменательного дня.

А яркое солнечное утро, редкое в этих числах марта в Москве, было так подстать праздничному, торжественному настроению народа. Глядя на лица избирателей в Москве, я представляю это же утро в Казахстане. Я слышу и ясно вижу моих земляков в их солнечной, прекрасной Алма-Ате, мощной Караганде, в Лениногорске, Дзезказгане, Темир-Тау, во всех этих новых городах советской страны.

Как и здесь – в каждой квартире и комнате москвичей, так и там – во всех уголках моей республики – минувшая ночь была коротка, сны чутки, народ бодрствовал уже с предутренней зари. Я знаю, особенно спешили избиратели, которым необходимо было проехать какой-то путь до избирательных урн, спешили Герои Социалистического Труда, герои Отечественной войны, знатные рисоводы, хлопкоробы, свекловичницы и знатные животноводы Ка-

захстана. Они торопились еще с вечера, с высокогорных пастбищ Ала-Тау, Алтай или Чингисских гор. Их скакуны были подготовлены к этому дню, оседланы с полуночи. И мчатся эти избиратели, по пути состязаясь в резвости своих холеных коней. Там же по дорогам движутся запряженные пары, тройки... пыхтят машины, нарядны люди, весело смеется детвора.

Чистая бодрящая свежесть в утреннем воздухе.

Празднично шумно, бодро и весело в эфире. Торжественно и щедро льется музыка через не выключаемые сегодня репродукторы.

Особый смысл и значение приобретает в этот день большинство музыкальных передач. Радует слух народная или знакомая многим классическая музыка, но еще ближе, призывнее и роднее звучат любимые советские песни и пляски народов многих наших братских республик. Перемежаясь, эти песни звучат сегодня особенно радостно. В них выражаются сокровенные мысли, чувства, единая воля наших народов.

Каждый раз наш избиратель идет к урнам для голосования с большим патриотическим подъемом, источником которого является его гордость за свою Родину. Четыре года назад его наполняло радостное чувство в связи с победой над заклятыми врагами нашего отечества. Ныне он идет, исполненный благодарности за сталинскую заботу об улучшении благосостояния трудящихся. Его радуют наши победы в области хозяйственной, культурной, научной жизни. Он гордится успехами мирной политики нашего государства, успехами лагеря мира и демократии.

Особую благодарность и чувство преданной любви к нашему отечеству мы испытываем за великую дружбу народов наших, которых Сталин сплотил в единую, могучую семью.

Думая обо всем этом, любой советский человек яснее видит будущее – и свое, и своего ребенка, – глубоко сознает, что нигде в мире подрастающему поколению не обеспечено такое счастливое завтра, как у нас.

Замечательно, что, думая обо всем этом, ощущаешь спаянную родственность этих своих мыслей и чувств с мыслями и чувствами миллионов избирателей, не только

в столице, но и во всех самых отдаленных пунктах великого Союза. Так естественно вспомнить, вглядываясь в лица москвичей, подобную же многозначительную торжественность, освещающую лица миллионов советских граждан.

Приятно, празднично, уютно на избирательном участке. Люди встречают приветливо, охотно готовы помочь своими услугами. Разговоры тихие, дорога к урнам по коврам, мимо цветов, и хотя вокруг много людей, каждый избиратель здесь, на участке, побыл наедине с самим собой. Он пережил минуту, когда слышал сердцем, как вопрошает его страна, советский народ, семья, дети. И выходя отсюда, почувствовал, что еще прочнее стала его кровная, нерасторжимая связь с партией и отечеством своим, еще сильнее любовь и преданность великому вождю и учителю товарищу Сталину.

Голосуя за кандидатов сталинского блока коммунистов и беспартийных, голосовали мы за товарища Сталина. Смысл этого великого лозунга прочувствован и пережит всем нашим существом. Потому и уносишь такое светлое сознание того, что в тот краткий миг, когда ты опускал в урну свой бюллетень, ты выполнял свой большой и благородный долг.

Чистые, искренние чувства испытываем мы к своим кандидатам в депутаты верховного органа государственной власти. В них мы видим близких, родных нам людей. Каждый кандидат – один из миллионов свободных советских людей, сын или дочь трудового народа, труженик советского общества. Это мой сотоварищ по труду, близкий по жизненной борьбе и общности судьбы. Счастье стать избранником народа доступно каждому честному, простому, преданному делу Ленина – Сталина советскому человеку.

Мы горячо желаем успеха и славы нашим депутатам на том высоком посту, на который их выдвинул наш великий советский народ.

Лично я, как избиратель, особенно горд тем, что голосовал в Сталинском округе Москвы за любимого вождя, учителя и друга трудового человечества – за товарища Сталина!

КЕЙБІР ҰЛТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ РОМАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Социалистік мазмұндағы ұлттық түр – көп ұлтты сан алуан әдебиеттерге байланысты аса кең көлемді мәселе. Әрбір ұлт жағдайында бұл мәселе сан қилы көп жүйелерге бөлініп, әрқайсысы бүтін бір социалистік мәдениет ұғымын береді (мәселен, әдебиет, музыка, театр искусствосы).

Біз бұл мақаламызда, шығармаларын түпнұсқаларынан оқуымызға мүмкіншілік болған ұлт жазушыларының бірнеше романдары жөнінде ішінара пікір айтпақпыз. Осы шығармаларды түпнұсқаларына сүйене отырып, нақтылы, дәл және дұрыс қорытынды шығаруға болады деп білеміз. Неге десеңіз, тіпті, поэзияны былай қоя тұрып, кілең прозаны алып қарайтын болсақ та, олардың аудармалары, көбінесе, сол шығармалардың түпнұсқасындағы ерекшеліктерді, құнды жақтары мен елеулі кемшіліктерін дәлме-дәл жеткізіп бере алмай жүр.

Бұл мақаламызда еліміздегі бес халықтың тілінде жазылған романдарды, дәлірек айтқанда, татар жазушысы Башировтың “Намыс” романын, өзбек жазушысы Айбектің “Алтын атыраптан ескен желдер” романын, қазақ жазушысы Мұстафиннің “Миллионер” романын, қырғыз жазушысы Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары” романын әдейі таңдап алдық. Осы романдарға байланысты С. Бабаевскийдің “Алтын жұлдызды жігіт”, “Жер бетіндегі жарық” романдарын да қысқаша шолмақпыз.

Бұл романдар мезгіл жөнінен бір кезде шыққандықтан, тақырыптары бір болғандықтан өзара бірлестік тапқан, бірыңғай шығармалар. Бұл шығармалар социалистік деревняның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (“Намыс”, “Біздің заманның адамдары”), немесе соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы хал-жайларын (“Алтын жұлдызды жігіт”, “Жер

бетіндегі жарық”, “Миллионер”, “Алтын атыраптан ескен желдер”) көркем әдебиетте көрсетуге арналған. Бұл шығармалардың барлығы да соңғы жылдарда жазылды. “Миллионер”, “Біздің заманның адамдары”, “Алтын жұлдызды жігіт” 1948 жылы жазылды. “Жер бетіндегі жарық” және “Алтын атыраптан ескен желдер” 1949 жылы жазылды. Республикаларымызда болсын, бүкіл Одақта болсын жоғарыда аталған шығармаларды әдебиет оқушылары жоғары бағалап, құп көріп, қабыл алды. “Миллионер”, “Намыс” және “Біздің заманның адамдары” романдары орыс тіліне аударылды. “Алтын атыраптан ескен желдер” романы аударылып жатыр.

Бір елеулі мәселені сөз арасында атап айтқымыз келеді: ұлт жазушысының романын орыс тіліне аударудың тарихи маңызы ерекше зор. Өйткені шығарманың авторы, сонымен қатар, қазіргі дәуірде өркендеп отырған ұлт республикасының бүкіл әдебиеті сол аударма арқылы бүкіл Одақтың сынына түседі, шеберлікке жетілгені жөнінде емтиханнан өтеді. Солай бола тұрса да, осы романдардың көпшілігінің көлемі шағындалып, көркемдік стильдері түгел сақталмай, одақтық әдебиет оқушыларына шала-жансар күйде ұсынылып жүр. Мәселен, Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары” романы түпнұсқасында 21,5 баспа табақ болса, аудармасы небары 15 баспа табақ болып шықты. Романның алты баспа табағы қысқарып қалған.

Ірі шығармаларды журналдардың лажсыздан қысқартатын бір жағдайы бар. Мұны да еске алуымыз керек. Ірі шығармаларды қысқартып, шағындауға келгенде әсіресе жылына 6 рет шығатын “Дружба народов” альманағының қаламы тым ұшқыр. Туысқан халықтар әдебиетінің жетістіктерін жұртшылыққа жариялап отырған альманахтың бұл әдетіне қынжылмасқа болмайды. Алайда бұл альманах ірі шығарманы екі санына бөліп баса алмайтын болғандықтан, біржола сыйғызуды көздейді де, шығарманы шағындап, қысқартып басады. Б. Кербабаевтың “Шешуші қадам” романының түпнұсқасы 40 баспа табақ еді, ал альманахта небары 10 баспа табақ көлемінде басылды. Башировтың “Намыс” романының көлемі 31 баспа табақ еді, альманахта 10 баспа табақ көлемінде қысқарып шықты.

Оқтын-оқтын шығып тұратын журналдар мен альма-нахтардың ерекше жағдайларымен санасып, ұлт авторларының шығармаларын өз бойларына шақтап басқанына лажсыз көнелікші; тіпті балаларға арналып шығарылатын ерекше нұсқаларын өзгеше өңдеп, көркем аударманың құнын сақтай отырып қысқартып, балаларға лайықтап басуды да заңды, орынды іс делік. Ал енді, “Мемлекеттік көркем әдебиет” баспасы, “Совет жазушысы” және басқа беделді баспа орындары кейбір ұлт жазушыларының шығармаларын құлдырата қысқартып, автордың да, оның шығармасының да шынайы сипатын одақтық әдебиет оқушыларына жете таныта алмауы жағымсыз, жаман әдет. Мәселен, С. Мұқановтың 45 баспа табақ “Жұмбақ жалау” романы орысша аудармасында “Ботагөз” деген атпен 25 баспа табақ көлемде басылып шықты.

Бұдан шығатын қорытынды қандай болмақ? Ең алдымен, әлгі жал-құйрығы күзеліп, құнарлы қыртысынан жұрдай болып басылған сыла шығармамен бірден танысқан совет оқушысы сол кітапты оқығанда да, тіпті сын мақалалары мен рецензиялар арқылы да ойдағыдай таныса алмайды. Немесе 6, 10, 20 баспа табағы қысқарған роман өзінің мазмұны мен көркемдік құны жөнінен қыруар шығынға ұшырайды; оның бер жағында, бір романға, яки бір повеске бодау боларлық көлемін жорай, немесе лажсыздан сылып тастаған шығарманы оқушы, бас-аяғы толық және түпнұсқасында шала-жансар жазылған әлсіз шығарма екен деп білетін болады. Демек, бұрынғы заманда проза жанры болмай келген өз ұлтының әдебиетінде көбінесе жаңашыл болып көзге түсіп, оза шауып, жүлде алып жүрген ұлт авторы – прозаик, көркем сөздің шебері болу мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмейді екен, өз шығармасының мазмұны мен идеясын сомдап соғатын түр жөніндегі жауапкершілігін онша елемейді екен деген жаңсақ ұғым туады.

“Адам жанының инженері” болу дегеніміз, – дейді Жданов жолдас, – тілдің мәдениетті болуы үшін, шығармалардың сапасы үшін белсене күресу болып табылады... Бізге аса шебер жазылған көркем шығармалар керек... Аса шебер жазылған, жоғары идеялы, көркем мазмұнды шығармалар жасаңыздар!”

Москвадағы баспа орындары ұлт авторлары шығармаларының жолма-жол аудармасымен жете танысып, кітаптың көркемдік жөнінен кемшін соғатын жерлері болса, түпнұсқасы бойынша автордың өзіне жетілдіруге тиіс. Өйткені аудармашының міндеті қосалқы автор болу емес, аудару ғана ғой! Орыс тілінде басылуға ұйғарылған ірі шығармалардың романға, яки повеске бодау болғандай көлемін қысқартқанда, әр жерін сызып, бөліп алып тастамай, сол шығарманың тексін қалай болса солай игеріп, өз беттерімен кетеді, тіпті дәлме-дәл аудару дегенді естен шығарып, ондаған беттерін сықпалап әкеліп, аядай жерге сыйғызып жібереді...

Ендігі бір міндет – шеберлік мәселесіне, социалистік реализм шарттарына сай келетін қатаң түр мәселесіне ұлт республикаларының жазушылар одақтары, олардың баспа орындары және шығармалардың редакторлары талапты күшейтуге тиіс. Өйткені бұл талаптар аса шеберлікпен ғана орындалмақ.

Алайда жаңағы айтылған азды-көпті пікіріміз ұлттық түр проблемасының өзекті саласы емес екенін ескерте кеткіміз келеді, өйткені шығарманың жосықсыз ұзақ болуы, сюжетінің ойлы-қырлы, кедір-бұдыр болуы, немесе шығарманың көркемдігі ойдағыдай болып шықпауы жеке бір әдебиеттің өзіне ғана тән ерекшелігі де емес, болмаса ұлттық сипаты да емес. Бұл секілді кемшіліктер қай тілде жазылған шығармалардан болса да кездесуі ықтимал. Мұндай кемшіліктер әлгі өзіміз атап өткен шығармалардың бәрінде де бар. Шығарманың шұбалаңқылығы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, ондай кемшіліктерден С. Бабаевскийдің романдары да құралақан емес. Оның бұл кемшілігін сыншылар да кезінде атап көрсеткен болатын.

Біз өз пікірімізді жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден бастадық, өйткені осы жағымсыз әдеттің өзі әдебиетіміздің сапа жағынан өсуіне зиян тигізеді. Бұл кемшілік бізде үлкен орын алып келді, сондықтан да оған күнбе-күнгі жұмысымызда, творчестволық аудармалық ісімізде және баспа орындарының қызметінде жұртшылық сынының назарын аударудың маңызы аса зор.

Жоғарыда аталған кемшіліктер ұлттық түрдің айрықша проблемасы болмағанымен, әрбір жеке ұлт әдебиетінің жағдайында елеулі олқылықты аңғартып, осы әдебиет-

тердің проза жанры тиісті сатыға көтеріле алмағанын, шеберлікке әлі де жетіле алмағанын көрсетеді. Сондықтан да осы кемшіліктерді жоюдың өзі – әрбір ұлт әдебиетінде социалистік реализм әдісін толық меңгеру жолындағы басты міндеттің бірі болып табылады.

Аттары аталған романдарды талдауға кіріселік.

Ең алдымен, осы романдарды жұртшылығымыздың жоғары бағалап, сүйіспеншілікпен қарсы алуына себепші болған негізгі, шешуші “ортақ” жағдайлар қандай? Оның жауабы мынадай болуға керек: біздің совет жазушыларының таңдаулы романдарының, оның ішінде біз сөз етіп отырған романдардың құнды шығарма болуына көмектескен – бүкіл совет әдебиетінің өресін бүкіл әлем әдебиетінен биік дәрежеге көтерген социалистік мазмұн деп білуіміз керек.

Бұл романдардың әрқайсысы бір-біріне тәуелді болмай, жеке-жеке жазылған шығармалар. Бұларда біріне-бірі еліктеу де кездеспейді. Алайда олардың әрқайсысы өзінің ұлттық әдебиеті арнасында соны және күшті шығарма болып шықты. Дегенмен оларда идеялық тұтастық, іштей байланыс бар, олардағы кейіпкерлердің сана-сезімі, ой-пікірі, күресі мен тағдыры бір-біріне ұқсастық тауып отырады. Лениндік достық күннің нұр шұғыласына бөленіп, еркін, бақытты өмірде жарастықты ынтымақпен дәурен сүрген халықтарымыздың өмірі, жетістіктері мен жеңістері, бүгінгісі мен болашағы өзара бекем бірлікте болғандығынан туады бұл жағдай.

Бұл романдарды оқып отырғанда орыс, өзбек, қазақ, татар және қырғыз тілінде күдіретті үнмен шырқалған бақытты Отан гимнін, совет заманының гимнін тыңдағандай әсер аламыз; топталып, бір жерден шырқалған гимн хорының алуан дауыстарын Кубаньға, Еділге, Қарағанды даласына, Ферғанаға және Орталық Тянь-Шаньға әдейі бөліп қойғандай болады. Алты айшылық алыс жолдар қысқарып, талай ғасырлар бойы орын тепкен мешеулік, басқа ұлтты жатырқау, шеттету қамалдары ойран болды; адам, семья және мемлекет дейтін ұғымдар өзгеріп, ұлғайып кетті. Кубань жігіттері Сергей Тутаринов пен Кондратьевтің татардың “Шолпан” колхозында Мансуров, Хайдар, Нафиса, өзбектің “Қаһарман”, “Элабад” колхоздарында

Уктам, Мирхайдар, Камила, қазақтың “Амангелді” колхозында Жомарт, Жанат, қырғыздың “Б” колхозында Шарғын, Ақи сияқты аға-інілері, апа-қарындастары бар. Олар – коммунистік тәрбие, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік жөнінен, жанқиярлық еңбек жөнінен, құрылыстың барлық салаларында және өздерінің ортақ Отанының жауларына қарсы майдандарда жеңіске жету жолындағы күресте бір мақсат, бір тілекте болуларымен, бір атадан, бір анадан өрбігендей туыстар екенін сипаттайды.

Олардың досты риясыз сүйюі де, дұшпанды мейлінше жек көруі де бірінен-бірі айнымайтын ұқсастықта болып отырады. Тіпті, олардың еңбек жорықтары және өз қолдарымен жасап алған материалдық-техникалық бағалы мүліктері де ортақ дүние сияқты. Сондықтан да олар – бір тілек, бір мақсатта өзара ұйымдасып, болашақ коммунизм қоғамын орнату жолында үдере жол тартып бара жатқан елімізде сан алуан жаңалықтар ашып, Отан игілігі үшін жан аямай еңбек етіп жүрген озат адамдар. Сондықтан да мақта даласындағы жүз процентші Таңсықтың кетпені Еділ қызы Нафиса орағының қасында жалтылдап тұрғандай әсер аласыз. Кубань станицаларында Тутаринов тартқан электр тогі Аргрэс арқылы “Амангелді” колхозының фермалары мен ұсталық дүкендеріне жарық беріп тұрғандай болады. Бұл романдардағы жеңістер жайы әрқилы, яғни біреулердің “бүгін” қолы жеткен, кемеліне келіп, халықты кенелткен жаңалықтары, енді бір романдарда “ертең” қол жететін алдағы іс болып отырады. Алайда осы табыстар бөріне де ортақ, өйткені Отан дәулетіне бәріміз де ортақпыз, еншілеспіз деп біледі олар.

Бұл романдардың кейіпкерлері өзінің жерін, оның көркем табиғатын сүйе отырып, бүкіл Отанын, барша совет халықтарын шексіз сүйеді, адамзаттың асқан кемеңгері Ленинді ардақтайды, өз халықтарының ұлы адамдары – Горький, Маяковский, Науаи, Абай, Ғабдолла Тоқай, Вильямс, Мичуриндерді мақтаныш етіп, қадір тұтады. Бойға біткен ізгі сипаттар, зор арман, жеңіске жетуге ұмтылған өршіл адамдарға тән қажымас жігер-қайрат және болашаққа зор сеніммен қарайтын игі мінез – олардың алуан түрде суреттелген жарқын, тамаша образдарының басты қасиеттері.

Мұндай қасиетті оларға біздің заманымыз берді, бұл – совет адамының бойына біткен ізгі қасиет. Ленин партиясының данышпандық басшылығы арқасында жүргізілген барлық істерінде болып өткен, қазіргі күндерде болып жатқан таңғажайып ұлы істерінде, өздерінің ой-армандарында совет адамдары осы артықша қасиетін бар тұлғасымен көрсетуде. Идеялық көркемдігі жөнінен аса құнды, тәлім-тәрбие жөнінен оқушыларымызға үлгі боларлық осындай шығармалар жазуға біздің жазушыларымызды шабыттандырып, дем берген марксизм-ленинизм ілімі. Сонымен қатар сәтті шығарма жазып, жұртшылығымыздың ойлаған жерінен шыққан жазушыларымыз совет адамына да қарыздар, өйткені олар мұндай адамды ойдан шығарып, қиял дүниесінен алып суреттей салған жоқ, олар совет адамының образын біртұтас коммунистік биік моральдің иен ортасынан даяр күйінде алып, оның жан дүниесін, артықша асыл қасиеттерін көркем сөзбен суреттеп берді.

Жазушылар өз шығармасын құп көріп қабыл алып, олқы жері болса, ойша толықтырған совет оқушыларына да қарыздар. Өйткені оқушылар сол кітаптардағы адамдарды суреттеуде жетіңкіремей жатқан, олқы соғып тұрған жерлерін лезде тауып алып, жазушыларымызға ылғи пайдалы кеңес беріп отырады.

“Алмақтың да салмағы бар” деп халық бекер айтпаған. Жұртшылық құп көріп қабылдаса, аса зор баға беріп жазушыны қадірлесе, жазушының оған қайтарар есесі де сай болмақ керек. Әсіресе бұл талап жазушыға социалистік реализм әдісін ойдағыдай меңгеру, ұлттық түрді социалистік мазмұнмен тығыз ұштастыру тұрғысынан қойылады.

Социалистік шындығымыздың соны, тың, құнды материалдары мен әрбір ұлт әдебиетін байытуға тиісті болған көркемдік сапа жөнінен алып қарағанда аталған романдар не күйде?

Адамдарды, олардың еңбегі мен жетістіктерін суреттеу жөнінде ұлт жазушысының шығармасы толық бағалы болып шықты ма?

Совет адамы және оның қаһармандық керемет істері биік дәрежелі көркем шығармаларда орындалатын басқа міндеттердің бәрінен де жоғары тұрады. Ұлттық түр де-

геніміз – бұлжымай, өзгермей, бір орында тұрып қалатын бір нәрсе емес екенін естен шығаруға болмайды. Ұлттық түр дегеніміз – өткен заманалар бойына тарихи жағдайда қалыптасып, халықтық жаңа дәуірде мәдени-тарихи дамуымен байланысты үнемі соны қасиеттер, жетістіктер тауып, өркендеп, байып отырады. Біздің социалистік творчествомыздағы ұлттық түр – өз шеңберінен шыға алмай, өзімен-өзі ғана болатын нәрсе емес, халықтың қажетін өтейтін, керегіне жарайтын күшті құрал. Оған уақытша, өткінші категориялар арқылы шек қойылуына қарап, дамымайтын, өзгермейтін нәрсе деп қарау дұрыс болмайды.

Сондықтан ұлттық түр әр алуан искусствоның ерекшеліктеріне қарай, мәдени өмірімізге әрдайым қатынасып отырады. Бір халықтың дәстүріне жатпайтын, ал жаңадан дамып өркендеген халықтардың гүлденіп өскен тың, жаңа қасиеті ретінде пайдаланылған нәрсенің өзі кейде, тіпті көп жағдайларда ұлттық түрге айналады. Роман жанры, жалпы алғанда көркем проза дегеніміз – революцияға шейін өзбек, қазақ, қырғыз халықтарында атымен болған емес. Татар әдебиетінің тарихында ғана аз да болса жеміс берген шамалы мезгілде (небары он бес жыл) проза жанры өркендей бастап еді. Октябрь революциясынан кейін осы халықтардың социалистік мәдениетінің кең арнасында роман жанры пайда болды. Проза жанры – бұл күнде классикалық шығармалардың жөне орыс совет жазушылары аудармаларымен қатар, өзбек, қазақ, т. б. халықтар әдебиетінің нағыз сүйікті, қадірлі саласы болып отыр.

Алайда бұл жаңа түрдің өзі, әрбір шығармада көп ұлттық қасиеттерді, тіпті шешуші қасиеттерді өз бойына мол сіңіруде. Роман әр халықтың өз тілінде жазылады, демек, сөз – суреттеу құралы ретінде өз халқының әдебиет тілінің қазынасын барынша пайдаланады; фольклорда, поэзияда қалыптасқан көркем сөз мәдениетінің жақсы үлгілерін – әр халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің үлгілі нұсқаларын іске жаратады. Сонымен қатар, ұлт жазушыларының қай романы болса да, орыс және дүниежүзі классиктерінің, алдыңғы қатарлы орыс совет жазушыларының жақсы дәстүрлерінен алған үлгінің жемісі деп білуіміз керек.

Дәлірек талдап, аударма қарап, ақтара тексерсеңіз, ұлттық түр проблемасы – әрбір ұлт әдебиетінде, оның бер жа-

ғында, төрт аяғынан тең басқан әрбір жақсы шығармада жан-жақты және әр алуан тарауларға бөлінетін ұшан-теңіз зор мәселе. Біз осы шағын мақаламыздағы шолуымызда талданатын романдардың материалдарына сүйеніп, әлгі айтылған проблеманы ішінара қарастырып өтпекпіз. Сөйтіп, осы романдардың жетістіктерін айтумен бірге, ұлттық түрді шеберлікпен орынды қолданбағандықтан, – оның өзі ұлт жазушыларының социалистік реализмді меңгеру жолындағы игі талабына тұсау, кедергі болып кетуінен туатын елеулі кемшіліктерге де тоқталмақпыз. Біздің жазушыларымыз совет адамдарын қалай көрсетуі керек деген тұрғыдан қойылатын талаптардың орындалуын анықтау үшін, романның кейіпкерлерін және олардың коллективтік ортасын, сол сияқты, осы адамдардың жігер-қайраты мен талап-мақсаттарын суреттеудегі жазушының қолданған әдіс-тәсілі мен құралын әдейі талдамақпыз.

Әр жазушы аса мән беріп, дұрыс көтерген бір тақырыпқа – әлем әдебиетінің ішінде біздің совет әдебиетінде ғана қолға алынып, ойдағыдай дәрежеге көтерілген халықтар достығы тақырыбына осы шолуымызда аз да болса көңіл бөлуді орынды деп білеміз.

Халықтар достығы тақырыбы қалай суреттелгенін көру үшін жеке романдарды қарастырып өтейік. Халықтар достығы идеясы бұл шығармаларда орыс адамының образы арқылы беріледі (“Біздің заманның адамдары”, “Алтын атыраптан ескен желдер”, “Намыс” романдарында).

Бұл жөнде ұлы орыс мәдениетін, ұлы орыс халқын, оның өткен замандағы, осы күнгі атақты адамдарын сыйлап, қадірлеу сүйсінерлік жағдай. Осы идеялық-творчестволық тұрғыдан қарап, жазушылардың барлығы да орыс адамын жағымды кейіпте суреттейді.

Орыс адамдарының образын жасауда екі түрлі жол, екі жүйелі тәсіл-әдіс бар екені байқалады. Біріншісі – көпшілікке кең таралғанымен, талас туғызатын даулы әдіс. Бұл әдіс бойынша суреттелген орыс адамы – өзінің ұлттық сипаттарынан жұрдай болып, басқа ұлттың адамына айналады. Орыс адамының бұлай суреттелуін – осы халықтың арасында көп жылдан бері қарай өмір сүруі, тілін, әдет-ғұрпын мүлтіксіз білуі сияқты себептермен дәлелдейді. Осындай ерекшеліктің салдарынан орыс адамы өзінің

жүріс-тұрысында, мінез-құлқында, ой-санасында және сөйлеген сөзінде өзінің ежелгі ұлттық сипаттарынан мүлде айырылып қалады.

Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары” романындағы Дмитрий ұста, оның әйелі Надежда Сергеевна, балалары Сергей мен Мария айна-қатесіз қырғыз болып шыққан. Мұны өрескел кемшілік деуге болмайды, бірақ осы сияқты жеңіл-желпі тәсілмен суреттеп, жазушы орыс адамын көрсетудің қиын әдісінен, біздің ойымызша, игі міндеттен – орыс адамын орыс қалпында, ішкі дүниесіндегі, мінез-құлқындағы өзіне тән мол қасиеттерімен, орыс халқының бойына біткен ерекше асыл сипаттарымен суреттеп беру міндетінен қашқақтап, бой тартқан. Анығырақ айтқанда, жазушы орыс адамын өз халқының адамдарымен аралас суреттеп, өзінің жаңа кейіпкерлерін шартты түрде оңай бейнелейді, сөйтіп, романдағы қырғыздың санын көбейтумен тынады. Халықтарымыздың арасындағы орыс адамы – жоғары дәрежелі озық мәдениет пен үлгі-өнеге боларлық алдыңғы қатарлы дәстүрлерді халыққа тарататын бейне екенін естен шығаруға болмайды.

Орыс адамын “өңін айналдырып” суреттеу Сыдықбековтен басқа жазушыларда да жоқ емес. Өзінің “Сырдария” романының алғашқы нұсқасында Сәбит Мұқанов Анатолийді дәл солай суреттейді. Бұл романда Анатолий ұлт айырмашылығынан жым-жылас айырылып, бүтіндей өзгеріп кетеді, өзбек қызына үйленіп, қызы Гүлнарды қазақ салтымен өсіреді. Бұл образдың бір жағымды жері – Анатолий қазаққа айналып кеткенімен, орыс халқының ұлы мәдениетін таратушы, уағыздаушы адам қалпында қалады, егістік жерді суландырушы маман ретінде шөл далада суды молайтуға бастаушы болады.

“Шығанақ Берсиев” романының (қазақ тіліндегі нұсқасы) кейіпкері Иванды Мұстафин де дәл осылай суреттеген. Роман орысша аударылғанда Мұстафин бұл кейіпкеріне қазақша ат қойып, оп-оңай қазаққа айналдырды.

Басқа ұлтпен бірге өсіп, біте қайнаған орыс адамын суреттеуде Айбек өзінің “Алтын атыраптан ескен желдер” романында дұрыс әдіс тапқан. “Намыс” романында Баширов та біраз дұрыс суреттелген.

Орыс агротехнигі Акаскинді, суландырушы-инженер Астаховты, оның әйелі Галяны, олардың жүз процентші-мақташы өзбек қыздарымен қарым-қатынасын шынайы суреттеумен Айбек ысылған, мәдениетті шебер жазушы екенін танытты. Акаскин де өзбек арасында он төрт жыл тұрып, өзбек тіліне әбден жетілген адам. Алайда жүз процентші өзбек қыздарына тәжірибелі, ақылгөй аға, жанашыр дос болып жүріп-ақ, мінез-құлқында болсын, адамдармен сөйлескенде болсын, ол өзінің орыстық қасиетін сақтайды. Саксон ата сықылды өзбек шалдары, бүкіл өзбек жастары Акаскинді де, Астаховты да осындай тамаша қасиеттері үшін аса ардақтап, қатты сыйлайды.

Творчестволық жолда ізденбей, даяр тұрған шала-жансар кейіпкерді қалқита қоятын ұлт жазушыларына Айбектің творчестволық жетістігі өнеге болуға тиісті.

Басқа совет халықтарының адамдарын көрсетуде орыс романдары мен пьесаларында да істің жайы онша емес екенін атап айтуға тиістіміз. Халық арасына көп таралған, совет оқушылары жақсы қарсы алып жүрген типтер бар екені де рас. Әңгіме өзіне лайықты өзгеше сөз ырғағы, орыс сөзін өзінше мәнерлеп сөйлейтін ерекшелігі бар, оңтүстік халықтарына тән қызу қанды мінезі бар, кавказдық дербес типтер жайында болып отыр. Бірақ, амал қанша, Ажаевтың “Москвадан алыста” атты талантты романының өзінде де инженер Беридзе (аты-жөніне қарағанда грузин болуға тиіс) жағымды мінезді совет маманы болғанымен, оның ой-пікірінде, сезім дүниесінде, тіпті әр кезде сөйлеген еске алу сөздерінде өз ұлтының бір сырлы, сегіз қырлы рухани байлығы мен асыл мінезінің ұшығы да жоқ. Ал қазақ образын беру жөніндегі мысалға Корнейчуктің “Майдан” пьесасы мен Казакевичтің “Жапандағы екі жігіт” повесін алсақ та жеткілікті. Пьесадағы Шаяхметов пен повестегі Жорабай ақыл-парасатқа жарлы, жеңілқолды адамдар. Жоғарыда аталған кейіпкерлердің екеуі де, өздерінің атқаратын қызметі бойынша, әлгі айтылған екі шығарманың алдына қойылған міндетіне сай, сөз жоқ, жағымды типтер болуға лайықталған. Бірақ, әсіресе Казакевич повесіндегі қазақ құр сұлдер, қуыс қурай, немесе темірден жасалған қуыршақ адам болып шыққан.

Шығармаларындағы басқа халықтар кейіпкерлерін өз қалпында, яғни ұлттық қасиетін сақтай отырып, өңін айналдырмай, қолдан орысқа айналдырып жібермей, дұрыс көрсетуге тырысушылық бар екені де рас. Мұны игі талап деп білуіміз керек.

Осы шолу мақаламызда айта кетуге тиісті негізгі бір мәселе – совет халықтарының өкілдерін – басты кейіпкерлерді және олардың төңірегіндегі адамдарды көрсету жайы еді.

Сөз болып отырған романдардағы бір ерекше қасиет – оларда совет адамдары социалистік деревняның таңдаулы өкілдері ретінде, коммунизмнің биік саналы құрылысшысы ретінде суреттеледі. Олардың өзгеріп, жаңарған психологиясы, мінез-құлықтары, партия ісі үшін күресу жолындағы отаншылдық керемет істері, көздеген игі мақсаттары бұл романдарда жақсы көрсетілгенін атап айтуға тиіспіз. Бұл романдарда Ұлы Отан соғысы кезіндегі оқиғалар бірсыпыра мол суреттелген, социалистік дәуірде советтік шығыс әйелдерінің атқаратын қызметі мен алатын орны төрден орын алған.

Бұл романдарда отаншыл әйелдер ерлермен тең праволы болып, бірдей қызмет атқарады. Олар еңбекте де ерлермен тең жүреді. Еңбек әйелдерінің игі мінездерін, ішкі дүниесінің керемет жақсы қасиеттерін ашады. Татар қызы Нафиса, өзбек қызы Камила, қырғыз қызы Ақия, қазақ қызы Жанат, тағы басқалар осындай әйелдер. Бұл романдарда олар өздерінің жеке басы мәселелеріне байланысты іштей толғану, сүйген жарға және еңбек пен қоғамдық ерлік істердегі жолдас-жораларына деген кіршіксіз таза махаббаттары арқылы көрінеді. Әйелдерді жаңаша суреттеп көрсету – ұлт әдебиетінің дәстүрін социалистік мазмұнмен, совет әдебиетінің биік идеясымен, көркемдік мәдениетімен байыту, молықтыру болып табылады.

“Алтын атыраптан ескен желдер”, “Намыс” романдарындағы кейіпкер әйелдер білімдерін молайтуға талаптанады. Олар колхоз жерінде істей жүріп, бір жағынан, ұдайы кітап оқып, өздерінің білімдерін көтереді, мәдениеттіліктерін арттырады.

Сөз болып отырған романдардың бәрінде де мосқал әйелдер – аналар образы шынайы түрде жақсы көрсетіл-

ген. Өзбек, татар романдарында да, қырғыз, қазақ романдарында да мейірбанды ананың асыл мінезі, жасы кішілерге деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы жақсы көрсетіледі. Сонымен қатар олардың санасындағы ескі ұғымдар жайы да әр романда түрліше суреттеледі.

Басты кейіпкерлерді іс үстінде көрсету жөнінде Мұстафиннің “Миллионер” романында, Айбектің “Алтын атыраптан ескен желдер” романында қолданылған тәсілдер, біздің ойымызша, талас тұғызады. Осы романдардың басынан ақ талапкер, жаңашыл адамдар болып көрініп, колхозға келген Жомарт та, Уктам да шығарманың өн бойында еңбекке қолма-қол араласпайды. Олардың істері мен жігер-қайраттары өздері басшылық еткен ұшан-теңіз көп істердің арасында бытырап кетіп, көрінбей қалады. Олар талай істерді қолға алады, бірақ айта қаларлықтай бере-келі ештеңе істей алмайды.

Мұстафин романында бай колхоздың жаңа бастығы Жомарт небары он ай уақыттың ішінде түрлі кереметтер жасайды. Автордың көрсетуі бойынша, агроном Жомарт колхозды өркендетіп, мәдениетін өсіру жөнінде жоспар жасап, оны аудандық партия комитеті мен колхозшылар мақұлдайды. Осындай жағдайларға сүйеніп, автор, бұдан былайғы жердегі істердің бәрін тез, оп-оңай шешеді. Тұрмыста кездесетін табиғи қиыншылықтар, кедергі-кеселдер, оларды жеңу жолындағы Жомарттың жұмсаған жігер-қайраты мен білгірлігін романдан көре алмаймыз. Басталған игі талап бар да, оның орындалуы тым оңай көрсетіледі. От дариаларынан, ит тұмсығы өтпейтін ғажайып қалың ормандардан оп-оңай өте шығатын, самұрық құстың қанатына мініп, бүкіл жер жүзін аралайтын ескі фольклор дәстүрінің әсері бұл. Мұның өзі – қарқынды еңбектің күші мен поэзиясын жалықпай, нақтылы процесс есебінде терең суреттеу қажеттігі осы әдебиеттің салтына әлі кірмегенін дәлелдейді.

Еңбек процесін көрсету жөнінде, колхоз деревнясы жайында жазылған жақсы романдардың бірі – “Алтын жұлдызды жігіт” романында және оның жалғасы – “Жер бетіндегі жарық” романында жақсы үлгі көрсетілген. Бабаевский романынан біз қажымай-талмай, белгілі мақсатпен үдетілген еңбекті көреміз. Осы қарқынды еңбек романның бір кіта-

бынан екінші кітабына ұштасып, басты кейіпкерлердің қажырлы күресіне айналады. Романның басты кейіпкері Сергей Тутаринов колхозшыларды, аудан басшыларын, бүкіл аудан халқын таяныш етіп, өз төңірегіне еңбек қауымын топтастырады да, оны бірте-бірте ұлғайта береді. Басты кейіпкер Тутаринов еңбек қауымымен қоян-қолтық араласып, бірте-бірте өсіп, үнемі ілгері басумен болады.

Романдағы басты кейіпкерлердің бірі – аудандық партия комитетінің секретары Кондратьев бір игі іс жайын ойлағанда да, біреудің кемшілігіне сын айтқанда да, барлық істерде де, жаза баспайтын, асқан ақыл иесі, таңдаулы партия қызметкері. Кондратьев, көбінесе, бүгінгі күннің фактілері мен міндеттерінен озып, болашаққа көз жібереді. Колхоздың мал шаруашылығын қайта ұйымдастырып, жақсарту жөнінде маңызды, соны пікірлер айтқызады автор оған. Жазушы өзінің романы арқылы партия мен халыққа көмектеседі, өз шығармасын қоғамдық көрініс дәрежесінде ғана қалдырмай, сол арқылы өз халқының тұрмысын қайта құру ісіне белсене қатынасады. Мысалы, Кондратьев таудағы малшыларға барып қайтқаннан кейін, өзіне ешкім арыз-өтініш айтпаса да, малшылардың тұрмысы жөнінде терең ойға кетеді.

Бір жағдай оған ұнамады – малшылар станциядан қашықта жатыр. Оларға газет сирек келеді, кино да, радио да жоқ, еліміздің өміріндегі аса маңызды жаңалық хабарлардың өзі малшыларға екі апта, тіпті үш апта кешігіп жетеді. “Газетті күн сайын жеткізіп тұру керек, – деп ойлады ол, ат үстінде шайқалып, бар денесі ауырып келе жатып. – Ертең почтамен сөйлесемін... Ең болмағанда, салт атпен адам бөлерміз. Радиоторап орнатсақ... Оларға лектор жіберу керек. Кімді жіберсек екен? Куницын мен Сагайдачныйдың қайсысын жібереміз? Пысық, жас жігіт қой, Куницынды-ақ жіберейікші, оларға керегі сондай жігіт”. Бұдан кейін Кондратьев малшыларға жылжымалы киноаппарат жіберуді, көшпелі кітапхана ұйымдастыру жайын ойлады. Кілең мал шаруашылығымен шұғылданатын аудан жайын суреттейтін жазушы болмаса да, Бабаевский совет прозасында бірінші болып, бүкіл елімізде мал шаруашылығымен шұғылданатын, оған қолма-қол басшылық ететін адамдардың алдына үлкен проблемалы мәселе қойды. Ал “Миллионер”, “Біздің

заманның адамдары” романдарының авторлары – жуықта ғана кілең мал шаруашылығымен кәсіп еткен, бұл күнде де халқының басым көпшілігі мал шаруашылығымен шұғылданып отырған қазақ, қырғыз колхозшыларының өмірін көрсетіп отырып, өз кітаптарында осы маңызды мәселені ескермейді. Сыдықбековтың совхоздағы кейіпкері семіз жылқыларды көріп, сүйінумен болады да, адамдарға, олардың тұрмыс күйіне назар аудармайды. Мұстафиннің Жомарты құмда бағылып жатқан он мыңнан астам колхоз малы бар екенін есіне түсіріп, малшылардың тұрмыс-күйін жақсарту керек деп, сөз арасында айтады да, іс жүзінде ештеңе істемейді.

Бұдан біз өзі суреттеп отырған өмір мен ортаны сипаттаудағы жауапкершілігін әр жазушы әрқилы ұғынатынын көреміз. Ұлт жазушысы профессионалдық шеберлікке жетілумен бірге, өмірге белсене араласып, оны тезірек қайта құру жолында күресуге тиісті.

Кейіпкер бүкіл халықтық еңбек майданына араласу үшін, еңбектің әр саласын бес саусағындай жақсы білуге тиіс. Демек, роман кейіпкерлері де оқып, өз білімдерін молайтуы керек. Сондықтан да жасалған жаңа жоспарлар бойынша іске асырылатын жаңалықтарға күн бұрын жетілдіру үшін, кадрларды даярлау мәселесін авторлар мықтап ойланғаны жөн. Бұл мәселеге өз романдарында Бабаевский мықтап көңіл бөлгенін және бұл мәселе оның романдарының ұзына бойына жүріп отыратынын көреміз. Ал Мұстафин мен Сыдықбеков өз кейіпкерлеріне жаңалық тапқызуды ойлағанымен, сол жаңалықты табуға оларды күнбұрын даярлауды, яғни кейіпкерлердің білімін, мәдениетін көтеруді ескермейді.

Осы тұрғыдан қарағанда, Айбек, Баширов романдарында істің жайы басқаша екенін көреміз. Бұл романдардың кейіпкерлері агробиология, агротехника және басқа мамандықтар жөніндегі кітаптарды ұдайы оқып, білімдерін толықтырады.

Бұдан ұлттық түр мәдениетін байытуға тиісті болған авторлар да өз білімін көтеру керек деген заңды талап келіп шығады, өйткені орыс әдебиетінің жақсы үлгілерін үйрену – ұлт әдебиеттерінің бұдан былай да өркендей беруінің негізгі бір шарты болып табылады.

Бабаевский романдарындағы басты кейіпкерлердің әлгі біз атап өткен табанды, үздіксіз күресін Баширов романының кейіпкері Нафиса жөнінде де айту керек болады. Нафиса образы қаһармандық еңбек арқылы барлық жағынан толық берілген.

Мұстафин мен Айбектің кейіпкерлері Жомарт пен Уктам оған керісінше көрсетілген. Олар творчестволық нақтылы еңбек арқылы бірте-бірте өсіп жетілмей, романның бастапқы кезіндегі қалпында қалып қойған. Олар, көбінесе, үй ішінде, яғни өздерінің қарабасына байланысты сүйіспеншілікте ғана басым көрсетілген. Сонымен қатар Уктам колхоз өмірінен, колхозшылар тұрмысынан, ауыл шаруашылығы коллективті еңбегінің сан алуан мәселелерінен және аздап болса да қала өмірінен толып жатқан мәселелермен шұғылданады. Бірақ осы мәселелерден оның жеріне жеткізе тындырғаны өте аз болып шығады. Мысалға, оның Ташкентке бару сапарын алайық. Ташкентке бара жатып, Уктам университетті, Ташкенттегі жаңа салынған Науаи көшесін еске түсіреді, одан әрі комсомол көлі орнатылған Беш-Ағашты еске алады. Бұл қала күн сымбаты Өзбекстанның социалистік мәдениетінің ордасы ғой. Сондықтан да оның Уктамға берері көп еді. Романның басқа кейіпкерлерімен араласып, қарым-қатынас жасағанда Уктам Горькийді, Маяковскийді, Толстойды жиі-жиі айтып, еске түсіреді, әртүрлі адамдар орыс романдарын, оның ішінде “Жас гвардия” романын оқиды. Бірақ бұл жайттардың бәрі де әншейін сөз, еске түсіру арқылы ғана беріледі. Мұндай фактілерді авторға өмірдің өзі айтып отыр ғой. Өмір фактілерін романда көрсету теріс емес. Алайда өзі көрген-білген, ойлаған, сезген фактілерді кейіпкер немесе автор қалай іске асырды? Бұл сауалдың жауабын романдан таба алмаймыз. Демек, ол фактілер тек атүсті ойланып айтылған күйінде қала берген. Аудандық партия комитетінің секретары Сайрамов образының тым сайыз болып шығуы да осы кемшіліктің салдары. Автор Сайрамовты іс үстінде, нақтылы өмір шындығы арқылы көрсетпей, сөз арасында, адамдармен әр кезде кездескенде азды-көпті сөйлестірумен ғана жұқалап суреттеп өте шығады. Бұл арада Белинскийдің бір сөзі еске түседі: “Қайнар бұлақ-

тың астында жатқан тарихи факті тас пен кірпіш сияқты”. Бұл материалдан суретші ғана әдемі үй жасай алады. Амал қанша, Мұстафин мен Айбек өз кейіпкерлері Жомарт пен Уктамның еңбектегі қызметтерін суреттегенде, романдағы шикі материалдарды өңдеп, әдемі үй жасамай, көбінесе, шикі күйінде берген.

Бұл жағдай Баширов романында біраз жақсы көрсетілген. “Намыс” романындағы аудандық партия комитетінің секретары Мансуров – аса білімді партия қызметкері. Мансуровтың дәрігер әйелі майданда болады, қызы сурет өнері академиясында оқып жүреді. Мансуров үйінің қабырғасында Еділдің табиғаты бейнеленген әдемі сурет ілулі тұрады. Романның кейіпкерлері ғылым мен искусствоның міндеттері жайында қатты ойланады. Әдебиет пен искусствоның атқаратын қызметі жайында, Нафисаның еңбегін бұдан да жемісті ету мәселесі жайында олар келелі пікірлер айтады. Нафисаның өмір жолындағы күресі романда шынайы күйде қиындатылып суреттелген. Нафиса төңірегінде, оның мінез-құлқында және қызметінде не түрлі қиын тартыстар болып жатады. Нафисаның ерінің өлімі, әуел баста сүйген жігіті Зиннатқа деген махаббаты, оның бер жағында, Хайдарды сүйсе де, қоғамдағы өз жауапкершілігін ұғынып, Хайдардан бой тартуы – романның реалистік әдіспен суреттелген, шынайы қалыпта берілген өзекті желісі болып табылады. Қайтыс болған ерінің үйіндегі қиыншылықтарға байланысты, жекеменшіктілік психологиясынан әлі арылмаған, өзімшіл қатал әкенің Нафисадан безуіне байланысты – Нафисаның тіршілік жағдайы романда өте шиеленістіріліп беріледі.

Сонымен қатар Нафиса басқарған еңбек қосының күресі де тарихи шындық. Бұ да Сталинград қаласын жаудан қорғау күресі. Колхозшылардың еңбек майданындағы күресі сол қаланы жаудан қорғау жолындағы қаһармандық айқас кезінде – сол жазда, сол күзде, сол Еділ өзенінің жағасында жүргізіледі. Роман композициясын тартқан сымдай тұтас құру жөнінде Баширов жақсы үлгі көрсетті. Башировтың кейіпкерлері алуан түрлі күреске бірден назар аударып, өздерінің жігер-қайратын жан-жаққа бытыратып жібермейді. Бұл романда жеке адамның өз істері мен қоғам-

дық істер бірімен-бірі мықтап ұштасып, роман бөлімдерінің ұзына бойына аралас жүріп отырады. Сондықтан да романдағы тартыстар шынайы түрде суреттелген.

Сөз болып отырған романдарда негізгі тақырыптармен қатар, қосалқы тақырып, яғни талас-тартыссыз интрига тақырыбы бар. Алайда осы талас-тартыссыз интрига деп шартты түрде атаған тақырыбымыз жоғарыда аталған романдардың бәріне де өзекті, негізгі мәселелердің бірі ретінде келіп отырады. Әңгіме басты кейіпкерлер – Сергей мен Ирина арасындағы, Уктам мен Камила арасындағы, Нафиса мен Хайдар арасындағы, Шарғын мен Бәтіш арасындағы сүйіспеншілік жайында болып отыр. Бұларға Мұстафин романындағы Жомарт, Жанат, Алмалардың сүйіспеншілік мәселелері келіп ұштасады.

Романдардың авторлары сүйіспеншілік мәселесін кітаптарының басынан аяғына шейін созады. Тегінде, сүйіспеншілік романдардағы ең қызықты, лирикалы оқиға болып кеткенге ұқсайды. Айта кетуіміз керек, Бабаевский мен Айбек, біздің ойымызша, сүйіспеншілік мәселесін біраз жасанды қалыпта суреттейді. Бабаевский романының олқы жері де осы сүйіспеншілік мәселесінде деп білеміз. Сергей мен Ирина арасындағы қарым-қатынасты автор қай-қайдағы бір ұғыныспаушылықтың айналасынан, жақсылап сөйлескен сәтте-ақ жойылып кетуге тиісті шатақтардың айналасынан шығарады. Ұғыныспаушылықтан пайда болған жеңіл-желпі шатақтарды автор жасанды қалыпта ұзаққа созады. Бұл тартыссыз интриганы автор кейіпкерлердің тартысы арқылы, оларды қиындыққа ұшырататын шымшытырық жағдайлар арқылы шешпейді.

Ал Айбектің кейіпкерлері Уктам мен Камила романның басынан аяғына шейін әй-шай деспей, үнемі бір ниет, бір тілекте болады да отырады. Олардың арасында қырғи-қабақ реніш деген атымен болмайды. Өздерін қоршаған өмірде де оларға ешбір қиыншылық кездеспейді. Алайда осындай сүйіспеншілік интригасын автор ұзаққа созып, романның көп орын берген. Мейлінше ұзартылып, көбінесе, романның қоғамдық-идеялық негізін бүркеп кеткен осы “жеке бас” мәселесі автордың негізгі нысанасына, психология арқылы өмірде кездесетін шындық сыпаттармен

дәлелденбеген негізсіз нысанаға айналған. Ендігі бір айта кететін негізгі мәселе – осы сүйіспеншілік жолында роман кейіпкерлері рухани жағынан өспейді, өздерінің моральдық сапасын молайтпайды. Сөйтіп, автор өз кейіпкерлерінің жеке басына байланысты мәселелерді, от басындағы елеусіз, ұсақ мәселелерді суреттеумен көбірек шұғылданады да, олардың Ташкентке барып қайту сапарындағы аса маңызды мәселелерді ескермейді. Олар Ташкентке барып қайтқанда өздерінің ойға алған игі мақсаттарына сеп болғандай жаңа ойлар таппай, құралақан қайтады. Ұшан-теңіз мәдениеттің ордасы болған тамаша астанасы Уктам мен Камиланың қоғамдық ой-саналарының молаюына титімдей де әсер етпейді.

Өзбектің классикалық поэзиясында әйелдер талас-тартыстың себепшісі болып суреттелетін. Айбек бұл дәстүрден біржола безіп, рухани жөнінен азат болған совет әйелі Камиланың образын шынайы суреттейді. Алайда автор Камиланы жалпыға ортақ типтік жағдайда көрсетпей, шектен тыс романтикалық дәрежеге көтеріп жіберген.

Баширов романында өткен замандағы татар әдебиетінің әсерінен туған екі түрлі кемшілік бар деп білеміз: оның бірі Нафиса мен Хайдар арасындағы сүйіспеншілік мәселесін суреттеуде кездеседі. Олардың арасындағы сүйіспеншілік те жөнсіз ұзаққа созылып кеткен. Романда Нафиса өр қайрат иесі, іскер әйел болып көрінеді. Нафиса – ысылған, қазіргі заманда өсіп, жетілген, халықтан шыққан алдыңғы қатарлы совет әйелі. Сондықтан да өзінің жеке басына қатысы бар күйініш, қуаныш кезінде Нафисаның өте нәзік мінез көрсетуі тым оғаш көрініп тұрады.

Осы жерде айта кететін бір жағдай – Баширов романына революциядан бұрынғы кездегі татар әдебиетінің екі түрлі сипаты әсер еткен. Бірінші – мелодраматизмге бой ұрушылық (аудандық партия комитетінің секретары Мансуровтың туысқандарының өлімін суреттеген жерінде осы әсер бар. Дұрысында, мұның өзі реалистік әдіспен басқаша суреттелуге тиісті қаһармандық шағын тақырып еді), екінші әсер – кейіпкерлердің жүрек сырларын суреттегенде әсем романтизмге бой ұрушылық. Мұның өзі – өткен замандағы буржуазиялық-романтикалық әдебиеттің дәстүрі болатын.

Ендеше, бұл советтік татар елінің моральдық биік дәрежеге көтерілген жас адамының ішкі дүниесін ашуға ешқандай қажетсіз әдіс және ұлттық әдебиеттің ортақ қасиеті бола алмайтын, жаңа заман адамдарын суреттеуге қолайсыз ұшқары әдіс.

Енді, осы романдардағы екінші қатардағы кейіпкерлер қаншалықты дараланып көрсетілді, жан-жақты болып толық шықты ма? Осы мәселеге қысқаша тоқталайық. Мұндай кейіпкерлер Сыдықбеков романында толық айқындалмағанын атап айтуға тура келеді. Басты екі-үш кейіпкері мен жағымсыз кейіпкерлерінен басқалары бір-бірінен жөнді ерекшеленбегендіктен, олар тобымен бірөңкей суреттелген. Басқа колхозшылар шалдар мен жастар болып екі топқа бөлінеді. Осы топтардың ішінде де ерекшелік тым аз.

Айбек пен Мұстафин романдарында екінші қатардағы кейіпкерлерді даралау жағы әлдеқайда жоғары. Адамдардың сипатын беру жағы Баширов романында одан да терең, айқынырақ болып шыққан. Авторлар екінші қатардағы кейіпкерлерді көрсетуде фольклор мен классикалық жазба поэзияның жағымсыз дәстүрінен безіп, жаңаша көрсеткен. Мұны игілікті табыс деп білуіміз керек. Фольклор мен классикалық жазба поэзияның дәстүрінде екінші қатардағы кейіпкерлер жосықсыз адамдардың тізбегі, біртектес адамдардың сыртқы дәнекері ғана деп саналып, оларға өте аз көңіл бөлінетін.

Классикалық орыс әдебиетінің таңдаулы реалистік дәстүрлері жоғарыда аталған романдардың бәріне де әсер еткен. Мұны айта қалғандай жетістік деуге болады. Бұл романдардың авторлары француз романдарындағыдай қызғылықты сюжеттің жетегіне еріп кетпей, адамдарының психологиялық және ішкендік сипаттарын, яғни адамдардың ортақ (типтік) сипаттарын, олардың өмірдегі нақтылы істерімен байланыстырып көрсетеді.

Аталған романдар авторларының қай-қайсысы болса да орыс классиктері мен орыс совет жазушыларынан үлгі-өнеге алып, үйренгендіктерін көрсетті. Мұны біз табиғат көріністерін шынайы суреттеуден, сюжет құрылысынан және біздің биік мәртебелі жарқын өмірімізді басты кейіпкерлер арқылы, олардың өмір сүріп отырған ортасы

арқылы, өмірдегі жағымсыз көріністерге өткен заманның сарқыншақтарына қарсы қою жағдайларынан күтеміз.

Жағымсыз адамдар Айбек романында Аширмат, оның баласы Бақижан сияқты еңбекті сүймейтін, жатыпішерлер образы арқылы көрсетілген. “Намыс” романындағы Әлипа, “Біздің заманның адамдары” романындағы Қақылдақ, Шегіртке образы да нанымды түрде жақсы шыққан.

Өткен заманның көркем прозасындағы дәстүрлер мен әдістерге бой ұрып кеткендіктен туған сәтсіздік те жоқ емес бұл романдарда. Бұған Мұстафиннің “Миллионер” романында тауып алған күнделік дәптерді қолдануы мысал бола алады. Жомарт, Жанат, Алмалар арасындағы қарым-қатынастың шимай-шатақтарын автор бір сәт Жанаттың күнделік дәптері арқылы шешпек болады. Бұл – әбден болған, қаусап тозығы жеткен, атам заманғы әдіс екенін Мұстафиннің өзі де жақсы біледі. Осы әдісті Искандердің талғамай қолданғанына қынжылып, Белинский былай деген болатын: “Романдардағы әйел кейіпкерлерді олардың жазу дәптерлері арқылы оқушыға таныстыру әдісі – әбден тозығы жеткен, істен шығып қалған жалған әдіс – Любоньканың дәптерге жазған сөздерінде біраз жалғандық бар, оларды әйел жазды дегенге жұрттың бәрі нана қоймайды... Тегінде, автор бұл жерде өз талантының шеңберінен шығып кеткен екен”. Белинскийдің осы сөздерін Мұстафин кездескен сәтсіздік жөнінде де айтуға болады.

Шолуымыздың ақырында осы романдардың тілі, жаңа сөз мәдениеті жайында толық тоқталуымыз керек еді. Алайда бұл мәселе осы романдардан көптеген мысалдар келтіріп, сөз образы қалай сақталғаны жөнінде кең тоқталуды керек етеді. Сонымен қатар ұлттық түрдің аса маңызды саласы болғандықтан, бұл мәселе толық талдауды және өз алдына жеке мақала жазуды тілейтін зор тақырып. Сондықтан да біз бұл жерде осы талданып отырған романдардың тіліндегі аса қызғылықты жаңа бір жайтты ғана атап өтпекпіз. Бұл романдардың сөз құрылысы екі жүйеге бөлінеді – қарапайым, астарсыз айқын түрде тым жатық келіп отырады. Сондықтан да сөздері оқушыларға өте ұғымды келеді, халықтың сөз қазынасын мол пайдаланып айтылған ғибрат, нақыл сөздер де жиі кездеседі. Мұста-

фин мен Сыдықбеков романдарының тілі осындай. Сонымен қатар бірсыпыра жазушыларда ұғынуға қиын соғатын шұбалаңқы ауыр сөздер жасауға талпынушылық бар. Мұның өзі – айтыс, талас туғызатын тақырып. Айбек шығармаларындағы күрделі қиын сөздер жайында өзбек баспасөзінде мәселе көтерілді. Сөзді қиындатып құру жөнінде Башировтың тапқан жаңалығы ойлы жазушының көркем прозаға қосқан тың үлесі деп білеміз.

Бұл ретте де біздің жазушыларымыз орыс классиктерінен, осы күнгі совет прозашыларынан үйренуі керек. Күрделі сөйлем жүйелері, мінсіз жасалған сөз тізбектері алдыңғы қатарлы классиктерден үйрену арқылы жаңарып, молайып отыруға тиіс. Сондықтан да Мұстафиннің айналасы теп-тегіс жұмыр келген, мінсіз жатық сөздеріне тәнті бола отырып, біз оның шебер құралған әдемі сөздерін үздік шыққан жеке-дара деп те айта алмаймыз, я болмаса, советтік ұлт прозасының әбден кемеліне келіп, жетіліп болған сөз – стиль түрі деуге де тиісті емеспіз.

Аталған маңызды мәселелерді толық қамтыдық дей алмаймыз. Романдары мен түпнұсқаларынан танысуға мүмкіндік болған авторлардың шығармаларын шолған мақаламызды осымен аяқтағымыз келеді.

ПУШКИН МЕН АБАЙ

Отанымыздың өткен замандағы екі ұлы ақыны – Пушкин мен Абайдың бір-бірімен творчестволық жақындығы, поэзиядағы екеуінің ақындық өнер үйлестігі ұлы орыс халқы мен қазақ халқының терең достығынан, бұл екі халықтың да алдында тұрған озат арманынан, игі нысанынан туды. Қазақ халқының қалың бұқарасы орыс халқының қалың бұқарасымен достық көзқараста болғаны, орыс халқын аға санағаны сияқты озық пікірлі орыс әдебиетін, оның Пушкин сынды данышпан өкілін Абай да өзіне үлгі, мектеп деп білді. Сондықтан Абай ақындық еңбегінің бірсыпырасын тек орыстың классик поэзиясын қазақ тіліне аударуға жұмсайды. Байрон, Гете сияқты өзге европалық елдер классиктерінен бірер өлеңді аударса, оны да Абай Лермонтовтың аудармаларынан алып қазақшалайды. Анық орыс классиктерінен Абайдың аударғандары – Крыловтың бір топ мысалдары, Пушкиннің “Евгений Онегинінен” үзінділері және Лермонтовтан жасаған көп аудармалар. Тағы бір, жалғыз өлеңді Буниннен аударған.

Абай жинағында, бөлек аттармен әр жылдарға бөлініп бастырылған аудармалардың барлық саны – қырықтың ішінде. Сол қатарда Крыловтың төрт-бес мысалы және Лермонтовтың өз шығармалары мен аудармаларынан алғанын қосқанда, одан жиырма жеті өлең аударған.

Бұл жөнінде екі түрлі пікірді ерекше көрсету жөн. Оның біріншісі – Абайдың осы аудармаларға берген бейіл, бағасы турасында, екіншісі – сол аудармалардың Абайдың өз шығармаларына еткен әсері және Абайдан кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік, ұстаздық дәстүр әсері туралы.

Біріншіден, Абай өзі сүйген орыс классиктерін кейде дәл, кейде еркін аударып отырса да, әр кезде барынша көркем, шебер өлеңнің үлгісін берген. Бұл жөнінде ақынның ізденуі кезіндегі тіл байлығы мен ірі талант, ерекше ынта, зер салуы өзгеше көрінеді. Өз өлеңдерін туғызуда қолданған ақындық шабыт, сыншыл ұқыптылық, тіл орамға өткір жүйріктік – барлығы да аудармалық еңбекке келгенде барынша күшімен түгел жұмсалған деуге болады. Тіпті, кейде Абайдың өзі тудырмаған тамаша нәзік, терең сырлы өлеңдер, көрікті ойлар, немесе аса өткір шанышпа мысқыл, ажуа, ащы сөздер осы аудармаларда үнемі көрініп отырады.

Зор мәдениетке жеткен, дүниежүзілік әдебиетке ұлы классиктер танытқан орыс халқының өскелең поэзиясы, әрине, Абайдың өз елінің жас әдебиетінде өздеріне тең сипат, өрнектерді кездестірген жоқ еді. Сондықтан да Абайдың шебер аудармалары ғана Пушкин, Лермонтов поэзиясының көркемдігін, терең сыр, үлкен ойларын қазақ оқушыларына жеткізді.

Осы айтылған пікір жоғарыда аталған екінші жайға да белгілі дәрежеде шешу болып табылады. Абайдың аудармалары оның өз шығармаларына да белгілі әсер еткенін атаған едік. Анығында, 1887 жылдан бастап, Абайдың қайтыс болған кезіне шейін оның аудармалық еңбектері жыл санап қосылып, молайып отырады. Сонда Абайдың өзі көп толғайтын тақырыптарын түгел еске алсақ, бара-бара сол тақырыптардың барлығына жазылған өлеңдерге де Абай жасап жүрген аудармалардың аса жақсы, жемісті жаңалық әсері болғанын аңғару қиын емес.

Рас, қоғамдық өмірдегі мін-мінездерді, қалып-құрылыстарды шенеуде Абай Пушкин мен Лермонтовтан гөрі Салтыков-Щедрин, Некрасовтардан молырақ үлгі-өнеге көрді. Бірақ сол әлеуметтік тақырыптардың өзінде де жиі кездесе беретін мұнды-сырлы жалғыздық ойларға соққанда Пушкин, Лермонтов саз-сарыны Абайдан байқалып отырады.

Ал осыдан соңғы ақындық жайындағы тақырыптарды, эстетикалық принциптерді алсақ, табиғат көркін, махаббат жайын, жеке бастың көңіл сырын, лирикасын алсақ,

Абайдың ақындық шеберлігі асқан сайын оның теңеулері, көркем түрлері – бәрі де Пушкин, Лермонтовқа еліктеуден гөрі де, қайта солармен бастасып, табыса туысып бара жатқанын анық тануға болады.

Абайдың Пушкин шығармаларын өз оқушыларына жеткізуі қазақ сахарасына орыстың ұлы мәдениетінің жарығын әкеп төккендей болды. Бұл жөндегі Абай еңбегі тек әдебиеттік қана еңбек емес, ол зор кең мағынадағы ағартушылық, тарихтық, қоғамдық еңбек еді.

Патшалықтың отаршылық аппаратынан өгейлік қана көріп жүрген қазақтың қалың бұқарасына Абай орыс классиктерін, соның ішінде Пушкинді аудару арқылы, анық орыс халқының жүрегін, сезім мен ойларын, қасиет-қадірін ашып көрсетті. Ол ұлы халықтың дана ұлдарының аузымен айтылған толып жатқан шындықтарды, тәрбиелік үлгі-өнегені айқындап танытты. Абайдан бастап орнаған орыс әдебиетінің жақсы ықпалы, үлгі-өнегелік әсері кейінгі қазақ әдебиетінің барлық тарихында кең өріс алды, үзілместен дами беретін болды.

Пушкиннің атақты романы – “Евгений Онегинді” Абай бөлек-бөлек үзінділер түрінде аударды: “Онегиннің сыпаты”, “Татьянаның хаты”, “Онегиннің ойы”, “Онегиннің сөзі”, “Онегиннің хаты”, “Татьянаның сөзі”, “Ленскийдің сөзі”.

Әрине, мұнда Пушкин романының ерекше көп жайлары аударылмай сырт қалады. Абай ол романның ішінен тек Онегин – Татьяна арасында кезек ауысқан күшті махаббат күйлерін ғана сөз қылады. Көбінше, Абайдың аударуына хаттармен баян етілген роман қалыптанған тәрізді. Өз аудармасының соңында, Абай өз жанынан Онегинге ақырғы сөз береді. Бұл – Пушкинде жоқ еркін өзгерістің, Абайдың сөзінше дәлелденген ерекше бір түр.

Қазақ оқушысына көптен мәлім мәселе, Абайдың бұл аудармасында Пушкиннің тексіне үнемі ұқсас келіп отырмайтын еркіндік те бар. Жеке алғанда, бірсыпыра бөлімдерде, Пушкинге көп жерлерінде Абай жақын келіп отырады. Кейбір жолдар мен Пушкин қолданған теңеулерді де Абай дәл, шебер аударып береді. Бірақ сонда да, бұл бөлімдердің өзінде де Абайдың өзінен қосылған жолдар, шумақтар, ой-

сезімдер жиі ұшырайды. Бұл тұстарында Абай Пушкиннен аударма жасамай, оның орнына Абай Пушкиннің ізімен, жаңа жайларды жырлап кетеді.

Ең аяғында, жоғарыда айтылғандай, Абай Онегиннің өкінішін үлкен трагедиялық ауыр ойға жеткізіп, оған өлім тілетеді. Бұл Абайдың мүлде өз жанынан қосқан халдері мен өзгерістері дедік.

Осылайша Пушкиннің үлкен шығармасына қазақ ақыны Абай бірталай еркіндік жасайды. Мұндай шығармалық еңбек етудің екі түрлі айқын себебі бар деп білеміз. Оның біріншісі және ең үлкен себебі – Абай орыс жастарының сезім-сырларынан, өмір тағдырынан өзінің жас оқушысына үлгі боларлық тәлім-тәрбие ғана бермекші болады. Екінші себебі, біздің ойымызша, 1889 жылы жалғыз “Бородино” өлеңін аударғанын еске алмағанда, қолға алғаны – осы Пушкин романы. Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма турасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше өзгерек болған тәрізді. “Ескендір” поэмасының тақырып желісін Низамиден алып, көп өзгертіп жырлағаны да осыдан. Осылайша аударуды өз заманындағы оқушылар үшін ұстаздық, үгіт жағынан Абай қажеттірек деп ұғынады. Осы тұрғыдан қарасақ, жоғарыда айтқандай, қазақ жасына орыс жастарының өмірінен үлгілі әңгіме баян етіп беруді ең үлкен мүддесі етіп алады. Сондықтан Абай үшін опасыз жігіттің қайғылы, күлкілі халінен гөрі, оның шынымен қателесіп, бар жанымен шын қамығып, өкінгені қымбатырақ. Сол себепті Абай Онегинді айыпты адам қылып шығармайды. Оны тек жұлдызынан жаңылған, жазықсызда жаза басқан жақсы жан етеді. Сөйтіп барып, біріне-бірі теңдік, жаны туысқан жақындық себепті, анық бұйырылған адамдар, тұрмыс талқысының себебінен қосыла алмай, қоса күңіреніп, қапыда кетеді. Сөйтіп, Абайша, жақсы Татьянаға жақсы Онегиннің қолы жетпей қалады.

Дәл осы жай туралы кеңірек ойланып қарасақ, Абайдың Пушкинді, оның кейіпкері Онегинді ұғынуы тіпті де ұшқары, үстірт емес, терең ұғыну екенін байқауға болады. Бұл жөнінде Белинскийдің Онегин басын талдап түсіндірген сын мақаласын оқыған адам дауласпауға тиіс. Онегиндегі барлық сыртқы сипат, ішкі жаратылыс, оқшау

мінез өзгерістердің баршасын Белинский өзгеше көрегендік, тапқыр сыншылдықпен түгел ашып береді. Сөйтеді де, оның мінезін өзі де түсінеді, жұртқа да түсіндіре отырып, көпшілік ойлаған үстірт кінә, айыптың көбінен Онегинді ақтап шығады, ішкі сырына келгенде, Белинский Онегиннің адамшылығын, өз ортасындағы татымсыз өрнектердің бәрінен биік деп артық бағалайды.

Пушкиннің осы романындағы үлкен қасиетті сынағанда, ұлы сыншы: “романда бір замандағы орыс қауымы берілген” дейді, ол қауымды халықтық, адамгершілік жағынан жақсы қауым деп түсінеді және сол қауымның барлық тұлға бейнесі үш адамның басынан көрінген. Олар – Онегин, Татьяна және бұл екеуінен төменірек дәрежеде тұратын – Ленский. Анығында, Белинскийдің ұғындыруынша, Татьяна қаншалық орыс жанды болса, Онегин де сол сипаттың көбін сыртымен көрсетпесе де, ішінде сақтай білген адам боп шығады. Енді сол жайларды еске алатырып, Абайдың Онегинді опалы, жақсы жігіт етіп шығаруына келсек, мұның екі түрлі орынды себебі болып шықты. Біріншіден, Абай Онегинді анық Белинскийдің бағасы бойынша түсініп отыр. Екіншіден, сондай Онегиннің адамгершілік, турашылық, әділ сыншылық қасиеттерін өзі де асыра жырлаумен “қазақтың жастары осындай жақсы жігітті үлгі етсін” деген оймен баяндады. Абай үшін оның заманында опасыз Онегинді әңгіме етудің қажеті аз болғандай. Өйткені қазақтағы жақсы қыздың әзіз жанын түсінбей, бағаламай жарақаттайтын опасыз жігіт ол күнде көп кездесер еді. Ондай опасыздың өкінішінен де үлгі шықпас еді. Шын опасыз жігіт өкінішімен де жарытпас еді.

Осылайша қарағандықтан, Абай Татьяна мен Онегиннің ішкі сезім сырларын ашқанда, өз қолынан келген ақындық, шеберлік, ізденушілік өнерінің бәрін жұмсайды. 1889 жылға дейін, Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай, немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің “Құп білемін сізге жақпас” деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерде Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы – шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Абай Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады.

Абай Татьянаның тілімен қазақ қызының жүрегіне қоса тіл бітіреді, Онегиннің ойлы-сырлы өкінішімен қазақтың саналы жігіт, жас буынын үлгілі сезімдерге тәрбиелейді. Бұл жерде Абайдың аударған Татьяна, Онегині Пушкин шығармасында болған үлкен бір қасиетті ашады. Татьяна – Пушкиннің өзінде “орыс жанды” орыс қызы болумен бірге, адам баласының үлкен қасиет, зор сипаттарына ие болған жан еді. Абай еңбегінде сол орыс топырағындағы адам қасиеттерін ашып, жер жүзілік географиялық ортаның бәрінде, бар адам баласының жас буындарының ортасында, өзінің мұңдасын, сырласын, үндес жандарын тапқанын көресің. Бұған Абай аудармасындағы ерекше ірі көркемдік пен ақындық шеберліктің өзгеше боп құрылған күйлі келісімдері себепші боп отыр.

Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ жаңағы айтылғандай, оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру көп табыла бермес.

Татьяна мен Онегин сөздерін танытқан Абай жолдарының, шумақтарының олқысы жоқ деуге болады. Кей жерлерінен алсақ та, бұрын айтылмаған үнемі тың және қазақ тілімен бұрынғы шақтарда хат жүзіне түсіп көрмеген, соны тіл, мөлдір таза сезімдер бал-бұл жанып тұрғанын көреміз.

Осындайлық шеберлікке жету үшін Абай неше алуан теңеуді, сирек шешендікті және өзінің оқушысы білген неше алуан керекке жарарлық түсініктерді түгел қолданады. Кейде қазақтың халықтық, тірлік теңеулерінен де мысал келтіреді. Мұның кейбірі көңілдегідей, жарастықпен шықса, кейбірі Татьяна шындығында дәл қабыспай жатса да, ақын оған қысылмайды. Өз халқына, оқушысына, өз тұсына ұғымдырақ ету үшін Татьяна мен Онегинді сол өз жұртының тіл-түсініктеріне, кейбір ұғым-нанымдарына жақындатып, жанастыра түседі.

...Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс... –

деуге аудармада Абай Пушкиннің өзіне жақын барып, шеберлік тапса, Онегиннің хатында басқа сырды көрсетеді:

...Михрабымсың, бас ұрамын,
Тіл жете алмай ғүзіріме,
Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне... –

дейді.

Мұнда алған теңеу – “михраб” болуы ғажап емес. Татьяна орыс қызы болу себепті христиан дінінде. Ал “михраб” тек мұсылманның ғана мешітінде болады, онда имамның ғана сәжде қылатын орны. Абай Онегинге осыны айтқызуда өзі білген асылдың, өз оқушысы түсінген қадір-қасиеттің, асыл-құрметтің қайсысын болса да екі жастың сезімдерін жеткізуден аямағанын көрсетеді.

Ұлы орыс халқының мәдениетін қасиеттеген, ұлы Пушкинді құрмет тұтқан Абай оның әдебиеттегі асыл мұраларының бірі – “Евгений Онегинді” де қасиеттеп, артықша сүйіспеншілікпен аударды. Пушкин мен Абай творчествосының, олардың ой-пікірінің үндестігінен орыс халқы мен қазақ халқы арасындағы өткен заманнан келе жатқан жақындықтың, достықтың желі ескендей болады.

Бұл достық біздің советтік заманда халықтардың ұлы достығына айналып, жеңілмес қуатты күш болып, салтанат құрып отыр.

ЗАМЕТКИ О РОМАНЕ

Вопрос о национальной форме социалистической культуры – вопрос большого значения, обусловленный великим многообразием многонациональной советской культуры. В этой статье мне хотелось бы, основываясь на конкретном литературном материале, высказать некоторые соображения о национальной форме и о литературной традиции. Речь будет идти о шести романах авторов различных национальностей, романах, которые я прочел в оригинале. Это “Честь” Г. Баширова – на татарском языке; “Ветер с золотой долины” Айбека – на узбекском; “Миллионер” Г. Мустафина – на казахском; “Люди наших дней” Т. Сыдыкбекова – на киргизском. В связи с постановкой некоторых вопросов формы я коснусь также романов “Кавалер Золотой Звезды” и “Свет над землей” С. Бабаевского.

Все эти произведения вышли почти одновременно в 1948–1949 годах и объединены общей темой. Они отображают жизнь социалистической деревни в годы Великой Отечественной войны (“Честь”, “Люди наших дней”) и в первые послевоенные годы (“Кавалер Золотой Звезды”, “Свет над землей”, “Миллионер”, “Ветер с золотой долины”).

Эти романы возникли независимо друг от друга, каждый на своей почве. Но вместе с тем велика их идейная, внутренняя связь. Сходны чувства, мысли, борьба и судьбы героев. И это закономерно. Под солнцем ленинско-сталинской дружбы народов кровно слиты пути, достижения, идеалы и исторические перспективы наших народов, сроднившихся в братской семье.

Прочитав эти романы, мы как будто слышим гимн счастливой Родине, гимн сталинской эпохе, исполненный единым хором на русском, узбекском, казахском, татар-

ском и киргизском языках. Разрушены многовековые преграды, созданные отсталостью и взаимной отчужденностью народов в прошлом, расширены и изменены понятия личности, семьи и государственности. Кубанцы Сергей Тутаринов и Кондратьев – родные братья Мансурову, Хайдару и Нафисэ из татарского колхоза “Чулман”; Уктаму, Мирхайдару и Камиле – из узбекских колхозов “Кахраман” и “Эльбад”; Жомарту и Жанат – из казахского колхоза “Амангельды”; Чаргыну и Акие – из Киргизии.

Искренне, светлой и мечтательной сыновней любовью любят герои этих романов свою необъятную страну, свой народ. Душевное благородство, возвышенные идеалы, цельная упорная воля победителя и несокрушимый оптимизм отличают этих разных по характеру советских людей.

Вот то общее социалистическое содержание, которое выделяет эти произведения, как и всю советскую литературу, из всех литератур мира. Но каждая из этих книг облечена в свою национальную форму. Товарищ Сталин сказал, что “национальный язык есть форма национальной культуры...”. Самым отчетливым, главным признаком национальной формы разбираемых нами романов является язык, на котором они написаны.

Авторы пользуются всей суммой достижений речевой культуры, запечатленной в поэзии – устной и письменной, а также и в обиходной речи своего народа. Вместе с тем романы писателей братских народов СССР несут на себе влияние лучших традиций русской и мировой классической литературы, а также передовой русской советской прозы. Обогащаются словарный состав, выразительные возможности языков. Вступают в строй новые словообразования. Появляются сложноподчиненные предложения, периоды и т. д.

Новаторские черты, свойственные стилю этих романов, в каждом отдельном случае находят свое специфическое выражение. Это объясняется и своеобразием языка, и уровнем развития речевой культуры данного народа.

Так, язык романов Бабаевского, на мой взгляд, отличается двумя особенностями. Во-первых, в нем почти нет диалектизмов, местных оборотов и словечек, которыми за-

частую изобиловали дореволюционные русские книги о деревне, а также и книги первых послереволюционных лет. Достаточно вспомнить такие произведения, как “Андрон Непутевый” А. Неверова, в котором даже авторская речь была стилизована в духе речи крестьянской.

Отсутствие у Бабаевского, если можно так выразиться, “кубанизмов” объясняется стремлением автора отразить мышление и чувства своих героев общепринятым, богатым и ясным для всех читателей современным русским литературным языком. У героев романа Бабаевского отсутствует и нарочитая крестьянская разговорная интонация, которая опять-таки была характерна для русской прозы начальных лет революции. Между языком старика Тутаринова и его сына Сергея или секретаря райкома Кондратьева нет разительного отличия, хотя душевный склад старшего Тутаринова отличается от психики людей нового поколения. Тут явно сказалось влияние содержания произведения на его форму. В романах Бабаевского воспроизводится не старая деревня, а индустриально-земледельческая Кубань, труд людей, охваченных единым стремлением изменить лик своего края, механизировать труд, достигнуть изобилия производственной и духовной культуры. Естественно, что автор стремится подчеркнуть в речи своих героев примеры не различия, а стирания граней между городом и деревней, между трудом умственным и физическим. Тенденция такого объединения и очищения речи героев закономерна, хотя в отдельных случаях, при нарушении меры, и грозит известным обеднением языка.

Иной характер своеобразия языка в романах остальных четырех авторов. “Миллионер” Мустафина и “Люди наших дней” Сыдыкбекова сходны между собой многими моментами языкового строя. Оба автора, наряду с безусловным обогащением словарного состава своих книг понятиями, терминами, отдельными словами и оборотами, заимствованными из русского литературного языка, и новообразованиями в самом казахском и киргизском языках, опираются, главным образом, на изустно-речевую народную основу своих национальных языков.

Это станет понятным, если принять во внимание, что киргизская и казахская литературы молоды и их нацио-

нальная традиция фольклорная. Язык этих книг богат, красочен и прозрачно-ясен для массового читателя, говорящего на языке, не разграниченном еще строго на речь письменную и разговорную. Но есть и различия между двумя авторами. Если Сыдыкбеков обращается к народным поговоркам, изречениям, традиционным оборотам речи, мало изменяя их, то Мустафин часто создает на народной основе свои афористические, свежие и яркие выражения.

“Студеная вода закаляет железо, студеное слово охлаждает сердце”, – говорит автор, описывая переживания героя, отвергнутого любимой девушкой. Этот афоризм принадлежит Мустафину, и одновременно его народная основа совершенно ясна. Здесь мы видим творческое преломление и развитие национальной речевой формы. Отпечаток народной традиции лежит на речи героев Сыдыкбекова и Мустафина. Однако наиболее ярко говорят в их книгах герои старшего поколения. Тут у обоих авторов сказывается непреодоленная обветшалая традиция, в силу которой красноречие приличествует лишь старшим, а младшим – слушать и молчать.

Иную картину мы наблюдаем в романах “Честь” Баширова и “Ветер с золотой долины” Айбека. Авторы этих книг черпают изобразительные средства, главным образом, не из фольклора и разговорного языка, а из письменной литературы. Разумеется, это не отвлеченный книжный язык, а язык, воспринятый частью населения. Ведь у народов со старой, многовековой традицией письменной литературы многие выражения из книжного обихода перешли в бытовую общенациональную разговорную речь. Поэтому вполне естественна, скажем, подчеркнутая вежливость в обращении между собой героев романа Айбека. Ведь и в действительности престарелый дед-колхозник из Ферганской долины обычно обращается к своей трехлетней внучке только на “вы”. Вместе с тем в романе Айбека, воспроизводящего жизнь и взаимоотношения современных советских людей и критически воспринимающего национальную речевую традицию, нет той матерой слащавости старых времен, которая свойственна героям его романа “Навои”, где часто называют себя “кеминенгиз” (ваш раб).

Однако недостаточное внимание к богатству современного, живого народного языка сушит язык книги Айбека. Следует сказать также, что в романе Айбека много трудных оборотов, тяжелых фраз, хотя автор и стремится развить синтаксис узбекской художественной прозы.

Большой языковой выразительности и вместе с тем прозрачной ясности фразы достиг Баширов. Он сумел сочетать в своем романе лучшие традиции письменной литературы с богатым сочным языком колхозников татарской деревни.

Проблема новой речевой культуры братских народов Советского Союза должна стать предметом широкого обсуждения на конкретном материале произведений многонациональной советской литературы, как одна из важнейших проблем национальной формы. Эта проблема ждет своих исследователей.

* * *

Жанр романа и вообще художественной прозы до революции не был знаком ни узбекскому, ни казахскому, ни киргизскому читателю. Он зародился и рос под непосредственным влиянием русской литературы. Понятно, что одновременно развитие этого жанра в наше время происходит на основе критического усвоения черт национальной формы прошлого, причем если некоторые из них помогают становлению романа, то иные осложняют его рост.

Крайне важный вопрос, который следует затронуть, — это изображение в романе центрального героя и его окружения. Социалистическая жизнь определяет новые черты героев — сознательных строителей коммунизма. Очень показательно, например, что в романах Айбека, Баширова и Мустафина на переднем плане — образ освобожденной женщины советского Востока.

Во всех этих романах женщины-патриотки выступают, как равные с мужчиной. Такими предстают перед нами татарка Нафисэ, узбечка Камиля, киргизка Акия, казашка Жанат и другие. И этот факт должен быть оценен как обновление и обогащение традиций национальной литературы социалистическим содержанием.

Почти во всех анализируемых нами романах, в соответствии с национальной традицией, ярко и полно изображены характеры пожилых женщин – матерей. И в узбекской, и в татарской, и в киргизской, и в казахской книгах показано трогательное, благородное чувство материнства, любви к детям и заботы о них. И вместе с тем авторы в полном согласии с жизненной правдой показывают молодых женщин более активными и передовыми.

Однако в изображении трудовой и общественной деятельности некоторых героев в этих романах зачастую еще имеется серьезный недостаток. Так, являясь новаторами, инициаторами всего передового в колхозе, ни Жомарт (“Миллионер”), ни Уктам (“Ветер с золотой долины”) на всем протяжении книги не запечатлеваются в личном трудовом героизме. В этих романах нет углубленного и любовного описания созидательного труда, как конкретного процесса, и поэтому герои до конца романа остаются едва ли не такими же, какими были в начале книги. В романе Мустафина новый председатель колхоза “Амангельды” Жомарт за десять месяцев работы совершает чудеса. Все происходит как по мановению волшебного жезла. Мы не видим его усилий в преодолении естественных затруднений, препятствий. Автор просто изображает начало замысла и замысел, уже воплощенный. В этом явно проступает влияние устарелых традиций фольклора, герои которого легко и просто преодолевают огненные моря и непроходимые леса, проносясь через все тридевять земель на крыльях волшебной птицы Семург.

В романе Айбека Уктам соприкасается со многими прогрессивными явлениями нашей жизни, но извлекает он из этого весьма немного. Возьмем хотя бы его поездку в Ташкент. Во время пребывания Уктама в городе упоминаются и университет, и прекрасная новая магистраль – улица Навои: далее назван Беш-Агач с Комсомольским озером. В общении Уктама с другими персонажами романа часто упоминаются Горький, Маяковский, Толстой; разные лица читают русские романы, в том числе “Молодую гвардию”. Но все это дано лишь в виде упоминаний, как факты самой жизни. Как же преломляется все это в мыслях и чувствах героя, мы не узнаем. Явления, книги,

имена даны как бы вскользь. Именно в таком скольжении по жизни, от встречи к встрече, от одного диалога до другого, в почти случайных, зафиксированных, но не обобщенных автором моментах заключается и недостаток в создании образа секретаря райкома Сайрамова (“Ветер с золотой долины”). Невольно вспоминаешь слова Белинского о том, что “...исторические факты, содержащиеся в источниках, не более, как камни и кирпичи; только художник может воздвигнуть из этого материала изящное здание”. Следует признать, что в изображении трудовой деятельности своих героев Мустафин и Айбек чаще показывают необработанный материал, нежели создают из него “изящное здание”. Это в значительной мере объясняется тем, что писатели недостаточно конкретно изучили трудовую деятельность своих героев, недостаточно отчетливо представляют себе пафос их общественных дел.

Более обоснованно и умело разработал образы своих героев Баширов. Он показал их в сосредоточенном, упорном, героическом труде. Борьба колхозного отряда, возглавляемого Нафисэ, исторически конкретна, – она протекает в то же лето и осень, когда шла героическая защита Сталинграда, и происходит она на берегу той же Волги. Своим самоотверженным трудом колхозники борются за Сталинград. Роман Баширова свидетельствует о внимании автора к конкретному содержанию труда его героев.

Хорошим примером правдивого и полного раскрытия трудовой темы, примером исторического изображения того, как в борьбе за новое в творчестве происходит становление человека, его духовный рост, может служить один из лучших советских романов о колхозной деревне – “Кавалер Золотой Звезды”, а также “Свет над землей” С. Бабаевского. Из книги в книгу растет центральный герой романа – Сергей Тутаринов, и характер его развивается, обогащается в общественной деятельности и борьбе. Трудовой коллектив вокруг Тутаринова постепенно расширяется и охватывает уже не один колхоз, а целый район.

Так в жизни – так и в литературе. И чем отчетливее будут наши писатели осознавать ответственность за изображаемую ими действительность, чем глубже станут они

постигать опыт русской советской литературы, тем большей идейной и художественной силы достигнут их произведения.

* * *

Тема дружбы народов, разрабатываемая в советской литературе, – одна из значительнейших тем нашего времени, и естественно, что она находит художественное претворение во многих произведениях советского искусства. В романах “Люди наших дней”, “Ветер с золотой долины” и “Честь” эта тема воплощается в изображении взаимоотношений основных героев с русскими людьми. Следует отметить как общее положительное явление чувство любви и уважения к великому русскому народу и его культуре. Исходя из этих идейно-творческих предпосылок, все авторы стремятся в образе русского человека воссоздать положительные качества русского народа. При этом нередко русского показывают всецело перевоплотившимся в человека другой национальности. Поводом к такому перевоплощению служит долгое пребывание героя среди этого народа и отличное знание его языка и быта. В силу этих обстоятельств такой герой книги в своем поведении, мышлении, речи лишается своих исконных национальных черт. В романе Т. Сыдыкбекова “Люди наших дней” вся семья кузнеца Дмитрия – его жена Надежда Сергеевна, сын Сергей, дочь Мария да и сам Дмитрий совершенно “окиргизились”. Применяя подобный прием, автор уклоняется от более трудной и, по моему мнению, благодарной задачи – изображения русского человека именно как русского, со своеобразными чертами, присущими его народу. Нельзя забывать, что в семье советских народов русский человек является носителем передовой культуры и передовых традиций, поучительных для всех социалистических наций.

Так же изображает и Мустафин своего героя Ивана в казахском издании романа “Шиганак Берсиев”. Поэтому в русском переводе романа автор без труда превратил своего условно обозначенного русским героя в казаха с казахским именем.

Другой, более правильный, хотя и трудный путь избрали Айбек и частично Баширов. Русский агротехник Акаскин тоже прожил среди узбеков четырнадцать лет, он тоже прекрасно знает узбекский язык. Но, став надежным и многоопытным советчиком и другом узбекских передовых колхозниц, он во всем своем облике, поведении и беседах остается подлинно русским человеком. Колхозники искренне любят и уважают именно как русских людей и инженера-ирригатора Астахова, и его жену Галю.

* * *

Во всех анализируемых романах раскрывается личная жизнь героев, точнее – тема любви, которая выражена в отношениях Сергея и Ирины у Бабаевского, Уктам и Камиля у Айбека, Нафисэ и Хайдара у Баширова, Чаргына и Батиш у Сыдыкбекова. Этот перечень дополняет особый “любовный комплекс” – Жомарт, Жанат и Алма – у Мустафина.

Как правило, все авторы ведут любовную лирическую линию своих героев от начала до конца книги. Некоторые из них, как, например, Бабаевский и Айбек, разрабатывают эту линию, на наш взгляд, несколько искусственно. В этом, пожалуй, наиболее слабая сторона романа Бабаевского. Взаимоотношения Сергея и Ирины он строит на недоразумении, которое можно было снять при первом обстоятельном объяснении их между собой. Однако автор это объяснение всячески оттягивает. Здесь налицо надуманный конфликт, в котором нет ни столкновения характеров, ни осложняющих жизнь героев реальных обстоятельств.

У Айбека Уктам и Камиля чувствуют и мыслят в унисон от начала и до конца романа. Между ними и окружающими их жизненными обстоятельствами нет никаких противоречий. И все же автор искусственно затягивает развязку. Это интимно-“личное” начало, нарочито замедленное и нередко в силу этого заслоняющее общественно-значимую идейную основу романа, превращается в самодовлеющую цель автора – цель, не оправданную никакими мотивами. А что самое главное, – герои в этой любви духовно не обогащаются. Конечно, Айбек отходит от тра-

диции узбекской классической поэзии, где женщина была лишь объектом борьбы, он правдиво воспроизводит образ духовно раскрепощенной советской женщины Камили. Но все же автор излишне романтизирует ее, ставит в нетипические положения.

Слабой стороной романа Баширова является также неоправданное усложнение любви Нафисэ и Хайдара. Это приводит подчас к нарушению цельности характера: право же, трудно поверить, что волевая и деятельная Нафисэ может оказаться настолько нерешительной и сентиментальной в любви, что напоминает порой поработленную татарскую женщину в прошлом.

Надо сказать, что в романе Баширова явственно выступает влияние двух традиционных черт дореволюционной татарской литературы. Это – во-первых, тяготение к мелодраматизму (описание гибели родителей секретаря райкома Мансурова, требующее иной, реалистической передачи этой, по существу, героической подтемы романа) и, во-вторых, тяготение к сентиментальным описаниям сердечных влечений героев. Что было естественным для литературы прошлого, то, понятно, не является национально типичным, прогрессивным при раскрытии душевного мира молодого человека советского общества.

Индивидуализация второстепенных персонажей романов – новое явление для литератур советского Востока. У Сыдыкбекова эти лица очерчены недостаточно ярко. Все колхозники схематически разделены на две группы – стариков и молодежь. Между отдельными персонажами внутри каждой из этих групп весьма мало различия.

У Айбека и Мустафина второстепенные лица более отчетливо индивидуализированы. Еще яснее, глубже и рельефнее черты различия характеров второстепенных персонажей у Баширова. Эти писатели в основном преодолели отрицательные черты классической письменной поэзии, где второстепенные лица, как правило, играли роли статистов, и им уделялось мало внимания.

Общее для всех анализируемых произведений положительное явление – это благотворное влияние реалистических традиций русской классической литературы.

Продуктивная учеба и у русских классиков, и у советских русских писателей сказывается во многом. Она видна и в построении сюжета, и в реалистическом противопоставлении всего светлого и возвышенного, что несут в своей природе главные герои и их новая среда, явлениям отрицательным, пережиточным.

Но иногда наши писатели, обращаясь к художественной прозе прошлого, некритически используют устарелые, давным-давно отброшенные и забытые приемы. Примером может служить прием найденного дневника в “Миллионере” Мустафина. Через посредство этого дневника автор берется решить сложный комплекс взаимоотношений между Жомартом, Жанат и Алмой. Этот прием устарел настолько, что еще Белинский упрекал Искандера (Герцена) в некритическом его использовании. “Манера знакомить читателя с героями романов через их записки – манера старая, избитая и фальшивая – записки Любоньки немножко отзываются подделкою: по крайней мере, не всякий поверит, что их писала женщина”. Эти слова Белинского объясняют и неудачу Мустафина, перенявшего в данном случае не традицию русской классики, а прием западной литературы XVIII века, используемый (весьма редко!) некоторыми из русских писателей.

Однако типично для наших национальных литератур не это. Типично другое: положительное, прогрессивное, новаторское воздействие книг русских писателей. Не гоняясь за заманчивым сюжетом, наподобие французских авантюрных романов, советские писатели братских народов эпически обстоятельно и правдиво воспроизводят типические характеры людей в их правдивом жизненном проявлении.

И вместе с тем, обогащенные учебой у русской литературы, социалистические по содержанию произведения лучших наших писателей остаются национальными по форме, также обогащенной творческим взаимодействием братских литератур.

АБАЙ ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ТӨРТІНШІ НҮСҚАСЫ (1950)

Абайдың өмірбаяны

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскембай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары Айдос, Олжай болады. Олжайдың үш ұлы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атақты жуан биі Кеңгірбай – осы Жігітектің баласы. Қайдостан – Бөкенші, Борсақ тарайды.

Айдос өз басы би де, бағлан да болған емес. Қайта момын, жасық адам болғандықтан, оны “Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос” дейтін мәтел бар. Осы Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады. Бұлар: Ырғызбай, Көтібақ, Толай, Торғай.

Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде, бір жағынан, тапқыр шешендік, бір жағынан, бақсы күшнаштық сияқты сәуегейлік те болған. Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз – төрт баласына берген аналық сын сөзі. Сонда:

Шынжыр балақ, шұбар төс – Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торыайғыр – Көтібағым.
Әрі де кетпес, бері де кетпес – Толайым,
Сірә да оңбас – Торғайым, –

дейді.

Сол шешесі дәме қылған Ырғызбай өзге туысынан анық артық болып, озып шығып, ортасы дәме қылған жігіт болады. Тобықтының сол күндегі биі Кеңгірбай өзге барлық жас-желеңнің ішінен Ырғызбайды сынайды. Ел сөзіне араластырып, баулып жүреді. Ол кез – көп бидің парашыл кезі. “Сыбаға” деп, “жол” деп, мол параны бадырайтып алып жатады.

Кеңгірбайға да осы жөнде көп жаманат еретін. Соның мысалы байы өлген қаралы бір әйелдің даусынан байқалады. Ері жанжал-төбелесте өліп, есе ала алмай отырған әйел:

Мойны, басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған қара атаң,
Тігілгей еді қараңа, –

деген.

Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде, сол інісі ертерек өліп қалады. Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі – жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін үлкен балуан болған. Уақытында қазақтың көп руларының арасында зор лақап болып жайылған бір күресі бар. Ол – қазақ, қоқан халықтары жиналған бір аста “Қоңыраулы балуан” деген түйе балуанды жыққаны.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олары: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскембай. Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң, оның орнына Өскембайды ұстайды. Бертін келіп, өзі қарғая бастаған кезінде өз орнына Өскембайды би етпек болады. Сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскембайды би қояды.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде, ең алдымен, көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан. Ел ортасында сақталып қалған сөздің бірінде: “Ісін адал болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар” деген сөз бар. Бұ да билердегі сатымсақтық, жемқорлық дағдыны көрсетеді. Содан мезі болған, жиренген ел өз сынын әр тұста қатты айтып отырған.

Қайырсыз болған жазыңнан –
Қайырлы болған қыс артық.
Көрінбеген алтыннан –
Пайдасы тиген мыс артық.
Пара жеген билерден –
Қасқыр алған ит артық, –

деген сөздер би атаулының қайсысына болса да сын, таразы тәрізді еді. Парашыл әкім кім болса да оған ел сыны беті-жүзіне қарамай қатты айтылатын. Би ғана емес, халықты меңгерген хан, төреге де соны ашып айтатын. Сол Кеңгірбай тұсында Найманды билеген мықты төре Бопыға айтылған бір сын сөзде:

Бопекемнен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген.
Қара сөзге құбыладан ескен желдей
Алдынан тоқтылы-қой дау бітпеген, –

дейді. Парашыл, жегіштік елдің дау-шарына бітім таптырмай, көпке кесір болған соң осындай ащы мысқыл да, қатты, қатал сын да көп туып, ел аузында күнде айтылып жүре берген. Сондықтан Өскембай бұл жағынан тиімді болады. Бірақ осындай болумен қатар, елді күшпен, зілмен аламын деп, кейде оқыс, қатал мінезді көп қолданған. Мысалы, бір уақыт алдына жүгініске келіп отырған Мәмбетей деген кісіге ашуланып, мұрнын кесіп алған сияқты ісі жаңағы айтқанға дәлел. Озбыр, зорлықшыл, жыртқыштық мінез иесі екенін де танытады.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Бұның шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. 1850 жылы 72 жасында Өскембай өледі. Зере ерінен кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, тоқсанға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі – Абайдың бала, бозбала күнінде ауылдың бәрі Зерені “кәрі әже” дейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болады. Балаларына дұға оқытып үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі – Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген. Мұның орайында жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша, батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде мықты, найзагер болып та саналған. Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінезді, қатты адам болған. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке-шеше, жанашыр жақынға да бір қалыпта болған сияқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде Құнанбай әкесінен айлалы болған. Мұның кісілікке толық іліккен кезінде Сібір даласы “1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан жарғы” бойынша округке бөлініп, “округтік приказдар” билейтін. Округтің бастығы – аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі – үкімет чиновнигі (елдің көбі мұны “майыр” дейді). Үшінші мүшесі – сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға сұлтан болады.

Бұрыннан өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес боп жүрген ру жуандары Құнанбайдың аға сұлтан болуын Бөкейханның нәсілі Құсбек, Жамантайдың партиясынан, патша саясатынан дегісі келмей, “Құнанбайдың басының қасиетінен” деп кеткен. Сол кездегі атқамінерлер аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай “қарадан хан болған” деп аталады.

Құнанбай бірде Тобықтының старшинасы (ол күнгі болыс есепті), бірде жаңағыдай аға сұлтан болып жүрген кезде басынан талай үлкенді-кішілі уақиғалар атқарған. Ақын Абайдың алдыңғы аталарындай емес, Құнанбай жайында ел жадында қалған аңыз-өңгіме аса көп. Себебі Құнанбай өз тұсындағы ел билеушілердің көбінен қатал, салмақты болады. Ақыл, ой да, қажыр-қайрат та, өмір, билік батылдығы да және халыққа батқан қатты, кесек іскимылдары да бұның атын көпке мәлім еткен.

Ол жайындағы әңгімелері ақын Абай атына байланыстырмай-ақ, неше алуан ғып ел аңызы көп сақтаған, көпке жайған. Шынында, Құнанбайдың ұзақ өмірі (ол 80 жасқа жетіп өлген) қилы-қилы уақиғаға аса бай еді. Өскембайдың өзі барда ел ішін ерте қолға алған Құнанбай ру тартысының зор қақтығысын жасырақ шағында да бірнеше көреді.

Ондағы тартыс – Тобықтының өз ішіндегі тартысы емес, сырт рулармен тартысы. Мысалы, Құнанбайдың 30 жастағы шағында Өскембай аулын Найман шабады. Найман қолының мықты басшысы Серікбай көп қол жиып кеп, бекініс алып жатып, бірнеше түн ауыл шауып, жылқыға тиеді. Қатты қимыл соғыста Құнанбай тап ортада өзі жүреді. Найман көп кісі тұтқын қалдырады. Тобықты жылқыны алғызбайды. Бірақ осы соғыста Құнанбай жағынан көп кісі найзаға шаншылып, қатты жарадар болады да, Өскембайдың бір азамат баласы қаза табады. Ол Болсамбек деген асырап алған баласы болатын. Мұны Зере Құнанбаймен бірге бауырына салып өсірген еді.

Найманнан Өскембай аулында тұтқын боп, көп азап көрген жандардың ішінде Қожамжар деген ақын да болған. Осы шабуыл, зор пәлені Қожамжар өзі уақытында көп өлең еткен. Бұл пәленің арты Қарқаралы приказының, Аягөз ұлықтарының қатты кіріскен ісі боп, ақыры Омбы ұлығының кеңселеріне шейін барады. Соңғы жылдар табылған архивте Тобықты жағының барлық жауабын, дауын айтып, бар тартысты басқарып жүрген кісі – би Өскембай емес, әкесі берген тапсырма бойынша, бар тергеу-талқыны өз мойнына алған 30 жасар жігіт Құнанбай болады.

Құнанбай басынан кешкен осы алуандас екінші бір уақиға, қазақ тарихының сол дәуірдегі үлкен бір беліне соғады. Ол – Құнанбайдың Кенесары жорығы тұсындағы бір ісі. Тобықтыға старшина боп тұрған Құнанбай жоғары ұлықтан тығыз бұйрық алып, Балқаш, Алатауға беттеп бара жатқан Кенесары, Наурызбай қолын қуады. Ел есінде жыл мөлшері қалмапты. Бірақ бұл уақиға шамасы 1846–47 жылдар кезінде болу керек. Құнанбайдың кейін ақын болатын баласы Ыбырайдың жас нәресте күндері. Кенесары қолының Балқашқа қарай қиыстап өтіп бара жатқан уақытында арт жағынан да, Аягөз тұсынан да қуа шыққан отрядтар болады. Сол отрядтардың бірі жоғары әкімдер бұйрығымен жолдағы старшин Құнанбайды ертіп алады. Патшалық әскеріне қосып, Құнанбайға да қол жиғызып, топ көбейтіп, Тобықтыдан көп жігітті атқа мінгізеді.

Бірақ ел аңызы бойынша: Құнанбай ұлық алдында дұспан көзі қылғанмен, Кенесарыны шындап, бой салып

кумайды. Бір рет екі қол кезіккен уақытта, бұлардың қарсысына ұзын торы атқа мінген қолбасы шығып, жауынгер серіктерімен қатты қимыл етеді. Патшалық әскерін ілгері бастырмай қояды. Отряд бастығы осы орайда бір тәсіл жасап, қазақ тобын, Құнанбайларды алға салып, өздері солардың артынан тықсыра жүріп барып, жақыннан айқаспақ болады.

Ойлағанындай бір сәтте Тобықты қолы Наурызбайларға қоян-қолтық келіп қалады. Сонда Тобықты ішінде Көкшеден шыққан Төбет деген батыр шындап шауып, Наурызбайдың бір батырына найза саларман болады. Осыны Құнанбай көріп, Төбетке ақырып, шақырып алып: “Мен күнім үшін жүргенім болмаса, шындап ұстасайын деп жүрмекем, көрмеймісің, бізге оқ атпай, басымыздан асырып, арттағы отрядқа атып тұрғанын. Сен иттің батырлығың осында ұстаған екен...” – деп, қамшымен бастан тартып жіберіп, тыйып тастаған деседі.

Құнанбай аға сұлтан болған уақытында Тобықтыға старшиналыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Ел мұны адамшылық, ақыл, мінез жағының қайсысынан болса да елге залалды әкім деп бағалады. Майбасардың содырлы, зорлықшыл қылығының салдарынан Жігітек деген ру, бастығы Бөжей болып, Құнанбайға қарсы болады. Бірақ бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай әрі сырт елдерге атақты, үкіметке салмақты болып ап, Жігітекті де, басқаларды да бойымен басып жыға берген. Сонымен, алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібірге айдатады. Ол кез патшалық ұлығына қазақ сахарасының жаңа-жаңа бойсұнып келе жатқан кезі болады. Сотталу, абақтыға жабылу, айдалу дегендер ел көрмеген үлкен сұмдық саналатын.

Құдая, елді сақта сотталғаннан,
Теңселіп екі қолын бос салғаннан, –

дейтін кез.

Құнанбайдың бұл айдауы өз әмірін зорлықпен танытпақ болған қаталдығынан еді. Ол сол кезде Тобықты ішінде

талай руды жерінен көшіріп немесе өзіне жақын рубасыларға шұрайлы жер әперіп жүрген. Бөкенші, Борсақты жерінен көшіру, Жуантаяқты, Қарабатырды көшіріп, жерін алу, Көкшені көшірмек болу – бәрі де сол үлкен көрінеу зорлықтың айғақтары еді. Жігітекпен үлкен араздық та осы жөннен туып, кейін ұлғайған өштікке айналған. Сонымен, Құнанбай “елді қарсыластырмай, қорқытып, жасытып жіберем” деп, көп жанды жер аударған соң, кейінгі көп заманға, көп буынға шейін ұмытылмастық кек, жаулық қалады. Бері келе өсіп, іске араласатын жас Абайдың алдында әкесі тастап кеткен осындай зор пәле-зұлымдық, зорлық тұрған-ды. Абайдың одан жиреніп, қарсы боп өспесіне шара жоқ еді.

Бір Құнанбай емес, осы кезде ел ішінде жауласқан күшті жуанның бәрі де бір-бірін ұлық арқылы жер аударып, жазалатып жүреді. Құнанбайдың өзін де Жігітектер бір шақта жеңермен боп мендетіп барып, қуғын қағазды молайтып, Омбы қаласына шейін тергеуге апарып, әреңге қалған.

Ел ішінде кісі соттаудың алды бір қақтығыс емес, талай пәле боп келеді. Оның кей кездері барымта, төбелес, шабуыл және толып жатқан сияз, тартыс-жұлыс болады. Бейбіт елдің арасын атшабар, стражник сияқты беймаза шолақ әкім кернейді. “Қара қозы жеп, қара елтірі қайқая киіп” дейтін сотқарлар молаяды. Сияз деген бір ауыр салмақ тағы бар. Ол орнаған жер тың бір обырдың орнағанындай. Ел жуандары бір руға ызғарын өткізем дегенде, сол рудың үстіне сияз құрады. Халық күйінің ауыр кезінде құрып, әсіресе берекесін кетіреді. Осындай сияздың бірін Құнанбай Көкше руының ішінде өткізбек болған екен. Мезгіл – қыс, ел қысаң күйде тұрған шақ. Сонда Көкшеден Бектас деген кісі Құнанбайға кеп: “Е-е, Құнанбай, жарқырап жаз шықпаушы ма еді? Қыстың айы алтау еді, сенімен енді жетеу болды ма?” – депті.

Құнанбай тұсында Тобықты ішінде мұнымен тең түсетін бастас адамдар: Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп сияқты кісілер болған. Мұның көбімен Құнанбай бірде дос, бірде араз боп өтеді. Қатты жұлқысқан кісілері де осы топтың ішінде. Әрине, Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол феодалдық дәуірінің,

өз тобының бел баласы. Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар. Мысалы, Құнанбайға да алым, түсім аз болмаған. Ол түсімнің аты – пара. Сол жөнінде Балта ақынның бір сөзін мысал етуге болады. Балта ақынға бір кездескенде Құнанбай:

Ағалейкумәссәләм, ақын Балта,
Болып сен жаралдың ғой, шараң орта.
Шаншар менен Бошанның құртын ұрлап,
Салдырдың оң жағыңа майлы қалта, –

депті. Сонда Балта:

Шарам орта болды ғой шараңыздан,
Есіркесең бөліп бер қараңыздан.
Мен ұрласам құрт пенен май ұрлаппын,
Сіздің жеген арам ба параңыздан? –

деген екен.

Осының мысалына Сүйіндіктің бір сөзі де куәлік етеді. Сүйіндік аулы бір жылы жау түсіріп, сол жаудан олжаға бір жақсы қара ат алады. Қара аттың соғыста шекесіне сойыл тиіп, басы жарық боп түскен екен. Сонда да Құнанбай қызығып, Сүйіндіктен сауғаға сол атты сұрата жібереді. Бірақ осының алдында Жуантаяқ руынан Бостан дегеннің аулы Сүйіндіктің бір айғыр үйірі қысырағын апарып сойып алған. Сүйіндік Құнанбайға шаққанда, ол Бостаннан бір айғыр алған екен. Соның салдарынан Сүйіндіктің дауын аяқтатпай жүреді. Жаңағы қара атты енді Сүйіндік Құнанбайға бергелі жөнелтіп жатып:

Айыбында қара аттың басы жарық,
Өзім семіз болғанмен, көңілім арық.
Бостанның қорасына қонар едім,
Құнанбай қор қылмаса айғыр алып, –

деп бір ауыз өлең айтқан. Сол заманнан қалған мұндай сөздер оның шындық айғағы еді.

Осымен қатар көпшілік есінде сақталған аңызға қарағанда, бұрынғы уақыттардан гөрі Құнанбай тұсында ұрыдан, ылаушы, шабаршыдан ел тыныш болған деседі.

Жалпы өз бағытында жақсылықты ниет қылған анық игілікті істерін алсақ, Құнанбай жайында ол жөнде де ел әңгімесі көпті айтады.

Құнанбай оқуды, білімді зор бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, қоғамына білім таратып, ұстаздық ететін шет ел адамдарын қатты күткен. Бұның қолына кеп, қазақпен туысып, анық қазақ боп кеткен әлденеше ұлттың адамдары бар. Татардан шыққан Ғабитхан, Кішкене молда, Ысқақ тұқымы, Түркістаннан келген Бердіғожа, Кавказдан келген Ғабдолла (Қазақпай атанып кеткен) сияқты, қырғыздан келген Бөшібектей жандар бар. Осының бәрі болмаса да, көпшілігі бала оқытып, ұстаздық құрып, Тобықты ішіне оқу-білім таратқан жандар.

Бір жағынан, елге үлгі етіп, екіншіден, өз тәрбиелерін жеткітіру үшін, дәл өзінен туған бірнеше баласын шет қалаларға жіберіп оқытқан. Айғыздан туған Халиолла деген баласы Петерборда оқып, офицер шенін алып шығып, елге келгенде күрт аурудан өледі. Абайды Семей қаласының ең зор медресесінде оқытады. Қолындағы басқа бар баласы да оқымысты болған. Әрине, Құнанбай тұсында баласын орысша оқытқан, әсіресе офицерлік, төрелікке арнап оқытқан қазақ феодалдарының бәрі де текке, күр білім үшін ғана оқытқан жоқ, шен ал, ұлық бол, менің тұқымымның таптық, саясаттық үстемдігін нық сақтайтын бол деп оқытқан. Құнанбай орысша оқытуында да сол сыр анық бар еді.

Көп ел ортасында Құнанбайдың өз тұсындағы өзінше үлгілі іс боп аталып, таралған бір әрекет, мұсылмандық әсерін күшейтетін, дін тарату болады. Бұл ретте шарифат жолын ел көкейіне сіңірем деп қатал, ояр мінездер жасаған.

Ерсі діндар фанатикті істер еткені де аз емес. Соның бірі – шарифат үкімі деп, Қодар деген шалды келінімен жаман аты шықты деп, мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтірткені. Насыбай атқан кісінің танауын тілгені де бар.

Дін жолын бекем ұстауды үлгі етемін деп, Құнанбай аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған. Кейін 70 жастар шамасында, әмір-биліктен тоқталып, Меккеге барады. Сонда Меккеге қазақ адамдары

түсіп жүрсін деп, өсиет етіп, өз пұлына “Тәкия” деген жатын үй салдырып кетеді. Бертін келе әр рудан Меккеге барушы қазақ көбейген уақытта көбі Құнанбайдың “Тәкиясіне” түсіп, сол жақтан Құнанбай атына қанық боп қайтады. Осының өзі де кейін Құнанбай өлген соң, оның атағын даңқты етуге себеп болған.

Құнанбай мінезінің бірбеткей, берік, ұстамдылығы оның өмірінің соңғы жылдары әсіресе айқын көрсетіледі. Ұзақ өмірінде талай алыс-жұлысты басынан атқарып кеп, ақыры Меккеге барып қайтады да, өз-өзіне серт беріп, “дүние сөзіне енді араласпаймын” деп, шымылдық түсіріп, елден аулақ отырып алады. Сол күйде дау-шарға шынымен бірде-бір араласпай, жеті жыл анық тыйылып отырып барып, қайтыс болады.

Заманында хатқа жазып қалдырған адамдар болмағандықтан, Құнанбайдың көп тапқыр сөз, терең ойлары сақталып қалмаған. Бірақ анық Құнанбайдың өзі айтты деген сөздер сонда да жоқ емес. “Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға”, “Жарлы кісі жаманар, жаманар да қуанар”, “Адамның не нәрсе қасиеті болса, сол нәрседен міні де туады”, “Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, құлақпен естіген – өтірік, көзбен көрген – шын” деген сияқты сөздері Құнанбайдың өз ортасына үлгі айтам деген ұстаздық адам екенін танытады...

Абай Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай көп әйелді болған. Үлкен әйелі – қыздай алған Күнке. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі – Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң Құнанбай келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі – Айғыз. Одан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. “Атадан алтау, анадан төртеу” дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта екі шешесінің ортасындағы тел баласы Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ олардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса,

оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасында, жалғыз баланың халінде өткізген. Екі шешеге бірдей бала боп жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға “Телғара” деп ат қойыпты. Кейін Абай ержеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен оны “Телғара” дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертiс тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңмен даңқы шыққан, белгілі мысқылшыл, тапқыр күлдіргілер. Бұл әдет – Бертiс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Көрші ел Шаншардың қулары дегенде қатты ығысатын. Ас, жәрмеңке сияқты қалың жиындарда бір жерде тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: “ойбай, Шаншар келе жатыр. Қылжақ етеді” деп, өрттен қашқандай дүркірей қашады екен. Бұл әдет Шаншардың мысқыл, мазаққа ұстап болып, тауып айтқыш өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мінін таппай қоймайды, мінін тауып алса, түңлігін ұшырғандай қылып соқтығады. Сөз шабуылымен кімнің де болса есіп шығарып, есеңгіретіп кетеді.

Осы Шаншардың бұрын-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты қуы – Тонтай. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар – қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген, таусылмайтын думан, ұдайы қызық күлдіргісі. Осы Тонтайдың інісі Тұрпаннан туған әйел бала – Ұлжан.

Ол сабырлы, кең мінезді кісі болған. Абай балалық шағын сөз қылғанда, өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші ренжіңкіреді екен. Ұлжан күндестікті көп сыртқа шығарып білдірмесе де, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы Абайдың бала шағында көп қатынды тұрмыстың бар зарын татып, тағы да неше алуан ауыр қиыншылықты көріп өскендігін білдіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталады. Мысалы, Ұлжан да өлерінде қалжың айтқан. Ауылдың үлкенінің біреуіне, көп ауырып жатқан Ұлжанның жәйін сұрап,

“өлем деп жатырмысың, қалай көрінесің?” дегенде: “Ой, шірік, мен бұрын өліп көріппін бе, қалай екенін қайдан білейін?” депті.

Ұлжан қолында Шектібай деген бауыры көп жүрген. Шаншардан келіп жиендерінің аулында қонақ боп, ойын салып жүретін сауыққой, сықақшы, күлдіргі адам болған. Сол, Ұлжан ұлғайып келген кезде бір күні, өзі бірге туған апасы Ұлжанды “әже” депті. Ұлжан ашуланып, “қағынып кеткенбісің” дегенде, Шектібай: “Е, жұрттың бәрі жер күңіrentіп “әже, әже” деп жүргенде, жалғыз мен, жаңа тілім шыққан баладай “Апа, апа” деп отырайын ба?” депті. Сонда Ұлжан: “Қыз болса мені іздеп келермеді, бүйтіп сөйлермеді, сатып алсаң да, еркек бол” – депті.

Осындай кесек қалжың, ажуаға да Ұлжан көнтерлі, созымды, тапқыр болған. Қиын жайды, қысталаңды күлкі сөзге айналдыру – қазақ халқының, әсіресе Шаншардың мерзімді мінезі.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: “Жазыла-жазыла қожа-молдадан ұят болды, енді өлмесек болмас”, – деп айтты деген сөз екінің бірі білетін мәтел болып кеткен. Осындай тапқыштық және біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген.

Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды, жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ, шанышпа тілді, сатира-лы ащы мысқыл, улы күлкіге ұрғандық көп пе? Біздің ұғуымызша, соңғы түрі басымырақ сияқты.

Құнанбай жанның бөріне салқын болған қалпында өзінің балаларына да зілді болған. Сол зілін жас шағында Абай да көп көреді, басынан көп кешеді. Ал Ұлжан мінезді адам болғандықтан, орайы келгенде өзінің бала, бауыр, қайын сияқтыларына әзіл-қалжыңды айта береді. Әзілмен жауаптасуды Абайға бала күнінен екен. Осының бір мысалы бар. Абайды сүндетке ересек болып қалғанда отырғызса керек. Сонда Абай қашып жылап: “Құдай-ай, бүйткенше қыз ғып жаратпаған екенсің” депті. Ұлжан соған: “Балам-ау, қыз болсаң, бала таппас па ең, содан

қиын боп па?” депті. Абай: “Е, сонысы тағы бар ма еді?” деп уанады екен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның жолынан бөлек, өзіне ғана хас ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер шағына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан енді Абайдың өз өміріне келейік.

Абай, жоғарыда айтылғандай, екі шешенің тел баласы болып жүрген. Кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері – үйге қонған қонақтардың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде пысық, ширақ емес болғандықтан, ауылдағы үлкендер Құнанбайдың бұл баласынан көп дәме қылмайды.

Абай он жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп, оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да Абай біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабдұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттердің жанында медреселер ұстаған. Оқушы шәкіртінің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түрікше оқу жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады. Ұстаз халфелердің бар бейіл бергені – дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Өзі тұстас үлкенкіші балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай, жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен, дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқитыны –

шығыс ақындары. Одан соң – араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған. Оқуға кірген соң-ақ тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болады. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай ғазелдерін ұзыннан-ұзақ жаттап жүреді. Сол бала күнінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған.

Абайдың 30 жасында туған баласы, Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді “пәлен кітаптың пәлен бетінде” деп, жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе “Бидан”, “Мұхтасар” сияқты дін кітаптары болмай, әдебиет мұралары болу керек. Ерте күннен әңгімелі өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмар-тқан талапты жас шәкірт ақындық өнерін қадірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің тынысы ауыр, тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары – Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты қазіргі шығыстық кенес елдеріміздің ескі классик ақындары болған. Медреседе оқып жүрген кездерінде жаздыгүні елге қайтқанда, қаладан ала келетін кітаптары – тағы сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Өзі оқымаса да, балаларын оқытып жүрген Құнанбай бір баласы Халиолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенде, соңғы баласына Сопы Аллаяр сияқты ақындарды көп оқытып, өзі де тыңдай жүреді. Сол кезде “Абайдан Ысқақ артық болады” дегендерге: “Не күтсендер де осы жаман қарадан күтесіндер ғой” дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен.

Ескіше оқу тәртібі шынымен “инемен құдық қазғандай” өнімсіз білім болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп

дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті Абай араб, парсы тілдеріне төселе түседі. Оқуға қиын араб тілін жете білмесе де, парсышаны жақсы түсінетін болады. Мұның белгісі сол заманнан қалған бір-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы сөздерін қоспалап айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Физули, Шәмси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз – бу һәммаси,
Медет бер, я шағири фәрияд –

деп өзі қадірлеген ескі ақындарының әруағын шақырады.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз. Және өзінің сол күнгі сыншыл ой шамасымен осыларды ғана таңдағаны да сүйсінерлік іс. Медреселерде тек софылық мистикаға баулитын Йассауи, Бақырғани, Сопы Аллаяр сияқтыларды өзіне үлгі етпей, олардан сау болғаны – мақтарлық сипат.

Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де жаңағы алғашқы ақындардан алған үлгі-әсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса, әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлиф дек ай йузиңе ғибрат еттім,
Би – балай дәртіңа нисбәт еттім, –

деп, “әліп”, “би”-мен жазған өлеңі, одан соң “йузи – рәушан, көзі – гауһар, лағилдек бет үші әхмәр...” деген өлеңдері жас шағында қиялына қатты әсер етіп, тіл кестесі де өздерінің үлгісіне тартып алған жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Ақынның жас күнінен бізге жеткен өлеңдері көп емес. Сан шығармалары ұмытылып, жоғалған болу керек. Абайдың нағыз өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы

өткен соң басталады. Ол кездегі Абай арабшыламақ, парсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы “Приходская школаға” түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқу ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады. Жасы 13-ке толғанда ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу, тәрбие беретін мектептің есігі жабылады.

Қырдан көрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алған жалғыз ғана нәрлі азығы: шығыс ақындарын тану, солардың сөздерін ынтасы ауып, сүйіп жаттау болады.

Осындай дүние есігін енді ғана ашқалы, жаңа ғана саңылау көріп келе жатқан уақытта Абай аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баулыи бастайды. Әкесі ел билеу жұмысында оны өзіне серік қылмақ боп, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген.

Баласын оқыта түспей, қайырып алған себебі, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас рубасылардың қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қып алады. Қатал мінез, қатты зорлық, үстемдік мінездерімен, істерімен жау етеді. Көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізеді. Қарсысына шыққан рубасыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз олардың көбінің есінен кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де өмірі жүріп, жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай зорлықшыл, озбыр, сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, “пәлен ауылдың жігіті, түген жуанның туысқаны” деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап,

қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей берудің үстіне, тіпті Құнанбайдың дос болып жүрген рубасыларын да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар оның өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретінде өшпенділік жөнімен Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепті біледі. Оны да дұшпан санайды. Осының бір мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында ойнап жүргенде, анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар бұның әкесімен араз. Бірақ Абай жаңағы үлкендердің алдарынан көлденең шығады да, қол қусырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алғанда, Байсал жақтырмай: “Ант-ұрғанның баласының сәлемін алып неғыласың”, – депті. Бөжей тоқтап, баладан: “Бізді көрсең, сәлем бер деген әкеңнің үйретіндісі ме, жоқ, сәлемді өздігіңнен бердің бе?” – дейді. Абай: “Үйретінді емес, әдейі сәлем берейін, батаңызды алайын дедім”, – дейді. Байсал сонда тағы да: “Жетпегірдің баласына тағы не бата беруші ек!” – деп жүре бермек болады. Бөжейдің батасында: “Әкесінің мінезін бермесін!” дегені Абайдың есінде қалыпты.

Осы 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап, ептеп бастауы керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің “барып келінде” жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтса, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас кезінен-ақ Абай өмірі әлденеше қиқы-жиқы шиырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кетпейтін, ерекше халдерге ұшыраған. Өзінің қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін, салмағы зор

міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық өнерін еріксіз осы жолға салған.

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақпақ, ескі биліктеріне елдің мандай кісілерімен қатар түскендей білім жияды. Ескі ақындар, шешендер, батырлар болсын, барлығының жайындағы әңгімелер Абайға енді таныс дүние болады. Абай халық қазынасына жанасады. Халықтың қоғамдық тірлігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды да содан ұғатын болады. Арызшы, мұңдыларды, зорлық, қорлық көргендерді көп тыңдап, солардан үлкен сырлар ұғады. Құнанбай үстемдігіне қарсы әділдік ойды ойлауды да сол халықтан үйрене бастайды. Құнанбайға көмекші Абай болмай, өзі үшін көп нәр алып өсіп келе жатқан жас болады.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі зор тәрбиеші, ұстаз қазақтың қалың бұқара халқы бола бастайды. Ел даналығын танып, соны ерте қамту жас талапкерге жаңа зор мектеп тәрізденеді. Бұл жөніндегі азық білімді ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен, ділмәр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар, мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс сияқты сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайды қатал суық билер ортасына қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүреді. Билер, әміршілер ортасын ел көзімен көріп, қиянаттарын танып, қатты сынап, жиреніп өсуге бейімделе жүреді.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзінде соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру – шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт білген өнерін орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел

көзіне шешен боп көріне бастайды. Басында балалығының арқасында сөзге қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта береді. Бірнеше рет жол көріп, көзі қанған соң “пәлен жақсы, түген жақсы” дегендерінің айламенен, қанауменен қиянат болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, адамгершілікке татымсыз екенін сезеді. Ол кісілерден өзін кем санамауына тағы бір себеп – Абайдың оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты оқымаған адамдар болған уақытта Абай олардың қасында өзін өзгерек көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде, бұның оқуы дардай саналған. Бұған халық ескілігі, тіл өнерінің мол байлығы қосылған соң, Абай өз заманының ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Ол үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жай сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен де айтып жіберетін болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын тексерген еңбек жоқ. Бірақ қазақшасын оқыған адамның барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес. Сол байлық – Абайда бала, жігіт күнінен құралып өсіп келген байлық. Және шешендіктің өзі де тапқырлық пен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құрылған ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, “Ол кезде Абай ақын емес еді” деу қате болады. Абай – сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, өз өнерін күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Бір жағынан, жүйрік, шешен, әсем, ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық-алғырлық. Өлеңді, суырыпсалма айтысты Абай ойында да, шында да көп қолданып жүрген. Бірақ сонда да ол шақта өзін “ақынмын” деп санамаған. Өлеңді де ойын, қалжың, мысал түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арналған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғаны-

ның бізде жиналғаны: “Әліп-бимен жазылған тілек хат”. Сонан соң “Тайға міндік”, “Сап, сап, көңілім” деген өлеңдер. “Сап, сап, көңілім” – Сүйіндік қызы Тоғжанға айтылған. Бозбалалық шағында Абайдың қатты ынтық болғаны – осы Тоғжан.

Бір жыл көктемде барып түнеп қалғанда, өз аулымен екі арадағы өзен тасып кетіп, қайда барарын білмей қатты сасады. Қыздың аулы мен өзеннің бұл жағасында отырған елдің бәрі ол күнде Құнанбаймен қатты жауласып тұрған. Жігіт көзге көрінсе, кем қойса, сабалуды анық. Сөйтіп сасқалақтағанда, Сүйіндік аулының қызметшісі Ербол деген жігіт, Абайды бір байталға мінгізіп, өзі өгіз мініп, тасып жатқан өзеннен өткізіп салады. Осы Ерболмен Абай кейін қатты достасып кетеді.

Абай жас жігіт кезінен бері ұлғайып келген уақытына шейін, өз басынан махабаттың үлкен романдарын кешірген адам. Сонда әсіресе жақсы көрген әйелдері, Ертіс бойындағы Нүреке дегеннің қызы болады. Онымен Семейде Тінібай үйінде кездесіп, бір ай бойы барлық өзге істерді ұмытып, жүріп алған уақыттары болған. Сыбан ішінде сондайлық жақсы көріскен әйелі – Сабырбай ақынның қызы Қуандық. Бұл өзі де ақын қыз болған. Абай Аягөзге бір топ кісімен бара жатып, сол қыздың аулына қонады. Абайдың қасында Сүйіндік баласы Асылбек бар екен. Ол – Қуандықтың жездесі. Сол арқылы қалжындасып отырып, ақыры Қуандық пен Абай айтысып кетеді. Бұлардың айтысын Сабырбай үй сыртында тыңдап тұрады.

Ақын Абай ол кездегі қазақтың барлық басқа ақындарының үлгісімен ауызша айтып, соған машықтанған ақын болады. Тегінде, ақын емес кісі, бұрын ақын аты бар жүйріктермен өлеңмен айтыспайды. Ал Абайдың жаңағы ісі оның бір жер емес, талай жерде, жеңіл айтысқа батыл кірісе жүргенін дәлелдейді. Абайдағы шешендік айтыстың қатарында ақындық айтыстың ілесе жүргенін сездіреді. Абай жазушы ақын болған кезінде, бергін уақытта да талай ұсақ өлеңін осылайша қолма-қол суырып сала айтатын. “Көкбайға”, “Қыздарға”, “Қара қатынға”, “Масақпайға” деген сияқты толып жатқан эпиграмма, әзіл өлеңдері жазушы Абай емес, фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже

сияқты ақын боп жүрген бір кездерін, әсіресе жастық кездерін анық танытады.

Жаңағы айтылған әйелдер сияқты, Абайдың жас күнінде қатты қадірлес болған әйелінің бірі – Мұрын Тананың қызы Тұржан сұлу екен. Бұл кейін Сыбан ішіндегі Быжы деген өзбекке тиіп тұрғанда, Абай әдейілеп барып амандасып қайтып жүрген.

Жігіттік шағында көп жастың салтын қолданып, кейде ақындық өнерін ашық шығара жүрген Абай ел келесіне атсалысып, шешендік пен алғыр, жүйрік билікке де ұста болады.

Сонымен, ақыл-ойға, білгіш-сезгіштікке келгенде ерте ержеткен жас жігіт сол уақытта-ақ өз ортасынан иығы асып, оза бастағанын сезгендей болады. Озу – ойы толып өсуінен білінеді. Өсуі заманын сынаудан, заманының әміршісі мықтыларын, жуандарын, әкесі бастаған үстем тапты сынаудан білінеді. Мәдениет, өнер-білімге кенжелеп, артта қалған ел-жұрт бар. Қыс жұты, жаз індетімен аралас ел шаруасының құтын шайқап, барымта жасап, бақталастан туған әлек, лаң әкеліп, соны қалың ел ортасына пәле ғып тастап, сол арқылы момын еңбекші, есесіз көпті жеп жүрген, қанап, тонап, сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері надан, өздері ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей, қараңғы топ. Олар бастаған ел көшінің барар беті қараңғы, екіталай тығырық. Ендігі тірлікті жыңғыртып, өзгертетін заман керек, сол заманға қарай халық мұңын өз мұңы етіп, адал азаматтық жолмен бастайтын қайраткер керек.

Міне, Абай өскенде, ортасынан асқанда, осы сияқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең аңғарып, танып барып өседі. Әке мен сол әкелердей бар жуандардан торығып, бөлек жол іздеу қажет деп өседі. Әуелде барлық ақыл-ойын мынау ортаны мінеп, шенеп, нәрсіздік, құнсыздығын ашуға жұмсайды. Жалпы ақылмен болжайтын ой-пікірге келгенде, олардың айтып тоқтаған жерінің ар жағынан жаңа өріс, тың жол табамын деп талпынады. Олардың “таптым, білдім, шештім” дегеніне сынмен қарап, “жеттім” дегенін қанағат қылмай, өз ойын асырып түсіруге тырысады. Осы әдет Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше

мінезі бола бастайды. Бұның дұрыстығын дәлелдеу үшін ел есінде қалған екі-үш мысалды айтайық.

Абай ол күндегі “жақсы” дегеннің ескі бектік, пандық, қара күші болмаса, нағыз адамгершілік, шын талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды. Және, әсіресе бұлардан елдің күйзелуі күшті екенін халықтың сыншы, жыршылары айтқан сөздерден әбден танып біледі. Ел мұңынан, жұрт жадаулығынан соны таниды. Өз әкесі бір алуан озбыр күш иесі болса, соның қарсысындағы жуандар да ешбір жағынан абзал әулие емес екенін біледі. Зорлық, пара, пәлекорлық оларда да бықып жатады. Жалғыз-ақ Абайдың бала-рақ шағында әкесі өзін бұған танытқанда, “сол елдің телісі, тентегімен алысамын” деп, өз жағын дұрыс қып сипаттайтын еді. Енді Абай бертін кеп танығанда, ең әуелі өз әкесі мен оның достарын алдымен сынайды. Оларды өздерінің “күштіміз” деген жағынан, жүйрік, шешендік, озғындық жағынан жеңіп, тонамақ боп соқтығады.

Әкесі бастаған шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетуге тырысады. Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескендердің барлығына да Абай осы мінезді істей бастаған.

Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Ол көп елдің сынынша шешен, жүйрік адам. Сол Қаратай бір күні Абай бастаған жас жігіттердің үстіне келіп, бұлардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: “Сіздің заманыңызда көрші елдер арасында бір қол кісі болып жиналып, түн қатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан, “әне алып кетті, міне алып кетті!” деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?” – дегенде, Қаратай дау айтып келіп: “Менің заманым пайғамбар заманына жақын”, – депті. Бұған қарсы Абай: “Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Әзірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол көпір болған”, – депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң, әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық, суықтығына салып көп сөз айтып ұрсыпты. Абай үндемей тыңдап алып сыртқа шығады. Сонда Қаратай келіп: “Бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз?” – дегенде, Абай: “Бәсе, қайсымыз жақсы екенбіз. Біздің тобымыздың ортамызға жалғыз өзің келіп ойдағыңның бәрін айтқанда, құп тыңдағаннан басқамыз жоқ еді. Сендердің ортаңа келсек, қыруар жанды жалғыз шалың ауызға ұрып сөйлетпейді” – депті.

Осы қағысудың тұсында әке заманы мен бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қайшы, қарсы көзқарастары да танылады. Ел мен елді шабыстырған, бұрынғы пәле басы “басшы” болыстарды сынаған, жақтырмаған сарын бар. Қалың ел мұңына, ел тілегіне өзі жақын болуға талпынып, “сол ел тілегіне бейім болсаң жақсысың, болмаса өзің де жақсы емессің, өзің билеп қалыптаған заманың да жақсы емес” деген саналы жастың, жаңа адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап, өз уақытындағы, өзінің ар жағындағы “үлкен”, “жүйрік” дегеннің әрқайсысына да Абай ұрынып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап отырады.

Жаңағы сияқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса – Құнанбай құрбылас, өзі жуан-шонжардың бірі. “Шешен”, “жүйрік” деген де атағы болған. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда (тегі, Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Сәдуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: “Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен, ол Сағид бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?” – депті.

Мұса Абайдың осы тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, бірталай кісінің мәжілісінде Абай кіршіме ішіп отырғанда, Мұса үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Абай Мұсаны мәжіліске кіруге шақырғанда, ол: “Жоқ, бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың “кіршімә” деген сөзінен болса керек. Сондықтан мен кіріспегенімді мақұл көрем”, – депті.

Бұл сөзге Абай: “Менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының “гәршама” – “шамаңа қарай” де-

ген сөзінен болуға қисынады. Екінші – әрбір нәрсенің ісіміне қарай жисмін ала ма, жисміне қарай ісімін ала ма? “Алма” деген жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?” – депті.

Осы сияқты жұрттың “тапқыр” деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойсұнбайтын ізденгіш, өр мінезін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып, бір нәрсе айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай “тек отыр!” деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып, жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтты. Таласқан кінәсін Абай мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: “Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі – сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге қадірің болмайды. Екінші – көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің – орысшылсың”, – депті.

Осыған Абай: “Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге – қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы “айт!” десе өргізіп, “шәйт!” десе жусататын заман еді. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап, “шөк!” деп дыбыстаған уақытында аңырып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін – төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие боп, басшы бола алады. Орысшылсың дегенге – оның қолында зор қуат, өнер, білімі бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол – надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын”, – депті.

Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше зор програмын көрсетеді. Алдымен

әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұңын ойлаған, халыққа адал еңбек етіп, ел көпшілігімен қабыса табысам деген тілек танылады. Осы сөздің артынан ол өзі тұстас рубасының жаңағы әкелерге ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзі туралы “елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын” деп есептейді. Бұл жөнде ол бұрын осындай ниетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше жуан болатын. Сол ортадан Абай үнемі етекбастыны, қара күшті, қарсылықты көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойсұнбайды, ірге бермейді.

Бас-басына би болған өңкей қыым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?..
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қыркын? –

деп, кейін айтатын ызалы, сыншы өлеңдерінің түп-тамыры осы жаңағы айтылған жайда жатады. Сондайды ойлап, ол ортаны менсінбей, алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сияқты мінездің белгісін Қаракесек Алшынбайға да көрсетіпті. Абай Алшынбай аулының күйеуі болады. Алғашқы алған әйелі Ділдә – сол Алшынбайдың немере қызы. Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшынбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайыны әдет бойынша “қалаған, сұрағаны бар ма?” деседі. Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, “батамды алсын!” дейді. Абай: “Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар” – деп, Алшынбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы рубасыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сияқты: көпшілігін менсінбейді, місе қылмайды.

Абай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз Тобықты ішінде ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат-партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының рубасылары ортасына әдейілеп егіп тұратын әрекетінен туады. Неғұрлым тартыс күшті болса, соғұрлым даланың ісі рубасылар ар-

қылы қалаға кеп сарқады. Әмір иесі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысады.

Патша өкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын аға сұлтан, беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның өзі де өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: “Болыс болдым, мінеки”, “Болды да партия”, “Бөтен елде бар болса”, “Қалың елім, қазағым” деген сияқты көптен-көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет-машықтарын анық танытады. Патшалықтың парақор ұлық, жандарал, ояз начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер қоғамдық тілекті лайлаған, неше алуан мін мен дертке толы еді. Бұл күй, бұл қалып бір ғана Абай көріп жүрген Тобықты ішінде ғана емес, қазақ сахарасының барлығын басқан тұманды түнектей, қалың дерт болды. Ол патшаның отаршылық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші – бай, жуаннан шыққан болыс, би, елубасылар. Олар үшін рушылдықты, ескі тәртіпті сақтап, сол арқылы өз үстемдігін жүргізу қажет. Қазақ сияқты Россиядағы көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметінің өзі де жаңағы рушылдық, ескішілдік қалыпты нық сақтап отырды. Бұл елдерде өмір өркендесін, мәдениет дамысын деген ой онда мүлде болған жоқ. Қайта жаңағы ескіліктің кертартпа құрылысын өз керегіне пайдалана жүріп, соны мызғытпай сақтап отырды. Сондықтан да болыстық, старшындық билік үшін ел жуандары қырқысса, соны патшалық ұлықтары әдейі қоздыра түсетін. Бұл тек саясаттық қана тәсіл емес, сол күндегі Россия буржуазиясының пайдасы үшін де керек.

Ленин XIX ғасырдың соңғы 25 жылының ішінде Россия буржуазиясы Россияның шығыстағы отарларына неліктен ынтығып, ұмтылып жүрген себебін айта кеп, “ол жақта сауданың “талау табысы” әлде де бірнеше жүз процент пайда кіргізуші еді” дейді.

Осындай неше алуан қанау, талау ауыртпалық боп орнағанда, қалың момын еңбек елінің басына орнайтын. Болыс сайлауының лаңынан басқа, патшалықтың алым-салығы, парақор жемір-болыс, бидің “қарашығынының” бар-

лығы және де байға мол түспей, түңлік басы деп жоқ-жітікке, жарлы-жақыбайға түсетін.

Жалаңқая жат мінез жау алады,
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп...
Жүз қараға екі жүз аларман бар,
Бас қатар “бас-аяғын тексерем” деп...

Абайдың бұл сөздері сол жаңағы халықты жан-жақтап, тұттай тонап жатқан обырлар мінезінен туған. Кертартпа ескі патриархал-рушылдық қалдықтарының барлығы “қанау мен деспотизмге (шексіз өмір зорлығына) ерекше кең, еркін жағдай жасайды” – деп Энгельс айтқан сөз сол күндегі қазақ тіршілігіндегі шындыққа өте дәл еді. Рубасылар, болыс, билер, бір жағынан, патшалықтың заңындағы өздеріне пайдалы жақтарын, өз үстемдігін күшейту, нығайту үшін берік ұстанды. Сол арқылы мал, сома, байлықты ғана емес, басқа да көп жем айыратын. Жақсы қыстау, ен жайлау, мол су сияқтыларды өз басына, өз атасына қаратып, талай момын көпшіліктің жерін алып, жермен бірге күнкөргішін, еркін алып жүретін қу, пысық, сұм-сұрқия, жуан феодалдар көп еді.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Өркім жүр алар жердің ебін қармап, –

деген сөздер осындай содыр-сойқандардың істерінен тұатын.

Бұл халдер бар қазақ жерінде болғанда, сол кездегі Россияда қара шаруаны феодалдық-крепостнойлық қалдықтары бойынша қанаудан және капитализмнің өсу салдарынан туған. Қазақстанды капиталистік қатынасқа тарту салдарынан да пайда болатын. Осы уақытта сахарада натуралдық шаруаның іргесі әлсіреп келе жатты. Соның бәрі көп қазақ қауымында қоғамдық жіктердің неше алуан қайшылықтарымен айқындай шыға бастауына себеп болды. Енді патшалықтан, Россиядан шыққан қанаушы мен қазақ ішіндегі бай-болыстан шыққан қанаушының бәрі бір топ екенін айыратын мезгіл туа бастады. Мұнымен қатар орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқара мен қазақ

ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры бір екенін ұғатын, танитын заман да тақап қалып еді. Соны алдымен өздері аңғарып, халықтарға аңғартатын әр елден шыққан халық қамқоры болған халықшыл-демократтық, азат ойдың қайраткерлері туды.

Міне, Абайды әкелер жолынан, ел жуанының бар мінезі, ісінен жирентіп, оларға қарсы алысушы, әшкерелеуші етіп шығаратын тарихи терең себеп осында болатын. Абайдың алдындағы Шоқанды, Алтынсаринді халық үшін жаңа, тың жол іздеуге беттеткен тарихи себептер де осы еді. Кейін Абайды да алысқа құлаш сермететін тарихи қоғамдық басшы ойлар осыдан туған. Бірақ жас Абай әуелі осы ойларын туғызып, осы қорытындыларын жасататын қайшылық, ерсіліктерді көрумен, солармен алысумен жүрді. Алысқанда ел сорына себеп боп жүрген болыс, би, партия бастығы кумен, сұммен алысты. Олар болса, патшалық тәртібінің бар жағдайын неше алуан сұмдық, азғындық түрінде пайдаланумен жүрді. Көбінше елді бір алдап, арбап, ұлықтың да олақтығы болса, оны да зор айлалы аярлықпен пайдаланды. Әсіресе патша ұлықтарымен жемтіктес болғанда, олардың қазақ ішіндегі ерекшелік, қиын шытырман жағдайларды жете білмейтіндігімен пайдаланатын.

Патшалық заңы, сот, әкімшілік орындары қазақ ішінде атқамінер ортасының айла-тәсіл, салт-індетінен түк білмейтін. Қазақ әкімдері мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сияқты боп, олақ кеңселерді олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы атқамінерлерге машық болған бір мінез – өтірік арыз болатын. Өштескен адамынан ең алдымен ауылда қара күшпен, қолмен есе алуға тырысады, ол болмаса, жауын мықтап жоймақ болса, ұлыққа шабады. Онда “кісі өлтірді”, “ауыл шапты”, “жер өртеді”, “патшаны жамандады” деген сияқты неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жан беру, өтірік куәлар салу – жиі кездесетін іс болған. Немесе, бір жағынан, жаңағыдай арыз беріп, жала жауып қойып, артынан қыр жөнімен табысып, татуласып алып, сол жауын қайта барып сот алдында жаңадан қиялап өздерін ақтау, бұрынғы жаласын қайтып алу сияқты әдеттер де толып жатады. Өздері паракор, қолдарына ұры ұстағыш, өтірікке мөр басқыш, приговор бергіш би, старшын, елубасылар көбейді. Ұлықпенен жем-

тіктес болып, парамен ақты қара, қараны ақ дегізе алатын айлакер де молайды. Сөйтіп, ол күндердің арыз-тартыстарын тексергенде кім кінәлі, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қиын болатын. Көбінесе кінәлі жаза шекпей, кінәсіздер күйетін халдер де аса көп болған. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Ел жуандарының пәлесі олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнетімен аяқталатын. Абай ел ісіне араласқанда өз әкесі мен әке достарының бұның басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болды. Бірақ сол зәрді іше жүре, әділетсіздікті, қиянатты таныды. Жуандар, Құнанбайлар ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбыр қиянатшылар ортасы екенін Абай таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді.

Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрыса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолында ел жуаны жау. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болады. Солардан бас қорғау ретінде және, бір жағынан, жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысады. Осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың екінші бір саласы уез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым түрінде болатын. Ел ішінде Абай өз бетімен жүре бастаған соң аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партиябасы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жалаламақ болған ұлық 1877–1878 жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3-4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден-тергеу болса да, Абай бірде-біріне жығылмай, ағарып, аман шығады. Соңғы жылдарда Семейдің архивінен табылған бір іс Абайдың өмірінде бір-ақ жол, үш жыл бойында Қоңыркөкшеге болыс болған кезін танытады. Сонда Абайға қарсы өтірік шағым, жалған жала жапқан Үзікбай Бөрібаевтың арыздары Абайды көп тергеуге ұшыратады. Ол істі Семейдің оязы, ояздық соты, тіпті

Семей губернаторы да қолға алады. Бірақ ұзақ тексеру соңында чиновниктер аппаратының өзі де Абайдың жазықсыз, адал халыққа пайдалы адам екенін ықтиярсыз таниды. Сонда Үзікбай атынан Абайды текке жалалап жүргендер елдің жуан содыр феодалдары, бұзық атқамінерлері болып шығады. Абайды 1878 жылдарда тергеуге жүрген көп шағымдардың ең бір үлкені осылай боп шығады. Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де әлденеше халде кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларын да кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Әрине, осымен қатар орыс тілін білу, дүниені басқаша, жаңаша тану Абайға жаңа міндет сияқтанады.

Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады?

Осының бәрі Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса бәрін таныған, баураған Абай өзінің жүйрік сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей, ілгері қарай дамуды, жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Арыз үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие үшін көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың тілін білу керек. Оқу, зерттеу, іздену керек.

Сонымен, алғаш рет орыстың тілін іздеп, оқу, білімін барынша құмартып көңіл бөлуді осы кезден бастайды. Бұл уақытқа шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену жаңағы істің тұсында басталады. Бірақ алғашқы жылдардағы оқуы үнемі салынып ізденген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады. Орыс тілін, әдебиетін бұрын өздігімен зер салып қарастырып жүрген Абай мына сергелдең кездерінде Семейде ұзақ жатып жүріп, бұрынғыдан да тереңдеп, зерлеп, молынан ұғына бастайды. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса, бәрін таныған, баураған талапкер өзінің жүйрік, сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей, ілгері қарай дамуды, жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Арыз үшін, ұлық үшін

емес, білім-тәлім, тәрбие үшін көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың өнерін білу керек, оқу, зерттеу, іздену керек. Жігіттік шағына дейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен бітеді. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болады деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену енді ғана молынан басталады.

1877–1878 жылдың қысы жаңағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмайды. Құр тергеуге іліндіргені болмаса, жаулары да жеңе алмайды. Бұрын дос тұтып жүрген ел әлі де болса мұның қасында қалған. Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын әкесінің нұсқауымен жүргізбейді, өз жанынан жаңалықтар тауып, сүйген жолдарын қолдана бастайды.

Абай әкесі қолданған бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай көп қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен, өз күшімен қол қимылын жұмсауы да аса көп болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ болады. Абай өзінің турашыл, әділетшіл мінезімен халыққа жағады. Сол арқылы қарсысындағы рубасыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп шығады.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін-білмесін, бірақ өз басына “ақындық жол екен”, “еңбек қылатын кең өріс екен” деп білмеген. Тегінде, оның жас шағында айтқан ірі өлеңдері аса көп болмау керек, оның орнына ұсақ жағы көп. Оны да үнемі қағазға жазбай, кейде орайы келген жерлерде қалжың ретінде, ауызша айта жүрген. Қолға түскен бірен-саранының айтылған себептерін қарасақ, көпшілігі біреуді қалжың қылған мысқыл, мазақ аралас өлеңдер. Бұлардың бәрі де өлең қылған кісінің көзіне туралап сынап айтқан сөз сияқты. Екінші түрлі өлеңдері – жігіттік шақтағы мінез, ой туралы және қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат есепті. Бұл соңғы жайын жоғарыда айттық. Сыршыл, шебер үлгіде Тоғжанға арнап “Ақ етің аппақ екен атқан таңдай” деген бір өлеңі болған екен. Бірақ ол шығармасын түгел білетін кісі кездеспеді.

Күлкі мен қалжың қылып айтқан өлеңді Абай бала күнінен бастаған. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты

деген бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын сатиралық өлеңнің барлығы да осы бетпен өседі. Осымен әр жылда, әр жерде, кейде ұзақ-тау болса, кейде бірер ауыз ғана әр тақырыпты өлеңдер айтып, жазып жүріп, Абай жаңағы ел жуандарын жеңген жылдарға келеді. Бұл уақытта ол есті, бағалы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып басқалар жүрсе, Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады. Қалың елдің момын көпшілігінен шыққан дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын сол бұқара көпшіліктің тілегі бойынша кейде өзі атқарып, өзі басқарады.

Бұрынғы атқамінердің парақорлық, өз жағына бұрғыштық, әділетсіздік мінездерінің бәрінен ол аулақ болып, ба-рынша әділ, әсіресе момын бұқараға дос, зорлықшыл пәлекорға қас, турашыл болуға тырысады. Өз заманына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар енді жыл санап ілім-білім табуға беттей береді. Жасы отыздан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыс кітабын мықтап оқиды. Едәуір тіл біліп алған соң, енді көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі. Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды тек кітап алады. Кітапты белгілі, жүйелі тәртіппен оқымаса да, жақсы ақын, жазушылардың сөздеріне құмарланып, шетінен таныса береді.

Әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды. Осымен 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер жас Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған. Атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі. Және сол кездегі демократ-революционер Шелгуновтың туысы (балдызы) еді.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, достас адамдардың халіне жетіседі.

Михаэлис осы келгеннен бастап Семей облысынан қайта алмай, қырық жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міне, осы уақыттардың барлығында ол алғашқы рет таныс болып алған Абаймен ұдайы кездесіп немесе хатпен хабарласып тұрған. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 1880 жылдарда айдалған басқа демократтармен де танысқан. Соның ішінде жас доктор Долгополов, Леонтьев сияқтылар болған. Осылардың кейбіреулері Абайдың аулына қонаққа барып, досы болады. Рас, Михаэлис, Долгополовтар әуелде бірі Петербургтен, бірі Харьковтен айдалған шағында революциялық әрекеттерімен, патшалыққа қарсылық істерімен айдалса да, кейін Сібірдегі кездерінде ол програмдарымен көрінбейді. Михаэлис чиновниктік аппараттарда момын ағартушы, зерттеушілік істерге беріледі. Долгополов айдау орнын ауыстырып, Қазанға қайтқан соң, саяси бағыт жөнінде сан түрлі өзгеріске түседі. Бертін келе Россиядағы күшейіп өскен революция жолына, шалғай әрекетке де кетеді.

Ленин қатты сынап-мінеген халықшылдықта жүріп, содан ары кертартпа партия – эсерлер тобынан шығады. Сондықтан Абайға ұлы орыс халқының бұқарашыл-революционер, ойшылдары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов еткен әсердің бәрін – Абай өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, жаңағы соңғы адамдардың еңбектерін зерттеуден соң табады. Сондықтан Михаэлис, Долгополовтардың Абайға берген көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Бұлар, әсіресе Михаэлис, ақынның өз айтуы бойынша, Абайдың жаңа ізденіп жүрген кезінде ең алғашқы түрде ғана көмекші болады. Бұрын орыс мектебін көрмеген, отаршыл чиновниктерден басқа орыс интеллигенциясын кездестірмеген Абайға Михаэлис алғашқы айдау жылдарында Ленин айтқан екінші Россия мәдениетінің ең алғашқы хабаршысы есепті болады. Ақынның ең әуелгі іздену, қалыптасу кезеңіндегі жол нұсқаушылары есепті.

Ал кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озғын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың өз мұраларынан өздігімен кең, терең тәлім-тәрбие алады.

Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік. Ал ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол алғашқы адым жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені.

Абайдың қазақтан басқа өзге ел адамдарымен танысуы жалғыз жоғарыда аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен алысып, Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Тәштемірдің баласы деген адамды Абай бір жыл қонақ етіп, күтіп аттандырған. Қазан татарынан шығып, солдаттан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Кішкене молда (Мұхамедкәрім) деген кісілер Абайдың туысканы сияқты болып, қазақтан әйел алып, біржола қазақ боп елде тұрып қалған. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, аулына бірнеше рет тінту шығарған.

Жаңағы аталған Михаэлисті Абай өз өмірінің кейінгі шағында еске алып: “Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис” деген. Жоғарыда айтқандай, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін осы алғысын айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да, әр тарау жолдардан мағлұматы болған мәдениетті адам. Абайға алғашқы кезде қандай кітапты оқу туралы шынымен көп мәслихат, көмек берген. Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай, бертіндегі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, әр алуан тарихтық кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болған.

Орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасов; сыншыл, ойшыл демократтардан: Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Еуропа ақындарынан: Гете, Байрон; философ білгіштерінен: Спенсер, Спиноза, Луис, Дарвин, Дрепер сияқты талайларды оқыған.

Алғашқы кездерде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып

шығып, елде де қарастыратын болады. Еуропаның көпке мәлім романшыл прозаиктерін де оқыған.

Әрі-беріден соң кітаптарды өзі оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет ете бастайды. Сол 35-40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастауымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді. Артынан, біраз жылдан соң үшінші баласы Мағауияны да, әйел баласы Күлбөданды да әкеп, орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлде басқаша ортаны тапты. Олар – патшалық үкіметінің Сібірге жер аударған әр алуан саясат қайраткерлері. Ертеректе Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омбы сияқты қалаға жазушы Ф.М. Достоевский сияқты талай адам келген. Бұлардың ішінде Буташевич-Петрашевскийдің өзі, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Революционер-демократтардан Чернышевскийдің талай серіктері келеді. Абаймен жақындасып, достасқан Михаэлис осы соңғы топтан шыққан. Ұлы орыс халқының осылар сияқты адал, бұқарашыл ұлдарының бәрінің жүрегінде патшалық дегенге өштік пен жиреніші аса күшті еді. Каторгада, айдауда, еріксіз солдаттыққа жүрген күндерінің бәрінде де олар орыстың қалың бұқарасы, қара шаруасының құлдық-қорлық халін патшалыққа кешпейтін. Сонымен қатар олар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді.

Чернышевский болса, Россиядағы сияқты дүниежүзіндегі барлық қанауға, құлдық қорлыққа қаны қас болғандықтан, поляк халқының патшаға қарсы алысуына тілеулес болғанындай, Америка халқының азаттық күресіне көп көңіл бөліп, ондағы негрлердің көтерілісі болса екен деп те тілеген адам еді. Өз айналасындағы дос серігінің көбін патшалықпен қиян-кескі тартысқа, қолма-қол алысқа әзірлеп тәрбиелеген. Патшалықты құлатып, көзін жоюды өздерінің революциялық арманы, жолы етіп алған. Сол үшін, елі – Отаны үшін өз бастарын, ой, күштерін ортаға салған орыс халқының адал ұлдары бұл кезде көп еді. Осының бәрін

анық ұғынған, анық байлаған бір жолы – патшалықпен алысқанда езілген бұратана халықтар мен орыс халқын бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Ол революционерлер қазақ даласын қараңғылықта ұстаған, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаған саясатқа да қарсы алысқан. Сондықтан орыс халқының айдауда жүрген шын адал ұлдары, бұрын патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді. Ол халықтардан шыққан ел қамқоры, саналы ұлдарының, азаматының бәрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы революционер-демократтардың саяси үлкен жолының бірі болады.

Абайға жолығып, онымен дос болған Михаэлистер ол күнде өздері жеке бастары Россияда даңқы шыққан кісілер болмаса да, Абай сияқты кісілерге ала келген жаңалық пікірлерімен қымбат болған өкілдер еді. Олар орыс халқының анық елдік сырын, шынын танытатын, Ленин айтқан екінші Россияның алғашқы хабаршысы есепті. Бұлармен Абай достығының осындайлық тарихи мағыналары бар. Ендеше, сол күнде осылар ниетіне ниет қосып, еңбегіне еңбек жалғап, орыс халқының мәдениетіне, өз еліне өз шығармаларымен, әлеуметтік еңбегімен, ұстаздық тәрбиесімен іс бастаған Абай бір қазақ халқы үшін емес, бүтіл Россиядағы халықтық-демократтық қозғалысқа да зор еңбек еткен адам бола бастайды.

Орыс ойшылдарының достығы бір Абай емес, сол арқылы бүкіл қазақ сахарасына арналған достық боп ұлғайды. Абай енді өзінің қоғамдық, тарихтық жолын ұзақ өріске қарай ұлғайтып алып кетеді. Өзі де ғылым зерттей бастайды. Сонымен, 1884 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде, ол дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар қырағы, озғын азамат болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейін Абай елге де білгіш, кемел, халық қайраткері болып танылады. Сырт елдердің халық қамын ойлайтын кісілері де Абайдың атағын көп естіп, әңгіме мәжілісіне

құмар болады. Бұлардың ішінде әр алуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бойсұнып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай өзі араласып жүрген ортасын өзгертіп, түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді. Жас буынды мәдениетке жеткізуді ойлайды. Соларды өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша, Абай жақын болып, кейбірімен сыйлас, таныс, дос болады. Жалғыз Семей уезі емес, Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының дұрыс деген адамдарымен де жақындық таба бастайды. Өзінің атағы бір Тобықты емес, сан Тобықтыдай елдерге жетеді. Ол әмір жүргізуші жуандардың барлық іс-әрекетіне бұрынғыдан да өткір, қатал сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіздік, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін айта жүреді. Сол терістіктерді түзетін қатал тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып, ұстаздық етеді. Сонымен, енді Абай өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы бола бастайды. Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі және қосымша себеп болады. Сонымен қатар ауысып, өзгеріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойлаған ойы, жаңа бағыт түсініктері әсіресе себеп болады.

Өз айтуынша, отыздың ішінен бастап орыс оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгерді. “Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті”, – дейді. Әрине, оның мұндағы күнбатысы – өзі тілін, өнерін үйренген Россия. Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан соның ағымына ақыл-оймен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен, Будданың жайын оқып шыққанның артынан: “Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау!” – дегені, не болмаса өмір бойы Лермонтовты сүйіп: “Бұл – махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу” – деген сияқты сөздері оның әр алуан кең

түсініктерге ие бола бастағанын көрсетеді. Исләмшілдік, схоластикалық тұсаулардан арылғаны көрінеді. Сол сияқты өзгерген сана, жаңғырған ұғым, бағыт бойынша Абай өзі мінеген ру, партия тартысынан да арылып шығуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдан түгел босатпайды. Еркін өзіне билетпейді.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ...

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме, –

дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың арманы мен күнделік тірлігінде көп қайшылықтар кездесіп отырады. Бір жағынан, бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абайды көреміз. Екінші жағынан, күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, содан азап шегіп, қиналған Абай көрінеді. Абайдың сыртқы өмірі жеміссіз, мағынасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Өз халқының неше алуан қамы туралы ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін қауымына, замандастарына жеткізіп, мәлім етерлік құрал – ақындық, өлең болады.

Сонымен, енді Абайдың нағыз өнімді ақындығы дами береді.

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

дейді.

Бұл кездегі Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар, әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп таныла-

ды. Ол надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты халық үстіндегі паразит атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріседі. Абайды кейінгі тарихқа және сол кездегі еңбек еліне, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі өркендейді. Өлең сөзін, поэзияны әлеуметтік тартыстың құралы етеді, оны сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, надандықпен кектене алысады. Ендігі Абай ақын, ақындық мүддесі деген жайларға Белинский, Чернышевский, Добролюбовтар айтқан эстетикалық тұрғыдан қарайды. Ақын еңбегі – әлеуметтік тартыстың құралы, қоғамдағы мінді ашатын, соған өкім айтатын ұлы маңызы бар әрекет деп түсінеді. Сол себепті өз заманындағы, қазақ қауымдарындағы мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады. 1886–87 жылдардан бастап Абай осындай өлеңдер туғызуға кіріседі. Бұлайша өрлеуіне іштей себеп болған жайлардың барлығын мәлімдедік. Бірақ осы жылдарда жаңағы айтылған күймен қатар, Абайдың ақындық еңбегіне сыртқы өмірдің үлкен бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бас мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен, ел арасындағы жалпы наразылық күшейеді. “Ырғызбаймын” деу орынсыз зорлық, орынсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген еркіндік сияқты болады.

Осындай себептер жиылып келіп және рубасылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстары мен сол ел жуандарының екі арасынан зор тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, туыстар жағы да еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағын Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл, арамза атқамінерлер де Абайдың ақтығына, жазықсыздығына қарамай, көп арыз бен шағымда ылғи пәле басы қып Абайды атайды. Соны сүйрейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды.

Бұрынғы дос болып жүрген Жиренше, Күнту сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішіне Абайдың: “Күн ашықта мойныңда, күн жауында қойныңда” дейтін құнсыз

бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады. Кісілік, әкімдік болса, оны таласпен алатын да солар. Жаманшылық, бұзық мінездерінен ел бүлінгенде пәледен бас сауғалап қашатын да солар. Өз мінездерімен Абай басына пәле әкеп тастайтын да осылар. Мысалы, Шыңғысқа сол кезде болыс болып тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Ел кісілерін жазықсыз сабағыш болады. Болыстың әйелі Мәніке кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып, сойғызып жатады. Осындайлар бұларға жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түңілтеді.

Құнанбай тұсында елге зорлықты көп етіп байып, жуандап алған сотқар, бұзық Ырғызбай тобы және әсіресе Құнанбайдың әмір иесі болған бала-інілері жалпы халыққа қорлығын өткізгенде Абайды есепке алмайды. Оның қарсылығын, ашу, наразылығын елең қылмайды. Қайта Абайдың өз басына бар жауынан бетер қастық еткен, қызғаныш, жаманшылық ойлаған талай адамдары болады. Абайға сыртымен дос болған боп жүріп, Оразбай, Жиреншелер де сол қиянатты оның басына көп істейді.

Мына тұста сол Оразбай, Жиренше, Күнту, Абыралы дегендер астыртын баталасып ап, болыс боп жүрген Құнанбай баласын орнынан түсіріп, өз орталарынан Күнтуды болыс сайлайды. Сондағы мақсат, мұраттары, әрине, көптің тілегіне маңайласпайды, тек өздері әкім болу, билеп-төстеу болады. Бірақ олардың ендігі ниеті бұл ғана емес, қолдарына болыстықты алып ап, ең алдымен Абайды мұқату, соны жазалау, қор ету. Олар болыстыққа өз басы таласпай, таласпақ түгіл, жұмысы да болмай, үйінде ел үшін еңбек етіп отырған Абайдың адамшылығын күндейді. Халық сүйетін адал атағын, абыройын күндейді. Ел мұңына ниеті, жолы қабысқан Абай алыспастан үйде отырып, Оразбайдай партияқор атқамінерлерді жеңіп отырған сияқты. Осыны олар Абайға кешпейді. Құнанбайдың елді жиренткен зорлықшыл балаларына тимейді. Өйткені олармен өздері бір бітімдес. Олармен табысулары да оп-оңай. Қоғамға арналған үлкен ақтық беті бар, шындық үшін алысатын Абайды қуып, өздерінің үстемдігін нығайту қажет болады. Бұл – олардың үстем таптық қанаушылық қалпынан туатын сыр. Абай жуан феодалдар, атқамінерлерді сынау арқылы өзінің әлеуметтік еңбегімен үстем таптан,

өзі шыққан қанаушылар табынан бөлініп кетеді. Оларға қарсылық күрес ашады, әшкерелеп отырып, қалың бұқараға, шаруаға таптық жауларын танытып, таңбалап береді. Осы бағыты мен еңбегі арқылы Абай өз табынан кеткен соң, еңбекші бұқара халыққа дос болып келеді. Елінің осындай еңбекші көпшілігімен тілек, мұрат қосу Абайды шын бұқарашыл Абай ететін ұлы жол болады. Осындайлық Абайға өз жақындарынан шыққан атқамінерлер мен Оразбайлардың қатты жаулығы заңды нәрсе. Ол тарихи таптық қайшылық, қарсылықтардың айғағы болатын.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетінің барлығы уақытша еріксіз бөгеліп, Абай тартыс, жаулықтың ортасында қалады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған партияқорлар енді Құнанбай балаларынан есесін алу керек. Жеңгендіктің жемісін тату керек. Жауласқан адамдардың үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінен сайланған болыс, бидің мөрін, приговорын пайдаланып, жауларын қылмысты кісі қып көрсету керек. Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы бас қорғаудың алысы болады. Ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де алысу керек болады. Сонымен, бірнеше жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ сол алысқа кіріссе де, осы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарады. 1884–85 жылдар “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген сияқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жыл Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, кең үніле бастағанын байқатады. Бұл жылда 16-17 өлең туады. Абайдың осы күнге шейінгі басылымдарында “Халық туралы” деп жүрген көп өлең бар. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда? –

деген сияқты талай-талай сөздерден Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған күйін аңғартады.

1882 жылдардан бастап, осы 85–86-жылдарда ол Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. Бірақ жоғарыда айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз, шағым ұлық кеңселеріне тағы топырлап түскен еді.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, рубасылары осы жылғы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйді алып, Оразбай Шыңғыс болысынан бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде, болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, приговор бермей, өз ауқымынан шығармайтын. “Түбі жаулық ойласа, басқа болыста отырып алысып кетсе, құрығымыз үнемі жете бермейді”, – деп, аңдысқан кісіні өз қасынан шығармай қою – көп болыс, жуанның есебі, саясаты. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бірер мықтыны аналардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Күнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындай да нәтиже береді.

Екінші, сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қол астына қайта қарап қалмас үшін, өзіне ерген руларын алып, көршілес Мұқыр болысына шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін бұны түсіретін мезгіл болғанда, Күнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды сайлап жүріп, Мұқырға шығып кетеді. Бұл – Күнту болыс болудың ең соңғы уақиғасы. Бірақ осыған жетпестен бұрын, ол адамдар ең әуелі Құнанбай жағының барлық бұзақылары үшін Абайды жазалауға кіріседі. Осындай қызу тартыс үстінде “Құнанбай баласынан болыстық кетті” деген дақпырт ұлық айдатқан Жігітек балаларына да жетеді. Сонымен, Бөжей заманынан бері қарай Құнанбайға қарсы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Күнтудың болыстығына сүйеніп, “қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді” деп бір сеніп, екінші – орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді.

Осы сияқты әр алуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шиеленістіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады. Осындаймен жүргенде Қарамола

деген жәрменкеде, ол күндегі әдет бойынша, ұлықтар бас қосқан “шербешнай” дейтін (төтенше) сияз болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішіндегі Абайға жау болып шыққан кісілер өздеріне іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жуан, шонжар болыстар тәрізді жаулары да бар еді. Енді Тобықты іші жіктеліп алғанда, солар шұрқырасып келіп, Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай сиязға жиналған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін Семей жандаралынан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Кейін жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға тоқтайды.

Абай өзге ұлықтарға істеген мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалыну дегенді Абай ешуақытта білген емес. Қай ұлықпен болса да тең сөйлеседі. Елдің тілегін жеткізе айтады. Және, әсіресе ешбір ұлық баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты дау-шар атаулының барлығын да қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын Абай басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағынасыз күр алыс, бос пәледен құтқарады. Бұл – өзінің де іздейтіні.

Сондықтан ұлық атаулы өз әлсіздігін біліп, Абайдың ақылына, біліміне амалсыздан құштар болатын. Жаңағы жандарал Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде, еріксіз құралынан айрылып қалады. Абайды танып алған соң амалсыз келіп, шербешнай сиязға оны төбе би қып өзі ұсынады. Өзге шағымқор, шенқұмар, парашыл атқамінердің ешнәрсені шеше алмайтынын көреді. Ел арыздары шешілмесе, кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі мұқтаж боп өзге рубасыларға кеп: “Сиязды жақсы өткізіңдер. Ұрыда ақылары кеткендердің ақысын толық әперіңдер. Сиязды жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайлаңдар”, – дейді.

Ел жуандарын осы жеңуі Абайдың партияшылдық тартысынан емес, өзінің көпшілік тілегіне жақын болған қаси-

етінен туған. Ерекше халықшыл бағыты үшін, өнер, еңбегі үшін Абайды бағалаушы халық саны сол тұстың өзінде де көбейіп қалғанына осы дәлел еді. Солар жәрмеңкеге келіп, Өскемен билерін де тежеп, Абайға қастық істемек болған жуан содырдың көбін бір жол да болса, тойтаруға жарайды.

Абай сондағы мансапқор, күншіл, шағымқой арам адамдардың қалың ортасында отырып, бәрін де көзге шұқып отырғандай қып, бір үлкен терең сөз тастайды. “Биік мансап – биік жартас. Оның басына екпіндеп қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады”, – деген. Парамен, айламен, жағымпаздық, сұрқиялықпен ұлық, болыс болып жүрген надан жуандарды, ел жуандарын тағы әшкерелейді.

Ел-елді ақылдастыратын, неше алуан ұлы-кіші дауларын шешетін, түйін-түйнектерін жазатын – сияз. Мұнда қай жолмен, қандай кесіктер айтылу керек. Дау алуанына қарай заң, ереже тудырып, орамды әділ билік жасау керек. Осы міндетті мойнына алған Абай бірнеше күн хатқа жазып, ереже тізеді. Онысының көбі қазақтың өзі ескіден білген ел заңы болумен қатар, кей жерлерде жаңа жол-жоба болады. Біздің қолымызға Қарамола сиязы мен кейінірек болатын Семей, Жетісу облыстары бас қосқан Көктұма сиязындай ұлы дүбір сияздың хатқа түскен ережелері тимеді. Көктұма сиязында да төбе биге халықтың ұйғаруымен әділ би деп Абайды сайлаған.

Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлінің куәлігі ойынша, бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді, – дейді. Сол Мүсірәлінің есінде қалған екі бабы анық. Абайдың өзі қолданған, өзі қостырған, тың жаңа жолға ұқсайды. Ол күннің жағдайында шамасы келгенше көпшілік үшін әділет іздеген Абай ұрлық, қылмыс пен әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады. Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде, ағайыны төлейді екен. Абай енді “ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын”, – дейді.

Бұдан бұрын ері өлген жесір әйелді алатын әменгері жоқ болса, байының ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады екен. Абай: “Бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау-мүлкімен кеп алғашқы қалыңмал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ – зорлық. Алатын әменгері болмаса, еркі өзінде, ол әйел азат”, – деген.

Осы екі баптың, әсіресе алғашқысы – ұрар жерін тауып соққан ереже. Ұрыға ат майын берушінің көбі азғын, құнсыз қорқау байдан, ел ішіндегі арылмас пәле басы, бықсық шонжардан шығатын. Абай мына ережеде, көп ұры еместі ұры етіп жіберетін сондай індет түбін тауып ұрып отыр.

Осыны ереже қып бекітеді де, Абай өзі орындатады. Мұндай жайлар да талай жерден Абай басына өшігетін сотқар, бұзарларды көбейте түседі.

Сонымен қатар қалың елдің шын әділетті іздейтін көп момын, көп бұқарасы Абайдай әділ таразының билігін іздегіш те болады. Кейінгі Абай өмірінде, талай да талай алыс елдің нелер қиын сүрі дауларымен мұны іздеп келетіні осыдан. Бұл соңғы жайдың өзі де Абай даңқын асырып, көп ортаның би-жуанын Абай басына қас ете берген.

Ал Қарамола сиязы Абайдың қатты әсерімен, сол белгілеген бетпен өтеді. Бірақ сияз осылай өтсе де, Күнту болыс тұрған уақытта, Абаймен ұстасқан жуандар тартыстан да, арыз-шағымнан да тыйылмаған. Сонымен, көрсету-шағым тағы молайып, қарсы жағы Абайды және де жер аударуға жақындайды. Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының “корпусы” (генерал-губернаторы) келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аудармақшы болады. Абай генерал-губернатормен де жәй арызшы түрінде емес, анадағы жандаралмен сөйлескендей еркін, кең сөйлеседі. Ақылының, ақтығының себебінен ақталып шығады. Аздан соң Күнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады.

Бірақ Семейде болып жатқан бұл түрдегі өзгерісті ел білмейді. Абай айдалатын болыпты деген дақпыртқа нанған қарсы жағы осы кезде Абайдың Тәңірберді деген ағасының бір қос жылқысын – 800 жылқыны тиіп алады. Алумен тұрмай, топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып салады. Дәл осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалады. Пәле басы атқамінерлердің берекесі кетіп, қатты сасады.

Айдаудан қайтқан Базаралы, тегі, осы кезде көп килік-се керек. Тәңірбердінің мыңға тарта жылқысын тиіп алған бетте бата қимылдайтын әсіресе Жігітек болады. Шабуылға жігітін мол жіберген ел де сол. Оразбай, Күнту сияқтылардың өз бастары бұл уақиғадан сырт қалады. Жігітек

жылқыны алған бетінде пышақ үстінен үлесіп әкетіп, бүтін Қарауыл өзенін өрлей, қулай отырған ел жағалай сояды. Бұл іс ол уақытта да естімеген ірі іс болып шығады. Күнту мен Оразбайдың өзі де қатты қорқады. Болыстық тағы қолдарынан кетіп қалған. Ендігі тартысқа басшылық ету былай тұрсын, өздері бас сауғалай бастайды. Күнту Мұқыр болысына осы орайда шығады да, Оразбай Құнанбай баласымен татулық іздеп, бұрынғы кетіп қалған болысынан шығып, Шыңғысқа қайта кеп кіреді. Күнту құдасы болғандықтан, сол ұшырап кетеді деп араға дәнекер болмаққа қайта келеді. Құнанбай балалары бұны жуасып келген күйінде, қайта алуын алады. Бірақ Оразбайдың өз басына тимегенмен, Жігітекті оқшаулап шығарып ап, қатты кек қуады.

Алынған жылқыны Жігітек сойып, қырып, жеп қойған еді. Енді соның әр жылқысына екі бестіден төлеу кестіріп, қолма-қол тіздіріп алады. Тәңірбердінің шығынынан кірісі асып түседі. Бірақ, соған орай Жігітек тегіс кедей боп, тұралап қалады. Сол жылдар көшуге жарамай, қыстау, қыстау басында ошарылып жатақ боп отырып қалған ауылдары көп болады. Сонымен Күнту болыс болғанның арты сол рубасылардың айдап салған көпшілігіне тағы бір ауыртпалық боп бітеді. Аман қалғанда пәлеге бастық болған рубасылардың ұпайы түгел боп, көпшілік ерін арқалап қалады.

Сол көп керістің ішінде найза басы боп жүрсе де, дәл өз басына олжа, пайда таппайтын Жігітектің бірі – Базаралы. Күнту болыс болғанда айдаудан қашып кеп, Тәкежан жылқысын алғызушы өзі болғанмен, Базаралы тек қиыншылықтың бар салмақ, ауыртпалығын ғана арқалап қалады.

Кезі келген соң айта кету керек, Базаралы Абай мен тұтас Жігітек адамының ішіндегі өзгеше бір ірі адам еді. Бұның өмір жолы Абай өмірімен көп кездесетін болғандықтан және Базаралы өз дәуірінде алуаны көптен бөлек, ерекше болғандықтан, біраз қосымша деректерді айта кету қажет.

Құнанбай тұсынан, Тобықты ішінен сырт елге аттары мәлім болған адамдар бірнешеу ғана. Ол Құнанбайдың өзі дедік. Сонан соңғы Құнанбай тұстасы Бөжей. Келер буында сыртқа аты шыққан адам Абай болса, осыдан кейінгі бір білікті, даңқты адам сол Базаралы болады.

Бұның жасы Абайдан аз үлкенірек болған. Әкесі Қаумен шағын дәулетті, орта қатарлы кісі болады да, Ба-

лағаз, Базаралы, Оралбай деген балалары өрттей отты, алғыр жігіттер болып өседі.

Абайдың жігіт шағында Базаралының інісі Оралбай ба- сынан кешкен бір жастық уақиғасы Тобықтыға қатты ылаң салған. Оралбай Бөкенші ішіндегі Сүгір деген байдың Керім- бала деген қызына ғашық болып, алып қашады. Қыздың беріп отырған жері Қаракесек, Қарқаралы қазағы, алынған қалыңмал бар. Ел бүлініп, пәле ұлғая бастайды. Бірақ Ба- лағаз, Базаралы одан жасқанбай, екі жастың еркіндік ма- хаббатын өздерінің найзасымен, ерлігімен қорғап жүреді. Бөкенші жағы тек қапысын тауып, Базаралылар жоқ жерде қызды ұрлап әкетеді. Оның алдында Жігітек, Бөкенші ке- зек шабуылдасып, Керімбаланың орайына Бөкенші бір Жі- гітектің үйінде тек отырған қатынын зорлықпен алып қашқан. Жігітек соған орай ғып Бөкенші Шалғынбай де- геннің қатынын алып қашады. Екі жақ жасасып, ұрысып, найзаға адам шаншылып, қан шығарысып та қалысады. Ба- заралы осыған да қарамай, інісін сүйген қызды өлісе жүріп қорғамақ еді, тек ұрлап әкету қолын байлаған. Керімбаланы Бөкенші зорлықпен қайнына, Қаракесекке жібергенде, Оралбай қуа барады. Тағы алып кетпек болып іздеп бара- ды. Сонда пәледен қажыған Керімбала тоқтамақ болып, Оралбайды жақсы шыраймен тоқтатпақ болып, бір мінез істейді. Сойған қойдың еті піскенде, қазаннан тілді алып, бір шетін өзі тістеп тұрып, ата-енесінің көзінше Оралбайға:

“Ақсақ кемпір еткен соңғы сәлем осы болсын, күн өтті, дәрмен жоқ, енді кел, Оралбай, мынау тілді менің аузым- нан өзің ал да, ырза бол”, – дейді. Оралбай Керімбаланың айтқанын орындап, тоқырайды. Екеуінің айрылуы осы екен. Міне, осы уақиға тұсында ел ырқына көнбей, батырлық, батылдыққа бекініп шығатын Базаралы, Балағаз кейін де көп жөнінде оқшау болады. Найза ұстаған батыр, сері Базаралы әрі сұлу, әрі тілді шешен, ірі жігіт боп өседі. Ағайыны, маңайы бұны арқа тұтады. Өзі тұрғылас Жігітек жігіттері әр пәлеге Базаралыны бас қыла бергісі келеді. Құнанбай мен Базаралының бірнеше қағысқан, қиғаш келіскен де жайы бар-ды.

Оның үстіне, Жігітек жігіттерінің ұрлығы үшін және Құнанбаймен ежелгі араздығы үшін көп адамы айдалған- да, Құнанбай жағы Базаралыны да іле кеткісі келеді.

Алғашқы айдалған топтың ішінде Базаралы болмағанмен, кейін Балағаздар Найманның Құдайсүйгір деген жуан аулының жылқысын алып, соның салдарынан тағы біраз кісіні таптап, соттап айдайды.

Осы орайда Базаралы Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаныммен жақын болып жүріп, сол сыры жарияға шығып, Ырғызбай жағы намыс қуып Базаралыны да жазаламақ болады.

Өз басы “ұры да емес, ұры емес те емес” десіп жүретін Базаралыны жігіттік өзге қасиет, қабілеті үшін Абай жақсы көрген. Бірақ Нұрғаныммен болған жаманаты оның жауын көбейтеді де, бір кезеңде Абай да қатты араз болады.

Базаралы әр сылтаумен келіп, айдалатын болады. Қыстың күнінде елден түйеге мінгізіп әкетіп барады екен, сонда Абай қоштаса кеп, күй-жәйін сұрағанда: “Жаздыгүні қолшатырдай немеге мінгізген менен не жай сұрайсың” – дейді екен...

Қасында айдауға бірге кетіп бара жатқан қорқақ бір жолдасы туралы тағы қалжың айтып:

– Әншейінде қыбыланамадай көзі ойнақшып тұрушы еді, жаны шықпай келеді десенші, әйтеуір! – дейді.

Күнту болыс болғанда айдаудан қашып елге келеді. Сонда алдынан талай жастар қуанып шығып, қалада да, елде де үлкен дос пейілмен қарсы алады.

Әріп, Көкбай сияқты ақындар Базаралының келісіне арнап ірі өлеңдер айтады. Абай да кеп амандасады. “Орысша білдің бе, Базеке?” деп сұрайды. Сонда азап сапарына кетерде қалжың айтып кеткен Базаралы әлі де бұлжымаған, өзгермеген әзілқой мінезбен Абайға іле қалжың айтады.

– Е, шырағым-ай, өзімнің көк мильғым болмаса, тәуір-ақ тіл білетін жерге жібердіңдер ғой, – дейді.

Бұрынғы дағды серілікпен, малы аздығына қарамай, біреудің әдемі қара көк атына қызығып, бір қысырақты түгел беріп сатып алады. Атының көркіне қызыққан біреулер қалжындап, барлап:

– Базеке, мынау атыңды өзің кетерде тасқа байлап кеткенбісің, неткен жақсы, қайдан алдың? – дегенде:

– Е, бір қысырақты астына мініп жүрмеген кісі жігіт пе? – дейді.

Осы морттық омырау, тәуекелшілдік Тәкежан жылқысын алғанда да Базаралыны найза басы етіп шығарады.

Кейін Күнту түсіп, қалада тығыз тергеу болмаққа айналғанда, Абай оншалық қатты жамандауға барғызбай,

қазақтың өз билерінің алдында, ара ағайын алдында, келісім айтқызып, тоқтаспақ болады. Көлденең би боп Тобықты емес, Тоғай бойының Уақ, Бураның адамдары төрелік айтатын болады. Жігітек жағынан сөз ұстап келген Базаралы, Ырғызбай жағынан Абай болады. Екеуі жүгініске отырады. Сол жолда да Базаралы қалжыңдап:

– Уай билер, мына Құнанбай баласының ақшасы да, асы да көп екені рас. Бірақ сендер біле білсеңдер, бұнан да сендерге мен көп беріп отырмын. Әншейінде осы отырған барлығың Абайды “Құдайдан туды ма екен” деуші едіңдер, соны әкеп алдарыңа бір тізе бүктірдім. Осыдан көп берген болар ма, – дейді.

Осы Базаралының шапшаң айтқыш, алғырлығын қалжың етіп Абай:

– Қазақта айтар сөзі аузына әйелдей тез түсетін, Базаралыдай шапшаңды көргем жоқ – деген.

1884 жылдан соң, елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай, жаңағы оқиғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді шамасы жеткенше атқамінерлер ортасынан, олардың пәлесінен аулақ болуға тырысады. Шынымен ел тыныштығын іздейді. Өз басы нәрлі еңбекке берілмек болады. Орыс кітабын ешуақытта да тастамаған еді. Сонымен бірге 1886 жылдан 1889 жылға жеткенше тағы да көп өлең жазады. Мүмкін болғанынша бұрынғы арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жылдары Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті кезі болады. 1889 жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздердің ішінде бұрынғыша өз ортасының өзі көрген кемшілік міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да араласады. Пушкиннің “Евгений Онегинін” аударып береді. Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың аулы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын талапты жастарының бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайында-

рына, дос жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Енді осы сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі қиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. “Ескі үлгіде қалма! Өзгерген заманың жаңа түрлі қайраткері болуға әзірлен”, – дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет, мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай жас қауымды бастай береді. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны қолында ұстайды. Мұқа Абай аулына кеңшілік жәй емес, қысылшаң хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны әмеңгеріне тигізбей, алып қашады да, Абай аулына барады. Бұл кеткен соң, жуан ағайыны артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады. Тағы сол кезде өзге елдерден келген басқа бірнеше ақынды да сақтайды. Бұлардың көбі Абай өлеңдерін қатты қадірлеп, жаттап алып, кейін Орта жүз, Ұлы жүздің көп еліне мол таратады.

Ертерек уақытта қазақтың әнші, ақындарының ең бірі ірі адамы – Біржан сал да Абаймен жүз көрісіп, үлкен дос болған. Ол Абайдың жасырақ кезінде Тобықты ішіне келіп (атақты ақын қыз Сарамен айтысатын сапары болу керек), көп уақыт қадірлі қонақ болып жатып, Көкшетау, Атбасардан бергі жерде болған қазақ өнерпаздарының көп қазынасымен Абайды кең таныстырып кетеді. Абай өзі де көп ән үйреніп, көп ақынның сөзіне қанып қалады. Әйелі Әйгерімге Біржанның әндерін үйретеді. Бұл сияқты кездесулер Абайды өз заманындағы қазақ сахарасындағы халық өнерімен мол таныстырып, нық байланыстырып отырған.

Тоқсаныншы жылдарда өлең, өнерге тереңдеп кіріскен Абай бір өзінің көргені мен сезгенін жырлайтын ақын емес, бүкіл қазақ даласындағы ой-сезімін жырлаушы Абай болады. Осындай үлкен арналы ақындық жолына берілген соң, 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы

өткізген жылдары болады. 1890–91 жылдарда да көп өлең жазады. Сол уақыттарда жас жігіт болып, әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген шәкірт достары: “Осы жылдардың мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Бар талапкер жастар болып сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше хақиқат олай емес” деседі.

Осы екі жылдың ішінде Абай өзінің көп жаңа өлеңдеріне ән шығарады. Ұстаздық қып отырғанда “малқұмар, мансапқор адам – адам емес” деп ұғындырады. Әрдайым сағынып, көксеп, қатты рахаттанатын уақыты сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болады. “Ондай сөзге түсіп отырғанда, шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып, не ел арасындағы партияның жайын айтып, сөзін бөлсе, кейіп, я ашуланып қалушы еді. Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса, аза бойы қаза тұрып, жиренген кісідей болып мазасы кетіп, “есептерің бар болса, аулаққа барып есептеңдер” деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді” – деседі.

Осы айтылған сөздердің барлығы – жалғыз Абайдың шәкірттері емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөзі. Сондай өмір, сондай мағыналы, үлгілі жол – Абайдың барлық кейінгі өмірінде айнымай ұстансам деген жолы. Егерде ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 1889 жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді. Бірақ ойлаған мақсұт-ниеті бұл тұста да түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 1890 жылға дейін тыныштық болып, кейін дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды.

Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып, арасына жүріп көреді. Бірақ екеуі де тыйылмай, жауласып кетеді. Осы жаулық тоқтамайтын болып, ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып, Тобықтыға жетіп, Тобықтының лаңы басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастайды. Ол араздықтан түбі тағы да Абайға кеп мықты соғады. Оның себебі – Оразбай тобының әуелден өші Абай. Өштік түбі күндестік, қызғаныштан, өзімшіл бақталас, бәсекеден шыққан. Олар Абаймен бір қатарда атқа мінеді де, Абайдың

өздерінен артқанын көтере алмай, үнемі іштен кейіп жүреді. Көп елдің, көп момынның сенетіні, қадірлейтіні Абай болғаны да бұларға удай тиеді.

Әділ, көреген, шыншыл, алыс-жақынға бірдей даңқты және өзі білімді, онан соң халық ақылын, өсиетін, өлеңін көксеген Абай оларға тең жау емес. Үнемі Тобықтының өз ішінде, әсіресе Оразбайларды білмейтін, білгісі де келмейтін шет ел ортасында да Абай бұлардан асып түсіп отырады. Абаймен сол тұстағы барлық Арғын, Найман, Керей, Уақ таныстық, жақындықты, достықты іздейді. Кезіге қалса, ұстаздығына ынтығады. Өсиет, мәжіліс, өлең үлгісіне жабысады. Ол ғана емес, талай күндік жерден талай жылға қиын түйін дау-шары болса, таза адамшылық жолымен ақиқат айтатын дананы іздесе, бәрінің шұбырып кеп табатыны Абай болады. Бұл жәйдің барлығы үйде отырып, алыспай отырып жеңіп отырған, тартыспай отырып елді алып отырған Абайды жаңағы дүлей топқа әл жетпес ұлы күш ете береді. Сол күш халық ортасына өсиет сөзі жайылып, ірілеген сайын, Оразбайлар өзінің қыңыр, қиястық, қаскөй надандығымен Абайға өшіге береді.

Абайдың қайғысы онымен алысатын топтың ерекше надан соқырлығы болған.

Өйткені Абай өле-өлгенше, сол өмір бойы бірге жасасып өткен Оразбай, Жиренше, Күнту, Абралы сияқты адамдар халық жастарына, халық саналыларына Абайды Абай етіп, қымбат, қимас, қадірмен дос етіп жатқан ақындық еңбегін білген де емес. Олардың бірде-бірі Абайдың өлеңін оқытып, ақындық асыл қазынасын біліп, болжап көрген емес. Оразбай, Жиренше екеуінің де жасы Абайдан үлкен еді. Екеуі де бері келіп, Абайдан кейін өледі. Бірақ мән-жайын талас үстінде Абай сөйлеген сөз болмаса, Абайдың бірде-бір өлеңін жадына алып ұққан, қадірлеген кісілер емес.

Абай ержетісімен өзі тұрғы жастан дос етіп, қасына ертіп адам ғып шығарған кісілері ең алдымен осы Оразбай, Жиренше, Ерболдар болатын. Дәл Жиренше басына еткен сан жақсылығының бірі – көп сайлаудың бірінде “тентек ояз”, “қара ояз” деп атанған бір сотқар ояз елдің жазықсыз адамдарына дүре соға бастап, солар қатарында Жиреншеге де дүре салмақ болғанда, Абай оязбен қатты жанжалдасып, ара түсіп, сабатпай, ананың арын, намысын қорғап

шыққан. Соның артынан “тентек ояз” Абайды Семейдің қаталашкасына да жапқызған. Арғын, Найман арасына барса, өмірінде жалғыз-ақ рет, жас шағында Қоңыркөкшеге болыс болса, Абайдың әрдайым сенімді, белді би қып ертен кісілері осы Жиренше мен Оразбай еді.

Ол екеуі Абайдың ығында жүріп, елеусіз халден белгілі адам қалпына жеткенде, малданып, әлденіп күшейген күндерінде Абайға ең алдымен қас боп шығады. Сол жылдардың алдында бұрын ондайлық бай болмаған екеуі мейлінше байып алады. Әрқайсысында мың-мыңнан жылқы болған. Оразбай бертінде жылқы санын үш мыңға да жеткізген. Ал Абайдың өз басында ешбір уақытта ондай байлық болған емес. Қайта өмірінде талай рет “шағын дәулет”, “шолақ дәулет” дейтін күйлерге жақын қалып жүрген. Мынау екеуі өздері байып, әлденіп алған соң, Абайға қарсы жаулықты тобынан бұрын бастайды.

Олардың ең алғаш Абаймен араз болған сылтау, себебі де өзгеше. Бір жылы Тобықты, Найман шекарасында Абайлар жүргенде, Найманның екі руы – Сыбан мен Мұрын арасында қатты қырқысқан дау туады. Жесір дауы. Абай, тегі, қатал қалпын өзгертіп, азаттық үшін алысам деп, сан рет қатты пәлеге ұшырап, өз басы арандап жүрген. Мынау жолда да соның бір кезі болады. Мұрын қызы күйеуін тең көрмей, өзінің сүйгеніне кетеді. Сыбан қызды қайтарып алмақ. Пәле ұлғайып, ел шабысарман болған соң, екі жағының сөзі Абай алдына келгенде, Абай бітім-тоқтау айтындар деп, өз атынан Жиренше мен Оразбайды жібереді. “Мұрын қызына азаттық әперіңдер” деп арнап тапсырады. Жиреншелер Абайдың айтқанын орындап, қыз басын босатарман болғанда, Сыбанның біреуі: “Жол осы ма еді. Кеңгірбай әруағы, қайдасың!” деп ұрандап, әруақ шақырады. Осыған қайысқан Оразбай Кеңгірбай жолын бұзғысы келмей, Абайға келгенде, ол: “Кеңгірбайдан ел әділдік көрген жоқ. Әйел үшін ол “Қара қабан” атанған”, – деп, өз айтқанын істетеді. Мұрын қызына еркіндік әпереді. Ал Оразбай мен Жиренше: “Абай асқан екен, Кеңгірбай жолын бұзумен тұрмай, “қабан” деп тілін тигізді. Енді бұдан біз кеттік, жауластық”, – деп, өзді-өзі серттесіп алады.

Осыдан кейін екеуі жар құлағы жастыққа тимей: “Қалың Найман алдында Абай Кеңгірбайға тілін тигізді”, – деп,

өздеріне ұсаған бай-жуанның басын құрай бастайды. Бай-ғұлақ, Күнту бар, жиыны 16 атқамінер боп, Абайға қарсы шықпаққа серт байласады. Бұл серттері Жиренше қыстауының үстінде, “Ши” деген жерде, Кеңгірбай бейітінің қасында жасалады. Кеңгірбайдың әруағын атасып, бейітіне бет берісіп тұрып баталасады. Жауламақ, мұқатпағы – Абай. Оның еткен “жаманшылығы” әлгі.

Міне, Күнту болыс болудың алды осы еді. Содан бері Оспан болыс болған шақта да тыйылмай жүрген күндестік, араздықтың түбі үнемі Абайға сарықпай тұрмайды. Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болады. Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер сиязын өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды куа барады да, ояз кеңсесінің алдынан өз қолымен ұстап алып, “қорлық көрсін” деп, өзі мінген арбасының артына таңып, елге әкеледі. Бұрын зорлыққа бойсұнбаймын, көнбеймін деп тырысып жүрген Оразбайға мынау істеген іс “құлақ естіп, көз көрмеген” кекті жаза болады. Бірақ Оспанның осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Орнына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі “долынжы би” (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын бірінші би) Шәке деген Оспанның інісін қояды. Осы араздық, жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы кеп ошарылады. Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан, үлкен тартыс енді молайып келе жатқанда, 1891 жылы қайтыс болады. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі еді. 1892 жылы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімінен уланып, дерттенген жайын көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең жазады.

Оспан өлген соң, барлық жаудың азабы мен әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толы тыныштық өмірі бұзылады. Барлық ішкі қуат-сезімімен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді. Бірақ қалай да болса, кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өсиетін көксп, мәжілісін іздеген жастарға медресе есігі уақытша жабылғандай болады. Өлеңдері де бұрынғы сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде жазыла жүреді.

Осы жылдарда Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. 1891 жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Тартыс бір ел емес, әлденеше елдің ішінде, әлденеше жұмыстардың тұсында болып келіп, 1897 жылға шейін созылады. Бұл әредікте шет елде болған тартыс – Тобықты мен Уақтың тартысы. Ол пәленің басы да Оразбай болады.

Оспан өліп, ел ішіндегі үлкенді-кішілі істерге өзі бас боп жүрген Оразбай енді Абайды түрткілеп қоздырып, бір пәлеге тартуға құмартады. Осы орайда Абай мен Уақтың бір адамы Нүрке деген кісінің екі арасын шиеленістіретін бір кез келеді. Бұрын Абай мен Нүрке аса тату, дос еді. Нүрке – Көкен болысының қазағы. Жері мен елі Семей қаласына жақын. Өзі адамшылық абыройы зор, қала мен қырға бірдей беделді адам болатын. Сол Нүркенің бойжеткен қызын Абайдың баласы Мағауия аламын деп, әуелде бір қысырақтың үйірін қарғыбауға жібереді. Артынан Мағауия қызбен көрісе келе ұнатпай, алғысы келмей, сырт беріп жүреді. Қыздың көңілін тұрақтатқан құдалық та жоқ, азаттық та жоқ, жіпсіз байлау болады. Соны ауырлаған қыз Айтқазы деген адамға өздігінен сөз салып, тием дейді. Айтқазы – Ертістің ішкі жағындағы Белағаш деген болыстың адамы. Өзінің түбі Көкше (Тобықты), Абаймен қатты дос, шешен, алғыр адам болған. Бұның да жасы Мағауияға құрбы, жасынан озғын шыққан адам. Нүркенің қызына Айтқазы қызығады да, алып қашады. Осы жөнінде Айтқазының өзі де, Оразбай сияқты ел пәлесін тілеушілер де “Абай ашуланар, сойқан басталар, Айтқазы, Нүркелермен қиян-кескі жауласатын болар” деп байлайды.

Бірақ Абай түк намыс та етпейді. Сөз де айтпайды. Аз күн ішінде Айтқазыға “саспа” деп басу айтып тыныштандырып, Нүркемен де қабақ шайыспай, бұрынғы достық күйінде қалады. Қыз сүйгеніне тиді, ерік алды. Әйел еркіне зорлық болмасын деп, өзге тұста жол айтып жүрген Абай өз басына келгенде сол жолынан тайған жоқ. Осыған айызы қанбай, бармағын шайнап қалған Оразбай өз бетімен пәле бастайды.

Көкен үстінде, “Жалпақ” деген жерде болған бір ояз елдің сиязына Тобықты шонжарларын ертіп кеп, Нүркеден Абай үшін жесір даулайды. Даулайтыны жаңағы бітіп тынған Нүрке қызының басы. Сылтауы – Абай көнгенмен,

Тобықтының әруағы көнбейді. Ол намыс етпесе, біз намыс етеміз деп, Тобықты билерін шүйлеп алып, Нұркені сиязға шақыртады. Абай мен Нұрке бұл сиязда жоқ. Нұрке Абайдың өзі дауламаса, өзге берер жауабым жоқ деп бармайды. Оразбай билерге салмақ салып, Нұркенің сыртынан ақы мен айып кескізеді.

Осыдан Тобықты жуандарымен ұстасқан Нұрке жер дауына кіріседі. Тобықтының Бұғылы, Шыңғыс деген болыстары мен Уақтың Көкен болысының шекарасы бөлінбеген еді. Нұрке қаладан жер өлшеуші шығарып, Оразбайдың болысы Бұғылының жерінен және бірнеше Олжай жуандарының жерінен жер кескізіп алады.

Тобықты қуып арыз береді. Соның аяғы Арқат сиязы деген екінші сияз болады. Онда Нұркеге бар Тобықты жабылмақ еді, бірақ Нұрке оязға дегенін істетіп, Тобықты жуандарының ұрлық-зорлығын айтып, өздерін ығыртады. Ұлық көрінен қашқан Оразбайлар съез басына жолай алмайды. Тобықты еседен айрылып, ұлық көрін түйеді, көрші елдерге істейтін талайдағы зорлық енді Тобықты жауларын опық жегізіп, састыра бастайды.

Өз дәрмендері кеткен соң, барлығы Абайға жабысады. Елдіктен кетеміз, ара түс дейді. Абай амалсыз кірісіп, Нұркеге хат жазып, кісі жібереді. Нұрке Абайдың тілін сыйлайды. 91-жылы қайта қозған араздық пен 98-жыл арасындағы бір алуан хал осы еді.

Осы екі арада Абай өмірінде болған үлкен өзгеріс – 96-жылы Оспанның үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі) Еркежан деген келінін алады. Оспан өлгенде артында қалың дәулет пен үш әйелі қалған. Бірақ ешбіреуінен бала жоқ. Оспанның үш қатынын Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып ауылдары, көп мал мүліктерін де келіндері отырған орындарға қарай бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келін мен Абайға тиісті болады. Бірақ осы оқиғаның үстінде де көп әңгіме болған. Абайдың Еркежанға үйлену ойында жоқ еді. Еркежан өзі де Ырғызбайдың үлкен үйінде отырған мінезді, байыпты, тоқтамды адам еді. Ол Оспанның артын күтіп, байға тимей отырып қалам деген. Абай соны мақұл көрген. Оспан тірісінде өз баласы болмаған соң, Абайдың Ақылбай деген үлкен баласынан туған немересі Әубәкірді асырап алған еді. Еркежан қолында қазірде сол бала бола-

ды да, үлкен үйдің иесі боп тұратын болады. Осы халді Тәкежан (Абайдың үлкен ағасы) қош көрмейді. Үлкен үй Абай қолында боп қалады деп қызғаныш етеді. Еркежанды әйелдікке өзі алам дейді. Тимеген соң, өзінің баласы Әзімбайға ти дейді. Жесір қатынның тыныштығын бұзып, мезі қылған соң, Еркежан “Абайдың өзі алсын, тисем соған тием” дейді. Бұл күнде Оспан үйіне, Әубәкір жас болған соң, мал-басқа ие болуға кіргізіп берген, Кәкітай дейтін Ысқақтың баласы бар еді. Ол 12 жасынан Абай тәрбиесінде өскен, Абайдың өзінен туған баласындай боп кеткен аса таза және өздігінше Абайша оқып, көп білім тапқан ерекше қадірлі жас еді. Сол Кәкітай бар, Оспанның басқа жақын дос-жарлары бар – барлығы Еркежанның басына Тәкежан тыныштық бермейтін болған соң, Абайға “өзің ал” дейді. Абай алмауға байлайды.

Енді өзі ала алмаған Тәкежан Еркежанға жаңа шарт қояды. Тиыш қоям, тек қолыңнан Абайдың немересін, Әубәкірді кетір дейді. Ол Оспан мен Еркежанның бесікте бауырына салған, туғандай баласы еді. Еркежан осы соңғы салмаққа шыдамай, Абайға сәлем айтып: “Не мені алып, үлкен үйіне тыныштық тапқызсын, немесе ренжімеймін, рұқсат етсін, Әубәкірді алып төркініме көшемін”, – дейді. Осыдан кейін, Оспан өлгеніне 5 жыл толғанда, 1895 жылы Абай Еркежанды алады. Еркежанмен қоса Оспанның, Құнанбайдың үйіндегі мол байлықтың бәрін Абай өзі түгел баспайды. Оспанның өзге екі қатынын алған екі туысқаны Тәкежан, Ысқаққа тең қылып мал мен қыстау, қоныс енші бөліп береді.

Бірақ Еркежанды өзі ала алмай қалып қызғаныштан арылмаған және Абай алғанының бәрін көпсінген Тәкежан, осыдан кейін Абайға іштей қыжыл, қарсылық сақтап қалады. Абайдың абыройын қызғанған Оразбайлармен оның да демі бірігіп кетеді. Жанаса жүріп Оразбайлармен құда болады. Сол іштегі кірнениң бәрі тез-ақ барып белгі береді. 97-жылдың пәлесінде Абайдың Еркежанды алғанын Тәкежанның кешпегені білінеді.

Еркежанды Абай өле-өлгенше жақсы көрумен кеткен. Мұны алған соң өзге екі әйелінен, әсіресе соңғы кезде көңілі қалған Әйгерімнен алыстап кетеді. Ділде ерте қартайып, балаларының анасы болған қалпында жәй ғана сыйлас досы боп қалады. Ендігі әйелі өзге екеуі емес, жалғыз Еркежан

болғанға ұқсайды. Қыс болса, олардың қыстауы да Жидебайдан алыс болады. Абай үнемі осы Оспан үйінде, үлкен ауылда орнығып тұрып қалады.

Абайдың үлкен әйелі – Алшымбай аулының қызы Ділдә. Екіншісі – тоқал алған Әйгерім. Алғашқы әйелінен: Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары, Райхан, Күлбәдан деген қыздары болған. Екінші әйелі – Әйгерімнен туған балалары: Тұрағұл (Тұраш), Мекәйіл, Ізкәйіл және кіші қызы Кенже.

Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе Ділдәнің аулында болып, кіші әйелінің балаларын сол ауылда өз қасына алып жүріп, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Әйгерімнің қыстауы Аралтөбеде, ол Еркежан қыстауынан 70 шақырым жерде болады. Өзі Оспан аулына орнаған соң, балаларының көбін қысы-жазы өзімен бірге ұстаған. Өз қолында болмаған баласы оқудағы Әбдірахман ғана.

Абай болса, 1895 жылы тағы бір ауыр қаза көреді. Әбдірахман деген сүйікті баласынан айрылады. Ол Семейде уездік школды бітірген соң, Түменнің Реальное училищесіне барып, соны бітіреді. Петербургке барып, Михайловская артиллерийская школаға түскен. Басында Абай Технологический институтқа түс деп жіберген екен. Сабакқа кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң, жаңағы мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман – Абайдың қатты сүйеніш көріп, зор үміт қылған баласының бірі.

Бұл жаңағы мектепті бітіруімен де қанағат қылмай, енді Әскерлік академияға түсемін деп жүргенде, костоед (кұрт ауру) болып, 1895 жылдың қысында, қызмет етіп тұрған жері – Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған. Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйіндірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы еді. Соның мұратына жете алмай, ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында “етекбастыны көріп” жүргенде, Абайдың аңсап, тілеп, көп күткені сол баласының келешегі болатын. Көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да ұзақ шер, көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның

өліміне айтылғаннан да зарлы, ауыр қайғылы сөздер болады. Бұл аза ақынның сол кездегі басқа өлеңдеріне де өкініштің уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болған. Сыртқы у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде, қалыптанып толған сыншы ақылдың бұны табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне, жанына сүйеніш санап, тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң бар сотқармен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақшаға аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінік, өз халіне жанасатын, өзінің әлеуметтік мұң-арманына тап келетін және өз қиялына үйлесетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударды. Аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас-тынысы сияқты болады.

Кезі келгенде айта кету керек, Абайдан қалған аудармалар тегіс бірдей емес. Кейбірін, мысалы, Крылов мысалдарының көп жерін немесе Лермонтов өлеңдерінің бірқатарын ақын дәл аударады. Сонымен қатар сол Крылов, Лермонтовтың және әсіресе Пушкиннің “Евгений Онегинін” әдейі бір кең толғаумен өзінше еркін жырлап жеткізеді. Бұнысы – аударма ғана емес, Еуропа, Шығыс әдебиет тарихында көп ғасырлар бойында тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінен де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім, ойларды өзгерте жырлауы әдейі істелетін, өзіндік тумаларға жақын боп шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің кейбіреулерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек.

Осындай болып қалыптанған ақындық күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған арнасы еді. Әредікте қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап, аз да болса орнығып отыратын уақыт жетсе, 1889–1890 жылдардай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық етеді. Бұл уақытта жалғыз өз өсиетін айтпай, орыс кітап-

тары арқылы таныс болған бұрын-соңғы данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдарының көбін өз тілі, өз аудармасы (редакциясымен) әсем әңгіме қып айтып береді.

Абай мектебінен тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде өз уақытында жаңа болған “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Бақтажар”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көрұғлы сұлтан” сияқтылардан басқа, орыс пен Еуропаның да талай романдары болды. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың “Үш мушкетері”, “Он жылдан соңғысы”, “Король қатын Маргосы”, Лесаждың “Ақсақ французы” (“Хромой бес”), Пушкин, Лермонтов әңгімелері және Батыс Еуропада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін “Қызыл сақал” деген роман, онан соң Америка, Африка жабайылары ортасында күн кешкен “жәһәнкездер” жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі – ол өзін “шығыс адамы едім”, “мұсылман едім” деп, дін тұсауына бағындырмаған. Халқына үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де, Аристотельді, Белинскийді қоса айтады. Ұлттық, діндік тар көлемде өсте қалмайды.

Бірақ атқамінерлер пәлесі Абайдың саналы еңбекпен отыруына ырық бермейді. Оразбаймен ұстасқан жаулық 1891 жылдан бастап 1897 жылға келеді. Бұл кезде Абайдың ел жұмысына араласарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Кәкітай сияқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің кеңесі, билігі болсын, үлкен шербешнай сияздар мен болыстық сияздары болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

Осы тұста айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп, Абайдың билігі өзге рубасылардың парашыл, бұра тартқыш билігінен басқаша болған. Дәл өз басы өз алдына келген билікке шамасынша әділ болуға тырысқан.

“Басшылық, ұстаздық, ел түзеуші болу” жайында ұдайы айтатын тазалықты Абай осы тұста толық орындауға тырысқан.

Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктерін де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек ішінің рубасылары да үлкен даудың тұсында алдымен сол Абайға баруға өзі ұмтылады. Тіпті дауласқан кісі Абайдың тілеуіндегі адам болса да, соны істейді. Ырғызбайдың зорлықшылдарын ең алдымен аямай жазалайтын Абайдың өзі болады.

1897 жылға шейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң, “тым болмаса осымен бірдеңе істеп болмас па екен” дегендей:

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тья
Дауың мен шарыңды, –

дейді. Бірақ 1897 жылға шейінгі ісі жалғыз бұл емес. Оразбай партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, тағы мол ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай неғылса да бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Еріксіз келіп, түрткі салып, соқтығып, Абайды ерік алдына қоймайды.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы жаулардың басын құрап, сайлау сайын партия тартыс шығарады. Сонымен, жауы баратын болған соң, ықтиярсыз Абай да барады. Бөтен елдегі достары өзге кісіні қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп, 1897 жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманды болып өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып, бір үлкен оқиға туады.

Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы уез келер кезде, барлық Семей уезінің шылықтары кездесіп отырады. Бір жағынан, бұрынғы күйге

үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абайды көреміз. Екінші жағынан, күндегі өмірдің талқысы мен шыр-шеңберінде, түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай жағында, жартысы оған қарсы ниетте жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, қимылы қатал боп, көпті қорқытып, дәуірі Тобықты ішінде басымдап келе жатқан.

Мұқыр сайлауының дәл алдында ел ортасынан тағы бір тың әрекет шығады. Ол – Бәзілдің қызы Қадишаның дауы. Бәзіл – Тобықты, Жуантаяқ ішіндегі бай-жуанның бірі. Құнанбай тұстас кісі. Бұның Байғұлақ деген баласы – Оспан мен Оразбайдың аралығында “тең тартта” жүретін елеулі атқамінерлердің бірі. Соның қарындасы Қадишаны айттырып отырған жері Оразбайдың туысы, Есболат екен. Қыз атастырған жігітіне ырза болмай, Абыралыдан келген жолаушы Қаракесек Олжабай деген жігітке ғашық болады. Екеуі көңіл қосып, қашуға әзірленіп жүрген түні аңду болып, қолға түседі. Байғұлақ пен Оразбайлар қыз бен жігіттің екі аяғына бір кісен салып, Олжабайды өлтірмек болған. Жаны қысылған жастар көмек тілеп, Абайға тілхат жібереді.

Абай сол арада бұл жандардың ауыр халіне ара түсіп, тез бұйырып, Олжабай мен Қадишаны өз аулына алдыртады. Сонда Қадиша Абай үйіне жақындап, есіктен кіре бергенде, жастық арызын айтады:

Шығады бүркіт алған қыр басына,
Алаштың болдым жолдас мырзасына.
Бір кісен жеке тимей аяғыма,
Олжабай, ортақ болдың бір басына.

Олжеке, тартынасың неге жүрмей,
Бағана қалсаң еді маған ермей.
Бір жұмыс не де болса істеген соң,
Қарада жан қала ма дауға кірмей.

Алдыңа келіп тұрмын, Абай аға,
Бар шығар сізде-дағы мендей бала.
Айдайды кісен салып аяғыма,
Ісіне құдіреттің бар ма шара?!

Абай Жуантаяк пен Есболаттың қарсылығына қарамай, аңдушы жігіттерді айыпты етіп, Олжабай, Қадишаға азаттық әпереді. Екеуін қосып, Абыралыға аман-есен жөнелтеді. Мұқыр сайлауының дәл алдында болған осы билік Абайға қыз төркіні Жуантаяқты, қыздың қайыны Есболатты өкпелі, араз етеді. Оразбай тобына жалған намыс жоқтаған, қалың шоғыр тың руларды қосады. Ол Оразбайды бұрынғыдан да қыздыра түседі. Алыстағы Мұқыр сайлауына омыраулап араласып, асыға қимылдап, пәле шақырып жүреді.

Сонымен, сайлау жақындаған соң Мұқыр болысындағы Абайдың тілектестері: “Сайлауға өзің келмесең болмайды. Оразбай келіп, сүйген адамын болыстыққа сайлап алып, басымызға пәле жаудырады”, – деп, Абайды еріксіз барғызады.

Екі жақ та осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген. Шынында, көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде дендеп тұрады. Қарсы жағында бұрынғы барлық Қоңыркөкшеден жалғыз ғана аз ру Көкше қалады. Одан басқа Мырза-Жөкең деген ел және бұрын Шыңғыстан Құнанбай баларынан қашып, осында шыққан Жігітек, Бөкенші – барлығы да Оразбай ниетінде болады. Осы сайлауға шейін Мұқырдың болысы боп келген Әбен де Оразбайдың досы. Ол қыңыр, надан және өзі о жар, сотқар адам. Бұлардан басқа Шыңғыстың өз ішінен және тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайға астыртын тілеулес боп алған адамдар барды. Соның бірі – Абайдың ағасы Тәңірберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай сыртына шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Мұқырға ояз келіп, сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанды. Ол жолшыбай Тәңірбердінің аулына қонып отырып: “Абай бұл топқа бармасын, барса бүлік болады” дейді.

Абай бұның алдында үйде тыныш отырып, ақындық, ұстаздық еңбек етіп жатқанда, Оразбай, Жиреншелер және Жігітек, Бөкеншіден – Бейсембі, Күнтулар, Жәкеңнен – Әбендер тыным алмай, пәле қоздырып жүрген. Осы топтың анық бүлік, жанжал басы екеніне солардың сыр-мінезін жақсы білетін Асылбектің дәл сол орайда айтқан бір сөзі айғақ.

Сүйіндік баласы Асылбек ру жігі бойынша Күнтулармен бірге болса да, кесір іске бармайтын адал адам бол-

ған. Абайға өз басы дос. Үйде жатқан момын жан екен. Соған бір күні Жиренше кеп амандасқанда:

– Аманбысың, байғызым, – дейді де: – тастың арасында тек жатып, түбін ойлап жатырсың ғой, – дейді. Асылбек соған орай:

– Аманбысың, бәбісегім. Бәбісек көкекше әр қидың түбіне барып, бір “пыс” деп, исі Олжайды түртіп тұрғызып жүрсің ғой! – деп мысқылдайды. Тағы бір орайда Жиренше мінезін жақтырмай ажуалап:

– Қосаяқ қой бұл. Күні бойы тек жатып, кеш батқан апақ-сапақта екі аяқтап, шаңдатып жортады! – дейді.

Бұл айтқаны Жиреншелердей тынымсыздардың елді пәлеге айдап, сол Мұқыр сайлауындай тартысқа әзірлеп жүрген сұмдықтарын танытады. Олар, бір жақтан, бейбіт елді бөріктіріп “жау жетті” деп жүріп, екіншіден, өз араларын да нықтап шүйлей береді. Сол күндерде Оразбай өз алдына әлденеше тәсіл-айланың, қастық, жаулықтың жолын атап, белгілеп ап, осының байлауын енді “Жер табанға берейік” дейді екен. “Жер табан” деп ат қойғаны – сол кездегі Жігітектің қайсар, қыңыр биі Бейсембі. Өздері түртпек салып жүрсе де, араздық туын Жігітекке ұстатпақ. Соларды найза басы етіп, алдына салып алмақ. Сол үшін Жігітектің “Жер табан” таймас, қайсар Бейсембісі топтың байлауын өз аузынан бекітсін дейді. Мұқыр сайлауында болатын оқиғаның бұ да астар жағы, әзірлігі.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады. Оразбайға Әбен: “Елді алатынбыз. Бірақ Абай келді. Енді тағы алып кетеді”, – дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жиылып тұрғанын көреді. Өзінің жаулық ниеті іске асатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен, қол қимылын істеп жіберуді Әбен мен Жігітектерге тапсырады.

Айтқанындай, Абай келген кезде Әбеннің өзі бастаған топ кісі Абайдың үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Кәкітайды өз басына алады. Бір кез Кәкітай оязға жетеді. Ояздар мылтық атып, арашалап алады.

Бұл оқиға ел ішін астан-кестен етеді. Елдің Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, Оразбайды ұстап алып, өлтірмек те болады. Ашу

үстінде әртүрлі ірі жаулықтың жолдарын айтысады. Бірақ Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл сол күні Оразбайдың Тәңірберді аулына тілдесуге жіберген жансызы сезіліп қалады.

Абай соны білген жерде: “Менің жауым бауырымда отыр ғой, бүйткен елде қайтіп тұрам, кетем!” – деп, атына мініп, қасына бір ғана жігітті ала, күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа: “Бұл елде тұрмаймын, жоғаламын!”, – дейді. Бірақ қуғыншылар шылбырына оралып, атын жетелеп, қайта әкеледі.

Барлық осы әлектің терең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл қастық – ескішіл, қараңғы феодалдардың Абайға тап жауы екендігін, сондай қоғамдық тартыс жөнінен өштігін көрсетеді. Олар үшін Абайдың өсиетін, әр өлеңі, жаңа жарық дүниені іздеуі жат жаңалық болып көрінетін. Жуандардың шірік ортасы намысқа дақ салғанда, өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді. Осы іс үстінде сол рубасылар ортасының іштей шірі бастағанын Абай, жалғыз Тәңірберді емес, көп жерден көреді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраты кеміп, таршылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске он есе артық істеп, жаза мен қарсылық көрсету 1897 жылда да қолынан келуші еді. Абайды Оразбайдың сабағанын естігенде, Тобықтының өз іші емес, алыс-жақын көп қазақ күйзеледі де, намысы қозады. Абай үшін ең алдымен Оразбайды жазалаймын десе, қалың қазақ Абайдың жасағынан табылатыны даусыз еді.

Оразбай жөнінде тағы осындай бір іс 1898 жылдың жазында болған. Тоғалақ руынан шыққан Ержігіттің Бейсембайы деген жас жігіт Оразбай айтқан бір бұйрықты орындамайды. Соған ашуы келген Оразбай кәр қылып, қорламақ боп, көр қаздырып, Бейсембайды тірідей көмдіреді де, өлімші ғып жазалап, зорға босатады.

Сол ісіне ызасы келген жай шаруаның көп елі бірігіп ап, Бейсембайдың намысын жоқтап, аттанып барып, Оразбайдың аулын тал түсте шауып, желісін кескілеп, үш мың жылқысына тиіп алады. Елдің осы ашуында Абай кегі де жоқ емес еді. Абай тілесе, бұл жолы Оразбай қайтып тұра алмастай соққы көрер еді. Бірақ Абай ел жуандарынша жау-

лық қумайды. Сол тұстағы барлық басқа ісі мен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді.

1899 жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және сол жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек, жер-қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Абай бұрын Құнанбайлармен араз болған ағайынның бар адамдарын шақырып алып: “Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды. Бұрынғы араздық кекті тастайық”, – деп Жігітек елімен татуласады.

Абай жуандардың ісін ұлыққа да шақпаған. Заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылмағына өмірден суынып, қажі бастағаны да себеп болған. “Алды – үміт, арты – өкініш” өмірден енді шын түнілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.

Қай қызығы татиды қу өмірдің,

Татуды – араз, жақынды жат қыларға?! –

дейді.

Бірақ Абайдың өз басы осы күйде болғанымен, 1897 жыл әлегінің арты Тобықты ішінде із-тозсыз өшіп қалды, партия, пәле, алыс-жұлыс тыйылды деп ойлау керек емес. Рубасы, атқамінер атаулыға ол ауа мен су сияқты тыныс, қорек ететін азығы. Сондықтан Абайдың өз бала-інілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Бар күштерін ел кегін алуға салады. Баяғы әдіс-тартыс қайта қолданылады. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып, басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік жазаларымен орындайды. Абайдың намысын, ісін қуған жақындары ендігі барды осы шербешнайларға салады. Екі жақ бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады.

Бұл тартыс-таластардың тұсында жандарал, ояз кеңселері де, әсіресе жасырын тыңшы полиция кеңселері де тек отырып қалмайды. Тегінде, патшалыққа қарсы болған төңкерісшіл топтармен іштей достық, байланыс жасаған

Абайға патшалықтың ресми орындары, кертартпа ұлықтары көптен қадала қарап жүрген-ді.

Жылдан жыл асқан сайын қазақ сахарасына өлең-өсиет үгіті тарап, қалың елге, әсіресе еңбек еліне қадірі артып бара жатқан Абай, патшалықтың болыс ұлықтарын шенеп жерлеуші Абай жәйлі кісі, жақсы кісі боп саналмайтын. Сондықтан оның ел ортасындағы әсерін әлсіретіп, қанатын қырқатын дүлей күш қазақтың өз ішінен табылса, оны жандарал кеңселері әлдеқашан құптап, қостаушы болуға өзін жүретін. Оразбайларға астыртын дем беріп отыратын өздерінің де арам саясаты бар-ды. Елден Абайды жамандап түскен арыз болса, оны ерекше ықыласпен тыңдайтын. Сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Осындай арыз-шағымның бірін сылтау, себеп етіп, 1903 жылы қырдағы Абай аулына жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кісілерінің бастығы полицмейстер өзі бастап, бір топ жандармдармен кеп, қатты тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға іліктіру еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ, даңқынан, қадірінен жасқанып, батыл әрекет істей алмай кетеді. Сол жолы Абайды астыртын көрсетіп отырған – тағы да бүлік, бұзық рубасылары, сатымсақ болыстар. Абайдың барлық өмір бойында халқына деген қасиетті еңбегіне өш болған қараңғы кертартпа, қанаушы топ.

Абайдың “ел мінезі” деп рубасылар мінезін алып, қатты ызамен, сын сатирамен жырлауы осы халдерден туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы, әсіресе сол 1897 жылдарда және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады. Абай енді жылдан жыл өткен сайын өмірден қажып, шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске ала отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілік ұмытылмайтын “Өлсем, орным қара жерді” жазады.

1896 жылы өзінің бұдан бұрын жазған өлеңдерін “жинасын” деген. Бізге қаншалық ғажап көрінсе де, осы 1896 жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып, жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір оймен қозғалып отырғанда қолына қағаз, қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен. Соны қасында отырып балалары, інілері я жәй адам-

дар болса да, қалтасына салып алып, жүріп кетеді. Содан біреуден-біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып, домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолынан жазылған қолжазбасының бірде-бірі жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттерінің қалтасында, қойны-қоншында жүріп, жоғалып кеткен. Осы ретіне қарағанда, “Абайдың беріде жазған талай өлеңі де ешкімге мәлімсіз болып, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен?” – деген күдік туады.

Өйткені жасынан біткен әдет бойынша, Абай біреудің оғаш мінезін көргенде, ылғи қалжың, ажуа, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, ағайын-туысқандарын мысқыл етіп, солардың мін-мінезін күлкі ғып, әйгілеп айтады. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Сонан соң, кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып-жалпайып сұрап алып та, көзінше жыртып тастайтын болған. Мысалы, Көкбайға, Қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, дос-жар таныстарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары “ана адамдар өкпелер” деп, жасырып жоғалтып жіберетіні де бар. Еске алатын бір нәрсе, Абай кісі мінеп айтып, өлең шығарғыш болғанда, сол құралды ешуақытта нағыз жауына жұмсамаған. Өлеңімен мысқыл қылатыны ылғи жақыннан шыққан адамдар болады. Ал бұлардың Абай сөзін жоқ қып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

1890 жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, “қара сөзбен” айтатын өсиетті көп жазады. “Ғақлия” деген өсиеттері сол 1890 жыл мен 1898 жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар.

Қалай да соңғы 10-15 жыл ішінде Абай осы сияқты жаңа жанрды тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі.

Бұл кездерде Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған ел оқушылары “қара сөздер” шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болады. Қайта берірек келгенде, ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен қара сөзді тілейтін. Соған көп ынтығатын. Тегі, “қара сөздер” кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, сонда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты. Бұл ретте Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына, мезгілімен тізіліп, жазылып, елге тарап отыруына көп еңбек еткен адамдар бар. Олар: Кішкене молда, Махмуд, Самарбай, сонан соң әсіресе Мүрсейіт. Баспаға шыққанынша жыл бойы әлденеше рет Абай жинағын көшіріп отырып, Мүрсейіт бір кітапты бір қойға сатушы еді.

Өз өлеңдерін 1896 жылға шейін жиғысы келмегені – Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздері өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен Абай жалғыз Марабай мен Шөжені ғана “нағыз ақын” дейді екен. Бірақ Абай Махамбет сияқты ірі ақындарды ести алмаған. Абай өз сөздерін қатаң сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген. Тегінде, Абайдың өсиеті, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері мұның маңына өз тұсындағы талапты жастардың талайын жинаған дедік.

Жас шәкірт ақынның бәрі де, қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жолы, дағдысы болғандықтан, өздеріне Абайдан алған үлгіге қосып, тың бір түр іздеген сияқты. Сондықтан көпшілігі ұзақ, әңгімелі өлең жазады. Абай барда Көкбай шығарған әңгімелі өлең “Сабалақ” – Абылай жайы. Ақылбай “Дағыстан”, “Зұлыс”, “Жәррах” деген поэмаларды, Мағауия “Медғат – Қасым”, “Шамиль”, “Абылай”, “Еңлік – Кебек” поэмаларын жазады. Және Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай сияқты жастардың Әбдірахман науқасына, өліміне арнап жазған ұсақ өлеңдері көп. Бұлары – мұнды шер өлеңдері, нағыз сезім лирикасы.

Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен

шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын өте жақсы қабылдаған. Бірақ кешірімсіз қатты сын жасап отырады. Олардың сөздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Сөз айттым “Әзірет Әлі, айдаһарсыз”,
Мұнда жоқ “алтын иек, сары ала қыз”.
Көрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, –

дейді.

Алғашқы жолдағы “Әзірет Әлі, айдаһарды” Көкбайға арнаған. Оның діншіл қисса сарынымен жазған бір өлеңін жақтырмай айтқаны. “Алтын иек, сары ала қызды” Әріп ақынның “Зияда” деген қиссасына арнаған. Әріп қыз көркін айтқанда:

Ақ тамақ, алтын иек мойындары,
Ұжмақ, жұпар ісі қойындары.
Бағдат, Мысыр қызығы ұқсамайды,
Бұлардың сауық қылған ойындары, –

деген.

Сұлу қызды сипаттаймын деп, “иегі алтын, көзі гәуһар” деп, түсіне қарамай, асыл тастарды санай береді. Соған айтқан.

Абайдың сын сөздері ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде әсіресе Әріп қатты намыс қылып, кектеніп, Абайдың есесін қайырмақ болып, “Біржан – Сараның” айтысына өз жанынан Абайды жамандау сияқты көп сөздер қосқан деседі. Осы айтылған мысалдар ақын боламын деген жастардың шығармаларына Абайдың үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң, Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға сөздерді жеткізетін – жалғыз жазу ғана емес, қайта, көбінесе, домбырашы, әнші жігіттер. Осы жағынан қарағанда, Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жаттаушылары хат білетін, арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел

болады. Фольклор мен жазба-баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші-ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса – барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері, Абай әндері болған.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді, осымен қатар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар, композиторлық еңбегін де атау керек. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, –

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі халді ойлап, толғанып кеп:

Есіткендей болады,
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды, –

деген жолдары бұның өз еңбектерінің терең тамырлары сол қазақтың өткен өнер, мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу мағыналы жырларын арнайды. Ол – музыкаға ақын болып қосқан үні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та атсалысады. Абайдан қалған 16-17 ән бар. Бұлардың көбі – өзі жазған жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, “Сегіз аяқ”, “Сен мені не етесің”, “Қор болды жаным” сияқты алты, жеті, сегіз жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі жаңа түрлі өлеңдерін өте даңқты қып, көпшілік ән қып әкетеді. Сол тәрізді Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне

әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау өлеңдер арқылы аса түсінікті, әсерлі және даңқты етіп жібереді. 1890 жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары қазақ сахарасында халықтың өзі тудырған жырлардағы адамдардың атындай белгілі, сүйікті аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де, ақындық еңбегі сияқты, өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын пайдалана отырып, “Сөз түзелді, тыңдаушы, сенде түзел” деп, өзінше жаңа түрлі өлеңдер шығарады. Бұрынғы әнді өзі бұрынғы әдебиеттен сонағұрлым артық бағаласа да, ендігі өз әнін жақсы-жаман болса да жаңаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне ұқсаған қоңыр баяу әндер туғызады. Орыс пен Еуропаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінің жаңа бір стильмен дами бастағанын байқатарлық әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, жиыны 1886 жыл мен 1897 жылдар арасында шықты деседі. Өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де жарыса шығып отыратын сияқты.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, Абай 1899 жылы өлеңді недәуір жазады да, осы жылдан соң, алғашқы жаза бастаған 1880 жылдары сияқты, өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4-8, әйтпесе 2-3 өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көретіні – Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт аурудан төсек тартып, жатып қалады. Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып

Еуропа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халінде болған. Бұ да әкесі сияқтанып, қырда отырып, көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған адам еді.

Ел жұмысына кіріссе, әкесінің ісін өз мойнына алатын. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, 1904 жылы жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Өз сынынша: ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналған. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын ешкімге көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, Мағауияның өлімінен кейін қырық күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы алпыс жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда өз қыстауының жанына қойылады.

* * *

Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық басылымының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді. Осы зерттеуде де ақынның өмірбаяны бұрынғы жазылғандардан бірталай өзгертіліп, тың редакциядан өтті. Абай өмірі туралы бұдан былай да ел аузынан жиналатын естегілер, жалпы әңгімелер жамала беруге тиіс. Сонымен қатар ерекше бір көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне әсіресе салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі орыс тілінде сақталған деректер туралы.

Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының – Михаэлистердің не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық. Бір табылған аз сөз – Кеннанның “Сібір және айдау жазасы” деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек. Онан соң, Семей архивінен табылған тергеу ісі бар.

Анығында, Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе, оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен әлі де көп жаңалық табуға болатын тәрізді. Орыс достарының өзара хаттары, естеліктері, күнделік жазбалары да Абай жөнінен қымбат, қызық жаңалықтар айтса керек.

Осымен бірге тағы бір ескеретін нәрсе, бұл күнге шейін Абайдың өмірбаянын жазғанда барлық әңгіме, дерек Тобықтының ішінен және әсіресе Абайға анық жақын болған туыстан, дастан алынып келген. Тек осы соңғы жылда ғана Керей, Уак, Найман елдерінің азды-көпті әңгімелері енді ғана кіріп отыр. Бұдан былай сол сыбайлас елдердің Абайды өз көзімен көріп, әңгімелескен адамдарынан қалған ертегі, аңыз емес, нақтылы деректері, жаңалықтары болса, соларды көп қосу қажет.

Бұның бәрінің үстіне, Абайдың өзі туып-өскен елдің ішінен Абайдың үлкенді-кішілі істері, сөздері, мінез-машықтары туралы айтылатын қосымша әңгіме, естегілер теріліп жазылып, тізіле беру керек. Осындай неше саладан сарқылып келерлік жаңалықтар әлі де бар, мол деп сенгендіктен, біз әлі ақынның өмірбаяны үстей береді, өсе береді дейміз.

Абайдың жайына соңғы жылдарда қосылған өмірбаянының жаңағы соңғы түріне кірген ірі деректерден басқа бірталай ұсақ, бірақ аса қажет, елеулі әңгімелер бар. Олар – Абайды әр жағынан мінездейтін бағалы деректер. Осы жолғы өмірбаянын соның біразын айтумен аяқтаймыз.

Бұл әңгімелердің көбі 1935 жылдан бері қарай, әсіресе соңғы жылдарда Абай ауданындағы немесе жалпы Семей облысындағы колхозшы еркек, әйелдердің аузынан жазылып алынған. Мұнда Абайдың жас жігіт кезінің әңгімелерінен бастап, өлер шағына шейінгі жайлары араласа жүреді. Әңгімелер ақын Абай, әзілқой, мысқылшыл Абай жайын айтады. Өнер мен өнерпазды, аңшылықты, ас пен тойды, ат косуды сүйетін Абайды суреттейді. Және аса бір бағалы естегілер кедей көршіге, жалпы еңбек иесі бұқараға берік дос болған Абайды танытады. Балаға, келін, жасқа тәлім айтып, ұстаздық ағалық етіп отырған ақынды кейі-

птейді. Сондай әңгімелердің бір алуаны Абайдың қалжыңды қадірлегенін көрсетеді. Қалжың, әзілді Абай өлеңімен де, қара сөзбен де айтып, айтысып отырады екен. Абай Көкшеге жас жігіт кезінде бір рет болыс болады. Сонда бір күні Байкөкше ақын Абай отырған үйге кіре бергенде, Абай қарсы алдынан өлең бастап:

Тақыр жерге қабындап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бақ көп бітеді, –

дей салып, “ал осының аяғын отырғанша айтып жіберші” дегенде, Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді, –

деп қалжыңдаған.

Өлең, қалжың Абайда аса көп болған. Ұлы сөзде өрелгі жоқ болса, зіл де жоқ. Жалпы айтыстың еркіндігі бойынша “Сөз тапқанға қолқа жоқ” деп, екшесе берген. Абайдың Ақылбай деген баласынан туған немере қызының күйеуі келіп жатады. Сол кезде күйеуді ертіп келген құда шал отырғанда, Абай өлең бастап:

Есіктің алды тастақ та,
Тастақтың алды баспақ та, –

дей бергенде, жаңағы құда шал:

Атасы басқа жау жеңге,
Күйеу қасына тастап та, –

деп, ойын-сауық өлеңінің ізіне салып жіберген. Абай кейде әзіл сөзді қара сөздей қолма-қол айтып салып, қайта есіне алмай қалдырып кете берген. Осындай бір қалжыңды Ағыбай деген туралы айтады. Біреу кеп: “Ағыбай тағы алдап, сырт беріп кетті” дегенде:

Адам деп есеп қылма Ағыбайды,
Анттан қорқып құдайды танымайды.
Сабын жаққан терідей жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, бір орыннан табылмайды, –

дейді.

Кейде Абай оқыс бір сұраумен ел кісілерін сынайды. Шақантайдың Төлтай, Ошыбай деген кісілері келгенде, Абай: “Қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті?” – деп сұрайды. Соған Ошыбай: “Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан тәтті бар дейсіз бе?” – деп бастағанда, Төлтай Ошыбайдың құрдасы екен: “Ой, ит, оттама. Қатты дегені – жоқшылық, тәтті дегені – жан емес пе!” – депті. Абай күліп: “Жарайсың, Төлтайым. Құдай ақымақты да, ақылдыны да Шақантайға берген екен!” – дейді.

Қалжыңды билік үстінде де қолданып, мылжың даугерді мысқыл-ажуа етеді екен. Мамай Қарабас руынан шыққан Тоқа деген кісі өзінің бір туысынан құнанын даулап, Абайға келеді. Екі жағы бір-бір рет айтқаннан кейін, Абай жауапкерге: “Мына Тоқаның құнанын бер!” – дейді. Бірақ Тоқа дауқұмар, мұндай тез билікке айызы қанбай: “Абай, сөзімді екіндіге шейін тыңдашы!” – дейді. Абай қозғалмай, үндемей тыңдап-тыңдап алып, енді жауапкерге: “Сен енді құнаныңды берме!” – дейді. Сонда Тоқа: “Е, бұның не?” – дегенде: “Сен құнаныңды бағана алып ең, өзің дауға саттың”, – деп, мылжың даукесті жазалайды.

Абайдың ел ішінде өзіне тартып, дос тұтып, серік етіп жүретіндері неше алуан өнерпаздар болған. Кавказ адамы, айдаудан қашқан бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып, әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді үйреттіреді. Сонда Абай нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып, үлгі таратады.

Өнер иесінің ішінде құсбегі, аңшы, мерген, ат бапшылы болса – бәрі Абайдың сыйлас адамдары болған. Жасынан Тұрғамбай құсбегі, Бәшей мерген, өз інісі Шәке сияқты кісілерді ертіп, “салбурынға” (бүркіт аңшылығына қостап бару сапары) көп шығып жүрген.

Ал ән-күй өнерпаздарынан жасында Біржанды сақтап, қонақ еткеніндей, бертінде Мұқаны, Әсетті, Әлмағамбетті сақтап және өзінің барлық балаларын ән-күй өнеріне көп баулыған. Өз әйелі Әйгерімнің әншілігін өсірмек боп, Біржаннан жаз бойы ән үйретеді. Кейін Тәкежанның Мақұлбай деген баласы өлгенде Әйгерімге жоқтау өлеңді өзі шығарып беріп, жаздай жақсы әуенмен жоқтау айтқызады.

Белгілі әнші-күйші емес, жәй орташа айтушыларға да халық жырларын немесе өз тұсындағы ақындар жазған дас-тандарды жырлатып отырады. Топай Бейсембай деген

ақынға “Қозы Көрпешті” Жанақ үлгісімен жырла деп тапсырады. Бірақ бар өлеңін бір қалыпты әуенмен айту жол емес деп, Қарабай, Қодар, Тазша, Сақау қатын, Баян, Қозы – барлығына кей сөздерін өз әуенімен айтқызатын болады.

Халықтың қайрат-өнер спортын да Абай қатты қызықтаған. Өз тұсында болған ірі астардың барлығына ол барып отырады. Бәйгесіне ат қосып, күресіне балуан түсіріп, үнемі зор қызық етіп тамашалайды. Абайдың жолдасы, серігі боп кеткен Құдабай, Нұрмағамбет сияқты “түйе балуандар” болған. Өз тұсындағы “Бозамбай асы”, “Торыайғыр асы”, “Мұрын Бұланның асы” деген сияқты талай асқа нелер жүйрік бәйгелерді апарып қосып жүреді.

“Кедей құла”, “Айдапкелдің ақтабаны”, “Ақбас ат” деген сияқты ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп сатып алып, біреуден базыналықпен сұрап алып, сол арада өзінен сұрап келген сыйлас адамдарына бере салып, ризалап жүрген. Бәйге ат, қыран құс, алғыр ит сияқты көп қызығы болатын асылдардың бір-ақ кісінің қолында болмай, әр ортаның қызықтауында жүргенін мақұл көреді. Осындай естегілер қатарында Абайдың аулына малшы, жалшы, қоңсы-көрші болған әйел-еркектің, жас-көрінің әңгімелері де аса бір қымбатты дерек боп отыр.

Еңбек сүйген адамды Абай зор бағалаған. Өз аулына көрші, малшы болған сондай еңбекшіл адамның талайын Абай байытып шығаруға тырысады. Оспан үйіне малшы боп, артынан Абайдың қарамағында болған Жетібай, Көтібай деген екі кедейді кейін ауқатты ауыл етеді.

Абай аулынан Байсүгір, Дарқан, жаңағы Жетібайлар сияқты талай жандар малданып, әлденіп көшкен. Кейбір пысық, мықты жігіттер кедейліктен ұрлыққа салынып кеткенде, ұрлығыңды қой деп серт, уәде алып, “енді саған ерген кедейлік итті мен көрейін” деп, алдына аз жылда мал салып, тоқ, ауқатты үй етіп жіберген. Тіпті бұрынғы жау Жігітек ішінен де сондай еткен, жақсы көрген адамдары болған.

Кейін барлық бала-шағасымен Абайдың шын берік досы болып қалған Қорамжан сондай адам еді. Мұсабек деген Жігітек ұрысының адам болуына да Абай көп көмек еткен. Қорамжанның баласы Қатпа әуелі малшы болып жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет-бауыр жақыны, дос інісі боп кетеді.

Осы Қорамжан, Қатпалардың Абай қолына жаңа көшіп кеп, кедей боп жүрген кезінде бұрын кеп байып алған Жетібай Қатпаны боқтап қорлайды. Абай Жетібайдың кедейліктен шығып ап, енді кешегі өзіндей кедейді ренжіткеніне қатты ашуланып, бір-ақ күннің ішінде қасынан көшіріп жібереді, бірақ жер беріп, қыстау беріп көшіреді.

Кейін Қорамжан білікті, беделді кісі боп, өзінің Жігітегі ішіне Абай ырзалығымен қайта көшкенде, 15 бие байлаған желісі бар, көп мал иесі боп көшеді. Осындай бұрын ұры болғанның талайын Абай кісі етеді. Әрине, кісі болғысы келгеннің негізі бұзық емесін танып, соны кісі етеді. Болмаса жалпы ұры дегенге Абай аса қатал, қатты болған. Сондықтан да бір ұрының өлеңінде:

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Керей мен Матайды торытқаным-ай.
Қазы менен қартаны кертіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай! –

дейтін сөздер бар. Тегінде, Абай жас шағында бір-ақ рет болыс болған. Мынау орайда болған емес, бұнда Абайдың айтқанын істейтін біреу болыс болғандығын айту керек.

Ұрлық, сотқарлықтың себебі боп, көп уақытқа көп жігіттің басында кедейлік ызғары жүргенін Абай жақсы біледі. Кедейліктің ауыр бейнеті ұры емес, момын көпшіліктің бәрін де езіп жүргенін терең түсініп, Абай өлең, өсиетінде сол қазақ кедейінің жайын көп толғайды. Ырысты еңбек жайын сол кедейге құтқарушы, көмекші есебінде көп үгіттеп, көп ұсынады. Адал еңбек иесі адамнан артық ол сахарада Абай сүйген адам болмаған. Көп өлеңдері мен қара сөз толғауларында кедейдің үнемі жоқтаушысы болған.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып...
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы, –

деген Абай, еңбек иесі кедейге жақын дос, қамқор боп кеп, оның еңбегін қанайтын байды “қара қиына” шейін сатып беретін құлқыны жаман, арсыз қанаушы етіп жерлейді.

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей, –

деген сияқты толып жатқан өлеңдері халық ішінде Абайдың ең жақыны – еңбек адамы, еңбек қауымы екенін айқын көрсетеді. Бір күнгі мәжілісте кедей баласын мінеген тоқ мырзаның сөзін естіп отырып: “Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген дейді. Аз ішсе, негізі тойған дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған дейді. Аз ішсе, шілде-сінде шық көрмеген дейді. Осы кедей баласының кінәдан құтылары бар ма?!” – деген.

Кедейдің момыны, адалы көмек тілеп келген кезде Абай жәрдем етпей қалған емес. Баласы мініп жүрген атты алып беру, өзі жеккелі отырған семіз аты құла айғырды бір шалға бере салу сияқты істері толып жатады.

Осы тәрізді естегілердің соңында Абайдың күндегі тіршілікте балаға, келінге, үй ішіне істейтін достық, аталық, кішіпейілділік мінез-әдеттерінің кейбірін айтуға болады.

Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған ініге Абай істейтін ұстаздық бір алуан. Олардан ақын, білгір, оқымысты адамдар, ел қайраткерлері сияқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдармен достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық мінезді үлкендер емес, мектеп жасындағы балаларға да көп істеген. Абайдың қолында аулында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, көп келіндер де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиеттеріне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы көршілерге де ертең, аңыздар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау аса көп болған. Абай үйі бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып, Абайдың досы Баймағамбеттей ертекішілер ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан әңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан.

Сондайлық тәрбие, үлгі-өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсилә, Әсия, Рахила сияқты оқымысты, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар алдында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп, Абайдың өлең жинағын әкететін болған.

Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен атананы Абай үнемі мінеп отырған: “Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. О да ашуланады” дейді.

Келін, күйеу туралы да Абай көзқарасы жұрттан басқа, кеңдік, еркін, теңдік қалпында ұстауға тырысады. Өз қолында соңғы жылдарда болып, Абайды өзі күткен Кәмәлия (Кәмәш) деген келініне алғаш түскен күннен бастап бетін ашып жүруді шарт етеді. Бар жайдан ұялмай, ашық сөйлесіп отыруды тілейді. Сол келініне Абай өзі өлерден бұрын, ауырмай тұрып: “Мен биыл өледі екем” деп, ішкі өзі түйген ауыр сырын ең алдымен айтады.

Осындай жас атаулының бәріне көнтерлі, кең, дос-жарға, көпке мәжілісі ортақ ұстаз болғандықтан, Абай маңынан елдің талапкер, өнерлі, саналы жасының бәрі арылмаған. Үнемі айналасын, ауылын, үйін қоршап, Абай тәрбиесін кең алып, мейлінше қызықтап жүрген.

Сол себепті шет елдің бір үлкен адамдары Абайға келгенде, жаңағы жастар тағы Абай қасынан шықпай отырғанда, қонақтың бірі:

– Жастар, сендерге бақ берген. Ол бақ күнде ортаңда, қолыңда – бәріне неше алуан ұстаздық, үлгі, өнер үйретіп отырған Абай! Жылында Абайды бір-ақ көретін бізді айтсайшы! – дейді.

Шынында, Абай малшы, көршіден бастап, солардың баласынан, жасынан бастап, айналасындағы барлық естияр жанның, үлкенді-кішілі қауымның, жұрттың бәріне бойында барын түгел, үнемі үлеске салып отырған. Сол арқылы өзі тіршілік еткен ортасына тағы да мол сәуле төгіп, нәр беріп отырған Абай да ақын Абайдың өнегелі сыр-сипатын танытушы еді.

СӨЗ БАСЫ

Қазақ оқушысына тарту етіп отырған бұл кітап – қадірлес, бауырлас, достас халқымыз – қырғыз ақындарының өлеңдерінен құралған жинақ. Мұнда ата, әке, бала буындарындай бақытты қырғыз халқының социализм дәуіріндегі шат-шадыман тірлігін, көркін жырлаған бірнеше буын ақындардың сөздері бар. Мұнда Ленин, Сталин бастаған жаңа тарих дәуіріне халықтық жырмен сырын әкеп қосқан қырғыздың дана ақыны Тоқтағұл сөздері бар. Қырғыз халқының жазба әдебиетін жас шағынан бастап кеп, социализм дәуірінде өрлеп өскен революциялық поэзияға өзінің үнін, үлесін әкеп қосқан Тоғалақ Молда сияқты аға ақын да бар. Қырғыздың советтік поэзиясын революция басынан бері қарай бастаушының бірі – зор талантты, бүкіл Одақ оқушысына аты мәлім Аалы Тоқамбаев жырлары да бұл жинақтан елеулі орын алады. Аалымен ілес, қырғыз советтік поэзиясын көркейте дамытқан, үлкен өріске өрлетуші болған, аса талантты ақын Жомарт Бөкенбаевтың жырлары да бұл жинаққа кіріп отыр.

Одақ оқушысы мен қазақ оқушыларына көп еңбектерімен көптен мәлім боп танылған Қуанышбек Мәліковтей, Темірқұл Үметалиевтей және біздің Одақтағы бауырлас дүнген халқынан шыққан Ясыр Шивазадай үлкен ақындардың жырлары да осы жинақта аударылып, оқушы жұртшылығымызға жаңа сыйдай ұсынылып отыр.

Қырғызда жазба әдебиет кенжелеп туса да, халық поэзиясы бүкіл Одақ әдебиеті көлемінде өзгеше орында тұрған ен қазына болатын. Поэзия өнері – ұзақ ғасыр жасаған талантты, сергек саналы, ерекше өнерлі қырғыз халқының аспан құшқан Алатауын таңдап орнағандай бола-

тын. Халықтық ұлы дастан, асыл жырлар молдығын айтсақ, ол сол қырғыз халқының өзі мекен еткен алып тауы – Алатаудай; ақындық теңізі – айдын шалқар Ыстықкөлдей болатын. Бұл күнде сол халықтық қазынадан өрбіп-өскен өз жырларын халықтың шынымен, сырымен суарған Тоқтағұл сияқты жұрт жыршысынан үлгі алып кеп, совет заманында үлкен өнер, табысқа жеткен, атақ, даңққа ие болған – Алымқұл Үсенбаев сияқты халық ақыны да қазақ оқушысына тағы да тың жырларымен танылатын болады.

Осы аталған алдыңғы топ, аға ақындардан басқа, Алықұл Османов сияқты қырғыз поэзиясына, өзінің шақ өмірінің бойында, көп елеулі, талантты жемістер беріп кеткен, орта буын ақындар да бар еді. Содан бері қарай қырғыз советтік социалистік поэзиясын осы күнде тың сапаға, үлкен өнерлі, мәдениетті поэзия дәрежесіне жеткізіп келе жатқан, жас ақындар шығармалары да бұл жинақтан елеулі орын алады.

Сол қатарда, әйел ақын Сәгін Абдықарімованың, Сүйінбай Ералиевтің, Қуаныш Ақаевтың, Ергембай Ұзақбаевтың, Абдырасұл Тоқтамышевтың, Барпы Алықұловтың, Кеңешбек Асаналиевтің өлеңдері де біздің оқушы сүйсініп оқитын жырлар есебінде, қазақшаға аударылып отыр. Бұдан былай біздің қалың оқушы жұртшылығымыз олардың атын да, еңбектерін де жақсы білетін болады.

Бүгінгі күнде көп салаға, әдебиеттік көркем жанрлардың барлығына да ие болған қырғыздың советтік социалистік әдебиеті тек бұл жинаққа кірген жазушылармен түгелденбейді. Көркем прозада, бүкіл Одақ жұртшылығы мен қазақ оқушысына да аттары даңқты болған, еңбектері қызықты, қадірлі боп тараған “Ажар”, “Бақыт” сияқты шебер, көркем повестердің иесі Қасымалы Байалиновтай жазушы бар. Сталиндік сыйлық алған “Біздің заманның адамдары” атты күрделі, талантты романның, тағы да сондай бірнеше ірі еңбектердің авторы болған Түгелбай Сыдықбековтың аты да қазақтың оқушы жұртшылығына мейлінше қанықты да қадірлі.

Бұлардан басқа ертеден қырғыз прозасына мол еңбек етіп келе жатқан Қасымалы Жанташев сияқты ірі жазушылар да бар.

Қырғыз әдебиетіне Ұлы Октябрь социалистік революциясынан соң қосылған жанр – драматургияда көп еңбек еткен, Отан соғысында қаза болған Ж. Тұрысбеков сияқты зор талантты драматург болған-ды. Драматургияға көптен атсалысқан Молдағазы Тоқабаев, Қасымалы Жанташев, Қ. Мәліков, Ж. Бөкенбаев, Т. Шамшиев, Қ. Ешмәмбетов, Шүкірбеков сияқты жазушылардың да қырғыз әдебиет тарихында орындары бөлек. Қырғыз драматургиясына Аалының қосқан үлесі де аз емес.

Бауырлас, ерекше достас, көп табыс-талаптарымен бастас келе жатқан советтік қырғыз халқының XXV жылдық мерекесіне арналып шыққан бұл жинақ, тек қырғыз ақындарының поэзиялық қана жинағы дедік. Бұдан бөлек, Қырғызстанның XXV жылдық мерекесі қарсаңына Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы Түгелбай Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары” деген атақты романын да қазақ тіліне аударып, бастырып шығарды.

Осы жинақтың ішіне кірген үлкенді-кішілі өлеңдер Тоқтағұлдан бастап, бүгінгі жас жазушыларға шейін өсіп, дамып келе жатқан Қырғызстандағы советтік социалистік халықтық поэзияның үдеп, өскен жолын көрсетеді. Бұл жырлар өздерінің үлкен идея, жарқын мүдде, жалынды шындығымен Ленин, Сталин дәуірінде анық бақытын тапқан қырғыз халқындағы социалистік әдебиеттің үлкен табыстарын танытады.

Жинақта көп ақынның бірлескен, үйлескен үндерімен айтылған ұлы алғыс ең алдымен халықтар көсеміне арналады. Қырғыз халқының ұлы Отан тауып, айнымас, бұлжымас теңдікке жеткен бақытты шағын баяндайды. Социалистік ұлт болған, гүлденген қырғыз елінің үлкен отаншыл сезімдерін жыр етеді. Совет мемлекетіне, халқына барлық жігер, қайратымен, адал еңбегімен аттары мәлім болған, қырғыздың бүгінгі ұл-қызынан шыққан Еңбек Ерлерін жыр етеді. Сонымен қатар көп ақындар үн қосып тыныштық еңбекті сүйгендікті жырлайды. Олар өз жырларын дүние жүзіндегі бейбітшілікті сүюші халықтарға қастық ойлап, дүние жүзін тағы да қанға бояғысы кеп отырған империалистік құзғындарға қарсы қаһарлы қару қып жұмсайды.

Бұл жинақтағы үнемі айқын көрініп отыратын тағы бір үлкен сарын – Сталин Конституциясы жарығының арқа-

сында бақытты, еркін еңбек қуандырған, қанаттандырған халықтық табыстарды жар етеді.

Тілектесіміз қырғыз ақындарының шығармалары қазақ тілінде көрікті боп шығуына қырғыз әдебиетін білетін, сүйетін бір топ ірі, басшы ақындарымыз қатынасты. Олар: Сәбит Мұқанов, Ғали Орманов, Тайыр Жароков бастаған Қалижан Бекхожин, Мәриям Хакімжанова, Хамит Ерғалиев, Қайнекей Жармағамбетов және басқа талантты ақындарымыздың тобы.

Туған республикасының XXV жылдығына, шат шағына көрнекті көп жеміспен келген достарымыз – қырғыз жазушыларының бұдан ары да бүкіл отандық социалистік әдебиетімізді биіктен-биікке өрлететін ұлы жаңалықтар, ірі табыстар қосуына зор тілектестік білдіреміз. Және сондай табыстарға қырғыздың талантты жазушылар отрядының толық жететініне кәміл сенеміз.

В ДРУЖНОЙ СЕМЬЕ СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ НАЦИЙ

Трудящиеся Советской Киргизии отмечают знаменательную дату – 25-летие своей республики. Это торжество является большим и радостным событием для всех народов нашей социалистической Родины. Горячо приветствует братскую республику в этот день казахский народ.

Общность исторических судеб киргизского и казахского народов в прошлом, при их ближайшем соседстве и родственности языка, хозяйственного быта и уклада приводила буржуазных историков к вредному, совершенно неправильному выводу о том, что эти два народа являются одной нацией. В течение многих веков киргизский и казахский народы лишены были исторически правильного наименования.

Между тем и казахский, и киргизский народы имеют свои, только им присущие, национальные признаки; каждый из них имеет свою историю, свою культуру, свой язык, свою территорию. Роднило их одно – жгучая ненависть к царским колонизаторам и собственным феодалам и баям, роднила общность цели – борьба за свое национальное и социальное освобождение. Царское самодержавие, баи и феодалы не считались с национальными особенностями киргизского и казахского народов. Они зверски грабили трудящихся казахов и киргизов, душили их национальное самосознание, топтали национальную культуру.

Много раз за свою историю объединяли свои силы трудящиеся казахи и киргизы в борьбе против колониального и феодально-байского гнета.

Великая Октябрьская социалистическая революция принесла полное освобождение казахскому и киргизско-

му народам, открыла перед ними широкий путь к национальному возрождению. Мудрая ленинско-сталинская национальная политика привела к невиданному расцвету экономики и культуры казахского и киргизского народов. Ныне казахский и киргизский народы – равноправные социалистические нации в братской семье народов СССР, успешно строящие великое здание коммунистического общества.

Новым содержанием наполнена теперь дружба между нашими двумя братскими народами. Эта дружба идет по всем линиям – хозяйственной, культурной. Развивая свою культуру, национальную по форме, социалистическую по содержанию, казахский и киргизский народы взаимно обогащают друг друга, вносят каждый свой вклад в общую сокровищницу советской культуры.

Живым, качественно и идейно новым воплощением близкого родства наших двух народов является творчество великана народной поэзии сталинской эпохи Джамбула. Вспоминая долгие годы своего творчества, Джамбул говорил, что он вскормлен двумя материнскими источниками народной поэзии – казахским и киргизским. И если Джамбул знал лично киргизских акынов Балыка, Найманбая, Калмурзу, то после Великого Октября на смену им пришли, как он говорил, слитые воедино песни народов всей нашей необъятной Родины, в том числе подлинно народные песни возрожденного киргизского народа.

С могучим голосом Джамбула сливали свои голоса советские киргизские акыны Токтогул¹, Алимкул², Калык³ и другие, создавшие песни, полные пафоса и веры в высокие идеалы коммунизма, песни, наполненные братской незыблемой дружбой наших народов. Эти песни любимы и популярны среди казахов.

Большой вклад в великое дело укрепления ленинско-сталинской дружбы наших народов вносят писатели Киргизии и Казахстана. Между нашими братскими народами происходит непрерывный процесс обмена культурными ценностями, достижениями в области литературы и искусства. Широкие круги казахских читателей прекрасно знакомы с творениями таких киргизских поэтов, как Аалы Токомбаев⁴, Жомарт Бокомбаев⁵, Маликов⁶, Уметалиев⁷. Ка-

захские читатели с огромным интересом следят за развитием таких новых, рожденных лишь после Великого Октября, жанров художественной литературы в Казахстане и Киргизии, как проза и драматургия.

Лучшие рассказы, повести, романы, вышедшие из-под пера таких выдающихся киргизских писателей, как Касымалы Баялинов⁸, Тугельбай Сыдыкбеков⁹, Джантошев и других, имеют среди казахских читателей широкую популярность. Эти произведения киргизской литературы известны многим тысячам казахов, любимы ими.

В честь 25-летия братской Киргизской республики Казахское государственное литературное издательство выпустило две книги. В одной из них, в переводах лучших поэтов Казахстана, представлена киргизская советская поэзия, включающая образцы творчества народных акынов, поэтов старшего поколения и лучшие стихи молодых киргизских поэтов. Другой книгой, изданной к юбилею Киргизии, является казахский перевод романа Тугельбая Сыдыкбекова “Люди наших дней”, который, как известно, удостоен Сталинской премии.

Казахские читатели с большим интересом знакомятся с произведениями киргизских драматургов Турусбекова¹⁰, Бокомбаева, Эшмамбетова, Маликова, Шукурбекова¹¹ и других.

Мы гордимся и радуемся тому, что молодое киргизское советское искусство добилось за последние годы выдающихся достижений. Творчество таких крупных деятелей искусства Киргизии, как композитор, народный артист СССР Абдылас Малдыбаев, народные артистки Киргизской ССР Сайра Киизбаева и Мариям Махмудова, широко известно в Казахстане. С горячей любовью принимали жители нашей столицы Алма-Аты спектакли Киргизского драматического театра, приехавшего к нам на гастроли.

С глубоким вниманием следят ученые Казахстана за серьезными достижениями ученых братской Киргизии. В Киргизии уже выдвинулось немало докторов и кандидатов наук, вносящих серьезный вклад в советскую науку. Зная значительные достижения ученых Киргизии, мы выражаем уверенность в том, что не за горами то время, когда Киргизский филиал Академии наук СССР будет превращен в

Киргизскую Академию наук. Рост высших учебных заведений создает уверенность, что в столице Киргизии Фрунзе будет в ближайшее время открыт Киргизский государственный университет.

Тысячи киргизских юношей и девушек, заполняющих ныне аудитории вузов, являют собой ту мощную силу, которая понесет на своих плечах дальнейшее развитие киргизской советской науки, искусства, литературы. Нет сомнения в том, что под руководством партии Ленина – Сталина и Советского правительства Киргизия добьется новых успехов в борьбе за коммунизм.

В день великого торжества братского киргизского народа, в счастливый день его истории, из нашей солнечной Алма-Аты мы шлем пламенный привет и лучшие пожелания трудящимся родной Советской Киргизии.

АБАЙ МҰРАСЫ ЖАЙЫНДА

Абайды тану – жалпы қазақ әдебиетін тану тәрізді әлі жас ғылым. Оның жетіскен шама-шарқымен қатар, әлі олқылығы, кемшілігі де көп. Бірақ бұл үрдіс өсіп келе жатқан және қазақ әдебиетінің өзге тарауларын тануымыздан көрі өнімдірек өскелеңдеп келе жатқан ғылым тарауы екенін де жұртшылық біледі. Бізде Абайды тану жұмысына тек әдебиетші ғана атсалысып отырған жоқ, тарихшылар, тілшілер, көркемөнер зерттеушілері, педагогтер, тағы да осыларға жалғас әр саланың мамандары тарапынан үлестер қосып келеді.

Басы әдебиеттік зерттеулерден бастап, жаңағы айтылған әр салада Абайды зерттеушілердің бәрін алсақ, барлық тобымыз да, алғашқы кезеңдермен салыстырғанда, өсе түскен, жұртшылық тани түскен табыстарымыз жоқ емес. Сонымен қатар алғашқы зерттеу кезеңдерінде сол аталған топтың ішінде әрқайсымызда әр дәрежеде және әр алуан қателіктер болғаны да рас. Бірақ, қателесе жүріп – іздендік, іздене жүріп – өстік. Абайды тану ғылымы да соған орай әуелгі шалағай, қателігі мол сатыдан басталып, бері басқан сайын біртіндеп өсе түсті. Сөйтіп, зерттеушілік ойлар өсумен қатар, Абайды тану ғылымы да аздап кеңейіп келеді дейміз.

Бірақ шын мол сапалы еңбек нәтижелерін беру жолында әлде де алдарымызда тұрған қарыз-міндеттер көп. Сондықтан жоғарыда Абайды танудың олқылығы көп дегенді әдейі алға салып айтып отырмыз.

Сондай ретте ойлауды керек ететін жайдың бірі – Абайдың мұрасы турасында. Бұл жөнде зерттеу, сынау, ойлау керек болатын жайлар аз емес. Қай шығарма Абайдың қай кезеңіне тиісті, қайсысы Абайға қонымды емес, оған сыйымсыз деген жайлардан да күдік айтуға болады.

Бұл жөнде жолдас Сталиннің: “Ешбір ғылымның пікірлер тартысынсыз, еркін сынсыз өсе алмайтыны, дами алмайтыны көпке мәлім” деген тіл жөніндегі данышпан басшылық ойларын қапысыз қағида етеміз.

Пікір таластыруға, күдіктенуге, сөйтіп жүріп анық объективтік негізде келісуге де болады, көніспеуге де болады. Сонда, әсіресе, таласқа салған шығарманың өзі беретін нақтылы, дәл дерегіне қарайық. Сөзіміз документке, шын ғылымдық зерттеуге негізделсін. Тіпті болмаса, документ болмаған, амалсыздық жағдайда, тым құрыса көңілге анық қонымды дәлел, өнімді ойға сүйенсін. Құрғақ күдік ғылымды өсірмейді. Ол дәнсіз гүлдей өмірі жоқ, өзінен әрі қарай өрбітер нәсілі жоқ, тұл сөз болады.

Екі сала мәселе бар: біреуі – Абайдың өзінің мұрасы (даулы, таласты мәселелермен қоса) жайында; екіншісі – сол Абай мұрасы туралы істелген еңбектер жайында. Абайдың өз мұрасы тұтас алғанда, бұрынғы мен бүгінгі пікір айтушылардың бөрінің тегіс келісетін басы ашық бір мәселесі бар. Ол: Абайдың қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі, тарихындағы үлкен орнын қадірлеп бағалауда. Өз мұрасы турасында, Абай жайында жолдас Сталиннің Пушкин туралы айтқан ғылымдық қорытынды пікірлерін қолданамыз. Абай да, Пушкин сияқты, өз еңбектерінде танытқан қазақ тілінің структурасы, грамматикалық құрылысы және негізгі сөздік қор (фонд) жөнінде бізге қазақтың бүгінгі сөйлеп жүрген әдебиеттік тілінің қалпынан көп айырмасы жоқ із қалдырады. Яғни жеке сөздігінен бұл күнде айтылмай қалып қойған, ескірген мысалдар болса да, Абай халықтың тілін өз тұсындағы үстем тап санашылдары қолданған діншіл кертартпа топтар жаргонға айналдырып бара жатқан тілден тазартуға тырысады.

Горькийдің Пушкин турасында айтқандай, қазақтың халық тілі әдебиет тілін қалай жасау керек екендігін, халықтық қорды қалай пайдалану дұрыс болатынын көрсетті. Пушкиннен соңғы орыстың тілі – әдебиеттенген халықтың тілі болғандай, Абайдан соңғы қазақтың тілі де – әдебиеттенген халықтың тілі бола бастады. Бірақ бұған қарап біз Абайды толы мағынасында Пушкинмен тең, сонымен бас тас орында тұр деп айта алмаймыз. Пушкин әдебиеттің бар жанрында жазды. Абай аз жазды және азғана “қара сөзін”

айтпасақ, негізінде әдебиеттік бір ғана жанрда жазды. Оның үстіне, Абай тұсындағы қазақ қауымы Пушкин тұсындағы орыс қауымының мәдениетінен төмен күйде еді. Қазақ ортасына жазу-сызу өнері де жаңа ғана кіріп келе жатқан шақ болатын. Сондықтан Абайдың біздің мәдениет тарихымызға көп еңбек сіңіргенін тани отыра, оны Пушкинмен шендес, теңдес деп ешкім таласпайды.

Енді Абайдан қалған мұраның даулы-даусыз, күдікті-күдіксіз жайларына оралайық. Жақында, “Лениншіл жас” газеттің 7-санында филология ғылымының кандидаты жолдас С. Нұрышевтің “Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы” деген мақаласы басылды.

Бұл мақаланың Абайды тану мәселесіне атсалысқан кейбір дұрыс талабы жоқ емес. Абай мұралары туралы ойлану керек, кей жайлардан күдіктеніп іздене түсу керек, сол зерттеулер нәтижесінде бүгінгі Абай мұрасы деп жүргеннің кейбіреулері оныкі болмай шығуға мүмкін. Өзі күдікті болмаса да, туған кезеңдері, жылдары жайында күдіктенетін қисын бар деген пікір негізінде, Абайды танушылардың ойланатын мәселелері. Әсіресе жаңағы соңғы жайы мүлде орынды.

Бірақ, осымен қатар, сол мақаланың жазылуына себеп болған нақтылы түйінді, өзінше деректі деген мазмұнына келсек, ж. Нұрышевтің мақаласы Абайды тану ғылымына табыс болып қосылатын еңбек емес, көбінше дәлелсіз, дәрменсіз және көп қателіктерге толы, шалағай шабуыл көрінеді. Жоғарыда айтқандай құрғақ күдік, жеміссіз түл сөз боп шыққан.

Жолдас Нұрышевтің мақаласының негізгі ойлары не?

Ол – Абайдың мұрасынан алғашқы кезең дегенді жоқ ету керек дейді. Абай шығармаларын 1882 жылғы өлеңдерден, мысалы, “Қансонарда” өлеңінен бастап қана тану керек дейді. Бұлай болғанда, Абайды 37 жасынан ғана, бір-ақ күнде ақындықты, пайғамбарлық дарығандай, ағыл-тегіл бір-ақ бастады деуіміз керек.

Жолдас Нұрышев өз аузымен: “Абай алғашқы кезде ақындықты ойлаған жоқ” дейді. Екінші – “Абайдың жас шағында жазғаны” дегенді күдікке алғанда, үш түрлі дәлел айтады. Әуел бұлар 1909 жылда басылған жинақта жоқ. Екінші – “Мүрсейітің қолжазбасында жоқ және “Абайдың

архивінен табылған өлеңдер емес” – дейді. Мұның үстіне, ол өлеңдердің бәрін “кәриялардан алынған” деп, “кәрия” дегенді дәргүмән дерек етіп бағалайды. Абай шәкірттерінен, Абайды жасынан жақсы жаттаған көпшілік халық өкілдерінен алынған анық Абайға тиісті, Абайдан басқа ақын айтып көрмеген 1933 жылда қосылған шығармалардың бәрін де даулы дегісі келеді. “Кәрия” дегеннің өзін шеттігіне іліндіріп, оны түгелімен зиянды бағыттағы айтушы етіп те көрсеткісі келеді. Сөйтіп, Абайдан қалған архивтің, қолжазбаның жоқ екендігіне көңіл бөлместен, кейін жиналып қосылған, көпшілік аузынан жазылып қосылған Абай шығармаларының бәрін күдікті етіп қояды.

“Сондықтан бұлардың бәрін де біреудің есімде қалып еді дегеніне сүйеніп, жинаққа кіргізілгендігінде сөз жоқ” – дейді.

Мақаланың бұдан соңғы ең үлкен түйінді пікірі – шығыс жайында. Шығыс әсерінің Абайдың жас кезінде еліктеу түрінде болғанын айту, ж. Нұрышевтің ойынша, қылмыстың үлкені боп көрінеді. Шығыс дегенді жіктеместен, талдамастан, түгелімен оқушыға құбыжық етіп, үркіте көрсетеді. “Алғашқы кезде еліктеді дегеннің өзі де бекер. Абайға жапқан жала” дейді. Шығыста шығыс бар, советтік елдер шығысы бар екені, оның: Низами, Науаи, Фирдоуси, Хафиз сияқты классиктері бүгінгі күнде біздің барлық советтік туысқан елдеріміздің ең ескі, қадірлі қарт классиктері саналып отырғанын ескермейді. Мақалада болымсыз бұлдыр, бірлі-жарым сөз болмаса, бұрынғы шығыстың өзін жіктеп қарау да ж. Нұрышевта мүлде жоқ. Әр мәдениетте екі мәдениет барын айтқан Ленин ойын бұл жолдас бұ тұста елемеген, ұмытқан.

Абай оқыған медреседе, панисләмистік, пантуркистік кертартпалық санаға толы кітапшыл молдасүрей ақындар ортасында Науаи, Физули, Фирдоусилер мүлде естілмейтін. Олардың орнына софылық, мистикалық қараңғы схоластикалық сана-сарынды танытқан Қожа Ахмет Йассауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр тобы ғана жүретін.

Бұл топтарды айыра түсіндіру орнына, ж. Нұрышев түгел шығыс дегенді бір-ақ топтан алады да, Абайдың 1933 жылдың бері қарай қосылған шығармаларына түгел күдік айтады. Бірақ шығыс жөнінде айтқан сөзіне қарасақ, ғылым атынан сөйлеп отырған ж. Нұрышев қарға адым жердей,

кішкене ғана мақаласының бойында өзіне-өзі қайшы келіп, екі түрлі сөз сөйледі. Өз сөзіне өзі оралып жығылады. Жаңа келтірген сөзінде “еліктеді дегеннің өзі бекер, Абайға жапқан жала” деп алып, мақаласының екінші бөлімінде өз аузынан сол “жаланы” өзі қоса құптап отырғанын аңдамайды. “Абайдағы шығыс әсері дерлік бейнелер еріксіз жұққан азды-кемді қайшылық қана” – деп алады да, содан ары және де “Абайдағы шығыс әсері дерлік азды-кемді қайшылықты бұлармен дәлелдемеу керек және сондай жағдайда жүргенде, Абайда ондай болмашы белгілердің қалғандығына таңданбау керек. Жұртшылықтың көңілін оған аударып, кері сілтемеу керек” дейді. Осы өз сөзіне қарағанда, ол жайды зерттемеу керек дегені болмаса, Абайды шығыспен өзі де байланыстырып отырған жоқ па? Қайшылық деп айтса да, алғашқы “жала жапты” деп айыптағандарының тобына өзі де барып, еніп кетіп отырған жоқ па? Мүлде шығыс жоқ десе, ол бір пікір болар еді. Оны айта алмайды да және шығыстың бәрін тұтас ұнамсыз бір-ақ бояумен батпита қиянаттап алады да, Абайды өзі де апарып сол “зиянды”, “жаман” деген шығыспен тұтасынан қабыстырып қояды.

Жолдас Нұрышевтың бұдан соңғы өзінше елеулі пікірі: “Ұлы адам мұрасын ұсақ-түйекпен өлшемеу керек. “Шәріпке” деген орынсыз өлеңді айтқызу тіпті қиянат”, – дейді. Және шығыс елдерінің, бізше, Науаи сияқты ақындарына еліктеп жазған үш өлеңін мінегенде “мағынасыз кертартпа өлеңдер” дейді. “Бірақ мұндай нашар мағынасыз өлеңдерді, шығыстың кертартпа дәстүрімен жазылған өлеңдерді зерттеп білмей тұрып, Абайға таңа салуға болмайды”, – дейді.

Біз кейін ол өлеңдерге тоқтағанда, сол шығармалар тіл жағынан аламыш болғанымен, нашар да емес, мағынасыз да емес және әсіресе шығыстың кертартпа дәстүрімен жазылған өлеңдер емес екенін дәлелдейміз. Оны біз “зерттей білмегендіктен” басқанымыз жоқ, мүмкін зерттеп отырып басқан болармыз да, Нұрышев жолдас өзі сол өлеңдерді ойлап, аңдап қарамай, зерттеу былай тұрсын, тіпті мүлде ұғынбастан-ақ жалпы күдік атымен жалаға ұшыратып отырған болар. Нұрышев жолдастың өзінше нақтылап, Абайдың жас шағындағы өлеңдерге қарсы айтқан тағы бір пікірі бар. Мақаласындағы дәл дерекке сүйеніп айтылған жері осы ғана дейік.

Онда не дейді?

Абай өмірінің жиырма жеті жылының бойына сегіз-ақ өлең табылған, оның барлық жиыны сексен алты-ақ жол дейді. Бірақ Абай томының алғашқы беттерін ғана аударып, жас кездің жылы аталған сегіз-ақ өлеңін алып сөйлеу жеткіліксіз. Оқушының қайсысына болсын ешбір күмәнсіз, Абайдың 37 жасқа шейін емес, 20–25 жасар арасында жазғанына ешбір күдік қалдырмайтын тағы бірнеше тамаша өлеңдері, сол ж. Нұрышев басын қарап, аяғын аңдамаған томның “Жылы белгісіз” деген өлеңдер тобында тұр. Олар: “Сап-сап, көңілім” – 59 жол, “Жарқ етпес қара көңілім” – 8 жол және “Тайға міндік” – 45 жол, жиыны жас кездің (яғни 37 жастан бұрын жазылған) 112 жол қосымша өлеңі және бар.

Бұл өлеңдер жас Абайда ақындық үлкен өнер барын танытады. Олардың болашақ реалист Абайдың және өзіне де, ортасына да үлкен сыншы, ойшыл болатын Абайдың белгісін айқын көрсетіп тұрған өлеңдер екеніне кім таласар екен?

Енді ж. Нұрышевтің мақаласындағы пікірлерін барлық өзінше түйінді, нақтылы деген жақтарынан шолып алып, солардағы дәлелсіз, орынсыз теріс долбарға кезегімен жауап айтайық.

Өзге емес, ең әуелі, Абайды шын сүйетін, оның жайындағы дәл деректерге, дәлелдерге шын ықылас бөлетін қадірлі жұртшылығым үшін төмендегі біраз фактілерді айттып өтейік. 1909 жылғы баспада барлығы 5399 жол өлең бар еді. Оның 1090 жолы аударма болатын. Жіктегенде: 362 жолы Пушкиннен, 398 жолы Лермонтовтан (Гете, Байроннан аударған бірер өлеңін Лермонтов арқылы аударылғандықтан осы санға қосып отырмыз), Крыловтан 180 жол және Буниннен 16 жол.

Осы аудармаларды есептегенде, Абайдың өз жанынан жазған өлеңдерінен 1909 жылғы баспада шыққаны – 4309 жол болады. Ал Мүрсейітте бар дегенге келсек, оның қолжазбасы біреу емес, әлденешеу болған. Соның ішіндегі қолға түскен ең молырағына, көлемдісіне қарағанда, баспаға кірмей қалған 17 өлең бар еді. Оның жиыны – 626 жол болатын, 45 қара сөз бар еді. Бір тарихтық мақала бар-ды. Осыларға қоса 1933 жыл, 1939 жыл, 1945 жыл баспаларында

және 45 өлең қосылды. Олардың ішінде жалғыз ауыз қысқа экспромт, қалжың-өзіл, ұсақ мысқыл өлеңдермен қатар, Пушкин, Лермонтовтан қалып қойған аудармалар да бар. Оның үстіне, даусыз, дәркүмәнсіз анық Абайдікі дерлік сан әсем өлеңдер бар. Бұлардың жол саны – жиыны 1086 жол. Сол өлеңнің бірі – “Әзім” поэмасы. Лермонтовтан аударған “Вадим” поэмасының өзі де Мүрсейіттің кей жазбасында бар, кейінде жоқ болатын.

Сүйтіп, 1933, 1939, 1945 жылдар баспасын жинау-тізу арқылы Мүрсейітте басылмағанды қосқанда, қара сөздерден басқа, 1708 жол өлең қосыпшыз. Сонымен, Абайдың толық жинағын, өзінен қалған архив болмаған күйде, өз қолымен отырып көшірткен нұсқа да болмаған күйде біртіндеп, жылдар бойы жиып жүріп, анық толық жинақ дәрежесіне жеткізуге тырысқан еңбектер болыпты. Нәтижеде бүгінгі Абай жинағы 5399 жол емес, 7133 жол болыпты. Қара сөздер өзіне басқа.

Бұл еңбектің барлығын күдікшіл ж. Нұрышев есептемейді, елемейді. Оның сенімсіз ойына илансақ, Абайдың жас шағындағы өлеңі ғана емес, Мүрсейітте болмағандықтан, 1909 жыл баспасында болмағандықтан және “кәрия аузынан алғандықтан”, барлық жаңағы 1086 жолға түгел күдіктену керек. “Кәрия” дегенді де жоғарыдағы “шығыс” дегендей екінші құбыжық, күқай етіп танытқысы келеді.

Рас, кәрияның кәриясы бар екені даусыз. Кертартпа санның, үстем таптың халыққа қас, қарсы үгітін сақтаған кәрия бар. Сонымен бірге, жазуы болмаған елдің, әсіресе арғы-бергі тарихынан қалған қазыналарын ауызша сақтаған, жадына тұтып, жолдас Калинин айтқандай, “халықтың алтынындай” қойнына тығып, ауыр өткел замандардың бәрінен алып өтіп, мәдениетті заманға, біздің заманға жеткізіп отырған талай асыл сақтаушылар және бар. “Кәрияның есімде қалып еді дегеніне сене бермеу керек” деген ойды біздей, XIX ғасыр ортасына шейін жазушы, ақыны шықпаған және одан кейін де жазып айтқан ақындардың қолжазбасы, архиві, документі қалмаған елдердің өткен қазынасын өлшеуге “ғылымдық нұсқа” деп алсақ, онда Абай ғана емес, барлық XVIII–XIX ғасыр әдебиетімізден не қалар еді? Онда Бұхардың мұрасы, Махамбеттің мұрасы, тағы сол қатарлы бар ақындарымыздың мұрала-

ры шалағай ойдың жауапсыз жеңілдігі, келеңсіз күдігі астында бордай тозбас па еді?

Бұның түбінен халықтың көп ғасырлық халықтық тарихына, ой қазынасына, өткен замандардағы заман елесін өз әлінше әр алуан қалыптаған еңбектерге, сол еңбектерді мұра ғып қалдырған қайраткерлерге сенбеушілік туып отырған жоқ па? Оның түбі кешегі совет әдебиетіндегі әр алуан буржуазиялық бағытта болған кейбір орыс әдебиетін зерттеушілердің зиянды сенімсіздігіне, нигилистік көзқарасына тұпа-тура барып соқпай ма? Өз алдына болған еңбектердің мінін айтумен қатар, табыстары барын елемуге бола ма? Елемейін десе де, біздің советтік ғылымдағы партиялық бағыт сенің ырқыңа көне ме?

Дәл осы тұста жолдас Сталиннің Марр мен оның шәкірттері туралы “Маррдан бұрын ешбір тіл тану ғылымы болмаған” дегенін Нұрышев жолдасқа мықтап ұстау керек. Нұрышев жолдас азға күдіктенемін деп көпті күйретіп отырғанын аңғара ма екен?

Тағы да өзге емес, жұртшылығымыз үшін бірнеше тарихтық дәл деректер, мәліметтер айтайық. Мүрсейіттің өзі, жас жағынан алғанда, Абайдан 10-15 жас кіші адам болған. Өмірі Абайдың өз қасында өткен емес, Абай ағайындарының бірнеше ауылдарында кезектеп бала оқытып жүрген. Ал, Абай жинағы тек 1896 жылы ғана қағазға топталып жиналатын болған. Ол істі істеген Мүрсейіт емес, Мағауия, Ақылбай, Көкітай, Көкбайлар. Бұлар алғашқы істі Абайдың өзінің тапсыруымен, сол 1896 жылы бастайды. Сонда 1896 жылға шейінгі Абай өлеңдері қайда кеткен? Ондағы Абайдың қарындашпен жеке қағазға жазған өлеңдері Абай маңындағы жас ақын, өнерпаз хат таныған ақын-шәкірттердің, жастардың қолды-қолына тарап кетіп отырған. Кейін 1896 жылы көшірілгенде, сол тарап кеткен өлеңдер жиналған, бірақ бәрі түгел жиналып үлгірмеген. Сөйтіп, сол кездегі хат таныған адамдардың тірі қалған көпшілігі 1933 жылдарға шейін өздері білгендерін берумен келді. Немесе солардың балалары әкелерінен жаттаған өлеңдерін жинаушыларға біртіндеп қосып бере-берумен келді. Ондай өлеңдер Абайдан қалған анық өз мұрасы есебінде ел-елдің ішінен әлі де табылуы мүмкін. Біздің бұрынғы жинауымыздың сан олқылығын сондай қосушылар әлі толтыра беруі және мүмкін.

Ал 1933 жылдың баспасын мен әзірлеген кезде сүйенгенім – жалпы көрия емес, Абайдың бар өлеңін жатқа білген, бұрын өздері үшін көшіріп жаттап алып жүрген жақын шәкірттері болатын. Рас, олардың көбі Абайдан жасы көп кіші адамдар еді. Және олардың өз ішінде де әр алуан жандар бар-ды. Солардың сенімділерінің ішіндегі жасы үлкені Көкбай болғандықтан, ол Абай өлеңдерін сол баспаға әзірлеген шәкірт ақын жинаушының ең үлкені болады. Қысқа өлең, аударма өлең, ұзақ өлең деп қосылған Мүрсейітте жоқ 1086 жол өлеңнің көбін жинап берген сол, Абаймен өле-өлгенше бірге жасасқан Көкбай болатын. Көкбайдың үлкен еңбегі де осында еді.

Жолдас Нұрышев “Абайдың жас дәуірі неге жасалған” деп кінәламақ болады. Жоғарыда айтқандай, өз аузымен “Абай алғашқы кезде ақындықты ойлаған жоқ” дейді. Бұнда дәлел емес, долбар ғана бар. Дау емес, далбай ғана бар дейміз.

Жолдас Сталин айтқандай анық: “пеш үстінде жатып ап, бал ашу” ғана, сәуегейлік айту ғана бар. Болмаса, бұл пікірде не зерттеушілік, не ғылымдық, не Абай мұрасына пайдалы боп қосыларлық, оны байытарлық, не олжа, не табыс бар екен?

Ең әуелі, Абай 37 жасынан ғана ақын болды, “Қансонардан” ғана бастады дегенге кім сенуіне болады. Сондайлық піскен, көркем толық өлеңнен ақындықты бір-ақ бастау, бір-ақ күнде кеп ақындық дарыды деген кереметке иланған балшының сөзі емес пе!?

Өмірбаянына бұл жөнде тыңнан қосылған көп деректерді, куәліктерді, барлық түзу оқушы иланатын шындықтарды былай қоялық. Ал Абайдың өздігіне, жастығына және біртіндеп өсіп келе жатқан ақындық, жекешелік талантына қонымды, үйлесімді, тек Абай ғана сол заманда айтарлық өлеңдер болса, неге беземіз?

Сондай өлең Абайдың Нұрышев жолдас күдіктенген 27 жыл бойында көп болмаса да, мүлде жоқ па екен? “Абыралыға”, “Сап-сап, көңілім”, “Тайға міндік”, “Жарқ етпес” деген өлеңдерді осы мақаланы оқумен қатар, мен көп жолдас-тардан, өздерінің есіне түсіру үшін, Абай жинағынан дәл осы арада қолма-қол оқуларын өтінер едім. Және өздерін куәлікке шақырып, біздің осы дауымызға төреші болула-

рын сұрар едім. Дәл жаңағы өлеңдер Абайдың 1882 жылдан бұрын, жас жағында айтылғандығына күдіктенуге бола ма екен? Және, әсіресе, сол өлеңдердің көлеміне, көркемдігіне, анық қазақ поэзиясындағы сол тұстағы сонылық, жаңалығына қарағанда, “болашақ үлкен ақын Абай жазуға лайық өлеңдер емес” деп кім айта алар екен?

Осы өлеңдерге реалист, сатирик болатын, сыншы, ойшы болатын, дінге де, дүниеге де, жас өміріне де жаңаша қарай бастаған Абай көрініп тұрғанына күмәндануға бола ма? Жаңағы айтқан жайларды ұғынып көру, зерттеу ғылымдық ізденудің нағыз қадірлі міндеті болмас па еді? Күдіктенсе осылардан, не басқа өлеңдерден, “мынау шумақтар, анау жолдар пәлендей себеппен Абайға қонбайды” десе, ол – ғылым атынан сөйлейтін кісінің ауыз тола айтатын өнімді, жемісті ойы болар еді. Жолдас Нұрышев осылай бастаса, мәселені осылай қойса, Абайды тануға анық көмектесер еді. Ал ол болса, бар жастық өлеңдерін түгелімен сынап, танып аңғарып та болмай, мүлде жоққа шығармақ. “Сапсап, көңілім”, “Тайға міндік”, “Жарқ етпес” өлеңдерінде жылдары жоқ, “жылдары белгісіз деген, қайдан білейін” десе, біз ойлана түс, үніліп қарап, зерттей түс дер едік. Өмірбаяндық деректерге ықылас бөле түс дер едік. Олардың жылы белгісіз болғанда, 1865 жыл мен 1870 жылдың қайсысы екені бізге күдікті болғандықтан солай қойылған. Ал ол жастық дәуірінің 20–25 арасының өлеңі екенін шындап ойланып оқыған дұрыс ойлы оқушы өзі де айыра алады. Мысалы, жылы белгісіз өлеңдер қатарына біз Әбдірахманның өліміне арналған төрт өлеңді де қостық. Әбдірахман 1985 жылы өлген. Абай сол жылы да көп өлең шығарып, кейін де бірнеше жыл бойында арманда кеткен сүйікті ұлын есіне түсіріп, өлеңдер жазып жүрген. Сондықтан бұл өлеңдер 1896, 1897, 1898 жылдарда да жазылуға мүмкін болғандықтан, дәл жылын білмегендіктен, “жылы белгісіз” өлеңдер қатарына қойдық. Бұнымызда дауласуға келетін қателік те болуы мүмкін.

Ал Нұрышев жолдас “жаман өлеңдер”, “ұсақ-түйек”, “ұят өлеңдер” деген бір топ өлең таппақ болады. Бірақ атайтыны бір ауыз экспромт қалжың – “Шәріпке” деген өлең. Ол – мысқыл өлең. Шәріптің күйеуі Түңлікбай Абайға жасы құрбы адам. Соған, әрине, қалжың айтқанда, сыпайы

түрде айтпай, өткір мысқыл, тапқыр теңеу келтірсе де, Абай тұрпайы түрде, натуралистік дәрежеде айтады. Бірақ сол қалжыңның өзі де, аңдасаңыз, күшті ақын айтарлық қалжың өлең деп білеміз.

Жолдас Нұрышев күдіктенген, Абай жастығына қимайтын өлеңнің енді бірі “Абыралыға” деген өлең болса, бұл аса қызық шығарма. Мұнда Абай Абыралыны мазақ етем деп мұсылманның намазын, намазда айтатын дұғалығын қылжақ-мазақ қып отыр.

Қираатын оқытып,
Көріп едім шатылды.
.....
Құржаң-құржаң етеді,
Жерұшық берген кісідей
Тоңқандай ма, не етеді? –

деп, намаз оқып тұрған Абыралыны, бар қимыл-қозғалысымен бір мазақтап өтеді де, енді дұғалықты сықақ қылады:

Еннағтайына кәлкәусар,
Пошол дереу күнәкәр,
Аяғын ойлап айтқаны,
Әні-шәні күләптар.

Осында “пошол дереу” деп орыс сөзін қосып, құран аятына араластыра мысқылдап отыр. Бұны, жолдас Нұрышев айтқандай, шығысшыл, “шығыс әдебиетінің ескі дәстүріне еліктеген мағынасыз өлеңдер” деу үшін қаншалық дәрежеде ойсыздық қажет екенін мен тіпті өлшей алмаймын.

Бұл шығыспен байланысты өлең екенінде және дау жоқ. Өйткені шығыстан келген ислам дінімен шайқасып отырған жас, азат ойлы, ойнақы сатирик Абайды көріп отырмыз. Бұл өлең Абайды шығыспен туыстырса, онда шығыс ескілігімен алысу дегеннің өзі не болмақ?

Егер бұл туыстыратын болғанда, сын деген қайсы болмақ?

Шығыспен туысқаны сол – Абайды осы өлеңімен қоса сол күндегі имам, ишан шорай – исламдердің тергеуіне берсе, пәтуа сұраса неғылар еді. Кітабын өртеп, өзін көпір, әйелін талақ дер еді. Немесе, бәлки, отқа өртеп, дарға да асамыз дер еді...

Жолдас Нұрышевтің Абайдың жастық өлеңдері арасында өлердей өші, оның ойынша, кертартпа шығыспен идеялық жағынан байланысты үш өлең: “Йузи раушан”, “Физули, Шәмси” және “Әліп-би” өлеңі. Бұл өлеңдерге сүйене отырып, идеясы, мазмұны қандай екенін ұғынбай, аңдамай жатып жолдас Нұрышев ол өлеңді жинаушы, бастырушыларға барынша үлкен айып тағып, жалалап, кінәлай келеді. Жә, осы үш өлең қандай?

“Йузи раушанда” сұлудың нұр жүзін тамашалағаннан басқа, соның шұғыласына елтіп, ынтық-ынтызар жайын баян етуден басқа не бар екен? Абайда кейін туатын, саф қазақ тілінде жазылатын, сұлу қыз жайын баян еткен “Қақтаған ақ күмістей” өлеңінен мынау өлеңнің мазмұны жағынан жырақ, идея жағынан бөтен не белгісі бар?

Рас, тілі аламыш, алашұбар. Бұл ол өлеңнің кемшілік жағы дейік. Бірақ оның идеядан кертартпалық танытып тұрмағаны айдан айқын. Сонан соңғы шабуылға ұшыраған өлең – шығыстың классик ақындарын санаған бір ауыз экспромт. Осы жерде санаған ақын ішінде бүгінгі туысқан елдеріміз, советтік шығыс: азербайжан, тәжік, өзбек ақындарының классик үлгісіндегі қадірлі тобының ғана атын атап отырған жоқ па? Бұдан Сопы Аллаяр, Қожа Ахмет Йассауи неге жоқ? Солардың жоқ болуы Абайдың сол жас күнінде дұрыс бағытта іздене бастағанын жақсы аңғарып танытпай ма екен? Орыс тілін, орыс әдебиетін білмей тұрған күнінде, жақын шығыстың жақсы ғана ақындарын таңдап алу Абайдың жастығына айып емес, тіпті мақтан екенін аңғармауға бола ма? Ал “Әліп-биге” келсек, бұнда:

Әлиф дек ай иузіңе ғибрат еттім –

деп бастағанда, ғашық-мағшұқ жайынан, жас жалынды білдіре бастағаны айқын түр. Содан ары:

Ләм, ләбіңнен ем қылсаң мен дерттіге,
Мем, мөһіріңнен қалмас ед бар апатым.
Нон, нала ғып қайғыңмен күйдірдің көп,
Уау, уайлана ғишқында уайым жеп, –

деп келеді де, ақырғы төрт жолдың алғашқы екі жолында:

Я, ярым, қалай болар жауап сөзің,
Мәт-қасың, тәштит-кірпік, сәкін-көзің, –

дейді. Содан ары ешбір дінсіз, кертартпа идеясыз, реакциялық шығыс сарынынсыз қазақ жасының өзі құрбы қызына хатпен жазып отырған тілегін, қолқасын айтады. Рас, оны сол “Әліп-бидің” түрімен, ойнап жұмбақтап келсе де, ақырында натуралистік тілек түрінде айтады.

Әрине, Абай ол кезде кей сезім, кей теңеулерді натуралистік түрде айтады. Бүгінгі біздің сыпайыланған, мәдениеттенген әдебиеттік тілімізге, ұғым, түсінігімізге ұяттау, дөрекі көрінетін тілмен айтады дейміз. Бірақ, Абай заманындағы көпшілік қолданған тіл-теңеуді еске алсақ, ондай Нұрышев көзіне ұятты көрінген сөз бен теңеулер Абайдың бергі кездегі өлеңдерінде жоқ па екен? Сөйтіп, сыншыны Абай мұрасынан үркіткен, ол өлеңді бастырушыларды қатты айыптап, сезікке алып, жала жаптырған жаңағы өлеңдердің ішіне тағы біраз үңіле түссек, әр ақынның жастығына тән кемшілігімен қатар (бірақ ол идея кемшілігі емес), өзінше қызық бағалы қасиетін де көреміз. Осы өлеңдерде не әулие-әнбие, не әлдеқандай зарзаман, болмаса махшар, немесе тәубе-табыну, сиыну дегендерден иненің жасуындай белгі бар ма? Бұл өлеңдер Абайдың анық жастығына тән, ыстық жалынды, еркін сезімді уыз жастық өлеңдері екеніне ешкім күмәндана алмайды. Бұларда діншілдіктен бірде-бір елес жоқ. Олармен салыстырғанда, Абайдың кейінгі дәуірде жазған қайшылығы мол, тар көлемді: “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңі, болмаса басқа өлеңдерінде ұшырайтын ислам дінін өзінше шартты түрде болса да қабылдау, құптауды алсақ, мынау өлеңдер идеялық жағынан әлдеқайда азат ойдың, еркін сезімнің жайын танытады.

Онан соң, Абайдың орыс мәдениетіне бойұрғанын, сонысы оның классик болуына айқын себепші болғанын айтумен қатар, кей шығармасында жоғарыда біз талдап айырған дұрыс шығыстың әсері барын бергі кезде шығарған шығармаларынан да сан рет көреміз. Сонда Абайдың “Масғұт” поэмасы, “Ескендір” поэмасы анық шығыспен байланысты екеніне кім күмән келтіреді. “Масғұт” поэмасының басы:

Я, алла, хұрметіңе достың Махмұт,
Тілге жар бер, білінсін тура мақсұт.
Һарұн-Рашит халифа заманында,
Бағдадта бір жігіт бар аты Масғұт, –

деп басталады.

Ал, біздің соңғы зерттеуіміз бойынша, “Ескендір” поэмасына Низамидің үлкен дастаны “Ескендір-намадан” мазмұнын алған. Соны өсіріп, өзгертіп жазған шығарма болады. Бұл алуандас творчестволық байланыс үшін “шығысқа жақындады” деп айыптайтын болсақ, сыншы жолдас, Абайдың алғашқы 1933 жылы кірген, жас шағының жоғарыдағы өлеңдеріне ғана шабуыл жасау керек емес, бүкіл Абай шығармасының басынан-аяғына дейін күдіктенсе болады. Сонда бұл сыншы өзінің ішін, шынын, бәлкі, толық, түгел аша түседі. Ол үшін де жинаушыларға айып таға түсіп, өзіне сол дәлелсіз жалақорлық, айыпкершілік, қараборандату арқылы күмәнді “олжа” таба түсетін болар.

Сөйтіп, біз Абайдың алғашқы дәуіріне қисынды деп алған үш өлеңді де түгелімен Абайға орынды, қисынды деп танимыз. Рас, бұлардың зор кемшілігі бар, ол – аламыш тілінде. Бірақ ол – жас Абайдың іздену жолындағы, белгілі ақындық приемдармен ойлап, ізденуіндегі алғашқы шалағайлығы. Анық еліктеу деп осыны айтады. Өйткені еліктеу, тегінде, ақындықтың үлкен қасиеті емес. Еліктеу – ақындық қуаттың әлсіз кезінде болады. Одан ары еліктеу емес, үйрену деген, оқу деген басқа сапа келеді. Мынада Абай жоғарғы жақын шығыс классиктеріне сырттай ғана жанасады. Еліктеу белгісі сол сырттай жанасуда. Олардың да кейбірінде көп кездесетін, ғазелдерінде жиі ұшырап отыратын кейбір сопылық сарындарға Абай ол үш өлеңде мүлде баспаған. Ендеше, тіл жөніндегі аламыштық – заманына берген баж.

Кейін тілдегі осы шұбарлықты жеңгені – Абайдың да, біздің де мақтанамыз. Жаргонды қолдануы, әрине, табыс емес еді. Бірақ соның бала шақта болып келіп, ақыры соны Абайдың жеңіп, басқа сапаға ауысқаны, халықтық қорға өзінің ақындық тілін терең тамырмен байланыстырғаны – Абайды зерттеудің қызықты мәселесінің бірі. Кейін кемеліне жеткен жолдарын аңғартып, творчестволық эволюциясын зерттеу үшін қызықты.

Нұрышев жолдас Абай мұрасын жинаушыларды айыптағанда, әр жайларға емеурін жасап, кейбіреулерге жұртшылықты дүрліктіріп, өшіктіре, жала жаба кіріскен еді. Ал, міне, Абай жастығының өлеңдерін тегіс шолып өткенімізде, Нұрышевтің айыптамақ болған жинаушы, зерттеушілері

анық дәлел, дерекпен есептесетін оқушының көзінде айыпты болмай, дұрыс еңбек еткен боп шығып отыр.

Нұрышевтің “Жас Абай өлеңдері” деген топта “неге ба- сылады” дейтін, бір-бір ауыздан айтылған екі-ақ өлеңді ғана айтуға болады. Соның бірі – “Шәріпке”. Рас, бүгін және бас- қа да 1933 жылдары қосылған сол алуандас бір-бір ауыз аз өлеңді баспаса да болар еді. Бұл жөнінде, бәлкі, Нұры- шев жолдастың күдігі айтуға келетін, ойлануға тұратын жайлар шығар. Бірақ Абайдан қалған мұраның ішінде бұры- нғы баспалар мүлде елемей кеткен бір сала бар-ды. Ол кей- де ұзақ өлеңмен, кейде бір-бір ауыз өлеңмен айтылған сын, әзіл, сықақ экспромт, эпиграмма сияқты, Пушкин, Лермон- товтай классиктерде әсіресе көп болған үлгілері. Соны ой- лап және Абай мұрасының көп жайлары, үлгілері, әсіресе жас шағының шығармалары көп жоғалып, бізге жетпей қал- ғанын ойлап, қолға түскеннің бәрін Абай ақындығына бір сыпатпенен сыйымды дерлік болса, оқушыға білдіріп қалуға тырысқанбыз. Сонда бірлі-жарым, жалғыз ауыз, өте аз сан- ды өлеңдерді кей жинаққа кіргізбеуге де болады. Бірақ жол- дас Нұрышевқа енді біздің де айтатын кінәміз бар.

Ол жолдас “Абай шығармасының жастық дәуірін неге аз көрсеттің” деп кінәласа, “Неге сол дәуірге көп қадалып, көп белгілер жинап, жарыққа шығарып беріп отырмайсың- дар” десе, міне, үлкен орынды талап та, күдік те осы болар еді. Оның орнына ұғынбастан, ойламастан ғылымға мүлде жанасы жоқ сәуегейлікпен сөйлейді. Абайдың жастығы ақындық жастық емес, оның ақындығы тек 1882 жылдан – 37 жасынан ғана басталды. Абайға жастық дәуірдің ақын- дығы қонбайды, оны аз өлеңдерден болса да құрастыру айып деп санайды.

Ұлы ақынның ақындығы қанша ұлы болса да, бір күнде бір-ақ бұрқ етіп басталмайды. Оның 1882 жылға дейінгі ақындығының ұзақ ізденушілік алды бар. Осылай екені дау- сыз. Сол ретте ол кейде ауызша өлең шығарып, кейде кітап- шылаған тілмен жазба өлең шығарып іздене жүріп, бір шақтарда “Абыралыға”, “Сап-сап, көңілім”, “Тайға міндік” тәрізді талай тамаша өлеңдерін туғыза жүрген. Сондағы біздің олқылығымыз не?

Біз Абайдың осы дәуірінің және одан кейінгі дәуір- лерінің де көп өлеңдерін қолымызға түгел түсіре алмаған

сияқтымыз. Әсіресе жас дәуірінің еңбектері Абайдың өз ақындығына толық сене алмай, өлең шығарса да, көп құнттамай, сақтамай жүрген кезінде туғандықтан, ұмытылып, жоғалып қалған. Осы өлеңдерін сол Нұрышев күмәнданған ауызша айтушыдан, халық арасынан әлі де көп жинай түсуіміз қажет. Сол істі біз аз істеп жүрміз. Және бір кемшілік – кейбір 1909 жыл баспасына кірген өлеңдердің жылдарын да анықтап ойласа түсуіміз керек.

Көпшілік болып осыған тың еңбек, дерек қосқанымыз жөн. Еңбексіз, дерексіз құрғақ күдікшілер Абай мұрасына көмек етпейді. Біздің бәрімізге зор талап қоюшы партия, совет жұртшылығының алдында, ондай адамдар өз басына да арзан олжа, еңбексіз оңай абырой қоса қояды деп сенбейміз.

Абай жөнінде істеген азды-көпті еңбек болса, оны сынағанда көмек бере сынағанды түгел құптаймыз. Абайды тануға сан саланың білімпаздары атсалысып, біздің зерттеушілік ойымызды түзу бағыттауға көп жағынан жәрдемші боп келді. Соның нәтижесінде, белгілі кемшіліктері болса да, бірнеше әдебиетшінің қомақты еңбек тудырғандары бар. Қолжазба күйде жүрсе де, мысалы, Сәбит Мұқанов Абай туралы үлкен монография жазды. Қ. Жұмалиев жолдас өз тәжірибелерін қорыта келіп, докторлық диссертация жазды. Абайды тану ғылымының осы нәтижесі менің де творчестволық, ғылымдық өсуіме аз көмек берген жоқ.

Бұл күнде өзім түсінген Абайды тану ғылымының бір нәтижесі “Абай” романы деп білемін. Екінші нәтижесі – биылғы жылы мен жазып бітірген, әзірше қолжазба күйде жүрген ғылымдық зерттеу – Абай жөніндегі монография. Бұл еңбектерімнің де олқылығы жоқ демеймін. Бірақ тапқан табысымыз болса, ол жөнінде Ленин партиясына қарыздармыз. Жұртшылығымыздың көмегі арқылы біздің Абай жөнінде алғашқы істеген еңбегіміз бен соңғы келген нәтижелеріміздің арасында бірталай өріс жатқаны халқымызға қанық-ты. Абайды тану мәселесін өзінің қыңыр-қияс, бұлдыр-бұраң есебіне қарай “бұрып пайдаланамын” дегендерге жұртшылығымыздың жол бермейтініне көзіміз кәміл жетеді.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Марксизм-ленинизм өзінің басқа ғылымдардан ерекше артықшылығын өмірмен нық байланыстылығы арқылы танытқан. Адам баласының тарихын биік асқарға бастаушы ең қасиетті ғылым екендігін ол ғасырдан аса дәурен ішінде, өмір жүзінде нақтылы нәтижелермен көрсетіп келеді. Бұл ғылымның осы қасиетін біз В.И. Ленин мен И.В. Сталин еңбектерінен сан рет тану, білумен келеміз.

Заманды бастағандай, тарихтарды, халықтарды жаңғырта өсірген даналық ойлары біздің ұлы көсемдеріміздің әр дәуірде жазған ғылымдық еңбектерінің өзінен туатын. Сол қатардағы дәуірлік зор тың еңбектің бірі – Сталин жолдастың “Тіл біліміндегі марксизм жөнінде” деген шығармасы. Мұндағы базис пен қондырма жөніндегі пікірі, тапсыз социалистік қоғамдағы даму заңының өзгешелігі жайындағы пікірі, тіл мен базис арасындағы жалғастықты шешкен ойлары, тіл мен ой арасындағы жайды білдірген пікірі, социализм дүние жүзіне жеңіспен тараған кезге шейін ұлттық тілдердің өсу жолын айтуы және социализм дүние жүзінде жеңіп орнаған дәуірде тілдердің қалай қалыптасуы жөнін баяндаған пікірі сияқты жайларды қорыта келсек, марксизм-ленинизм ғылымының жаңа биік сатыға қарай дами түскенін танимыз.

Мұның осыншалық қазыналық қасиеті болғандықтан, қазіргі күнде тілшілер, философтар, тарихшылар, әдебиетшілер және неше сала табиғат ғылымдары қайраткерлері де Сталин жолдастың еңбегін зерлеп оқып, терең ұғынып қолдану жолында еңбек етіп келеді. Бұл мәселенің бірінші кезеңі – сол еңбекті ұғынып, түсіну сатысы болса, енді сондағы пікірлерді өзді-өз ғылым саласында, творчестволық түрде қолданып пайдаланып, соның жемісін ғылымдық

іздену жолына жұмсауға тырысуы басталды. Міне, осы мақсатпен қазақ әдебиет тіліне жанастыра бұл жөнінде сөз қылғанда, әзіргі айтатын пікірлеріміз ойлану, ойласу ретіндегі алғашқы адымның бірі болып саналады.

Қазақ әдебиет тілінің жайына келгенде, Сталин жолдастың сол еңбегіндегі нақтылы әдебиет тіліне арналған жақтарын ең алдымен еске аламыз. Бұл ретте алдын ала жалпы айтатын бір қорытындымыз, сол ұлы еңбектің ұзын бойын алғанда, әдебиет тіліне, сонымен қатар қазақ әдебиет тіліне де жанаспайтын жақтары жоқ деуге болады.

Сталин жолдастың бұл еңбекте әдебиет пен әдебиеттің тіліне көзеп, нақтылап айтылған сөздері Пушкин тілі жөнінде, РАПП пен пролеткульт жайын Марр жүйесімен жалғастыра сынап кеткен жерлерінде айқын көрінеді. Сонымен қатар халық тілі дегеннің көп ғасырлар бойында құрала-тынын айтқаны, тілдердегі тоғысулар мәселесін ашқаны, базис пен тілдің күнделік байланысын шешкені, әрбір тілдің өсу, өну тарихын сол тілде сөйлеген қоғамның тарихтық өсу, дамуымен байланыстырып тексеру керек дегені – бәрі де әдебиет тіліне, соның ішінде қазақ әдебиеті тіліне де, оның өсу, қалыптану жолдарына да мол сәуле төккендей. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ әдебиет тілінің бұрынғы өсу дәуірлері, онан соң, әсіресе социалистік дәуірде өсуі, өзінің барлық дерек, жағдайларымен Сталин жолдастың еңбектерінің зор мағыналы тезистеріне кезекті мысалдардың біріндей боп отырады.

Ендігі қазақ әдебиет тілінің өткен ғасырдағы бір елеулі кезеңіне ой тоқтатудан бұрын, Сталин жолдастың Пушкин туралы айтқан қорытынды пікірін, оған берген тарихтық бағасын еске түсіре кетейік. Сталин жолдас орыс халқының барлық классик әдебиеті мен жазушыларының ішінен Пушкинді ерекше бөліп атауының өзгеше мәні бар. А.М. Горький: “Пушкин халық тілін қалай қорытып пайдалануды бізге көрсетіп кетті”, – дейді. Анығында, Пушкиннен кейінгі дәуірдегі орыстың әдебиет тілі – әдебиеттенген халық тілі. Сондықтан да ол оны Россияның тіл мәдениеті тарихынан екшеп алып отыр.

Сталин жолдастың Пушкинге берген бағалары, оның мұрасынан шығарып қорытқан тарихтық критерийлері,

белгілі дәрежеде, өзге елдер классиктерінен де әр мөлшер, шамада табылатын ерекшеліктер болады. Бұл қатарда біз Шевченко, Церетелли, Чавчавадзе, Налбандян, Абовян, Ахундов, Хетагуров, Абай, Банзаров, Тоқай сияқты жазушыларды еске аламыз. Мысалы, қазақта Абайды алсақ, оның тіл структурасы, грамматикалық құрылысы, негізгі сөздік қоры – біздің бүгінгі қауымымыз сөйлеп жүрген тілдің өзі болады. Осындай жайды жоғарыда аталған барлық классик жазушылардың өзді-өз елдерінің бүгінгі тілдерімен нық байланыстылық түрінде берік айтуға болады. Шартты түрде болса да, оларды Пушкинге ұқсас қасиеттерге ие болған классиктер дейміз.

Енді осы айтылған жүйелік, басшылық ойларды бүгінгі қазақ әдебиет тіліне қолдану жөнінде айтайық деген пікіріміз бар. Алдымен, әдебиет тілін революциядан бұрынғы дәуірде күшейте өсірген, классик ақынымыз Абайдың жайына азын-аулақ тоқтап өтейік. Бұл жерде Абай шығармаларында қазақ тілінің байлығы бар қалпында Пушкин шығармаларына орыс тілінің байлығы кіргендей шамада болмағандығын ескерумен қатар, Абайдың қазақ әдебиет тілін жасаудағы екі алуан ірі ерекшелігін атап өту қажет. Бірінші, Абай қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан түгел пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетті. Екінші, қазақ қоғамының ортасында Абай заманында таптық диалект, жаргон есебінде кіре бастаған бөтен елдердің де сөздері бар еді. Соның әсерімен ең алғаш шәкірт ақын шағында Абайдың өзі де оған идея жағынан бағынбаса да, өлеңдік сыртқы түр, тіл жағынан сол жаргондық сөздерге әуестеніп, еліктеп жазып жүргені болған. Бірақ, бері келе Абай бұл аламыш тілдің керексіз шұбарлығынан арылды. Ол өзінің барлық өзіндік көркем терең шығармаларын жазғанда, халқының тілімен жазады. Бар қасиетті, қадірлі нәрлі, ажар кестені, толық сыпатты өз халқының тілінен тапты.

Бірақ, енді осымен қатар, біздің тілші ғалымдарымыздың көбіне ортақ бір пікірге дау айтамыз. Ол – “қазақтың әдебиет тілі Абайдан басталды” деген қорытындылар тұрасында. Ең әуелі осы жөнінде Сталин жолдастың тіл жа-

салуы, өсуі жөнінде айтқан пікірін еске алайық. “Тіл болса, керісінше, сан дәуірдің нәтижесі, сол кезеңдерде ол қалыптанады, байиды, өседі, сұрыпталады” – дейді.

Ал әдебиет тілі деген тілді алсақ, ол – халықтың әдебиетке түсіп қалыптанған тілі. Әдебиеттенген тіл де халықтың тілі. Бұлай болғанда, әдебиеттік тіл бір дәуірдің бір ғана жазушысымен бірге туып қана қоймайды. Осы жайды ойласақ, Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы шебер, көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Оларда, немесе XVII ғасырда көпке жайылған жырлар тудырған Бұхарда, XIX ғасыр басында асыл, әсем бай тілмен халықтық асқақ, ескек жырлар тудырған Махамбетте қазақтың әдебиет тілінің үлгі өрнектері жоқ деуге бола ма? Әсіресе, Октябрь революциясынан бұрын, қазақтың барлық өлкелеріндегі тіл байлықтары тұтасып, қосылып, біріккен мол қазына болмай тұрған кезінде ақындық еңбек еткен Абайдың шығармалары әдебиет тілінің түгел негізін құра қойды деуге сия ма?

Осы сұрақтардың бәрі де – тіл ғалымдарының, әдебиетшілердің ойланып, ойласа кеңесіп жауап беретін жауапты, түйінді мәселелері. Осымен қатар қазақтың революциядан бұрынғы әдебиет тілін өзінше белгілеп жүрген кейбір жолдастардың тағы бір пікіріне күмән жасап, дау айтуға тура келеді. Ол жолдастар “қазақтың әдебиет тілі солтүстік-шығыс Қазақстанда, Алтынсарин мен Абайдың жазушылық, шығармалық мұраларымен жалғас қалыптанды” – дейді. Бұл ретте, Абайдың сөздігі мен әдебиеттік тіл жасаған ізденулерін, табыстарын алсақ, ол тек шығыс Қазақстан тілімен жазды деу, біздіңше, жеткіліксіз, дәлелсіз. Рас, Абайдың салттағы сөйлеу тілін өзі өмір кешкен қазақ өлкесінің сөздік үлгісінен алғаны даусыз. Егер Абайдай классик жазушы өзінің сөз қорын сол өзі жүрген ортадан ғана, ауызша сөйлеп жүрген салттық сөздерден ғана құрады десек, бұл пікір дұрыс болар еді. Бірақ, Абай сол қорды пайдаланумен қатар, бүкіл қазақ халқының арғы-бергі заманда ауызша әдебиет үлгісінде тудырған шығармаларының: мақал-мәтелдерінің, ертегі, аңыздарының үлкенді-кішілі қазынасын да білді. Жазба күйде жетпесе де, ауыз-

ша айтылып, жыраққа тарап жатқан шешендік сөздердің, айтыс-тартыстардың және өзінен бұрынғы, өзімен тұстас әлденеше жеке ақындардың да шығармаларын көптен-көп есітіп, ұғынып, жадына тұтып қолданғандығы жөнінде толып жатқан даусыз дәлелдер бар. Сондықтан ол әдебиет тілін бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен және өз шама-шарқынша қазақ әдебиет тілін жасауда белгілі дережеде Қазақстанның көп өлкесінің тіл қазыналығын кеңінен пайдаланып, халықтың әдебиет тілін биік белге шығара түскен классик ақын дейміз.

Әрине, бұл тұста да Сталин жолдастың Пушкин турасында айтқан пікірі бойынша, Абай сөздігінен біздің заманымызда ескіріп, қалып қойған сөздер де бар, бірталай сөздердің мағынасы өзгеріп, жаңғырып пайдаланатын болғаны да бар дейміз. Ал, қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы Абай, Ыбырай деуші жолдастар пікірінің тағы бір терістік жағын айта кету шарт.

Бұл ақындар тұсындағы қазақтың тілі, жазу-сызу өнері жаңа ғана кірген тіл қалпында еді. Мүлде жазуы жоқ ел болмаса да, қазақ тілі, ол кезде жазба өнері жас (младописменный) халық елі. Бірақ бүгінгі біздің Одақтағы бауырлас ұлттардың бір топтарын алсақ, олар арасында мүлде жазу-сызу болмастан-ақ революцияға жеткендері бар. Ал соларда өткен көп ғасырлар тарихтарының бойында ауызша әдебиет бай болып келіп еді. Енді олардың Абай, Ыбырай сияқты жазушы, ақындары болмағандықтан әдебиет тілі мүлде болмады деуге бола ма? Әрине, болмайды. Революциядан бұрын өз жазуы болмаған қырғыз, бурят, якут, хакас елдерінде көркем әдебиет қандай шарықтап өсті! Ал бұл Абай, Ыбырайы болмаған қазаққа ұқсас елдерде де әдебиет тілінің үлгісі мен іргесі анық болғандығын аңғартпай ма?

Енді осы айтылғандарға жалғас қазақ әдебиет тілінің Абайдан кейін өсіп, өнген кезеңдерін, жолдарын, бүгінгі жеткен шамасын алып сөз қозғағанда, қазақ әдебиет тілінің шынайы қалыптасқан, халық әдебиет тілі болған дәуірі қайсы десек, ол, әрине, социалистік революцияның дәуірі, біздің анық халықтық совет әдебиетіміздің туып, өсіп,

дамып келе жатқан дәуірі. Бұл дәурен әдебиеттің толып жатқан өзгеше мазмұн, идеялық молдық, кеңдігін былай қойғанда, Абай заманынан мүлде басқаша сапасы, біздің жаңғырып жасаған халқымыздың социалистік мол мәдениетінде қалың қоры жатыр.

Абай заманында, ғылым, техника, философия, социология, саясат – баршасынан қазақ тілінің сөздігі тіпті құралақан еді. Абайдық сөздігіне орыс тілінен ауысқан, санаулы атаулар болса да, ол өте шамалы, соншалық мардымсыз болатын. Қазақ тілінің соңғы 30 жыл ішінде қаншалық дамығанын сырттай ғана мөлшерлеу үшін тек ғылымдық атаулардың өзінен ғана құрылып жатқан сөздіктердің ұшан-теңіз сандарын ғана еске алуға болады.

Осы ретте тіл ғылымдарына орнымен қойылатын үлкен бір талап, сол жеке ғылымдық атаулардың сөздіктерін бастырып шығару шарт еді. Рас, бұл жолда Қазақстан Ғылым академиясының әзірлеуімен, профессор Н. Сауранбаевтың басқаруымен терминдік сөздіктер енді-енді әзірленіп шыға бастады.

Әдебиет тілін айтқанда, қазақтың совет жазушыларының, ақындарының тілі жөніндегі мәселе ең үлкен орын алатын нағыз бас мәселенің өзі екенінде шек жоқ. Бүгінгі қазақ совет жазушыларының әзірлік сатыларын, тәрбиелерін алсақ, жазушылық еңбегіне мұның барлығы да мектеп арқылы келген. Бұлардың арасындағы сәл айырмыс болса, кейбірі барлық оқу білім тәрбиесін тек орыс (бастауыш, орта, жоғарғы дәрежелі) мектептерінен алды. Кейбіреулері қазақтық советтік мектептері арқылы әдебиетке келді. Сөйтіп, бүгінгі бар буын жазушылар үлгіні ұлы орыс әдебиетінен алып келген болады. Бірі орыс тілін көбірек, бірі кемірек білсе де, тым құрығанда, оқып отырғанда орыс кітабын молынан ұғынбайтын қазақ жазушысы бұл күнде жоқ деуге болады.

Тіпті бұл жазушылардың көпшілігін екі тілді жазушы деп атауға келеді. Олардың өз туған тілінен басқа, екінші ана тілдері және бар. Ол – орыс тілі. Көркем шығармалық еңбекті қазақ тілінде жазғанмен, олар дүние жүзі әдебиетін орыс тілінде оқып таниды. Сол себепті әрбір қазақ совет жазушысының ойында, сезім тілінде, сөйлеу, теңеу, сөз

асылын сұрыптау дәстүр, машығында сол орыс кітабынан келген әсерлердің әр алуан түрде, аса мол болатынын ескермеуге болмайды.

Совет жазушыларының ендігі бір қазақ әдебиет тілін жасаудағы іздену жаңалықтары – сөйлем құраумен, синтаксистен байланысты. Ол – әсіресе проза, драматургия жағында молырақ ұшырасатын өзгешеліктер. Біздің жазушылар орыс көркем әдебиетінен құрмалас сөйлем құрудың үлгісін де алады және алуға тиіс. Орыс халқының көркем әдебиет тарихында Н.В. Гоголь кіргізген құрмалас сөйлемдердің мәдениеттік, тарихтық орны өзгеше болған. Философияда, социологияда, саясатта В.И. Ленин мен И.В. Сталиннің еңбектерінде әйгілі қысқа сөйлемдермен қатар кездесетін сол құрмалас сөйлемдердің құрылысы әдебиет тілінің қандайлық өнерін, өрісін танытады!

Ой кенеулі, терең толғаулы болу үстіне, шеберленіп ұстарған, өнерленген тілдің ұғымды, мөлдір айқындығы, орамдылығы және үлкен келісімімен сүйсіндіріп отырады. Көркем әдебиетте құрмалас сөйлем мәдениетін орынды, келісті етіп кіргізу, қазақ әдебиет тілінің ендігі өсу сатысындағы өнімді ізденудің бір түрі болуында дау жоқ.

Ал бізде әдебиет шығармаларының тілін сөз ету ғылымдық дәрежеге жетпей келеді. Әдебиет тарихшылары да бұл мәселеге жете бойлап, нақтылы ғылымдық тексерулер жасап жүрген жоқ. Тіл мамандарының көбі де қазақ әдебиет тілінің совет жазушылар еңбегіндегі осы жаңа үлгіде сөйлем құрау ізденулерін, жаңалықтарын, табыстар мен олқылықтарын іздестіру проблемасы етіп қамти алмай келеді. Бұл жолда алғашқы зерттеу, талдау жұмысын бастап келе жатқан тек профессор Сауранбаев. Ол өзінің соңғы зерттеуінде Сәбиттің, Ғабиттің, Мұхтардың синтаксистерін талдауды айрықша тақырып етіп ала бастағанын аңғартты. Бұл – істің басы ғана. Бірақ жалпы тілшілердің сөйлем жайын зерттеген көп еңбектеріне қарасақ, совет әдебиетінде дамып келе жатқан әдебиет тілінің сөйлемдік өзгешеліктерін аса саяз, формальды түрде ғана қамтиды.

Қай шығарманың қандайлық жаңалық өзгешеліктерінде табыстық, сонылық белгі бар? Қай жазушының қандай шығармаларында жетіспеген олқылық, шалағайлықтар бар?

Бұл туралы тіл ғалымдарымыз ғылым тұрғысынан қарап, түйінді, қорытынды пікірлерді әлі күнге дейін айта алмай жүр. Көпшілік сындар мен тілшілер тексеруінде “жақсы тіл” деп, қысқа сөйлеммен ғана қалыптанған текстерді жедел мақтағыштық жиі кездеседі. Әрине, қысқа сөйлемнен құралған мөлдір, түсінікті, жеңіл құрылыстар кейбір жазушылардың қасиеті екені рас. Бірақ бар жақсылық осында ғана десек, ол орынсыз. Әдебиет тілі неше алуан үлгіде, өрнекте дамып көркейеді. Сонда, орыс әдебиетінің ұлы мәдениетінен келетін құрмалас сөйлем құрылыстарын ойдағыдай баурап, қазақ әдебиет тілінің ендігі үлгісінің бірі етіп сіңіре білу де табыстың олқысы болмасқа керек.

Енді біздің тілшілерге әдебиет атынан арнап айтатын бір алуан талабымыз тағы бар. Орыс тілі мен шет елдер тілінен алынған атаулардың грамматикасы, нақтылап айтқанда, орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылып болмаған сияқты. Шынында мен тіл ғылымының маманы емеспін. Бұл тәріздес кемшіліктер жөнінде “Коммунист” журналының осы жылғы бірінші санында мәселе қозғау ретінде жарияланған “Тіл білімі жөніндегі қателерді батыл сынап, тез түзейік” – деген Исқақов жолдастың мақаласында анағұрлым жете айтылған. Мақалада совет тіл ғылымын шатастырған Н.Я. Маррдың қателері қазақ тілі ғылымын да шарпығандығы, залалын тигізгені, оның марксизмге қайшы келетін теріс қағидалары қазақ тілі мамандарының да ғылыми-зерттеу еңбектерінен, олар жасаған оқу құралдарынан, тағы басқа жөнде орын тепкендігі сыналды, бірсыпыра қателіктер мен кемшіліктер көрсетілді, көзге айтылды, елеулі мәселелер көтерілді.

Ал бұл мәселе жөнінде қазіргі менің айтқалы отырған сын ойларым, ойласу ниетпен ортаға салмақ болған пікірлерім ғылымдық жүйе жағынан карағанда ұшқары болып шықса, тіл жүйесін зерттеп жүрген ғалым жолдас-тарымыз жөнге салар.

Біздің соңғы жылдардағы жазуымыз, қолдануымыз бойынша, орыс сөздері, шет ел атаулары орысша қалай жазылса, қазақша да солай жазылуы керек. Осы қағиданың екі жақты қайшылығы бар. Бұнда мұғалімге, балаға түзу үйрену үшін туатын бір қиындық – қазақ орфографиясын

білуден бұрын, орыс тілінен кірген, бүгін қазақтікі боп кеткен орысша сөздерді орыс грамматикасы бойынша қалай дұрыс жазу керек екенін ең алдымен білу қажет болады. Қазақтың өз тілінің ерекше заңдарына бейімдеп алмай, орысша жазылу үлгісінде алғандықтан, қазақ балалары да, әсіресе мұғалімдері де қазақ тілінің жазу заңдарын қанша жақсы білсе де, осы орыс сөздерін жазуға келгенде үнемі қате жазады. Өйткені олар ана тілін оқиды, ана тілінде сабақ береді. Орыс тілінің грамматикасын кейіндеп біледі және қазақ ана тілінің мұғалімі, бүгінгі сатыда, әсіресе орыс тілінің грамматикасына шорқақ.

Бұл турада “Вопросы философии” журналының 1950 жылғы үшінші санында Мординов жолдас көтерген елеулі мәселелер жайын ойланбасқа болмайды. Әрине, осымен қатар, жаңа сөздерді алуда, түгелімен сингармонизм заңына бағындыра алу қажет десек, ол да ұшқары пікір болар еді. Бірақ қазақтың тіліне халықтың қолдануы арқылы заңды түрде өзгеріп сіңген: самауыр, стол, кереует, пеш, трактір, газит (газета емес), журнал, стакан, мәшине сияқты толып жатқан ескі-жаңалы сөздерді таза орысша жазылу үлгісімен жаздырудың өзі дұрыс па? Ол сөздерді қазақша оқығанда, осылай халықтың айтуынша үйренген бала, орыс тілінің сабағында, сол сөздер орысша грамматика бойынша жазылатынын жолай, оңай салыстыра біліп кете бермей ме? Мысалы, орыстың тіліне француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздіктер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағына айтылып, жазылады екен. Қазіргі орыс балалары сол сөздердің, немісше, французша, ағылшынша тілдерді оқи бастағанда, басқаша айтылып, жазылатынын жолай қиналмай-ақ түсіне, ұғына келе жатқан жоқ па? Біздің грамматикамызда осы жөнде асыра сілтеу, сыңаржақтық жоқ емес сияқты. Бұл туралы жаңағы “Вопросы философии” журналындағы Мординов мақаласында орыс сөздерін ұлт тілдерінде орыс орфографиясымен жазғызуды “марршылдықтың бір солақайлығы” деп бағаланды.

“Орыс тілінен түрік тілдері сияқты басқа көп тілдерге кірген сөздерді жазудың негізгі принципін белгілеген академик Мещанинов пен профессор Сердюченко болатын.

Олар “жасанды әр алуандықты жою мақсатымен” деп дәлелдеп, орыс орфографиясы мен туысқан елдер орфографиясы жөнінде заң ұсынды. “Орыс сөзі мен халықаралық атаулар орыс тілі арқылы алынғанда, орыс орфографиясы бойынша жазылсын. Бұл атаулардың жазылуына бұрмалау кірмесін” – деді... Осындай аса зиянды ұсыныс ұлт тілдерінің заңдарын күйретіп, орфографияда анархия тудырды, ана тілінде хат тануды нешелер қиындыққа әкеп соқтырды, жергілікті газеттер мен журналдардың жұмыстарын да ауырлатты”, – дейді Мординов.

Қазіргі кезде “Вопросы философии” бетінде бұл тыңнан көтеріліп отырған мәселе. Әрине, Мординовтың ұсынысынан сингармонизмді түгел қостау туса, ол да дұрыс емес. Ендігі алынатын, тыңнан кіретін атаулар мен орыс сөздерін бұрынғы ол тілдерден жырақ тұрған, оқымаған кәрі әжелердің айтуына апарып, қайта салып отыру жол емес, бірақ “электричествоны” “электр” деп алсақ, “электрофикацияны” “электрлеу” деп алсақ, біздің қазіргі алып жүргеніміздей, “тік” жұрнағымен немесе “изм”-мен алынып жүргені сияқты мысалдарымыз бірталай атауларды тіліміздің заңына үйлестіре қолдануды білдіреді. Осындай шаралар сөздің грамматикасы, орфографиясы жөнінде әлі де сұрыпталуы керек.

Онан соң, қазақ тілінің агглютинатив бітіміне қарай бізде сөз түбірі – есімдер мен етістікті алсақ, көбінше бір буын, екі буыннан артық болмайды. Осыған жалғау, жұрнақтар, көптік белгілер, жақ нышандары, тағы көп алуан үстеме буындар қосылуы арқылы түбірдегі қысқа сөз салқар ұзақ боп кетеді. Орыс тілінен алынатын сөздер жөнінде тілдің осы ерекшеліктері де ғылымдық түрде ұдайы ескерілу қажет.

Қазақ жазушылары ғылым, техника сияқты қазақ тіліне молынан кірген сан сала жаңалық атауларды қолданбай жүр. Солардың ішінде тілдің грамматикалық көп түрлеріне өзгертіп, өлең жолына қолданудың ақындарға қиын соғатыны да бар. Әсіресе орыс сөзі мен шет сөздерді алу, жазудағы біздің бүгінгі орфографиямыз қиындық туғызады. Бұл жөндегі мысалдарды да мен көп келтірмей-ақ қоям. Ол – әрбір ойланған оқушының, жазушы мен тіл ғалымы-

ның көңіліне аса айқын жайлар. Кейде жазушы, ақындар осындай атауларды грамматикалық өзгерістермен пайдалануға баса қоймай, жалтарып кетіп, сол мазмұнға төтеп бере алмаса да, маңайлас сөзді алады да, қиялай салады. Бұл дағы ескермейтін жағдай емес.

Бұл жөнінде орыс халқының тіліне өзіміздің туысқан елдер тілінен ауысып кіріп отырған сөздердің жазылуы мен айтылуын еске алуға да болады ғой. Революциядан бері орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан елдер тілінен кіріп жатқан сөздер көп. Сонда: джайлау, кашар, акын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?

Советтік әдебиет тіліміздің байып, өсуіне қосымша дамытатын қорды біз қазір жалғыз ғана орыс тілінен аламыз да қоямыз деп, кесіп байлау да дұрыс емес. Мұнымен бірге қазақ әдебиет тіліне көршілес туысқан елдер тілінен келіп араласқан, біте қайнасып жатқан көп сөздерден де жазба әдебиетіміз қашпау керек. Осы айтылған ойларға жалғаса жазба әдебиетіміздің бұрынғы шағында қолданған, ескірген натуралистік тұрпайылығы бар сөздіктерін алып тастап отырып, одан басқа фольклорда бар, барлық бұрынғы жазушы, ақындарда ұшырайтын ескілі-жаңалы сөздерді, көрші елдердің тілінен ауысқан, халық қабылдаған, жаргон емес, халықтық сөздерді, кітап, жазба тілінен Абай тәрізді ақындарымыз қолданған сөздерді де жатырқамай пайдалануымыз керек.

Сталин жолдастың даналық еңбегіне байланысты бүгінгі орыс әдебиет тілінің жайын сөз қылған орталық баспа жүзіндегі орыс әдебиетшілері мен тілшілерінің мақалаларына қарасақ, орыс халқының бұрын-соңды әдебиетіне түскен сөздің барлығымен толық пайдалану керек дейді. “Слово о полку Игорове”-ден бастап, Маяковскийге шейін қолданған сөздік қордың бәрі де бүгінгі орыс совет әдебиет тілінің қазынасы деп айтылады. Ал осы тұрғыдан қарап, біздің ендігі әдебиет тілімізді алсақ, әлі жазба кітап еңбектерімізге қазақ халқының барлық облыс, өлке-леріндегі тіл байлығы өте аз түсті деп байлауымыз керек. Біз жазу, сызуға жаңадан ие болған елміз. Біздің жазба

әдебиет қорымыз өте азғана. Бұл жөнінде зор табыс, мол байлықтар жазбаға түсе бастаған, даусыз өскелең дәуір – қазақ совет әдебиетінің өсе бастаған дәуірі.

Сыр бойының, сол сияқты Батыс Қазақстан, Каспий атырабының балықшылық, өсімдік, диқаншылық кәсібіне байланысты тіл өзгешеліктерін, сөздік байлықтарын өздерінің шығармаларына молынан кіргізбей, өзге жер қазағына түсініксіз болады деп тартынатын Асқар, Әбділда, Қалмақан және Тайыр, Қажым, Ғабдол, Әбу, Хамит сияқты жазушылардың тәжірибесін кемшілік деп бағалау керек.

Сондайлық солтүстік, шығыс облыстар жазушыларының және бұрынғы Жетісу облысынан шыққан жазушылардың бәрі де өз туған өлкелеріндегі қазақ сөздіктерінің байлықтары мен ерекшеліктерін молынан ортаға салып, әдебиеттік шығармаларына көптеп енгізіп отырулары керек. Әсіресе, сол әр облыс жазушысы кіргізген тың сөздерді, қосымша байлықтарды олардың өздері ғана қолданып қоймай, басқа облыстардан шыққан жазушылар да түгел пайдалануға бет қоюы керек. Осы соңғы айтылған ұсынысты біз әсіресе аудандық, облыстық газеттер жүзеге асыруы қажет дейміз. Әр облыстық газеті өз өлкесіндегі халық тілінің жазбаға түспей жүрген халықтық ескілі-жаңалы сөздерінің барлығын мол пайдаланып отыруы шарт. Ал осы облыс газеттерінің жақсы тәжірибелерін, тың табыстарын республикалық орталық баспасөз орындары үлкен ықыласпен, ұқыптылықпен зер сала, мол пайдалануы қажет. Бұл ретте “Социалистік Қазақстан”, “Коммунист” журналы, “Сталин жолы”, “Әдебиет және искусство”, “Халық мұғалімі”, “Лениншіл жас” сияқты беделді, орталық баспаларымыз үлкен басшылық ету керек.

Осындай шаралар, әсіресе біздің газеттеріміздің айқын байқалатын тіл олақтығын жеңе беруге жәрдемші болар еді.

Қазіргі дәуірімізде халықтық әдебиет тілінің бүкіл Қазақстан көлемінде бірыңғайланған, анық, ортақ, орамды, шебер сұрыпталған жазба әдебиет тілі болып қалыптасу дәуірі туды. Бір облыстан бір облыс тілінің сөздік басқашалықтары бұрынғыша бытыранды, даралық күйлерде қала беруі лайықсыз. Советтік тұтасқан ұлттың тіл қазынасы да тұтасып бірыңғайлануы шарт. Оны біздің бүгінгі коммунизмге қарай үдей өсіп келе жатқан социалистік

мәдениетіміздегі, әсіресе екі түрлі ерекше қолайлы, тарихтық жағдайлар талап етеді. Тіл мәдениеті жөнінде қала мен қыстақ арасындағы айырмыстың жойыла бастағаны, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы айырмыстың жойыла бастауы әрбір советтік ұлттың әдебиеттік тілі де тұтасқан, бірыңғай тіл болуын тілейді.

Енді осы айтқандарға байланысты біздің тіл мамандарымыз көп көңіл бөлетін, көп таласқа салып жүретін диалект мәселесін де айта кеткен жөн. Сталин жолдастың еңбектерінде диалектің екі алуан болатыны аталып өтті. Бұның бірі – үстем таптың белгілі ортасы арнаулы дәуірлерде қолданатын, халық тілінен бөлек диалект немесе жаргон. Екіншісі – жергілікті елдің анық халқы болып қолданатын диалект.

Осы соңғы мағынасындағы диалектіге Сталин жолдастың беретін ғылымдық талдауы бойынша, бұның өзіндік грамматикалық құрылысы болады. Оны диалект ететін айрықша белгі – өзге, өзімен туыстас тіл тобынан бөлекше қалыптанған, айқын грамматикалық өзіндік құрылысы. Ал, осы жағынан қарағанда, қазақтың қазіргі тілінде диалект бар ма десек, жаңағы белгідей көп қазақ тілінен бөлек тұрған грамматикалық құрылысы бар диалект бар деп айта алмасақ керек.

Біздің кейбір тіл ғалымдарымыз қазақта диалект бар дегенде, Жайық пен Алатау қазақтарының солтүстік, шығыс облыстар тілінен бөлегірек айырмыстарын грамматикалық өзгеше құрылыстарына қарап айырмайды, тек сол өлкелердегі сөздіктер айырмыстарын ғана айтады. Бұл, біздіңше, диалектік айырмыс емес, сөздік қордың айырмысы әдебиеттік тілі тұтасып, бірыңғай боп қалыптасқан орыс тілінде де бар. Айтайық, Сібірдің орыстары мен Кубанның, Донның немесе теңіз жағасындағы солтүстік облыстардағы орыс халқының жергілікті сөз өзгешеліктері көп кездеседі. Одессаның тұрғындары қолданып жүрген орыс тілінде де әдебиеттік тілге кірмей жүрген көп жеке сөздіктер бар еді. Бірақ соған қарап, орыс әдебиет тілін тексеретін ғалымдар Сібір диалекті, Кубань, Дон диалекті, Архангельскі, Онега диалекті немесе Одесса диалекті деген топтарды жасамайды, жіктемейді.

Қазақта да бір облыс пен бір облыс арасындағы сөздік айырмыстарды – диалект деп, оның ішінен кей жолдастардың айтуынша, оңтүстік пен шығыс қазақтарының тілін “қазақтың әдебиет тілінің негізі” деп, өзге батыс, Алатау, Сыр өлкелеріндегі қалың қазақ елдері қолданатын сөздерді “диалект” деп атау және сол сөздерді “әдебиет тіліне қолдану дұрыс емес” дейтін пікірдің барлығын біз ұшқары, орынсыз байлау деп білеміз.

Әлі біздің әдебиеттік тіліміз қазақ тілінің бүгінгі барлық қорын жазба бетіне түсіріп болмаған заманда жазушы да, әсіресе қазақ тіліне өздері шорқақ тіл мамандары да біліп болмаған, баурап алмаған тіл қасиеттері, сөздік байлықтары Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарында мол боп жатқан шақта, жаңағыдай байлау жасау әсіресе орынсыз. Алатау, Сыр, Жайық, Атырау өлкелерінде бір ауыл емес, немесе аудан ғана емес, бұл күнге дейін кем дегенде бір облыс, немесе бірнеше облыс қазағы қолданып келген сөздер болады екен. Ендеше, көпшілік халқымыз тұтынып келген, әдебиетке түспей жүрген ондай тың сөздерден жатырқап, бой тарту, бір жағынан, халық тіліне жасаған зорлық, екінші жағынан, бар қазақ тілін білмей, баурап алмай тұрып, бұлайша паңдық ету – қиырлық пен астамдық. Кекірік ататын кез емес. Қазақ әдебиет тілі енді ғана бүкіл халықтық әдебиет тілі боп келе жатқан дәуірде “анау лайықты сөз, қабыл алынады, мынау диалект, бұны қолдану орынсыз” деушілер тіл баюына жәрдем етпей, шалағайлық етеді. Халық көпшілігі бір өлкеде сөйлеп жүрген сөзді алғызбай, “анау сөз балғын, мынау сөз қалғын” деп омырау жасау, өздері зерттеп, еңбек етіп жүрген тілінің қадірін түсінбеу – мезгілсіз солақайлық.

Орыс халқының әдебиет тілі қалыптану жолындағы іздену мен табыстарды ойласақ, бұрынғы ғасырларда және совет дәуірінде сондай жергілікті сөздердің халықтық, қадірлі үлгілерінің барлығы барынша әдебиет тіліне араласып болған деуге болады. Кейде бар байлығын меңгеріп болған көркем әдебиет тіліне тың сөз қосамын деп, Россияның әлдеқандай азғантай бір түпкірінде, кішкентай болымсыз топ қолданатын ғана, халыққа түсініксіз және қонымсыз сөздерді қолдануды А.М. Горький сынаған еді.

Біздің тілдің өсуімен халықтың барлық қасиетті қорын қамтуы әлі де ол дәрежеге жетуден жырақ жатыр. Біз қазақ мекендеген өлкенің бәрінің сөздігі қосыла табыссын дегенде, әлдеқандай азғантай ғана топ қолданатын, Горький сынағандай өте оқшау, өрескел сөзді айтып отырғанымыз жоқ. Кемінде бір аудан, немесе облыс қолданып отырған сөздіктерді айтамыз. Мұндай сөздер әдебиет тіліне кіріп, барлық қазақстандық әдебиет тіліміздің мүлік-мұрасы болу керек дейміз. Осындай жайларды айта келе, тіл жүйесін тексеріп жүрген мамандарымыздың көпшілігі қазақтың әдебиеттік тіліне кіретін байлығы мен мүмкіншілігін түгел білмейтініне қарнымыз ашады.

Біздегі тіл ғылымындағы әдебиет тіліне байланысты олқылықтың тағы бір алуаны – пунктуация мәселесінде. Әсіресе құрмалас сөйлемдерді қолдануда, оны жасауда пунктуацияның орны өзгеше. Сондықтан да Пушкин мұрасын зерттеуші мамандар арасында ақынның кей жолының соңына ноқат қою керек пе, көп ноқат қою дұрыс па, немесе ноқат пен үтір қою керек пе деген жайлардың өзінен сан таластар туып жатады. Бізде, мысалы, ноқат пен үтір сөйлем арасында қолдану мүлде жоқ болғандықтан, кейбір құрмалас сөйлемдеріміздің арасы ноқатпен бөлінеді. Жазушының ойында сол ноқаттар кей-кейде шартты түрде қойылады. Кейбір ноқаттарды біз орыс пунктуациясының қағидасы бойынша, ноқат пен үтір орнына қолданамыз. Ондай белгі барда мағына жігі үзілмеген сөйлемдердің бастауышы, біз шартты түрде қолданатын екі ноқат арасында келтірілмейтіні де болады. Осы жайға формальдық тұрғыдан қарап, ноқат пен ноқат арасын бағатын тілші, сыншы, кей жазушының құрмалас сөйлемінен не бастауышты, не баяндауышты таппай сұрау сап жүреді. Екі босағаның арасында адасып жүретіні де болады. Бұнда да біз тек жалпы көп мәселенің шетін ғана қозғап отырмыз. Пунктуация жөнінде кемшілік пен олқылықтардың біздегі мысалдары толып жатыр.

Грамматиканың көп мәселесіне, тілтану ғылымының бар саласына Маррдың “жаңа ілімі” келтірген залалы көп. Қазақстан тіл ғалымдарының бұл жөнінде өздері жіберген қателіктері қаншалық көп екенін барлық жұртшылығымыз

да, тіл мамандарымыздың өздері де ашып айтып келеді. Әлі аршылып, тазарып болмаған залалды қателіктер толып жатыр. Енді сол олқылықтарды, қателіктерді тез уақыт ішінде құнды төлеулер беріп, түгел жою талабындамыз.

Маррдың жүйесі тек тілтануға ғана залал келтіріп қойған жоқ, әдебиеттану ғылымына да көп залалын тигізді. Осы ретте, әсіресе фольклорды тексеруде бүкіл Одақ көлемінде және барлық туысқан ел фольклорын зерттеу жөнінде Маррдан жұққан залалды, теріс пікірлер аз емес. Сол қатарда менің өзім редакторлық еткен қазақ әдебиеті тарихының фольклорға арналған бірінші томында да теріс пікірлердің айтылғаны бар. Бірінші томның кіріспе бөлімінде Маррдың оқуын марксистік-лениндік әдебиеттану ғылымының көрнекті, өнімді саласының бірі деп бағалауымыз – сол қате ойдың нәтижесі болатын. Бірінші томның келесі баспасында марршылдықтың бұл түріндегі терістігін жойып жазуды өзіміздің міндетіміз деп білеміз.

Ендігі бір мезгілді сөзді әдебиетшілер мен тіл мамандарына ғана арнамай, қазақ совет әдебиет майданында қайрат етіп жүрген қазақ оқымыстыларына түгел арнамақшымыз. Қазақ совет әдебиет тілі баю үшін бүгінгі сан сала ғылымда еңбек етіп жүрген қазақ ғалымдары өздерінің еңбектерін орыс тілімен қатар, қазақ тілінде де түсінікті, көркем етіп жазып, бастырып жүретін болуы шарт. Қалың колхозшы, жұмысшы жұртшылығымыз, көп оқушы жастарымыз, өздігімен ізденуші партия, совет қызметкерлері, мұғалім қызметіндегі лектеріміз – қысқасы, жұртшылығымыз орыс тілінде жазылған ғылымдық еңбектердің көпшілігін түсінбейді. Сондықтан да, осы халқымызға арнап ұлы даналарымыз Маркс, Энгельс, шығармаларын, Ленин, Сталин томдарын қазақ тіліне үлкен ұқыптылықпен, зор талап, еңбекпен аударып, бастырып таратып отырмыз. Ендеше, сол жұртшылыққа қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтер, математиктер өз еңбектерін өзінің жазып таратпауын немен ақтауға болады?

Ал біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда, сол ғылым, техниканың бар саласындағы ұғым, түсініктер, атаулар мол-молынан кіретіндіктен байиды дейміз. Олай болса, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл орам шеберлік-

терді, осы ғылымдардың өз мамандарынан артық, қазақ тілінде айтып бере алатындай шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба?

Осылардай ғылым мамандарына арнайтын сөздің бір алуанын мен айрықша бөліп алып, қазақтың тарихшыларына әсіресе қадап айтар едім. Кейбірі ғана болмаса, бұл күнде қазақтан шыққан тарихшы оқымыстылардың бәрі де өз еңбектерін тек орыс тілінде ғана жазады. Көбінің қазақ әдебиет тілін білуіне күмәнің де зор. Тарих – бар ғылымның анасы саналады. Аналық тілін білмеген анада қаншалық қадірлі қасиет болар еді?

Тарих ғылымы – марксизм-ленинизм ғылымының үнемі иық сүйесіп отыратын, ең жақын ғылымының бірі. Ендеше, тарихшылар еңбектері – халқымыздың салт-саналық тәрбиесіне ең зор әсер ететін идеялық құралының бірі. Олай болса, қазақтан шыққан тарихшылар Ленин, Сталин томдары қазақ тілінде жетіп отырған советтің қалың халқына өз тілдерінде сол үгіттік, тәрбиелік еңбектерін жазбауға бола ма? Қайта олардың кейбір диссертациялық еңбектерін ең алдымен қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою да анық орынды, орайлы шараның бірі болар еді.

Ұлы көсеміміз Сталин жолдастың тіл жөніндегі ғылымдық, терең, әрі зор мәселеге өз ойымен, еңбегімен атсалысып араласуы және сол еңбегінің нәтижесінде тіл ғылымына дүниежүзілік, дәуірлік жаңа басшылық ой қосуы – халықтың тілін ерекше қадірлеп, сүйгендігінен деп білеміз. Сталин жолдастың даналық ұлы ойларынан осы жолда үлкен басшылық алумен қатар, қазақ әдебиет тілін көркейту жолында сол ана тілімізді Сталин жолдас үйреткен үлгіде сүйіп, қадірлеп еңбек ете білейік.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕБИ ТІЛІ ТУРАЛЫ

Марксизм-ленинизм ғылымының өзге ғылымдардан артықшылығы – оның өмір шындығына, тарихи шындыққа табан тіреуінде. Ол бүкіл адам баласын бақытты болашағына бастайтын ғылым екендігін ғасырдан аса дәуір ішінде нақтылы нәтижелермен танытты. Бұл ғылымның осы қасиетін біз В.И. Ленин, И.В. Сталин еңбектерінен сан рет тану, білумен келеміз.

Заманды бастағандай, тарихтарды, халықтарды жаңғырта өсірген даналық ойлары біздің ұлы көсемдеріміздің әр дәуірде жазған ғылымдық еңбектерінің өзінен туатын. Сол қатардағы дәуірлік зор, тың еңбектің бірі – Сталин жолдастың “Тілтану ғылымындағы марксизм жөнінде” деген шығармасы. Дау жоқ, ұлы көсемнің базис пен қондырма жөніндегі, социалистік қоғамның даму заңдарының өзгешеліктері жайындағы ойлары, тіл мен базис арасындағы жалғастықты шешкен және тіл мен ой арасындағы жайды ашатын пікірлері, социализм дүние жүзіне жеңіспен тараған кезге шейін ұлттық тілдердің өсу заңдарын ашуы, социализм дүние жүзінде жеңген дәуірде тілдердің қалай қалыптасуы жөнін баяндаған пікірлері – бұл еңбектің марксизм-ленинизм ғылымын жаңа сатыға шығарғандығын танытты.

Бұл еңбек, ең алдымен, дүниежүзілік империализмнің кертартпа, топас үгіт-өсиеттеріне де философиялық тұрғыдан қатты соққы береді және бізді империалистік реакцияға қарсы күреске қаруландырған, бекем құралдың бірі болып отыр. Сондықтан да қазіргі күнде тілшілер, философтар, тарихшылар, әдебиетшілер және неше сала табиғат ғылымдарының қайраткерлері Сталин жолдастың еңбегін зерлеп оқып, терең ұғынып, қолдану жолында еңбек етіп келеді.

Бұл мәселенің бірінші кезеңі – сол еңбекті ұғыну, түсіну сатысы болса, енді сондағы пікірлерді ғылымның әр сала-сында, творчестволық түрде қолданып, пайдаланып, соның жемісін ғылымдық іздену жолына жұмсау кезеңі басталды.

Қазақтың әдеби тілі жөнінде И.В. Сталин еңбегін творчестволық түрде пайдаланамыз деген талабымыз – сол жаңағы айтылған жолдағы іздену талабы. Бұл еңбекті қазақтың әдеби тіліне қолдану жөніндегі қазіргі айтатын пікірлеріміз ойлану, ойласу ретіндегі алғашқы адымның бірі.

Қазақтың әдеби тілі жайына келгенде, Сталин жолдас-тың бұл еңбегіндегі әдеби тілге арналған пікірлеріне тоқ-тауымыз керек.

Әдебиет пен әдеби тіл мәселесі – бұл еңбектің Пушкин тілі жөнінде РАПП пен пролеткульт жайын Марр жүйесімен жалғастыра сынап кеткен жерлерінде ерекше сөз болып, та-маша пікірлер айтылды. Сонымен қатар И.В. Сталин жол-дастың халық тілі көп ғасырлар бойында құралады, тілдер-де тоғысулар болып тұрады, тілдің дамуы базиспен де бай-ланысты, әрбір тілдің өсу, даму тарихын, сол тілде сөйле-ген қоғамның тарихи дамуымен байланыстырып тексеру керек дегені – әдеби тіл мәселесін жалпы тексерушіге де, қазақ әдебиет тілін зерттеуге де айқын нұсқау болады. Қазақтың әдеби тілі жөніндегі мәселеге осы тұрғыдан қара-ғанда, біздің ұлттық тіліміздің ұзақ тарихы, әсіресе, оның социалистік дәуірде өсуі көсеміміздің данышпандық пікірлеріне кезекті мысалдың бірі болып табылады.

Буржуазиялық ұлттар саясаты үстемдік еткен кезде, көп елдер тіліне бір елдің тіл үстемдігі жүріп отыратынды-ғын Сталин жолдас айырып айтады.

Ал социалистік қоғамда бір елдің тілі өзге елдердің тілімен тоғыса табысатын дәуір туды. Бұл сол елдердің еңбекші халқының өзді-өзінің келісімімен, біріне-бірінің туысқандық түрде болуымен сәйкес болады. Бірінен бірі жаңалығы мен жақсылықтарын ауысып ала отырып, бар-лық бауырлас елдердің тілдері қанаттаса өседі. Және бұ-рынғы дәуірлерінен әлдеқайда көркейіп, байып, социалистік мәдениет қорымен тез күшейіп өседі. Соның нәтижесінде бұрынғы бұратана болған елдердің жеке-жеке мешеу, оқшау тіршіліктері кезінде жетілмеген тіл мәдениеті социа-

листік мәдениет дәуірінде тез жетілді. Осы жолмен өсіп, зор мәдениетке жететін қазақтың тілі де, Сталин жолдас айтатын болашақтағы зоналдық тілге және дүниежүзілік коммунизм заманында орнайтын тілге өз үлесін апарып қосатын болады.

Сталин жолдас орыстың ұлттық тілі жөніндегі мәселеге келгенде, орыс халқының барлық классикалық әдебиеті қайраткерлері ішінен Пушкинді ерекше атайды, бұнда өзгеше мән бар. Бұл Пушкин мұрасының оқшау өзгешеліктерінен туады. Феодалдық құрылыс кезінде жасаған Пушкин – кейін Россиядағы капитализм дәуірінен өтіп келіп, социализм дәуіріне барлық асыл қазынасымен, кең қанатты қалпымен түгел жеткен, дана жазушы. Сталин жолдас Пушкин тілінің жүйесі, грамматикалық құрылысы, негізгі сөздік қоры, барлық елеулі жағынан алғанда, бүгінгі орыс тілінің іргесі есепті болып отыр дейді. Әрине, бірқатар сөздерінің ескіріп қалғаны бар, бірталай сөздерінің мән-мазмұны өзгергені бар, сонымен қатар ұлы халықтың ғасырдан аса тарихымен бірге жасап келе жатқан қасиеті тағы айқын.

А.М. Горький: “Пушкин бізге халық тілін қалай қорытып пайдалануды көрсетіп кетті”, – дейді. Анығында, Пушкиннен кейінгі дәуірдегі орыстың әдеби тілі – әдебиеттенген халық тілі. Оның сөз байлығының өзі де ұшан-теңіз мол еді. Пушкинді зерттеушілердің бір есебі бойынша, оның сөздерінде он бес мың жеке сөз барлығы анықталған. Пушкин тілінің мұндайлық молдығы оның ерекше талантына, кең білгірлігіне байланысты болса, екінші жағынан, әсіресе, өз халқына және халқының тіл, ой қазынасына біте қайнасқан жалғастығынан туған. Пушкин – көп жанрда жазған жазушы. Мүмкін, ол бір ғана поэзия түрінде жазған болса, жаңағыдай бай сөз қоры мұраларына толық жиыла қоймаған да болар еді. Пушкинде поэзия, көркем проза, сын мақала, тарихтық еңбек, хаттар, тағы талай ұсақ түрлі жазу үлгілері бар еді.

Осындайлық жан-жақты іздену, еңбектену нәтижесінде заманындағы барлық орыс қауымы қолданған тіл қорын қағаз жүзіне, көркем еңбек шеңберіне сіңіре білді. Сондықтан да Сталин жолдас Пушкинді Россияның тіл мәдениет тарихынан екшеп алып отыр. Және бір Пушкин, орыс тілі

үшін ғана емес, біздің ойымызша, осы алуандас өзге елдер тарихындағы классиктерді орнымен бағалаудың өлшеу мөлшері есебінде Пушкинді әдейі талғап алған тәрізді. Пушкиннің сондайлық өрен озғын өзгешеліктерін еске ала отырып, соған қарайлас келетін өзгешелік қасиеттері бар, бір топ туысқан елдер классиктерін де салыстыруымызға болады. Бұл қатарда біз Шевченко, Церетели, Чавчавадзе, Налбандян, Абовян, Ахундов, Хетагуров, Абай, Банзаров, Тоқай сияқты жазушыларды еске аламыз.

Осы аталған туысқан елдер классиктеріне жалпы алғанда, шартты түрде, Сталин жолдастың Пушкинге арнап айтқан пікірлерін қолдануға болады. Мысалы, қазақта Абайды алсақ, оның тіл жүйесі, грамматикасы, негізгі сөздік қоры біздің бүгінгі қауымымыз сөйлеп жүрген тілдің өзі болады. Осындай жайды жоғарыда аталған, барлық классик жазушылардың өз елдерінің бүгінгі тілдерімен нық байланысты деп айтуға болады. Шартты түрде болса да, оларды Пушкинге ұқсас қасиеттерге ие болған классиктер дейміз. Бәрі де өз елінің әдеби тілін – халық тілі негізіне сүйене отырып, күшейткен, көркейткен, ұлы еңбек еткен жазушылар. Олардың бәрінің де соңынан халықтарының әдебиет тілі – әдебиеттенген халық тілі болды. Бұлардың барлығы да өз елдерінің тіл қорын жақсы білген, зор талантты классиктер болғандықтан, халық тілдерінің классиктерін шығармаларына молынан енгізген жазушылар.

Бірақ, сонымен қатар, айтатын бір ескерту: осылардың көпшілігі өз халықтарының тілдеріне кемел болса да, мол шығармалар жазып, Пушкиндей көп мұралар қалдырған емес. Және көбі өз халықтарының мәдениеті Пушкин тұсындағы орыс халқының мәдениетіне жетпеген кезде шыққан жазушылар. Пушкинмен салыстырғанда, бұлардың бірталай ұқсастығын айтсақ та, “теңдес орында емес еді” деп, бұл жайды баса ескертеміз.

Сталин жолдастың Пушкиннің тіл мұрасы жөнінде айтқандарын, шартты түрде, Абайдың тіл мұрасына да қолдануға болады дедік. Шартты түрде дегеніміз, Абай шығармаларында қазақ тілінің байлығы бар қалпында, Пушкин шығармаларына орыс тілінің байлығы кіргендей болған жоқ, Абай шығармаларының көлемі аз және әдебиеттің бір жан-

рында, көбінше поэзия саласында жазғандығынан және де көлемі шағын шығармалар шеңберінде Абай өзі білген қазақ тілінің де барлық қорын түгел пайдалана алған жоқ. Рас, оның шығармаларының тілінде халықтық қордың ең асыл, көрікті, мән-мазмұнды қасиеттері шамасынша қамтылғаны анық. Егер, Абай поэзиясымен қоса, қалың роман тәрізді, повесть сияқты, не драматургия сияқты үлгілерде көп жазған болса, өз халқының сол замандағы салттық сөздерінен, тілдерінен де көп сөздіктер кіргізген болар еді. Халықтың салттық сөздерін молынан пайдалануда драматургия жанрының да орны ерекше. Шекспир сөздігіндегі төл сөздің саны 18 мыңға жетуі – саны көп, сапасы зор неше алуан драмалық шығармаларды туғызғандықтан.

Осы жайларды ескерумен қатар, Абайдың қазақ әдебиет тілін жасаудағы екі ірі ерекшелігін атап өту қажет. Ең әуелі Абай қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген шебер сөздік қорынан мол пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетті. Екінші, қазақ қоғамының ортасында, Абай заманында жаргон есебінде кіре бастаған бөтен елдер сөздері бар еді. Ол мәдениетте кейін қалған реакциялық, діншілдік бағыттағы пантуркистік, панисламистік түрінде қазақтың жазба тіліне араласа бастаған араб, иран сөздері болатын. Бұлар кітапшылаған, молдасүрей ақындар қолданған, жазба әдебиетке кіре бастаған, үстем тап қолданған жаргон сөздігі болатын. Меккеден, Бұхардан, Стамболдан, Қазаннан шыққан ишан, имам, схоластик медреселер тәрбиесінен шыққан халфе, хазірет, молдалар жаргоны болатын. Олар Абай тұсында, дін-исламның ықпалына тартып және “түркі” деген тілді пантуркистік саясатының құралы етуге әрекет жасады. Бәрінің жиын саясаттық бағыты біреу болатын, ол – Россиядан, орыс халқы мәдениетінен, қазақ сияқты елдерді аулақ, жырақ етіп ұстаудың шарасы еді. Түп мақсаттары империалистік Англия қолданған отаршылдық бағытқа жәрдемдескен, қанаушы таптың халыққа жат, залалды идеологиясының бағыты еді.

Панисламист, пантуркистердің тіл жөніндегі және саясаттық талабы, кейін шыққан буржуазиялық ұлтшылдар бағытымен астарлас, астас болатын. Араб, иран тілінен

кірген жаргондық сөздер мен сөйлемдер Абайдың алдында, оның тұсында да, мол жайылып келе жатқан-ды. Ең алғаш шәкірт-ақын шағында, Абайдың өзі де идея жағынан бағынбаса да, өлеңдік сыртқы түр, тіл жағынан сол жаргондық сөздерге әуестеніп, еліктеп жазып жүретін болған. Бірақ, бері келе Абай бұл аламыш тілдің керексіз шұбарлығынан арылады.

Хат жаздым “Әзірет Әлі, айдаһарсыз”,
Бізде жоқ “алтын иек, сары ала қыз”, –

деген сияқты өлеңдерінде Абай шығыстық, діншілдік мазмұннан жиреніп қана қоймайды, өзі тұстас кітапшыл ақындардың араб, парсы сөздерінен құрап, әр алуан асылдарды сол тілдермен атап, өлең тілін шұбарлағанын да, “сары ала” бояумен баттастырғанын да шенеп, сынап отыр.

Абай өзіндік көркем шығармаларын жазғанда, халқының өз тілімен жазды. Бар қасиетті, қадірлі нәрді, ажар кестені толық сыпатты өз халқының тілінен табады. Бұл Абайдың өзгешелік, ірілік, классиктік сыпаты еді.

Бірақ, енді осымен қатар, біздің тіл зерттеуші ғалымдарымыздың көбіне ортақ бір пікірге дау айтамыз. Ол – “қазақтың әдебиет тілі Абайдан басталады” деген қорытындылары. Сталин жолдас: “Ал тіл керісінше, талай заманның жемісі болып табылады, тіл сол замандар бойына қалыптасады, байиды, дамиды, сұрыпталады” – дейді.

Ал әдебиет тілін алсақ, халықтың әдебиетке түсіп қалыптанған тілі. Әдебиеттенген тіл де халықтың тілі. Бұлай болғанда, әдеби тіл бір дәуірдің бір-ақ жазушысымен бірге туып қана қоймайды. Сталин жолдас Пушкин тілінің ерекше қазыналық қасиетін айтумен қатар, Ломоносов, Радищев, Жуковский, Карамзин, Крылов тұсында немесе орыстың арғы алыс ғасырлардан келе жатқан ауыз әдебиеттік, асыл мұраларында орыстың әдебиеттік тілінің белгілері, өсу үлгілері, қалыптануы, сұрыпталуы болмады деп айтпайды. Орыстың әдебиет тілі тек Пушкиннен басталады деп те айтқан жоқ.

Осы жайды ойласақ, Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы, ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы, шебер,

көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Оларда, немесе XVIII ғасырда көпке жайылған жырлар тудырған Бұхарда, XIX ғасыр басында асыл-әсем бай тілмен халықтық асқақ, ескек жырлар тудырған Махамбетте қазақтың әдебиеттік тілінің үлгі, өрнектері жоқ деуге бола ма? Әсіресе, Октябрь революциясынан бұрын, қазақтың барлық өлкелеріндегі тіл байлықтары тұтасып қосылып, біріккен ортақ мол қазына болмай тұрған кезінде, ақындық еңбек еткен Абайдың шығармалары әдебиет тілінің түгел негізін құра қойды деуге сыя ма?

Осы сұрақтардың бәрі де тіл ғалымдарының, әдебиетшілердің ойланып, ойласа кеңесіп жауап беретін, түйінді мәселелері. Осымен қатар, қазақтың революциядан бұрынғы әдебиет тілін өзінше белгілеп жүрген кейбір жолдастардың тағы бір пікіріне күмән жасап, дау айтуға тура келеді.

Ол жолдастар “қазақтың әдебиет тілі солтүстік-шығыс Қазақстанда, Алтынсарин мен Абайдың жазушылық, шығармалық мұраларымен жалғас қалыптанды” – дейді. Бұл ретте, Абайдың сөздігі мен әдебиеттік тіл жасаған ізденулерін, табыстарын алсақ, ол тек Шығыс Қазақстан тілімен жазды деу, біздіңше, жеткіліксіз, дәлелсіз. Рас, Абайдың салттағы сөйлеу тілін өзі өмір кешкен қазақ өлкесінің сөздік үлгісінен алғаны даусыз. Бірақ классик жазушы Абай өзінің сөз қорын сол өзі жүрген ортадан ғана, ауызша сөйлеп жүрген салттық сөздерден ғана құрады десек, бұл пікір дұрыс болмас еді. Абай бүкіл қазақ халқының арғы-бергі заманда ауыз әдебиет үлгісінде тудырған шығармаларын: мақал-мәтелдерінің, ертегі-аңыздарының, үлкенді-кішілі дастандарының қазынасын да білді. Жазба күйде жетпесе де, ауызша айтылып жыраққа тарап жатқан шешендік сөздердің, айтыс-тартыстардың, және өзінен бұрынғы, өзімен тұстас әлденеше жеке ақындардың да шығармаларын көптен-көп естіп, ұғынып, жадында тұтып, қолданып өсті.

Осы ретте, Көкбайдың айтуынан есте қалған бір жайды айта кетейік. Бір шақта Көкбай Абайдан: “Осы қазақ халқының сіз білгендегі ең ірі ақыны кім?” – деп сұрапты. Сонда Абай: “Қазақта Марабайдан артық ақынды мен білген емен”, – деп, соның дәлеліне өзі білген “Тарғын” жырынан мысал келтіріпті:

Кілегей қара бұлытпын,
Келе де жаумай ашылман.
Мен – атадан кескекті туған аюмын,
Кескілеспей басылман!
Алдыңа кеп тұрмын деп,
Дұшпаным, саған бас ұрман, –

деген жолдарды айтады да, “өзім білген қазақта дәл осындай сөз аузынан шыққан жанды көргем жоқ” дейді.

Марабай – осы күнгі Батыс Қазақстанның Шыңғырлау ауданынан шыққан ақын. Сондай-ақ Абай “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан”, “Алпамыс” жырларын білмеді деуге, ол жырлардағы Сыр мен Қыр, Орал мен Алтай қазақтарына тән ерекшеліктерді сезбеді деуге болмайды. Бұның үстіне, Абайдың өзі аттарын атап, шеней сынап өтетін: Бұхар, Шортанбай, Дулаттарды алсақ, олар да кең Қазақстанның қай-қай жерлерінде болмаған! Бұхар – Арқадан шығып, Абылаймен бірге Түркістанға шейін кезген, ұзақ өмір кешкен ақын. Сондықтан да бір толғауында:

Қарағай судан қашып,
Шөлге шыққан бір дарак.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарак, –

дейді. Осындағы “дарак” деген сөз Арқадағы қазақ айтатын сөз емес. Оңтүстік, Сыр қазағы айтатын өзбек, иран тілінен ауысқан “дарахт” (ағаш деген сөз). Ендеше, Бұхардың да тілі, сөздігі қазақтың көп жерінің көп қорынан құралған болу керек.

Абайдың тағы бір атаған ақыны – Шортанбайды алсақ, оның да Қыр мен Сырдың арасын ұдайы сыдыра кезіп жүрген ақын екені өмірбаянынан да, діншілдік-мистикалық салт-санасынан да мәлім.

Осы айтқандар сияқты, Алатауды, Алтайды мекен еткен қазақтардың арғы-бергі ірі ақын, шешендерінің ауызша тараған сан шығармалары, айтыстары Абайға жетпей қойған жоқ. Көп сөздерін Абай аса жақсы білген Түбек ақынның өзі-ақ, Абаймен көршілес, іргелес Сыбаннан шығып, Алатауға келіп, Сүйімбай, Жамбылдармен жарыс, айтыстарға түсіп жүргені мәлім емес пе?

Міне, осы мысалдардың бәріне қарағанда, Шығыс Қазақстанның жергілікті халқы сөйлеп жүрген салттық сөздерден көп нәр, қор алудың үстіне, Абай жаңағыдай өз халқының сан тараптан келіп жатқан ауызша әдебиеттік қазынасынан да күмәнсіз, даусыз, мол азық, нәр алғаны анық.

Әрине, бар қазақ даласының бірінен-бірі алыс, шалғай жатқан облыстарының бәріндегі сөздік ерекшеліктер, жергілікті тіл басқашалықтары, ол замандағы қазақ әдебиетін ауызша да, жазба да тудырған ақындардың бәріне бірдей түгел қорымен мәлім болған жоқ. Қазақ халқының социалистік ұлт дәрежесі қалпына келген заманында ғана халықтың барлық мол тіл қоры, өздерінің әр алуан сөздік ерекшеліктерімен, байлықтарымен Октябрьден кейін ғана тұтасып, тоғысты. Бұл жайындағы пікірді біздің советтік социалистік әдебиетіміздегі әдебиеттік тіл жайын айтқанда кеңірек сөз қыламыз. Әзірше, Абай қалдырған әдебиеттік тіл жөнінен қорыта келе айтарымыз, ол әдебиет тілін бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен классик деп білеміз. Және сол жолда өз дәуірінің мүмкіншілігіне қарай, шамасынша қазақ әдебиет тілін жасауда, белгілі дәрежеде Қазақстанның көп өлкесінің тіл қазыналығын кеңінен пайдаланып, халықтық әдебиет тілін биік белге шығара түскен ақын дейміз.

Әрине, Абай сөздігінен біздің заманымызда ескіріп қалып қойған сөздер де бар, бірталай сөздердің мағынасы өзгеріп, жаңғырып пайдаланатын болғаны да даусыз.

Енді қазақтың әдеби тілінің негізін салушы Абай, Ыбырай деуші жолдастар пікірінің тағы бір терістік жағын айта кетелік.

Бұл ақындар тұсындағы қазақтың тілі, жазу-сызу өнері жаңа ғана кірген тіл қалпында еді. Мүлде жазуы жоқ ел емес болса да, қазақ тілі ол кезде жазба өнері жас (младописьменный) халық еді. Бұл елдің мәдениет тарихының ырысына қарай Ыбырай, Абайлар шықты. Олар халық тілін әдебиеттік жаңа сапаға өсіре түсушілер болды. Бірақ бүгінгі біздің Одақтағы бауырлас ұлттардың бір топтарын алсақ, олар арасында мүлде жазу-сызу болмастан-ақ ре-

волюцияға жеткендері бар. Бірақ соларда өткен көп ғасырлар тарихтарының бойында ауызша әдебиет бай болып келіп еді. Олай болса, солардың Абай, Ыбырай сияқты жазушы ақындары болмағандықтан әдебиет тілі мүлде болмады деуге бола ма?

Анығында, оларда да өзгеше бай шебер, орамды халықтық тіл қоры болғандығы даусыз ғой. Рас, қазақтағы сияқты ол тілдерде бақташылық, аңшылық немесе балықшылық сияқты кәсіптерге байланысты және салттық сөзге бай, мол қорлар болумен қатар, ғылым, техника, философия, социология сияқты сөздіктеріндей ұғымдар, атаулар болмаған. Бірақ қазір революциядан бері қарай, сол елдер өнерлене бастағанда, аз заман ішінде, әдебиеттік тілдерді жаңағы соңғы аталған атау сөздіктерді қосумен қатар, бұрынғы тіл қорына сүйеніп, толысып туып отырған жоқ па!

Революциядан бұрын өз жазуы болмаған қырғыз, бурят, якут, хакас елдерінде көркем әдебиет қандай шарықтап өсті! Орыстың ұлы классиктері: Пушкин, Толстой, Горький шығармалары сол елдердің тілдеріне мейлінше қонымды, көркем күйде аударылып отырған жоқ па! Әсіресе, сол елдердің тілдеріне адамзаттық ең жоғары сапалы, мазмұны биік болған Ленин, Сталин томдары аударылып, оларды бүгінгі оқушылары өз тілінде ұғынып, баурап алып отырған жоқ па!

Міне, бұл мысалда Абай, Ыбырайы болмаған елдерде де әдебиет тілінің үлгісі мен іргесі анық болғандығын, барлығын танытады.

Енді осы айтылғандарға жалғас, қазақ әдебиет тілінің Абайдан кейін өсіп-өнген кезеңдерін, жолдарын, бүгінгі жеткен шамасын алып, сөз қозғағанда, қазақ әдебиет тілінің шынайы қалыптасқан, халық тілі болған дәуірі қайсы десек, ол, әрине, социалистік революцияның дәуірі, біздің анық халықтық совет әдебиетіміздің туып, өсіп, дамып келе жатқан дәуірі.

Абай заманындағы ғылым, техника, философия, социология, саясат – баршасынан қазақ тілінің сөздігі мүлде құралақан еді. Абайдың сөздігіне орыс тілінен ауысқан атаулар осыншалық мардымсыз, санаулы, шағын болатын. Қазақ тілінің соңғы отыз жыл ішінде қаншалық дамығанын сырттай ғана мөлшерлеу үшін, тек ғылымдық атаулардың

өзінен ғана құрылып жатқан сөздіктердің ұшан-теңіз сандарын ғана еске алуға болады.

Осы ретте, тіл ғалымдарына орнымен қойылатын үлкен бір талап, сол жеке ғылымдық атаулардың мол сөздіктерін бастырып шығару шарт еді. Рас, бұл жолда Қазақстан Ғылым академиясының әзірлеуімен, профессор Н. Сауранбаевтың басқаруымен терминдік сөздіктер енді-енді шыға бастады. Революциядан бері молайған атаулардан құралған тіл байлықтарын жинауда біздің одақтас республикалардың бірталайы Қазақстаннан гөрі өнімді істер істеп, үлкен сөздіктер шығарып жатыр. Мысалы, Арменияда тек медицинаның өзінен ғана қалыптанған атаулардың саны 18 мың сөз бопты; правоның атауларынан құралған сөздік 13 мың сөз болып тоқталыпты. Латвияда ғылымдық атаулардың сөздігі 40 мың сөзден құралады.

Осы алуандас, екі тілді сөздік те туысқан елдерінің бәрінде қалың-қалың томдар боп шығып жатыр. Тәжік, азербайжан, қырғыз, өзбек тілдерінде сондай сөздіктер үлкен табыс есебінде туып отырғанын білеміз. Кейбір туысқан елдердің тілін сөздік қоры жағынан зерттеу революциядан бұрын да едеуір елеулі өріске жетіп қалғаны бар еді. Мысалы, Пекарскийдің еңбегімен якут тілінің он үш томдық сөздігі ерте кезде шыққан.

Біз мөлшер шамамен топшылап, сенімді түрде байлау етіп, қазақ тілінің де сөздігі өз дәуірімізде ұшан-теңіз молыққанын айта аламыз. Бірақ сол жаңалық табыстарымыздың бұл күнде аса қажет болып отырған сөздік томдары тумай келе жатқаны, үлкен өкінішті жай.

Бірақ, сондай сөздік болмаса да, Ленин-Сталин дәуірінде тәрбиеленген, советтік қазақ елінің өнерлі ұрпағы, сан саладағы жаңа қауым қайраткерлері өзінің жаңалық сапасын, толық тәрбиесін танытқанда, социалистік дәуірінің ғылымы, өнер, техникасы өзгерісін байыған тілі арқылы танытады. Ғылым, техникамен молынан құралданып, басқаша сапада өсіп келе жатқан буындарымыз білген сөздік қоры кең көлемімен алсақ, ол Абай білген сөздік қордан сан есе мол екеніне күмән жоқ.

Әдебиет тілін айтқанда, қазақтың совет жазушыларының, ақындарының тілі жөніндегі мәселе ең үлкен орын

алатын нағыз бас мәселенің өзі екенінде шәк жоқ. Сондықтан біз бұдан былайғы қазақтың әдеби тілінің үлкенді-кішілі жалпы мәселелерін сөз қылғанда, қазақ совет жазушыларының бұрынғы қазақ тарихында болмаған өзгешіліктерін алдын ала ескертіп өтуді қажет деп білеміз. Бүгінгі қазақ совет жазушыларының әзірлік сатыларын, тәрбиелерін алсақ, жазушылық еңбегіне көпшілігі белгілі мектеп өту, оқу арқылы келді. Олар орыс әдебиетінің тәрбиесін молынан алып келіп, жазушылық еңбекке араласты. Бірі орыс тілін көбірек, бірі кемірек білсе де, тым құрғанда, оқып отырғанда орыс кітабын молынан ұғынбайтын қазақ жазушысы бұл күнде жоқ деп айта аламыз.

Сөйтіп, бұлардың отаны – Ұлы советтік Одақ болудың үстіне, халықтың үй-ішілік болмыс, тірлігі, салты ұлы орыс халқының мәдениетіне түгел туысып, қабысқанының үстіне, әрбір жеке жазушының өз қара басының да мәдениетті, білімді, жазушы боп шығу жолы барлық тектөркінімен, тамыр түбірімен, ұлы оқытушы – орыс мәдениетіне біте қайнасқан.

Бұл жазушылардың көпшілігінің екі тілді жазушы деп айтуға келеді. Олардың өз туған тілінен басқа, екінші ана тілдері – орыс тілі. Көркем шығармалық еңбекті қазақ тілінде жазғанмен, олар дүние жүзі әдебиетін, орыс мәдениетін және ескілі-жаңалы мирастары мол, туысқан елдер әдебиетін де орыс тілінде оқып таниды. Сол себепті әрбір қазақ совет жазушысының ойында, сезім тілінде, сөйлеу, теңеу, сөз алысып сұрыптау дәстүр машығында сол орыс кітабынан келген әсерлердің әр алуан түрде, аса мол болатынын ескермеуге болмайды.

Екінші ана тіліміз – орыс тілі біздің жазушыларды сөздік жағынан болмаса да, сөзден құрылатын өрнек, образ, сөйлем, стиль жағынан ерекше нәрлендіріп, баулып бастап отырады. Кейде қазақ тілінде жазып отырған совет жазушысының үлкен нәр-қоры, асыл азығы қазақ тілінде ғана емес, қайта орыс әдебиет тілінің тәрбиесін, көмегін әлдеқайда көбірек көргендікті аңғартады. Орыс тілінің бізге осыншалық жақын болуы, екінші ана тіліміз болып бойға сіңуі – қазақ совет жазушыларының ырысы

дейміз. Бұл алуандас екі тілді болу – Совет Одағындағы барлық туысқан елдер жазушыларының бақыты.

Баяғы замандарда, батыс-славян елдерінде, Орта Азиялық Шығыста екі тілді жазушы болса, ол оның қасиеті емес, шарасыздығы, заман соры есепті болып еді. Өйткені өз халқының тілі емес, бөтен тіл бұны – халқынан аулақтатқан зорлық пен үстемдіктің белгісі болатын. Және олар өз тілдерін сол бөтен үстем тілдің ықпалына барынша бағындырып, табындырған еді. Сол амалсыздық күйінен Орта Азия халықтарының көп ақындары өз тілінде жаздым деген шығармаларының да 60 процент сөздігін араб, иран тілінен құрайтын-ды. Олардың шығармалары өз заманындағы қалың еліне де түсініксіз еді.

Ал біздің екі тілді жазушыны алсақ, бұлар ең әуелі сөздігін түгелімен қазақ халқының өз тілінің қорынан алады. Орыс тілінен алса, халқы, қауымы түгел қабылдап, бойына сіңіріп алған, өзіндік етіп әкеткен сөздіктен алады. Бұл – бір. Екінші – орыс тілі арқылы орыстың әдеби тілінің шеберлік, көркемдік сыпаттарын алып, соны өз тілінде қонымды, көрікті етіп бере білуінде. Бұл – бір әдебиет тілінің екінші әдебиет тілінен үйреніп, өсуінің өзгеше үлгісі. Бұнда барлық жаңалық үстемдіктен, зорлық ықпалдан тумайды. Жазушының өзінің ішінен, ішкі интеллектуалдық, эмоциялық жаңаша бітімнен, бар тұлғасының шындығынан туады.

Сталин жолдастың “социализм бір мемлекетте жеңіп тұрған заманда, мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениеттер барынша жетіліп өседі” деген даналық қағидасы, ұлттық мәдениеттің ең үлкен айғағы етіп, сол әрбір жеке советтік ұлттың тілін ең алдыңғы қатарға шығарып отыр. Біздің советтік әдебиет тіліміздің өзгеше сапада кең өрістеп, шалқып өсуіне анық жайлы, тарихтық жағдайдың өзі де осында.

Ұлы орыс тілі сияқты үлгі қордан біздің жазушылар пайдаланғанда, туысқан елдердің біріне-бірі зор сеніммен, барынша достық тілектермен бауырласып табысуы арқылы баурайды. Осыған тарихтық, қоғамдық жағдайымыз бір басқа, әр жазушының жоғарыда айтқандай, өзіндік ішкі әзірлік тәрбие, мәдениет, нәр-қоры да барынша қостай ілеседі.

Міне, осы аталып өткен ішкі-тысқы жай-жағдайдың барлығы да қазақ совет жазушылары дамытып келе жатқан қазақтың әдеби тілінің біздің дәуіріміздегі орасан зор өзгешілігі. Ескі қазақ әдебиетінде және Ыбырай, Абай еңбек еткен әдеби тілімізде бұндайлық тарихи сапалы жағдай болмағандықтан, олар тудырған әдебиет тілі де советтік әдеби тілден сонауғұрлым кереғар, кейін жатқан кемтарлық, олқылықтар көп болған. Бізде XIX ғасыр әдебиеті білмеген сан салалы әдебиеттік жанрлар туып, халықтағы тіл байлығын жазба әдебиетке молынан түсірерлік жаңалықтар қосылды.

Октябрьдің жемісі болған қазақ совет әдебиетінің өсуінде, бұрынғы поэзия жанры ғана емес, қалың романдары бар үлкен проза туды. Ұзынды-қысқалы әңгіме, очерк сияқты жанрлар пайда болды. Сан алуан драматургия шығармалары жасалды. Журналистика ұшан-теңіз өсті. Әдебиеттану ғылымы туды. Өзіне бөлек үздіксіз өсіп келе жатқан ғылымдық сала болып тілтану ғылымы өрістеп келеді.

Осындайлық ұлы өзгерістерге ілесе еңбек етіп отырған қазақ совет жазушысы баяғы, байырғы, көне тілдің мүмкіншіліктерін пайдаланып қана отыра алмайды. Бүгінгі жазушының ойлануы мен сезінуі және сол екеуін әдебиеттік сөздік арқылы, сөйлемдер арқылы қалыптауы мүлдем жаңарып кетті. Шеберленген, мәдениеттенген қазақ тілімен жазып отырған өлеңдерінде, қара сөздерінде, пьесаларында қазақ жазушысы барлық сезім мен ойларын жаңаша, өзгеше сапада қалыптауға тырысады.

Міне, осы тұрғыдан қарасақ, қазақ совет жазушысы, қазақша жазып отырған күйінің өзінде, бірталай ойын, сезімін, сөздік теңеулерін қазақ сөзінен құрғанмен, орыс әдебиетінің тілі үлгісінде ойлап, қорытып құрайтыны болады. Аңдап байқаған оқушыға, қазақтың бүгінгі көрнекті ақындары, прозаиктері, драматургтері жазып жүрген еңбектерде, жаңағы айтылғандай, орысша ойлану, теңеулердің әдемі қорытылып алған үлгілері үнемі ұшырап отырады. Бүгінгі қазақ совет жазушысының біреуінде осы ерекшелік молырақ, біреуінде кемірек болса да, дәл осы алуандас жаңаша ізденуден, жаңаша әдебиеттік тіл үлгісін көріктеуден сырт тұрған, құралақан жүрген бірде-бірі жоқ.

Рас, бұл қатарда айрықша баса айтатын бір ескерту және бар. Орыс тілінің мәдениетінен қазақша әдебиет тіліне қонымды үлгі алғанда, оны қазақ сөзімен қалыптап, жаңғыртып, өзгертіп бергенде, ең әуелі, сол көркем, шебер істелген қорытпа болсын. Бұл жөнде, қылдай мін болса, одағай, өрескел боп тұрады. Жаңалық үлгіні алғанда, қазақ тілінің бар заңына, күйлілік, көркемдік орамына, кестесіне қайнасып қосылғандай, жымы білінбестей етіп араластыруы шарт. Болмаса, орысша ойлаған ой, табылған теңеу олақ аударма тәрізді ойқы-шойқы келеді, таразы теріске ауады. Бұндай ізденуден жеміс тумай, сәтсіздік, дәрменсіздік қана туады.

Біздің қазіргі әдеби тілімізді жазушылар шығармаларынан қадағалап қарағанда, өсу мен дамудың жақсы үлгісі көп ұшырап отырумен бірге, жаңағы айтылғандай шикілік те ұшырамайды емес. Бұл сияқты олқылық міндер жайын, кейінірек, молырақ түрде сөз етеміз. Әзірше дұрыстық үлгілерден ой түйе келе айтатынымыз: бүгінгі әдебиет тіліміздің өсуінде қазақ тілі қазақ совет жазушыларының орыс әдебиеті тәрбиесінен өткендік нәтижесінде көп сапалы, қызықты жаңалыққа ие болып отыр дейміз.

Бұның мысалдарын біздің барлық ақындарымыздың шығармаларынан айқын көруге болады. Тек ақындар ғана емес, көркем проза, драматургия жанрында еңбек ететін жазушылардың тілінен де айқын аңдауға болады. Жазба поэзия осы үлгідегі ізденудің (жалпы өлеңдік түр ізденушілігімен аралас) өнімді қызық үлгілерін Сәбиттің ақындық еңбектерінен тану оңай. Тегінде, Сәбиттің поэзиядағы жаңалықтары көркем қара сөз тілін жасаудағы ізденулерінен, табыстарынан әлдеқайда молырақ.

Поэзияда Сәбиттің шабыттанып жазған көркем өлеңдері: “Сөз – советтік Армия”, “Майға сәлем”, “Колхозды ауыл осындай” деген шығармаларын алсақ, бұнда орыс тілінен кірген, қазақ оқушысына мейлінше түсінікті сөздерді Сәбит мағыналы, тың теңеулердің қатарында, үлкен шеберлікпен қосады. Әдебиеттік жанрларды Совет Армиясының аспандағы, жердегі айдынды күштерімен, құралдарымен салыстыра теңеу әрі соны, әрі көңілге қонымды, құлаққа күйлі боп үйлеседі. Комбайннан аққан қызыл бидай тасқынын домнадан аққан, еріткен асыл тасқынына балап сыпаттау да әрі тың, әрі әдемі, ойға толы теңеу болып шығады. Халық даналығын жиған қол-

хозшы қазақ қартының сөз, өнер қазынасы және соның ойлы, саналы басын антологияға теңеу де әдебиеттік тілді жаңғырта түскен жаңалық екенінде дау жоқ.

Осындай ізденушілік табыстар Тайырдың, Әбділданың және әсіресе, орамды, шебер, қонымды боп оралатын Ғалидің, Қасымның тіл теңеулерінен де көп кездеседі. Жұмағали, Әбу, Қалижан, Хамит, Сырбай шығармаларында осы түрдегі ізденулердің қызықты, нәрлі үлгілерін оқушы сүйсіне танып отырады. Кейде орыс сөзін, қазақша толық төлеуі болмағандықтан, жасанды, жеткіліксіз аудармаға салмай, әдейі арнап қолданатын ойлы қолданыстар да болады.

Осы ретте, Әлжаппардың соңғы пьесасына қойған “Бір семья” деген атының өзі де еске алуға тұрарлық. Алғаш осы атты естігенде, “семья” деген сөз неге аударылмаған, “семья” деген ұғымы болмаған елдің тілінде қаншалық тілдік береке бар” деп намыстанарлық сын айтуға да болғандай еді. Бірақ ойлай келсек, “бір үйдің іші” деп аталса, жазушының ойлаған мөлшерін қазақтың салттағы жаңағы сөзі қамтымайды. “Үй іші” – қазақ тілінің өзiргi осы сөзді қолдану шамасында нақтылы бір ғана үйдің іші болады. Өке, шеше, бала-шағадан құралған бір шөкім адам тобы ғана. Ал орыстың “семья” деген сөзі – сол мағынаны берудің үстіне, “семья народов” деген, социалистік революция өсіріп, ұлғайта түскен мағынаға мейлінше ие болған сөз. Сондықтан “бір семья” деген атаудың өзі ғана, жаңа мағынасында орынды, заңды қолданған сөз боп кіріп отыр.

Совет жазушыларының ендігі бір қазақ әдебиет тілін жасаудағы іздену жаңалықтары – сөйлем құрау, синтаксиспен байланысты. Ол, әсіресе проза, драматургия жағында молырақ ұшырасатын өзгешеліктер. Біздің жазушылар орыс көркем әдебиетінен құрмалас сөйлем құраудың үлгісін де алады және алуға тиіс те. Құрмалас сөйлемдер орынды, көркем болып айтылатын, мөлдір мағыналы боп үйлескен шағында ойлы жазушының талабын танытады.

Көркем әдебиетке құрмалас сөйлем мәдениетін орынды келісті етіп кіргізу қазақтың әдеби тілінің ендігі өсу саатысындағы өнімді ізденудің бір түрі болуында дау жоқ.

Ал бізде әдебиет шығармаларының тілін сөз ету ғылымдық дәрежеге жетпей келеді. Әдебиет тарихшыла-

ры да бұл мәселелерге жете бойлап, нақтылы ғылымдық тексерулер жасап жүрген жоқ. Тіл мамандарының көбі де қазақтың әдеби тілінің совет жазушылар еңбегіндегі осы жаңа үлгіде сөйлем құрудағы ізденулерін, жаңалықтарын, табыстар мен олқылықтарын зерттеу проблемасы етіп қамти алмай келеді. Бұл жолда алғашқы зерттеу, талдау жұмысын бастап келе жатқан тек профессор Сауранбаев. Ол өзінің соңғы зерттеуінде Сәбиттің, Ғабиттің, Мұхтардың синтаксистерін талдауды айрықша тақырып етіп ала бастағанын аңғартты. Бұл – істің басы ғана. Бірақ, жалпы тілшілердің сөйлем жайын зерттеген көп еңбектеріне қарасақ, совет әдебиетінде дамып, көркейіп келе жатқан әдебиет тілінің сөйлемдік өзгешеліктерін аса саяз, үстірт, формалдық түрде ғана қамтиды.

Қай шығарманың қандайлық жаңалық өзгешеліктері, табыстық, сонылық белгісі бар? Қай жазушының қандайлық шығармаларында жетіспеген олқылық, шалағайлықтар бар? Бұл туралы тіл зерттеуші ғалымдарымыз ғылым тұрғысынан қарап, түйінді пікірлер айта алмай жүр. Көпшілік жағдайда “жақсы тіл” деп қысқа қайырушылық басым. Бұл ғылыми зерттеу емес.

Орыс тілінен біздің әдебиетімізге ауысатын орыс сөздерін алуда орыс тілі арқылы келетін халықаралық атаулар мен ғылым, техника атауларын алуда қазақ совет жазушылары еңбектерінен байқалатын бір олқылықты айта кету керек. Қазақ тілінде шығып жатқан ғылымдық кітаптарда жаңа атаулар көп, сондай-ақ жұмысшы, колхозшы, интеллигенция арасында мол тараған жаңа сөздер де көп. Бірақ осы сөздік байлықты қазақ жазушылары өз шығармаларына тым сараң кіргізеді.

Орыс поэзиясын алсақ, неше алуан ғылым-техника сөздіктерін барынша батыл, мол араластырады. Халық ақындарын былай қойғанда, біздің оқымысты ақындарымыздың бүгінгі шығармаларын тіл жағынан қарасаңыз, айналасы 200-300 сөзден артық сөздер кіре қоймағанын байқайсыз. Жазушылардың көркем еңбегіне, соның ішінде, әсіресе шебер жазылған өлең жолдарына ғылым-техника атаулары батыл кірсе, біздің әдеби тілімізге біте қайнасып, тез сіңіп кетер еді.

Бұл реттерде де тілшілерге айтатын бір алуан талабымыз тағы бар. Орыс тілі мен шетелдер тілінен алынған атаулардың орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылып болмаған сияқты. Мен тіл ғылымының маманы емеспін. Сол себепті ойлану, пікірлесу ретінде мына мәселелерді қозғағым келеді.

Біздің соңғы жылдардағы жазуымыз, қолдануымыз бойынша, орыс сөздері, шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақта да солай жазылуы керек. Осы қағиданың екі жақты қайшылығы бар. Бұнда мұғалімге, балаға түзу жазып үйрену үшін туатын бір қиындық – қазақ орфографиясын білуден бұрын, орыс тілінен кірген, бүгін қазақтікі боп кеткен орысша сөздерді орыс грамматикасы бойынша қалай дұрыс жазу керек екенін білу қажет. Қазақтың өз тілінің ерекшелік заңдарына бейімдеп алмай, орысша жазылу үлгісінде алғандықтан, қазақ балалары да, әсіресе мұғалімдері де қазақ тілінің жазу заңдарын қанша жақсы білсе де, осы орыс сөздерін жазуға келгенде үнемі қате жазады. Өйткені олар әуелі ана тілін оқиды, ана тілінде сабақ береді. Орыс тілінің грамматикасын кейіндеп біледі. Және бүгінгі қазақ ана тілі мұғалімінің көбі әсіресе орыс тілінің грамматикасына шорқақ.

Бұл турада “Вопросы философии” журналының 1950 жылғы үшінші санында Мординов жолдас көтерген елеулі мәселелер жайын ойланбасқа болмайды. Әрине, осымен қатар, жаңа сөздерді алуда, түгелімен сингармонизм заңына бағындыра алу қажет десек, ол да ұшқары пікір болар еді. Бірақ қазақтың тіліне халықтың қолдануы арқылы заңды түрде өзгеріп сінген: самауыр, кереует, пеш, стакан, учаске сияқты толып жатқан ескі-жаңалы сөздерді таза орысша жазылу үлгісімен жаздырудың өзі дұрыс па? Ол сөздерді қазақша оқығанда, осылай халықтың айтуынша үйренген бала, орыс тілінің сабағында, сол сөздер орыс тілі грамматикасы бойынша жазылатынын оңай салыстыра біліп кете бермей ме? Мысалы, орыстың тіліне француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағына айтылады да, жазылады да. Қазіргі орыс балалары сол сөздердің неміс, француз, ағылшын тілдерін оқи бастағанда, басқаша айтылып, жазылатынын жолай, қиналмай-ақ түсініп, ұғынып келе

жатқан жоқ па? Біздің грамматикамызда осы жөнде асыра сілтеу, сынаржақтық бар сияқты. Бұл туралы жаңағы “Вопросы философии” журналындағы Мординов мақаласында, орыс сөздерін ұлттар тілдерінде орыс орфографиясымен жазғызуды “марршылдықтың бір солақайлығы” деп бағалайды.

“Орыс тілінен, түркі тілдері сияқты, басқа көп тілдерге кірген сөздерді жазудың негізгі принципі белгілеген академик Мещанинов пен профессор Сердюченко болатын. Олар “жасанды әр алуандықты жою мақсатымен” деп дәлелдеп, орыс орфографиясы мен туысқан елдер орфографиясы жөнінде заң ұсынды. “Орыс сөзі мен халықаралық атаулар орыс тілі арқылы алғанда орыс орфографиясы бойынша жазылсын. Бұл атаулардың жазылуына бұрма-лау кірмесін”, – деді.

Осындай аса зиянды ұсыныс ұлт тілдерінің заңдарын күйретіп, орфографияда анархия тудырады. Ана тілінде хат тануды нелер қиындыққа соқтырды. Жергілікті газеттер мен журналдардың жұмыстарын да ауырлатты”, – дейді Мординов.

Қазіргі кезде “Вопросы философии” бетінде бұл тыңнан көтеріліп отырған мәселе. Әрине, Мординовтың ұсынысынан сингармонизмді түгел қостау туса, ол да дұрыс емес. Ендігі алынатын, тыңнан кіретін атаулар мен орыс сөздерін бұрынғы ол тілдерден жырақ тұрған, оқымаған көрі әжелердің айтуына апарып, қайта салып отыру жол емес. Бірақ “электричествоны” – “электр” деп алсақ, “электрфикацияны” – “электрлеу” деп алсақ, біздің қазіргі алып жүргеніміздей, “тік” жұрнағымен, немесе “изм”-мен алынып жүргені сияқты мысалдарымыз бірталай атауларды тіліміздің заңына үйлестіре қолдануды білдіреді. Осындай шаралар көп сөздің грамматикасы, орфографиясы жөнінде әлі де сұрыптау керек.

Мысалы, орыс тілінде “род” бар, қазақ тілінде ол жоқ. Орыс тілінде жазылуы бір түрлі, айтылуы екінші боп өзгеріп отыратын сөздер көп. Леп болмаған дауысты дыбыстың “о” әрпі сияқтысы орысша айтуда “а”-ға ауысып отырады. Тіл мамандары бізден артық табатын бұдан басқа мысалдар да көп.

Онан соң, қазақ тілінің агглютинатив бітіміне қарай, бізде сөз түбірі – есімдер мен етістікті алсақ, көбінше бір буын, екі буыннан артық болмайды. Осыған жалғау, жұрнақтар, көптік белгілер, жақ нышандары, тағы көп алуан үстеме буындар қосылу арқылы түбірдегі қысқа сөз ұзақ боп кетеді. Орыс тілінен алынатын сөздер жөнінде тілдің осы ерекшеліктері де ғылымдық түрде ұдайы ескерілуі қажет.

Біз жоғарыда қазақ жазушылары, ғылым, техника сияқты, қазақ тіліне молынан кірген сан сала жаңалық атауларды қолданбайды дедік. Соларды тілдің грамматикалық көп түрлеріне өзгертіп, өлең жолына қолданудың ақындарға қиын соғатыны да бар. Әсіресе орыс сөзі мен шет сөздерді алу, жазудағы біздің бүгінгі орфографиямыз қиындық туғызады. Өлең жолына дәл орысша орфографиясын аудармай кіргізсе, оған қазақтың тіліндегі жаңағы аталған жалғау, жұрнақтар сияқты қосымша буындарды үстемелеп жалғатса, өлең жолына сыймайтын шұбыртпа шығатыны даусыз. Кейде жазушы, ақындар осындай атауларды грамматикалық өзгерістерімен пайдалануға баса қоймай, жалтарып кетіп, сол мазмұнға төтеп бере алмаса да, маңайлас сөзді алады да, қиюлай салады. Әдеби тілімізді өсіріп, байыту жөнінде, Сталин жолдастың еңбегіне байланысты, ойласу ретінде сөз қозғағанда осы жайды да нық ескеруіміз керек.

Бұл жөнде орыс халқының тіліне өзіміздің туысқан елдер тілінен ауысып кірігіп отырған сөздердің жазылуы мен айтылуын еске алуға да болады ғой. Революциядан бері орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан елдер тілінен кіріп жатқан сөздер көп. Сонда: джайлау, акын (акын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?

Советтік әдеби тіліміздің байып, өсуіне қосымша қорды біз қазір жалғыз ғана орыс тілінен аламыз да қоямыз деп, кесіп байлау да дұрыс емес. Орыс халқының тілінен алудың үстіне, қазақтың әдеби тіліне көршілес туысқан елдер тілінен келіп араласқан, біте қайнасып кеткен көп сөздерден де жазба әдебиетіміз қашпау керек.

Бұл ретте, отырықшылық, егіншілік кәсібіне байланысты, өсімдік атаулары, көршілес қазақ аудандарына, облыс-

тарына сіңген өзбек сөздерінен, татар сөздерінен қашудың да керегі жоқ. Мысалы, Жетісу облысының қазағы, туысқан қырғыз елімен ұзақ араласта болғандықтан, сол қырғыздың көп сөзін қолданып, пайдаланады. Бұрынғы Жетісу облысында – қырғызбен, Сырдария облысында – өзбек, қарақалпақ, түрікпенмен; Жайық, Ертіс, Есіл өлкелерінде – татармен араласу арқылы көп сөздер алынған болса, сол облыстардың қазақтары сол сөздерді өзіндік етіп баурап кеткен болса, біздің әдеби тіліміздің одан қашуы жол емес. Мысалы, қырғыз тілі қазіргі Жамбыл, Алматы облыстарының тіліне талай сөздер қосады екен. Сол өлкелердің қазағы “шоң”, “тайеке”, “еже”, “тайған”, “шоғылу”, “арбын” тәрізді сөздерді жиі қолданады. Қазақтың әдеби тілі өз халқы қолданып жүрген бар сөзді мейлінше мол қолдану арқылы баю сатысында жаңағы сөздерден безу де лайық емес.

Өзбек, татардан алғанда, олардың араб, иран тілінен алған, халыққа ұғымсыз жаргон сөздерін алу керек емес. Бірақ, біздің тілімізбен тегі бір тілдер болғандықтан, кейде қазақ қолданбай жүрген тың, көне сөздерді олар қолданып, сол сөздер қазақтың да көп жерлеріне сіңген болса, бұдан қашудың орны жоқ.

Мысалы, қазақ “жамбыл” деген сөздің мәнісін білмейді. Ұлы ақынымыз Жамбылдың аты неден болған деп сұраса, осы күнге шейін “Жамбыл” деген тау атымен аталған дейміз. Ал өзбек тілінде жамбыл – гүлдің аты. Бұрынғы шақта, сол гүл көп шығатын тау болғандықтан, таудың өзі де Жамбыл атанған. “Мартук” деген аттың – мартук шөбі көп шыққандықтан бір өлкеге берілгені тәрізді.

Сталин жолдастың ұлы еңбегіне байланысты, орыстың бүгінгі әдеби тіл туралы орталық баспа жүзінде пікірлескен орыс әдебиетшілері мен тілшілерінің мақалаларына қарасақ, орыс халқының бұрынғы-соңғы әдебиетіне түскен сөздің барлығын толық пайдалану керек дейді. “Слово о полку Игорове”-дан бастап, Маяковскийге шейін қолданған сөздік қордың бәрі де орыстың советтік әдеби тілінің қазынасы деп танылып отыр. Пушкиннің тіл қасиетін орыстың тілші ғалымдары мен әдебиетшілері құптап қостағанда, оның тілінде орыстың бұрынғы әдеби тіліне көп әсер еткен церковно-славян сөздіктері, неше алуан архаизмдер

және өз тұсындағы крестьян бұқарасының тілі молынан араласты деген пікірді сүйсіне құптайды. Біздің бүгінгі әдеби тілімізді алсақ, әлі жазба, кітап еңбектерімізге қазақ халқының барлық облыс, өлкелеріндегі тіл байлығы өте аз түсті деп байлауымыз керек. Біз жазу-сызуға жанадан ие болған елміз. Біздің жазба әдебиет қорымыз өте аз ғана. Бұл жөнде зор табыс, мол байлықтар жазбаға түсе бастаған, даусыз өскелең дәуір – қазақ совет әдебиетінің дәуірі.

Бірақ сол советтік жазба әдебиетіміздің өзіне де әлі халқымыздағы таза қазақ тілінің бар байлығы, барлық ерекшеліктері, жергілікті өзгешеліктері мен сөздік байлығы түгел кіріп болған жоқ. Бір өлкесінен бір өлкесі шалғай жатқан дала қазағының тілі тек социалистік революция дәуірінде ғана советтік әдебиетіміздің тілі болып, түгел тоғысып отыр. Тарихтық, мәдениеттік жағдай енді бізден қазақ халқының бар шет түкпірлеріндегі бұрын оқшаулық, өзгешелік күйде жүрген сөздік қорлардың бәрін ортаға салып, түгел туыстыра, араластыра қосып, пайдалануды тілейді.

Сыр бойының диқаншылық кәсібіне байланысты тіл өзгешеліктерін, сөздік байлықтарын өздерінің шығармаларына молынан кіргізбей, өзге жер қазағына түсініксіз болады деп тартынатын Асқар, Әбділда, Қалмақан сияқты жазушылардың тәжірибесін кемшілік деп бағалау керек.

Батыс Қазақстан, Каспий атырабының балық кәсібімен байланысты сөздік байлықтарын аз қолданатын Тайыр, Қажым, Ғабдол, Әбу, Хамит сияқты жазушылардың тартыншақтығын да кемшілік деп білу керек.

Сондайлық солтүстік, шығыс облыстарда туып, өскен жазушылардың және бұрынғы Жетісу облысынан шыққан жазушылардың бәрі де өз туған өлкелеріндегі қазақ сөздіктерінің байлықтары мен ерекшеліктерін молынан ортаға салып, әдебиеттік шығармаларына енгізулері керек. Сол әр облыс жазушысы кіргізген тың сөздерді, қосымша байлықтарды, олардың өздері ғана қолданып қоймай, басқа облыстардан шыққан жазушылар да түгел пайдалануға бет қою керек.

Осы соңғы айтылған ұсынысты біз, әсіресе, аудандық, облыстық газеттер жүзеге асыруы қажет дейміз. Әр облыстың газеті өз өлкесіндегі халық тілінің, жазбаға түспей

жүрген халықтың ескілі-жаңалы сөздіктерінің барлығын мол пайдаланып отыру шарт. Ал сол облыс газеттерінің жақсы тәжірибелерін, тың табыстарын республикалық орталық баспасөз орындары үлкен ықыласпен, ұқыптылықпен зер сала, мол пайдалану қажет. Бұл ретте “Социалистік Қазақстан”, “Коммунист” журналы, “Сталин жолы”, “Әдебиет және искусство” “Халық мұғалімі” сияқты беделді, орталық баспаларымыз үлкен басшылық ету керек.

Сөйтіп, бар облыс, аудандардың тіл байлықтары бұдан былай молынан араласып, жалпы ортақ бірыңғай әдебиет тілі байып, өркендей түсуге жұмыла еңбек ету керек.

Осындай шаралар өсіресе біздің газеттеріміздің айқын байқалатын тіл олақтығын жоюға жәрдемі болар еді.

Қазіргі дәуірімізде халықтық әдебиет тілі бүкіл Қазақстан көлемінде бірыңғайланған, анық ортақ, орамды, шебер сұрыпталған жазба әдебиет тілі болып қалыптасуда. Әр облыс тілінің сөздік басқашалықтары бұрынғыша бытыранды, даралы күйде қала беру лайықсыз. Советтік тұтасқан елдің тіл қазынасы да тұтасып, бірыңғайлану шарт. Оны біздің бүгінгі коммунизмге қарай үдеп өсіп келе жатқан социалистік мәдениетіміздегі екі түрлі ерекше қолайлы, тарихтық жағдайлар талап етіледі. Тіл мәдениеті жөнінде қала мен қыстақ арасындағы айырмыстың жойыла бастағаны, ой еңбегі мен қол еңбегінің арасындағы айырмыстың жойыла бастауы, жоғарыда айтқандай, әрбір советтік ұлттың әдебиеттік тілі де тұтасқан бірыңғай тіл болуын тілейді.

Енді осы айтқандарға байланысты, біздің тіл мамандарымыз көп көңіл бөлетін, көп таласқа салып жүретін диалект мәселесіне тоқтап өтейік. Жолдас Сталин еңбектерінде диалектің екі алуан болатыны аталып, талданып өтті. Бұның бірі – үстем таптың белгілі ортасы, арнаулы дәуірлерде қолданатын халық тілінен бөлек диалект, немесе жаргон. Екіншісі – жергілікті елдің халқы қолданатын диалект. Осы соңғы анық мағынасындағы диалектіге, Сталин жолдас беретін ғылымдық талдау бойынша, бұның өзіндік грамматикалық құрылысы болады. Оны диалект ететін айрықша белгі сол өзге, өзімен туыстас тіл тобынан бөлекше қалыптанған айқын грамматикалық, өзіндік құрылысы. Ал,

осы жағынан қарағанда, қазақтың қазіргі тілінде диалект бар ма десек, жаңағы белгідей көп қазақ тілінен бөлек тұрған грамматикалық құрылысы бар диалект бар деп айта алма-сақ керек. Біздің кейбір тіл ғалымдарымыз қазақта диалект бар дегенде, Жайық пен Алатау қазақтарының солтүстік, шығыс облыстар тілінен бөлегірек айырмыстарын грамматикалық өзгеше құрылыс белгісіне қарап айырмайды. Қазақстанның сол өлкелеріндегі сөздіктер айырмыстарын ғана айтады. Бұл, біздіңше, диалектік айырмыс емес. Сөздік қордың айырмысы әдебиеттік тілі тұтасып, бірыңғай болып қалыптасқан орыс тілінде де бар. Мысалы, Сібірдің орыстары мен Кубанның, Донның немесе теңіз жағасындағы солтүстік облыстардағы орыс халқының жергілікті сөз өзгешеліктері көп кездеседі. Одессаның тұрғындары қолданып жүрген орыс тілінде әдебиеттік тілге де кірмей жүрген көп жеке сөздіктер бар еді. Бірақ соған қарап, орыс әдебиет тілін тексеретін ғалымдар Сібір диалекті, Кубань, Дон диалекті, Архангель, Онега диалекті, немесе Одесса диалекті деген топтарды жасамайды, жіктемейді.

Қазақта да әр облыс арасындағы сөздік айырмыстарды диалект деп, оның ішінен кей жолдастардың айтуынша, солтүстік пен шығыс қазақтарының тілін “қазақтың әдебиет тілінің негізі” деп, өзге батыс, Алатау, Сыр өлкелеріндегі қалың қазақ елдері қолданатын сөздерді “диалект” деп атау және сол сөздерді “әдебиет тіліне қолдану дұрыс емес” дейтін пікірдің барлығын біз ұшқары, орынсыз байлау деп білеміз.

Әлі біздің әдебиеттік тіліміз қазақ тілінің бүгінгі барлық қорын жазба бетіне түсіріп болмаған кезде, жазушы да және қазақ тіліне өздері шорқақ тіл мамандары да біліп болмаған, баурап алмаған тіл қасиеттері, сөздік байлықтары Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарында мол боп жатқан шақта, жаңағыдай байлау жасау мүлдем орынсыз. Алатау, Сыр, Жайық, Атырау өлкелерінде бір ауыл емес, немесе аудан ғана емес, бұл күнге шейін, кем қойғанда, бір облыс, немесе бірнеше облыс қазағы қолданып келген сөздер болады екен. Ендеше, ондай көпшілік халқымыз тұтынып келген, әдебиетке түспей жүрген тың сөздерден жатырқап, бой тарту, бір жағынан, халық тіліне жасаған

зорлық, екінші жағынан алғанда, бар қазақ тілін білмей, баурап алмай тұрып, бұлайша пандық ету – қиырлық пен астамдық.

Орыс халқының әдебиет тілі қалыптану жолындағы іздену мен табыстарды ойласақ, бұрынғы ғасырларда және әсіресе совет дәуірінде сондай жергілікті сөздердің халықтық, қадірлі үлгілерінің барлығы барынша әдебиет тіліне араласып болған деуге болады. Кейде, бар байлығын меңгеріп болған көркем әдебиет тіліне тың сөз қосамын деп, Россияның әлдеқандай азғантай бір түкпірінде, кішкентай болымсыз топ қолданатын, халыққа түсініксіз және қонымсыз сөздерді қолдануды Горький сынаған еді.

Біздің тілдің өсуі мен халықтың барлық қасиетті қорды қамтуы, әлі ол дәрежеге жетуден тым жырақ жатыр. Біз қазақ мекендеген өлкенің бәрінің сөздігі қосыла табысын дегенде, әлдеқандай азғантай ғана топ қолданатын, Горький сынағандай өте оқшау өрескел сөзді айтып отырғамыз жоқ. Кемінде бір аудан, немесе облыс қолданып отырған осындай сөздіктерді айтамыз.

Осындай жайларды айта келе, тіл жүйесін тексеріп жүрген мамандарымыздың көпшілігі қазақтың әдебиеттік тіліне кіретін байлығы мен мүмкіншілігін түгел білмейтініне қарнымыз ашады. Ғылымдық жүйелік мәселелерде білімді адам болғанымен, қазақтың өз тілінде жазған еңбектерін алсақ, тіл ғалымдарымыздың бірен-сараны болмаса, көптен-көбі қазақ тілімен жазудың өзіне де олақ, икемсіз.

Бұл жөнде көп көпшілік міндерден қазақ жазушысы да сау емес. Мақала әзіргі кезеңде әдебиет тіліміздің жалпы мәселелерін сөз қып отырғандықтан, қазақ совет жазушыларының тіліндегі табыстары мен кемшіліктеріне айрықша талдау жасап, тоқтай алмай отырмыз. Ол біздің жазушылар көпшілігі мен тіл ғалымдары бірлесе отырып, жақын шақтарда нақтылап, айрықша талдайтын міндетті мәселелеріміз деп білеміз. Әзірше, жалпы түрде атай кететін кемшіліктерді бірнеше жазушылардың бүгінгі әдебиет тілін жасау тәжірибесінен байқауымыз бойынша, жалпылай мінездей кетейік.

Мысалы, Әуезовтің тілінде құрмалас сөйлем жасау жолындағы жаңалық талаптармен қатар және ескілікті қазақ

тілінің сөздіктерін молырақ қолданумен жалғас, кейде сөйлемдері, жас оқушыларға, ұғымдылық жағынан ауыр келетіні бар. Құрмалас сөйлемді жасағанда мөлдір мағыналы, айқын түсінікті түрде дәл бере алмау себебінен ұғымға ауыр, шұбалаңқы сөйлемдер кездесе береді.

Мұқановтың тілінде құрмалас сөйлем көбінесе түсінікті, қонымды болумен қатар, көркем проза тілінде салақтық көп. Сөздің көбі сөйлем ішінде көркем құрылыспен, терең мағыналы, шешендік, шеберлікпен қабысып келмейді. Әсіресе екі адамды сөйлестіру (диалог) жөнінде құрыш мазмұндылық аз болады, артық сөзділік көп. Мағына, мазмұн жағынан босаң, сұйқыл сөйлемдер шығарма тілінің көркемділігін сұйылтып жібереді.

Мүсіреповтің тілінде мөлдір түсініктілік, көркемдік, қонымды шеберлік мол болумен қатар, көп сөйлемдері көркем аударма есепті болып, жасандылық қалпына тарта береді.

Мұстафиннің тілінде оқушының айызын қандырып, үнемі сүйіндіріп отыратын шеберліктер, тапқырлықтар екі адамның қысқа жауаптасқан диалогтерінде әдемі қалыптанып отырады. Оның көп геройларының әзілдесу, сырласу, айтысып қағытысулары анық бүгінгі кемеліне келе бастаған әдебиеттік тілімізге көп тың афоризм сияқты айшықтар қосып отырғаны бар. Бірақ, осымен қатар, адамдары ұзақ сөйлей бастаса, монологке келгенде, тапқырлық азайып, ой кенеуі жүдеңдеп, шешендік пен көріктік сыпаттары сұйылып, белбеуі босап кетеді.

Қазақтың халықтық сөздерін аса мол білетін Тоқмағамбетов нелер асыл қызғылықты сөздерді қызықсыз түрде, әсіресе ой жағынан саяз, мардымсыз түрде арзан қолданады. Алтынды киізге жапқандай ерсі сезіледі.

Жароковтың тілінде тасқын, қарқын, әсем айшық, өршіл көріктілік көп болғанмен, тілдік теңеу, образдар жасауда алогизм жиі ұшырайды. Қолданған образының астарындағы ой, логикалық желі, айқын мағына көңілге нанымды, кенеулі боп келе бермейді.

Бұдан басқа, бүгінгі біздің жазушылардан байқалатын бір үлкен олақтық – көп жазушылардың сөздігі шағын, тілі кедей. Бірталай ақындарымыздың көптен жазып жүрген

еңбектеріндегі сөздік қорға келсек, жиыны 5-6 мың сөзден аса қоймайтын мүлкі ғана бар ма дейсің. Бұл кемшіліктен жас жазушылар ғана емес, егде жазушыларымыздың да сау емесін айту керек. Тәжібаевтың өлеңінде үлкен сезімді сыршылдық бар. Сөз қосарлары жалынды, жанды, шыншыл толқынмен келіп, өлең жолдарына ыстық әсерлілік беріп отырады. Бірақ сөздік қоры осыншалық бай еместігі айқын байқалады. Ақындар қолданатын әдебиет тілін алғанда, әрі жаңалық ізденуде, әрі қазақ тілінің сирек қазыналық қасиеттерін талғай білуде, өзі шешен, өзі орамды шебер құрылыс Ормановтың тілінен оқшау танылады.

Бұл айтылған қысқаша сын пікірлердің бәрі де, әр жазушының әдебиеттік тіл жасау жолындағы еңбектеріне біздің әдебиетші оқымыстыларымыз бен сыншыларымыз және әсіресе ғалымдарымыз нақтылап үңіле қарауды қажет етеді. Тегінде, жазушы өз халқының тілін жақсы білсе де, жаңалықты өз шамасынша, әр алуан түрде кіргізуге еңбек етсе де, тіл ғылымының жүйесін жасаушы ол емес. Біздің жазушылардың оңды-терісті тәжірибесін қорытып, зерттеп, жақсы үлгілерінен жүйелі қорытынды, ғылымдық түйін түйіп отыру – тіл ғалымдарының жұмысы. Бұған қарап, жазушы ана тілінің тарихын, грамматикасын, ескілікті-жаңалықты байлығын зерттемесін, тереңдеп танып білмесін деген ой тумады. Қайта, әдебиетшілер мен сыншылар біздің жазушылардың тіл кедейлігін, олақтық кемшіліктерін ашып және бұрынғы “Қобыланды” сияқты фольклор мұраларынан бастап, берідегі Махамбет, Абайдың тіл байлықтарын түгел білмейтінін үнемі айтып отыру керек. Оның үстіне, әсіресе қазіргі социалистік мәдениетіміздің әдебиет тілін жасауда, жоғарыдағы саналған жолдармен көп ізденіп, ғылым-техника сөздіктерін және бүгінгі Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек.

Біздегі тіл ғылымындағы, әдебиет тіліне байланысты, олқылықтың тағы бір алуаны – пунктуация мәселесінде.

Грамматиканың көп мәселесіне, тілтану ғылымының бар саласына Маррдың “Жаңа ілімі” келтірген залал көп. Қазақстан тіл ғалымдарының бұл жөнде өздері жіберген қателіктер қаншалық көп екенін барлық жұртшылығымыз

да, тіл мамандарымыздың өздері де ашып айтып келеді. Әлі аршылып, тазарып болмаған залалды қателіктер толып жатыр. Енді сол олқылықтарды, қателіктерді тез уақыт ішінде құнды төлеулер беріп, түгел жою талабындамыз.

Маррдың жүйесі тек тілтануға ғана залал келтіріп қойған жоқ, әдебиеттану ғылымына да көп залалын тигізді. Осы ретте, әсіресе фольклорды тексеруде, бүкіл Одақ көлемінде және барлық туысқан елдер фольклорын зерттеу жөнінде, Маррдан жұққан залалды теріс пікірлер аз емес. Сол қатарда, менің өзім редакторлық еткен, қазақ әдебиет тарихының фольклорға арналған бірінші томында да теріс пікірлер айтылғаны бар. Бірінші томның кіріспе бөлімінде Маррдың оқуын марксистік-лениндік әдебиеттану ғылымының көрнекті, өнімді саласының бірі деп бағалауымыз – сол қате ойдың нәтижесі болатын. Бірінші томның келесі баспасында марршылдықтың бұл түрдегі терістігін жойып жазуды өзіміздің міндетіміз деп білеміз.

Ендігі бір мезгілді сөзді әдебиетшілер мен тіл мамандарына ғана арнамай, қазақ совет әдебиет майданында қайрат етіп жүрген қазақ оқымыстыларына түгел арнамақшымын. Қазақ совет әдебиет тілі баю үшін бүгінгі сан сала ғылымда еңбек етіп жүрген қазақ ғалымдары өздерінің еңбектерін орыс тілімен қатар, қазақ тілінде де түсінікті, көркем етіп жазып, бастыратын болуы шарт. Қалың жұртшылығымыз орыс тілінде жазылған ғылымдық еңбектердің көпшілігін түсінбейді. Сондықтан да осы халқымызға арнап, ұлы даналарымыз Ленин, Сталин томдарын, Маркс, Энгельс шығармаларын қазақ тіліне үлкен ұқыптылықпен, зор талап еңбекпен аударып, бастырып таратып отырымыз. Ендеше, сол жұртшылыққа қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтер, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады?

Ал біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда, сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым-түсініктер, атаулар мол-молынан кіретіндіктен байиды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктерді, осы ғылымдардың өз мамандарынан артық, қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба?

Тарих ғылымы – марксизм-ленинизм ғылымының үнемі нық сүйесіп отыратын, ең жақын ғылымының бірі. Ендеше, тарихшылар еңбектері – халқымыздың салт-саналық тәрбиесіне ең зор әсер ететін идеялық құралының бірі. Олай болса, қазақтан шыққан тарихшылар Ленин, Сталин томдары қазақ тілінде жетіп отырған советтік қазақ халқына өз тілдерінде сол үгіттік, тәрбиелік еңбектерін жазбауға бола ма?

Қайта олардың кейбір диссертациялық еңбектерін, ең алдымен, қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою да анық орынды орайлы шараның бірі болар еді.

Ұлы көсеміміз Сталин жолдастың тіл жөніндегі ғылымдық, терең, зор мәселеге өз ойымен, еңбегімен атсалысып араласуы және сол еңбегінің нәтижесінде тіл ғылымына дүниежүзілік, дәуірлік жаңа басшылық ой қосуы халықтың тілін ерекше қадірлеп сүйгендігінен деп білеміз. Сталин жолдастың даналық ұлы ойларынан осы жолда үлкен басшылық алумен қатар, қазақ әдебиет тілін көркейту, өсіру жолында сол ана тілімізді Сталин жолдас үйреткен үлгіде сүйіп, қадірлеп еңбек ете білейік.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА

Гениальные труды И.В. Сталина по языкознанию открывают широкие перспективы перед работниками всех отраслей науки, указывают новые пути изучения языка художественной литературы, в том числе и казахского литературного языка. Перед казахскими литературоведами и лингвистами стоят сейчас большие и ответственные задачи. Мы не можем забывать о том, что так называемое “новое учение” Марра о языке нанесло огромный ущерб не только языкознанию, но и литературоведению. Это относится также и к вопросам изучения и исследования фольклора всех братских народов, а также к изучению истории казахского литературного языка.

Товарищ Сталин учит, что язык народа формируется в течение многих веков, что историю развития каждого языка необходимо изучать в связи с историей народа. Пути формирования и развития казахского литературного языка, особенно в послеоктябрьский период, еще раз подтверждают глубочайшую справедливость положений товарища Сталина.

Прежде чем говорить о развитии казахского литературного языка в прошлом веке, мы хотим остановиться на высказывании товарища Сталина о языке Пушкина и на исторической оценке, которую он дал ему.

Товарищ Сталин указывает, что структура пушкинского языка с его грамматическим строем и основным словарным фондом сохранилась во всем существенном, как основа современного русского языка. Конечно, из словарного состава русского языка выпало большое количество устарелых слов, изменилось смысловое значение некото-

рых слов, улучшился грамматический строй языка. Но язык великого народа со времени смерти Пушкина не претерпел какой-либо ломки.

Глубоко знаменательно, что из всех великих русских писателей прошлого товарищ Сталин называет именно Пушкина.

По словам Горького, Пушкин научил нас, как использовать народный язык. Пушкинский словарный запас был обширен. Исследователи языка Пушкина насчитывают не менее 15 тысяч слов в его словаре. Такое богатство пушкинского языка объясняется тесной связью великого поэта со своим народом, с жизнью русского общества. Большое значение имеет и то, что Пушкин творил во многих жанрах.

Оценка товарищем Сталиным языка Пушкина является критерием и для оценки языка классиков других народов. Здесь мы имеем в виду Шевченко, Церетели, Чавчавадзе, Налбандяна, Абовяна, Ахундова, Хетагурова, Абая, Тукая и других. Все они использовали в своих произведениях богатства родного языка. У них у всех народный язык облекался в литературную форму.

Однако следует заметить, что эти писатели, при всем их глубоком значении для языка своего народа, не смогли оставить такого же богатого наследия, как великий Пушкин. Культурный уровень их народов был ниже культурного уровня русского народа времен Пушкина.

В эпоху победы социализма в нашей стране и строительства коммунистического общества развитие казахского литературного языка происходит в условиях использования всех богатств народного языка, а также языков братских народов и в первую очередь языка великого русского народа.

Говоря о развитии казахского литературного языка, необходимо охарактеризовать деятельность нашего классика Абая, который еще задолго до революции развивал и обогащал казахский литературный язык.

В силу исторических условий Абай в своих произведениях не мог использовать богатство казахского языка в такой степени, как Пушкин использовал богатство русского языка.

Все же в своих произведениях Абай сумел дать широкое и богатое представление о словарном запасе языка, формах народного поэтического творчества. В казахском обществе в эпоху Абая было распространено влияние других языков.

Они входили в казахский язык в качестве диалектов и жаргонов. Мы имеем в виду иранские и арабские слова и речения, которые начали смешиваться с казахским письменным языком и отражали панисламистские и пантюркистские идеи, выражали реакционное, религиозное мировоззрение. Эти жаргонные слова господствующих классов применялись в официальных документах и использовались в письменной литературе поэтами-книжниками. Они приносились в литературу людьми, получившими религиозное образование в схоластических медресе Казани, Стамбула, Бухары, Мекки. В эпоху Абая на условном литературном языке “тюрки” создавались произведения, насыщенные пантюркистскими идеями. У авторов этих произведений были вполне определенные политические задачи – оторгнуть казахский и другие тюркские народы от России, от культуры русского народа, способствовать колонизаторской империалистической политике Англии. Политические цели панисламистов и пантюркистов в области языка совпадали с идеями буржуазных националистов.

По форме литература на языке “тюрки” отличалась простотой, пышностью, цветистостью, типичной для языка царедворцев и духовенства. В начале своей поэтической деятельности Абай злоупотреблял жаргонными словами и цветистыми художественными формами, которые явно противоречили содержанию его стихов. Но постепенно поэт освобождался от этих форм. Он писал:

Я пишу без Азрет-Али и без айдахаров* ,
У нас нет серебряных девушек
с золотыми подбородками.

Как видим, Абай не только отвергает религиозное содержание поэзии, но и высмеивает современных ему поэтов-книжников, которые писали на смешанном арабском

* Айдахар – дракон.

и персидском языках, подражая вычурной образности арабской и персидской поэзии. В противоположность им зрелый Абай писал свои высокохудожественные, глубоко содержательные стихи на народном языке. Он сумел найти в языке своего народа подлинно художественные средства для создания полнокровных образов. Это было особенностью и величием его таланта.

Но вместе с тем нельзя согласиться с теми казахскими учеными-языковедами, которые утверждают, что “казахский литературный язык начинается только с Абая”. В этой связи прежде всего вспомним слова товарища Сталина о формировании и развитии языка. Товарищ Сталин подчеркивает, что язык “является продуктом целого ряда эпох, на протяжении которых он оформляется, обогащается, развивается, шлифуется”. Что же касается литературного языка, то он есть язык народный, оформившийся как язык литературы. Стало быть, литературный язык не создается только одним писателем какой-нибудь эпохи. Можно ли забывать о языке эпоса, о больших и малых бытовых, обрядовых и исторических поэмах казахского народа, о высокохудожественных песнях, живших в народе на протяжении столетий еще задолго до Абая?

Можно ли говорить, что только произведения Абая заложили основу литературного языка, общего для всех казахов, тем более до Октябрьской социалистической революции, когда все богатство языка различных казахских областей и краев еще не успело слиться, оформиться в одном общем словарном фонде?

Некоторые товарищи доказывают, что казахский литературный язык оформился в недрах одного только Северо-Восточного Казахстана, где протекала творческая жизнь Алтынсарина и Абая. Приходится отметить, с глубоким сожалением, что этой ошибочной точки зрения придерживается и такой знаток казахского языка, как профессор Аманжолов. Между тем, если мы рассмотрим словарь Абая, познакомимся с его усилиями создать литературный язык, то обнаружим всю несостоятельность утверждения, будто Абай писал только на языке Северо-Восточного Казахстана. Абай брал бытовые слова из языка того края, где он жил. Но это бесспорно. Это еще не значит, что Абай

создавал свой словарь только на основе словаря среды, в которой он вращался, только на основе устной, бытовой речи. Абай, пользуясь словарным фондом своего родного края, хорошо знал устную поэзию всего казахского народа. Пословицы и поговорки, мифы и сказания, большие и малые поэмы и былины казахского народа были хорошо известны поэту. Он рос, усваивая, практически применяя изречения старинных народных певцов, дошедшие до него если не в письменной, то, во всяком случае, в устной форме. В этой связи мы приведем одно воспоминание о поэте его современника. Этот человек спросил Абая: “Кто из известных нам казахских поэтов является самым крупным?” Абай ответил, что среди казахов он не знал лучшего поэта, чем Марабай, и в подтверждение своих слов привел пример из поэмы “Таргын”:

Хотя и стою перед тобой,
Но не склоню пред тобой головы,
супостат!

Марабай был поэтом Шингырлауского района, нынешней Западно-Казахстанской области. Абай, несомненно, знал и поэму “Кыз-Жибек”. А поэма эта, судя по особенностям ее сложения в своеобразным бытовым зарисовкам, возникла, очевидно, в среде казахов, населявших просторы между Сыр-Дарьей и Аральским морем. Абай в своих творениях называет поэтов Букара, Шортанбая, Дулата и других, о которых он высказывает критические суждения. Это были поэты феодально-патриархальной, отсталой идеологии. На всем пути своей творческой деятельности Абаю приходилось вести последовательную борьбу с реакционными воззрениями этих поэтов. Абай знал особенности языка этих своих предшественников. А они писали не только на языке казахов северо-восточных районов тогдашнего Казахстана. Букар, происходивший из Арки, за свою долгую жизнь добирался и до Туркестана. В одном из своих “толгау” (“стихов-размышлений”) он говорит:

Сосна – это дарах,
Растущий в безводье,
А щука – разбойница среди рыб.

Слово “дарах” совершенно несвойственно казахам из Арки. Оно бытует среди южных сыр-дарьинских казахов, которые позаимствовали его из узбекского и иранского языков: там слово “дарах” означает – дерево. Следовательно, и язык Букара, и его словарь создавались из многих слов многих казахских земель.

Не могли не доходить до Абая и песни, созданные на состязаниях акынов, вышедших из среды алатауских и алтайских казахов. Известно, что акын Тубек, чьи изречения хорошо знал Абай, не раз побывал в пределах Алатау, вступая в песенные состязания с Суюмбаем, Джамбулом и другими.

Опираясь на эти примеры, мы приходим к бесспорному выводу: наряду с усвоением бытовых слов, употреблявшихся жителями Северо-Восточного Казахстана, Абай обогащал свой словарь словесными ценностями, создаваемыми народом во всех областях Казахстана.

Поэтическая лексика, вся система образно-поэтического мышления Абая отличаются необычайным разнообразием и небывалой на казахской почве культурой благодаря тому, что Абай глубоко воспринял идейно-культурные, художественные, поэтические традиции русской классической поэзии. В словарном составе языка Абая немного русских слов. Но свои мысли и чувства он воплощал в словесно-образную ткань, близко роднившую его с пушкинским и лермонтовским стихом.

Следовательно, Абай не только заложил основы казахского литературного языка, но и сумел развить созданный до него литературный язык, как общенародный литературный язык, обогатить и отшлифовать его. Вместе с тем, он был поэтом, который, сообразно возможностям своего времени, широко использовал языковые богатства многих краев Казахстана для создания единого казахского литературного языка.

Конечно, в словаре Абая есть устаревшие для нашего времени слова. Многие слова сейчас применяются в ином значении, нежели в его время, получили новый смысл. Но в целом язык Абая хранился как основа современного казахского языка.

Неизбежно встает вопрос: в какой именно период казахский литературный язык окончательно сложился и

оформился как народный литературный язык? Ответ может быть только один: этим периодом является период социалистической революции, т.е. период, когда зародилась, растет и всесторонне развивается наша подлинно народная литература. Мы не говорим уже о большой идейной широте и богатом содержании литературы советского периода. Ее корни питаются социалистической культурой нашего возрожденного и уже иного, чем в пору Абая, народа. Во времена Абая словарь казахского языка был беден научными, техническими, философскими, социологическими и политическими понятиями. Хотя и можно найти в словаре Абая некоторые термины, заимствованные из русского языка, но их слишком мало.

В наше время словарь казахского языка пополнился неизмеримо, наше поколение в этом отношении несравненно богаче Абая. (К великому сожалению, до сих пор не составлены словари, отражающие все эти новые языковые богатства.)

Казахские советские писатели вошли в литературу, окончив советскую школу.

Их поколение не только знакомо с лучшими образцами великой русской литературы, но, можно сказать, воспитано на ней. Одни из нас владеют русским языком в большей, другие – в меньшей мере. Но нет ни одного казахского писателя, который не мог бы воспринять содержание любой русской книги.

Духовная родина современных казахских писателей – Советская Россия. Личная культура каждого писателя, его обоснование и творческий рост всей своей сущностью неразрывно связаны с русской культурой.

Для многих из наших писателей русский язык является таким же родным языком, как и казахский. Хотя произведения свои казахские литераторы создают на своем родном языке, они знакомятся с мировой литературой, с литературой русского, других братских народов через посредство русского языка. Нельзя не учитывать ввиду этого, что в мыслях, чувствованиях, в речи, в метафорах, в выборе слов каждого казахского советского писателя сильно сказывается влияние русского языка и русской литературы. Второй наш родной язык – русский язык если

не в отношении словаря, то в отношении построения образа, предложения играет огромную роль. Иногда мастерство писателя, пишущего на казахском языке, определяется воспитанием на основе не только казахского, но и русского литературного языка.

Современный казахский писатель свой словарный запас прежде всего черпает из фонда слов казахского языка. Если же он берет слова русского языка, то выбирает такие, которые приняты и органически усвоены его народом, стали его родными словами. Правильное использование русского языка и русской литературной языковой культуры заключается не в механическом заимствовании отдельных слов, а в усвоении и умелом применении мастерства и художественных особенностей русской литературы на родном языке. Это своеобразная форма изучения и освоения русского литературного языка. Внимательный читатель часто будет встречать в литературных произведениях сегодняшних видных казахских поэтов, прозаиков и драматургов изложение мысли на казахском языке, как на русском, сравнения, звучащие по-русски и т. д.

Такая особенность присуща одному казахскому писателю в меньшей, другому в большей мере. Но нет среди них ни одного, кто бы не вступил на этот путь.

Когда наши писатели, всесторонне развивая литературный язык своего народа, используют ресурсы великого русского языка, они делают его на основе безграничной дружбы братских народов, единства их стремлений. Язык дореволюционной казахской литературы был гораздо беднее, чем казахский литературный язык советского времени. Даже если говорить о бытовых словах, и тут лексика выросла и расширилась несравненно. Родились разносторонние жанры литературы – романы, повести, рассказы, очерки. Создана драматургия. Несравненно выросла журналистика. Развиваются литературоведение и лингвистика.

Благодаря огромным изменениям в жизни казахского народа, которые нашли свое отражение в языке, благодаря изучению нашими писателями русской литературы, казахский язык обогатился.

Много нового в этом смысле в произведениях Таира Жарокова и особенно мастера удачных метафор Гали Ор-

манова. Интересны новые сравнения в произведениях Жумагали Саина, Абу Сарсембаева. Нередко ими уместно применяются русские слова, когда нет точного эквивалента их на казахском языке.

Другое творческое нововведение связано с синтаксисом. Наши писатели заимствуют из русской художественной литературы построение сложных предложений.

К сожалению, критика языка литературных произведений отстает от его развития. Историки литературы и языковеды не занимаются конкретным научным исследованием языка. Нередко мы наблюдаем в этой области неглубокие, поверхностные, формальные исследования. Часто можно встретить восхваление текстов, состоящих из коротких предложений. Слов нет, короткие предложения имеют свои достоинства. Однако умение успешно применять сложные предложения, перенятые из великой русской литературы, дает возможность с большей широтой передавать глубокое содержание мысли.

Таким образом, можно утверждать, что в казахской литературе используются как словарь русского языка, так и принципы построения предложений. Казахские поэты и писатели должны также уметь вводить в свои произведения научные и технические термины.

Наша письменная литература не должна избегать и тех слов, которые вошли в казахский литературный язык из других языков соседних братских республик. Например, казахи Джетысуйской области, в силу долголетнего непосредственного общения, применяют в разговорной речи много киргизских слов. В силу того же непосредственного общения в Приуралье казахами заимствованы и натурализованы многие татарские слова.

Приведем такой пример: казахи до сих пор не знают значения слова “Жамбыл”. Когда спрашивают, что означает имя нашего великого акына Джамбул (Жамбыл), то обычно отвечают, что это имя ему дано по названию горы Жамбыл. А на узбекском языке слово “жамбыл” означает название душистого цветка. Когда-то на горе Жамбыл росли эти цветы. По-видимому, от них и гора получила свое название.

В статьях многих русских литературоведов и языковедов о современном русском литературном языке утверждается необходимость более полного использования лексики русского языка.

Если с этой позиции рассматривать современный казахский литературный язык, то придется констатировать, что в нашей письменной литературе, в наших трудах недостаточно еще используются богатства казахского языка.

Казахский язык прежде был разобщенным, разнородным и только после социалистической революции обретает единство.

Наша задача – собрать словарный материал казахского языка во всех областях республики и использовать его полностью. Это необходимо сделать потому, что процесс формирования казахского языка, языка единой нации, произошел только после Октября. Только при социализме пали преграды между разрозненными областями, районами, отдаленными уголками страны и образовалась единая социалистическая нация с единым языком ранее разобщенных окраин. Еще преждевременно говорить о преимуществе языковых богатств какой-нибудь одной области и тем более неправильны утверждения о “провинциализме” другой.

Такова историческая стадия формирования литературного языка у нас. На этом вопросе мы остановились подробнее потому, что он характерен не только для казахского литературного языка, а является вопросом, общим и для ряда других союзных и автономных наших республик.

В этой связи необходимо отметить недостаток опыта таких писателей, как Аскар Токмагамбетов, Абдильда Тажибаев, Калмакан Абдыкадыров. Боясь, что в других областях республики не поймут их, они не используют в своих произведениях особенности и богатства языка Сыр-Дарьинской области. По той же причине Таир Жароков, Габдул Сланов, Абу Сарсембаев, Хамит Ергалиев уклоняются от использования словарных запасов прикаспийских районов республики, связанных с рыболовством.

Писатели южных и северных, восточных и западных областей Казахстана должны сделать общим достоянием все богатства казахского языка.

В деле собирания языка большую роль должны сыграть и газеты. Каждая областная газета обязана широко пользоваться старыми и новыми словами, народными выражениями, встречающимися в своей области, но еще не вошедшими в словарный фонд письменной литературы. Нужно, чтобы центральная республиканская печать широко использовала опыт и достижения областных газет. В этом вопросе на первом месте должны стоять газета “Социалистик Казахстан” и журналы “Коммунист”, “Әдебиет және искусство” и другие.

Ошибаются те товарищи, которые рассматривают различия в языке отдельных областей Казахстана – районов Ала-Тау и Сыр-Дарья – как диалекты, и только язык населения северных и восточных областей Казахстана считают “основой казахского литературного языка”. На деле получается так, что люди, утверждающие это, не борются за обогащение казахского литературного языка и не помогают ему стать всенародным литературным языком.

Стремление не допускать в литературный язык слов, которыми пользуется население целого края, можно расценивать только как недооценку обогащения и расширения родного языка.

Развитие нашего языка еще не достигло желаемого уровня. Когда мы ратуем за то, чтобы воссоединить запас слов, употребляемых казахским населением всех областей республики, это не значит, что мы стоим за использование слов, имеющих хождение лишь среди небольших групп населения.

Речь идет о словах, которые употребляются, самое меньшее, в целом районе или даже области. Такие слова должны войти в сокровищницу казахского литературного языка.

Наши литературоведы, критики и особенно языковеды должны внимательно следить за успехами писателей, изучать, обобщать их творческий опыт, критиковать за бедность языка и отмечать успехи в обобщении современного литературного казахского языка.

Всем ходом своего развития казахский литературный язык становится все более стройным, красивым, богатым и разнообразным единым языком.

“ДВОРЯН ҰЯСЫ” РОМАНЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ

Орыс халқының ұлы классиктерінің бірі Иван Сергеевич Тургеневтің “Дворян ұясы” атты романын қазақшалап, біздің оқушыға ұсынуды мен көптен мақсат еткен едім. Қазір осы аударманы бастырумен қатар, роман туралы және өзімнің осы романды аудару жөніндегі іздену мақсат, талаптарым туралы кейбір пікірлер айтуды қажет деп білдім. Біздің әдебиетімізді қай салада болса да байытып өсіруге көмекші боп келе жатқан істің бірі аудармалар екені мәлім. Біз поэзиялық, көркем прозалық және драматургиялық үлгілердің талайын орыс тілінен қазақшалап аударып алып жүрміз. Бірақ әлі күнге “көркем аударма қалай істелсе ойдағыдай шығады” деген әрі ғылымдық, әрі творчестволық жауапты сұрақтарға нақтылы шешу сөз айтылмай келеді. Әрбір аударушылық әрекеттеріміз табыстарымен, кемшіліктерімен де ескеріліп, тексерілмей жүр. Неғұрлым аудармалық еңбектеріміз көбейе түссе, соғұрлым аудармалық тәжірибеге қорытынды, тиянақты жетекшілік пікірлер айту қажет бола түседі.

Бірақ сондай байлаулы ойларды түю үшін жеке тәжірибелердің әрқайсысы өздерінің табыс жаңалығымен ортаға түсіп, талқыға алынуы керек.

Орыс әдебиетінің классикалық үлгілері мен совет әдебиет мұраларының да біраздарын аударған менің де тәжірибем болушы еді. Тургеневтің осы романын аударуда сол бұрынғы тәжірибелеріме, өзімше жаңалық ретінде қостым ба деген ізденулерім бар. “Дворян ұясы” романын бастырумен қатар, сол жаңағы, соңғы жай туралы оқушы көпшіліктің сынына салмақ болған ойларым болғандықтан, осы кіріспені әдейілеп жазып отырмын.

Тек сол аталған мәселелерге көшуден бұрын, И.С. Тургеневтің осы “Дворян ұясы” романы туралы көпшілік оқушымызға таныстыру ретінде біраз сөз айтып өтейік.

Көркем сөздің шын шебері, жалғыз орыс әдебиеті ғана емес, дүниежүзілік көркем әдебиет классиктерінің қатарында аталатын Иван Сергеевич Тургеневтің (1818–1883) “Дворян ұясы” атты романы 1859 жылы жазылған. Автордың аз жылдар ішінде жазған бір топ ірі романдарының ең көрнекті, көркемінің бірі осы “Дворян ұясы” болып танылған-ды. Бұл романның айналасында туған Тургеневтің үлкен шығармалары “Рудин” 1856 жылы жазылған. Өзге барлық басқа романдарыменен және көп көркем әңгімелерімен зор атаққа ие болған Тургенев өзінің “Дворян ұясы” романымен де зор шеберліктің үлкен өріне шыққанын танытып еді. Сондықтан да өзі туған отанында үлкен атаққа ие болумен қатар, ол өзінің көзі тірісінде-ақ, Батыс Еуропаның да көп елдеріне аса мәлім, даңқты жазушы болып үлгірген-ді. Солайша танылып бағаланудың нәтижесінде, ол 1878 жылы Оксфорд университетінен докторлық атағын алған, 1878 жылы Париждегі халықаралық әдебиеттік конгрестің бастығына орынбасар боп сайланған. Батыстың ұлы жазушыларының бірталайы Тургеневті өздерінің ұстазы деп таныған. Тургеневтің қабірінің басында Эрнест Ренан: “Тургенев бар адам баласына тиісті жан” деген болатын.

Орыс әдебиеті көлемінің тарихтық орнын алғанда, “Дворян ұясы” романы – Пушкин дәстүріне жақын, нақтылап айтқанда, “Евгений Онегин” дәстүрімен жалғас шыққан шығарма. Романда да, поэмада да орыс табиғатының көрініс, уақиға баянына да және геройлардың ішкі сезімдеріне де үнемі оралып, аралас суреттеледі.

“Дворян ұясы” да – тарихтық роман емес. Бірақ бұл – әлсіреп, солғын тартып бара жатқан орыс дворяндарының тағдырымен байланысты болған тарихтық процесті көрсететін роман. Көркемдік жағынан қарағанда, романның геройы Лаврецкийдің Васильевское сияқты қаңырап, құлазып қалған ұяға қайтып оралған сапарын сипаттаған және туып-өскен мекенін бейнелеген жерлері көркем прозаның аса шебер үлгісінің бірі болып саналады. Бұл жолдарда Тургенев өзінің де туған жерін сағынған сезімін танытады. Ол сезімде көп ырғақты толқындар, жарқын мұңдар жазушының өз басынан кешкен сан жырлардай көрінеді. Енді дворяндар жолы Россияның жаңғыруына бөгет болмаса, көмекке жарамайтын кез жеткен еді, сондықтан да романның геройы Лаврецкий кітаптың соңғы жағында өз жайын баян-

дап кеп: “Амансың ба, құлазыған көрілік! Сөне бер, пайда-сыз тірлік” дейді. “Дворян ұясына” күз қайғысы оралған, кешкі қызық шапақ – өтер шақ нұры түскен. Романда сол өткен шақ пен өлім жайы негізгі бір құлақ күйдей үн салады. Бұл романда Тургенев өзі шыққан дворян ортасына, өзінің замандастарына олардың дәурені өткенін сарын етіп танытады және Россияда оянып келе жатқан жас қуаттарға орын босату қажет екенін өкінішсіз, қынжылсыз қабыл алады. Бұл дворяндар өмірі халық тілегінен, қоғам тірлігінен жырақтап, түгелімен қарақан қарабастың не шаттығына, не шер-зарына ғана бойсұнып кеткен еді. Сондықтан романдағы дворяндар заманы өтіп бара жатқан адамдар болып бейнеленеді, мұның айқын белгісін үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген Лиза Калитина бейнесінен байқауға болады.

Пушкиннің Татьянасымен қатар, Лиза да орыс әдебиетіндегі көркем бейненің бірі боп қалыптанған. Лиза да, Татьяна сияқты, “орысжанды” қыз еді, бұған да ата-анасынан гөрі өзін асыраған күтуші апасы жақын болатын, сол апасы Агафьядан ол халық шындығын тануды үйреніп еді. Татьяна Ларина сияқты, бұл да құрбандыққа әзір, тірлігіндегі ең ұлы нәрсе: адамдық қарызды ада қылу деп түсінетін. Ол өзінің бар болмысымен зор мейірбандыққа бейімделген. Әрбір адамға да таза орыс мінезімен қарай біледі. Бұл мінезінде сыртқы жалтырақ жоқ, бірақ жүрегіне терең орнаған рақым мол болатын. Қыз өзі діндар әйел тәрбиесінде өскендіктен, көне Россияның мистикалық болмысына да бейім еді. Лаврецкийді ол ақылымен түсінбей, жүрегімен түсінген-ді. Оны сүйгенде де орыстың сол замандағы осындай топтарының махаббатымен сүйген болатын. Бұларша, махаббат ең алдымен “есіркеу” боп танылатын.

Лаврецкий де өз буынының басы артық адамдар екенін жақсы түсінеді. Жаңа адамдардың бұлардың өз орнына келуін әділет деп біледі. Геройларындағы осындай ерекшеліктер – тургеневтік қасиет болатын. Осылайша, туған жеріне қайта оралуды аңсау, әлдебір “халықтық шындықты” аңсау – “Дворян ұясы” романының арқауы есепті, түбегейлі тақырыбы.

Өз дәуірінің барлық басқа адамдары сияқты, Тургенев те әйелге арналған махаббатқа ерекше зор мән берген. Махаббатты ірі бағалау Белинский, Станкевич, Герцен –

бәріне де ортақ ерекшелік болатын. Бұлар үшін махаббат өзі де бір өзгеше туыс және әрбір туыспен табыста болатындай, махаббаттың да өзіне арналған таланты болады деп ұғынысады. Тургеневтің қыздарында осындай махаббатқа таланттылық бар деп танылатын. Сондықтан да, Тургенев Лаврецкийдің айыбы не дегенге тура жауап бермесе де, махаббатқа татитын затты, Лиза сияқты, оңай тани білмегендігін мін санайды.

Тургеневтің бұл романын орыс әдебиет тарихында қара сөзбен жазылған поэма деп бағалаған. Роман лирикаға толы, басқа романның ешқайсысында да Тургенев дәл осы “Дворян ұясындағыдай” боп өзінің авторлық ішін ашқан емес. Мұнда өзгеше көркем лирика табиғат көркіне арналған, табиғат та Лаврецкийдің жүрегіндегі күйдей, үн салып күңіреніп тұрғандай болады. Роман геройы мен табиғат бірге, қос өрімдей боп қатар тірлік еткен тәрізді.

Осы қасиеттеріне қарап, бұл романды орыс халқының оқымысты қауымы “елтігендей құмарлықпен” оқыған. Салтыков-Щедрин осы романды тамашалап бағалаған кезінде: “романның әрбір дыбысынан жарқын поэзия аңқып тұрады” деген. Добролюбов Тургеневтің қасиеттерін бағалай келіп, “қоғам тірлігінің заңды пернесін баса біледі” деген.

“Дворян ұясы” романы үлкен герой жайындағы роман емес, бұл роман енді ғана жаңа тәсіл туғызып өсіргелі келе жатқан Россияның аналық топырағы жаңғыруы жайындағы роман деп танылады.

Осы айтылған азын-аулақ түсінік сөздерден соң, бұл романды аударудағы өзім қолданған әдіс туралы айтайын. Мен шамам келгенше ең алдымен романды дәл аударуға тырыстым. Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль, сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аудару дегенді мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін. Сондықтан, қанша ұзын болса да, романның өзіндегі сөйлемі үзіліп, бөлшектеніп, бірнеше сөйлем боп берілмейді. Соның орайына орысша тексттің өзінде болған тыныс белгілерінің (пунктуацияның) көбі қазақша текстте де мол қолданылады. Сөйтіп, Тургеневтің сөйлемдері қазақшасында да өзінің ұзынды-қысқалы көлемімен дәл беріледі. Бұлай етудің себебі бар. Орыстың ұлы классикалық әдебиет үлгісін аудару арқылы аударушы-жазушы мен өзім сол асыл нұсқаның шеберлігін үйренуге тырысамын. Және,

әсіресе, Тургеневті өз қалпында дәл беру арқылы сол шебердің анық, нақтылы өзгешеліктерінің бәрімен өзіміздің оқушы жұртшылығымызды дәл таныстыруға тырысамын. Сөйлемін дәл беру – жазушының стилін дәл беруге төтелік себепші болады. Стилін білсе, сол жазушының өзгешелік, ерекшелік қасиеттерін де толық танитын болады. Олай болса, Тургеневті өзінің тургеневтік сөйлемдерімен, Гогольді гогольдік периодтарымен, Л. Толстойды оның өзінің басқыштап келетін сөйлемдерімен, сол сияқты Шолоховты және де өзінің сөйлем ерекшеліктерімен дәл беруге тырысу керек.

Осылай жасалған тәжірибе оқушыға қонымды, көркем болып шыға алса, біз әуелі орыс классигін өз қалпын бұлжытпай, толық берген боламыз. Өзіміздің тіл мәдениетімізді орыс әдебиетінің жоғарғы сапа – тіл, сөйлем жасау мәдениетінің үлгісімен байыта түскен боламыз. Бұл мақсаттардың бәрі де қазақ совет әдебиетінің бүгінгідей көркем прозасы үдеп өсіп келе жатқан қарсаңында, үлкен негізгі мақсаттар болса керек. Әсіресе, осы мәселе, біз сияқты жазба әдебиет мәдениеті, соның ішінде көркем прозасы кешендеп туып, кенжелеп өскен туысқан елдер үшін – аса зор мәні бар мәселе сияқты көрінеді.

Тургеневтің романын өз тіл, стилімен дәл беруді мақсат еткендіктен, біз романның геройларының аузына, немесе автордың аузына қазақтың мақал-мәтелі сияқты және тағы басқа талай түрлі тіл кестесі, сөз айшығы, өрнегі сияқты ерекше, қазақша әшекей бояуларды салмауға тырыстық. Себебі ондай қазақ әдебиеті тілінің өз көлемінде заңды болатын, қазақ адамының немесе жазушысының сезуіне, ойлауына, айтуына қонымды боп келетін, осы тілдің өз көлемінде ғана заңды, бірақ өзге тілдерде орасан өзгешелік түрінде сезілетін сөз құрамдары мұндай орынға қолдануға қолайсыз болады деп білдік. Қысқасы, қазақ тіліне аударылғанмен, Тургенев шығармаларына қазақтың тон-тымағын кигізу керек емес дейміз. Міне, құрметті оқушыларға ұсынып отырған осы аударманың азын-аулақ, осылайша өзгешеліктері бар екенін және ол өзгешеліктер белгілі дәрежеде ізденудің нәтижесі екенін ескертеміз. Әрине, сол жайларды оқушының есіне салумен қатар, жәрдемші, сын көмектеріне үлкен үміт ететінімізді және де ескертеміз.

Ауқарма





И.С. Тургенев

ДВОРЯН ЎЯСЫ

Роман



I

Көктемнің ашық күні кешке тақалды; аспанда, шырқау биікте ұсақ қызғылт бұлттар көрінеді, олар ауа көшпейді, көк тұңғыққа батып бара жатқандай.

1842 жыл еді, губерниялық шаһар. Оның шет көшелерінің біріндегі сұлу үйдің ашық терезесінің жанында екі әйел отырды, біреуі елу жастарда, екіншісі жетпіс шама-сындағы кемпір еді.

Біріншісі Марья Дмитриевна Калитина болатын. Мұның күйеуі губернияның прокуроры болған, өз уақытында іскер, батыл, қажырлы, задор және қыңыр адам еді, оның өлгеніне он жылдай болған. Өз уақытында жақсы тәрбие алған, университетте оқыған, бірақ кемтар ортадан шыққандықтан, өзіне жол салуды қажет біліп, пұл да жиған кісі еді. Марья Дмитриевна оған сүйіп тиген: өйткені бұл кескіні жақсы, ақылды және тілесе сүйікті бола білетін кісі еді. Марья Дмитриевна (қыз күндегі фамилиясы Пестова) ата-анасынан ерте айырылып, бірнеше жыл Москвада институтта боп, одан қайтқан соң О... шаһарынан елу шақырым жердегі атамекені Покровск қыстағында кәрі апасымен, ағасымен бірге тұратын-ды. Ағасы тез уақытта қызметке Петербургке ауысты да, қарындасы мен апасын күйзеу күйде қалдырып, бірақ аз заманда ол өзі қайтыс болып, оның тәртібінен әйелдер құтылған еді. Марья Дмитриевна өзіне мұра ғып Покровскіні алғанмен, онда ұзақ тұрған жоқ; мұның жүрегін өзіне бірнеше күнде бағындырған Калитинмен қосылған соң, оның қаласы Покровск басқа бір мекенге айырбасталды; мұнысы пайдалы болғанмен, көрікті жер емес еді; тұратын үй де жоқ еді; Калитин О... шаһарынан үй алды да, ұдайы тұруға сол шаһарға көшті. Шаһардағы үйдің жанында үлкен бақша бар-ды, бұл

бақшасы қаланың сыртына, жазыққа шығатын. Қыстақ тыныштығын сүймейтін Калитин енді онда барудың қажеті жоқ деп ойлады. Марья Дмитриевна өзінің жақсы қыстағы Покровскіні, ондағы көңілді өзенді сағынушы еді, өйткені онда кең шалғын, жасыл тоғай да болатын; бірақ бұл әйел ешуақытта еріне қарсы келмей, оның ықпалына, өнерлі қауымды білетініне түгел ден қойып табынатын. Кейін, он бес жыл бірге өмір сүрген соң, күйеуі өліп, одан бір ұл, екі қыз қалған-ды. Марья Дмитриевна өзінің шаһардағы үйіне, ондағы тіршілігіне мейлінше қалыптанып кеткендіктен, О... шаһарынан шықпай тұрып қалған.

Марья Дмитриевна жасында сүйкімді, ақсары сұлу атанды; елу жасқа келіп, өңі толып, жайыла түскенмен, әлі де ажары көрікті. Өзі мейірімді болмаса да, сезімтал болатын; жасы жетсе де, институт тәрбиесінің әдетінен құтылмағанды; тез ренжігіш, кейде өз айтқаны болмаса, жылап та қойғыш боп, еркелікті дағды еткен; әдетте өз айтқаны болып, ешкім алдына шықпаса да, ол сыпайы мінезді бола білетін. Мұның үйі қаладағы ең бір жайлы, жақсы үй саналатын. Мұрасы көп болмаса да, ерінің табысы арқылы жиылған мүлкі де мол еді. Екі қызы мұның қолында өскен де, ұлы Петербургте, ең бір жақсы қазыналық тәрбие орнында оқитын.

Марья Дмитриевнаның қасында, терезе жанында отырған кемпір мұның әкесімен туысқан апасы, бір замандар Покровскіде бұл екеуі көп оңашалық шақтарын бірге кешірген. Кемпір – Марфа Тимофеевна Пестова. Ол қызық адам, мінезі бірбеткей, ойындағысын кімге болса да көзіне айтады; мүлкі аз болса да, өзін-өзі ұстауына қарағанда, сан мыңдар сандығында жатыр деп ойларсыз. Марқұм Калитинді бұл аса жек көретін. Немере сіңлісі оған тигенде, бұл өзінің қыстағына кетіп, он жыл бойы мұжықтың жаман үйінде тұрды. Марья Дмитриевна бұдан қорқатын. Шау тартса да, шашы қара, көзі өткір, үшкір тұмсық, кішкене бойлы Марфа Тимофеевна жүрісте шапшаң, бойы тіп-тік, сөйлегенде анық етіп, жылдам айтып, жіңішке шыңқылдаған дауыспен сөйлейтін, басына ақ қалпақша, үстіне ақ кофта киетін.

– Немене, ненің жайы? – деп, ол Марья Дмитриевнаға шұғыл бір сұрау беріп: – Неге күрсіндің, апасы?! – деді.

- Жай! Қандай ғажайып бұлттар! – деген жауап естіді.
- Немене, сенің оларға жаның ашып отыр ма? – Марья Дмитриевна түк айтпады.
- Гедеоновский не ғып келмей жатыр? – деп, Марфа Тимофеевна қолындағы тоқыма бізді жүгірте түсті. (Бұл бір үлкен шарф тоқып жүрген-ді.) – Ол келсе, сенімен бірге күрсінер еді, әлде бір өтірік соғар еді.
- Сол туралы үнемі қатал сөйлейсіз-ау, Сергей Петрович қадірлі адам емес пе?
- Қадірлі! – деп, кемпір кінәлай кекетті.
- Ол менің марқұм еріме дос еді! – деп, Марья Дмитриевна: – Әлі күнге ерім жайлы кобалжумен еске алады! – деді.
- Әрине, мұны батпақта жатқан жерінен құлағынан сүйреп, құтқарып алған сол болатын! – деп, Марфа Тимофеевна тоқыма бізді тағы да жүгірте түсті. Және сөйлей бастады.
- Сырты мүләйім, басы аппақ, ал аузын ашса болды, не өтірік, не өсек гулейді. Өзі ғой статский советник! Бірақ қайда барсын! Поптың тұқымы ғой.
- Кінәсіз кісі бар ма, апа? Ондай әлсіздігі бар екені рас. Әрине, Сергей Петрович тәрбие көрмеген, французша сөйлемейді, бірақ не десеңіз де, ол жағымды адам.
- Е, ол ұдайы сенің қолыңды жалап жүреді ғой. Французша білмейді, сол сөз бе екен? Француз “диалектіне” мен өзім де мығым емеспін. Тіпті, ешбір тіл білмесін, тек өтірік айтпаса екен. Ауызға алдың болды, оның өзі де келеді, тілге жеңіл емес пе? – деп, Марфа Тимофеевна көшеге қарады. – Әне, сенің жайлы адамың сидандап келеді. Бойының ұзыны-ай, қарабай тәрізденіп!
- Марья Дмитриевна шашын түзеп қойды. Марфа Тимофеевна мұнысына күлімсірей қарады.
- Немене, сенің ағарған шашың бар ма, апасы?! Ана күтуші Палашаңа ұрыссаңшы. Не қарап жүр өзі?
- Сіз болсаңыз, апай, әрдайым... – деп, Марья Дмитриевна күбір етті де, орындығының таянышына саусақтарымен сытырлата соқты.
- Сергей Петрович Гедеоновский! – деп, есіктен қызыл жүзді жас казак малай бой көрсетті.

II

Үйге ұзын бойлы адам кірді. Үстінде таза сюртугі бар, шалбары қысқа, сұр ұлпадан перчатка киген және біреуі қара, біреуі ақ, екі галстук тағыпты. Өне бойы – әдеп пен сыпайылық тәрізді, жүзі де келбетті, самай шаштары жабыса таралған; сықыры жоқ, өкшесіз етігіне шейін сыпайы. Бұл кісі әуелі үй иесіне иіліп, сонан соң Марфа Тимофеевнаға тағзым етті де, перчаткаларын асықпай шешіп, Марья Дмитриевнаның қолына иілді. Әйел қолын құрметпен екі рет сүйіп алып, креслоға асықпай отырды да, саусақтарының ұшын сипалай түсіп, сөз бастады.

– Елизавета Михайловна сау ма?

– Иә, ол бақшада еді.

– Елена Михайловна да сау ма?

– Леночка да бақшада. Немене, жаңалық жоқ па?

– Неге болмасын, неге болмасын, – деп, қонақ кірпігін жай қағып, ернін соза сөйледі. – Гм!.. Міне, мәлім етейін, таңғаларлық жаңалық бар: Лаврецкий Федор Иванович келіпті.

Марфа Тимофеевна таңғалып:

– Федя! Немене, жаныңнан шығарып отырған жоқсың ба, әкем-ау? – деді.

– Жоқ, тіпті өз көзіммен көрдім.

– Е, ол әлі дәлел емес.

Гедеоновский Марфа Тимофеевнаның кекесінін естімеген кісі боп:

– Денесі қатты ірілепті. Жауырыны бұрынғыдан да жалпайыпты. Бетінің қызылы да молайыпты.

Марья Дмитриевна жай сөйледі.

– Ірілепті дейсіз бе? Ірілейтін не жөні бар еді?

Гедеоновский бұл сөзді құптай кетті.

– Рас-ау, оның орнында басқа болса, жұрт көзіне көрінуден ұялар еді.

– Неменесі бар? – деп Марфа Тимофеевна кие сөйледі. – О не деген сандырақ? Туып-өскен жеріне кепті, қайда кетсін деп едіңіз? Және өз басының айыбы болса екен-ау!

– Ханым, мәлім етейін, әйел өзін жаман ұстаса, әрқашан оған ері кінәлі.

– Е, әкесі, оны өзің бойдақ болған соң айтасың ғой.

Гедеоновский зорлықпен езу тартты. Аз үндемей отырып:

– Білуге болар ма екен, мынау көркем шарф кімге арналған екен? – деді.

Марфа Тимофеевна бұған жалт етіп қарады да, жауап қатты:

– Бұл, кім өсек айтпай, аярланбай жүретін болса және сондай адам дүниеде бар болса, соған арналады. Федяны мен жақсы білемін, оның бар жазығы әйелін еркелеткені, үйленгенде де ғашық боп үйленген. Ал сол бір ғашықтықпен үйленген тірліктен ешуақытта татымды іс шықпайды! – деп, кемпір Марья Дмитриевнаға қиыс қарады да, орнынан тұрды. – Ал енді сен, әкесі, азуыңды тілесен маған да баса бер, мен кетейін, бөгет болмайын! – деп, Марфа Тимофеевна жүріп кетті.

Марья Дмитриевна апасын көзімен жөнелтіп салып:

– Бұл кісі әрдайым осындай. Әрдайым! – деді. Гедеоновский қостай түсті:

– Жасы сондай ғой, не істерсіз. Сөзін көрдіңіз бе, “кім аярланбаса” дейді. Осы күнде аярланбайтын кім бар екен, заман солай емес пе? Менің бір аса құрметті досым бар еді, шені де үлкен адам болатын, сол айтушы еді, бұл күнде тауық та дән көрсе қулықпен ұмтылады, тура бармай, қырындап келуге тырысады деп. Ал, сізге қарасам, менің бекзадам, сіздің ғана мінезіңіз анық періштедей, маған аппақ қолыңызды ұсыныңызшы.

Марья Дмитриевна аз күлімсіреп, Гедеоновский мұның қолын сүйіп отырғанда әйел өз орындығын тақай түсіп, аз иіліп, ақырын ғана сұрады:

– Сөйтіп, оны көрдіңіз бе, өзі шын дені сау, көңілді ме екен?

– Көңілді, жаман емес, – деп Гедеоновский сыбырлай жауап берді.

– Ал қазір әйелі қайда екен, оны естідіңіз бе?

– Соңғы кезде Парижде болған-ды, ал естуімше, қазір Италия мемлекетіне көшсе керек.

– Япыр-ай, Федяның халі маскара ғой, қалай төзеді екен, ақылм жетпейді. Рас, мұндай әркімнің де басына келеді, бірақ, былай айтқанда, мұны бүкіл Европаға әшкереледі ғой.

Гедеоновский күрсініп алды.

– Рас, рас! Айтуынша, ол әйел артистермен, күйшілермен және оларша қалай деуші еді, арыстандармен, айуандармен де ашына-жай дейді ғой. Ар-ұяттан мүлде безген ғой...

Марья Дмитриевна қостай сөйледі.

– Соншалық, соншалық аяныш, туыс жағын санасақ, Сергей Петрович, білесіз бе, ол менің немере інім болады ғой.

– Әрине, әрине, сіздің үй ішіңізге қатынасы барды мен білмей қоям ба? Білем ғой.

– Бізге келер ме екен? Қалай ойлайсыз?

– Қисыны... келетін болар. Бірақ естуімше, өзінің қыстағына бармақ білем.

Марья Дмитриевна көзін аспанға көтере сөйледі.

– Ах, Сергей Петрович, ойласам, бізге, әйелдерге, өзімізді ұстауға қандайлық сақтық керек десеңші!

– Әйелдің де әйелі бар ғой, Марья Дмитриевна. Бақытсыздыққа қарай, туыскандар бар... Әрине, жасы да бір сәрі және жастайынан жолды үйретпеген болар. (Сергей Петрович қалтасынан көкшіл орамал алып, соны жаза бастады.) – Ондай әйелдер болады, әрине. (Сергей Петрович орамалының ұшын көздеріне кезек тигізді.) – Бірақ, жалпы айтсақ, аңғарсақ бар ғой... Қаланың шаңы сұмдық қой! – деп сөзін аяқтады.

– Маман, маман! – деп, үйге бір он бір жас шамасындағы сүйкімді жүзі бар кішкене қыз жүгіріп кірді. – Бізге Владимир Николаевич атқа мініп келді! – деді.

Марья Дмитриевна орнынан тұрды, Сергей Петрович те тұрып, иіліп:

– Елена Михайловнаға біздің құрмет! – деді, содан соң үйдің бұрышына қарай барып, әдеп сақтап, сырт айналып, өзінің түзу біткен ұзын тұмсығын ұстап, сінбіре бастады.

– Аты не деген тамаша! – деп кішкене қыз сөйлеп тұр. – Ол жаңа қақпа жанына келіп еді, Лиза екеумізге қазір сыртқы есікке келем! – деді.

Осы кезде ат дүбірі шықты да, сұлу торы атқа мінген, көрнекті салт атты көшеден бұрылып, ашық терезенің түбіне тоқтады.

III

– Есенсіз бе, Марья Дмитриевна! – деп жайлы, сүйкімді үнменен дыбыс қатты салт атты. – Менің жаңа саудам сізге ұнай ма?

Марья Дмитриевна терезеге тақалды.

– Есенсіз бе, Вольдемар*! Ах, қандай жақсы ат. Мұны кімнен сатып алдыңыз?

– Әскерге ат жинаушыдан алдым. Бірақ қымбат сатты, соққан.

– Мұның аты кім?

– Аты – Орланд. Бірақ жаман ат, басқа ат қоямын, – деп французша сөйлеп, – қой, қой, менің балақайым! Тынышсызын қарашы! – деді.

Ат оскырып, тыпырлай түсіп, басын шұлғып, көбігін шашты.

– Леночка, сипаңызшы, қорықпаңыз...

Кішкене қыз терезеден қолын созып еді, Орланд тік шапшып, жалт берді.

Бірақ жігіт сасқан жоқ, тебініп жіберіп, шыбықпен аттың мойнынан салып қалды да, оны өз ырқына көндіріп, терезенің алдына қайтып келіп тұрғызды.

– Сақтаныңыз, сақтаныңыз, – деп Марья Дмитриевна французша сақтық айтты.

– Леночка, сипаңыз, мен оның ырқына көнбеймін, – деді салт атты.

Кішкене қыз қорқақтай тұрса да, қолын созып, Орландтың дірілдеп тұрған танауына қол тигізді. Ат діріл қағып, ауыздығын шайнап тұр. Марья Дмитриевна дауыстап:

– Браво! Ал енді түсіп, мұнда келіңіз! – деді. Жігіт атын шапшаң бұрып, тебініп қалып, көше бойына лекіте шауып барып, қораға кірді. Бір минуттен соң қолындағы шыбықты ойнақшытып, қонақ үйге жүгіре кірді, осы сәтте, екінші есіктен сұңғақ бойлы он тоғыз шамасындағы қара шашты қыз кірді, ол – Марья Дмитриевнаның үлкен қызы Лиза болатын.

* Владимир.

IV

Оқушыға біз жаңа таныс еткен жас жігіт – Владимир Николаевич Паншин атанатын. Ол Петербургте ішкі істер министрлігінде дербес істер чиновнигі боп істейді. О... шаһарына бұл жігіт уақытша қазыналық бір тапсырмамен келген. Қазір мұндағы губернатор, генерал Зонненбергтің қарамағында істейді, оған өзі туыс есепті. Паншиннің әкесі отставкаға шыққан штаб-ротмистр, белгілі карташы, жүзі ажарсыз, көзі күлімсіреп тұратын, ерні жыбырлағыш адам еді, өзінің бар өмірін ұлықтар арасында, екі астаналық шаһардың ағылшын клубтарында өткізген, онша сенімді болмаса да, сүйкімді, бірақ тәсілқой адам саналатын. Бірақ онша тәсілқой болса да, өмірі әрдайым қайыршылыққа жақын болып өтіп, өзінің жалғыз ұлына болымсыз ғана, бүлінген мүлік қалдырған-ды. Бірақ, өзінше, баласының тәжірибесін тәуір ескерген-ді: Владимир Николаевич французша тамаша сөйлейді, ағылшын тілін жақсы біледі, немісше тілі нашар еді. Әдет солай, тәуірсіген адамға неміс тілінде жақсы сөйлеу ұят саналады ғой; неміс сөзін кейде көбінесе күлкі түрде қолданып, Петербургтің парижаңдары сияқты французша бұл тіпті әсемдей жүруге де болады ғой. Владимир Николаевич он бес жасынан-ақ қонақ үйлерге қысылмай кіре кетіп, сүйкімді көрініс беріп, мезгілімен жөнелуді де білетін. Әкесі бұл ұлына көп таныстар қалдырды, екі роббер арасында карта араластырып отырып, немесе винт ойыны біткен соң өзінің Володькасының жайын кейбір білікті адамдарға айтып қалудан жаңылмайтын. Нелер бір ірі адамдарға, сауда ойынына жүйрік жандарға да болсын білдіре жүретін. Владимир Николаевич өзі де университетте жүргенде, толық студент шенін алып шығу үстінде, бірнеше туысты жастармен таныс болып, атақты үлкен үйлерге де барғыш болатын. Бар жер де оны жақсы қарсы алатын, өңі сүйкімді, бойы кең, әзілқой, дені сау, неге болса да дайын жігіт көретін; керегінде ол сыпайы, мүмкін болған жерде ол асқақ, тамаша жолдас, ғажайып жігіт! Жігіттің арманы майданда ашылды. Паншин сыпайылық ғылымның сырын таныды; оның шарттарына барынша да ден қойды; паңдықпен күле отырып, болымсызды алданыш ете білу, елеулі істің бәрін

болымсыз санай білу сияқты өнердің де бәрін білді, биге жүйрік, киімді ағылшынша киетін. Сөйтіп, аз уақыт ішінде ол Петербургтегі ең бір сүйікті, оңтайлы жас жігіт саналатын. Паншин шынында әкесінен де бетер оңтайлы болатын және ол аса өнерлі еді. Қолынан бар іс келетін: сәндеп ән айту, ерекше сурет салу, өлең жазу, сахнада жақсы ойнау – бәрін де біледі. Жасы қазір жиырма сегізде-ақ, ал бұл күнде камер-юнкер шені де салмақты. Паншин өзінің ақылына, қырағылығына қатты сенетін; ол алға қарай батыл басып, еркін құлаштап келеді, өмірде сүт үстінде қаймақтай.

Кәрі мен жастың бәріне жағатын, өз ойынша, адам атаулыны, әсіресе әйелдерді жақсы білем дейтін, ол әйелдердің ұсақ әлсіздіктерін шын білетін де. Суретшілікке бейімділігі болғандықтан, оның ішінде қызу да бар, ынтықтық, қызыққыштық сияқты сипаттар болу себебінен ол кейде өзін еркін де ұстайтын. Ішкілікпен, өзіне тең емес адамдармен таныс болу әдеті де бар, қысқасы, өзін мейлінше еркін ұстайды; бірақ дәл ішін алсаң, ол салқын қу адам еді, қаншалық қатты ішкілік үстінде де оның ақылды, қоңырқай көзі барды қарауылдап, бағып отыратын, сыртқа батыл сияқты, еркін жігіт ешуақытта өзін-өзі ұмытып, барымен беріле алмайтын. Тек бір қасиеті – өзінің, жүрісіне мақтанбайтын. Марья Дмитриевна үйіне, О... шаһарына келісімен, тез араласып кетті. Марья Дмитриевна мұны жанындай көретін.

Паншин үйдегілердің бәріне бас иді. Марья Дмитриевна мен Елизавета Михайловнаның қолдарын ұстап, Геденовскийді иығынан сілкітіп қойды, өкшесімен айналып, Леночканың басынан ұстап, маңдайынан сүйіп алды.

– Сондай асау атқа мінуге қорықпайсыз ба? – деп сұрады Марья Дмитриевна.

– Кешіріңіз, ол тіпті жуас; мен неден қорқатынымды айттайын, мына Сергей Петровичпен преферанс ойнаудан қорқам; кеше Беленицына үйінде бұл кісі мені тұттай тонады.

Геденовский шикылдап, жағына күлді: Петербургтің көрікті чиновнигі, губернатордың сүйіктісі болған жас жігітке ол жорғалап тұратын. Өзінің Марья Дмитриевнамен сөйлескен кенесінде ол Паншиннің ерекше өнерін көп мақтайтын. Сондай кезде оның айтатыны: “қайтіп қана

мақтамассың, жақсылар арасында беделді жігіт, қызметі болса ойдағыдай және титтей паңдығы жоқ”, – дейтін.

Паншинді Петербургте іскер чиновник санасатын. Жұмысқа берік және жұмыс жайын әрбір сыпайы адамша әзілмен айта біледі, өз еңбегіне ерекше мән бермегендей болса да, ол іс орындағыш. Ондай қызметкерді ұлықтар сүйеді; өз ойынша, егер бұл тілей қалса, бір заманда министрлікке жетуіне де Паншин күдіктенбейтін.

Гедеоновский бұған сөз қатты.

– Мен сізді ұтты дегендей болдыңыз, ал өткен жұмада менің он екі сомымды кім ұтып еді? Және де...

Паншин мұның сөзін бөліп, еркеленіп, біраз астам жүзбен:

– Қатал, қаталсыз! – деді де, осыдан кейін оны елемей, Лизаға тақап келді.

– Мен осында Оберон увертюрасын таба алмадым, – деп сөз бастады. – Беленицына барлық классикалық музыка бізде бар деп бос мақтаныпты, анығында үйінде полька мен вальстерден басқа түк жоқ; бірақ мен Москваға хат жаздым, сіз бір жұмадан соң ол увертюраны аласыз. Айтпақшы, кеше мен романс жаздым, өлеңі де өзімдікі. Айтып берейін бе сізге? Не шыққанын білмеймін, Беленицына аса сүйкімді деді, бірақ оның сөзінде мән жоқ, мен сіздің пікіріңізді білсем деймін. Тек менше кейінірек болсын.

Марья Дмитриевна сөзге араласып:

– Неге кейін? Қазір болса қайтеді? – деді.

– Бұйырыңыз! – деп, Паншин жарқыраған тәтті күлкімен жымия түсті, бұл күлкі онда тез туып, шапшаң жоғалып тұратын; енді орындықты тізесімен қозғап, фортепьяно жанына отырып, бірнеше аккорд берді де, ән айтып кетті, әсіресе сөзін анық айтты, романсы мынау еді:

Ақ бұлттар арасында,
Биік көкте ай қалқиды.
Ғажайып нұр төгіліп,
Теңізде толқын шалқиды.

Менің жаным теңізі
Айы етеді бір сені,
Қуаныш пен қайғы да
Бір өзіңсің білгені.

Ғашықтық пен тілсіз арман
Жанға толды:
Мен қиналдым, сен салқынсың,
Алыстағы айдай болдың...

Өлеңнің екінші ауызын Паншин ерекше бейілмен күш салып айтты, фортепьяно үнінде де ырғалған толқын лебі бардай. “Мен қиналдым” деген сөзден соң ақырын күрсініп, көзін төмендетті, үні де бәсеңдеп морендоға* ауысты. Ол айтып болған соң, Лиза әнге мақтау айтты; Марья Дмитриевна “көркем” деді, ал Гедеоновский даурығып, “ғажайып! Поэзия мен музыка бірдей тамаша” деген еді. Леночка балалық табынғыш жүзбен әншіге қарады. Қысқасы, мұндағылардың бәріне де жас дилетанттың шығармасы ұнап еді, бірақ қонақ үйдің сыртында жаңа кірген бір қарт адам тұр екен, оған Паншиннің романсы тәп-тәтті көрінсе де, бет ажарына қарағанда оншалық жақсы әсер етпегендей. Ол адам біраз тұрып, етегінің шаңын қалыңдау қол орамалмен қағып түсіріп, көзін қысыңқырап, ернін мұңая жымырып, өзінің онсыз да күдірейген жауырынын бүгілте түсіп, жай басып қонақ үйге кірді.

– А, Христофор Федорович, амансыз ба! – деп, Паншин жұрттың бәрінен бұрын үн қатып, орнынан атып тұрды. – Мен сіздің мұнда екеніңізді сезбедім, болмаса романсымды сіздің көзіңізше айтуға әсте батпас едім. Білем, сіз жеңіл музыканы сүймейсіз ғой.

– Мен тындағам жоқ! – деп, жаңағы кірген кісі орыс тілін шала сөйлеп, жұртқа бас иді де, бөлменің ортасында тұрып қалды.

– Сіз, мусье Лемм, Лизаға музыка сабағын бергелі келдіңіз бе? – деді Марья Дмитриевна.

– Жоқ, Лисафет Михайловна емес, Елена Михайловнаға.

– Е, жарайды. Онда жақсы. Леночка жоғарыға Лемм мырзамен бірге бар. – Қарт кішкене қыздың соңынан кете беріп еді, Паншин оны бөгеп қалды.

– Сабақтан кейін кетіп қалмаңыз, Христофор Федорыч. Елизавета Михайловна екеуміз төрт қолдап, Бетховен сонатасын ойнаймыз.

* Музыка тілінде бәсеңдеп, баяулап тынған үнді солай айтады.

Шал бірдеме деп мінгірлеп еді, Паншин неміс сөзін бұза сөйлеп кетті.

– Маған Елизавета Михайловна сіз ұсынған дұғалық кантатаны көрсетіп еді, әсем екен! Алда риза болсын. Сіз мені салмақты музыканы бағаламайды деменіз, қайта ол кейде іш пысырғанмен, пайдалы ғой.

Қарт құлағына шейін қызарды да, Лизаға қиыс көз тастап, асығып жүріп кетті. Марья Дмитриевна Паншиннен романсты тағы бір айтуды сұрап еді, бірақ ол білімді немістің құлағын қажамайын деді де, Лизаға Бетховен сонатасын ойнайық деді. Бұдан соң Марья Дмитриевна күрсінді де, Гедеоновскийге өзімен бірге бақшаны аралап қайтуды ұсынды.

– Менің сізбенен, әлі де біздің байғұс Федя туралы ақылдасып, сөйлеспегім бар-ды! – деді.

Гедеоновский жымып иілді де, қос саусағымен шляпасын ұстап, перчаткасын алып, Марья Дмитриевнамен бірге кетті. Бөлмеде Паншин мен Лиза қалды. Қыз сонатаны ашты, екеуі де үндемей, фортепьяноға қатар отырысты. Жоғары үйден Леночканың әлсіз саусақтары тартқан гамманың үндері шала естіліп тұрды.

V

Христофор-Теодор – Готлиб Лемм 1786 жылы Саксон корольдығында, Хемниц шаһарында туған. Әке-шешесі кедей музыканттар болатын. Әкесі валторнада, шешесі арфада ойнайтын; бала бес жасында үш түрлі аспапта ойнауға машықтана бастаған. Бірақ сегіз жасында жетім қалып, он жасынан бастап өз өнерімен нан тауып жүруші еді. Көп заманнан қаңғыма өмір кешіп, трактирлерде, жәрмеңкелерде, крестьян тойларында, балда да ойнайтын; бір уақыт оркестрге кіріп, саты-саты көтеріліп, дирижерлікке да жетіп еді. Өз ойыны нашар болатын, бірақ музыканы аса жақсы білуші еді. Жиырма сегіз жасында Россияға келген. Оны жаздырып алған бір үлкен мырза музыканы өзі жек көрсе де, оркестрді мақтан үшін ұстайтын. Лемм оның қолында капельмейстер болып жеті жыл тұрып, кейін құралақан шықты. Мырзасынып, бұған вексель бермек еді,

кейін онысын да орындамады, қысқасы, бір тиын төлемеді. Бұған еліңе қайт деген мәслихат берісіп еді, бірақ үлкен Россиядан қайыршы боп қайтуға көне алмады, артистер алтын қазына деп санайтын ұлы Россияда ол қала тұрып, әлі де бағын сынамақ болған.

Сорлы неміс сол бағын жиырма жыл сынады: Москвада, губерниялық қалаларда талай мырзаларға қызмет етіп, көп кемшілік көрді, мұқтаждықтан қысылып, қайраңдаған балықтай болғаны да бар: не қорлықтар көрсе де, ол өз Отанына қайтпақты мұрат ететін: сүйеніші сол еді. Ал тағдыр мұның ең соңғы тілегін де орындатпады. Елу жасқа келгенде, ерте қажыған жан, ауру күйінде осы О... қаласында мәңгіге қалып қойды, осы өзі жек көрген Россиядан құтылармын деген үміт болмаған соң, ендігі тірлігін сабақ беріп, соны болымсыз талшық етумен өткізіп келеді.

Леммнің өңі мұны сүйкімді жан дегізе алмайтын. Бойы аласа, жауырыны қисық та күдіс, іші жабысқан, аяғы үлкен еді; сірескен саусақтарының тырнақтары көкшіл, қолы қызыл болатын: бетінде әжімі көп, жағы солған: шүңкиген жұқа еріндерін үнемі қозғап, бірдеме шайнап отырғандай, әдетте соншалық сүйкімсіз, жексұрындау көрінетін; ағарған шаштары тар маңдайына төгіле салбырайтын; сөніп бара жатқан көмірдей, кішкентай қозғалысы аз көздері де бір алуан; көңілсіз денесін зорға сүйрегендей аяғын ауыр басыатын; кейбір қозғалыстары торда отырған жапалақтың сөлекет түрде сыланғаны сияқты; жапалақ өзіне біреудің қарағанын сезіп, үлкен сары көзімен шошына қараса, осындай қозғалыстар жасайтын. Кешірімі жоқ кәрі уайым сорлы күйшіге өзінің өшпес таңбасын басып, мұны бүкшитіп, сумитып қойған; онсыз да көңілсіз бойын соншалық ажарсыз еткенін; бірақ алғашқы алған әсерге қарамауды білген адам болса, осы жанның тозған күйінде де мейірімділік, адалдық, бір өзгешелік барын байқайтын. Бах пен Гендельдің өнеріне табынған, өз ісіне берік бұл адамда сезгіш қиял, өткір ой да бар: тұқымының мінезі сондай, Леммді кім біледі? Заманы келіссе, ол өз отанының ұлы композиторының бірі болар ма еді, тек бұл жұлдызы жанбаған пенде болды. Өз өмірінде жазғандары көп еді, жалғыз-ақ бірде-бір шығармасын бастыра алмады, батыл қимылдап, біреуге жағынып, біреуден өтініп іс етуді ол білмеді. Бір

заманда, оған да көп жыл болыпты, мұның досы және өнерін бағалаушы кедей бір неміс өз қаражатына Леммнің екі сонатасын бастырып еді, бірақ олар да музыка магазиндерінің подвалында жатып қалды, үнсіз, із-тозсыз жоғалды, түн ішінде біреу апарып суға тастап жібергендей. Ақырында Лемм күдер үзді, жасы болса да жетіп қалды: сезім тұтқырланып, қазіргі сірескен саусақтарындай боп өзі де қасаң тартты. Өмір бойы үйленген жоқ еді, кем-кектіктер арасынан тауып, жалдап алған бір кемпір қызметкермен О... шаһарында, ол Калитиндер үйіне жақын бір кішкене лашықта тұрады; өзі ұзақ уақыт серуен етіп жүретін, оқытыны Інжіл және протестант дұғалықтары, онан соң Шлегльдің аударуынан Шекспирді оқитын. Көптен шығарма жазған жоқ еді; тек мұның жақсы шәкірті Лиза Леммға қозғау салғандай екен; жаңағы Паншин айтқан кантатаны ол Лизаға арнап жазып еді. Күйдің сөзін дін кітаптарынан алған, кей өлеңдерін өзі де қосып еді. Мұнысын екі хор айтатын, біреуі бақыттылар, бірі бақытсыздар хоры, кейін екі жағы табысып, бірге айтатын: “мейірімді тәңірім, біздей күнәкарды кеше гөр, дүниенің үмітінен, бұзық ойларынан бізді құтқара көр” деген сөздер болатын. Бірінші бетке көркем, әшекей жазумен мынадай сөздер жазылған еді: “Тек күнәсыздар әділ. Дұғалық кантата. Бұл шығарманы менің сүйкімді шәкірт қызым Лизавета Калитинаға арнадым, жазған оның оқытушысы Х.Т.Г. Лемм” деген. “Тек күнәсыздарға” және “Лизавета Калитинаға” деген сөздерді күн шұғыласындай сызықтармен қоршап қойыпты. Сол беттің ең төменінде “тек өзіңе ғана” деп орысша да, немісше де жазыпты.

Жаңа Леммнің Лизаға қиыс қарап қызарғаны да осыдан; Паншиннің бұл жазған кантата туралы сөйлеуі оған аса ауыр тиіп еді.

VI

Паншин сонатаның алғашқы аккордын қатты соғып, батыл ойнай бастап еді (ол екінші қолды ойнайтын), бірақ Лиза өз партиясын бастамады. Жігіт тоқтап, қызға қарады. Лизаның бұған қараған көздері наразылық білдіреді: ернінде күлкі жоқ, жүзі салқын, тіпті мұңды сияқты.

– Сізге не болды? – деп еді, қыз жауап қатты:

– Сіз неге сөзіңізде тұрмадыңыз? Мен сізге Христофор Федорычтың кантатасын көрсеткенде, оған бұл туралы түк айтпаңыз дегенім қайда?

– Айыптымын, Лизавета Михайловна, бір орайы кеп қап еді.

– Сіз оны да, мені де ренжіттіңіз. Енді ол кісі маған да сенбейтін болады.

– Амалым қане, Лизавета Михайловна! Тырнақтай күнімнен неміс көрсем тек тұра алмаймын, мазақ еткім кеп құмарта берем.

– Сіз не айтасыз, Владимир Николаевич! Бұл неміс – бейшара және жалғыз, өлі жан төрізді, аямайсыз ба, әлде қорлағыңыз келе ме?

Паншин қысылып қалды.

– Сіздікі рас, Лизавета Михайловна! – деді. – Бар айып менің ұдайы ойланбайтынымда. Жоға, дауласпаңыз, мен өзімді жақсы білемін, осы ойланбайтыным маған көп залал келтіреді. Соның салдарынан мен өзімшіл де саналам.

Паншин үндемей қалды. Ол әдетте сөзді неден бастаса да, аяғын әкеп өзіне соғатын, сонысы және сүйкімді, майда боп, өздігінен туғандай жайлы келетін. Ол сөйлеп кетті:

– Мысалы, сіздің үйде де... Әрине, сіздің анаңыз маған мейірімді, осы кісі сондай мейірбан, сіз болсаңыз... сіздің мен туралы не ойлайтыныңызды білмеймін, ал бірақ, ана сіздің көрі апаларыңыз мені мүлде жек көреді. Тегі, мен ол кісіні де, қайда бір ойланбай айтқан ақылсыз сөзбенен ренжіткен болармын. Ол кісі мені сүймейді, рас емес пе?

Лиза біраз бөгеле отырып:

– Я, сіз ол кісіге ұнамайсыз! – деді.

Паншин клавиштерді жылдам басып өтті де, сәл жымып:

– Ал сіз ше? Мен сізге де өзімшіл көрінемін бе? – деді.

– Мен сізді тіпті аз білемін, бірақ өзімшіл санамаймын; мен қайта сізге алғыс айтуым керек.

– Білем, білем, не айтатыныңызды да білем, – деп, Паншин оның сөзін бөліп, тағы да клавиштерді жылдамдата басты. – Мен сізге әкеп жүрген ноталар, кітаптар үшін, нашар суретімді альбомыңызға салғаным үшін, тағы, тағы сондайлар үшін ғой. Мен соның бәрін істеп жүріп те,

өзімшіл болуым мүмкін. Өз ойымда сіз менімен бірге болуға жалықпайсыз, мені жаман жан деп санамайсыз деп ойлаушы едім; бірақ сонда да сіз мені, қалай деуші еді? Желік сөзде әкесін де, досын да аямас деп білесіз бе деймін.

Лиза баяу ғана жауап қатты:

– Сіз, барлық биік орта адамындай салқам және ұмытшақсыз, бары сол-ақ! – деді.

Паншин біраз күңгірт тартты. Артынан:

– Тыңдайсыз ба, енді менің жайымды қояйық, келіңіз біздің сонатамызды ойнайық, – деді. – Бірақ өтінішім бар, – деп, жаюлы қағазды қолымен жаза түсті де, – мен туралы не тілесеніз де айта беріңіз, тіпті өзімшіл деңіз, солай-ақ болсын, тек биік орта адамы деменіз; ол атақ маған бөрінен ауыр. Мен де артистпін, жаман да болса артист екенімді қазір-ақ іс жүзінде көрсетейін. Ал бастайық! – деді.

– Бастасақ бастайық, – деді Лиза да.

Бірінші адаждиода* Паншин бірнеше рет жаңылса да, жалпы дұрыс шықты. Өз шығарғаны мен жаттап алғанды ол сүйкімді тартады, бірақ нотаға шорқақтау. Сондықтан сонатаның екінші бөлімі, жылдам ойналатын аллегро** тіпті шықпады: жиырмасыншы тактыда қыздан екі такт кейін қалған Паншин өзі де шыдамай күліп жіберіп, орындығын кейін сырғытты. Дауыстап сөйлеп:

– Жоқ, мен бүгін ойнай алмаймын, Леммнің естімегені де жақсы болды. Ол тіпті талып қалар еді, – деді.

Лиза орнынан тұрып, фортепьяноны жауып, Паншинге бұрылды.

– Енді не істейміз? – деді.

– Осы сұрағыңыздан өзіңізді танып тұрмын! Сіз қол қусырып, бос отыруды әсте білмейсіз. Несі бар, күн кешкірген жоқ, сурет салайық. Әлде, суретшілік музасы, қалай аталушы еді? Ұмытып қалыппын, маған мейірімдірек болар. Альбомыңыз қайда? Мен бітірмеген бір пейзаж бар секілді еді ғой?

Лиза екінші бөлмеге альбомға кетті, Паншин оңашада қалтасынан бөтес орамал алып, тырнақтарын сүртіп, өз қолына өзі қиыс қарады. Саусақтары аппақ, сұлу еді. Сол

* Музыкалық шығарманың жай ойнайтын бөлімі (*итал.*).

** Шапшаң (*итал.*). Бұл тұста музыканың ең үлкен бөлімі келеді.

қолының бас бармағында бұрама алтын жүзігі бар. Лиза қайтып келді, Паншин терезе қасына отырып, альбомды ашты.

– Ага! Менің пейзажымды көшіре бастапсыз ғой, әсем шығыпты. Тіпті жақсы! Тек мына жері ғана, қарындашты беріңіші, көлеңкені айқынырақ салмапсыз. Көресіз бе!

Паншин еркін сызып, ұзын штрихтер салды. Ол әрдайым бір пейзажды салатын: алдыңғы қатарда үлкен ағаштар болады, одан әрі дала, содан әрі аспан құшқан таулар. Лиза мұның сыртынан суретке қарап тұр. Паншин біресе оңға, біресе солға қисая түсіп, сөйлеп отыр.

– Суретті жалпы өмірдегі сияқты жеңіл, батыл салу қажет! – дейді.

Осы кезде үйге Лемм кіріп, салқын ғана бас иіп, жөне-ле бастап еді, Паншин альбом мен қарындашты қоя салып, Леммнің жолын бөгеді.

– Қайда барасыз, сүйікті Христофор Федорыч! Шайға қалмайсыз ба?

Лемм жабырқау үнмен:

– Қайтамын, басым ауырып тұр! – деді.

– Ну, сөз бе екен, қалыңыз, екеуміз Шекспир туралы дауласамыз.

Шал тағы да:

– Басым ауырып тұр! – деді.

– Біз сіз жоқта Бетховен сонатасына кірісіп ек, – деп, Паншин қартты құшақтай түсіп, жымия қарады, – бірақ іс шықпады. Білесіз бе, менің екі нотаны қатар ала алмағаным.

– Сіз одан да өзіңіздің романсыңызды айтыңыз! – деп, Лемм Паншиннің қолын белінен сырғытты да, шығып кетті.

Лиза оның артынан жүгіріп, басқышта қуып жетті де:

– Христофор Федорыч, білесіз бе, – деп немісше сөйлеп, қартты қақпаға шейін көк шөптің үстімен шығарып салып бара жатып: – Мен сізге айыптымын. Кешіріңіз! – деді.

Лемм үн қатпады.

– Мен Владимир Николаевичке сіздің кантатаны көрсетіп едім; ол орнымен бағалайды деп сенім көрсетіп ем, шынында да оған кантата қатты ұнады.

Лемм тоқтай түсті.

– Ол ештеңе емес, – деп әуелі орысша, кейін өз тіліне көшті. – Бірақ ол ештеңе түсіне алмайды ғой, соны қалайша көрмейсіз? Ол дилетант, бары сол ғана.

Лиза дауласып:

– Сіз оған әділ қарамай тұрсыз, ол бәрін түсінеді және өзі де көп нәрсе істей біледі.

– Рас, көп, екінші номер, арзан пұл, асығыс жұмыс оның қолынан келеді. Сонысы жағады ғой, өзі де жағады, ол өзі де соған риза, ендеше қайыр! Мен ренжімеймін; кантата да, мен де кәрі ақымақпыз; мен азғана ұялып қалдым, бірақ ол оқа емес.

– Мені кешіріңіз, Христофор Федорыч, – деп Лиза тағы өтінді.

– Оқа емес, оқа емес! – деп шал орысша сөйледі: – Сіз мейірімді адамсыз... әне, біреу сіздерге келе жатыр. Қош! Сіз өте мейірімді бойжеткенсіз.

Лемм асыға басып, қақпаға қарай тартты, бұған қарсы сұр пальто, кең салом шляпа киген таныс емес бір мырза келеді екен. Лемм ол адамға әдеппен амандасып (О... ша-һарына жаңа келген адамға ол әрдайым амандасқыш болатын, ал таныстарын көшеде көрсе, сырт айналатын, бұл оның бір алуан мінезі еді), шығып кетті. Жаңа адам оған таңдана қарады да, енді Лизаға көз салып тұрып, тура қасына келді.

VII

– Сіз мені танымайсыз ғой, – деп, жаңағы кісі қалпағын алды. – Мен сізді соңғы рет көргеніме сегіз жыл болса да, танып тұрмын. Онда сіз бала едіңіз. Мен Лаврецкиймін. Анаңыз үйде ме? Көрісуге болар ма екен? – деді.

Лиза:

– Анам сіздің келгеніңізді естіген, қуанышпен қабыл алады, – деп жауап қатты.

– Сіздің атыңыз Елизавета ғой! – деп, Лаврецкий жоғары жүрді.

– Я!

– Мен сізді жақсы білемін, сонау кезде сіздің жүзіңіз бір көргенде ұмытылмастай болатын, онда мен сізге конфет әкелетұғым.

Лиза қызарды да, ішінен “өзі қандайлық адам” деп ойлады. Лаврецкий алдыңғы үйде сәл тоқтап қалды. Лиза қонақ бөлмеге кірді, онда Паншиннің күлкі аралас сөздері естіледі, бұл бақшадан қайтқан Марья Дмитриевна мен Геденовскийге қаланың бір өсегін айтып, өз сөзіне өзі қатты күліп тұр. Лаврецкийдің атын естігенде Марья Дмитриевна қысылып, өңі сұрланды да, қонақтың алдынан шықты.

– Амансыз ба? Амансыз ба, менің сүйікті кузинам! – деп даурығып сөйлеп, көзінің жасы аралас үнменен: – Көргенім қандай қуаныш! – деді.

Лаврецкий оның қолын дос пейілмен қысып тұрып:

– Амансыз ба, менің мейірімді кузинам, тәңірге сиынып жүрсіз бе? – деді.

– Отырыңыз, отырыңыз, қымбаты Федор Иваныч. Ах, қандай қуантғыңыз! Рұксат етіңіз, ең әуелі қызымды таныстырайын, Лиза...

Лаврецкий оның сөзін бөліп:

– Мен Лизавета Михайловнаға өзімді таныс еттім, – деді.

– Мусье Паншин... Сергей Петрович Геденовский!.. Я, отырсаңызшы! Түсіңізге қараймын да, өз көзіме сене алмаймын. Саушылығыңыз қалай?

– Көріп тұрсыз ғой, гүл жайнаймын. Өзіңіз де кузина, тек көзім тимесін, сегіз жыл бойында жүдемепсіз.

Марья Дмитриевна аз қиял еткендей:

– Сонша уақыт көріспеппіз. Қазір қай жақтан келдіңіз? Анау қайда қалды?.. Жоға... – деп сасқалақтап, – айтайын дегенім ол емес, қанша уақытқа келдіңіз? – деді.

– Қазір Берлиннен келдім, ертең қыстаққа жүрем, ұзаққа барамын.

– Сіз, әрине, Лаврикте тұрасыз ғой?

– Жоқ, Лаврикте емес, осыдан жиырма бес шақырым жерде бір кішкене қыстағым бар еді, соған барамын.

– Ол сізге Глафира Петровнадан қалған қыстақ па?

– Сол еді.

– Оныңыз қалай, Федор Иванович? Сіздің Лавриктегі үйіңіз сондайлық тамаша емес пе?

Лаврецкий сәл ғана қабағын түйді.

– Рас, мынау қыстақта да бір кішкене үй бар, ал маған содан үлкен үйдің керегі де жоқ. Бұл әзірше ең жайлы орын болар.

Марья Дмитриевна тағы да қысылып, сасқалақтап, бойын түзеп, екі қолын жайды. Паншин мұның ыңғайсыздығын сезіп, Лаврецкиймен өзі сөйлесе бастады. Марья Дмитриевна енді ғана қалпына келіп, орындыққа шалқайып отырып, анда-санда бір сөз айтып отырды; бірақ өзінің қонағына соншалық аянышпен қарап, әдейілеп күрсіне береді; мұңайып, бас шайқап қоймаған соң қонағы шыдай алмай, қатқыл үнмен:

– Деніңіз сау ма өзі? – деп сұрап еді.

Марья Дмитриевна:

– Құдайға шүкір. Неге олай дедіңіз?

– Жай, маған сіз қысылып отырған көріндіңіз.

Марья Дмитриевна салмақтанып, сәл ренжігендей болды. Ішінен: “е, солай болса, маған бәрібір, байқауымша, мырзам, су жұкпастың өзі көрінесің, басқа болса қайғыдан солар еді, сен тіпті семіре түсіпсің” деп ойлады. Марья Дмитриевна өзімен-өзі болған кезде сыпайы сөйлемейтін; ол дауыстап сөйлегенде ғана сыпайы тілді болушы еді.

Лаврецкий шынында да тағдырдан сорланған кісі тәрізді емес. Бетінің қызылы қалың, ақ маңдайлы, таза орыс пішінді, мұрны кесектеу, жүзінде сахара адамының саушылығы бар, мықты, төзімділік байқалатын. Дене бітімі де мығым еді. Ақшыл сарғыш шаштары жас жігіттің шашындай бұйраланып тұратын. Тек, аз томпақтау келген қара көзінде ойдың ба, қажығанның ба, аумастандай белгісі бар және үні де өте бірқалыпты, баяу тәрізді. Бұл кезде Паншин әңгімеге араласқан. Ол сөзді қант қайнату жайына аударып, өзі оқыған французша екі кітапты еске алып сөйледі; сабырлы, момын жүзбен кітаптағы мазмұнды өз пікіріндей баяндап отыр. Осы кезде көрші бөлмеде, есіктің ар жағынан сөйлеп келе жатқан Марфа Тимофеевнаның дауысы шықты.

– Келген Федя ғой! – деп, кемпір үйге асыға кіріп: – Федя, дәл өзі! – деді.

Лаврецкий орындықтан тұрып болғанша, кемпір мұны құшақтай алды:

– Кәне, көрсетші, көрсетші бойыңды? – деп, шалқая түседі. – Е, қандай көрікті болғансың. Қартайсаң да ажарың тіпті бұзылмапты, тамаша! Немене өзің, менің қолымды сүйесің? Одан да, әжімді жүзімнен жиренбесең, өзімді сүйсеңші. Келгелі ғой мен туралы сұрамадың? Апам тірі ме демедің, ә? Ал сен менің қолымда өсіп едің-ау, тентек. Бірақ оны қайтейін, мені қайдан есіңе аласың. Тек келгенің үшін ақылдысың деймін.

Содан кейін Марья Дмитриевнаға бұрылып:

– Я, апасы, қонаққа не сый көрсеттің? – деді. Лаврецкий асыға сөйлеп:

– Маған ешнәрсеңнің керегі жоқ! – деді.

– Жо-ға, тым құрыса шай іш, әкесі! Жасаған ием-ау, қаншалық жерден кеп отырса, бір шай бермес пе? Лиза, бар. Әзірле шапшаң бірдемені. Мен білемін, бала күнінде бұл сондайлық мешкей болатын, қазір де асты жақсы көретін болар.

Паншин көп сөйлеген кемпірге көлденеңнен тақап кеп бас иді де:

– Есенсіз бе, Марфа Тимофеевна, – деді. Марфа Тимофеевна:

– Ғафу етіңіз, мырзам, мен қуанғаннан сізді байқамаппын! – деп, Лаврецкийге тағы бұрылып: – Жүзің апаңа, менің көгершініме көп тартыпты. Тек мұрының ғана, бұрын да әкендікі тәрізді еді, сол әкендікіндей болып қалыпты. Ал ұзақ уақытқа келдің бе бізге?

– Мен ертең жүремін, апай.

– Қайда?

– Қыстағыма, Васильевскіге.

– Ертең бе?

– Ертең.

– Жарайды, ертең болса, ертең болсын. Тәңір жолыңды қылсын. Жөніңді өзің білесің. Жалғыз-ақ енді байқа, кетерінде қоштасып кет, – деп, жігіттің бетінен сипай түсіп сөйледі. – Сен келгенше тірі болармын демеуші едім; рас, өлгім келгеннен емес, әлі бір он шақты жыл тұрамын да; біз Пестов тұқымы төзімдіміз ғой, сенің үлкен әкең марқұм бізді қос тарамыс дейтін; бірақ сені құдай біле ме, шет елде қанша жүретініңді кім білсін. Сонда да жігітсің, жігітсің, әлі

де бұрынғыдай он пұтты бір-ақ қолыңмен көтересің бе? Әкең марқұм қанша задор адам болса да, саған швейцар тәрбиешіні жалдап бергені жақсы болды ғой, онымен екеуің қандай жұдырықтасушы едіңдер; “гимнастика” деуші ме едіңдер соларынды. Бәтір-ау, мен неғып бытқылдап кеттім осы? Паншин мырзаның шешен сөзін бөлдім-ау! (Ол Паншиннің фамилиясын дәл айтпай, бұзып айтатын.) Бәрінен де шай ішейік: терраста отырып ішейік; біздің қаймағымыз сендердің Лондон, Парижіңдей емес, аса жақсы, жүріңдер; ал, Федюша, сен маған қолыңды бер. О, қолың өзі не деген жуан. Сенімен жүрген жығылмас-ақ.

Барлығы орындарынан тұрып, террасқа беттеді, тек Гедеоновский ақырын ғана қайтып кетті. Лаврецкий мен Марья Дмитриевна, Паншин мен Марфа Тимофеевна сөйлесіп отырған кезде, ол бір бұрышта үндемей ғана кірпігін қағып, ерінін балаша қызығып созып, сөз тыңдап отырған. Енді жана қонақтың жайын қалаға шапшаң таратпақ болып, асыға жөнелді.

Сол күні кешкі сағат он бірде Калитина ханымның үйінде мынадай хал болып еді. Төменде, қонақ үйдің жанында оңаша бір мезгіл тауып, Владимир Николаевич Лизамен қош айтысқан, қыздың қолын ұстап тұрып:

– Мені бұл үйге тартатын кім екенін сіз білесіз, не себепті сіздің үйге дамылсыз келетінімді де білесіз, соншалық анық жайды сөзбен айтудың қажеті бар ма? – деген.

Лиза бұған жауап берген жоқ, күлімсіреген де жоқ, қасын сәл көтеріп, қызарды да, төмен қарады, бірақ қолын тартып алған жоқ; ал жоғарғы үйде Марфа Тимофеевнаның бөлмесінде, ескі икондар алдында жанған кішкентай шамдалдар жарығы бар еді, Лаврецкий кең орындыққа екі тізесіне шынтағын тіреп, алақанымен бетін басып отыр еді. Кемпір оның алдында тұрып, окта-текте үнсіз ғана қозғалыс жасап, жігіттің шашын сипады. Үй қожасы әйелмен қоштасқан соң, Лаврецкий мұнда келіп, сағаттан артық отырды; бірақ ол өзінің мейірімді қарт апасына ешнәрсе де баянды еткен жоқ. Апасы да мұның жайын сұрастырмады. Нені сөйлеп, нені сұрастырсын? Апасы онсыз да жайды түсінетін, мұның жүрегінде бардың бәріне ол барынша тілеулес болатын.

VIII

(Біз бұрынғы әңгімеміздің желісін үзе тұратын болғандықтан, оқушыдан кешірім өтінемін.) Федор Иванович Лаврецкийдің арғы атасы Пруссиядан шығып, Божецкіден мол жер сый алған болатын. Оның кейінгі нәсілі де әртүрлі мансапқа ие болысты, кейде князь қол астында, кейде шеткері өлкеде істеп жүргендері болды; бірақ ешбірі де үстел басынан жоғарылап, мол мүлік те жия алмаған. Лаврецкийдің бар тұқымында ең көрнекті, ең бай болған кісі Федор Ивановичтің ұлы атасы – Андрей болатын, ол қатал, өр, ақылды, тәсілқой адам еді. Осы күнге шейін сақталған аңыздарда оның сотқарлығы, бүлік мінездері туралы және орасан мырзалығы мен тойымсыз қомағайлығы туралы әңгімелер айтылатын. Өзі жуан, зор денелі, жүзі қара сұр, көсе, тілі быдық және ұйқышы кісі тәрізденетін; ол неғұрлым ақырын сөйлесе, маңындағылар соғұрлым қалтырап тұратын... Қатынды да өзіне сай тауып еді, онысы бадырақ көз, қаршыға тұмсық, тұрым сары, сыған текті әйел, кекшіл, ызақор болғандықтан күйеуіне дес бермейтін; сондығынан оны ері өлтіре жаздап жүрсе де, ақыры күйеуінен соң өлді. Бұлардың ұлы Петр, Федордың үлкен әкесі өз әкесіне тартпады; бұл сахараның жабайы мырзасындай тәртібі аз, айғайшыл, тімтіңгіш, қатал мінезді, бірақ жауыз адам емес, қонақшыл және итпен аңшылық жасауды сүйетін кісі еді. Әкесінен қалған мұра отыз жасында қолына тиген, екі мың құл крестьян болатын, шаруа мығым еді; бірақ бұларын Петр еркінсітіп жіберіп, мүліктің біразын сатып та қойған-ды. Мұның айналасына тарақанша жиналып жүретін ұсақ адамдар нөпірі көп болды; күтімсіз болса да кең, жылы үйлерінде қонақ мол болатын; ол адамдар аузына тигенді тоя жеп, мас болғанша ішіп, қонақуар байды мақтап, дүниелігін де жан-жаққа таратып алып кете беретін; бай ашуланған шақта өзінің қонақтарын арамтамақтар, қулар деп ұрсады да, олар болмаса тағы іші пысатын. Петр Андреевичтің әйелі момақан болды. Мұны оған әкесі өзі таңдап, көршілес таныстардың бірінен айттырып берді; әйелдің аты Анна Павловна болатын. Ол әйел ештеңеге араласпайтын, қонақтарға жүзі жарқын, өзі де қонаққа барғыш, бірақ

бетіне опа жағуды өлердей жек көруші еді. Қартайған шағында бұл жөнінде әңгіме еткенде “басыңа киіз қаптап, шапшыңды жоғары түре буып, майлап тастайтын, бетіне ұн жағып, темір түйреуіштермен өне бойынды түйрейтін, кейін бетінді жусаң тазара алмай жүретін ең, ал қонаққа опа жақпай барсаң ренжиді, азап еді” дейтін. Өзі желіскер аттар жектіріп, сейіл құруды сүйетін, картаны ертеден қара кешке дейін ойнауға жалықпайтын; ойнап отырғанда күйеуі маңына барса, жалғыз тиын ұтқызса да, жасыруға тырысатын; өзінің үйінен әкелген еншісін күйеуінің еркіне түгел беріп қойған-ды. Бұдан екі бала туып еді, біреуі – Иван, Федордың әкесі, екіншісі қыз – Глафира болатын. Иван үйде тәрбиеленбей, княжна Кубинская деген, байлығы мол, көрі апасының қолында өсті, ол апасы мұны өз мүлкіне мұрагер еткен (әйтпесе Иванды әкесі жібермес еді); апасы Иванды қуыршақтай киіндіріп, оған неше алуан тәрбиешілер жалдаған; күтуші, тәрбиеші етіп, бұрын аббат болған Жан-Жак Руссо шәкірті Куртен деген бір французды жалдап алған; француз епті, сұңғақ адам болатын; Кубинская мұны жамандай жүрсе де, жасы жетпіске жетер кезде соған күйеуге тиді; бар мүлкін де соның атына шығарды; кейін бетіне қызыл бояу жағып, аля-Ришелье иісті майын сеуіп, айналасына қара құлдар жиып, бірақ көп жасамай, XV Людовик заманынан қалған жібек жапқан қисық диван үстінде, қолына насыбай сауытын ұстап жатып қайтыс болды; күйеуі тастап кеткен еді. Айлакер француз мырза Куртен мұның ақшасын алып, Парижге тайып кеткен. Иван княжна мүлкінен оның күйеуге тиюі арқылы қаза көріп айырылатын болғанда, жасы жиырмаға жеткен еді; кейін мұрагердің орнына апасының үйіне тек тамақ асыраушы боп қалуды ол өзіне ар көрді; Петербургте бұл араласып өскен қауымға енді барар жол қалмады; төмен шеннен, қиыншылықтан бастап, қызмет етуге ол жирене қарады (бұл халдің барлығы Александрдың патшалығының алғашқы кезінде болған еді); Иван амалсыз қыстаққа, өз әкесінің қолына келді.

Бірақ туған ұясы енді бұған көрнексіз, кір, татымсыз болып көрінді: сахарадағы күй-тұрмыстың меңіреулігі мен құнарсыздығы мұны ыза қылатын; іш пысу да үлкен дерт

болды; соның орайында, бір шешесінен басқасының бәрі мұны да жақтырмады. Әкесіне оның үлкен қаладағы тәрбиеден алған әдеттері жақпады; үстіндегі фрагі, кітаптары мен кернейі, тақтиған тазалығы – бәрі де жиренішті көрінді; баласына ашуланып, ұрсып сөйлейтін. “Бұған түк жақпайды, үстел басында шұқынып отырады, ас ішпейді, адамның исінен, үйдің жылылығынан жиренеді, мастарды көрсе, кейпі бұзылады, мұның көзінше кісіні ұруға да болмайды, қызметті және істемейді. Саушылығым нашар деген болады, қарасаңшы нәзік немені! Бәріне себебі, мұның басына Вольтер орнаған”, – дейді. Шал Вольтерді әсіресе жақтырмайтын және қарғаған Дидерот та ұнамайды. Олардың кітаптарынан өзінің жалғыз жол оқымағанын және кітап оқуменен жұмысы жоқтығын ескермейді. Петр Андреевич қателескен жоқ-ты, оның баласының басында Дидерот пен Вольтер көп орын алатыны рас, олар ғана емес, Руссо, Рейналь, Гальвещий және соларға ұқсаған, өзге көп жазушылар да оның басында болатын, бірақ тек қана басында жүретін. Мұның тәрбиешісі болған аббат көп білімді адам, өзінің шәкіртіне жалғыз XVIII ғасырдың даналығын құйған да, бұл соны ғана сақтап жүретін; ол білім мұның қанына сіңбеген, жанына жайылмаған, өз ойындай боп қонбаған-ды. Әрине, бұдан елу жыл бұрынғы жігіттен оны талап етуге болмайды, біз бүгін де оған жетіп отырғанымыз жоқ қой?! Иван Петрович әкесінің қонақтарына да жайлы емес-ті. Бұл оларды мазақ ететін, қонақтар болса бұдан қорқатынды, жігіт өзінен он екі жас үлкен апасы Глафирамен біржолата ұғыспады: қыз Глафира бір алуан жан еді, ол сұлу емес, арық, бүкір келген, көздері салқын болатын: жұқа еріндерін жымырып жүретін әдеті, даусы және шапшаң қозғалыстары – барлығына қарағанда, ол өзінің үлкен шешесі, Андрейдің әйелі, сығанға ұқсаушы еді. Қайратты, қажырлы болғандықтан байға тиюді де есіне алмады. Иван Петровичтің қайтып келгенін ол жақтырмаған. Княжна Кубинская інісін қолына ұстап жүргенде, бұл, кем қойса, әкем мүлкінің жарымына ие болармын деуші еді: өзінің сараңдығы да үлкен шешесіне тартқан-ды; Глафира бауырына қызғанышпен де қарайтын; ол болса оқымысты: французша соншалық жақсы сөйлейді; Париж адамдарының нақысымен сөйлейді; ал мұның білгені тек “бонжур” және “ко-

ман ву, порте ву?” сияқты ғана болатын. Рас, мұның әкесі, шешесі французша тіпті түк білмейтін, бірақ оның бұған жұбаныштығы аз болды.

Иван Петрович болса, іш пысып сарғаюдан қайда қашарын білмеді: қыстақтан шықпай бір жыл тұрғанда, сол мезгіл оған он жылға бергісіз болды. Тек шешесінің қасында ғана толас тауып, оның кішкене аласа бөлмесінде, болымсыз әңгімесін тыңдап, варенье жеп қана отыратын. Анна Павловнаның күтуші қыздарының ішінде бір көркем қыз болды, оның өңі нәзік, көзінде момындық бар, ақылды, Маланья дейтін қыз еді. Иван Петровичке сол қыз алғашқы көргеннен ұнады да, соған ғашық болды: қыздың сыпайы жүрісін, ұяң жауабын, ақырын үнін, үнсіз жымыюын бұл түгел ұнатты: күн санап қыз ыстық көрінді. Иван Петровичке қыз да, барлық орыс қызындай, өзінің бар жанымен берілді. Шынымен қосылып еді. Қыстақтағы бай үйінде ешбір сыр ұзақ уақытқа жасырын боп қала алмайды. Аз уақытта жас мырзамен Маланья жақындығын жұрттың бәрі білді; сол хабар ақыр-аяғы Петр Андреевичке де жетті. Өзге уақыт болса, әкесі мұны болымсыз іс деп елемес еді, бірақ баласына көптен зығыры қайнап жүрген әкесі енді Петербургтің білгішсіген сәнқой жігітін жерлеп, ұялтуға бекінді.

Үлкен айғай, шаң-шұң шығып, Маланьяны апарып қараңғы үйге қамасты, Иван Петровичті әкесі шақыртыпты. Бұл дырдуга Анна Павловна да келген болатын. Ол күйеуін тоқтатпақ еді, бірақ Петр Андреевич енді сөз тыңдамайтын болды. Баласына қырғидай соқтығып, оны ұятсыз, алдампаз, құдайдан безген деп айыптады, Иван Петрович басында үндемей шыдап көріп еді, бірақ әкесі мұның намысына тиіп, жазалайтынын көрген соң шыдамады. Ішінен “құдайдан безген Дидерот тағы сахнаға шықты ма? Ендеше, тоқтай тұрыңыз, мен оны іске жұмсап, сізді таңғалдырайын” деп ойлады. Сол арада іштей дірілдеп тұрса да, жай салмақты дауыспен әкесіне дау айтты; ұятсыз деген айыпты мойнына алмады; бірақ ол мүлде айыбы жоқ демейді; енді сол айыбын болымсыз сөздерді елемей, түземекші; қысқасы, ол Маланьяға үйленбекші екенін білдірді; осы сөздерді айтып, Иван Петрович өзінің мұратына дәл жетті. Петр Андреевичтің жаңағы сөзге таңғалғандығы сонша, басында екі көзі бадырайып, үн шығара алмай қал-

ды; бірақ артынан лезде есін жиып, үстіне тиін ішік киіп тұрған, жалаңаяқ аяғына башмақ киген қалпында жұдырығын түйіп, Иван Петровичке тап берді; жігіт бүгін әдейі де емес, шашын сыпайы тарап, үстіне ағылшын фрак киіп, шашақты етік, аса кербез ақ шалбар киген екен. Анна Павловна шошынғаннан айғай салып, бетін басты: жігіт зыта жөнелді, қашқан бойда бар үйден өтіп, қораға шығып, бақшаға қарай безіп, одан да өтіп жолға шықты: артына қарамай, зытып барып, әкесінің мұны қуған тысыры мен ауыр дем алысы басылғанша қашты. Әкесі ақырып: “Тоқта, бұзық, тоқта, теріс батамды берем” деп еді, Иван Петрович тоқтамай кеткен бойда бір көршісінің үйіне тығылды. Петр Андреевич қиналып, терлеп, демін зорға алып, үйге келе бере, баласына бата бермейтінін айтты; оның барлық құраған кітаптарын өртетпек болды; ал Маланья қызды қолма-қол алыс қыстаққа айдап жіберуге бұйрық етті. Иван Петровичке дос-жар адамдар табылып, оған жайдың бәрін мәлім етті. Ол ұялса да қатты ызаланып, әкесінен кек алуға ант етті. Сол түнде, крестьян арбасына мінгізіп апара жатқан Маланьяны жолшыбай тартып алып, қасына отырғызып, жақындағы қалаға қашып барды да, өздерінің некесін қиғызды. Бұған ақша берген көршісі үнемі ішкіліктен босамайтын, бірақ мейірімді адам болатын. Ол өзі айтқандай, осы алуандас ғажайып тарихтарға жаны құмар кісі. Иван Петрович келесі күні әкесіне шанышпа тілмен, сыпайылау хат жазды, ал өзі шөберелес жақыны Дмитрий Пестовтың қыстағына кетті; Дмитрий Пестов бізге мәлім Марфа Тимофеевна атты қарындасымен бірге тұратын. Бұларға Иван Петрович өзінің бар жайын айтып, енді Петербургке қызметке баратынын білдірген және мыналардан уақытша мұның әйелін қолдарына ұстауды сұраған. Әйелім деген жерде бұл жылап та жіберген, өзінің үлкен шаһардағы оқу тәрбиесіне, философиясына қарамай, бейшара ғана, мүләйім ғана орыстың бірі болып, туғандарының аяғына да жығылып бас иген, еденге маңдайын да тақ еткізген. Пестовтар қайырымды, мейірбан адамдар еді, мұның өтінішіне оңай ризалық білдірді; жігіт мұнда үш жұма тұрып, ішінен әкесінің жауабын күтіп еді, жауап келмеді, келуге мүмкін емес еді. Петр Андреевич баласының некеленіп қойғанын білгенде төсек тартып жатып ап, енді

оның атын атаушы болмандар деген; тек шешесі ғана күйеуінен жасырып, поптан бес жүз сом алып және кішкене иконды келініне арнап жіберген болатын; хат жазуға қорғанған, бірақ баласына елші ғып жіберген жүрдек мұжықтан сәлем айтыпты; “күйінбесін, құдай бұйырса бәрі ойдағыдай болады, әкесі ашуын тастап, мейірленеді” депті; ойлаған келіні бұл болмаса да, құдайдың жазғаны сол шығар деп, Маланья Сергеевнаға аналық батасын беріпті.

Хабар әкелген мұжық бір сом ақша алды, сонан соң жаңа ханыммен көрісуді өтініп, оның қолынан сүйіп жүріп кетті, Маланьяға бұл туыс есепті болатын.

Иван Петрович Петербургке көңілді күйде кетті. Алдында белгісіз келешек бар; мүмкін, мұқтаждық та кезігер, бірақ бұл соншалық сұм көрінген қыстақ тірлігінен құтылды; онан соң, әсіресе өзінің ұстаздарын қор етпеді; оларды шынымен іске жұмсап, Руссо, Дидероттың аттарын ақтап, “адамның, азаматтың хақы турасындағы шартнаманы да” ақтап шықты. Кеудесінде қарыз ақтадым, жеңдім дегендей мақтаныш та бар еді, әйелінен айрылудан көп сескенген жоқ, бұған қайта онымен ұдайы бірге тұру қиын соғар еді. Бір іс істелді, енді екіншісіне кірісу керек.

Петербургте мұның ісі ойдағыдан тыс жақсы болып шықты. Княжия Кубинская мусье Куртен тастап кеткеннен әлі өлген жоқ еді, немересінің алдындағы өз айыбын ақтау үшін ол мұны көп достарына тапсырып және өзіндегі барын жиып, бес мың сом ақша берді, онан соң періштелер суреттерімен әшекейленген бір сағат сыйлады. Үш ай өтпестен жігіт Лондондағы орыс елшілігінің кеңсесінен орын алды. Сөйтіп, Англияға баратын кеменің (пароход ол кезде мүлде жоқ болатын) ең алғаш жүретініне мініп, теңіздің арғы жағасына кетті.

Осыдан бірнеше айдан соң ол Пестовтан хат алды. Мейірімді помещик Иван Петровичті жаңа туған ұлың бар деп құттықтапты: бала Покровскі қыстағында 20 августа 1807 жылда туыпты; атын әулие Федордың әруағына арнап, Федор қойысыпты. Торалып болмаған Маланья Сергеевна хатқа өз жанынан бірнеше жол ғана сөз қосқан екен, бірақ осы азғана жолдардың өзі де Иван Петровичті таңғалдырды; мұның әйелін Марфа Тимофеевнаның оқытып жүргенін ол білмеуші еді.

Бірақ Иван Петрович аталық сезімге соншалық балқыған жоқ, бұл кезде ол атақты сұлулардың біреуінің соңында жүретін; Таильвит бітімі жаңа ғана болған кез еді, жұрттың бәрі масайрап, бар дүние тынымсыз құбылып, шырқ айналып жатқан кез болатын, ерке сұлудың қара көздері сол кезде жігіттің де басын айналдырған еді. Рас, мұның ақшасы болатын; бірақ картадан қолы қатты шығып жүрді, жаңадан таныстар тауып, қызық атаулының бәрін көрді; қысқасы, өмір кемесі құлаш ұрып аққандай болатын.

IX

Шал Лаврецкий көпке шейін баласына оның айыбын кешпеді; егер Иван Петрович жарым жылдан соң мұның аяғына жығылса, кешірет ме еді, басында ұрсып, айбар шексе де басылар еді, бірақ Иван Петрович шет елде жүрді, мұндағыны елемеді.

“Үндеме! Қысқарт! Ол күшік менің оны қарғамағаным үшін өмір бойы алғыс айтсын әуелі; марқұм әкем болса, ол есуасты өз қолымен өлтірет еді, бәрінен ақыл сол болар еді!” – деді. Анна Павловна мұндай сұмдық сөзді естігенде, тек ақырын ғана дұға оқитын. Иван Петровичтің әйелінің жайы болса, Петр Андреевич әуелі ол туралы тыңдағысы да келмеді. Пестовтың бір жазған хатына “менің келінім жоқ, қашқан қызды сақтау заңға қарсы, соны ескертемін!” депті; бірақ кейін немересі туғанын естігенде жұмсарып, әйелдің саушылығың сұрастырып, көлденең біреудің атынан азырақ ақша да жіберді. Бірақ Федя бір жасқа шығар-шықпаста Анна Павловна өлімші науқас болды. Өлерінен бірнеше күн бұрын төсектен тұра алмай, көзі жасаурап жатып, көптің көзінше күйеуіне соңғы бір арманын білдірді; келініне кешірім айтып, немересіне бата беруді арман етті.

Күйініп жүрген шал әйелін тыныштандырып, сол арада келініне өзінің ат-арбасын жіберіп, ең алғашқы рет Маланья Сергеевна деп атап шақыртты.

Келін баласымен және мұны ешкімге ренжітпеймін деп қорғаған Марфа Тимофеевнамен бірге келді. Маланья Сер-

геевна Петр Андреевичтің кабинетіне келгенде қорқып, құр сұлдері кірді. Артында күтуші әйел Федяны әкеле жатыр еді. Петр Андреевич келінге үнсіз қарады, келіні мұның қолын сүйді, дірілдеген ерні үнсіз ғана сүйіп еді.

Шал сөз қатып: “Ну, шала піскен бекзада аман ба? Жүр ханымға барамыз” – деді, орнынан тұрып Федяға жақын-дады. Нәресте жымыып, бұған ақшыл қолын созды. Шал бұған қатты өзгерді.

– Ох, жетімек! Әкең үшін кешірім алдың-ау! Тастамаспын, балапаным, – деді.

Маланья Сергеевна Анна Павловна бөлмесіне кіре бере есік алдына тізерлеп отыра кетті. Енесі мұны қасына шақырып, құшақтады да, немересіне бата берді; осыдан кейін қатты науқас кемірген, жүдеу көзін күйеуіне бұрып, бірдеме айтпақ болып еді. Петр Андреевич өзі сөйледі:

– Білемін, білемін, не тілейтініңді, уайымдама, келін осында қалады, бұл үшін Ваньканың айыбын да кешірдім! – деді.

Анна Павловна есін жиып, күйеуінің қолын ұстап, ерніне басты. Сол күні кешке ол қайтыс болды.

Петр Андреевич уәдесін бұзған жоқ. Баласына хат жазып, оның анасының өлім сағатында кішкене Федор үшін бұған кешірім білдіргенін және Маланья Сергеевнаны өз үйінде қалдырғанын айтқан. Келінін өз үйінде екі бөлмеге орналастырды; қадірлі қонағы соқыр бригадир Скурехин мен оның әйеліне келінін таныс етті; келініне қызметкер етіп екі қыз және бір жігіт жалдап берді; Марфа Тимофеевна жас келінмен қоштасып кетіп қалды; ол Глафираны соншалық жек көріп, жалғыз күн ішінде үш-төрт ұрысып алған еді.

Мұнда тұру жас әйелге әуелде қиын, ыңғайсыз болғанмен, кейін төзім тауып, қайын атасына үйреніп алды. Атасы да бұған үйреніп, тіпті жақсы көре бастады, бірақ тіл қатып сөйлеспейтін, бұған мейірленген кезде де әлдеқандай менсінбеушілік байқалушы еді. Маланья Сергеевна бар қиыншылықты күйеуінің апасынан көрді. Глафира шешесі барда да үйді өз қолына алып қалып еді; тіпті әкесі де бұған бағынатын, оның рұқсатынсыз жалғыз түйір қант та ұсталмайтын, енді басқа бір әйелмен келісіп, әлдекімді бұл үйге ие қылғанша Глафира өлгенін артық көріп еді. Інісінің үйленуі мұны

әкеден бетер ашуландырған болатын; тәубесін ұмытқан келінді ол енді қысып ұстамақ; сонымен алғашқы күннен-ақ Маланья Сергеевна мұның күні есепті болған-ды. Омырау, өзімшіл Глафирамен ол қайдан алыссын, өзі үнсіз, үнемі ұялшаң, қорғаншақ және саушылығы нашар адам еді. Күн сайын Глафира мұның бұрынғы жайын айтып, сонысын ұмытпағанын мақтап қоятын. Маланья Сергеевна ол кеке-сіндерге зәредей болса да көнер еді, бірақ Глафира бұдан Федяны алып қойды, бәрінен сол батты. Маланья баланың тәрбиесіне айналыса алмайды деп сылтауратып, енді өз баласына өзін жолатпай қойды, тәрбиені түгелімен өз қолына алды. Уайымды Маланья Сергеевна өзінің хаттарында Иван Петровичке тез қайт деп өтініш жазатын, Петр Андреевичтің де баласын көргісі келетін; бірақ жігіт құр ғана хат жазып, әйелі үшін, ақша жібергені үшін әкесіне алғыс айтады, тез келуді серт етеді; жалғыз-ақ келмейтұғын.

Тек он екінші жыл уақиғасы ғана оны шет елден еріксіз қайырды. Алты жылдай көріспеген әке мен бала құшақта-сып амандасып, бұрынғы кейістер туралы бір ауыз сөз айтыспады; айтысар уақыт та емес еді, барлық Россия жауға қарсы көтерілген кезде, бұл екеуі де өздерінің тамырында орыс қаны ағатынын сезінетін-ді. Петр Андреевич өз пұлына бір полк әскер киіндірді; бірақ соғыс бітті де, қауіп кетті; Иван Петровичтің енді тағы іші пысты, тағы да өзі біте қайнасқан, өз үйіндей боп кеткен алысқа, басқа ортаға жетуге ынтықты. Маланья Сергеевна оны бөгей алмады, күйеуіне мұның салмағы аз болды. Одан күткен үміті де ақталмады. Федяның тәрбиесін әкесі де Глафираға тапсыруды мақұл тапты. Иван Петровичтің бейшара әйелі бұл соққыны көтере алмады, екінші айрылуды да көтере алмады; үн қатпай, бірнеше күнде өшіп сөнгендей болды. Өзінің бар өмірінде ешнәрсеге қарсылық ете білмеуші еді, аурумен де алыса алмады. Тіл аузын қойып, бетіне өлім көлеңкесі түсіп тұрған шақта да оның жүзінде мүләйім момындық, сабырлы таңырқау бар еді; үнсіз күйде бағынып, Глафираға қарап, Анна Павловнаның өлердегі мінезіндей бұ да Глафираның қолын сүйіп, жалғызын тапсырды. Осылайша бір момын мейірбан жан жердегі тіршіліктен қол үзді, өзінің туған топырағынан жұлып алып, тамырын солдырып, күн көзіне тастаған жас талдай сорлы жан ізі қалмай сөнді де,

ғайып болды. Ол үшін қайғырған да жан болмады, аз өкініш білдірген күтуші әйелдер мен Петр Андреевич еді. Шалға оның мейірімді жүзі, үнсіз момын тірлігі қажет екен. “Кеш, кеше гөр, менің үнсізім, момыным!” – деп ол шіркеуде соңғы рет сыбырлап сөйледі. Қабіріне бір уыс топырақ салып жатып, жылап та алды.

Осыдан кейін өзі де ұзақ тұрмады, бес жылдан соң қайтыс болды. 1819 жылы қыстыгүні Москвада Глафира, немересі – бәрі тұрған шақта қайтыс болды, өзін Анна Павловнаның және Маланьяның қасына қоюды сұрады. Иван Петрович бұл кезде өз қызығымен Парижде жүретін, ол 1815 жылы отставкаға шыққан. Әкесінің өлімін естіген соң Россияға қайтпақ болды. Мүлік, мекенді басқаруды ойлап және Глафираның хатына қарағанда, Федя он екі жасқа шығыпты, енді оның тәрбиесін мықтап қолға алатын шақта болған еді.

X

Иван Петрович Россияға ағылшынқұмар болып қайтты. Шашын қысқа қырқады, крахмалдаған жабо, ұзын етік, шұбар сюртук киеді; қатырма жағалары көп, тыжырынғыш ажары бар, кісімен сөйлесе салқын; сөйлесе паңданып сөйлеп, күлсе оқыс қарқылдап, бірақ қуанбай күледі; әңгімесі тек саясат пен шаруашылық жайы; етті шала пісіртіп жейді, портвейнқұмар әдеті бар; қысқасы, бар мінезінен Великобритания белгісі көрінетін, өне бойына со жақтың иісі сіңген. Бірақ бір ғажабы тағы бар! Ағылшынқұмар болумен қатар, ол өзін патриот санайды, Россияда аз болса да, соның патриотымын дейді, бірақ орыс әдетінің біреуін де ұстанбайды; орысша сөзі біралуан болатын: жай әңгімеде сөзге олақ, салбыр және француз сөзін көп қосады; бірақ салмақты мәселені сөйлей бастаса, Иван Петровичтің аузынан “өз талабыңның жаңа тәжірибесін көрсет” немесе “бұл жай табиғи жағдаймен үйлеспейді” деген сияқтылар шығатын. Иван Петрович мемлекетті оңдау, ретке қою жөнінде өзімен бірге бірнеше қолжазба жоспарлар әкелді; ол мұнда көргенінің бәріне де риза емес, мұнда тәртіптің жоқтығы әсіресе зығырын қайнататын. Апасымен көріскенде ең алғашқы сөзден-ақ бұдан былай

жаңа тәртіп кіргізетінін, шаруаны өзінше жүргізетінін айтқан. Глафира Петровна жауап қатқан жоқ, тек тістеніп тұрып қана ішінен ойлағаны “онда мен қайда кетеді екем?” деген ой еді. Сөйтсе де, қыстаққа інісі мен немересін ертіп қайтысымен тезінен көңілі тыныштанды. Үйде біраз өзгерістің болғаны рас: бұрынғы арамтамақтардың бәрі қуылды, сол ретте екі кемпір сорлап қалды. Біреуі – соқыр, екіншісі өне бойы сал болған сорлы еді; және баяғы заманнан тамақ асырап жүрген кәрі майор болушы еді; оны мешкейлігі үшін тек қана нанменен, көжеменен асырайтын, ол да қуылды. Және бұрынғы қонақтарды қабылдасын деген бұйрық болды; олардың орнына жырақтау тұратын сарғыш шашты, дімкәс барон келгіш болды; бұл өте жақсы тәрбие алған, бірақ өте ақылсыз адам еді. Москвадан үй ішіне жаңа жиһаз келді; әр жерге түкіргіштер қойылып, кішкене қоңыраулар мен бетжуғыштар орнады; таңертеңгі ас та жаңаша әзірленді, орыс арағының орнына шет ел шараптары кірді; қызметкерлерге жаңа ливрей тігілді; аталық мөрге латынша “өзгелік – шындықта” деген жаңа жазу қосылды.

Ал іс жүзінде Глафираның өмірі түк кеміген жоқ; алық-беріктің бәрін соның өзі басқарады; Эльзастан әкелінген камердинер мұныменен тайталасып көріп еді, мырза оны сүйемек болса да, шет ел адамы орнынан айрылды. Көп мүлікті басқару ісіне Глафира Петровна араласатын, бұл жөнінде Иван Петрович сан рет жаңа тәртіп орнатам десе де, барлық жай бұрынғы қалпында қалды: оның есебіне мұжықтардың міндетті еңбегі бұрынғыдан да молайып, ауырлап кетті және оларға Иван Петровичке тура келіп арыз айтуға рұқсат берілмейтін болды. Патриот өзінің отандастарына жирене қарайтын. Иван Петровичтің жаңа тәртібі түгелімен тек Федяға жаңалық әкелді: оның тәрбиесі шынында негізінен өзгеріп, әкесінің өз қолына көшті.

XI

Иван Петрович шет елден қайтқанда Федя тек Глафира Петровнаның қолында өсетін. Шешесі өлгенде бұл сегіз жаста еді. Анасын күнде көрмесе де, ол барынша сүюші еді: жүдеу жүзді, мұңшыл көзді, момын анасының бар бей-

несі және мұны аялшақ күйде еркелетуі бала жүрегінен мәңгіге орын алған болатын. Бала анасының бұл үйдегі халін көмескілеу түсінетін; өзі мен анасы арасында бір кедергі барын, соны анасы бұза алмайтынын да сезетін. Әкесін үнемі жатырқайтын, Иван Петрович өзі де мұны еркелеткен емес; үлкен әкесі кейде мұның басынан сипап, өз қолын сүйгізсе де, әрдайым мұны ақымақ санап, жатбауыр бала дейтін. Маланья Сергеевна өлген соң, апасы мұны түгелімен өз қолына алды. Федя одан қорқатын, апасының көргіш, кекшіл көзінен, қатқыл үнінен де қорқатын; ол барда қыбыр етпейтін; кейде орындықта сәл қозғалса, апасы ысқырып, “не болды, тек отыр” деп қоятын. Жексенбі күні таңертеңгі намаздан соң бұған ойнауға рұқсат беріледі, ондағысы қолына қалың бір кітапты беретін, сыры мәлім емес кітапты Максимович-Амбодик, кітап аты “Символдар мен эмблемалар” делінген. Бұл кітапта мыңға жуық жұмбақ, суреттер бар және бес тілде жазылған жұмбақ түсініктер болатын. Суреттерде жалаңаш, мамық етті Купидон көп орын алатын. Бір суретте Шафран мен кемпірқосақ деген атқа берілген түсінік бар: “мұның әсері зор” деген; енді бір суретте – тұмсығына гүл тістеп ұшқан аққұтанның астындағы жазуда “саған мұның бәрі мәлім” деген. Купидон мен кішкене баласын жалап тұрған аюдың суретіне “аз-аздап” деген түсінік жазылған. Федя бұл суретті көптен білсе де, тыңнан қарайды, кейбіреулері айнымаған бір қалыпта тұрса да, кейде мұның қиялын қозғап, ойға қалдырады, баланың өзге ермегі жоқ болатын. Мұны оқу оқытатын, музыка үйрететін кез болғанда Глафира арзан ақшаға бір кәрі қыз – швед қызын алды; бұл қоян көз әйел французша мен немісшені де шала біледі; фортепьянода сәл ғана ойнайтын, тағы бір қасиеті – қиярды жақсы тұздайтын. Осы тәрбиеші мен апасының және қартаң әйел Васильеваның жанында Федя төрт жыл болды. “Эмблемаларды” қолға алып, бұрышта күнұзын отыратын; аласа бөлмеде герань иісі болады, май шам күңгірт жаналды; іші пысқандай болып, шырылдауық шегіртке шақырады; қабырғадағы кішкене сағат асыға жүреді; ұрланып келген тышқан қабырғаны тықырлатады; ал үш кәрі қыз үнсіз отырып, тоқыма бізді шапшаң қозғайды, олардың қолының көлеңкесі біресе жүгіріп, біресе қалтылдап, баланың

басына неше түрлі күңгірт ойлар келтіретін; өңі қуан, бірақ денесі жуан, сөлекет біткен, Глафираның айтуынша, нағыз мұжықтай, таза ауаға жиі жіберсе, мұның жүзінен жүдеулік кетер еді. Оқуды тәуір оқыды, бірақ көбінше жалқаулана беретін; өзі ешуақытта жыламайды, бірақ кейде бір жабайылықпен қыңырланатын шағы болады, онда ешкімнің бұған құдіреті жетпейтін. Федя маңындағы адамның бірде-бірін сүймейтін... Жасынан сүйе білмеген жүрек сорлы ғой!

Иван Петрович баласын осындай күйде тауып, енді уақыт өткізбестен оған өзінің тәртібін қолданды. Ол Глафираға “мен бұдан жақсы адам шығарамын!.. Жай адам емес, спартанец шығарамын” деген. Өз мақсатын орындауды Иван Петрович бастағанда, баласына шотланд киімін кигізді. Он екі жасар бала балтырын ашып, басындағы картузына қораздың қауырсынынан үкі тағып жүрді; швед әйелінің орнына гимнастиканы тамаша білетін жас Швеция адамы келді; музыканы еркекке лайық іс емес деп, мүлде доғарды; табиғат ғылымы, халықаралық право, математика және Жан-Жак Руссо өсиеті бойынша ағаш ұсталығы, одан соң, рыцарьлық сезімге үйрету үшін геральдика сабақтары оқылатын болды; болашақ “адамның” кәсібі осы болды; баланы сағат төртте тұрғызып, суық суменен шомылдырып, биік дiңгек айналасында жүгіртетін; күніне бір-ақ рет бір ғана тамақ жеп, салт атқа мініп, мылтық ата білетін болды; әкесінің үлгісімен әр кезде өзінің қайратын өсірмек болатын және әр күні кешке айрықша кітапшаға өткен күннің есебін, өзіне өткен әсерін жазып отырады; ал Иван Петрович баласына өз тарапынан француз тілінде өсиеттер жазғанда оны французша “менің ұлым” дейтін және баласына “сіз” деп сөйлейтін. Федя орысша сөйлегенде әкесін “сен” дейді, бірақ әке көзінше ылғи тік тұрады. “Тәртіп” баланың басын айналдырды, ойын шым-шытырық етіп, қыспаққа салды; бірақ саушылығына бұл жаңа өмір аса жақсы әсер етті; басында ол суық тиіп ауырып та қалып еді, кейін тезден оңалып, мықты азамат боп кетті. Әкесі бұған қарап мақтанып, “табиғаттың ұлы, мен жаратқанмын” дейтін. Федя он алты жасқа жеткенде, Иван Петрович әйел жынысынан алдын ала жирентіп өсірмек болды, сондықтан жас спартанец қайраты мен қаны, қажыры мол болса да, жүрегі үркектеу болса да, сыртымен салқын, қатаң, тұрпайы болуға тырысатын.

Осымен мезгіл өтіп жатты. Иван Петрович жылдың көп мезгілін Лаврикте өткізетін (бұл оның ең үлкен ата мүлкі қыстағы еді), ақ қыс түсе ол Москваға жалғыз өзі келіп, трактирге түсетін: клубтарға дамылсыз барып, шешендік құратын: қонақ үйлерде өз пландарын айтып, мұндайда, әсіресе ағылшынқұмар, паң мемлекет адамы боп көрінеді. Бірақ 1825 жыл келді де, көп қайғылар әкелді. Иван Петровичтің жақын таныстары, достары ауыр азапқа түсті. Бұл кезде Иван Петрович қыстаққа жетуге асығып, өз үйінде тығылып отырып қалды. Енді бір жыл өткенде Иван Петрович жүдеп, әлсіреп, төмендеп кетті: денсаулығы да бұзылып еді. Еркін ойлы адам енді шіркеуге барғыш боп, діндар болды; европашы адам моншада шабынатын болды, түскі тамақты сағат екіде жеп, кешкі тоғызда жатарда көрі қызметкердің ертегісін тыңдағыш болды; мемлекет адамы өзінің бар планы, бар жоспарын, сақтаулы хаттарын түгел өртеп, енді губернатордан қорқатын, исправникке жағымпазданатын болды; қайратты, берік адам түймедей сыздауық шықса, немесе салқын тамақ келсе, уайымдап күйзелгіш болды. Глафира Петровна барлық үйді тағы өзі баурап алды: тағы да артқы есіктен приказчик, малайлар, жай мұжықтар “көрі сараң” қызға келгіш болды. Иван Петровичтің өзгеруі баласын қайран қып жүрді: мұның жасы он тоғызға жеткенде, әр жайды ойлап, өзін сығымдап ұстаған қолдан енді босана бастады. Ол бұрын да әкесінің сөзі мен ісі қарама-қайшы екенін аңғаратын: жүйесі либеральдық болса да, ұсақ, қаталдық, өзімшілдік барын байқайтын, бірақ әкесі қазіргідей шұғыл өзгерер деп ойламаушы еді. Енді көрі өзімшіл жан бір-ақ танылды. Жас Лаврецкий бұл күнде Москваға барып, университетке түсуді ойлады, осы кезде Иван Петровичтің басына жаңа сор пайда болды: ол бір-ақ күнде суқараңғы боп, қор боп қалды.

Орыс дәрігерлерінің өнеріне сенбей, ол шет елге баруды талап етіп еді, бұған рұқсат болмады. Бұдан соң қасына баласын ертіп, үш жыл бойына бүкіл Россияны кезіп, бір доктордан бір докторға барды. Өзінің шыдамсыздық, әлсіздігімен қызметкерлерін, баласын және дәрігерлерді қинап жүріп, бір қаладан бір қалаға келді. Ақыры жылауық, ренжігіш, мүлде қайратсыз адам болып Лаврикке қайтты. Енді бұдан маңындағының бәрі азап шегетін болды. Тек

тамақ уақытында ғана тыныштық табады, бұрын ешуақытта асты қазіргідей қомағайланып, көп ішпеуші еді, астан босаған уақыттың бәрінде де ол ешбір жанға тыным бермейтін. Біресе намаз оқып, бірде тағдырына күйінеді, өзін жерлеп, саясатты сөгіп, өзінің тәртібін де жамандайды: бұрын мақтаныш еткен жайларының барлығын кінәлайды, баласына үлгі еткен жайларын да жамандайды, ешнәрсеге сенбеймін деп отырып, тағы да дұға оқиды, бір сәтке жиылып, әңгіме айтып, алдандырып отырсын дейді, ал әңгіме айтқандарға: “ылғи өтірік айтасындар, қандай сандырақ!” деп тағы жазғырады.

Әсіресе Глафираға қиын болды: бір жағынан онсыз отыра алмайды, апасы мұның бар айтқанын орындап, үндемей кетуге тырысады: үндесе – оған деген ызасы дауысынан білініп қоятындай. Өстіп, екі жылдай қиналған Иван Петрович майдың алғашқы күндерінде, балконда күн көзінде отырып қайтыс болды. “Глаша! Глаша! Сорпа, сорпа, кәріах...” дей бере тілі күрмелді де, соңғы сөзін тауыса алмай үні өшті. Глафира Петровна малайдың қолынан жаңа алған сорпаны ұстап тұрып, бауырының жүзіне қарады да, жай салқын салмақпен шоқынып, үндемей шығып кетті; әкесінің қасында отырған ұлы түк айтқан жоқ; ол балконға сүйеніп бақшаға қарап қапты; бақша иісі тамаша, қалың көк қаулаған көктемнің жылы күнінде алтын нұрға бөленген дүние көрінеді. Мұның жасы жиырма үште: қаншалық байқалмай, соншалық шапшаң өткен жиырма үш жыл! Енді өмір жаңа басталғалы тұр.

ХІІ

Әкесін қойып болған соң тағы да Глафираға шаруаға бас-көз болуды тапсырып, жас Лаврецкий Москваға кетті, оны бір күнгірт, бірақ күшті сезім тартқандай болды. Ол тәрбиесінің кемшілігін біліп, бұрынғы олқысын толтырмақ еді. Соңғы бес жыл ішінде ол тек көп кітаптар оқып, көп нәрсені көргендей болатын, басынан көп ойлар да кешкен: кейбір саладағы тапқан біліміне профессор болса да қызғаныш етер еді; сонымен қатар әрбір гимназист білетін жайлардан мұның білмейтіні де бар-ды.

Лаврецкий өзін еркін сезіне алмайтын; іштей ойланғанда өзін-өзі күлкі адамдай көретін. Ағылшынқұмар әке ұлын мазақ еткендей із қалдырды: айнымалы тәрбие өзінің жемісін бермей қойған жоқ. Әкесінің алдында көп жылдар ойсыз бағынумен болғаны бар еді; кейін жас жігіт әкесін танып болған кезде, көп әдеті мұның бойына сіңіп, іс бітіп қалған екен. Ол ешбір адаммен жақындаса алмайтын: жасы жиырма үшке келіп, қорғаншақ жүрегінде асықтық құмарын сақтап жүрсе де, әлі күнге бір әйелдің көзіне тура қарап көрген емес. Мұның ашық, сергек, бірақ шабандау ақылына қарағанда және қыңырлық аралас баяу жалқаулығына қарағанда, ол ерте жастан қызу өмірге араласу керек еді. Ал мұны ықтиярсыз оңашалықта ұстады...

Енді міне, тұсау кесілді, бірақ бұл бір орыннан аттай алмай, өз-өзінен түйілген бір халде жүр. Мұның жасында студент мундирін кию күлкі сияқты, бірақ ол сескенбеді. Жасынан алған қаталдық тәрбиесі бұл жерде керекке жарап, ол жұрттың сынын еске алған жоқ: ұялмай-ақ студент мундирін киді. Оқуда физика-математикалық бөлімге түсті. Сақалы шығып қалған қызыл жүзді, момын, балғын жігіт өзінің жолдастарын таңғалдыратын; сабаққа пар ат жеккен қыстақ шанасымен кешікпестен келіп жүретін салқын жүзді жігіттің іші жас баладай екенін жолдастары аңғармайтын. Оларға бұл ұқыпты, ақылгөй тәрізді көрінетін; сондықтан олар бұған жоламаса, бұ да бойын жолдастарынан қашық ұстайтын. Университетте екі жыл болған шағында өзіне латын тілін оқытатын бір-ақ студентпен жақын болды. Бұл – қызуқанды, өлең шығарғыш Михалевич деген студент. Лаврецкийді шын жақсы көретін. Және ойда жоқтан мұның тағдырындағы үлкен бір өзгеріске сол жолдасы себеп те болды.

Ол кез Мочаловтың сахнадағы атағы зор кез еді. Лаврецкий сол артист араласқан ойындардан қалмайтын. Бір күні театрда бельэтаж ложасында отырған бір қызға жас жігіттің көзі түсті, әдетінде мұның түнерген бойына әйел болса да әсер етпей қоймаушы еді, бірақ мынау әйелді көргенде, оның жүрегі ерекше қобалжыды. Ложаның барқытында шынтақтаған қыз тапжылмастан отыр, сезімтал жас өмір оның қоңырқай келген сүйкімді дөңгелек жүзінде

өзгеше көрініс береді; жіңішке қастарының астынан қараған сұлу көздерінде көркем ақыл бар сияқты; тез күлетін ұнамды еріндері бар; бар қозғалысы, қолы мен мойны, әсем киген киімі – бәрінде бір жұмбақ биязылық бар. Қыздың қасында жасы қырық беске келген, әжімі мол әйел отыр. Оның кигені иығы ашық қара киім, мағынасыз жүзінде тырысқан сүйкімсіз күлкі бар сияқты; ложаның артқы орнында орта жаста еркек көрінеді; оның үстінде кең сюртугі, кербез галстугі бар; топас токмейілдік аралас жағымпаздық кішкене көздерінен, бояулы сақал, мұртынан, мағынасыз кең маңдайынан, тозған ажарынан танылады. Бар белгісіне қарағанда, бұл отставкадағы генерал тәрізді.

Лаврецкий өзін қайран еткен қыздан көзін ала алмай отырған бір сәтте олар отырған ложаның есігі ашылып, Михалевич сонда кірді. Барлық Москвадағы жалғыз танысы бұған қатты әсер етіп отырған қыздың қасынан барып шыққаны Лаврецкийге ғажап көрінді, тағдыр белгісіндей танылды. Ложаға қарай отырып, байқаса, Михалевич ол адамдардың бәріне үйреншікті ескі таныс тәрізді. Сахнадағы ойын Лаврецкийді алаң қыла алмады; бүгін Мочалов қызуменен ойнаса да, жігітке бұрынғыдай әсер етпеді. Ойынның аса бір күшті жерінде Лаврецкий ықтиярсыз өзінің сұлуына қарап еді, ол алға қарай еңкейіп, жүзі жанып отыр екен; бірақ жігіттің қадала қараған көзі әсер етіп, сахнаға қарап отырған қыз жай бұрылды да, жігітке көз тоқтатып ұзақ қарап қалды...

Қыздың осы қараған көзі түн бойы жігіттің есінен кетпеді. Ақыры, сөйтіп, қолдан жасалған қорған, қамал бұзылды; ол бір қалтырап, бір күйіп, келесі күні Михалевичке барды. Жолдасының айтуынша, қыз Варвара Павловна Коробьина екен, ложада отырған кемпір мен шал – әкесі мен шешесі. Михалевич бұларменен осыдан бір жыл бұрын Москва түбінде граф Н-ның үйінде танысыпты. Қызу жігіт Варвара Павловнаны қатты мақтады.

– Ол қыз, шырағым, – әндеп сөйлейтін әдеті бойынша бастап, – ғажайып тамаша жан, толық мағынасында артистка және сондай мейірімді, – деді.

Лаврецкийдің сұрауларынан қыздың бұған қаншалық әсер еткенін аңғарып, ол өзі жігітті қызбен таныстыруды

мақсат етті, анау үйге өзінің аса жақын екенін айтты; генерал тәкаппар адам емес, шешесі болса ақылы жоқ, күлкі адам деп білдірді. Лаврецкий ұялғанынан қызарып, ұғымсыз бірдеме деп міңгірледі де, қаша жөнелді. Осыдан кейін бес күндей үркектеп жүріп, алтыншы күні жас батыр үстіне жаңа мундир киіп, Михалевичтің ықтиярына көнді, жолдасы тек шашын оңдап тарады да, қыз үйіне күнде барып жүрген қалпынша Лаврецкийді ертіп, Коробиндердің үйіне кетті.

ХІІІ

Варвара Павловнаның әкесі Павел Петрович Коробин, отставкадағы генерал-майор, өзінің барлық өмірін Петербургте қызметте өткізген: жасында ыңғайлы биші, сәнқой атанған; кедейлік себебінен екі-үш сәл ғана генералдардың адъютанты болып жүрді; олардың біреуінің қызына үйленіп, жиырма бес мың енші алып, кейін әскерлік оқудың, көріністің барлық тетігін білді; сүйретіле-сүйретіле жүріп, ең аяғы жиырма жылдан соң генерал атағы мен бір полкті басқару жұмысын алды.

Осымен, бір жағынан, тыным алып, екіншіден, асықпай мүлік жинау керек еді, өзінің есебі де сол болатын, бірақ істі сақтықпен жүргізе алмады; қазынаның ақшасын іске жаратудың жаңа бір есебін ойлап тапқан еді – ол әдіс шебер болатын, бірақ орынсыз жерде сараңдық етіп қап, мұның үстінен шағым жүріп жатты; соның арты жайсыз, тіпті жаман уақиға болды. Генерал шатақтан зорға құтылды, бірақ шен іздеу жұмысы талқан болды. Бұған отставкаға шығыңыз деп мәслихат айтысты. Одан соң бір жыл бойы Петербургте тағы бір жылы орын табыла ма деп үміт етіп жүріп еді, ол орын табылмады. Қызы институттан шықты, күн санап расход артты... Генерал амалсыздан Москваға арзан нанға үміт етіп көшті де, ескі Канюшенный көшесінен бір кішкене аласа үй жалдап алды, сөйтіп Москваның отставкадағы генералы боп, жылына екі мың жеті жүз елу соммен өмір сүретін болды.

Москва қонақуар шаһар, келген мен кеткенді тең көреді, генерал десе, әсіресе қонақуар: сондықтан Павел

Петровичтің кесек бейнесі аз уақыт ішінде Москваның жақсы қонақ үйлерінің көбінде көрініп жүрді. Бояулы шашы салбыраған, тақыр желкелі генерал шендерін таққан кір ленталарымен, барлық үйреншікті бойымен, қонақ үйлерге де, карта үстелдерінің айналасында солғын жүзбен билеп жүретін жігіттерге мәлім боп алды.

Павел Петрович қауым ортасында өзін ұстай біледі; ол аз сөйлейді, ескі әдеті бойынша шені үлкен емес кісілерге сөз қатқанда мұрнынан сөйлейтін; картаны сақ ойнайды, өз үйінде тамақты шақтап ішеді, ал қонаққа барса, алты кісінің асын бір өзі жейтін. Оның әйелі туралы айтар сөз де жоқ, аты Каллиопа Карловна болатын; оның сол көзінен ылғи жас ағып отырады, сол әдетін (неміс текті Каллиопа Карловна) өзінің сезімталдығынан деп ойлайтын: бұл әмісе асқа тоймаған кісідей ылғи қорғаншақтап жүреді, киетіні тек барқыт киім болады, ажары кеткен қабартпа білезік киетін. Бұл екеуінің жалғыз қызы Варвара Павловна жаңа ғана он жеті жасқа толған кезінде Н. институтынан шықты; ол институтта бірінші қатар сұлу саналмаса да, бірінші қатар ақылды және музыкант қыз саналып шықты; Лаврецкий оны бірінші рет көргенде қыздың жасы он тоғызға тола қойған жоқ еді.

XIV

Коробьиндердің сәлдеу қонақ бөлмесіне Михалевич ертіп келіп, үй иелерімен таныстырғанда жас батырдың буыны қалтырап тұрды. Бірақ алғашқы үркектігі оның бойынан тез тарады: генерал барлық орыс адамдарындай мейірімді болу үстіне, әрбір былғанған адамдарда болатын әдет бойынша, ашына-жай; ханым тез уақытта елеусіз болып қалды; Варвара Павловна болса, байыпты және өзіне-өзі сенген күйде еркелеу болатын; мұның қасында кім де болса, өз үйінде отырғандай бойын ерке ұстайтынды: оның үстіне, қыздың көркем денесінде, күлімсіреген көзінде, салбыраңқы иығында, ақшыл-қызғылт қолында ерекше жұмсақ бір ажар бар; баяу жақсы жүрісі, әдемі ақырын үні сонша бір ұғымсыз, бірақ нәзік хош иістей леп беретін; мұның жарастығы әлі ұяң, биязылықта, оның

қасиетін бір сөзбен ұғындыру қиын: тек бар сипаты адамға қозғау салғанда үркіткендей болмайтын.

Лаврецкий әңгімені театрға, жақында болған спектакльге бұрды: қыз сол кезде Мочалов туралы өзі сөйлеп кетті, ол құр ғана тамашалау, таңдау сөздерін айтқан жоқ, әйелдік қырағылықпен актер ойыны туралы бірталай дәл дұрыс пікірлер де айтты. Михалевич музыка жайын сөз қылып еді: қыз бәлсінбей фортепьяноға барып, сол кезде жаңа ғана модаға кірген Шопен музыкаларын дәл орындап берді.

Түскі тамақтың уақыты жеткенде Лаврецкий кетпек болып еді, үй иелері оны жібермеді, ас үстінде генерал бұған жақсы лафит ұсынды, ол арақты генералдың лакейі извозчикке мініп барып, Депренің лавкасынан әкелген-ді.

Сол күні түнде қайтқан Лаврецкий көпке шейін ұйықтамай, шешінбей, бетін қолымен басып, ынтығудың тұтқынында болды.

Мұның ойынша, не үшін өмір сүру керек екенін ол жаңа ғана түсінгендей; бұған дейінгі бар талабы, мақсаттары соншалық болымсыз тәрізденіп, біржолата жоққа шыққандай; енді бар жаны бір-ақ сезімге, бір ғана тілекке, бақытты тілеген, әйел махаббатын, тәтті махаббатын арман еткен тілекке ауысты.

Сол күннен бастап ол Коробьиндер үйіне жиі баратын болды. Жарым жыл өткен соң Варвара Павловнаға өзінің жүрек сырын ашып, бұған тиюін тіледі. Оның тілегі қыз үйінде қабыл алынды; генерал тіпті Лаврецкийдің алғашқы келмесінен бұрын Михалевичтен сұрап, әлдеқашан Лаврецкийдің қаншалық құл, крестьяны бар екенін біліп қойған; Варвара Павловна болса, жігіт мұның соңынан жүрген кездерінде және ынтықтығын айтқан сағатында өзінің бірқалыпты салмақты күйінен ауыспағанды. Күйеуінің бай адам екенін Варвара Павловна да жақсы білетін; Каллиопа Карловна болса, “менің қызым өз теңін жақсы тапты” деп киім сатып алған.

XV

Сөйтіп, күйеудің тілегі қабыл алынды, бірақ бұған бір-неше шарттар қойылды. Ең әуелі Лаврецкий университет-

тен шығу керек, өйткені студентке кім күйеуге тиеді және бай алпауыт жиырма алты жасында жас балаша сабақ алып жүрген деген не? Екінші – Варвара Павловна өзінің жасауын өз таңдауымен сатқызып алмақ. Қалыңдық іске шебер, жарастықты жақсылап сүйетін, әр нәрсені нәзік танитын, өзіне әсем сән жасай білетін боп шықты. Қалыңдығының сәнді өмір құруға шебер екендігі Лаврецкийді таң қылғанды, әйелдің өзі сатып алған жақсы күймеге мініп, екеуі Лаврикке келгенде, ол шеберлік әсіресе байқалды. Варвара Павловна мұның өмірінде болатын жай-күйдің барлығын қалайша алдын ала ұғынып, танып, ойланып, шешіп те қойған! Әрбір ұқыпты жиналған бұрыштарда тамаша қолсандықтар, өте сәнді айналар, кофейниктер пайда болыпты; күнде таңертең кофені Варвара Павловнаның өзі қайнатқаны қандай сүйкімді! Лаврецкий бұл шақта өздігімен бір нәрсені ойлайтын күйде емес; енді оның өмірі рахат, бар тірлігі бақыт тәрізді боп, жігіт сол халіне баладай барынша берілген болатын... Жас Алкид шынында да баладай! Сүттей таза, түк көрмеген еді. Сондықтан жас әйелдің барлық тұлғасы бұған ғажайып нұрдай көрінетін; бұл татып көрмеген тәтті рахаттың құпия сезімдерін ол бұған бермекке серт етсе, кейін іс жүзінде сол сертінен де артық қуаныш берді.

Лаврикке жаз ортасында келген соң, жас әйел ондағы үйді кір, қараңғы деп бағалады; күтушілерді күлкі, түрлі көне заман адамдары деп таныды, бірақ өз байқағанын күйеуіне сәл де болса сездірген жоқ. Егер ол Лаврикте тұрып қаламын десе, онда үйдің өзінен бастап, барлық жайды жаңадан өзгертер еді; бірақ сахараның мынадай бір түкпірінде қалармын деген ойды ол басына келтірген жоқ; далада шатырсыз тұрғандай боп мұндағы тұрмыстың жайсыз жақтарына амалсыздан уақытша көне тұрып, сол күйлерді қызық тілмен әзіл етіп, күлкіге айналдыра жүретін.

Марфа Тимофеевна өз тәрбиесінде өскен жігітті көруге келген еді; Варвара Павловнаға ол аса ұнаса да, Варвара Павловна оған ұнаған жоқ. Жас әйел Глафира Петровнамен де келісе алмады; бірақ қартаң әйелге бұл тимей-ақ кояр еді, тек шал Коробьин күйеуінің ісіне өзінің қолын

созды; ол мұндай жақын адамның мүлкін басқару тіпті генералға да ұят емес дейтін болды. Шынға келсек, Павел Петрович тіпті бөтен адамның мүлкін басқарудан да қашарлықтай емес еді.

Варвара Павловна өзінің әрекетін үлкен еппен жүргізді; алға омыраулап шықпай, көбінше ерімен кешкен бақытты қызығына беріле жүріп, қыстақ тіршілігінің тыныштығына бой ұрып, музыкаға, кітап оқуға көңіл бөліп жүрді; бірақ сөйте жүре аз-аздап қысу арқылы Глафираны жетер жеріне жеткізген екен, бір күні таңертең Глафира Лаврецкийдің кабинетіне құтырған адамдай жұлқынып кіріп, көп кілтті үстелге лақтырып тастап, шаруаны енді басқаруға мұршасы жоқ екенін және бұл қыстаққа енді тұрғысы келмейтіндігін бір-ақ айтып салған-ды. Бұл халге алдын ала еппен әзірленіп қойған Лаврецкий апасының кетуіне сол арада ырзалық берген.

Глафира Петровна бұл мінезді күткен жоқ еді. Екі көзі қарауытып кетті, ол шыдай алмай: “Жақсы, мен мұнда артық адам екенімді көріп тұрмын, әке-бабам ұясынан мені кімнің қуып тұрғанын білемісің. Бірақ осы сөзім есінде болсын, бауырым, сен де ұя баспасың, өмірі қаңғырып өтерсің. Менің саған айтар соңғы сөзім осы-ақ”, – деген.

Глафира сол күні өз қыстағынан кетті. Содан бір жұма кейін генерал Коробьин мұнда келіп, әр қозғалысы мен көзқарасында жабырқау салмағы бар адам боп, барлық мүліктің әмірін өз қолына алды.

Сентябрь айында Варвара Павловна күйеуін ертіп, Петербургке кетті. Екі қысты қатарынан Петербургте өткізді (жазды күні олар Царское селода тұратын), онда көркем, жарық және жақсы жиһаздалған пәтерлері бар; бұлардың орта қауым және жоғарғы қауымдар арасынан шыққан таныстары көбейді; өздері қонаққа барғыш, қонақ қабылдағыш болды, өз үйлерінде әсем қып күйдің, бидің сауық кештерін өткізгіш болды.

Варвара Павловна қонақтарды отқа ұмтылған көбелектей тартатын, Федор Иванычқа мұншалық еркін өмір ұнай қойған жоқ еді. Әйелі оған қызметке түсуді мәслихат етті; бірақ Лаврецкий әкесінің әдетінше және өз ұғымы бойынша қызметке түсуді тілемеді, тек Варвара Павловнаға ба-

ғыну ретімен Петербургте тұра берді. Енді аңғарса, мұның оңаша болуына ешкім бөгет жасамайды екен, оның кабинеті Петербургтегі ең бір жайлы тыныш орын болыпты. Қамқор әйелі мұның өз бетінің оңаша болуына барынша жәрдем етіпті, содан әрі тірлік жақсы бір жай тапқандай болды. Енді ол өз ұғымынша жетіп толмаған тәрбиесін тереңдетіп, кітап оқығыш болды. Тіпті ағылшын тілін де оқуға кірісті. Жауырынды, батыр денелі тұлғасымен мұның жазу үстеліне жабысып, қызғылт жүзін әр алуан сөздіктерге, тетрадьтарға үңіліп отырғанын көргенде, өзінше бір тамаша сияқтанатын. Әр күн таңертең ол осылай жұмыс істейді, түскі тамақты баппен ішеді (Варвара Павловна үй тұрмысын аса жақсы басқарушы еді), әрбір кеште жігіт соншалық жақсы иісті жарқыраған топтың ортасында болады; ол топта өңшең көңілді жастар жиылатын, бар жиын ортасында мұның әсем сәнді өз әйелі жүреді. Бір шақта әйелінен бір ұл да туып еді, бірақ бейшара бала аз өмір сүріп, көктемде қайтыс болды, жаздығүні дәрігер мәслихаты бойынша, Лаврецкий әйелін шет елге, ем суларымен емдеуге алып кетті.

Көрген қазадан соң әйелінің сергуі қажет болды және оның саушылығы да жылы ауа райын қажет етті. Жаз бенен күзді бұлар Германияда, Швейцарияда өткізіп, қысты ендігі қисыны бойынша Парижде өткізуге кетті.

Парижде Варвара Павловна гүлдей жайнады, Петербургтегі сияқты мұнда да тез уақытта үлкен еппен өзіне әдемі ұя жасап алды. Париждің дырдуы аз, бірақ сәнді көшелерінің бірінен көркем пәтер алды; күйеуіне бұрын ол әсте киіп көрмеген плафрок тіккізіп кигізді; сәнқой әйелден күтуші алып, жақсы аспазшы, жылпос лакей де жалдап алды; өзгеше сәнді күйме, әдемі пианино да алған еді. Бір жұма өтпестен-ақ ол көшеге шыққанда, шәлі тарту, шатырды ашу, қолға перчатка киюде асыл парижанкалардың өздеріндей үлгі манер көрсететіндей болды.

Таныстарды да ол тез тапты.

Әуелгі келушілер тек орыстар еді, кейін француздар да келе бастады; олар ерекше әдепті, сыпайы, өңшең бойдақ, тәрбиелері өзгеше, фамилиялары да айтуға әсем болатын; бұлар көп сөйлейді, өздері шапшаң сөзді, иілуі сылқым,

көздерін сәнмен сығырайта қарайтын әдеттері бар; қызыл еріндерінің арасынан ақ тістері ақсып күлгендері қаншалық! Әрқайсысы өздерінің достарын да ала келетін, сөйтіп Лаврецкая сұлу Париждің бірталай көшелерінің мәлім адамы болды.

Бұл 1836 жылдың кезі еді, ол кез талқандаған илеуінде босып жүретін құмырсқадай қаптап жүретін фельетоншы-хабаршылардың аса көп кезі болатын; Варвара Павловнаның салонына келетін топтың ішіне мистер Жюль деген біреу келіп араласты; сырт кескіні жаман адам сияқты, бейілі арам, құнсыз жан еді. Варвара Павловнаға бұл кісі өте жиренішті көрінсе де, оны үйінде амалсыз қабылдайтын; өйткені бұл әрбір газеттерде сөз жазған сайын: “П. орамында тұратын аса көркем, аса қабілетті орыс ханымы Лаврецкая” дей беретін.

Осылайша жұртқа жайып, бірнеше жүз оқушыларының мадам Лаврецкая туралы ешбір жұмысы болмаса да, оның жайын ақыл жағынан нағыз француз әйелі деп, қошаметтей беретін; француздардың ең үлкен мақтауы өзгелерді француздай деп мақтау болатын; соны айтып, әйелді сүйкімді, әдепті, ғажайып музыкаға шебер дейтін және вальсті тамаша билейді дейтін. Варвара Павловна вальсті билегенде өзінің киімінің етегіне талай жанның жүрегін ілестіре тартқандай болады... – деп, жаңағы адам бұл туралы соншалық лақап таратты, ал ондай даңқ, не десеңіз де, адамды қызықтырмай ма! Сұлу қыз Марс ол кезде сахнадан тайған-ды, ал көркем Рашель әлі сахнаға шыққан жоқ еді; бірақ Варвара Павловна театрларға барғыш болатын. Ол Италия музыкасына қайран қалатын, Одри ойранына күлетін, француз комедиясында сыпайы ғана есінеп қойып, Дорваль ханымның сезімтал мелодрамадағы ойынына жас төгіп жылайтын; бәрінен қызығы, мұның үйіне Лист келіп, екі рет күй тартты, ол сондай сүйкімді, сондай жағымды жан екен, тамаша болды!

Осындайлық жақсы жайлар арасында қыс өтті, көктем кезінде Варвара Павловнаны сарайға да таныс еткендер болды. Федор Иванович болса, оның іші пысқан жоқ, рас кейде өмір соншалық мағынасыз болғандықтан иығына ауыр салмағын салып қойғандай боп та жүруші еді. Ол га-

зеттер оқитын және Сорбонна мен Колледж де франсқа* барып лекциялар тыңдайды. Палатадағы таластарды бақылайды; ирригация турасындағы бір ғылымдық еңбекті аударып та жүрді. Кей кездер ойланғанда ол “мен уақытты текке өткізіп жүргем жоқ, мұның бәрі пайдалы іс, бірақ қысқа қарсы неғылса да Россияға қайтып, іске кірісу керек” дейтін. Бұл сөзінде оның ісі не екендігін өзі анық түсіне ме, оны айту қиын еді, құдай білсін, қысқа шейін Россияға қайта алар ма еді... Қысқасы, әзірше ол әйелін ертіп, Баден-Баденға беттеп еді... Бірақ ойда жоқ бір уақиға мұның бар планын бір-ақ бұзды.

XVI

Бір күні Варвара Павловна жоқта оның кабинетіне кірген Лаврецкий еденде әдемілеп бүктелген қағазды көрді. Жерден жұлып алып, шапшаң оқып жіберсе, французша мынадай жай жазылған екен:

“Сүйікті періште Беци!

*(Мен сені әлдеқандай Варвара деп атауға батпаймын.)
Бульвардың бұрышында сені бекерге көп тостым. Ертең сағат бір жарымда біздің кішкене пәтерімізге кел. Сенің мейірімді сезімің әдетте бұл кезде кітапқа көміліп отырады. Екеуміз қосылып, өзің маған үйреткен ақындардың, Пушкиннің “Кәрі күйеу, кәрлі күйеу” дейтұғын өлеңін айтамыз. Қолдарың мен аяқтарыңа мың мәртебе сүйелер жолдаймын. Өзіңді тосам.*

Эрнест”.

Лаврецкий әуелде не оқығанын түсіне алмады; қайта оқыды, сонда барып басы айналаңдап, табанының астындағы еден толқынды теңіздегі кемедей шайқалды. Ол айғай да салып, булығып, бір сәтте жылап та жіберді.

Ол есінен шатасты. Әйеліне соншалықты соқырлықпен иланушы еді, алдау, азу деген ойына келмепті. Мынау

* Париждегі жоғарғы дәрежелі мектептің аттары.

Эрнест, мынау әйелінің ғашығы ақшыл жүзді, шырайлы, жиырма үш жасар бала жігіт болатын, мұрны шолоқтау, мұрты жіңішке осы жігіт мұндағы таныстардың арасында ең құнарсызы еді. Бірнеше минут, жарым сағат өтті; Лаврецкий әлі күнге сұмдық қағазды қатты қысып ұстап, еденге тесіліп қарап тұрып қалды; әлдеқандай күнгірт құйын арасында жүдеу жүздер көрінгендей, жүрек қысылып мұздайды; бір сәт бұл құлап-құлап, тоқтаусыз құлап бара жатқандай. Осылайша жатқан күйінен мұның есін жібек киімнің таныс жеңінің сусылы жиғызды, шляпа мен шәлі тартқан Варвара Павловна сейілден асығып қайтқан екен. Лаврецкий қалтырап кетті де, ыта жөнелді; дәл осы сәтте әйелді өлімші қып, мұжықша сабап, талқан етіп, өз қолымен тұншықтырып өлтіруі де мүмкін сияқты. Таңғалған Варвара Павловна мұны тоқтатайын деп еді; бірақ ол “Беци” деп сыбыр етті де, үйден қаша женелді.

Лаврецкий күймеге мініп, қаланың сыртына тартты. Күні-түні, келер таңға шейін тынымсыз сарп ұрды, қайта-қайта тоқтап, пұшайман күйде алақанын алақанына ұрды; біресе құтырғандай, кейде күлкі қысқандай, тіпті көңілденгендей көрінді. Таңертең тоңазып, қала сыртындағы бір жаман трактирге кіріп, бөлме алды да, терезе алдына орындық қойып отыра кетті. Денесі құрысып, есіней берді. Буынын зорға басқандай, өне бойы қажыған, ал өзі шаршамаған сияқты, бірақ талықсу бары анық еді; тыныш отырып, айнала қарағанмен түк түсінбейді; өзінің жөнін де түсінбейді, мұздаған денесі ме, бұнда қалай келді; аузының дәмі де ашығандай; бос, бөтен бөлмеде кеудесінде тас жатқандай осы отырысы не? Варяны да түсінбейді, сол французға не деп берілді! Және қалайша ғана қиянатшыл бола тұра бұған соншалық майда, сенгіш ерке де боп көрінеді? Кебірсіген еріндері “түк түсінбеймін!” деп күбірлейді. Петербургте тағы осындай болмағанға кім кепіл!.. “Өз ойын аяқтатпай тағы да есінейді де, бар денесі құнысып, қалтырай түседі. Қараңғы мен жарқын естегілер қатар қинайды; бір сәт соңғы күндерде Эрнестпен мұның көзінше әйелі фортепьяно тартып, әнге қосып “Кәрі күйеу, кәрлі күйеу” жырлағанын еске алды. Сондағы өз әйелінің жүзіндегі қызғылт ажарды, жұмбақтау көзқарасты еске алып, орнынан тұрды; бір есептен оларға барып: “Сендер менімен бекер

ойнағансындар, менің үлкен атам мұжықтарды қабырғасынан ілгізіп асатын; үлкен әкем өзі мұжық болған деп тұрып, екеуін де өлтірсе” деп ойлады. Біресе оған осының бәрі түс тәрізді, немесе түс те емес, болымыз шатасу тәрізді көрінеді; сілкінсе, анықтап қараса, бәрі де тарқап кететін тәрізденеді; айнала қарап көреді де, ұстаған құсын қаршығаның сығымдағанындай болып, мұның жүрегінде шер де ауырлап бата түседі. Азаптың қиыны, енді бірнеше айда Лаврецкий әке болмақшы еді. Мінеки, өткені де, болашағы да, бар өмірі де уланып отыр. Ақыры Парижге қайтып, гостиницаға түсті де, Варвара Павловнаға Эрнестің хатына қосып, төменгі сөздерін жазып жіберді: *“Мынау қағаз сізге барды аңғартар. Ескерте кетейін, мен сізді танымай қалдым: сіз сондай ұқыпты едіңіз, сонша қажет қағазды қалайша түсіріп алғансыз”* (Осы сөйлемді сорлы Лаврецкий бірнеше сағат бойында өз ойында әзірлеп сақтаған еді). *“Мен енді қайтып сізді көре алмаймын, менің ойымша, сіз де қайтып көрісуді тілемегеніңіз мақұл. Сізге жылына он бес мың франк тағайындаймын; артық бере алмаймын. Адресіңізді деревнядағы конторға жіберіңіз. Не істесеңіз, тілегіңізше тұрыңыз, сізге бақыт тілеймін. Жауаптың қажеті жоқ”*.

Лаврецкий әйеліне жауаптың керегі жоқ деп жазса да, өзі сол жауапты күтіп, соған құмар боп, мынадай, түсініксіз ақыл жетпес істің шешуін тосып еді.

Варвара Павловна сол күні бұған французша үлкен хат жіберді.

Хат мұны мүлде сорлатты, соңғы күдіктері де жойылды, енді өзінің үміті үшін ұялып еді. Варвара Павловна ақталмапты: ол тек мұны көрмекші екен және мүлде өкім шығармауды тілеп жалыныпты. Хат қиналып жазылған болса да, кей жерінде көз жастың табы болса да, салқын жазылған екен. Лаврецкий ызалы мысқылмен күлді де, жіберген кісіден барлық жай жақсы деген боп, жауап жолдады. Үш күн өткен соң ол Парижден жоқ болды; бірақ Россияға қайтпай, Италияға тартты. Италияны неге тандағанын өзі де білмейді; тек үйге қайтпаса болды, одан әрі қайда барса бәрібір тәрізді. Өзінің қызметкеріне жазған хатында әйелінің пенсиясын атап жазды және генерал Коробьиннен мүлікті билеу жұмыстарын алып, ол бекзаданың есеп-

қисапты аяқтамай-ақ Лавриктен кетуі қажет екенін айтты; қуғынға түскен паң генералдың қысылып, қиналуын бұл көз алдына келтіргенде, өзінің бар қайғысына қарамастан, ызалы ризалық сезгендей болды. Глафира Петровнаға да хат жазып, Лаврикке қайтып орнауы туралы *доверенность* жіберді. Бірақ Глафира Петровна Лаврикке қайтпады, *доверенностіні* жойғанын газетке де жазды, мұнысы бекершілік еді.

Италияның кішкене бір қаласына жасырынған Лаврецкий көпке шейін әйелінің жайын бақылаудан тыйыла алмады. Газеттерден білуінше, әйел бұрынғы ниет бойынша Парижден Баден-Баденға кетіпті; баяғы мырза Жюль тағы да қол қойған кішкене мақалада оның аты жүр екен.

Дағдылы жеңілдіктің арасында бұл мақалада әйелге сол жанашыр білінгендей; соны оқығанда Федор Ивановичтің жүрегіне жиреніш сезілді.

Кейін ол әйелінің қыз тапқанын білді; екі айдан соң қызметкері Варвара Павловнаның өзіне тиісті жалақыдан үштен бірін алдырғанын жазыпты. Осыдан әрі, бірінен-бірі асқан жаман сыбыстар келе бастады; ақыры, бар журналда даурыққан шатақай, мазақ күлкі бір хал баян етілді, онда мұның әйелінің ролі нашар аталыпты. Барлық іс біткені осы, Варвара Павловна енді “атаққа” ұшырады.

Лаврецкий бұдан әрі әйелінің жайын аңыстауды қойды, бірақ өз бойын тез жеңе алмай жүрді. Кейде әйелін сонша сағынып, ойлап, барын берсе де, тіпті кешірсе де, әйтеуір, соның еркелеген үнін естіп, қолынан ұстап отырса дегенді де арман етті. Әйткенмен мезгіл текке өткен жоқ. Ол зар үшін туған жан емес-ті. Сау табиғаты өз правосын білдірді. Көп жай көңілге анықтала түсті. Мұны күйреткен соққының өзі де енді оқыс көрінген жоқ; әйелін анық аңдады, – тегінде, жақын адамды одан айрылған кезде шақтау бар ғой. Бұл қайтадан жұмысқа, еңбекке ауысты, рас, бұрынғыдан жалын азайыпты; өмір тәжірибесі мен тәрбиесі әзірлеген скептик мінез мұның жүрегіне толық орнады. Көп нәрсеге елеусіз, салқын қарайтын. Төрт жыл өткен соң отанына қайтып, жақындарымен көрісуге әзірлігін сезді. Жолда Петербург, Москваға соқпастан, өзіміз айрылған О... қаласына келді, енді ардақты оқушыны да бізбен бірге, сонда оралуға өтінеміз.

XVII

Біз баяндаған күннің ертеңіндегі сәскеде, сағат он шамасында Лаврецкий Калитиндер үйінің баспалдағына басты. Оның алдынан шляпа, перчатка киген Лиза шықты. Жігіт:

– Қайда барасыз? – деп сұрады.

– Ертеңгі намазға, бүгін жексенбі ғой.

– Сіз ертеңгі намазға барғыш па едіңіз? – Лиза бұған үндемей, тандана қарады.

– Алдарыза болсын, ғафу етіңіз! – деп Лаврецкий: – Мен, мен оны айтайын демеп едім. Сіздермен қоштасып, бір сағатта деревняға жүрмекші боп келіп ем, – деді.

– Ол бұ жерден алыс емес қой?

– Жиырма бес шақырым.

Есіктен күтуші әйелге ерген Леночка көрінді. Лиза баспалдақтан түсіп бара жатып:

– Ал, бізді ұмытпаңыз! – деді.

– Сіздер де мені ұмытпаңыздар. Я, және де... – дей түсіп, – шіркеуге барасыз ғой? Мен үшін де дұға оқыңыз, – деді.

Лиза тоқтап, бұған бұрылды да:

– Мақұл, мақұл, – деп, мұның жүзіне тура қарап, – мен сіз үшін де дұға оқимын, жүр, Леночка! – деді.

Қонақ үйде Лаврецкий кіргенде, Марья Дмитриевна жалғыз екен. Одан одеколон мен мятаның иісі келеді. Айтуынша, ол кісінің басы ауырып, түнді тынымсыз өткізіпті. Әйел өзінің дағдылы сыршыл сыпайылығымен қарсы алып, аздан соң сызыла сөйледі.

– Шын-ақ Владимир Николаевич сүйкімді жас жігіт емес пе? – деп сұрады.

– Ол қандай Владимир Николаевич?

– Әлгі Паншин. Кеше осында болды ғой. Сіз оған өлгенше ұнапсыз. Мен сізге сыр ғып айтайын, менің қымбатты туғаным, ол менің Лизама ынтығып жүр. Несі бар? Ол жақсы фамилиядан, қызметі де жақсы, өзі ақылды; камер-юнкер болсын, қысқасы, тәңірі бұйыртса, мен өз тарапымнан аналық көңіліммен қуаныш етер ем. Әрине, жауаптылығы үлкен; әрине, баланың бақыты ата-анадан, солай болғанда да, осы күнге дейін жақсы ма, жаман ба, бәрін

де бір өзім, жапа-жалғыз өзім атқардым ғой; тәрбиелеп оқытқан да жалғыз өзім; міне, қазірде де Болюс ханымнан мамзельді алдырып отырмын...

Марья Дмитриевна өзінің қамқорлығын, аналық сезім талаптарын баяндауға кірісті. Лаврецкий оны үндемей тындап, қолындағы шляпасын айналдыра берді. Мұның ауырлау, салқын көзқарасы көп сөзді ханымды енді кеп қысылдырғандай болып еді.

– А, Лиза сізге қалай көрінеді? – деп сұрап қалды.

– Елизавета Михайловна тамаша бойжеткен! – деп, Лаврецкий орнынан тұрып қоштасты да, Марфа Тимофеевнаға кірді. Марья Дмитриевна мұның сыртынан жақтырмай қарап қалып, ойлағаны – “неғылған келеңсіз мұжық, енді түсінем, әйеліңнің қиянат қылуы да неден екені мәлім” деді.

Марфа Тимофеевна өзінің дағдылы қоршауымен отыр екен. Бұлар оның бірдей жақсы көретін бес жан-иесі болатын: біреуі – жемсаулы, оқымысты, сайрауық торғай; ол ысқырғанын, су таситынын қойғаны үшін қадірлі, екіншісі – кішкентай және қорқақ жуас ит Роска; одан кейінгі – долы мысық Матрос; және тоғыз жасар, үлкен көзді, үшкір тұмсықты, тынымсыз қара қыз Шурочка бар. Олардан басқа елу бестер шамасындағы, ақ орамалша тартқан, күрең көкірекшелі, қара киім қоса киген Настасья Карповна Угаркова. Шурочка тұттай жетім мешанка болатын. Марфа Тимофеевна ол қызды Роскамен екеуін де көшеден тауып, жаны ашып қолына алған; екеуі де аш, арық күйде, күзгі жауын астында жүдеп тұрғанда бұған кездескен; Росканы ешкім іздеген жоқ; ал Шурочканы оның немере ағасы Марфа Тимофеевнаға қуана-қуана қосып берді. Ол тегі маскүнем етікші болғандықтан, өзі де, мынау қарындасы да аш болатын және Шурочканы қалыппен басқа ұра беруші еді. Настасья Карповнамен Марфа Тимофеевна монастырьде мінәжат жолында танысқан; намаз уақытында оның сонша дәмді жалбарынуын ұнатқан Марфа Тимофеевна шіркеуде қасына өзі барып, сөз қатып, кейін шайға шақырғанды. Сол күннен кейін екеуі айрылысқан жоқ. Настасья Карповна момын және көңілді мінезі бар, баласыз кедей дворяннан шыққан тұл әйел еді; басы үлкендеу, ақ шашты, жұмсақ аппақ қолы бар, етшең кесек жүзі мейірімді кел-

ген, тек мұрны ғана күлкілеу шошайыңқы біткен әйел; бұл Марфа Тимофеевнаға бар жанымен берілді; анау да мұны өте жақсы көріп, кейде оның нәзік жүректігін әзілдеп қана қоятын; өйткені ол әйел жас еркектің бәріне қызыға қарап, болымсыз әзілден де жас қыздай ұялып, қызара қоятын. Мұның бар сомасы мың екі жүз сом еді; сондықтан Марфа Тимофеевнаның есебінен күн көрсе де, екеуі теңдік дәрежеде болатын, өйткені Марфа Тимофеевна кішкентайлық мінезді барынша жек көретін.

– А, Федя! – деп, жігітті көре салысымен сөйлеп, Марфа Тимофеевна, – кеше кешке сен менің үй ішімді көрмегенсің, ал тамашала! Біздің бәріміз шай ішкелі отырмыз; бұл біздің мейрамдық екінші шайымыз. Бұлардың бәрін де еркелетуіне болады. Тек Шурочка көнбейді де, мысық тырнап алады. Сен бүгін жүремісің? – деді.

– Бүгін, – деп, Лаврецкий аласа орындыққа отыра бере, – мен Марья Дмитриевнамен қоштастым. Лизавета Михайловнаны да көрдім, – деді.

– Лиза де оны, әкем! Ол неғылған саған Михайловна! Өзің тыныш отыр, әйтпесе Шурочканың орындығын сындырасың.

– Ол ерте намазға барады екен, – деп Лаврецкий, – өзі сондай діндар ма? – деді.

– Я, Федя, өте. Сен екеуімізден, тегі, ол әлдеқайда бұл жағынан артық.

– Сіз діндар емессіз бе? – деп сыбырлай түскен Настасья Карповна, – бүгін ертеңгі намазға бармасаңыз да, түсте-гіге барасыз ғой? – деді.

– Әй, жоқ. Сен жалғыз барасың. Жалқау тартышпын, шешкем, – деп Марфа Тимофеевна, – өзімді шаймен бұзғам ғой, – деді.

Настасья Карповнамен тең дәрежеде тұрса да, оған бұл “сен” деп сөйлейтін, өйткені текке Пестова болсын ба: Пестованың үшеуі Иван Васильевич Грозныйдың шежіресінде де аталған, Марфа Тимофеевна оны бек білетін.

Лаврецкий тағы сөйлеп:

– Айтыңыздаршы, алдарыза болсын, маған, Марья Дмитриевна, жаңа әлгі бір кім еді? Паншин деген туралы сөйледі. Сол неғылған мырза?

Марфа Тимофеевна жақтырмай сөйледі.

– Пай, неғылған тәңірі кешіргір мылжың әйел. Дәу де болса саған сыр қылып, осындай күйеу оралып тұр деді-ау. Өзінің анау бекзадасымен-ақ сыбырлассашы; ол аз болыпты, көресің бе? Ешнәрсенің елесі жоқ, тіпті, сонысына шүкір, ал ол болса оттап отыр.

Лаврецкий:

– Шүкіріңіз қалай? – деді.

– Себебі азамат маған ұнамады. Тегі, қуанатын да несі бар?

– Ол сізге ұнамай ма?

– Е, жұрттың бәрін таң қылсын ба? Мына Настасья Карповна ынтық болыпты, со да жетерлік оған.

Тұл әйел барынша тыпырлап қалды.

– Сізге не болған, Марфа Тимофеевна?! Құдайдан да қорықпайсыз ғой! – деп, сөйлегенінде қызыл рең барлық бетіне, мойнына шейін жайылады. Марфа Тимофеевна оның сөзін бөліп кетті.

– Қудың немен қызықтыруды білгенін айтсаңызшы, сауытша сыйлапты. Сен бұдан иіскеуге насыбай сұрашы, сонда насыбай салғыш сауытшасын көресің, қақпағында салт атты гусарь бар. Шешекем, өйткенше ақталмай-ақ қой.

Настасья Карповна тек қолын ғана сілке берді. Лаврецкий тағы сұрап:

– Ал Лиза қалай? Оған қызыға ма? – деді.

– Ол бұған ұнаса керек, бірақ анығын құдай білсін. Кісінің іші, өзің білесің, қараңғы орман ғой, қыздың көңілі одан да арман. Тіпті, мына Шурочканың ішін аңдап, танып көрші әуелі. Неге тығылады? Ал сен келгелі қашпай отырғаны несі?

Шурочка күліп жіберді де, ыта жөнелді. Лаврецкий орнынан тұрып, жай сөйлеп:

– Иә, қыздың жанын танып болмас, – деді. Ол қоштаса бастады, Марфа Тимофеевна:

– Немене, енді сені тез көреміз бе, жоқ па? – деді.

– Кім білсін, апай, жер алыс емес қой.

– Рас, сен Васильевскіге барасың ғой. Лаврикте тұрғың келмейді, ол өз жұмысың; бірақ шешенің қабіріне қарап қайт! Және әжеңнің де басына бар. Сен анау шет елде көп

ақыл тапқан шығарсың; бірақ кім білсін, олар өз қабірінде сенің барғаныңды сезінер әлде. Және, Федя, Глафира Петровнаға да дұға оқыт; мынау бір сомды алшы! Ал, ал! Бұл менің дұға оқытқаным болсын. Тірлігінде өзін жақсы көрмеуші ем, мінезі бөлек қыз еді, несін айтайын, ақылы мол болатын және сені де ренжіткен жоқ-ты. Ал енді жолың болсын, болмаса мен сені түңілте бастармын.

Сонымен, Марфа Тимофеевна інісін құшақтап қоштасты.

– А, Лиза Паншинге тимейді, тынышсызданба; бұл күйеудің одан зорына да татитын қыз.

– Жо-ға, мен түк те тынышсызданбаймын, – деп барып, Лаврецкий жүріп кетті.

XVIII

Төрт сағат шамасы өткенде ол қыстағына қарай жүріп келе жатты. Күймесі қыстақ арасының жұмсақ жолында қатты жүріп келеді. Екі жұмадан бері құрғақшылық болатын; сүт тәрізденіп аспанды жапқан ақшыл тұман алыс тоғайларды да мұнарға бөлейді; аспанда өрттің иісі бар. Сансыз көп ұсақ қоңырқай бұлттардың жиектері әр алуан боп ақшыл көк аспанда жиылып барады; қатқыл жел ыстықты сейілтпесе де, үзілместен құрғақ екпінімен соғады. Лаврецкий басын жастыққа қойып, екі қолын кеудесіне салып, қатарда ілесіп келе жатқан далаға қарайды; ағып өтіп жатқан бұталарға көз тастайды; кейде жүргіншілерге қырындап қарап, топас сезікшілдікпен бақылайтын ессіз қарғалар мен ұзақтарды аңдады; бірауық ұзын бөліктер бойындағы жусан, көде және жабайы жемістерге ұзақ қарайды; мынадай жаңа күйдегі сахараның жалаңаш мейірімі, меңіреулігі, мынау көк, әлем, анау ұзын жоталар мен аласа мығым емен өскен сайлар қандай! Сұрғылт қыстақтар, сұйқыл қайыңдар қандай өзгеше! Осының бәрі бұл көптен көрмеген орыс табиғаты болғандықтан, мұның жанына әрі тәтті, әрі мұнды сезімдер толтырады; кеудесін сонша жайлы бір салмақпен қысқандай болады. Мұның ойы да жай кезеді; ол ойларының да аспандағы кезбе ұсақ бұлттардың қалпындай жиегі, шегі жоқ тәрізді. Бір уақыт жастығын, бала шағын, анасын

еске алды, ол өлер шағында мұның басын кеудесіне басып, дауыстап жылай бастап еді, бірақ Глафира Петровнаны көріп, жым болған еді. Әкесін де есіне алды, басында ол ширақ бітімсіз қатқыл дауысты болса, кейін жылауық және ұйысқан ақ сақалды адам болды; бір шақ әкесінің ас үстінде артық рюмка арақ ішіп, үстіне тұздық төгіп алып, оқыстан күлгенін еске алады; ол қызарған көк көзін жыпылықтатып, өзінің бұрынғы ер қайратын мақтан етіп еді; тағы бір шақта Варвара Павловнаны еске алды да, еріксіз көзін жұмып, іштей бір нәрседен ауырықсынған адамша басын сілікте. Содан соң мұның ойы Лизаға тоқтады.

Оның ойынша, міне, жаңа бір жан енді ғана өмірге кіреді.

Әдемі қыз, бірақ не боп шығар екен! Өзінің көркі де жақсы ғой. Уыздай таза ақшыл жүзі бар, көзі мен еріндерінде соншалық салмақ бар, көз қарасы адал, жазықсыз жан. Жалғыз бір аянышы, ол тез қуанғыш емес пе екен? Бойы да әсем, жүрісі жеңіл, үні де жұмсақ. Оның кейде бір тоқтай қап, ықыласпен сізді тындап, күлімсірей ойланып қалып, шашын кейін сілкіп тастағаны маған сонша ұнайды. Дау жоқ, өзім де аңғарам, Паншин оған татымайды. Дегенмен оның жамандығы қайсы? Рас-ау, мен нені қиялдап кеттім осы?! Көптің жүгірген, жортқан жолымен о да кетеді де, бөрінен де ұйықтап алайыншы, – деді де, Лаврецкий көзін жұмды.

Ол ұйықтай алмаса да, жолдың қалғу тыныштығына кетті. Өткен шақ бейнелері мұның жанында қайтып ояңандай елес беріп, кейде басқа бір ойлармен араласып кетеді. Неліктен екенін құдай білсін, бірде Лаврецкий Роберт-Пилді еске алды. Француз тарихын ойлап, егер ол генерал болса, сол соғыста жеңер еді дейді. Біресе құлағына атылған мылтық даусы, айғай естілгендей болады... Басы жастықтан сырғып кеткен екен, ол көзін ашты... Сол дала, сол сахара бейнесі, толқыған шаң арасында шеткі аттардың тозған тағалары жарқылдайды; қызыл гүлді сары көйлегі бар жәмшіктің етек-жеңі желден қампайып желбіреді. Бір сәт Лаврецкийдің басына “туған жерге келісіп-ақ келем!” деген ой келді де, ол дыбыстап әмір етіп, “айда!” деді; өзі шинеліне орана түсіп, жастығына жабыса берді. Күймені сілкінткендей болған соң Лаврецкий бойын көтеріп, көзін ашып алды. Көз

алдында, дөңесте кішкене қыстақ көрінеді; оңға таман терезе қақпағы жабылған, басқышы қисайған, ажары ескі, қожалық үй көрінеді; кең қораның қақпасынан бастап қалың жасыл қалақай өсіпті, тәрізі кендірдей; жақын тұста еменнен салынған мықты сарай тұр. Васильевское осы еді.

Жәмшік қақпаға жетті де, аттарын тоқтатты; Лаврецкийдің малайы козладан көтеріліп, секіруге бейімделді де, дауыс беріп: “гей!” деді. Мыңқ етіп үрген ит даусы естілсе де, иттің өзі көрінген жоқ; малай тағы да түсуге әзірленіп және айғайлап: “гей!” деді. Кәрі төбеттің тағы да үрген үні естілді. Содан соң, қайдан шыққаны белгісіз, жұпыны кафтаны бар, басы қардан да аппақ бір кісі пайда болды: ол әуелі көзін күннен қалқалап, күймеге қарады, сонан соң екі санын салып қалып, сәл ғана бір орнында тыпырлады да, содан ентелей басып, қақпаны ашуға ұмтылды. Күйме қораға кіргенде дөңгелектері қалақай арасында сусылдап келіп, басқышқа кеп тоқтады.

Ақ бас адам өте ширақ екен, төменгі басқышта қисықтау аяқтарын талтита басып тұрып, асыққан күйде күйменің былғары алжапқышын ағытты және мырзаны қолтықтап жерге түсіріп, оның қолынан сүйді.

– Аман ба, аман ба, туған! – дей түсіп, Лаврецкий: – Сенің атың Антон болса керек еді ғой? Әлі бармысың? – деді.

Шал үнсіз бас иді. Кілт іздеп жүгіріп кетті. Ол кеткеннен соң жәмшік тапжылмай қадалып, жабық есікке көз салды, Лаврецкийдің малайы жерге түскен бойда бір қолын козлаға асып, сәнмен тұрғандай. Шал кілттерді әкеліп, орынсыз түрде жыланша ирендеп, екі шынтағын көтеріп, есік ашты; өзі шетке тайқып және де төмендеп бас иді.

“Міне, мен үйдемін. Міне, қайтқаным осы” деген ойменен Лаврецкий кішкентай ғана алдыңғы үйге кірді; бұл кезде терезе қақпақтары тарсылдап, шықырлап ашылып, иесіз бөлмелерге күн сәулесі түсе бастады.

XIX

Лаврецкий келген кішкене үйде осыдан екі жыл бұрын Глафира Петровна қайтыс болған; бұл үй өткен ғасырда

мықты қарағайдан салынған, сырты және көне тартқанмен, әлі де елу жылдай тұрарлық. Лаврецкий бар бөлмені ара-лап шығып, арқаларын ақшыл шаң басқан кәрі сылбыр шыбындарға үлкен беймазалық жасады; бар терезені ашуға бұйырды, олар Глафира Петровна қазасынан бері қарай ашылып көрмеген еді.

Үй іші баяғысындай екен; қонақ үйдегі сирағы жіңішке ақшыл диван тоза түссе де, Екатерина заманын еске түсіреді; сол қонақ үйде үй иесі әйелдің сүйікті жұмсақ орындығы тұр; оның арқасы биік те тіп-тік, иесі қартайған шағында да бұл арқаға сүйенбейтін. Көрнекті қабырғада Федордың үлкен атасы Андрей Лаврецкийдің ескі портреті тұр; қарауытқан, сарғыштанған ызалы жүзі айнала-сындағы қоңырқай дүниеден бөлінбей тұрғандай; кішкене қатал көздері ісінгендей, салбыраған қабақ астынан күңгірт қарайды; ағы жоқ, қара шаштары айғыздалған маңдайының үстінде шөткедей тікііп тұр. Портреттің бұрышында шаң болған дала гүлінен тоқылған гүл алқа тұр. “Глафира Петровна өзі тоқыған еді” деп мәлім етті Антон. Жататын үйде биік тар төсек бар; оның үстінде ескі, бірақ қымбат бағалы аладан тігілген шымылдық бар; тыстары оңған жастықтар кішкене таудай үйіліп тұр, жұқалау жүн тартылған көрпе де сол төсек үстінде; бас жақта Марья ананың құдай үйіне кіру сәтін көрсеткен икон тұр; осы төсек иесі кәрі қыз, өлер сәтінде салқындаған еріндерімен осы иконды соңғы рет сүйіп, өзін жұрттың бәрі ұмытқан өмірден жол кешкен еді. Қымбат ағаштан істелген кішкене столда қисық айна бар, бір кезде алтын жалатқан жері қазір қарауытқан. Жататын үйдің жанындағы кішкентай бөлме намаз орны; мұнда бұрышта ауыр, үлкен киот-икон сандығы бар; жерде балауыз тамған тозған кішкене кілем жатыр; Глафира Петровна осы жерде сәжда қылатын. Антон мен Лаврецкийдің малайы атқора мен сарайды ашуға кетті. Енді Антонның орнына онымен жасы барабар кемпір кірді; маңдайына тартқан орамалы көзіне түседі; басы қалтақтап, екі көзі ажарсыз қараса да, бар бейнесінде қызметке әзір болған күйі бар; құрметінде сәл өкініш көрінгендей. Ол Лаврецкийдің қолын сүйіп, есік алдында тоқтап әмір күтті. Лаврецкий кемпірдің атын білмеуші еді, мұны тіпті көргені

де есінде жоқ екен, кемпірдің аты Апраксея боп шықты; қырық жыл бұрын Глафира Петровна оны мырзалар үйінен айдап, құс бағушы еткен екен; бірақ сөзі азғана алжи бастағандай болса да, кемпір жағына қарайды. Осы екі қарт пен және қарындары қампиған, ұзын көйлек киген Антонның шөбересі үш баладан басқа мырзаның үйінде шолақ қол бір мұжық тұрады екен; ол кемдік себепті міндетті жұмыстан босатылған, өзі құрдай қырқылдап, міңгірлеп сөйлегені болмаса, қолынан түк келмейтін адам; бұдан көрі болымсыз пайдасы бар қартаң ит, ол бағана Лаврецкийдің келісін қарсы алған; мұның өзін он жыл бойы ауыр шынжырмен ұстап, Глафира Петровна қалдырған күйде әлі сақтайтын, сол ауыр жүгін ол бүгін де зорға сүйреп тірлік етеді. Үйді көрген соң Лаврецкий бақшаға шықты да, оның көрінісіне риза болды. Қалың жапырақ, тікенек басса да, мұнда шиі мен алша өседі екен; көлеңкесі мол, ескі жөке ағаштары өзгеше мол бұтақтарымен таң қылғандай; ағаштар жиі отырғызылған болса да, жүз жыл бұрын күзелген қалпынан өзгермепті. Бақша кішкене мөлдір көлшікке тіреледі, көл жағалай аласа қызғылт ағаш өсіпті. Адам ізі тез сөнеді ғой: Глафира Петровнаның мекен-жайы мүлде тозбаса да, ерекше бір тыныштық күйде қалғандай, адамның мазасыздық дерті жұқарған дүниенің бәрі де жер үстінде осындай қалғуда тұрмақ. Федор Иванович қыстақты да аралап өтті; бұған өз үйлерінің есік алдарына шығып, жақтарын таянған қатындар қарайды; мұжықтар алыстан бас иеді, балалар бұдан қашып тығылады, иттер салмақпен үреді. Ақыры, Лаврецкийдің қарны ашты, бірақ оның қызметкерлері мен аспазшысы кешке жетуі керек; Лавриктен тартқан обоз әлі келген жоқ, сондықтан ол Антонға тамақ жайын тапсырды. Антон сол арада қимыл етіп, бір көрі тауықты ұстап сойып, жүндеп жатты. Апраксея тауықты киім жуғандай ұзақ жуып барып, кастрюльге салды, тауық піскенде Антон үстел әзірлеп, үш аяқты ескі тұз сауытты және жұмыр шыны пробкасы бар, мойны жіңішке қырлы графинді қойды; содан соң әндеткендей дауыспен Лаврецкийге ас әзірлігін мәлімдеді; өзі мырзаның орындығының сыртына тұрып, қолына орамал ұстап, қызмет етті; шалдың бойынан ескі кипарис ағаштың иісіндей айқын көне иіс келеді. Лаврецкий сорпаны ішіп, тауықты қолға алып

еді; оның бар терісі бұжырайып, екі аяғы сіңірлі, еті ағаш иістенеді және ащының да иісі бар. Астан кейін Лаврецкий шай сұрады, “қазір, сәт ішінде әкелем” деді де, шал уәдесін тез орындады. Кішкентай қызыл қағазға оралған бір шөкім шай табылды; алып-ұшып шуылдаған кішкене самауыр және ерігендей ұсақ түйірлі қант табылды. Лаврецкий шайды үлкен шынымен ішті, бұл шыныны ол бала күнінен білуші еді: сыртына карта суреті салынған бұл шыны тек қонақтарға берілетін; әзір Лаврецкий де сол қонақ есепті ішті. Кешке қызметкерлер келді, апасының төсегіне Лаврецкийдің жатқысы келмеді. Өз төсегін ас ішетін үйге салғызды. Шамды өшіріп, айналасына ұзақ қарап, көңілсіз ойларға кетті; әрбір иесіз мекенге алғаш қонған адамның көңіліне келетін сезімдер бар; мұның ойынша, айналадағы қараңғылық жаңа адамға үйренбегендей, тіпті үйдің қабырғалары да бұған таңырқағандай. Ақыры ол күрсінді де, көрпесін тарта түсіп, Апраксеямен көп сыбырласып, күрсіне береді, екі рет шоқынып та алды; мұның екеуі де мырзаны Васильевскоеге келер деп күткен емес; жақында сондай әдемі мекен-жайы бар, жақсы мүлкі тұрғанда мұнда келмес дейтұғын; ол мекеннің Лаврецкийге жиренішті жай екенін бұлар сезген де емес. Лаврецкийге ол орында ауыр естегілер азап салғандай болар еді. Сыбырға қанып болған соң, Антон таяғын алып, сарай жанындағы асулы тұрған тақтайды бірнеше рет қақты да, сол орынға қораның ішіне жайғасып жатып қалды. Өзінің аппақ басын бүркеген де жоқ. Майдың түні тыныш, әсем еді, шал төтті ұйықтады.

XX

Келесі күні Лаврецкий ерте тұрып, старостамен сөйлесті, қырман басына барып, қорадағы кәрі итті шынжырдан босаттырды, ит сәл ғана үрді де, өз үйшігінен ұзамады. Лаврецкий үйге қайтып, тыныш бір меңіреу күйге батты да, күнұзын сол қалпынан аумады. Өзіне бірнеше рет қайталап айтқаны: “өзеннің дәл түбіне батқан шағым осы болар” деді. Терезе жанына қозғалмастан отырып, мұны қоршаған тыныш өмірдің ағымына беріліп, меңіреу қыстақтың сирек үндерін тыңдайды. Қалақайдың ар жағында әлдекім жіп-

жіңішке үнмен ән созды. Оған маса ызыңы қосылады. Міне, ән басылды, бірақ маса тынымсыз, көп шыбынның беймаза ызыңының арасында үлкен сонаның төбе тақтайға соқтыққан күйдегі үні естіледі, тыста қарлыққан үнмен қораз айғайлайды; салдырлап арба өтті, қыстақтың қақпалары сықырлайды. “Немене?” деп бажылдаған бір қатын айғайы шықты, қолына көтерген екі жасар қызды әлдилеп Антон қарт “ох, менің сәулемім” деп қояды. Жаңағы қатын даусы “квас әкел!” деп бұйырады, содан әрі және өлім тыныштығындай жым-жырттық басады; бір тықыр, бір қыбыр жоқ; жел де жапырақты сілкітпейді, қарлығаштар ғана бірі артынан бірі жер үстінен үнсіз ағып өтеді; олардың дыбыссыз ағынынан да жанға уайым білінеді. Лаврецкий тағы да ойлана түсті, “міне, өзен түбіне батқаным!” дейді. “Әр заманда, әрдайым осындай баяу, сылбыр өмірді көресің мұнда; мұның ауқымына кіресің, бағына бер; мұнда толқыну, електену қажет емес; мұнда тек қана өзінің өмір соқпағын дикан айдаған боразда тәрізді асықпай тарта берген жан ғана олжа табады. Бірақ қандай қуат, қандай саулық бар дәл осы әрекетсіз тыныштықтың өзінде! Анау жерде, терезе түбінде қалың шөп арасынан табақтай атқұлақ өсіп шығыпты; одан бойы асып, құрай сабағын созыпты; жіңішке шыбық та биіктен алқызыл шашағын атады; анау жырақ далада көкнайза жылтырайды, сұлы да бүркене бастаған; әр ағаштың жапырағы барынша кең жазылған, әр шөптің сабағы нығайған”. Лаврецкий ойлана түсіп: “менің жақсы жылдарым әйел махаббатына кетіпті; тарылу мен іш пысу енді мені бардан айықтырсын, тыныштық тапқызсын; сонымен де асықпай, іс істеуге әзір болайын” дейді. Ол қайтадан жаңағы тыныштыққа құлақ салады; ешнәрсе күтпегендей болса да, бір жағынан тынбастан әлденені тосқандай болады; бірақ тыныштық оны жан-жағынан құшағына алғандай; көкшіл тыныш аспанда түн баяу жылжып барады; ақырында бұлттар ауады, олар қай жаққа, не үшін маңып бара жатқанын білетіндей көрінеді. Дәл осы кезде жер үстінде көп жерде тірлік қайнап, асығып дабыр салғандай; бірақ мұнда сол өмір үнсіз ағады; көп мая шөп арасынан су аққандай сезіледі; кеш батқанша Лаврецкий осы өтіп бара жатқан, ағып өтіп жатқан өмірді көз алмай тамашалай отырды; өткен шақ қай-

ғысы мұның жүрегінде көктемгі қардай еріп жатқандай және бір ғажайып хал! Ешбір заманда мұның жүрегінде отанын сезіну жайы дәл осы шақтай терең, күшті түрде аңғарылмаған тәрізді.

XXI

Екі жұманың ішінде Федор Иванович Глафира Петровнаң кішкене үйін ретке келтіріп, қора мен бақшаны да тазартты; Лавриктен бұған жайлы үй іші аспаптарын әкелді; қаладан шарап, кітап, журналдар әкелісті; атқорада жақсы аттар пайда болды; қысқасы, Федор Иванович бар керегін жайғастырып алып, әлдебір алпауыттай немесе қашқын жалғыздай өмір кеше бастады.

Әрбір күні айнымаған бірқалыпта өтсе де және ешкімді көрмесе де, оның іші пысқан жоқ; шаруасын орнымен, ықыласпен басқарды; маңайға салт атпен сейіл құрады, кейде кітап оқиды, бірақ кітапқа көп сарылған жоқ; көбінше Антон шалдың әңгімесін жақсы тыңдаушы еді. Әдет бойынша, Лаврецкий трубкасын алып, салқын шайды шыныға құйғызады да, терезе жанына орналасады; Антон екі қолын артына ұстап, есік жанында тұрып, өткен замандар жайындағы өзінің ұзақ әңгімесін шертеді; ол ертегілік заманда сұлы қапшықты екі-үш тиыннан сатады екен; ол заманда атыраптың бәрі қалың жыныс тоғай болып, қалаларды да түгел қоршайды екен, сахаралардың көбіне жан баспайды екен. Шал уайым етіп, сексен жылғы өмірінің ендігі жеткенін санағанда: “Енді болса, бар ағаш кесілген, бар жер жыртылған, тіпті аяқ басар орын жоқ!” дейді. Антон және өзінің иесі болған Глафира Петровна жайын көп айтады; оның ақылы, шаруаға ұстамдылығы қандай еді, осыны айтады; бір кез жас мырза жақын көрші оған келгіш болып алыпты; ол келерде әйел сары көйлегін киіп, басына мейрамда киетін лента таққан бөрікшесін киіп, қарсы алады екен; артынан әйел ол мырза көршіге бір жайдан ашуланып қапты; анау: “Ханым, сізде жиған ақша көп болу керек қой” депті; содан кейін оны үйге жолатпай қойыпты және сол күндерде өзінен қалған бар мүлік, бар киім-бұйымды да түгелімен Федор Ивановичке табыс етіндер деп тап-

сырыпты. Айтқанындай, апасының бар жиған-тергені жаңағы бөрікшесі, сары көйлегі – бәрі түгел бұл үшін сақталған екен. Лаврецкий қызық көріп, осыдан табылар деп күткен ескі қағаз, қызық документ атаулыдан мұнда ештеңе болмай шықты: тек бір ғана ескі кітапша бар екен, сонда мұның атасы Петр Андреевич жазған бір қағазда “Петербургте түрік патшалығы мен князь Александр Александрович Прозоровский жасаған бітім шеніндегі той туралы” депті; тағы бір жерде “өкпе науқасына ем жайы” айтылыпты: “Үшбу өсиет генерал қатыны Просковья Федоровна Салтыковаға Федор Авксентьевич ғажайып шіркеуінің ұстазынан берілген” деп жазылыпты; бір жерде мынадай саяси хабар да бар екен: “Жыртқыш француздардан хабар болмайтын боп кетті” депті, және соның қасында бір жазуда “Москва ведомості баяндауы бойынша, мырза ұлық майор – Михаил Петрович Колычев өліпті. Петр Васильевич Колычевтің баласы емес пе екен?” депті. Лаврецкий және бірнеше ескі календарь, түс жорығыш кітаптармен қатар, Амбодиктің ғажайып шығармасын да тапты; көптен ұмытылған, бірақ соншалық таныс “Символдар мен белгілер” бұған көп нәрселерді еске салды. Глафира Петровнаың айнасы тұрған үстелдің ішінде бір кішкене түйіншек бар екен, оны қара лентамен орап, қара сорғышпен желімдепті де, құнттап тығыпты. Сол түйіншектің ішінде мұның әкесінің жас күйіндегі бұйра шаш қалыптағы суреті бар екен; және жүдеу жүзді ақ киім киген, қолына ақ гүл ұстаған, тозыңқыраған бір сурет Лаврецкийдің анасының суреті екен. Глафира Петровна өз суретіне тартқызбайтын. Антон Лаврецкийге әңгіме айтып келіп: “Мен әкем Федор Иванович, мырзалар үйінде тұрмасам да, сіздің ұлы атаңыз Андрей Афанасьевичті жақсы білемін; қайда, ол кісі қаза болғанда мен он сегізге қарай басып ем. Бір күн бақшада кездесіп қап ем, бар сіңірім қалтырап кетті: бірақ ол кісі түк айтпады, тек “атың кім?” деп сұрап, содан соң үйден “орамал әкел, әкел!” деп жұмсады. Мырза болғанда қандай еді, өзінен жоғары бар деп білген емес. Мен сізге айтайын, оның себебі, сіздің ұлы атаңызда сондай бір ғажайып сауыт болған, әулиелік Афон тауында бір сопы сыйлаған екен. Сол монах айтыпты ғой: “Шырағым, мырзам, осыны қуанышыңа сыйлаймын, жоғалтпай сақта және

ешбір соттан қорықпа!” депті. Әкем-ау, со заманның өзі қандай десеңші, мырзаның жаны нені тілесе соны істеген ғой. Тіпті басқа мырзаның біреуі көлденең бірдеңе десе де, бұ кісі тек бір қарайтын да, жалғыз-ақ сөз айтатын: “саяз жүзесің, шырағым” дейтұғын; бұл ең бір жақсы көретін сөзі еді. Марқұм сіздің ұлы атаңыз тұрғанда да кішкене ғана ағаш үйде тұрды; ал қалдырған қазынасын айтсаң, күміс пенен басқа байлықтың өзі де подвалда лық толы болушы еді. Ие болғанда нағыз иенің өзі еді. Әлгі сіз мақтаған графин сол кісінікі еді ғой, арақты содан ішетін. Ал енді сіздің атаңыз Петр Андреевич болса, өзіне сарайды тастан салғызды, бірақ дүние жимады; ісінің бәрі қыңыр кетіп, әкесінен көп төмен өмір сүрді, өз басына рахатты да көп таппады; ақшаның бәрін тауысып, өзіне ас берерлік те қалдырмады; жалғыз күміс қауық та қалған жоқ еді; тек Глафира Петровнаға рақмет, сол кісі құрастырды ғой”.

Лаврецкий оның сөзін бөліп:

– Глафира Петровна “кәрі сараң” деп атандырғандары рас па? – деп еді.

Антон жақтырмай жауап берді:

– Қай жөнді кісі айтады дейсіз?

Бір уақыт шал батылданып:

– Немене, әкем? Біздің жас ханым қай жерде тұрып жатыпты? – деп сұрап еді. Лаврецкий қиналып жауап қайырды:

– Мен қатыныммен айрылысқанмын, тілеуің берсін, ол туралы сұрама! – деді.

Шал мұнайып қана жауап қатып:

– Құп, құп! – деді.

Үш жұма өткеннен кейін Лаврецкий салт атқа мініп, О... шаһарына барып, Калитиндерде бір кеш болып қайтты. Лемм сонда екен, ол Лаврецкийге қатты ұнады. Әкесінің кесірінен Лаврецкий ешбір музыка ойнай білмесе де, классикалық мағыналы музыканы өте жақсы көруші еді. Калитиндерде бұл кеште Паншин болған жоқ. Оны губернатор қаланың сыртына бір жұмысқа жіберіпті. Лиза күйді жалғыз тартып, жақсы орындап отырды; Лемм көңілденіп, бой жазып, бір қағазды ширатып таяқша жасап ап, дирижерлік істеді. Марья Дмитриевна әуелде бұған қарап күліп еді, кейін ұйықтауға кетті; оның айтуынша, Бетховен жүйкесін қозғайды екен.

Түн ортасында Лаврецкий Леммді пәтеріне шейін ұзатып, соның үйінде таңғы сағат үшке дейін отырды.

Лемм көп сөйледі; оның күдіс жауырыны жазылып, көздері жайнап, кең ашылып алыпты; шаштары да төбе тұсында тікірейе түскен. Көп заманнан бері мұның жайын ойлаған жан болмай кетіп еді, ал Лаврецкий бұл адамға қызыққандай, үлкен ықылас бейілмен жай-жапсарын көп сұрастырады. Сонысы қартқа қатты әсер етті. Ақыры ол қонағына өзінің жазып жүрген музыкасын көрсетіп, өлімсіреген дауыспен әндетіп айтып та берді; өзі Шиллердің “Фридолин” атты балладасына музыка жазған екен. Лаврецкий мұны мақтап, кейбір шығармаларын қайтадан ойнатты; жүрерінде қонаққа шақырып, біраз күн мейман боп кетуін өтінді. Лаврецкийді далаға ертіп шыққан Лемм баруға көніп, жігіттің қолын қатты қысты; бірақ салқын дымқыл ауада жалғыз қалған соң айнала қарап, таң келе жатқанын аңғарып, бүрісе түсіп, әлденеге кінәлі кісідей сезінді, өз бөлмесіне күйбендей жөнеліп, немісше “мен есімнен айрылсам керек” деген сөзді міңгірлеп, әлденеше қайырып айтты да, өзінің әрі қатты, әрі қысқа төсегіне жантая берді.

Осыдан бірнеше күн өткенде, Лаврецкий күймеге мініп кеп шақырғанда, Лемм ауруын сылтау еткісі келіп еді, бірақ Федор Иванович оның бөлмесіне өзі кірді де, еріксіз көндірді. Леммге әсіресе ерекше көрінгені, Лаврецкий бұған арнап өз қыстағына қаладан фортепьяно апарғызыпты. Екеуі кешке жақын Калитиндерге барып еді, бірақ бұл кешті екеуі де алдыңғыдай көңілді өткізе алған жоқ. Паншин сонда екен, ол өз сапарын әңгіме ғып, кездескен алпауыттарды өте күлкі түрде мазақтап отырды; Лаврецкий күліп тыңдаса да, Лемм үндемей жым-жырт отырды; бұрыштағы өрмекшідей ақырын ғана қозғалып, ойсыз мұңмен қарайды; тек Лаврецкий үй ішімен қоштаса бастағанда ғана ажары түзелді. Ол күйменің ішінде де тығылып бүрісе түскен болып еді, бірақ тыныш, жылы ауа, жеңіл жел, сәл көлеңке, шөптер исі, жұлдызды айсыз аспанның сүлелеу жарығы, аттардың пысқыра түсіп, ентелеп жортқан дүбірі, қысқасы, бар жолдың, көктемнің, түннің әсері жиылып, сорлы немістің жанына төнгендей болды да, Лаврецкиймен әңгімені өзі бастады.

XXII

Ол музыка туралы, Лиза туралы сөйлеп, кейін тағы музыкаға ауысып отырды. Лиза туралы сөйлегенде әр сөзін жайырақ айтқан сияктанады; Лаврецкий әңгімені Леммнің шығармаларына ауыстырып, қалжың ретінде, Леммге арнап либретто жазып бергісі келетінін айтты. Лемм дау айтты.

– Гм... либретто! Жоқ, ол маған болмайды; операға қажет болатын қиял өрісі мен оттылық менде жоқ қой, мен қазір қуаттан айрылғамын ғой. Егер қолымнан бірдеңе келсе, романс жазуды да қанағат қылар ем, әрине, сөзі жақсы болса дер едім...

Ол үндемей, көпке дейін қозғалмай, аспанға қарап отырды. Ақыры, айтқан сөзі:

– Мысалы, әлде мынадай ма екен: сіз жұлдыздар, о сіз пәк жұлдыздар! – деді.

Лаврецкий бұған сәл бұрылып, тура қарап қалды. Лемм сөйлеп кетті.

– Сіз жұлдыздар, пәк жұлдыздар. Сіздер айыптыға да, айыпсызға да бірдей қарайсыздар... бірақ тек қана жүрегі кінәсыздар... деген дей ме... сіздерді түсінетін, яғни, жоқ, – сіздерді сүйетін десе бола ма? Бірақ мен ақын емеспін, қайда бізге! Бірақ не де болса, осы тәрізді биік сипатты бірдеңе болса.

Лемм шляпасын қалқита киді; жарық түннің жұқалаң қараңғысында, алакөлеңкесінде, оның жүзі ақшылданып, жасара түскендей. Барған сайын баяулай түскен дауыспен сөйлеп отыр.

– Сіз де сондай... кімнің сүйетінін сіз білесіз, сүйе білетінін де аңғарасыз. Өйткені сіз, таза жұбата білетін адамсыз. Жоқ, мұның бәрі ол емес! Мен ақын емеспін, бірақ не де болса, осы тәрізді бірдеңе болсам екем.

Лаврецкий жауап қатып:

– Менің де ақын еместігім өкіндіреді! – деді.

Лемм:

– Бос қиял ғой, – деді де, күйменің бұрышына тығыла түсті. Ұйықтағысы келгендей көзін жұмды.

Сәл мезгіл өткен еді... Лаврецкий тыңдаса, “жұлдыздар, пәк жұлдыздар, махаббат” деген сөздерді шал сыбырлап айтып отыр екен. Лаврецкий өз ішінен: “махаббат!” деген

сөзді қайталады да, ойланып қалды, жаны қысылғандай болды. Ол қатты дауыстап сөйледі:

– Христофор Федорович! Сіз “Фридолинға” тамаша музыка жазыпсыз. Қалай ойлайсыз, осы Фридолин оны граф өз әйеліне әкелгеннен кейін сол әйелдің ғашығы болды ғой, ә?

– Олай дегеніңіз, тегі, тәжірибеден мәлім бе? – деп Лемм сөз бастады да, артынан шұғыл тоқтап қап, өзінен-өзі қысылып сырт айналды.

Лаврецкий зорлықпен күлді де, солға қарады, бұл да сырт айналды.

Күйме Васильевскідегі үйдің алдына жеткенде, аспан ақшыл тартып, жұлдыздар жүдей бастаған-ды. Лаврецкий қонағын оған арнаған бөлмеге апарып кіргізді де, өзі кабинетке қайтып кеп, терезе алдына отырды. Бақшада бұлбұл соңғы таңғы сазын шырқатып тұр. Калитиндер бақшасында да бұлбұл сайрап қалғанын Лаврецкий есіне алды; Лизаның көзі баяу қозғалып, бұлбұл үні алғаш шыққанда карауытқан терезеге бұрылған еді. Лизаны ойға алғанда мұның жүрегі тыныштық тапты. “Таза қыз” дей түсіп, “Таза жұлдыздар” деп ақырын ғана айтты да, сәл жымия түсіп, тыныш ұйқыға кетті.

Лемм көпке шейін ұйықтамай, төсегінің үстінде нота-ның тетрадын тізесіне жайып, ұзақ отырды. Бұрын әсте оралмаған әсем ырғақ мұны енді табатын тәрізді, ол қызынып, толқына бастады; бойы балқып, жақсы бір туыс жақындағанына сүйсініп, исінгендей болады. Бірақ солай тосқанымен, ол саз оралмады. Ақыры сыбырлап: “ақын да, музыкант та емеспін” деді.

Талып, қажыған басы жастыққа салмақпен сұлай түсті.

XXIII

Келесі күні қонақ пен үй қожасы шайды бақшада, қартаң жөке ағашының түбінде отырып ішті.

– Маэстро*, – деп Лаврецкий сөз бастап, – сіз әлі жақында “Қуаныш кантатасын” туғызатын боласыз! – деді.

– О қай себепті?

* Оқытушы, өз ісінің шебері.

– А, Паншин мырзаның Лизамен қосылуы себепті. Кеше жігіттің қанша құрмет тұтып, қызға оралғанын көрмедіңіз бе? Істері піскен тәрізді ғой.

– Ол болмайды, – деп Лемм қатты айтып қалды.

– Неге?

– Ол мүмкін емес. Бірақ... – деп, сәл бөгелді де, – бұл дүниеде бәрі мүмкін. Әсіресе осында, сіздерде, Россияда, – деді.

– Россияны мазаламай-ақ қояйық; олар үйленсе де не өрескелдік бар деп ойлайсыз?

– Бәрі өрескел, бәрі... Елизавета Михайловна әділетті, салмақты, жарқын сезімді қыз, ал ол. Ол, бір сөзбен айтқанда, дилетант*.

– Бірақ қыз оны жақсы көрмей ме?

Лемм орнынан тұрды.

– Жоқ, ол оны жақсы көрмейді. Жо-ға... Оның жүрегі аса таза, ол махаббат дегеннің не екенін әлі білмейді. Мадам фон-Калитин ананы жақсы жігіт дейді, Лиза мадам фон-Калитинді тыңдаумен жүр, өйткені жасы он тоғызда болғанмен, ол әлі мүлде бала: таңғы намаз, кешкі намазды оқиды, мұнысы аса мақтарлық іс, бірақ ол ананы жақсы көрмейді. Өйткені ол тек тамашаны ғана сүйе алады, ал жігіт тамаша емес, оның жаны тамаша емес.

Лемм бұл сөздерді шай үстелінің жанында аяңдап жүріп, екі көзі төмендеп, алаңдай түсіп, өзінше бір қызумен орынды қып айтты. Лаврецкий тез жауап қатып:

– Қымбатты маэстро, менің байқауымша, сол менің сүйікті туысымды сіздің өзіңіз жақсы көресіз бе деймін! – деді.

Лемм қалт тоқтай қалды. Даусы өзгеріп:

– Тілеуіңізді берсін, мені осылай әзіл етпеңіз. Мен ондай есуас емеспін: қараңғы көрге қарап тұрған адаммын, гүл атқан келешекті күткен жан емеспін! – деді.

Шалға Лаврецкийдің жаны ашып, одан кешірім сұрады. Шайдан кейін Лемм өзінің кантатасын қайта ойнап шықты, ал обед үстінде Лаврецкийдің қозғауымен тағы да Лиза туралы сөйлеп кетті.

Лаврецкий оның сөздерін ықыласпен қызығып тыңдады. Кейін барып:

* Дилетант – үстірт, ұшқалақ.

– Қалай ойлайсыз, Христофор Федорыч, біздің бақшамыз толық гүл атып тұр. Мұндағы тәртібіміз оңдалған емес пе? Лизаны анасымен және менің көрі апаммен қоса осында шақырсақ қайтеді? Сізге сол ұнар ма? – деді.

Лемм тарелкаға басын тұқырта беріп, сәл ғана естіртіп:

– Шақырыңыз! – деді.

– Ал Паншиннің керегі жоқ қой?

– Керегі жоқ! – деп шал балаша жымыды.

Екі күн өткен соң Федор Иванович қалаға Калитиндерге кетті.

XXIV

Бұл келгенде үй иелері түгел екен, бірақ ол өз ниетін тез білдірген жоқ; әуелі Лизамен оңаша сөйлеспек еді. Мұның орайы тез келіп, бір сәтке қонақ үйде екеуі оңаша қалды. Өңгімелері оңай басталды; қыз бұған үйреніп қалған еді және ол, тегінде, ешкімнен де үрікпейтін. Жігіт оған қарай түсіп, сөзін тындап, өз ішінде Леммнің сөздерін қайталап, құптап отырды. Тегінде, кей шақта өңі таныс, бірақ әлі бір-біріне жақын емес адамдар бір-ақ сәтте шапшаң жақындасатыны бар ғой; сондай жақындасу олардың көз қарастарынан, достықпен ақырын күлісуінен, сәл-ақ қозғалыстарынан аңғарылады. Дәл осы жай қазір Лаврецкий мен Лиза арасында байқалып қалды. “Бұл сондай екен-ау!” деп қыз ойлап, жігітке рақымды жүзбен қарады. “Сен осындай екенсің-ау!” деп жігіт те ойлаған еді. Сондықтан қыз біраз бөгеле тұрып, оған айтайын деп жүрген, жүрегінде сақтаған сөзі барын және оны айтуға өкпелетіп алам ба деп қорғанатынын білдіргенде, Лаврецкий таңданған жоқ.

– Қорғанбаңыз, айтыңыз! – деді де, қыздың алдына тақап келді. Лиза бұған өзінің ашық жарқын көздерін аударды.

– Сіз сондай мейірімді адамсыз, – деп бастады да, ол ішінен “рас, ол анық мейірімді адам деп” ойлап алып, маған, кешіріңіз, бұл жөнінен сөйлеуге батылым бармаса да керек еді.. Бірақ сіз қалайша, неліктен осы әйеліңізбен айрылыстыңыз, – деді.

Лаврецкий дір еткендей болды да, Лизаға көз салып, қасына отырды.

– Қарағым, бұл жараға тимеңіз, тілеуіңізді берсін; сіздің қолыңыз нәзік екені рас, бірақ маған бәрібір ауыр тиеді! – деді.

Лиза оның сөзін түгел естімегендей сөйлей берді.

– Мен білемін, ол сіздің алдыңызда жазықты, ақтағым келмейді; бірақ тәңір қосқанды қалай айыруға болады?

Лаврецкий қатаңдау жауап қатты.

– Бұл жайға келгенде, Елизавета Михайловна, сіз екеуіміздің иланышымыз екі басқа, бір-бірімізді түсінісе алмаймыз.

Лизаның өзі сұрқыл тартса да, бар денесі дір еткендей боп, тоқтағысы келмеді. Ақырын ғана үн қатып:

– Өзіңізді кешіргенді тілесейсіз, оған сіз де кешірім етуіңіз керек, – деді.

Лаврецкий тез жауап айтты:

– Кешіруге ме? Сіз әуелі кім үшін кешірім сұрап тұрғаныңызды білуіңіз керек емес пе? Ол әйелді кешіріп, сондай қуыс кеуде, рақымсыз жанды қайтадан өз үйіме кіргізу ме? Және оның маған қайта оралғысы келетінін сізге кім айтты. Мәлім болсын, ол өз халіне тіпті риза... Қысқасы, несін айтамыз, оның атын сіз атай көрмеңіз. Сіз аса таза жансыз, ондай затты сіздің, тіпті, түсінуіңіз де мүмкін емес.

– Неге қорлайсыз? – деп қысылып жауап қатқан Лизаның қолы дірілдей түсті. – Оны тастап кеткен өзіңіз емес пе, Федор Иванович?

Лаврецкий ықтиярсыз шыдамнан айрылды:

– Мен айттым ғой сізге, сіз ол заттың қандай екенін білмейсіз демедім бе?

– Ендеше, неге үйлендіңіз оған? – деп Лиза сыбырлады да, көзін төмен салды.

Лаврецкий орындықтан шапшаң тұрды.

– Неге үйлендіңіз дейсіз бе? Мен онда жас едім, тәжірибесіз едім; сырт сұлулығына қызықтым да алдандым. Мен әйелді де және басқа ештеңені де білмеуші ем. Тәңір сізге бақыт берер жар кездестірсін! Бірақ иланыңыз, ешнәрсеге алдын ала кепіл болуға мүмкін емес.

Лизаның даусы бөгелендеп, ақырын сөйледі.

– Әрине, мен де бақытсыз болуым мүмкін, бірақ онда көну керек; мен айта алмай тұрмын, егер біз көнбейтін болсақ...

Лаврецкий екі қолын айкастырып, тақтайды теуіп қалды. Лиза асығыс сөйлеп:

– Ашуланбаңыз, маған кешірім етіңіз, – деді. Осы сәтте Марья Дмитриевна кірген еді. Лиза орнынан тұрып, кетуге айналды. Лаврецкий оған оқыс дауыстап:

– Тұра тұрыңыз, менің сіз бен анаңызға үлкен өтінішім бар: менің жаңа мекеніме рақым етіңіздер. Білесіздер ме, мен фортепиано тауып алдым, Лемм біздікінде қонақ боп жатыр; қазір сирень гүл атты, сахаранын ауасымен дем ала-сыздар және сол күні-ақ қайтуға болады, мақұл ма? – деді.

Лиза анасына қарады, ал Марья Дмитриевна дімкәс адамның жүзін көрсете беріп еді, Лаврецкий оның аузын аштырмастан екі қолын сүйіп алды. Марья Дмитриевна өзін сыйлағанды аса ұнататын, әсіресе мынадай құрметті, өзі ибалық дейтін Лаврецкийден күткен жоқ еді, енді жаны елжіреді де, көне қалды. Ол қай күні жүретінді ойлап қалғанда, Лаврецкий Лизаға әлі де толқынып тұрған жүзбенен тақап келіп, сыбырлап сөйледі:

– Алдарыза болсын, сіз сондай рақымды бойжеткенсіз, мен айыптымын! – деді.

Қыздың ақшыл жүзі көңілденіп, қып-қызыл боп, ұяң күлкі пайда болды, көздері де қоса күлгендей; мұның алдында ол жігітті ренжітіп алдым ба деп қорғанып қалған еді. Марья Дмитриевна сөз қатып:

– Бізбен бірге Владимир Николаевич бара ала ма? – деді.

Лаврецкий:

– Әрине, бірақ біз өз жақын тобымызбен болғанымыз артық болмас па еді? – деді.

Марья Дмитриевна:

– Бірақ сонда да! – деп сөз бастады да: – Мейлі, еріктеріңіз білсін! – деді.

Бұлар Леночка мен Шурочканы да ертпекші. Марфа Тимофеевна бармайтын болды. Оның айтқаны:

– Маған ауыр ғой, жарығым. Кәрі сүйегімді қинама. Сендер жататын жер де жоқ шығар. Мен болсам, бөтен төсекте ұйықтай алмаймын. Анау жастар шапқылай берсін! – деді.

Лаврецкий бұдан соң Лизамен оңаша бола алмады, бірақ оған қарағаны соншалық еді, қыз бір жағынан аз ұялып, бір жағынан оны аяды да, сонымен қатар өте сүйгендей болады. Екеуі қоштасарда жігіт қыздың қолын қатты қысты; оңаша қалған қыз ойланып қалды.

XXV

Лаврецкий үйіне қайтып келгенде қонақ үйінде бұған қарсы шыққан ұзын бойлы, ашаң жүзді адамды көрді; оның үстіндегі көкшіл сюртугі тозған, әжімді көзі көңілді, бурыл тартқан бакенбардасы жиыла түскен, ұзындау тұмсығы тура кеткен, кішілеу көзі қызарыңқы адам еді. Бұл Лаврецкийдің университеттегі жолдасы Михалевич болатын, Лаврецкий басында танымай қалды, кейін қонақ өзін атаған жерде жабыса құшақтай алды. Москвадан соң бұлар көріспеген еді. Әр жайды кезектесіп сұрасып, талайдағыны еске ала бастады. Бір трубкадан соң біреуін тартып, шайын сирек ұрттап, ұзын қолдарын сермеп сөйлеп, Михалевич өзінің қандай өмір кешкенін баяндап кетті; ол әңгімесінде онша қызық ештеңе де жоқ, мақтанарлық олжасы және жоқ болса да, ол қайта-қайта күліп отырды. Күлкісі сырылдаған үнмен шығатын ұсақ күлкі. Осыдан бір ай бұрын бір бай көтермешінің конторынан қызмет алыпты, ол жерде О... қаласынан үш жүз шақырымдай екен. Жақында Лаврецкийдің шет елден қайтқанын естіп, әдейі бұрылып, ескі жолдасын көруге кепті.

Жас күндегісіндей Михалевич әлі де шапшаң, қатты үнмен қайнап сөйлейді екен. Лаврецкий өз өмір жайын айта бастап, Михалевич оның сөзін тез бөліп, міңгірлеп кетті:

– Естідім, шырақ, естідім. Бүйтер деп кім күткен! – деді де, сөзді басқа бір жайларға аударды.

– Мен ертең кетуім керек. Бүгін, туғаным, айып етпе, біз кеш жатамыз. Мұны менің сонша білгім келетіні, сенің ендігі нанымдарың, көзқарасың, кім болғаның, өмірдің саған нені үйреткенін білмекшімін, – деді

Михалевич әлі отызыншы жылдардың үлгісінде сөйлейді екен.

– Мен болсам көп жайдан өзгердім, туған өмір толқыны кеудеге соқты деп кім айтып еді? Рас, негізгі анық жай да өзгерген жоқ, мен бұрынғыша жақсылыққа, ақиқаттыққа сенемін; бірақ мен сеніп қана қоймаймын, бүгінге де иланамын, дінге де иланам! Білесің бе, мен өлеңді де жазып қоям; поэзиясы болмаса да, шындығы бар өлеңдер. Мен өзімнің соңғы жазғанымды оқиын; мұнда бар иланышымды баян еттім. Тындашы! – деді де, Михалевич өлең оқуға кірісті, онысы бірталай ұзақ өлең екен. Соңғы жолдары былай бітеді екен:

Бар жүрекпен жаңа жайға ауыстым,
Жас балаша жаңғырғандай жаным да,
Бұрынғы бір өргенгенмен табыстым,
Табынғаннан тат қалмады жадымда.

Соңғы жолдарын оқи отырып, Михалевич жылай жаздады; үлкен толқын белгісіндей боп, еріндері дірілдеп, сүйкімді пішіні де өзгере жадырағандай болды. Лаврецкий көп уақыт тыңдаумен отырды... бірақ ішінде қарсылық оянып еді; Москва студентінің әр сәтте дайын тұратын алыпқашпа, қайнаған мінезі мұны ыза қылушы еді, ширек сағат өтпей-ақ екеуі таласып кетті, орыс адамдары құмар келетін, өмірі бір аяқталмайтын, көп таластың бірі еді. Көп жылдар көріспей, шалғай дүниелерде өмір кешкен адамдар бірін-бірі түсіну былай тұрсын, өз ойларын да анық аңғармай, құр сөзге байланысып, құрғақ сөзбен ғана таласады; өте қиын, керек жайларды бақасқа салды; қызулары екеуінің өмірі мен өлімі үшін таласқандай болды; екеуінің күжілдеген айғайы ауладағы бар адамдарды үркітті.

Ал Лемм бұйғұс Михалевич келгеннен бері өз бөлмесіне тығылған болса да, енді сасқалақтап, әлденеден қорқақтай берді.

Михалевич түнгі сағат бір шамасында айғайлап сөйлеп тұр:

– Сен кім болғаның сөйтіп? Торыққаның ба?

– Торыққан кісі осындай бола ма? Олар ауру, жүдеу келеді. Мен болсам, сені жалғыз қолыммен аспанға көтерейін бе!

– Торыққан болмасаң, скептик бопсың, оның мүлде жаман. (Михалевичтің кей сөзі оның туған елі Малороссия

әдетінше айтылатын.) Ал скептик болуға сенің қандай правоң бар? Айтайық, өмірде саған өкініш түскен болсын, өзінде сенің жазығың да жоқ еді: сен құмарлығы күшті, махаббатшыл жан боп туған едің, ал сені әйелден жырақ етіп ұстапты, сондықтан саған бірінші кездескен әйел сені алдауы оп-оңай еді.

– Ол сені де алдады, – деп Лаврецкий жақтырмай жауап берді.

– Рас, рас, мен бұл тұста тағдырдың құралы боп кеттім; рас-ау, бекер айтады екем-ау, тағдыр мұнда жоқ қой; дәл сөйлемейтін ескі әдет. Ал бірақ бұл нені дәлелдейді?

– Дәлелдейтіні сол – мені бала шағымнан мерткітіріп өсірді. – Ал сен... мертiгiңдi түзе! Адамсың, еркексің, сол үшін міндеттісің, қайратты кісіден сұрайтын емессің! Бірақ қайткенде де жеке бір мысалды жалпылық заңға айналдыру, өзгермес жол деп ұғыну мүмкін бе екен? Лайық па екен сол?!

Лаврецкий дау айтып, “не қылған заң, мен ондайды білмеймін” дей берді.

– Жоқ, ол сенің жолың, сен жол деп тұрсың.

Енді бір сағат өткенде Михалевич айғайлап, қыза сөйлеп:

– Сен өзімшіл, білдің бе, сен тәттіні тіледің, өмірден бақыт күттің, бірақ бәрін өзің үшін ғана тіледің... – деді.

– Тәттіні тілегені несі?

– Тек бәрі сені алдады да, аяғыңның астынан сол жалғанды ғана көрдің.

– Тәттіні тіледің деген не деген сөз, мен соны сұраймын?

– Ол да ойран болды. Өйткені сен тірек іздегенде оны таба алмайтын жерден тіледің; өйткені сен үйіңді құмның үстіне салмақ болдың.

– Теңеусіз-ақ анық сөйлеші! Әйтпесе не дегеніңді мен түсінетін емеспін.

– Әйтпесе күле бер! Әйтпесе, сенде наным жоқ, жүрегіңде жылау да жоқ, тек қана ақылсымақ, бір тиындық ақыл ғана бар. Сен жай айтқанда, өмірден қалып қойған бейшара вольтериянец боп қапсың, білдің бе?

– Кім? Мен вольтериянец пе?

– Я, өзің сезбесең де, дәл өзіңнің әкендей вольтериянецің.

Лаврецкий қатты үнмен:

– Бұлай болса, мен сені фанатик деуге хақым бар, – деді.

Михалевич мұная түскендей, дау айтты:

– Бөрекелде, сортыма қарағанда мен ондай ұлы атаққа татымаймын.

Сағат үште Михалевич тағы айғайлап жатты.

– Мен енді кім екенінді білдім. Енді айтсам, сен скептик те емессің, торыққан вольтериянец те емессің, сен кешесің. Ақыл-санасы бар, түзелмес кешесің, аңқау кеше емессің. Аңқау кешелер пеш үстінде түк істемей жатады да қояды; олар ешнәрсе істей де білмейді, олар ойлай да білмейді; ал, сен ойлайтын адамсың, бірақ сен де жатып алғансың; қолыңнан бірдеңе істеу келер еді, соны істемейсің; тойған қарныңды аспанға қаратасың да жатасың; жатпасқа шараң да жоқ; өйткені адам баласының бар әрекетін болымсыз, татымсыз деп түсінесің.

Лаврецкий әлі де дауласып:

– Мені жатып аласың дегенді қайдан шығардың? Осы айтқаныңдай олар менде бар дегенді қайдан таптың? – деді.

Бірақ тынымсыз Михалевич үдеп соқты.

– Бәрінен бұрын сендердің бәрің шетіңнен кітапты көп оқыған кешесің. Сендейлер немістің қай аяғының ақсайтынын, ағылшын мен француздың неменесі жаманын – бәрін білесіңдер; сол сорлы білімдерің сендерге жәрдем етіп, бойларыңдағы жалқаулықты, ұят түрдегі әрекетсіздікті қорғап отырады. Кейбіреулерің мақтан да етесіңдер ғой; “мен ақылдылықтан жатырмын, анау ақымақтар тыпырлай берсін” дейсіңдер ғой. Я... бізде тағы бір мырзалар бар, оларды дәл сен тәрізді демеймін; кейбіреулері іш пысудың өзін тамашалап, соған үйреніп, соған қаймаққа батқан саңырауқұлақтай, – деп өз теңеуіне өзі күлді де Михалевич, – белшесінен батады да отырады. О, сол іш пысуды тамашалау орыс адамының соры со ғой! Қуарған кеше және өмір бойына бірдеңе істеуге әзірленіп жүрген кісімсиді! – деді.

Лаврецкий де қызып сөйлеп:

– Ұрысатының не осы сенің? Қызмет... жұмыс... дейсің. Одан да дәл не жұмыс екенін айтсаңшы, өзіміздің Полтаваның ұрысқақ Демосфени-ау!

Ал Демосфен мұны мақтанып, дау айтты:

– Қара, талабын! Оны мен саған айтпаймын, шырақ! Не істейтінді әркім өзі табу керек. Алпауыт, ақсүйек өзі не істейтінді білмейді! Иланышың жоқ, ол болса білер едің, дінің жоқ, сондықтан табарың да жоқ.

Лаврецкий енді жалынып сөйледі.

– Тым құрса, демалдырсаңшы, сайтан-ау; айналаны танып көруге мезгіл берсеңші! – деді.

Михалевич әмірлі қолмен сілтеп сөйлеп:

– Бір минут демалыс, бір секунд тыным керек емес. Ажал тоспайды екен, тірлік те тосуға міндетті емес, – деді.

Таңғы сағат төртте ол біраз қарлығып қалған дауыспен тағы айғайлап жатты:

– Қай шақта ғана, қай жерде ғана осылар кеше бола қалды? Бізде, осы күнде Россияда! Әр адамның құдай алдындағы, халық алдындағы, өз алдындағы қарызы сонша көп боп жатқан шақта, біз ұйқыдамыз, мезгіл өтіп барады. Біз әлі ұйқыдамыз...

Лаврецкий жай ғана ескертіп:

– Мен сенің есіңе салайын, біз мүлде ұйқыда емеспіз; қайта өзгелерге ұйқы бермей тұрмыз. Екеуіміз де қораздай көмейімізді керіп тұрмыз. Тыңдашы өзің, қораздың үшінші айғайлауы болса керек мынау, – деді.

Бұл мінез Михалевичті әрі күлдіріп, әрі тыныштық тапқызды.

– Ертеңге шейін, – деп ол жымыды да, трубкасын кистегіне салды.

– Ертеңге шейін! – деп Лаврецкий де айтып еді, бірақ екі дос әлі де сағаттан артық әңгімелесті. Тек ендігі үндері қатты шыққан жоқ. Бұл кездегі сөздері мұңды, ақырын, мейірімді сөздер еді.

Лаврецкий қанша тоқтатса да көнбей, Михалевич ертеңінде жүріп кетті. Федор Иваныч оны көндіре алмаса да, бірақ сөзге мольнан қанып алды. Михалевичтің жанында қара тиыны да жоқ екен. Лаврецкий оның баяғыдан бойына сіңген жоқшылық белгісін алғаш көргенде-ақ байқап еді, етігі тозған, сюртугінің артында бір түймесі үзілген; қолы перчатка көрмегендей, шашына мамық ұйысып қапты; келген жерде жуынуды да тілемеді; ал кешкі астың үстінде етті

қолымен жұлмалап, өзінің қарайып кеткен мықты тісімен тартқылап жегенде ашқарақ жайындай көрінді. Қызметтен ештеңе өндіре алмапты, енді соңғы үміті көтермеші бай екен; ол өзінің конторында бір оқыған адам ұстаймын деп осыны алған көрінеді. Соның бәріне қарамай, Михалевич мұннан аулақ, ұлы циник, өзі идеалист, әрі ақын және адам баласының тағдыры, өз өнері туралы үлкен ойлар ғана ойлап жүреді; өзінің аштан өлмеу жайын тіпті аз ойлайды. Михалевич үйленбеген, бірақ ғашық болуында сан жоқ еді; және әрбір жақсы көрген әйеліне өлең жазатын; мұның әсіресе ынтық болғаны, әсем жырлағаны, ғажайып сыры бар кара бұйра шашты “панна” болатын. Рас, жұрттың арасында ол панна жай жабайы ғана жидовка деген өсек және оның жас офицерлерге аса мәлім ханым екені де сөз боп жүрді; бірақ, ойланып қарасаңыз, оның бәрі бір емес пе?

Лемм мен Михалевич екеуі келісе алмады. Михалевичтің қатты айғайлайтын сөздері, оқыс қимылдары бұрын бұған үйренбеген немісті үркіткендей болды. Уайымды жан өзі уайымдыны тез-ақ таниды, бірақ көрілік те онымен қосыла алмайды; бірақ таңғаларлық ешнәрсе жоқ, екеуіне ортақ не бар? Ортақ үміт те жоқ.

Жүрер алдында Михалевич Лаврецкиймен тағы да көп әңгімелесіп, бұл сергімесе қаза табатынын айтты; крестьяндардың өмірін түзе деп жалынды; бір уақыт өзін мысал етіп, сордың арасында жүріп, мұның өзінің тазарғанын мысалға келтірді; бірнеше рет өзін “аспанның азат құсындаймын, даланың еркін гүліндеймін” деп, “бақытты жан” деп те айтып өтті. Лаврецкий гүлдің жайына тоқтап:

– Даланың тікен гүлі боларсың, – деді. Михалевич ыза-сыз жауап қатты:

– Е, шырағым, ақсүйексіме. Қайта өзіңнің бойыңда да құлдың қаны ағатындығына, тәңіріңе шүкірлік ет! Бірақ ендігі байқағаным бойынша, саған бір асыл жан керек екен. Ол сені мынау жалқау күйден шығарар еді.

Лаврецкий сәл кекетіп:

– Рақмет, туғаным, маған ол асыл заттарың жеткілікті болған, – деді.

– Үндеме, цынык!

Оның сөзін Лаврецкий түзетіп:

– Циник! – деді.

Михалевич қысылмастан өзінікін қайталап:

– Дәл, цынык, – деді.

Тарантасқа мұның жұқа чемоданын салып, өзі жүруге әзірленіп, өнебойын испан плащымен қымтап жатып та сөйлеуден тыйылған жоқ; қолын аспанға созып, болашақтың игілігі ұрығын сеуіп жатқан кісідей боп, Россияның тағдыры туралы ойлар айтып жатты. Ақыры аттар қозғала берді. Жүріп бара жатқанда арбадан кеудесін созып, артқа бұрылып айқайлап:

– Менің соңғы үш сөзімді ұмытпа, ол: дін, прогресс, адамгершілік! Қош! – деді.

Көзіне төндіре киген фуражжасы бар басы осыдан кейін көрінбей кетті. Лаврецкий басқышта жалғыз қалып, тарантас көзден ғайып болғанша қарап тұрды. Үйге қайта бере ойланып қап: “Апырау, осының айтқаны рас-ау, мен шын кеше шығармын” деді.

Михалевичтің көп сөзі жөнінде бұл дау айтып қарсыласса да, соның сындары мұның жанына сіңгендей екен. Адам тек мейірімді болсын, сонысы шын болса, сыртқа тебу мүмкін емес.

XXVI

Екі күн өткеннен кейін Марья Дмитриевна уәде бойынша өзінің жастар тобын ертіп Васильевскиге келді. Қыздар лезде бақшаға жөнелісті, ал Марья Дмитриевна салмақпен бөлмелерді аралап, көргенін салмақпен мақтап қойды. Лаврецкийге келуін ол үлкен бір кеңшіліктей қарап, тіпті жақсылық деп те санағандай. Антон мен Апраксея ескі малайлар әдеті бойынша мұның қолын сүйіскенде, ол жылы шыраймен жымыды да, әлсіреген үнмен күңгірт сөйлеп, шай сұрады. Әдейілеп ақ перчатка киген Антонның көңіліне дақ салып, мұның орнына қонақ ханымға шайды Лаврецкийдің жалдама камердинері, Антонның айтуы бойынша, түк тәртіп білмейтін адам берді. Оның орайына Антон обед кезінде өз дегенін өткізді: Марья Дмитриевнаның орындығының сыртында тапжылмай тұрып алды да, енді бұл орын-

ды ешкімге берген жоқ. Көп заманнан қонақ келмеген Васильевскиге бұл қонақтардың келуі шалды қуантып та, қобалжытып та қойып еді: өзінің мырзасына жақсы жан-дардың араласуы оған жайлы көрінген. Тегі, жалғыз ол ғана емес, бүгін Лемм де толқуда болатын, бұл темекі түстес, арты үшкір келген шолақ фрагін киіп, мойын орамалын қыса байлап алып, дамылсыз жөткіріп, үнемі жұртқа жол беріп, сыпайы биязылық көрсетіп тұр. Лаврецкийдің жұбанышына қарай Лиза екеуінің жақындығы әлі де байқалғандай: ол үйге кіре сала бұған дос ажармен қол созған еді. Обедтен кейін Лемм өзінің қолын қайта-қайта созып тұрған қалпында фрагінің артқы қалтасынан ораулы нота қағаздарын алып, ернін үнсіз жымырып, сол ноталарды фортепьяноға қойды. Бұл романсты Леммнің өзі жақында жұлдыз жайын айтқан ескі неміс өлеңіне жазған еді. Лиза тез ғана фортепьяно қасына отырып, романсты ойнай жөнелді... Әттең, бірақ! Музыка әлдеқандай жағымсыз, ауыр, түсініксіз болып шықты. Композитордың үлкен құмарлықпен терең бір нәрсе айтқысы келген болса да, ешнәрсе шықпағаны көрініп тұр; тырысуы тырысу болған да ғана қалған. Лаврецкий мен Лиза бұл жайды қатар сезді, соны Лемм де түсінді: ләм-мим деместен романсты қалтасына салды да, Лизаның тағы ойнайық дегеніне басын шайқап, мәнді ғана сөз қатып: “Енді – бітті!” – деді, сөйтіп, бүгіле түсіп құнысты да, тайқып кетті.

Кешке жақын барлық топ балық аулауға жөнелді. Бақшаның сыртындағы көлшікте аққайраң мен шабақ көп болушы еді. Марья Дмитриевнаның аяқ астына кілем төсеп, жағаға кресло қойып, көлеңкеге отырғызып, қолына ең жақсы қармақ берісті; ең тәжірибелі балықшы қарт Антон оған өзі қызмет етті. Бірақ ынтасымен қармаққа құртты шаншып, түкіре түсіп, сипалап суға да өзі тастап, бар денесімен ұмтыла түсетін. Марья Дмитриевна сол күні бұл туралы Федор Ивановичке көнелеу француз тілімен: “бүгінде бұлардай баяғының малайы да жоқ” деді.

Лемм екі кішкене қызды алып арырақ, салға кетті; Лаврецкий Лизаның қасында. Балық сонша жиі қапқан еді; жұлып алынған аққайраңдар аспанда алтын, күміс бойла-

рымен жарқылдап, қыздар қуана айғайлаудан дамыл алмады; Марья Дмитриевнаның өзі де екі рет нәзік үнмен шыңғырып қалды. Ең аз қапқан қармақ Лаврецкий мен Лизаныкі болатын, себебі бұлар ауға көңіл бөлмей, қалтқыларын жағаға айдап келгенше байқамай отыра беретін. Айналасында биік қызғылт қамыс ақырын сусылдайды, алдарында қимылсыз су да баяу жарқырайды, бұлардың сөзі де ақырын, баяу еді. Лиза кішкене сал үстінде тұр, Лаврецкий майысқан үйеңкінің үстінде отыр; Лизаның кигені белін кең ақ лентамен қынай бұған ақ көйлегі болатын; салом шляпасы оның бір қолында асылып тұр да, екінші қолымен ол майысқақ қармақ ағашын ұстап тұр. Лаврецкий мұның соншалық таза және сәл жинақы жүзіне, құлағының артына қайрылған шашына және жас баланың реңіндей қызыл шапақ атқан жүзіне қарап ойға қалды; “О, менің көлшігімнің жанында қандай көркем түрде тұрсың” деп ойлады. Лиза бұған бұрылған жоқ, суға қарап тұрды да, не көзін сығырайтқандай, немесе жымығандай. Жақындағы үйеңкінің көлеңкесі мұның екеуіне де түсіп тұр.

– Білесіз бе, – деп сөз бастады Лаврецкий, – біздің соңғы әңгімеміз туралы мен көп ойландым да, сізді соншалық мейірімді жан деген байлау жасадым.

– Менің ойымда мүлде ондай жоқ еді... – деп Лиза жауап қатты да, ұялып қалды.

– Сіз мейірімдісіз, – деп Лаврецкий тағы айтты. – Мен орашолақ адаммын, бірақ сеземін, сізді бар жан сүю керек. Мысалы, Леммді алыңызшы, ол сізге мүлде ғашық.

Лизаның қастары түйілмей сілкініп қалды; әр кезде жайсыз бір нәрсені естігенде осылай болушы еді.

– Өзіне бүгін қатты жаным ашыды, – дей түсіп, Лаврецкий: – романсы сонша жолсыз болып шықты. Жас болып дәрменсіз болуға шыдауға болады; ал әрі қартайып, әрі дәрменсіз болу – ол ауыр. Ең қиыны, реніштісі, күшіңнің қашан кетіп жатқанын аңғармайсың ғой, ондай соққыны қарттың көтеруі қиын!.. Байқаңыз, сіздікін қауып тұр... – деді сәл тоқтап барып, – Владимир Николаевич өте сүйкімді романс жазды деседі ғой? – деді.

– Я, – деп жауап қатты Лиза. – Ол болымсыз да болса, сүйкімді шыққан.

– Ол өзі жақсы музыкант па, қалай ойлайсыз? – Менің ойымша, оның музыкаға үлкен зейіні бар, бірақ ол бүгінге шейін анықтап өтпеген сияқты.

– Солай, ал өзі жақсы адам ба?

Лиза күліп жіберді де, Федор Ивановичқа жалт қарады.

– Қандай қызық сұрақ! – деді де, қармағын суырып алып, қайтадан алысқа сілтеп қалды.

– Неге қызық дейсіз? Мен мұнда жаңа келген адам болғандықтан, сізден оның жайын туысқанша сұрап тұрмын ғой.

– Туысқанша дейсіз бе?

– Я. Жаңылмасам, мен сіздің ағаңыз емеспін бе?

– Владимир Николаевичтің жүрегі рақымды, ол ақылды адам, мамам оны өте жақсы көреді.

– Ал өзіңіз жақсы көресіз бе?

– Ол жақсы адам. Жақсы көрсем неменесі бар?

– А! – деді де, Лаврецкий үндемей қалды. Сәл мұнды, сәл мысқыл аралас бір ажар жүзінен белгі берді. Қадала қараған қалпы Лизаны қысылта түссе де, қыз әлі жымиып тұр. “Ендеше, тәңірім оларға бақ берсін!” деп жігіт күбір етті де, бетін бұрды.

Лиза қызарып кетті.

– Сіз қателесесіз, Федор Иваныч, сіздің ойыңыз беркерлік. Сіздің өзіңізге Владимир Николаич ұнамай ма? – деп сұрай қалды.

– Ұнамайды.

– Неліктен?

– Мен білсем, дәл жүрек деген онда жоқ болса керек.

Лизаның жүзінен күлкі кетіп қалды.

– Сіз адам туралы қатал ойлап үйренгенсіз, – деп, бірталай үнсіз тұрғаннан кейін жауап қатқан еді.

– Олай емес-ау деп ойлаймын. Мен өзім жұрттың кешіріміне мұқтаж бола тұрып, өзгелер туралы қайтіп қатал ойлай аламын? Ұмытқан ба едіңіз, мені тек жалқау ғана күлкі етпейді ғой? Айтпақшы, сіз уәдеңізді орындадыңыз ба? – деді.

– Қай уәде?

– Мен үшін дұға оқыдыңыз ба?

– Мен, мен оқыдым және күнде оқимын. Ал сіз тілеуіңіз берсін, бұл жайды жеңіл сөз етпеңіз.

Лаврецкий Лизаға өзінде ондай ой жоқ екенін айтып, әркімнің ұзданын өзінің құрмет ететінін білдірді; содан әрі дін жайын, оның адам баласы тарихындағы мәнін және христианствоның мәнін сөйлей бастады.

Лиза біраз қинала тұрып сөйлеп еді.

– Христианин болғанда сонау алысты... аспанды, не жерді ойлап болмау керек, әр адам өзінің өлетінін ойлап болу керек.

Лаврецкий ойда жоқтан таңданып бұрылғанда, Лизаның да оған қарап тұрғанын аңғарды.

– Қандай ғана сөз айттыңыз! – деді.

– Ол менің сөзім емес! – деді қыз.

– Сіздікі емес... Бірақ неге сіз өлім жайын қозғадыңыз?

– Білмеймін, мен ол туралы жиі ойланамын.

– Жиі дейсіз бе?

– Я.

– Сіздің қазіргі жүзіңізге қарап, мұны айту мүмкін болмас еді: жүзіңіз соншалық көңілді, жарқын, сіз қандай жымысыз...

– Я, қазір мен аса көңілдімін, – деп Лиза жеңіл жауап айта салды.

Лаврецкий ішінен оның екі қолын алып, қатты қысқысы келіп еді.

– Лиза, Лиза! – деп сол кезде Марья Дмитриевна дауыстады да: – Бері кел, менің қандай аққайран ұстағанымды көрші, – деді.

– Қазір, мама, – деп жауап қатты да, Лиза жүріп кетті, Лаврецкий өз орнында қалды. “Мен мұнымен әлдебір заманы өтпеген адамша сөйлестім-ау!” деп ойлады. Лиза кетерінде өзінің шляпасын бір бұтаққа іліп кетіп еді; қазір Лаврецкий сол шляпаға нәзік сезіммен қарап, оның ұзын және бүктелген лентасына көз салып тұрды. Лиза тез оралды да, сал үстіне қайта тұрды.

– Неліктен сізге Владимир Николаевичтің жүрегі жоқ көрінеді? – деп сұрап қалған еді.

– Мен сізге айттым ғой, қателескен болуым да мүмкін деп, түбінде уақыт бәрін танытар.

Лиза ойланып қалды. Лаврецкий өзінің Васильевскідегі тұрмысы жайынан, Михалевич жайынан, Антон жайынан

сөз қозғады; бұл Лизаға барын айтып, өз кеудесіне сыйғанның бәрін оған білдіргісі келгендей болады: қыз болса соншалық сүйкімді ықыласпен тыңдайды, оның оқта-текте айтқан даулары мен ойлары бұған соншалық ақылды, орнықты көрінеді. Бұл сол жайды қызға айтып та салды. Лиза таңғалған еді.

– Шын ба? – дей түсті де: – Ал мен өзім, біздің қызметкер қыз Настя сияқты, өз сөзім жоқ шығар деп ойлаушы едім, – деді. Ол бір күні өзінің күйеу жігітіне: сенің менімен отырғанда ішің пысатын шығар, өйткені сен маған сондай жақсы сөздер айтасың, ал менің өз сөзім жоқ депті.

“Онысы қандай шүкірлік!” деп Лаврецкий іштей ойлады.

XXVII

Сол шақта кеш те батып қап еді. Енді Марья Дмитриевна қайтуды ниет қылды. Қыздарды көлшіктен зорға қайтарып, жолға әзірлесті. Лаврецкий қонақтарды жарым жолға шығарып салмақ боп өзіне де ат ерттетті. Марья Дмитриевнаны күймеге отырғызып жатып ол Леммді іздеп еді, бірақ шалды ешқайдан таба алмады. Балық аулау біте салысымен ол жоқ боп кетіпті. Антон өзінің жасынан тыс қуатпен күйменің есігін серпе жапты да, қатқыл үнмен: “Ал, тарт, көшір!” – деді. Күйме қозғала берді. Артқы орынға Марья Дмитриевна мен Лиза отырған, алда қыздар мен күтуші әйел бар. Кеш тыныш, жылы екен, күйменің екі жақ терезесі де ашулы. Лаврецкий күйменің Лиза жағында жортып келе жатып, жайлы, келісті атының мойнына тізгін шылбырын тастап қойып, қолын күйменің есігіне салып, оқта-текте қызбен бірер ауыз сөз қатысып келе жатты. Қызыл арай айықты да, қас қарайды; ал әуе тіпті жылына түскен тәрізді. Марья Дмитриевна аз уақытта қалғуға кірісті, қыздар мен күтуші әйел де ұйықтап қалды. Күйме шапшаң, майда жортып келеді; Лиза ілгері еңкейе түскен; жаңа ғана туған ай оның жүзіне түсіп, түнгі хош иісті жел лебі көзіне, жүзіне соға берді. Ол қазір шат көңілде. Мұның да қолы Лаврецкийдің қолымен қатар, күйменің есігіне сүйенген. Лаврецкий де қазір шат еді. Түннің жайлы ты-

ныштығында жортып келе жатып, ол өзінің көзін мейірімді жас жүзден шетке бұрмайды. Сыбыр аралас сыңғырлай түскен жас үнді тыңдап, жай мейірлі сөздерге құлақ салады; жарым жолдан қалай асып кеткенін ол байқамай да қалды. Марья Дмитриевнаны оятқысы келген жоқ, Лизаның қолын сәл ғана қысты: “Біз енді достармыз, солай емес пе?” – деді. Қыз бас изеді, Лаврецкий сонда тоқтады. Күйме ақырын ырғалып, сүңги түсіп, ілгері тарта берді; Лаврецкий аяңмен үйге қайтты.

Жаз түні мұны елтіткендей; айналаның бәрі де оқыстан ғажайып көрінгендей болады және сонымен қатар соншалық көптен бергі өзгеше тәтті тынысындай сезіледі; жақында да, жарықта да көз көп нәрсені көрмегенмен, анықтап ажырата алмаса да, бар дүние тыныштыққа шомылған; бұл гүл атқан жас өмір осы тыныштықтың өзінен де елес бергендей. Лаврецкийдің аты оннан солға баяу ғана ырғала түсіп, сергек басып келеді; оның қап-қара көлеңкесі өзімен қатар ілесіп отыр. Сондайлық құпия бір рахат, ат тұяғының тықырынан да соншалық бір көңілді және ғажайып күй бұлдырықтың бытпылынан естілгендей болады. Жұлдыздар әлдеқандай жарық буалдырға шомылғандай, әлі толмаған ай батып жарқырайды; оның сәулесі аспанға көкшіл мұнардай жайылып, жұқалаң бұлттарға күңгірт алтындай сәуле шашып тұр; әуенің дымқылы бар дене мен көзге де салқындап білініп, кеудеге еркін лептей құйылады. Лаврецкий рахат күйде және сол рахатқа қуанады.

“Ну, біз әлі көреміз, әлі түгел жойылған жоқ болармыз” деп ойлады ол, бұл айтқаны кім туралы, не туралы екенін жеткізе айтқан жоқ... содан әрі ол Лиза туралы ойлап, Паншинді сүймейтін шығар деп топшылады; кейбір өзгеше жағдайда кездесе тәңір білсін не боларын; бұл Леммді түсінеді, “өз” сөзі болмаса да түсінеді. Сол жайдың өзі дұрыс та емес; оның өз сөзі бар... “бұл жайдан жеңіл сөйлемеңіз” дегені Лаврецкийдің есіне түсті, ол көпке шейін төмен қарап келе жатты да, бір уақыт бойын түзеп алып, жай ғана:

Бұрынғы бір өртенгенмен табыстым,
Табынғаннан тат қалмады жадымда, –

дей сала, атын қамшылап, үйге шейін шапқылаумен келді.

Атынан түсіп жатып ол айналаға алғыс айтқандай жымия қарады. Үнсіз ерке бір түн тауларда, далаларда жымжырт жайғасқандай, жырақтан, хош иісті алыс бір түкпірден, тәңір білсін, аспаннан ба, жерден бе – тыныш қана, жұмсақ қана жылы бір леп келеді.

Лаврецкий Лизаға соңғы сәлемін жолдады да, басқышқа жүгіре шықты.

Келесі күн сылбыр өтті. Таңертеңнен күн жауды. Лемм қабақ түйе қарап, ернін жымыра береді, енді қайтып аузын ашпасқа серт бергендей. Жатар алдында Лаврецкий төсегіне француздың көп журналдарын ала жатты, екі жұмадай үстелінде ашылмай жатқан журналдар еді. Селкос күйде сыртқы орауларын жыртып, жөнді жаңалығы жоқ газеттердің беттерін шолып өтті, енді бұларды тастайын деп еді, сол шақта бір нәрсе шағып алғандай төсектен атқып тұрды. Бір газеттің фельетонында бізге мәлім мосье Жюль өз оқушыларына қасіретті хабар жазыпты: “Тамаша, ғажайып Москва ханымы, Париж салондарының көркі, моданың бекзада ханымдарының бірі мадам де Лаврецкая тосыннан қайтыс болды” депті және осы хабар қайғылы болса да Жюль мырзаға жаңа жеткен дәл хабар. Содан әрі жазуында өзін өлген ханымның досы деп санарлық адам депті...

Лаврецкий киініп, бақшаға шықты да, таң атқанша бір ғана жолмен әрлі-берлі жүріп қалды.

XXVIII

Келер күн таңертең шай үстінде Лемм Лаврецкийден қалаға қайтуға көлік сұрады. “Мен қайтып іске, сабаққа кірісуім керек, әйтпесе мұнда уақытты босқа өткізіп жүрмін”, – деді қарт. Лаврецкий тез жауап берген жоқ; ол салғырт сияқтанды: ақыры “жақсы, сізбен өзім де жүремін” деп қойды. Малайдың көмегінсіз кішкене чемоданын қинала жүріп, ызалана жүріп Леммнің өзі жиды да, нота жазған біраз қағазды жыртып, өртеп жіберді. Аттар өзірленді. Кабинеттен шығарында Лаврецкий кешегі газеттің номерін қалтасына салды. Жол бойында Лемм мен Лаврецкий аз сөйлесті: әрқайсысы өз ойымен болып, бірін-бірі сол

ойдан бөлмегеніне риза болатын. Екеуі салқын ғана айрылысты, тегі, бұл Россияда көңілде адамдар арасында жиі болатын жай еді. Лаврецкий шалды үйіне әкелгенде, ол чемоданын алып, қоштасуға қол да созбады (чемоданын екі қолымен төсінде ұстап тұр еді), жүзбе-жүз қараспастан да орысша: “Прощайтес!” дегенде, Лаврецкий де “прощайте” деп қайталады да, көшіріне өз пәтеріне қарай жүруге бұйырды. О... қаласында жалдама квартира ұстайтын.

Бірнеше хат жазып, асығыс қана тамақ ішіп, Лаврецкий Калитиндерге қарай тартты. Қонақ бөлмеде бұған жалғыз Паншин кездесті де, Марья Дмитриевна қазір шығады деп, содан әрі өте қуанышты биязылықпен сөйлесе бастады. Бұдан бұрын Паншин Лаврецкийге асқақ қарамаса да, кешіріммен қарағандай болатын; бірақ Лиза өздерінің кешегі сапарын Паншинге айтумен қабат, Лаврецкийді өте жақсы, ақылды адам деген болатын; сол жеткілікті, Паншин: “өте жақсы адамды” өзіне қаратып алмақ болған. Ол Лаврецкийге қошемет көрсете сөйлеп, Марья Дмитриевнаның барлық үй іші Васильевскоены соншалық тамашалап қайтқанын айтты. Содан әрі дағдысы бойынша үлкен еппен өзіне қарай сөзді бұрып, өзінің қызметін айта бастады, өзінің өмірге, қауымға, қызметке деген көзқарасын баяндап, Россияның келешегі туралы да екі сөз айтып, губернаторларды қолда қалай ұстау керек екенін сөйледі; және сол сәтте өзін-өзі мысқылдап, Петербургте бұған кадастр* жайын үгіттеуді тапсырғанын айтты. Ол ұзақ сөйлеген уақытында көп доптармен ойнаған фокусшы сияқтанып, әрбір қиыншылықты салқамдық және өзіне сенгіштікпен шеше сөйлейді, ең ірі деген әкімшілік, саясат мәселелерін де ойлай шешеді. Сан рет “мен өкімет болсам, былай етер едім”, “сіз ақылды адам болғандықтан менің сөзімді, әрине, мақұлдайсыз” деген сөйлемдер аузынан кетпейді. Лаврецкий Паншиннің шұбыртпа сөздерін салқын тыңдады; оған мына тұрған сұлу, ақылды, орамды көркем жігіт өзінің жарқыраған күлкісімен де, сыпайы даусымен де, бақылағыш көздерімен де ұнамады. Паншин өзінің өзге адамдардың сезімін танығыштық әдеті бойынша Лаврецкийге жақпағанын аңғарды да, оны еліктіре

* “Кадастр” деп бағасы мен өніміне қарай алым салынатын мемлекет шаруаларының жерін тізімге алуды айтады.

алмағанын да танып, бір болымсыз нәрсені сылтау етіп, тайқып кетті; кетерінде Лаврецкий туралы өте жақсы болса да сүйкімсіз екен, французша “күнгірт” және “жалпы алғанда” біраз күлкі адам екен деп кетті.

Марья Дмитриевна Гедеоновскиймен бірге шықты, кейін Марфа Тимофеевна мен Лиза шықты. Өзге үй іші содан кейін келісті; кейінірек музыкақұмар Беленицына келді, бұл арық қана, кішкене бойлы, біраз шаршағандай, бірақ сұлу бала жүзді, судырлаған қара платъе киген, шұбар бедері бар және қолында жуан алтын білезігі бар әйел; оның қасында күйеуі де бар, бұл қызыл жүзді, толықша, қол-аяқтары үлкен, ақ кірпік және қалың еріндерінен күлкі айықпайтын адам; қонақта болғанда әйелі онымен сөйлеспейтін, ал үйде нәзік сезім шақтарында күйеуі “кішкентай торайым” дейтін; Паншин енді оралды: бөлмелерде адам көбейіп, даурық молайды. Лаврецкийге жұрттың көптігі жақпады, әсіресе бұған лорнетін кезеп қарай берген Беленицына ыза қылды. Ол Лиза болмаса тез жөнелмек еді, оңашада Лизаға екі ғана сөз айтпақ-ты, бірақ көпке шейін орайы келмей, қызға құпия қуанышпен ғана қарап отырған жайын қанағат қылды; ешуақытта оның жүзі бұған дәл қазіргідей сүйікті, қасиетті көрінген емес еді. Беленицынаның қасында Лиза өзгеше ұта түскендей, анау болса орындықта жиі қозғалып, кішкентай иықтарын дамылсыз сілкінітіп, еркеленген үнмен күле түсіп, біресе көзін сықситып, тағы бірде көзін үлкен аша қалады. Лиза момын ғана жүзбен тура қарап күлместен отыр. Үй иесі Марфа Тимофеевнамен, Беленицынмен және Гедеоновскиймен карта ойнауға кірісті, Гедеоновский қайта-қайта жаңылып, көзін жыпылықтатып, бетін орамалмен сүрте беріп, картаны өте жай ойнады. Паншин енді күнгірт жүзге кіргендей, сөйлесе қысқа ғана мәнді етіп және мұная сөйлегендей болады – айнымаған іші терең суретші дерсіз, бірақ бұған сонша пейіл берген Беленицынаның көп өтінішіне қарамастан, ол өзінің романсын айтуға көнбеді: Лаврецкийден ол қысылғандай. Федор Иванович та аз сөйледі; бөлмеге кірген жердегі оның жүзіндегі ерекше бір қалпы Лизаны қайран етті: мұның өзіне айтылатын бір нәрсе барын сәтте сезді де, соны сұрауға қыздың өзі қорыққан тәрізді. Ақыры шай құймақ боп залға

қарай қозғалғанда, Лаврецкийге ол ықтиярсыз басын бұрды, жігіт сол сәтте мұның соңынан еріп еді.

– Сізге не болды? – деп, Лиза шайнекті самауырдың үстіне қойды.

– Немене, сіз бірдеңе байқадыңыз ба?

– Сіз бүгін менің бұл күнге шейін көріп жүрген қалпыманан басқасыз.

Лаврецкий үстел үстіне иіле түсті.

– Мен сізге бір хабар айтайын деп ем, бірақ қазір мүмкін емес. Сөйтсе де, мына қарындашпен көрсетілген тұсты мынау фельетоннан оқыңызшы, – деп, журналдың номерін беріп жатты да, – тек өтінемін, құпия болсын, мен ертең таңертең соғамын, – деді.

Лиза таң қалды... Есікте Паншин көрінген еді: қыз журналды қалтасына салды.

– Лизавета Михайловна, сіз Оберманды оқыдыңыз ба? – деп Паншин ойлана сұрады.

Лиза оған жүре жауап берді де, залдан жоғарғы үйге кетті. Лаврецкий қонақ бөлмеге қайтып, карта ойнаушыларға тақап келді. Марфа Тимофеевна бас киімінің лентасын шешіп, қызарған жүзбен өзінің одақтасы Гедеоновскийдің жүріс білмейтінін айтып, шаға бастады.

– Көрдің бе, карта ойнау өсек тарату емес көрінеді, – деді.

Анау болса көзін жыпылықтатып сүртіне береді. Лиза қонақ бөлмеге келіп, бір бұрышқа отырып қалды, Лаврецкий қарағанда ол да бұған қарап еді, екеуі де бір нәрседен қатты сескенгендей болды. Қыздың жүзінен Лаврецкий таң болғанын және құпия түрлі наз белгісін оқығандай. Қанша тілесе де сөйлесуге мұрша болмады; өзге қонақтар арасында қонақ боп, онымен бір бөлмеде қалу ауыр тиді: сонымен кетпек болды. Қызбен қоштасып тұрып, айтып үлгіргені – ертең келмекші және оның достығына үміт ететінін білдірді.

Әлі де қайран болған жүзбен қыз оған: “келіңіз!” – деді.

Лаврецкий кеткен соң Паншин сергіп қалды. Гедеоновскийге мәслихат бергіштеп, Беленицынаға мысқылдай биязылық көрсетіп, ақыр аяғы романсын да айтып берді. Бірақ Лизаға ол сөйлегенде де, көз салғанда да бұрынғыша: мәнмен және сәл мұңмен қарайды.

Лаврецкий болса бұл түнде де ұйықтамады, қайғылы емес еді, көп толғанған жоқ, бірақ барынша тыныштыққа бойлаған, бірақ ұйықтай алмайды, ол өткен шақты да ойлаған жоқ; өз өміріне баяу ғана қарағандай: жүрегі ауыр, ақырын соғады, сағаттар жылжып өтіп жатады, ұйқы оның ойында да жоқ. Қай шақта көңілінде бір ой оянып: “осы бекер, осының бәрі жалған”, – дейді де, сонымен тоқтап қап, басын төмен салып және де өз өміріне өзі қарап отырғандай болады.

XXIX

Марья Дмитриевна келесі күні Лаврецкий келгенде онша қуанып қарсы алған жоқ. “Көрдің бе дөңдеуін” деп ойлады. Мұның өзі де оншалықты ұнамайтын және Паншин де өзінің бұл әйелге ететін әсері бойынша кеше жігітті аса арам түрде және бір астамшылықпен мақтаған болған. Марья Дмитриевна Лаврецкийді қонақ санамай, туысы, өз адамы есепті болғандықтан, онымен көп отыруды да тілеген жоқ, сол себепті жарым сағат өтпестен Лиза мен Лаврецкий бақшаның ішіндегі жолмен оңаша келе жатысты. Леночка мен Шурочка бұларға жақын, гүлдер маңында жүгіріп жүрді.

Лиза дағдысы бойынша сабырлы, бірақ дағдысынан тыс ақшыл тартқандай. Ол қалтасынан көп бүктелген журнал қағазын алып, Лаврецкийге созды.

– Мынау сұмдық қой, – деді. Лаврецкий түк айтқан жоқ.

– Әлде бұл тіпті өтірік те шығар, – деді Лиза.

– Менің сізге ешкімге айтпа дегенім де содан.

Лиза біраз жүрген соң:

– Айтыңызшы, сіз қапаланған жоқсыз ба? Түк қапаланбадыңыз ба?

– Мен не сезгенімді өзім де білмеймін.

– Бірақ сіз бұрын оны жақсы көрмеп пе едіңіз?

– Жақсы көргем.

– Аса жақсы көрдіңіз бе?

– Аса жақсы көрдім.

– Сонда да өліміне қайғырмадыңыз ба?

– Ол мен үшін бүгін ғана өлген жоқ.

– Бұл күнә ғой, не айтып тұрсыз... Маған ренжімеңіз. Сіз мені досым дедіңіз ғой: дос бәрін айта алады. Мен, шыным, тіпті шошынғандаймын... Кеше сіздің жүзіңіз сондай жақсы еді. Есіңізде ме, жақында сіз оны кінәлап едіңіз ғой? Ал ол, мүмкін, сол күндерде бұл өмірден кеткен болса қайт-тіңіз? Бұл сұмдық қой. Дәл бір сізге жіберілген жазадай.

Лаврецкий мұнмен күлді.

– Сіз солай ойлайсыз ба?.. Не болса да, мен қазір азатпын.

Лиза сәл селк етті.

– Қойыңыз, олай сөйлемеңіз. Сізге азаттығыңыз неме-неге керек? Оны ойлау емес, сіз кешірімді ойласаңызшы.

– Мен оған әлдеқашан кешіргем, – деп Лаврецкий жарыса сөйлеп, қолын сілікті.

– Жоқ, ол емес, – деп Лиза дау айтып, қызарып кетті, – сіз мені дәл түсінбедіңіз. Сіз өзіңізге кешіруді талап етуіңіз керек.

– Кімнің маған кешіруін?

– Кімнің? Құдайдың! Бізді құдайдан басқа кім кешіруші еді?

Лаврецкий оның қолынан ұстай алды.

– Ах, Лизавета Михайловна, илансаңызшы, – деп даусы қатаң шығып: – Мен онсыз да көп жаза шектім ғой. Иланыңыз, мен бар айыбымды өтегемін, – деді.

– Оны сіз білуіңіз мүмкін емес! – деп Лиза ақырын ғана айтты да: – Сіз ұмыттыңыз ба, жақында ғана, менімен сөйлескенде ғана сіз оның айыбын кешкіңіз келмеп еді ғой... – деді.

Екеуі де үнсіз басып аллеяда келеді.

– Ал, қызыңыз қалай? – деп Лиза шұғыл сұрады да, тоқтай қалды.

Лаврецкий сілкінгендей болды.

– О, қапа болмаңыз, мен бар жерлерге хат жазып жібердім, сіз айтқандай, сіз атағандай, менің қызымның болашағы... қамсызданған. Қапа болмаңыз.

Лиза уайымды жүзбен жымыған еді. Лаврецкий сөйлей түсті.

– Бірақ сіздікі рас қой. Мен өз азаттығыммен не істей аламын? Маған оның қажеті не?

Лиза оның сұрауына жауап бермей:

– Бұл журналды қашан алдыңыз? – деді

– Сіз келген күннің ертеңінде.

– Япыр-ай, япыр-ай, сіз жылаған да жоқсыз ба?

– Жоқ. Мен таңғалдым; бірақ жас қайдан шықсын?

Өткен үшін жылайым ба, ол менде түгел өртенген ғой! Оның айыбы менің бақытымды ойран еткен жоқ, тек менде сол бақыттың болмағанын ғана білдірді ғой. Нені жоқтап жылайын? Бірақ кім білсін? Бәлки, мен бұл хабарды осыдан екі жұма бұрын алсам, көбірек күйінген болар ма едім...

– Екі жұма бұрын дейсіз бе? Бұл екі жұмада сонша не болып еді?

Лаврецкий жауап бермеді. Лиза сәтте қып-қызыл боп кетті.

Лаврецкий шапшаң ғана:

– Ия, ия, сіз таптыңыз, осы екі жұманың ішінде мен әйелдің таза жаны нендей екенін білдім де, өткен шағым бұрынғыдан да алыстай түскенін аңғардым...

Лиза ұялды да, ақырын басып, гүлдер маңындағы Леночка мен Шурочкаға қарай жүрді.

Лаврецкий оның артынан келе жатып:

– Мен өзімнің осы журналды сізге көрсеткеніме ризамын; сізден ешнәрсені жасырмауға үйрендім де және сіз де маған сондай сеніммен өтеуін қайырасыз ғой деп үміттенемін! – деді.

– Сіз солай ойлайсыз ба? – деп, Лиза тоқтай қалды. – Олай болғанда, мен міндетім бойынша... Жоқ, олай емес! Ол мүмкін емес, – деді.

– Қалай дейсіз? Айтыңыз, айтыңызшы?

– Жо-ға, менің ойымша, менің міндетім емес... Бірақ сөйтсе де, – деп, Лиза Лаврецкийге жымия қарады. – Жартылаған шындық іс бола ма? Мен бүгін хат алдым, – деді.

– Паншиннен бе?

– Я, сол кісіден... Сіз қайдан білдіңіз? – Ол сіздің қолыңызды сұрай ма?

– Я, – деп, Лиза Лаврецкийдің көзіне тура, салмақпен ғана қарады.

Лаврецкий де Лизаға салмақпен қарады. Сәлден соң:

– Сөйтіп, сіз оған не жауап бердіңіз?

– Мен не айтарымды да білмеймін, – деді де, Лиза айқастырған қолдарын төмен түсірді.

– Қалайша? Сіз оны сүйесіз ғой?

– Я, ол маған ұнайды, байқауымша, ол жақсы адам сияқты.

– Сіз осы туралы, дәл осы сөзбен маған төртінші күні де айтқан едіңіз. Менің білмегім, сіз оны біздің әдеттегі махаббат деген берік, ыстық сезіміңізбен сүйесіз бе?

– Сіздің түсінуіңіз бойынша айтсам, жоқ деймін.

– Сөйтіп, сіз оған ғашық емессіз бе?

– Жоқ және оның керегі бар ма?

– Қалайша?

– Маминкама ол ұнайды, өзі қайырымды адам, менің оған қарсы ештеңем жоқ.

– Сөйтсе де, сіз екіұдайсыз ғой?

– Ия... Мүмкін, бәлкі, сіз, сіздің сөзіңіз соған себеп шығар. Үшінші күні айтқаныңыз есіңізде ме? Бірақ ол әлсіздік қой...

– О, жаным-ай! – деп Лаврецкий үн қатқанда даусына діріл кірді. – Күрғақ ақылға ермеңіз, махаббатсыз берілгісі келмеген жүрегіңіздің айғайын әлсіздік деменіз. Өзіңіз сүймей тұрып берілмек болған адамыңыздың алдында ондай қауіпті жауаптылықты өз мойныңызға алмаңыз...

– Мен өз мойныма ешнәрсе алғаным жоқ, тек айтқанға ғана көнемін, – деп еді Лиза...

Лаврецкий жарыса сөйлеп:

– Жүрегіңіздің айтқанына ғана көніңіз, сізге шынды айтатын жалғыз сол ғана. Ақыл, тәжірибе дегеннің бәрі жалған, тұман. Өзіңіздің жер үстіндегі жап-жалғыз, ең артық бақытыңызды жоймаңыз.

– Осыны айтып тұрған сіз – Федор Иванычсыз ба? Ғашық болып үйленген сіз емес пе едіңіз, содан бақыт таптыңыз ба?

Лаврецкий таң болып, бір қолын бір қолына соқты.

– Ах, айтпаңыз менің жайымды! Өзі жас тәжірибесіз және сорақы түрде тәрбиеленген бала нені махаббат деп білгенін сіз түсіне де алмайсыз!.. Және несіне өзім үшін жалған айтам, мен жаңа сізге бақыт дегенді білмедім деп едім ғой... жоқ! Мен бақытты болғам!

– Мен білсем, Федор Иваныч, – деп бастаған Лизаның даусы баяу шықты. (Сөйлескен кісімен келіспеген уақытында оның даусы осылай баяу шығатын және ондайда ылғи толқып, қиналатын.) – Жер үстіндегі бақыт біздің ықтиярымызда емес қой!..

– Ықтиярымызда, ықтиярымызда, иланыңыз маған, – деп, жігіт қыздың екі қолынан ұстай алды. Лиза аппақ боп кетті де, үрке тұрып, Лаврецкийге бар ынтамен қарады:

– Тек біз өз өмірімізді өзіміз бұзбасақ екен. Кейбір адамдарға махаббатпен қосылу, бәлки, бақытсыздық болар, бірақ сіздей салмақты мінезі бар, сіздей ашық жанды адамдарға ол бақытсыздық әкелмейді. Жалынамын, тек қана қарызды ойлап, бардан безіп, махаббатсыз күйеуге тие көрмеңіз... Бұл да бір дінсіздік, бұл да бір есеп, немесе тіпті одан да жаман. Иланыңыз, менің осыны айтуға правом бар, мен сол право үшін көп төледім. Және, егер сіздің тәңіріңіз...

Осы сәтте Лаврецкий байқаса, Леночка мен Шурочка Лизаның қасына кеп, бұған үнсіз түрде тандана қарап қалған екен. Лаврецкий Лизаның қолдарын босатты да, жылдам ғана сөйлеп, “маған кешірім етіңіз, тілеуіңізді берсін”,— деді де, үйге қарай жөнелді.

Кейін Лизаға қайта оралып:

– Тек сізден бір-ақ нәрсе сұраймын, шапшаң шешпеңіз, сабыр етіп, менің айтқанымды ойлап қана алыңызшы. Тіпті менің айтқаным сенбеген болсаңыз, ерге тигенде есеппен тиер болсаңыз, сонда да сіздің тиетініңіз Паншин мырза емес; ол сіздің еріңіз бола алмайды... Шын емес пе, сіз маған асықпауға уәде бермеп пе едіңіз?

Лиза Лаврецкийге жауап берейін деп еді, бірақ бірауыз сөз айтпай қалды, онысы “асығуға” бекінгеннен емес, жүрегі сонша қатты соғып, қорқыныш сияқты бір сезім тынысын тарылтқандай болып еді.

XXX

Калитиндерден кете беріп Лаврецкий Паншинге кездескен еді; екеуі біріне бірі салқын ғана бас изесті.

Лаврецкий өзінің пәтеріне қайтып, есігін бекітіп алды. Бұрын басына түсіп көрмеген сезімдер толқытқандай. “Тыныштықпен сірескендей” күй кеше ғана мұның басында емес пе еді? Кеше ғана өзі айтқандай, бұл өзін су түбіндемін демеуші ме еді? Енді мұның жайын не өзгертті? Не нәрсе тұңғыықтан алып шықты? Кәдімгі дағдылы, әр кезде оқыс көрінетін өлім бе? Я, бірақ бұл әйелінің өлімін, өзінің азаттығын ойлаудың орнына Лизаның Паншинге беретін жауабы туралы ойланды. Өзінің сезуі бойынша, соңғы үш күн ішінде Лизаға бұл басқаша қарай бастады; түн тыныштығында үйіне қайтып келе жатып ол туралы ойланып, өзіне өзі “егерде...” дегенін есіне алды. Сондағы “егердесі” өткеннің түзелмес бір түйініне арналған болса да, өз ойындай боп шықпаса да, енді мұның өзінің азаттығы жеткілікті емес екен. Ішінен ойланып, “қыз шешесінің тілін алады”, – деп және “Паншинге тиеді; егер тимей, көнбей қойса да, мен үшін бәрібір емес пе?” – деп ойлады. Айнаның алдынан өтіп бара жатып өз жүзіне көз тастады да, иығын көтерді.

Осындай ойлармен күн тез өтті де, кеш те батты. Лаврецкий Калитиндерге жөнелді. Жүрісі шапшаң болса да, үйге жақындағанда баяу басты. Сыртқы есік алдында Паншиннің ат-арбасы тұр екен. “Ну, өзімшіл болмайын” деді де, Лаврецкий үйге кірді. Үйде ешкімді кездестіре алмады, қонақ бөлме де тыныш екен; сонда кіргенде пикет ойнап отырған Марья Дмитриевна мен Паншинді көрді. Паншин бұған үнсіз бас иіді, үй қожасы әйел дауыстап “бәрекелді, күтпеген сый!” – деді де, сәл қасын түйді, Лаврецкий оның қасына отырып, қарай бастады.

– Сіз пикетті білуші ме едіңіз? – деп әйел бұдан сұрады да, құпия мұң аралас ажармен өзінің ұтылғанын білдірді.

Паншин тоқсанға дейін санап, сыпайы салмақпен өзіне тиісті алымын ала бастады; жүзінде салқын маңғаздық бар. Дипломанттар осылай ойнау керек; тегі, Петербургте әлдеқандай мықты ұлықпен ол осылай ойнап, өзінің салмақты адам екенін осылайша танытатын шығар. “Жүз бір, жүз екі қызыл айыр, жүз үш”, – деп санаған дауыс қана естіледі; сол дауысының үнінде кінә бар ма, ризалық бар ма, оны Лаврецкий айыра алмады. Паншиннің және де салмақта-нып, карта сапыра бастағанын байқады да, Лаврецкий:

– Марфа Тимофеевнаны көруге бола ма? – деді. Паншинде қазір суретші дерлік елес те қалмаған-ды.

Марья Дмитриевна Лаврецкийге жауап қатып:

– Көруге болатын шығар деймін. Ол жоғарыда, өзінде, біліңіз – деді.

Лаврецкий жоғарыға кетті. Марфа Тимофеевна да карта ойнап отыр екен, ол Настасья Карповнамен бес карта ойнап отыр. Роска Лаврецкийге үрсе де, кемпір мұны көңілді қарсы алды; әсіресе Марфа Тимофеевна жақсы күйде екен.

– А, Федя, рақым ет, отыр, менің әкем! Біз қазір бітіреміз. Варенье жейсің бе? Шуручка, бүлдірген банкесін әкелші. Жегің келмей ме? Ну, онда жай отыр, тек темекі тартпа; сол темекілеріңе төзе алмаймын және одан Матрос та түшкіре береді.

Лаврецкий темекі тартпақ ниеті жоқ екенін шапшаң мәлім етті. Кемпір бұған қарап сөйлеп отыр.

– Төменде болдың ба? Онда кімді көрдің? Паншин әлі секиіп отыр ма? Лизаны көрдің бе? Жоқ дейсің бе, ол осында келмекші еді, ә, өне өзі де: “кімді айтсаң сол келеді”.

Лиза бөлмеге кіріп, Лаврецкийді көрді де, қызарып кетті.

– Мен сізге бір-ақ минутке, Марфа Тимофеевна, – дей беріп еді...

Кемпір жарыса сөйлеп:

– Неге бір минутке? – деді. – Бұл немене, осы сендер, жас қыздар сондай орнықсыз боп кеткенсіздер. Көресің бе, менде қонақ отыр: мұнымен бірдеме десіп алдандырсаңшы.

Лиза орындықтың шетіне ғана отырып, Лаврецкийге қарағанда, өзінің Паншинмен кездесуі немен тамам болғанын бұған айтпасына болмайтынын сезді. Бірақ қалай істесе екен?

Ол бір ұялып, бір қысылды.

Бұл адаммен танысқанына көп болды ма, мұның өзі болса шіркеуге сирек баратын, әйелінің өліміне салқын қарайтын адам, енді оған Лиза өзінің құпия сырын айта ма... Рас, ол бұған ниеттес; бірақ сонда да өзінің таза, жас қыз бөлмесіне әлдебір бөтен жан кіргендей ұяла береді.

Марфа Тимофеевна енді жәрдемші болды.

– Мұны сен алдандырмасаң, сорлы жанды кім алдандырады? Мен бұған кәрімін, ол маған тым ақылды. Ал Нас-тасья Карповна үшін ол кәрі, жас болмаса ондайды тіле-мейді.

– Федор Ивановичты мен немен алдандырамын, ол тіле-се мен әлде фортепьяно ойнайын ба, – деп Лиза қорғана сөйледі.

– Өте тамаша, сен менің ақылдымсың ғой, – дей түсіп Марфа Тимофеевна, – төменге барыңдар, қарашықтарым, кейін қайта келіндер! Ал мен болсам, қалып қойдым, со-ған өкінгеннен ұтқым келеді, – деді.

Лиза түрегелді. Лаврецкий оның соңыннан ерді. Басқыштан түсіп келе жатып Лиза тоқтай қалды.

– Жүрек толы қайшылық деп дұрыс айтысады екен. Сіздің мысалыңыз мені махаббатпен қосылған өмірден сес-кентсе керек еді, ал мен...

Лаврецкий жарыса:

– Сіз одан айныдыңыз ба? – деді.

– Жоқ, бірақ көнгем де жоқ. Мен оған бар сезгенімді, барымды айттым да, тоса тұруын сұрадым. Сіз ризасыз ба? – деп, ол шапшаң ғана жымыды да, жүгіріп түсті. Фортепьяно қақпағын көтеріп жатып ол:

– Сізге мен нені ойнасам екен? – деді.

– Не тілесеніз, соны! – деді де, Лаврецкий қызды анық көріп отыратын жайға орналасты.

Лиза ойнай бастағаннан ұзақ уақыт бойына өз саусақ-тарынан көз алмады. Бір шақта Лаврецкийге қарап еді, оқыс тоқтай қалды; жігіт жүзі сондай ғажайып және таң-тамаша боп көрінді.

– Сізге не болды? – деп еді. Лаврецкий:

– Жай, маған сонша жақсы; сіз үшін шатпын, сізді көру-ге шатпын, ойнай беріңіз! – деді.

Сәлден соң Лиза сөйлеп:

– Менің байқауымша, ол мені анық жақсы, көрсе анау хатты жазбас еді, менің оған енді жауап бере алмайтыным-ды сезуге міндетті еді, – деді.

– Онда мән жоқ, – деп сөйлеп Лаврецкий, – мәннің бәрі сіздің оны сүймейтіндігіңізде! – деді.

– Қойыңызшы, осы неғылған сөз! Маған ылғи сіздің марқұм әйеліңіз елестейді де, өзіңізден шошынамын!

Осы кезде Марья Дмитриевна Паншинге:

– Байқаңыз, Вольдемар! қандай жақсы ойнайды, қызым Лизет! – деді.

– Я, өте сүйкімді! – деді Паншин.

Марья Дмитриевна ойнаушы жігітке нәзік жүзбен қарағанда, анау бұрынғысынан да қоразданып, салмақпен зілденіп, он төрт корольді жариялады.

XXXI

Лаврецкий жас адам емес-ті; ал бұған Лиза әсер еткен сезім жөнінде алдануға мүмкін емес еді; осы күні өзінің қызға ғашық болғанына анық көзі жетті. Бірақ бұл наным әкелген қуаныш шағын еді. Өзінің ойында: “Тағы да отыз бес жаста басқа іс таба алмай, жанымды әйел қолына берем бе, бірақ Лиза анау емес: бұл менен ұят құрбандық тілемейді, менің кәсібімнен де жырақтатпайды; ол мені адал, салмақты еңбекке шабыттандырар еді; сөйтіп екеуміз де алға, ғажайып мақсатқа қарай беттер едік. Я, – деп ол өзінің ойын қорытып, – мұның бәрі жақсы-ау, жалғыз-ақ маған тигісі келмейтіні мәңгілік байлау ғой. Менен шошынамын деп текке айтты дейсіз бе. Соның орайына ол Паншинді де сүймейді... Әлсіз жұбаныш!” – деді.

Лаврецкий Васильевскіге қайтты; бірақ онда төрт күнге де төзе алмай, соншалық іші пысты. Бір нәрсені күту қажытқандай: Жюль мырзаның айтқан хабарын анықтауды тілейді, бұл болса бірде-бір хат та алған жоқ. Сөйтіп, қалаға қайтып келіп, кеш бойы Калитиндерде отырды. Марья Дмитриевнаның әлденеден бұған қарсы көңілде екендігі байқау қиын болған жоқ; бірақ әйелді мейірлендіріп, пикет ойыны кезінде он бес сом ұтқызды да, Лизамен жарым сағаттай оңаша болуға үлгірді, қызға шешесінің осыдан бұрын сондай күлкі жайлары көп адаммен оңаша ашына болуға қажет емес дегені бұл екеуіне бөгет бола алмады. Қыз біраз өзгеріп қалғандай екен: бұрынғыдан көбірек ойланатын тәрізді, мұның келмегенін кінә қып сөйледі және келесі күні таңертеңгі намазға шіркеуге бірге бармайсыз ба деп сұрады (келесі күні жексенбі еді). Жігіт жауап бергенше, ол өзі сөйлеп:

– Барыңыз, екеуміз қаза болған адам үшін дұға оқиық! – деп тұрып, содан әрі Паншинді енді мұның өз байлауын күткізу керек пе, жоқ па, сол туралы өзінің не істеуге білмейтінін айтты.

– Неліктен? – деп сұрап еді Лаврецкий.

– Себебі байлаудың не болатыны мәлім сияқты! – деп қыз жауап берді.

Содан соң, басым ауырды деп Лаврецкийге баяу түрде саусақтарының ұшын ғана созды да, жоғарыға кетті.

Келесі күні Лаврецкий таңертеңгі намазға барды. Бұл кезде Лиза шіркеуде екен. Сырт айналмай-ақ ол мұның келгенін байқап қалды. Ол ынтасымен жалбарынып тұр екен, көзінде баяу шұғыла бар, басы да жай ғана иіліп, жай ғана көтеріле түседі. Жігіттің байқауынша, қыз бұл үшін де жалбарынып тұрғандай, сондықтан жанын ғажайып бір мейір кернегендей болды. Өзі, бір жағынан, рахаттанып, екіншіден, ұялғандай. Сапта тұрған халық, таныс жүздер, үйлескен ән, ладан иісі, терезелерден түскен мол сәуле, шіркеу қабырғаларының биікке созылған қоңырқай күйлері – бәрі де жүректі шіміркентеді. Бұл көптен шіркеуде болмаған, тәңірісін де көптен ойламаған болатын, қазірде де ешбір дұғалық сөз айтқан жоқ, тіпті жалбарынған да жоқ; бірақ көңіл қалпында денесімен болмаса да, ой-ынтасымен бір сәтке басын сәждеге қойып, мүләйімдікке түскендей болды.

Бала күніндегісі есіне түсті, бұрын шіркеуде ол маңдайына бір леп соққандай болғанға дейін жалбарынатын; ол кезде қамқор періште өзімді кінәсыздар қатарына қосты деп ойлайтын. Бір сәтте Лизаға қарап... Ішінен “мені мұнда өзің әкелдің ғой”, “жанассаңшы, жаныма жанасшы” дегендей болды.

Қыз әлі де баяу ғана жалбарытуда; жігітке оның жүзі қуанышты тәрізді; сол мұны елжіретті де, оның жанына тыныштық бер, өзіме кешірім ет деген тілек айтты.

Екеуі шіркеу баспалдағында кездесті; қыз бұған көңілді және еркелі салмақпен амандасты. Шіркеу қорасында жас шөпті және шұбартқан көйлектер мен әйелдер орамалдарын күн әсем жарқыратып тұрды. Биікте жақын шіркеудің қоңыраулары қаңғырлайды, құймаларда торғайлар шырылдайды. Лаврецкий бас киімін кимей күле қарап тұр; баяу

жел оның шашын қыбырлатып, Лиза шляпасының ленталарын қозғайды. Лиза мен оның қасындағы Леночканы күймелеріне апарып отырғызып, қалтасындағы бар ақшасын қайыршыларға беріп, Лаврецкий жай басып үйіне қайтты.

XXXII

Федор Иванычка ауыр күндер туды. Ол үнемі безгек ауруы бұған кісідей. Әр күн ертемен почтаға барып, хаттар мен журналдарды асығып, ақтармалап қараса да, бірде-бір кезде анау суық хабарды растаған белгі болмады. Кей уақыт өзіне өзі жиренішті көрінетін: “Бұл немене, мен бір қара қарғадай өз әйелімнің өлімін, қанын тілегендей болғаным ба?” деп ойлайтын.

Калитиндерге ол күнде барады, бірақ онда да жеңілдік таппады: үй қожасы әйел бұған наразыдай, амалсыз қабылдаған тәрізді; Паншин өте-мөте әдепті жүзбен қарағандай болады; Лемм болса бір мұңға батқандай, мұнымен зорға амандасады, ал бәрінен қиыны, Лиза бұдан қашатын тәрізді. Кейде екеуі оңаша қалса, бұрынғы иланғыштық орнына енді бір қысылу пайда болғандай; қыз бұған не айтарын білмегендей, бұл болса бірденеден ұялғандай. Ал аз күн ішінде Лиза бұған мәлім қалпынан өзгеріп кетті: оның қозғалысында, даусында, тіпті күлкісінде де жасырын бір мазасыздық, бұрын болмаған өзгеріс бардай.

Марья Дмитриевна анық өзімшіл адам болғандықтан түкті сезген жоқ; бірақ Марфа Тимофеевна өзі сүйетін қызға қадалып қарай бастап еді. Лаврецкий Лизаға анау журналдың нөмерін көрсеткені үшін өзін сан рет кінәлады: мұның көңіл күйінде таза сезімі бар адамды түршіктіргендей жағдай болғанын ол сезбеске мүмкін емес еді.

Лизаның өзгерісін ол өзімен өзінің алысуынан және Паншинге қандай жауап беру жөнінде күдіктенуден болған деп ойлады. Бір күні бұл берген Вальтер Скоттың романын қыз мұның өзіне әкеліп берді. Жігіт:

– Бұл кітапты оқыдыңыз ба? – деп сұрап еді, қыз:

– Жоқ, кітапсыз да маған жеткілікті! – деп кеткісі келді.

– Бір минут тоқтаңыз, мен сонша көптен бері сізбен оңаша бола алмадым. Өзіңіз менен қорыққан тәріздісіз ғой?

– Я.

– О, неден, жаным-ау? – Білмеймін.

Лаврецкий сәл үндемей қалып, кейінірек:

– Айтыңызшы, сіз әлі бекінген жоқсыз ба? – деді. Қыз көзін төмен қаратқан қалпында:

– Сіз не айтпақ боласыз? – деді.

– Сіз мені түсініп тұрсыз ба?..

Лиза тез қып-қызыл боп кетті. Қызына сөйлеп:

– Менен ешнәрсе сұрамаңыз, мен түк те білмеймін, мен өзімді өзім де білмеймін! – деді. Және ол сол арада жөнеліп кетті.

Келер күні Лаврецкий Калитиндерге түстен кейін келгенде, олардың кешкі намазға әзірленіп жатқанын білді. Ас ішетін үйде төрт бұрышты үстел үстінде таза асжаулық үстінде қабырғаға сүйелген, алтын қоршауы бар, асыл таспен безендірген, кішілеу икондар тұр екен. Сұр фрак пен башпақ киген қарт малай асықпай басып келіп, икондар алдында жіңішке шамдалдарға орнатқан шамдарды қойып, шоқынды да, иіле түсіп, ақырын шығып кетті. Жарығы жоқ қонақ үй бос тұр. Лаврецкий ас ішетін бөлмеде біраз жүрді де, “біреудің туған күні ме?” – деп сұрады.

Оған біреу сыбырлап, “жоқ” десіп, “кешкі намазды ұйғарған Лизавета Михайловна мен Марфа Тимофеевна” десті; ғажайып иконды көтермек екен, бірақ ол отыз шақырымдағы бір ауруға алып кетіліпті. Сәл уақытта дьякондар мен поп келді, бұл жас емес, үлкен қасы бар адам екен. Ауыз бөлмеде ол қатты жөткіргенде әйелдердің бәрі кабинеттен шұбатыла шығып, поптан бата алуға ұмтылысты; әйелдерге Лаврецкий үнсіз иілгенде, олар да бұған үндемей бас изесті. Поп біраз тұрып, тағы жөткіріп, жуан даусымен ақырын ғана:

– Бастауға бұйырасыз ба? – деді. Марья Дмитриевна:

– Бастаңыз, хазірет! – деді.

Поп киініп, әзірлене бастады. Дьякон жағымпаздана сөйлеп, кішкене көмір сұрады; тұтанған ладанның иісі шықты. Ауыз бөлмеден қызметкер әйелдер, малайлар шығып, тұтасқан топ болып есік алдына тоқтасты.

Жоғарыдан әсте түспейтін Роска қазір ас ішетін бөлмеге кеп, қуса да кетпей қойды, бір малай оны қолтығына қысып алып кетті. Кешкі намаз басталды. Лаврецкий бір бұрышта тығылып тұрып қапты: көңіл сезімі ғажайып мұнды тәрізді, өз сезімін өзі дәлдеп айыра алмағандай.

Марья Дмитриевна жұрттың алдында тұр еді; ол нәзік солғын ғана қозғалыспен шоқынады да, біресе айнала қарап, біресе көзін жоғары қаратады, іші пысқан адамдай. Марфа Тимофеевна мазасызданған тәрізді; Настасья Карповна сәжде қылып, мүләйім жүзбен ақырын сыбырлай көтеріледі; Лиза бір тұрған қалпынан, бір орыннан селт етіп қозғалған жоқ; жүзінің салқындығына қарағанда, ол барынша ыстық жанмен жалбарынған тәрізді. Намаз біткенде кресті сүйіп, сонан соң поптың қып-қызыл қолын да сүйді. Марья Дмитриевна попты шай ішуге шақырды; ол сыртқы сәнді киімін шешіп, шырайы жылынып, әйелдермен бірге қонақ бөлмеге келді. Онша көңілді болмаса да, сөз басталды. Поп төрт шыны шай ішті, маңдайының қасқасын сүрте бастады. Авошников деген көпестің шіркеу күмбезін бояуға жеті жүз сом бергенін айтты және беттің секпілін кетіретін емнің жайын сөйледі.

Лаврецкий Лизаның қасына отырып еді, бірақ қыз сонша қатал, салқын қалыпта, бұған бір рет қараған да жоқ. Әдейі байқамаған кісі сияқты, жүзіне бір паң салтанат, салқын күй жиғандай. Неліктен екені мәлімсіз, әйтеуір, Лаврецкийдің күлгісі, әлдебір әзіл айтқысы да келіп еді, бірақ жүрегінде қысылу болғандықтан іштей таңданды да, ақыры кетіп қалды... Өзінің сезуінше: Лизаның басында бұл сырын біле алмаған бір күй болған тәрізді.

Келесі жолы Лаврецкий қонақ үйде Гедеоновскийдің жағымпаз, бірақ икемсіз сөздерін тыңдай отырып, бір шақта артына айналып қарағанда, Лизаның бұған қарап отырған көзінде әлдебір терең, ықыласты сұрақ белгісін байқағандай болды... Ол жұмбақ көздер бұған ғана қадалғандай. Лаврецкий кейін түн бойы осы көзқарастың жайын ойлаумен болды. Ол балаша сүйген емес, күрсіне қиналу бұған қонбайды да және Лиза да ондай сезім тудырмайды; бірақ махаббат әр жасқа өзінің ғазабын салады, бұл соны толығынан өз басынан кешіріп жүр.

XXXIII

Бір шақта Лаврецкий дағдысы бойынша Калитиндерде отыр еді. Адамға ауыр, ыстық күннің соңынан ғажайып кеш келді де, Марья Дмитриевна өзінің қарсы желді жек көретініне қарамай, бақшаға шығатын барлық есік-терезені ашқызып, карта ойнамайтынын айтып, мұндай шақта табиғатты қызықтамай, карта ойнау күнә, – деді.

Қонақ жалғыз Паншин болатын.

Кеш шабыттандырса да, Лаврецкийдің алдында ән салғысы келмей, бірақ көркемдікті сүйген сезімін және де ірке алмай, Паншин поэзияға берілді: Лермонтовтың бірнеше өлеңдерін керексіз нәзіктікпен оқыса да, жалпы тәуір оқып шықты (бұл шақта Пушкин қайтадан модаға кірмеген кез болатын).

Паншин бір сәтте өзінің сезімталдығынан ұялғандай боп, “ой” өлеңі турасында жаңа буынды сынап, кінәлай бастады және өзі болса әкімшілік қолына тисе, бар дүниені басқаша өзгертетінін де айтып үлгірді, өзінің сөзінде ол “Россия Европадан артта қалды; алдыңғыны қуып жету керек. Бізді жас дейді – ол жалған; бізде және тапқырлық жоқ; X-в-тің өзі айтуынша, біз тіпті тышқан қақпанын да ойлап шығарған емеспіз. Ендеше, біз амалсыздан өзгеге еліктейміз. Лермонтов біз дерттіміз дейді, мен сонысына қосыламын, дерттіміз – жартылай ғана европаландық; неден мертліксек, сонымен емденуіміз керек (кадастрмен ғой деп ойлады Лаврецкий). Паншин сөйлеп отыр: біздегі жақсы ойлаушылардың көбінің көзі жеткен; анығында бар халықтар бірдей, жақсы кеңселер ғана орнатыңызшы, іс тамам болады. Және халықтың қалыптанған салтына да үйлесу керек болар, ол біздің ісіміз (мемлекет адамының ісіміз дей жаздап барып), біздей қызметкерлердің ісі; бірақ қажет болғанда қорықпаңыздар, кеңселердің өзі сол салтты өзгерте алады, – деді.

Марья Дмитриевна Паншинге сүйсініп бас изеп отыр. Өз ішінен “менің үйімде қандай ақылды адам сөйлеп отыр” дегендей. Лиза терезеге сүйеніп үнсіз отыр; Лаврецкий де үндеген жоқ; бұрынғыша өзінің дос әйелімен карта ойнап отырған Марфа Тимофеевна бір нәрсені жақтырмай күбірлеп сөйлеп қалды; Паншин бөлме ішінде арлы-берлі

жүріп, сұлу сөйлегенде ішінде құпия ыза бар сияқты; тегі, бар буын емес, өзіне белгілі бірнеше адамды ғана кінәландырайды.

Калитиндер бақшасында үлкен бір түп сирень арасында бұлбұл болатын. Жаңағы шешен сөздің араларында бұлбұлдың кешкі, алғашқы үндері естіле тұрған. Қабырғасы үйеңкілердің биік бастарынан жоғарыда, қызғылт аспанда алғашқы жұлдыздар көрінді.

Лаврецкий түрегеліп, Паншинге қарсы сөйлеп, дау басалды. Лаврецкий Россияның жастығы мен өздігін қорғап сөйледі; өзі мен өзінің буынын құрбандыққа берсе де, жаңа адамдар мен олардың жаңа наным, талабы турасын қорғай сөйледі; Паншин ызалана қатаң жауап берді, ақылды адамдар бар дүниені жаңғырту керек деді және шектен асып, өзінің камер-юнкер дәрежесін, чиновниктің шен құмарлығын ұмытып, Лаврецкий артта қалған консерваторлар деп және де алыстан орағытып тұспалдап, мұның қоғам ішіндегі орнын жалған дегісі келді.

Лаврецкий ашуланған жоқ, ол Михалевичті есіне алып, соның да мұны артта қалған – бірақ вольтериянец дегенін еске ала отырып, салмақпен сөйлеп, Паншинді бар мәселеде жеңіп шықты. Ол секіріп өсудің мүмкін емес екенін айтты және өзімізшіл чиновниктердің биікте тұрып асқақтықпен өзгертем дегеніне болмайтын-ды, өйткені ол чиновниктер туған жерін білмейтін, ешбір дүниеге сенімі жоқ жандар екенін айтты; мысалға өзінің тәрбиесін алып, халық шындығы барын және соған бағынудың талабын айтты; бұл бағыну әрбір батылдың, жалғанға қарсы батыл болатынын білдірді; және де уақыт пен қуатты жауапсыз жеңіл шығын ету жолындағы кінәнің орынды болатынын айтуды да ұмытқан жоқ.

Кейін Паншин қапаланған күйде сөйлеп:

– Ал бәрі жақсы болсын! Мысалы, сіз Россияға қайтыңыз, сіз не істемек боласыз? – деді.

Лаврецкий:

– Жер айдаймын және шамам жеткенше жақсы айдауға тырысамын! – деді.

– Бұл өте мақтаулы, даусыз нәрсе. Бұл жөнде сіз үлкен өнер тапты деп те айтысты, бірақ білесіз бе, мұндай кәсіпке жүрттың бәрі қолайлы келе бермейді...

Осы кезде Марья Дмитриевна жартылай французша:
– Сізде ақын табиғаты бар, әрине, жер жырта алмайсыз және де, Владимир Николаевич, сіз ұдайы зор нәрселерді істеуге арналғансыз! – деді.

Бұл тіпті Паншинге де өрескел жай еді: ол қысылып қап, сөзді доғара берді. Әңгімені аспанның сұлулығына, Шуберт музыкасына бұрып көріп еді, ендігі сөздер жабыспалды. Ақыры ол Марья Дмитриевнаға пикет ойнайық, – деді.

– Қалайша, осындай кеште ме? – деп әйел күдік айта бастаса да, ақыры картаны әкелуге бұйырып еді.

Паншин жаңа калоданы қатты жұлып, жыртып ашып жатқанда, Лиза мен Лаврецкий уәделескендей қатар түрегеліп, Марфа Тимофеевнаның қасына барысты. Бір сәтте екеуіне де ендігі жай сонша жақсы көрініп, бірақ оңаша қалудан екеуі де қорқысқандай болып және сонымен бірге соңғы күндерде болған қысылу, ыңғайсыздық енді біржолата қайта оралмастай боп жойылғандай еді. Кемпір елеусіз түрде өзгеге байқатпай Лаврецкийдің бетін сипады да, көзін қулықпен қыса түсіп, басын шайқап сыбырлап: “ақылды немені сойдың ба, рақмет” – деді.

Бөлмеде тып-тыныш, оқта-текте балауыз шамның сытырлағаны және қолдардың столға соққаны, карта ұтысының сандары ғана естіледі және де терезелерге сырттан кірген дымқыл салқынмен аралас ғажайып қуатты, соншалық зор үнді бұлбұл жыры естіліп тұр.

XXXIV

Лаврецкий мен Паншин дауының кезінде үндемесе де, Лиза бар ықыласымен олардың сөзін тындап, өзі Лаврецкий жағында болған еді. Бұл саясатпен аз шұғылданатын, бірақ бекзадасыған чиновниктің асқақ үнінен ол жиренетін (қазір сол чиновник бұрын көрінбеген бар қалпында байқалды); оның Россиядан жиренуі Лизаға қорлықтай көрінді. Қыз өзін отаншылмын деп ойлап көрген емес еді, бірақ орыс адамдарын ол жан тартатын; орыстың ойы оны қуантатын; ол өзін бекзадамын демей-ақ, паңсымай-ақ шешесінің мүлкін басқаратын староста қыстақтан келген-

де бірнеше сағат бойында сөйлесе беретін. Лаврецкий осының бәрін сезуші еді; жалғыз Паншинге ол жауап та қатпас еді, ол Лиза үшін сөйлеген. Бұл екеуі бір-біріне ешнәрсе айтпаса да, тіпті көздері де сирек қарасса да, екеуінің түсінгендері, сүйгендері мен сүймегендері бірдей екенін білісті. Бір-ақ нәрседе екеуінің шалғайлығы бар: Лиза жігітті құдайына да дұрыс табындырамын деп құпия үміт ететін. Екеуі Марфа Тимофеевнаның қасында оның картасына қарап отыр, анығында оның ойынын да аңдып отырысқандай; ал шынында әрқайсысының кеуделерінде жүректері ұлғая түскендей; бұлар үшін бір нәрсе де мәнсіз жоғалып жатқан жоқ, бұлбұл бұлар үшін сайрап тұр, жұлдыздар бұлар үшін жанады, жаз рахатымен жылылықта ұйқыға қалғып бара жатқан ағаштар да бұлар үшін баяу сыбырлағандай болысады.

Лаврецкий өзін билеген толқынға барынша бағынып, қуанады; бірақ таза жанды қыз кеудесінде не боп тұрғанын айтуға сөз жетпейді: ол қыздың өзіне де жасырын, құпия; ендеше, өзгелер үшін де ол жасырын боп қала берсін. Тегінде, тірлікке, гүлдеуге арналып нәр жиып жер құрсағында пісе бастаған дәннің қалай өзгергенін ешкім көрген, ешкім ешбір шақта білген емес еді ғой.

Сағат онды соқты. Марфа Тимофеевна мен Настасья Карповна жоғарыға кетісті; Лаврецкий мен Лиза екеуі бөлмеде сәл жүрісіп, бақшаға шығатын есіктің алдында тоқтасып, қараңғы тартқан жыраққа, содан бір-біріне бұрыла қарасты да, қатар жымиысты; бір-бірінің қолын ұстап, барды айтысып, ұғысар тәрізді еді. Екеуі де Марья Дмитриевна мен Паншинге келгенде, пикет ойыны ұзаққа созылған екен. Соңғы “король” біткенде барып, үй қожасы орнынан қозғалды да, айналасын қоршаған жастықтарды жерге төге түрегелді. Паншин шляпасын алып, Марья Дмитриевнаның қолын сүйіп, кейбір бақыттылардың ұйықтауына, немесе түнді тамашалауына бөгет болмаса да, мұның таңға шейін қырсық қағаздармен айналысуы міндет екенін айтты. Лизамен салқын амандасып (өзінің тілегіне қыз тоса тұруды сұрайды деп ойлаған жоқ еді, сол себепті Лиза өкпелі болатын), енді жүріп кетті. Оның соңынан Лаврецкий де кетті. Екеуі қақпа алдында айрылысқан еді; Паншин өзінің көшірін

қолындағы таяқпен мойынға түртіп оятып, күймесіне мініп, жортып кетті. Лаврецкий үйге қайтқысы келмеп еді, ол қаладан шығып, далаға қарай тартты.

Түн тыныш, ай болмаса да, жарық екен; Лаврецкий шық түскен шөпті басып ұзақ жүрді; бір уақытта тар ғана жалғыз аяқ соқпақ кездесіп, соған түсіп кетіп еді, сол соқпақ бір ұзын құймаға, содан қақпаға әкелді; не үшін екенін өзі білместен, бұл қақпаны түртіп еді, қақпа сықыр етті де, ашыла берді, дәл бір мұның қолы тиюін тосқандай. Лаврецкий бақшаға кірді. Бірнеше қадам жер жүріп, жөке ағаштың арасымен келе жатып, қайран боп тоқтай қалды. Мұнысы Калитиндер бақшасы екенін енді ғана білді.

Бұл жаңғақ ағашының қара көлеңкесіне шапшаң тайды да, өзіне-өзі таң болып, ұзақ уақыт қозғалмай тұрып қалды, “мынау тегін емес-ау!” деп ойлады.

Айнала тып-тыныш; үй жақтан ешбір дыбыс білінген жоқ. Бұл ақырын ғана ілгері басты. Аллеяның бұрылар жерінде енді барлық үй бұған өзінің қарауытқан бойымен түгел көрінді, жоғарғы екі терезеде ғана әлсіз жарық бар екен: біреуі Лизаның бөлмесінде, ақ перденің ар жағында шам жанғандай және Марфа Тимофеевнаның бөлмесінде икондар алдындағы кішкене шамдар қызыл сәуле төгіп, икондардың жиегін жарқыратады, төменде балкон есігі шалқасынан ашық екен. Лаврецкий ағаш орындыққа отырып, қолын бүйіріне таянып, сол ашық есіктен Лизаның терезесіне қарап қалды. Қалада түн ортасының сағаты соқты. Үйде кішкене сағат жіңішке үнмен он екіні соқты, күзетші тақтайын тықылдатып жатыр, Лаврецкий ешнәрсені ойламай, ештеңені тоспай, тек қана Лизаның жақында екенін сезіп, оның көп отырған орындығында отырудан рахат тапты...

Лизаның бөлмесінде шам өшті. Лаврецкий сыбырлап “қайырлы түн, менің сүйіктім” деп, қараңғы тартқан терезеге көз алмай қадала қарап отырды.

Бір шақта жарық төменгі бір терезеден көрініп, одан екінші, үшіншіге ауысты... Біреу шам ұстап бөлмелерді ара-лап келе жатқандай. “Лиза ма, батыр-ау? Мүмкін емес...” дей түсіп, Лаврецкий орнынан тұрды... Мәлім жүз жылт еткендей болып, қонақ үйге Лиза шықты. Ақ көйлек ки-

ген, тарқатылмаған бұрымдары екі иығынан асылған қалпында ол үстелге ақырын басып тақап келіп, шамын қойып, еңкейіп бір нәрсені іздеп жүр; осыдан соң жүзін бақшаға бұрып, ашық есікке тақап, барынша аппақ, жеңіл ғана сымбатты қалпымен табалдырыққа басып тоқтай қалды. Лаврецкийдің бар денесі дір еткендей болды.

– Лиза! – деген шала-жансар сөз аузынан амалсыз шыққандай болды.

Қыз дір етіп қараңғыға қарай қалды.

– Лиза! – деп Лаврецкий қаттырақ айтты да, аллея көлеңкесінен шыға келді.

Лиза шошыған күйде басын созып кейін серпіле қалды да, жігітті тани қойды. Жігіт қыздың атын үш рет атап, соған қарай қол созып еді, Лиза есіктен бері шығып, бақшаға қарай басты.

– Сіз бе, сіз мұндасыз ба?

– Мен... Мен, тек қана тыңдаңызшы, – деп сыбырлап, Лаврецкий қыздың қолынан ұстап, орындыққа қарай бастады.

Қыз мұның соңынан қарсылықсыз ерді; оның ақшыл жүзі, қозғалыссыз көздері, бар қимылы ғажайып таңданғанын білдіруші еді, Лаврецкий мұны орындыққа отырғызып, өзі алдында тұрды.

– Менің келем деген ойым жоқ еді. Мені әкелген... Мен, мен... Мен сізді сүйемін, – деп, ол ықтиярсыз шошығандай сөйледі.

Лиза бұған ақырын ғана қарап, енді ғана, осы сәтте ғана өзінің қайда екенін, не болғанын аңғара бастағандай. Оның тұрғысы кеп еді, бірақ тұра алмай, екі қолымен бетін басты.

– Лиза, Лиза, – деп екі айтты да, Лаврецкий оның аяғына шейін иілді.

Лизаның иықтары дірілдеп, аппақ болған саусақтары бетіне барынша жабыса түскендей.

– Сізге не болды, – дей тұрып, Лаврецкий қыздың ақырын еңіреп жылағанын естіді, жүрегі тоназып кетті... Бұл жастың мәні не екенін ол түсінді.

– Шынымен мені сүйесіз бе? – деп сыбырлап барып, қыздың тізесіне қолын тигізіп еді:

– Тұрыңыз, – деген қыздың үні естілді, – тұрыңыз, Федор Иваныч. Бұнымыз не сіз екеуміздің?

Жігіт тұрып, орындыққа, қыздың қасына келді. Қазір қыз жылаған жоқ, бірақ жігітке өзінің жасты көзімен барықыласымен қарады.

– Мен қорқамын, біз не істедік? – деп қайта айтты.

– Мен сізді жақсы көремін, – деп бұл да өз сөзін қайталап, – мен сізге өз өмірімді беруге әзірмін, – деді. Қыз және дір етіп, бір нәрсе оны шаққандай болды да, аспанға қарады.

– Мұның бәрі тәңірімнің әмірінде, – деген еді.

– Сіз мені сүйесіз бе, Лиза! Біз бақытты боламыз ба?

Қыз көзін төмен түсірді; жігіт ақырын ғана қызды өзіне тартқанда, Лизаның басы мұның иығына құлай сүйенді... Лаврецкий өзінің басын сәл бұрды да, қыздың қазірде қаны қашқан ерніне сүйе жабысты.

Жарым сағат өткенде Лаврецкий қақпаға келіп еді, ол жабық екен, сондықтан қақпадан секіріп түсті. Қаланың ортасына қарай беттеп, ұйқылы көшелерді аралап келе жатты. Ойда жоқ ұлы қуаныш жанын кернегендей, бар күдік өшкендей. Өз ойында “бұрынғының сұм елесі, өш көзімнен, ол мені сүйеді, менікі болады” дейді. Сол сәтте аспанда, жоғарыда ғажайып бір әсем күй төгілді; бұл тоқтай қап еді, күй аспандап серпе түсті; сондай-ақ көркем, күшті тасқын тәрізді және барлық күй бұның үн салып тұрған бақыты сияқты. Жігіт жалт қарап еді, кішілеу үйдің жоғарғы қос терезесінен төгіліп тұрған күй екен.

– Лемм! Лемм, Лемм! – деп қайта-қайта қатты айғайлаған Лаврецкий үйге қарай ұмтылды.

Күй басылып қалды да, жеңіл киінген шалдың бойы ашық терезеге тақап келді. Кеудесі ашық, шаштары үрпиген бойда төмен қарады.

– Ага! Бұл сіз бе едіңіз! – деп шал салмақпен сөйледі.

– Христофор Федорыч, жаңағыңыз не деген ғажайып күй! Құдай үшін мені үйге кіргізіңізші.

Қарт бір ауыз сөз айтпастан салмақты қимыл жасап, сыртқы есік кілтін терезеден лақтырып тастады.

Лаврецкий жоғарыға жүгіре шығып, үйге кіре бере Леммді құшақтай алайын деп еді; бірақ анау бұған әмір

еткен жүзбен орындықты көрсетті де, орыс тілінде шолақ қайырып: “садитесь и слушать” деді де, өзі фортепьяно қасында отырып, айналаға асқақ салқын жүзбен қарап, ойнай жөнелді...

Бұған ұқсаған нәрсені Лаврецкий көптен естіген жоқ еді. Құмарлығы күшті тәтті күй ең алғашқы үннен-ақ жүректі қармайды; бұл сондай жарқыраған және бір шабыттан елтіген бақыт пен сұлулыққа толы күй; өсе түсіп еріп жатқандай, жер үстіндегі барлық қымбат дүниеге, құпия мінәжатқа – бәріне де арналғандай; мәңгі өлместік мұнымен тыныс алады да, өлмек үшін аспанға шырқап кетіп жатқандай. Лаврецкий тік басып тұрып алып, шаттанғаннан аппақ болып тоңазығандай. Мынау үндер бұның жанына жармаса араласады, ол махаббат бақытымен елтіген жан еді, бұл күйдің өзі де махаббатпен лаулағандай. Соңғы аккорд біте сала Лаврецкий сыбырлап, “тағы тартыңызшы” деді. Шал бұған қыранша көз тастап, кеудесін қақты, өз тілімен сөйлеп: “бұны мен шығардым, мен ұлы музыкантпын” – деді де, өзінің ғажайып шығармасын қайта ойнады. Үйде шам жоқ, жаңа көтерілген ай сәулесі терезеден қиғаштай түсіп тұр; сергек әуе үн салып аласұрады; кішкентай кедей бөлме мінәжат орнындай, күміс араласқандай көкшіл сәуле арасында шалдың басы шабыттты, сергек күйді білдіреді. Лаврецкий бұған тақап келді де, құшақтап алды. Лемм әуелі бұның құшағына шіміркенбей, қайта шынтағымен қаға берді. Қыбыр етпей тұрып, бірқалыпты салқын, қатаң қарап, екі рет қана “ага!” деді.

Кейін оның қатты құбылған жүзі тыныштық алып, бәскіл тартты. Лаврецкийдің жаңағы қуанышты құттықтауына орай қазір ол әуелі жымыды да, кейін балаша әлсіз өксіп жылап жіберді.

– Бұл ғажап, – дей түсіп, – дәл қазір келгеніңіз ғажап қой; бірақ мен білем, бәрін білем, – деді.

Лаврецкий қысылып қалды.

– Сіз бәрін білесіз бе?

– Сіз жаңа мені тыңдадыңыз, мен барды білетінімді түсінбей қалдыңыз ба?

Лаврецкий түн бойы ұйықтай алмай, таң атқанша төсек үстінде отырды. Лиза да көз ілмей дұға оқумен болды.

XXXV

Лаврецкий қалай өсіп, есейгенін оқушы біледі; енді Лизаның тәрбиесі туралы біраз сөз айталық. Әкесі өлгенде бұл он жаста болатын, тегінде, әкесі бұған айналысқан да емес еді. Жұмысбасты, баюға салынған, өзі ызакор, шыдамсыз, қатал әке оқытушылар мен тәрбиешілерге деген ақшаға сараң болмайтын, балалардың киімі мен өзге керегін де ірікпейтін, бірақ өз айтуынша, “шіңкілдектерді әлдилеуді” өлердей жек көретін, оларға алдануға уақыты да жоқ болатын; өйткені жұмысы көп, ұйқысы аз, оның үстіне, карта ойнап тағы жұмысына жөнелетін; бұл өзін молотилкаға жегілген атпын дейтін. Ол өлім сағатында кебірсіген еріндері қайғылы жымиып, “менің өмірім шапшаң шауып өтті-ау” деген еді.

Марья Дмитриевна жалғыз өзім балаларымды асырадым деп Лаврецкийге мақтанғанмен, Лизаға ол да аз айналысқан болатын, бұны қуыршақтай киіндіріп, қонақтар көзінше басынан сипап, көзінше ақылдысып, жаным деген болатын, бірақ бары сол ғана: жалқау ханым ұзақ қамқорлықтан қажы беретін. Әкесі барда Лиза Парижден келген Моро деген губернантика қыздың қолында болды; ал әкесі өлген соң Марфа Тимофеевнаның қарамағына ауысты. Бұл әйелді оқушы біледі; ал қыз Моро кішкентай ғана, торғайдай құбылған, торғайдай ғана ақылы бар құрысқан жан болатын. Ол жас шағында еркінше жүріп, қартая бере екі құмарлықты ұстап қалды: біреуі – тамақсаулық, біреуі – картақұмарлық. Тоқ кезінде карта ойнамайтын, көп мылжындайтын да – жүзі өлі кісідей тынышталып, тек қана отырып, қарап, тыныс ала беретін – басында бірде-бір ой қыбыр етпейтін тәрізденетін. Мұны тіпті қайырымды деп айтуға да келмейтін, өйткені құсты кім қайырымды дейді. Әлде жас шағын желікпен өткізгеннен бе, болмаса бала кезінде Париждің ауасын жұтқаннан ба, әйтеуір бұнда бір арзан сенімсіздік ұялаған, соның белгісі французша айтылған: “оның бәрі ақымақшылық” деген сөзден көрінетін. Теріс сөйлесе де, Париждің таза жаргонымен сөйлесуші еді, өсек айтпайтын, көп құбылғыш болмайтын – ендеше, губернантикаға одан артық не керек? Лизаға оның әсері аз тиді, сон-

дықтан оның асыраушысы Агафья Васильевнаның балаға деген әсері молырақ болды.

Ал бұл соңғы әйелдің тағдыры тамаша болатын. Өзі крестьян ортасынан шыққан, он алты жасында күйеуге беріліп еді, бірақ өзінің құрбылас крестьянка қыздарынан бұл мүлде бөлек болатын. Әкесі жиырма жыл староста болып, көп пұл жиып, қызын ерке қып өсірген. Бұл өзі тамаша сұлу және бүкіл өлкедегі бірінші кербез, ақылды сөзуар, батыл қыз болды. Бұлардың мырзасы, Марья Дмитриевнаның әкесі, жуас, момын Дмитрий Пестов бір шақта, егін басу үстінде бұл қызды көріп, барынша құмартып қалды. Бірақ әйел тез тұл қалды! Пестов үйленген әйел болғанымен, бұны өз үйіне кіргізіп, үй қызметкерлеріндей киіндірген еді. Агафья мәңгі осылайша тұрғандай өзінің жаңа халіне оп-оңай үйлесе кетті. Өзі ағарып, семіріп алды. Жұқа жеңінің астынан білінген қолдары көпестер әйелінің қолындай аппақ, жүп-жұмыр боп алды, үстелінен самауыр кетпеді, жібек пенен барқыттан басқаны киігісі де келмеді, жатқанда құс төсекке жататын. Осындай балқыған өмір бес жылға созылған соң Дмитрий Пестов қаза болды, оның тұл әйелі мейірімді ханым еді, күйеуінің әруағын аяп, күндесін қыспады, өйткені Агафья бұның алдында кішіліктен жазған емес-ті. Бірақ үлкен ханым бұны бір малайына күйеуге тигізді де, көз алдынан аулаққа жіберді. Содан үш жыл өтіп еді. Жаздың бір ыстық күнінде ханым өзінің мал қорасына келген еді, Агафья мұны сондай тамаша салқын қаймақпен сыйлап, өзін момын ұстап, бір жағынан тазалық танытып, барына риза көңілді көрінді, бұнысына ханым мейірленіп, кешірім айтып, енді үйге келіп жүруге рұқсат етті: одан алты ай өткен соң Агафья қайтадан қуат алып, тағы да семіріп, ағарып алды, ханым бұған біржолата сенді. Осылайша тағы бес жыл өтіп еді, бірақ Агафьяның басына тағы да сор орнады. Өзі лакей дәрежесіне жеткізген бұның күйеуі ішкілікке салынып, жоғалып кете беретін болды, ақыры мырзалардың алты күміс қасығын ұрлап, соңғы кезі жеткенше деп әйелінің сандығына тыққан еді. Бұл сыр білініп қалды. Еркектің өзін малқораға қайта айдап, Агафьяға да айып салысты, оны үйден қуып шықпаса да, “экономикалық” орнынан алып, тігінші етті және қалдақ орнына басына жай орамал тартқызды.

Жұрттың бәрін таң қылып Агафья өзінің бұл қорлығына мүләйім күйде көне қалды. Бұл шақта ол отыздан асып еді, бар баласы өлген, енді күйеуі де көп жасамады. Ой түсетін шақ жетті: оған ой түсті, ол үнсіз және намазқой болып алды, таңғы, түскі намаздың бірін босатпай, өзінің жақсы көйлектерінің бәрін жұртқа сыйлады, сөйтіп он бес жыл бойында жуас, момын, салмақты боп, ешкіммен ұрыспай, бар адамға жол бергіш болды. Біреу қатты айтса да, ол иілетін де, алғыс айтатын. Ханым бұны кешіріп, жазасын жойып, тіпті өз басындағы қалпағын да сыйлады. Бірақ Агафья орамалын алғысы келмей, үнемі қоңырқай көйлек киетін, ал ханым өлгеннен кейін ол тіпті момын, мүләйім боп алды.

Орыс адамы қорқып барып, тез үйреніседі, бірақ оның құрметтеуін табу қиын. Ол тез келмейтін және кім болса соған кез келмейтін мінез еді. Агафьяны үйдегінің бәрі қадірледі, оның бұрынғы күнәсін еске алған жан жоқ, тек қарт мырзамен бірге ол жайларды қабірге қоса қойғандай.

Марья Дмитриевнаны алған соң Калитин Агафьяны үй шаруасын басқарушы етпек еді, бірақ ол қызығудан аулақ деп көнбеді. Калитин бұған ақырса да, әйел бас иіп, төмен иіліп болды да, шығып кетті. Ақылды Калитин адамды түсінуші еді. Ол Агафьяны да түсініп, оны ұмытпайтын болды. Қалаға көшкен соң, Агафьяның ризалығы бойынша, Пестов Агафьяны Лизаға күтуші етті. Бұл кезде Лиза беске қарай басқан-ды.

Әуелі Агафьяның салқын салмақты жүзі Лизаны қорқытып еді, бірақ ол артынан тез-ақ жаңа күтушіні аса жақсы көріп, бұған үйреніп алды. Лиза өзі де байыпты бала болатын: оның жүзі тура салқын қалпында Калитиннің өзіне ұқсайтын, тек көзі ғана әкесінікіндей емес, балада сирек болатын мейірімді, момын ықыласты сәулесі білініп тұрды. Ол қуыршақ ойнамады, ақырын күлетін де, пандықты білмейтін. Жиі ойланбаса да, тегін ойламайтын: кейде үндемей қалып, ақыры үлкендердің біреуінен кейбір жайды сұрағанда, сезгені туралы бұның басында ой бар екені білінуші еді. Тілінің сақаулығы ерте қойылып, төрт жаста таза сөйлейтін болды. Әкесінен қорқатын, шешесіне деген сезімі анық емес, одан қорықпаса да, еркелемеуші еді: тегі,

өзінің жалғыз жақсы көрген адамы Агафья болса, оған еркелемек. Агафья бұдан айрылмайтын, екеуін оңаша көру ғажап болушы еді. Агафья бастан-аяқ қара киім киіп, балауыз шамдай аппақ жүдеу, бірақ, әлде де тамаша сұлу жүзіне, басына қара шөлі жамылатын, солайша тіп-тік отырып, байпақ тоқитын: бұның аяқ тұсында кішкентай орындықшада Лиза орналасып, о да бірдемені істеп, өзіне әңгіме айтқан Агафьядан көз алмай тыңдаумен болатын; Агафья бұған ертеқ айтпайтын: біркелкі, ырғақты даусымен ол әулие қыздардың өмірін айтады, құдайшыл, діндар, сопылар өмірін, әулие қыздар жайын Лизаға айтып, жапан түзде аштық, жоқтыққа шыдап, патшалардан қорықпай, Ғайсаның жолын тұтқанын айтатын. Оларға аспан құстарының азық әкеліп, жабайы аңдар бағынғанын баяндайтын; сол әулиелердің қаны тамған жерде гүлдер өскенін әңгімелейтін. Бір шақта Лиза өзінің гүлдерді жақсы көретін әдеті бойынша “ол сарфиол ма?” деп сұраған еді... Агафья Лизамен момын салмақпен сөйлесетін, өзі айтқан әулиелер, қасиетті сөздерді өзіне көпсінгендей болатын. Лиза бұны тыңдағанда бар жерде бар, барды білетін тәңірі сондай бір тәтті қуатпен бұның жанына кіргендей еді. Сөйтіп, бұны тазартып, тазалық қорғанышын ойлайтын. Ал Ғайса болса, бұның сондай жақыны, танысы, туғанындай көрінуші еді; Агафья бұны дұға оқуға да үйреткен; кейін Лизаны таңсәрісінен оятып, шапшаң киіндіріп, жасырын түрде таңғы намазға әкететін. Лиза аяғының ұшынан басып, демін де жасырып, оның соңынан еруші еді; алақөленкедегі таң салқыны, шіркеу ішінде адам аздығы және өздерінің жасырын жөнеліп, үйге сақтанып қайтуы, төсекке қайта жатуы – осындай барлық тыйым салынған жай мен діндарлық күйдің бәрі кішкентай қызды қобалжытып, оның өне бойын билегендей болатын. Агафья ешкімді кінәламаушы еді, Лизаны да тентектік үшін сөкпейтін. Бірдемеге риза болмаса, үндемей қалушы еді, Лиза сол үндемейтін мәнін түсінетін; сезімтал баланың жүрегімен Агафьяның Марья Дмитриевнаға немесе Калитиннің өзіне кейде наразы болған жайын да жақсы танитын.

Агафья Лизаны үш жылдан аса күтті, кейін оның орнына Моро қыз келді; бірақ өзінің дағдылы “оның бәрі

ақымақшылық” дейтін сөзімен, бар сөлекет әдеттерімен бұл жеңілтек француз әйелі Лизаның жүрегінен оның сүйікті күтушісін ұмыттыра алмады: Агафьяның еккен ұрықтары бұның жүрегінде терең тамыр жайған еді. Агафья Лизаға күтуші болмаса да, осы үйде қалғандықтан, кішкене қызбен көрісіп жүретін, бала болса оған бұрынғысынша сенетін.

Бірақ Калитиндер үйіне Марфа Тимофеевна келген соң, Агафья онымен сыйыса алмады. Шыдамсыз, өзімшіл кемпірге бұрынғы бәйбішесымақтың салқын салмақтылығы ұнамады. Агафья құдай жолына құлшылыққа барам деп, бір жолы сұранып кетті де, содан қайтқан жоқ: кейбір қараңғы сыбыстарға қарағанда, оны әлдебір сопылар тобына кетті десті. Бірақ Лизаның жанына ол салған із жойылмады. Ол бұрынғыша түскі намазға мейрамға барғандай барып, өзінше ұяң бір сабырмен рахаттанып жалбарынатын, бұнысына Марья Дмитриевна іштей таңғалатын, Марфа Тимофеевна болса, Лизаны қыспағанымен, оның өзгеше діндарлығын ірке беріп, болмаса жиі сәждә қылудан бөгей беретін, бұл ақсүйектер әдеті емес дейтін. Лиза жақсы оқыды, бірақ сабақ соңында көп отырушы еді: үлкен ақыл, үлкен зейінді бұған тәңірісі бермегендей, нені алса, көп еңбекпен алатын. Ол фортепьяноны жақсы ойнайды, бірақ сол ойнауы қаншалық еңбекке түскенін жалғыз Лемм ғана білетін. Кітапты аз оқушы еді, оның “өз сөзі” болмаса да, өз ойлары болатын, сондықтан өз жолымен жүріп келе жатыр еді. Әкесіне текке ұқсамаған, ол да өзінің не істейтіні жөнінде кісі ақылын сұрамаушы еді. Осылайша жай, баяу ғана өсіп, он тоғыз жасқа жетті. Өзі байқамай, тамаша сүйкімді жан боп шықты. Әрбір қозғалысында өзінен-өзі ыңғайсыз туғандай болса да, нәзік сұлулық болушы еді: даусы кінәсіз жастықтың күміс қоңырауындай шығатын, сәл ризалық белгісі сүйкімді түрде жымыған қалпын көрсететін, шамдай жанған көздерінде күпия еркелік пен терең бір сәуле байқалатын. Бар жаратылысында қарыздарлық сезім күшті болғандықтан, ешкімді ренжіткісі келмей, мейірімді мінезді жүрек танытатын, ол жұрттың бәрін жақсы көргенмен, ешкімді ерекше бөліп сүймейтін: оның ең нәзік қорқынышпен, қуанышпен

сүйетіні жалғыз тәңірісі еді. Сол қыздың тыныш қана ішкі өмірін ең бірінші рет қобалжытқан Лаврецкий болды.

Лиза сондай болатын.

XXXVI

Келесі күні сағат он екіге қарай кеткенде Лаврецкий Калитиндерге қарай жүрді. Жолда ол бұның қасынан салт атпен өткен Паншинді көрді. Бұл жігіт шляпасын көзіне түсіре киген екен. Калитиндер бұл үймен танысқалы ең бірінші рет Лаврецкийді қабыл етпеді. Лакейдің айтуынша, Марья Дмитриевна “жантайып жатыр” екен, “ол кісінің басы ауырады” екен. Марфа Тимофеевна мен Лизавета Михайловна үйде жоқ боп шықты. Лаврецкий әлсіз үмітпен Лизаға кездесермін деп бақша жанында біраз жүргенмен, ешкімді көре алмады. Екі сағаттан соң қайта оралып соғып еді, алғашқы жауапты тағы да алды, енді лакей бұған қиғаш қарағандай. Лаврецкий бір күнде үш мәртебе соғуды лайық көрмей, біраз жұмысы болғандықтан Васильевскоеға барып қайтпақ болды. Жол бойында бірінен-бірі тамаша пландар ойлап еді, бірақ апасының қыстағында бұған уайым түсті; Антонмен сөйлесіп еді, әдейілегендей шалдың ойының бәрі де көңілсіз боп шықты. Оның айтуынша, Глафира Петровна өлерінде өз қолын өзі тістеп өліпті дей отырып, ол күрсінді де: “...әр жан өзін жеуге бұйырылған ғой, мырза”, – деді. Лаврецкий қайта шыққанда мезгіл кеш еді. Кешегі күй бұның ойын тағы кернеп, кеудесінде Лизаның елесі сондай момын, жарқын білінеді; қыз өзін сүйеді деп ойлағанда елтігендей болады, сөйтіп өзінің қаладағы үйіне барынша тыныштанып, бақыт сезіп оралды.

Алдыңғы алаңға кіре бергенде, пачуля иісті майының бұл өте жек көретін лебі келді, қарсы алдында әлдебір биік сандықтар мен сөмкелер тұр, өзіне қарсы жүгіре шыққан қызметкерлерінің жүзі бұған таң көрінеді. Сезгеніне есеп берместен қонақ үйіне кіре беріп еді... Диваннан бұған қарсы қара жібек киген әйел тұрды да, бәтес орамалын жүдеу жүзіне басып, бір-екі аттады да, әдемі таралған хош

иісті шашы бар басын төмен иіп, бұның аяғына құлай қалды... Енді ғана таныса – бұл ханым, өзінің әйелі екен.

Лаврецкийдің тынысы біткендей болды... Ол қабырғаға сүйене беріп еді:

– Теодор, мені қумаңыз! – деп әйел французша сөйлегенде, оның үні Лаврецкийдің жүрегін пышақтай тіліп өткендей көрінді.

Ол мағынасыз қарап тұрған әйелдің бұрынғыдан жүдеп, ағарып және ісінген қалпын аңғарды. Әйел кейде көзін жалт еткізіп, өзінің сәнді қызғылт тырнағы бар, тамаша сұлу саусақтарын қысып, қинай түсіп сөйлеп тұр.

– Теодор! Теодор, мен сіздің алдыңызда айыптымын, өлгенше айыптымын; – одан да әрі айтайын, мен қылмыстымын, бірақ сіз мені тыңдап өтіңіз: мені өкініш қинайды: өзіме-өзім жиреніштімін, бұл халіме ендігәрі төзе алатын емеспін! Сан рет сізге айтайын десем де, ашуыңыздан қорықтым, мен өткеннің барлық ілігін үздім, мен сондай қатты ауырып едім, – деп, қолын маңдайына, жүзіне тигізді де, – сол кезде мені өлді деп тараған сыбысты пайдаланып, бардан безіп қаштым, аял етпестен, күн-түн бойы осында жетуге асықтым; менің өкінішім – сіздің алдыңызға келуден көп іркілсем де, ақыры сіздің айнымас мейірімділігіңізді еске алып, өзіңізге келуге бекіндім: адресіңізді Москвадан білдім. Иланыңыз, – дей түсіп, ол еденнен ақырын көтеріліп, орындықтың шетіне ғана отырып: – Мен өлім туралы көп ойладым және өзімді жоярлық қайратты табар да едім, ах, өмір мен үшін қазір тек азап, жүк! Бірақ менің қызым, менің Адочкамның жайы бөгей берді, ол осында, көрші бөлмеде, сорлы нәресте ұйқыда. Ол шаршаған еді, сіз оны көресіз, не болса да ол сізге жазықсыз, ал мен сонша сорлы, сондай сорлымын, – деп қатты үн шығарған ханым Лаврецкая еңіреп жылап жіберді.

Енді ғана есін жиған Лаврецкий қабырғадан серпілді де, есікке қарай жөнелді. Әйелі қапаланып үн салып:

– Сіздің кеткеніңіз бе, бұл қаталдық қой! Маған жалғыз сөз айтпастан, жалғыз ауыз кінә тақтастан... бұлайша жирену мені өлтіру ғой! Бұл сұмдық қой! – деді.

Лаврецкий тоқтап қалды. Үнсіз бір дауыспен:

– Сіз менен не естімек боласыз? – деген еді.

– Түк-түк тілемеймін! – деп, әйел шапшаң ғана ентелеп: – Мен білемін, менің ешнәрсе талап етуге хақым жоқ, иланыңыз, мен есуас емеспін, мен сіздің кешіріміңізді үміт етуге де бата алмаймын, үміт етпеймін, батылым барып өтінетінім, сіз маған әмір етсеңіз екен, мен енді не істейін, қайда тұрайын? Енді мен күң болдым, қандай да болса бар бұйрығыңызды орындайын, – деді.

– Мен сізге бұйыратын түк те жоқ, – деп Лаврецкий бұрынғы үнмен, – біздің арамыз үзілген, оны білесіз... Және қазір әсіресе солай. Сіз қайда тілесеніз сонда тұрыңыз; егер алатын пенсияңыз аз болса... – дей беріп еді, Варвара Павловна онымен жарыса сөйлеп:

– Ах, айтпаңыз ондай сұмдық сөзді, аяңыз мені тым құрыса... Тым құрыса мынау періште үшін аяңыз! – дей салып, Варвара Павловна екінші бөлмеге ұшып барды да, тамаша сәнді киінген кішкентай қызды қолына алып, шапшаң жетіп келді. Қоңырқай, бұйра шашы әдемі қызғылт жүзіне және ұйқыдан жаңа оянған үлкен қара көзіне түскен кішкене қыз жарықтан ұялып, көзін сығырайтып жымияды да, томпиған қолын шешесінің мойнына тірейді. Варвара Павловна қызының бұйра шашын оның көзінен кейін қайыра түсіп, қатты сүйіп алып, французша сөйлеп:

– Ада, көресің бе, мынау сенің әкең, менімен бірге сұрашы, – дегенде, қыз сақаулана сөйлеп “папам осы ма?” – деді.

– Я, менің жарығым, сенің оны жақсы көретінің рас емес пе?

Лаврецкий бұны бұдан былай көруге төзе алмады:

– Дәл осындай сахна қай мелодрамада болушы еді? – деп күбірледі де, шыға жөнелді.

Варвара Павловна сол орнында біраз тұрып, иығын сілікті де, қызын екінші бөлмеге апарып, шешіндіріп қайта жатқызды. Содан кейін кітап алып, лампа жанына отырып, сағатқа жуық тосып, ақыры өзі де төсекке жатты.

Бұның Парижден ертіп шыққан күтуші француз әйелі ханымның корсетін шешіндіріп жатып, “ал қалай болды, мадам?” деп еді, әйел: – “Жай, Жюстина, – дей түсіп, – ол қатты қартайыпты, бірақ байқауымша, әлі бұрынғыдай мейірімді. Түнге қарай менің перчаткамды беріңіз, ертеңгі

күнге омырауы жабық сүр көйлегімді әзірлеңіз және Адаға қой етінен котлет әзірлеуді ұмытпаңыз... Рас, оны бұнда табу қиын, бірақ тырысып көріңіз!” – деді.

Жюстина шамды өшіріп жатып, “соғыс кезінде соғыстағыдай” деген француз мақалын айтты.

XXXVII

Қаланың көшесінде Лаврецкий екі сағаттан аса сенделді. Париж айналасында өткізген бір түн есіне түсті. Жүрегі қиналады, мең-зең болып, бос қуыстай көрінген басында қайта-қайта бір қараңғы нәрсіз ызалы ойлар орала ереді. “Ол тірі, ол мұнда” деп, үнемі қайран болып сыбырлай береді. Бұл Лизадан айрылғанын сезеді. Ызадан тұншыққандай; “мынау соққы сондай оқыстан кеп ұрды; сондай бір жапырақ қағаздың жалған, былшыл фельетонына қалай ғана сендім екен!” – деп және бір кез: “Ал мен сенбеген болайын, сонда қандай айырмыс бар, Лизаның мені жақсы көретінін білген болар ем, оның өзі де соны білмес еді” деп, өзінің қазіргі ойынынан әйелінің кескінін, үнін және көзқарасын кетіре алмай қойды... сөйтіп өзін және бар дүниені қарғаумен болды.

Таң алдында барынша талған күйде Леммге келіп еді, көпке шейін есік қағып оята алмады; ақыры терезеден шалдың қалпақ киген басы көрінді, қазір оның бейнесі көңілсіз құрысқандай, осыдан жиырма төрт сағат бұрын шабытпен көркейген, биіктен қараған ұлы суретшінің ұлы кескіні мүлде жоқ.

– Сізге не керек? Мен түнде ойнай алмаймын, өзім декокт іштім, – деп тұрып шал Лаврецкийге қарағанда, жігіт жүзі сондай таңғаларлық еді. Шал күн салып қарап алды да, түнгі қонағының жүзіне анықтап қарап, оны кіргізіп алды.

Лаврецкий үйге кіріп, орындыққа отыра кетті; шал өзінің жыртық шапанының етегін қаусыра түсіп, құнысқан ернін жыбырлатты, Лаврецкий:

– Менің әйелім кепті, – деп, басын көтере беріп, бір сәтте ықтиярсыз күліп жіберді.

Леммнің жүзінде таңдану бар, ол жымыған да жоқ; шапанын қымтана түсті.

– Сіз әлі білмейсіз ғой, ол менің ойымша... газетте оқығаным бойынша, мен оны бұл дүниеде жоқ деп жүр ем ғой, – деді Лаврецкий.

– О-о, сіз соны жақында оқыдыңыз ғой, ә?

– Жақында.

– О-о, – деп, шал қасын жоғарылата көтеріп, – енді ол келді ме? – деді

– Келіп қалды, ол қазір үйімде; ал мен... мен сорлы адаммын. – Лаврецкий және күле түсті.

– Сіз сорлы адамсыз, – деп Лемм баяу ғана қайта айтты. Лаврецкий бұған:

– Христофор Федорыч, сіз бір хат апаруды мойынға аласыз ба? – деген еді.

– Гмм. Кімге екенін білуге бола ма?

– Лизаға...

– А, ия, ия, түсінемін. Жақсы. Ал хатты қашан апару керек?

– Ертең ертерек.

– Гмм, менің ас пісірушім Катринді жіберуге болады. Жоқ, мен өзім барам.

– Және маған жауап та әкелесіз ғой?

– Және жауап әкелем. – Лемм күрсінді.

– Я, менің бейшара жас досым, сіз анық бақытсыз жан екенсіз.

Лаврецкий Лизаға екі сөз жазды: әйелінің келгенін айттып, енді бұнымен кездесуді сұрап еді. Содан соң диванға құлай кетіп, бетін қабырғаға бұрды; шал төсегіне жатып, көп аунақшып, өзінің декоктын ішіп, жөтелумен болды.

Таң атып, екеуі де тұрған еді. Бір-біріне таңданған жүздерімен қарасады. Лаврецкий бұл сәтте өзін-өзі өлтіргісі келгендей. Ас пісіруші әйел Катрин бұларға жаман кофе әкелді. Сағат сегізді соқты. Лемм шляпасын киіп, Калитиндерге сағат онда болса да қазір сылтау табамын деп жүріп кетті. Лаврецкий тағы да диванға құлағанда, жүрегінің түбінен және де өкінішті күлкі туғандай болды. Ол өз үйінен әйелі қуып шыққанын ойлайды; біресе Лизаның халін есіне алып, көзін жұмып, екі қолын желкесіне қояды. Ақыры Лемм қайтып, кішкентай ғана қағаз әкелді, Лиза қарындаш-

пен “біз бүгін көрісе алмаймыз, болса, ертең кешке болар. Қош болыңыз” деп жазыпты.

Лаврецкий Леммге салқын ғана алғыс айтып, үйіне кетті.

Әйелі таңертеңгі ас үстінде екен. Аданың шашында бұрамалар, ол көкшіл лента таққан ақ көйлек киіп, қой етінен котлет жеп отыр. Лаврецкий үйге кірісімен, Варвара Павловна атып тұрып, барынша бағынған жүзбен бұның қасына тақады. Жігіт оған өзінің соңынан ер деді де, кабинетке тартты. Есікті жауып алып, арлы-берлі жүре берді; әйел бір қолын бір қолына салып, момын жүзбен қарап, әлі күнге сұлу көрінген, сәл боялған көзін аудармайды.

Лаврецкий көпке шейін сөйлей алмады: ол өзін билей алмайтын сияқты; Варвара Павловна бұдан түк қорықпайтынын бұл анық көріп тұрса да, әйел қазір-ақ талып жығылатын кісі боп көрінбекші. Ақыры ол ауыр тыныс алып, кей шақта тістене түсіп, сөз бастады:

– Тыңдаңыз, ханым, біздің бір-бірімізге аярсуымыз қажет емес; мен сіздің өкінішіңізге сенбеймін; ол шын болған күнде де, сізбен қайта табысып тұру маған мүмкін емес.

Варвара Павловна ернін жымырып, көзін сығырайтты, ішінен: “бұнысы жирену, әрине, мен оған әйел де емеспін” деп ойлады. Лаврецкий бір түймесін салып:

– Мүмкін емес, білмеймін, сіздің мұнда неғып рақым еткеніңізді түсінбеймін: тегі, сіздің ақшаңыз болмай қалған шығар! – деді.

Варвара Павловна сыбырлап:

– Япыр-ай, сіз мені қорлайсыз ғой, – деді.

– Бірақ қалай болғанмен, сорға қарай, әйтеуір, сіз менің әйелімізсіз. Сізді мен қуып тастай алмаймын ғой... Ендеше, ұстанатыным мынау. Сізге бүгін-ақ Лаврикке жөнелуге болады; сонда тұрыңыз, онда өзіңіз білесіз ғой, жақсы үй бар; сіз бар керегіңізді аласыз, пенсиядан тысты айтам... соған разысыз ба?

Варвара Павловна жібек шеккен орамалын жүзіне тақады, ішкі толқыннан дірілдеген ернімен сөз қатып:

– Мен сізге айттым ғой, өзіме не бұйырсаңыз да ризамын деген ем ғой, ендігі сұрайтыным бір-ақ нәрсе: тым құрыса сіздің осы қайырымдылығыңыз үшін сізге рақмет айтуыма рұқсат етесіз бе? – деді.

Лаврецкий асыға сөйлеп:

– Өтінемін, алғыстың қажеті жоқ, сол жақсы. Сөйтіп... – деді де, есікке тақап барып, – мен сене аламын ғой, – дей бергенде, Варвара Павловна құрмет көрсетіп, орнынан атып тұрды.

– Мен ертең-ақ Лаврикте боламын. Бірақ, Федор Иванович... (Қазір ол Теодор деп атауын қойыпты.)

– Сізге не қажет?

– Мен білем, мен әлі кешірім тілей алмаймын; бірақ тым құрыса мезгіл жеткенде үміттенуіме бола ма? – дегенде, Лаврецкий жарыса сөйлеп:

– Ех, Варвара Павловна, сіз ақылды әйел болсаңыз, шындығында мен де ақымақ емеспін ғой; мен білем ғой, сізге түк қажеті жоқ. Ал сізді мен әлдеқашан кешіргем, бірақ екеуіміздің арамыз әрдайым түпсіз терең жар болатын, – деді.

Варвара Павловна басын иіп:

– Мен бағына білемін, мен өз айыбымды ұмытқам жоқ, тіпті сіздің өлді деп естігенде қуанған жайыңызды білсем де, таңданбас едім, – деп, момын жүзбен сөйледі де, қолымен нұсқап, үстел үстіне Лаврецкий ұмытып қалдырған журналын көрсетті.

Федор Иванович селт етті: фельетон айналасы қарындашпен сызылған-ды. Варвара Павловна бұрынғыдан да мүләйімсіп қарады. Ол бұл сәтте тамаша сұлу еді. Париждің сұр көйлегі оның талдырмаш, дәл он жеті жасар қыздай бойын әсем көрсетеді; оның жіңішке, нәзік мойнын ақ жағасы қоршай түскен. Кеудесі баяу тыныс алады, қолында жүзік, білезіктер жоқ, жылтыраған шашының сәл ғана ұшы көрінген, ботинкасына шейін барлық бойы соншалық көркем...

Лаврецкий бұған ызалы көз тастады да, “браво” деп айғайлап жібере жаздады. Ызасынан жұдырықпен бір қойғысы келді де, бірақ тұра жөнелді. Бір сағаттан соң Васильевскоға кетті. Ал екі сағаттан кейін Варвара Павловна бұл шаһардағы ең жақсы күймені жалдап алып, басына жай ғана салом шляпа киіп, қара вуаль салып, биязы ғана монтилия киіп, қызын Жюстинаға тапсырды да, өзі Калитиндерге тартты; малайлардан сұрап білуі бойынша, бұл үйге күйеуінің күнде баратынын аңғарған еді.

XXXVIII

Лаврецкийдің әйелі О... шаһарына келіп, жігіт үшін көңілсіз болған күн Лизаға да ауыр күн болған. Ол төменге түсіп, шешесімен амандасып үлгергенше, терезе түбінде ат дүбірі естілген; сонда қыз құпия қорқыныш сезе отырып, Паншиннің қораға кіріп келе жатқанын көріп еді. Ішінен “бұл бүгін байлаулы жауап естігелі әдейі ерте келді-ау” деп ойлаған-ды, сонысы бекер болмады; қонақ үйде сәл айналып, енді ол Лизаны бақшаға шақырды да, өз тағдырын анықтап шешуді талап етті. Лиза бойына қайрат жиып алып, оған жар бола алмайтынын жариялады. Жігіт бұның бар сөзін қырын тұрып, шляпасын көзіне түсіре киген қалпында тыңдап алды да, сыпайы, бірақ өзгерген үнмен бір жайды сұрай қалды: сұрағаны қыздың жаңағы жауабы соңғы сөзі ме және бұның өз мінезі қыздың осындай байлануына себеп болмады ма деген сұрау болатын. Содан кейін бір қолын көзіне басып, қысқа қатаң ғана күрсінді де, қолын бетінен тез түсірді. Енді күңгірт үнмен сөйлеп:

– Мен тақ-тақ болған жолмен жүрмесем деп ем, өмірлік серігімді жүректің әмірі бойынша алсам деген ем; бірақ, тегі, ол бұйырылмаған екен. Бақыл бол, қиял! – деп төменшілікпен иіліп, үйге қарай кетті.

Лиза оны сол сәтте кетер деп ойлап еді; бірақ ол кабинетке – Марья Дмитриевнаға кіріп, сонда сағатқа жуық отырды. Кетерінде Лизаға французша “сізді анаңыз шақырады, мәңгі бақыл болыңыз” деп, атына мінді де, тура есік алдынан-ақ шапқылай жөнелді. Лиза үйге кіре бере шешесінің жылап отырғанын көрді: Паншин оған өзінің бақытсыздығын баяндаған екен.

Қапаға түскен анасы өзінің мұңын шағып, қызына:

– Мені не үшін ойран еттің, не деп мені өлтірдің. Бұдан артық кім керек еді саған, саған ер болмастай несі бар еді. Өзі камер-юнкер, жетпеді ме. Ол Петербургте таңдаған бекзадаға үйлене алады... Мені айт, менің үмітімді айтсаңшы. Бұдан қашан айнып едің. Бір жақтан бұлт айдап келген пәле ме, өздігіңмен бүйтпес ең, әлде әне бір дүлей ме. Тапқан екенсің ақылшыңды, – деп тағы сөйледі. – Ал мынау қайғысының өзінде қандай әдепті, биязы еді, қарағым!..

Мені ұмытпауды серт етті. Ах, мен өлермін бүйткенше. Ах, менің басым өлердей ауырып барады. Палашаны жіберші. Қайта ойланбасақ, сен мені өлтіресің, ұқтың ба. – Сөйтіп, Лизаны екі мәртебе қарызды ұмыттың деп кінәлады да, жөнелтіп жіберді.

Лиза өз бөлмесіне кетті. Паншиннен жауаптасудан, шешеммен сөйлесуден енді тынығармын дегенде, тағы бір соққы мүлде күтпеген жағынан кеп соқты. Марфа Тимофеевна бұның бөлмесіне кеп кірді де, есікті жауып алды. Кемпірдің жүзі сұрланған, қалпағы қисайып кетіпті, екі көзі жарқырап, қолы мен ерні дір-дір етеді. Лиза қайран қалды: өзінің сондай ақылды, салмақты апасын мұндай күйде көрген емес еді.

Марфа Тимофеевна қобалжып, салмақпен сыбырлап сөйледі.

– Бұ не қылғаның, ханым, не қылғаның... Бұл қылықты сен кімнен үйрендің, шешекем-ау... Су бер, сөйлей алмай отырмын.

– Тынышталыңыз, апатай, сізге не болды, – деп, Лиза стаканмен су беріп жатып: – Паншин мырзаны өзіңіз де жақтырмаушы едіңіз ғой, – деді.

Марфа Тимофеевна стаканды шетке қойды:

– Іше алмаймын: ең соңғы қалған тістерімді сындырамын. Паншинің не. Паншинде не жұмыс бар. Сен одан да маған айтшы, саған түнде жігітпен кездесуді кім үйретті, а, шешекем.

Лиза аппақ боп кетті.

– Сен, тілеуің берсін, танба. Шурочка бәрін өзі көріп, маған баян етті. Мен оған аузыңнан шығарма дедім, ал ол өтірік айтпайды.

Лиза шала ғана естіртіп:

– Мен танбаймын, апатай, – деді.

– А. Солай ма еді, шешекем, сол бір кәрі күнәкарға, жалған монтыға оңаша көрісейік деген өзің бе едің?

– Жоқ.

– Енді қалай?

– Мен төменге қонақ үйге кітап іздеп барып едім, ол бақшада екен, мені шақырып алды.

– Сөйтіп, сен бардың ба? Тамаша. Сен немене, ғашықсың ба, өзіне?

Лиза ақырын ғана дауыспен жауап қатып:

– Ғашықпын, – деді.

– Ой, жасаған, бұл оған ғашық бопты, – деп, Марфа Тимофеевна өз басындағы қалпағын жұлып алып, – әйелі бар еркекке ғашық бопты, а, ғашық болған, – деді.

– Оның маған айтуынша...

– Немене, оның айтуынша, қандай екен ол сұңқар?

– Оның айтуынша, әйелі қаза болыпты.

Марфа Тимофеевна шоқынып алып:

– Бетінен жарылғасын, – деп сыбырлады да, – нәрсіз қатын еді, қара жер айта бармасын. Сөйтіп, бұл тұл еркек болған екен. Тегі, байқасам, бар нәрсе қолынан келеді екен, ә, бір қатынды серейтіп, тағы біреуін қамдапты ғой. Қара, момынсынған немені. Бірақ, туғаным, мен саған айтайын, мен өзім де жас болғамын, біздің заманымызда бұндай қылықтардың арты қыздарға аса ауыр соғатын. Сен маған ашуланба, шешкем, шын сөзге ақымақ қана ашуланады. Бүгін оны кіргізбеген де мен. Мен оны өзім жақсы көрем, бірақ мынау ісін ешуақытта кешпеймін. Қара, тұл еркекті. Су берші маған... Ал анау Паншинді мұрнынан жетелеп айдап тастағаның үшін, жігітсің деймін; жалғыз-ақ түн баласында сонау теке текті еркектермен отырушы болма. Қинама мендей қартты. Болмаса, мен тек еркелетпей, тістеп алуды да білемін... Қара, тұл еркекті, – деді.

Марфа Тимофеевна кетті де, Лиза бұрышқа отыра қалып, жылап жіберді. Бұндайлық төменшік хал оның жанына ащы тиді, бәрі орынсыз еді. Махаббат бұған әлі шат көрінген жоқ, кешегі кештен бері екі рет жылап алды. Өзі күтпеген жаңа сезім жүрегінде жаңа ғана туысымен бұл сол үшін ауыр жапа шегеді, бөтен қолдар бұның құпия сырына қатал сұғынады, әрі ұялып, әрі қиналып ауырсынғандай, бірақ ешбір күдігі де, қаупі де жоқ және Лаврецкий бұған бұрынғыдан да қымбат бола түсті. Өзі түсініп жеткенше ғана қобалжыған еді: бірақ кешегі кездесу, кешегі сүйісуден соң ол енді күдіктене алмады; өзінің сүйгенін біледі, сүюі адал, бұл ойын емес, мәңгіге барынша берілген еді және ешбір қауіптен сескенбейді; ешбір зорлық бұл табысуды үзе алмайтындай сезеді.

XXXIX

Варвара Павловна Лаврецкая келді деп мәлім еткенде, Марья Дмитриевна сескеніп қалды, оны қабыл алар-алмасын да білмеді: қорыққаны – Федор Иванычті қорлағандай болам ғой деген еді. Бірақ сыбысқұмарлық бойды жеңді. Өз ішінен: “несі бар, о да туыс қой” деп, орындығына жайғасты да, малайына: “шақыр” деді. Келесі сәтте есік ашылған еді; Варвара Павловна дыбыссыз басып, Марья Дмитриевнаға шапшаң келіп, бұны орнынан тұрғызбастан алдына тақап, тізесін иді.

– Кешіре көріңіз, апатай, – деп қобалжыған ақырын дауыспен орысша сөйлеп, – мен сіздің мұндай кешірім етуіңізге үміттенемін алмап едім; сіз періштедей мейірімдісіз, – деді.

Осы сөзді айтып, Варвара Павловна Марья Дмитриевнаның бір қолын өзінің сарғыш перчаткелі қолымен қысып ұстап алып, барынша жағынған күйде сол қолды қызғылт, толық еріндерімен сүйе бастады. Марья Дмитриевна осыншалық сұлу, тамаша киінген әйелдің бұның аяғында отырысынан сасып қалды; өзінің не қыларын да білмеді, қолын тартып алайын деп еді, оны қатарына отырғызбақ, бір жылы сөз айтпақ та болып еді, ақыры сәл көтеріліп, Варвара Павловнаны хош иісті жазық маңдайынан сүйіп алды. Варвара Павловна бұл сүюден еріп кеткендей болды.

– Есенсіз бе, – деп Марья Дмитриевна сөз бастап, – әрине, мен күткен жоқ... бірақ мен, әрине, сізді көргенге қуанамын. Сіз түсінесіз ғой, сүйіктім, ер мен әйел арасына қазы болатын мен емес... – дей берді.

Варвара Павловна бұнымен жарыса:

– Менің күйеуім бар жайда айыпсыз, кінәлі жалғыз мен, мен, – деді.

– Бұл өте мақтарлық сезім, аса мақтарлық. Келгеніңізге көп болды ма? Өзін көрдіңіз бе? Я, отырыңызшы, тілеуіңізді берсін.

Варвара Павловна орындыққа баяулап қана отырып жатып:

– Мен кеше келдім, Федор Ивановичті көрдім, мен онымен сөйлестім, – деді.

– А. Ну, ол қалай?

– Мен өзімнің оқыстан келуім оны ашуландыра ма деп қорқып ем, бірақ ол мені жалғыз қалдырған жоқ.

– Сөйтп, ол онша... Я, я түсінемін. Ол тек біраз сырттай ғана көрінеді, ал оның жүрегі жұмсақ қой.

– Федор Иванович маған кешірген жоқ; оның мені тыңдағысы келген жоқ... Бірақ ол соншалық рақым етіп, маған Лаврикті үнемі тұратын мекенім етті.

– А. Ол – ғажап мүлік.

– Мен ол кісінің бұйрығын орындап, ертең-ақ сонда жөнелемін; бірақ ең алдымен сізге соғып кетуді өзіме міндет санадым.

– Сізге өте-мөте ризамын, менің сүйіктім. Туғандарды ешуақытта ұмыту керек емес. Ал, білесіз бе, мен сіздің орысша сонша жақсы сөйлейтініңізге қайран қалдым, – деп, французша: – бұл ғажап қой, – деді.

Варвара Павловна күрсінді:

– Менің шет елде аса көп жүргенім рас. Марья Дмитриевна, оны мен білемін, бірақ мен жүрегіммен орыс едім, өз Отанымды ұмытқаным жоқ.

– Солай-солай, бұл бәрінен тамаша. Ал Федор Иванович сізді мүлде тосқан жоқ еді... Я, менің тәжірибеме иланыңыз, бәрінен қасиетгісі туған жер ғой. Ах, көрсетіңізші, тілеуіңізді берсін, мынау мантилияңыз не деген тамаша еді.

Варвара Павловна сырт киімін иығынан шапшаң ғана түсірді.

– Сізге бұл ұнай ма, тек әншейін ғана, мадам Баудран тіккен еді.

– Ол салғаннан-ақ көрініп тұр. Мадам Баудран... қандай сүйкімді, қандай тауып істеген. Әрине, сіз талай тамаша нәрселер әкелдіңіз ғой, мен тым құрыса көрсем екен.

– Менің бар бұйымым сіздің құрметіңізге, мейірімді апатай. Рұқсат етсеңіз, сіздің күтуші әйеліңізге кейбірін көрсетуіме де болады, менің Парижден әкелген қызметкер әйелім – тамаша тігінші.

– Сіз сонша мейірімдісіз, менің сүйіктім. Бірақ шынында мен ұяламын.

– Ұяламын... – деп, Варвара Павловна кінәлай қайталады да, – мені бақытты етем десеңіз, өз мүлкіңіздей бұйыра беріңіз, – деді.

Марья Дмитриевна ерігендей болды.

– Сіз ғажайып жақсысыз, – дей түсіп, – шляпаңызды, перчаткеңізді неге шешпейсіз? – деді.

Варвара Павловна сәл ғана қуанғандай боп, қолдарын майыстырып:

– Қалайша. Сіз рұқсат етесіз бе? – деді.

– Әрине, мен сізді бізбен ас ішесіз ғой деп үміттенемін. Мен... мен сізді қызыммен таныстырамын... – деп, Марья Дмитриевна біраз күдіктенсе де, “ну, қайтушы еді” деп ойлап: – Бүгін ол біраз сырқаттау еді, – деді.

Варвара Павловна қуанғандай:

– О, сіз қандай мейірімдісіз, апатай, – деп, орамалын көзіне апарды.

Малай Геденовскийдің келгенін білдірді. Көрі мылжың қайта-қайта иіліп, күлімсірей кірді. Марья Дмитриевна оны қонақ әйелімен таныстырды. Басында ол қысылып қалып еді, бірақ Варвара Павловна соншалық ойнақы құрмет көрсеткендіктен, құлағына шейін қызып алып, әр алуан өсектер мен жалған сыпайылық сөздер бұның аузынан балдай тамды. Варвара Павловна бұны тыңдай отырып, тартына жымиса да, кейін өзі де аз-аздап сөзге араласты. Ол момын түрде Париж жайын айтты, өзінің Баденге барған сапарын баяндады: бір-екі рет Марья Дмитриевнаны күлдіріп алып, әр кезде сәл ғана күрсініп, өзінің орынсыз шаттығын өзі кінәлағандай болады; Аданы әкелуге рұқсат сұрап алды: перчаткесін шешіп, өзінің жылтыраған қолымен әртүрлі әшекей шілтер, бүрме, бастырмаларды қай жерге орнату керек екенін көрсетіп отырды: ағылшын иісті майы бар бір сауытты әкелуге уәде қылғанда, Марья Дмитриевна бұл сыйды алатынын айтып еді, соған жас баладай қуанды: бірінші мәртебе орыс шіркеулерінің қоңырауын естігенде, өзінің қатты толқығанын еске алып, жылап жіберді.

– Жүрегіме соншалық терең сезілгендей болды, – деді. Осы сәтте Лиза кірген еді.

Танертең Лаврецкийдің сәлемін оқыған минуттағы шошынып, тоңазыған кезден бері қарай Лиза осы әйелге кездесуге әзірленген: бұны көретінін сезгендей еді. Өзінің айтуынша, қылмысты үміттеріне жаза есебінде сол әйелмен кездесуден қашпауға бекінген. Бұның тағдырындағы шұғыл

өзгеріс барын ойран етті: барлығы екі-ақ сағат ішінде жүзі сонша жүдеп қалса да, ол бір тамшы жас тамызған жоқ. “Саған керегі сол” деп, кеудесіндегі бұның өзін шошытқандай әлдебір ащы, ызалы толқындарды баса сөйлейді.

Лаврецкий әйелінің келгенін біле салысымен, “ну, бару керек” деп ойлады да, келіп кіргені сол еді...

Қонақ үйдің есігін ашар алдында ол ұзақ тұрып қалып, өз ойында: “мен бұған жазықтымын” десе де, табалдырықтан аттаған соң әйел жүзіне қарап, жымиюды өзі бұйырғандай болды. Варвара Павловна бұны көре салысымен қарсы жүріп, сәл ғана, бірақ сыпайы түрде иіліп қалды. Ол тартымды дауыспен үн қатып, “менің өзімді сізге таныс етуге рұқсат етіңіз, сіздің анаңыз маған сонша мейірімді болғандықтан, сіз де рақымды боларсыз деп үміттенемін”, – деді. Осы соңғы сөзді айтқандағы Варвара Павловнаның бар жүзі, аяр күлкісі, әрі салқын, әрі майда көзқарасы, қолдары мен иығының қозғалысы, тіпті үстіндегі көйлегі және бұның бар жаратылысы Лизаға соншалық жиренішті көрінгеннен, ол тек жауап айта алмай, зорлықпен ғана қолын созды. Варвара Павловна ішінен “бұл бойжеткен менен жиренеді” деп ойлады да, Лизаның салқын саусақтарын қатты қысып қойып, Марья Дмитриевнаға бұрылып, ақырын ғана сөйлеп французша:

– Қандай ғажайып, – деді.

Лиза сәл қызарып кетті: жаңағы сөзде бұны ренжітерлік мысқыл бар сияқты; бірақ өлексе сенбеге бекініп, терезе жанына барып, тоқымаға қол созды. Варвара Павловна оны бұл жерде де тыныш қоймады: қасына келіп, оның өнерін, биязылығын мақтай бастады... Лизаның жүрегі қатты бір ренішпен соғады: өзін зорға жеңіп, осы орында зорға отырғандай. Бұның көңілінше, Варвара Павловна барды біліп, іштей асқақтық жасап, мысқыл етіп тұрғандай көрінді. Лизаның бақытына қарай Варвара Павловна мен Геденовский сөйлесіп кетіп, әйелді Лизадан бұрып алды. Лиза тоқымаға үнілгенмен, андаусыз түрде үнемі әйелді бақылаумен болды.

“Осы әйелді сүйді-ау” деп ойлады. Бірақ сол сәтте өз басынан Лаврецкий жайындағы ойды жойып жіберді: ақырында, басы айналып тұрғанын сезіп, өзін билейтін ер-

кінен айырылып қалам ба деп қорықты. Марья Дмитриевна музыка жайынан сөз бастап:

– Менің естуімше, сіз тамаша шебер ойыншы болсаңыз керек, ә, сүйіктім, – деп еді.

Варвара Павловна шапшаң ғана фортепьяноға отырып, саусақтары клавиштердің бойына батыл жүгіре беріп:

– Мен көптен ойнаған жоқ ем, бұйырасыз ба, – деді.

– Рақым етіңіз.

Варвара Павловна шын шеберлікпен Герцтың сондай бір жарқыраған қиын этюдін ойнап шықты. Өзінде сонша күш пен шапшаңдық бардай.

Гедеоновский қуанып:

– Сильфида, – деді.

Марья Дмитриевна да қостады.

– Өзгеше, – дей түсіп, бірінші рет ол әйелді өз атымен атады, – ну, Варвара Павловна, шын айтам, сіз мені қайран еттіңіз; сіз концерт беруге де әзірсіз. Біздің осында бір музыкант бар, өзі неміс шалы, күлкі, бірақ аса білімді адам; ол Лизаға сабақ береді, сіздің ойыныңыздан ол есінен танаар еді.

Варвара Павловна сәл ғана бұрылып:

– Лизавета Михайловна да күйші ме? – деді.

– Я, ол тәуір ойнайды, музыканы өте жақсы көреді, бірақ сізбен салыстыру қайда. Тек мұнда бір жас жігіт бар, сіздің танысатыныңыз сол. Оның жаны артист – өзі сонша сүйкімді күй шығарады. Сізді толық бағалайтын сол ғана.

– Жас жігіт дейсіз бе? Ол кім? Кедей адамның бірі ме?

– Кешіріңіз, біздегі, тіпті біздегі ғана емес, Петербургтегі де бірінші әсем жігіт. Камер-юнкер, ең жақсы қауым қабыл еткен адам. Сіз әлде естіген боларсыз ол туралы; Паншин Владимир Николаич, ол бұнда қазына ісімен келген... болашақ министр деп біліңіз.

– Және артист пе?

– Жаны артист және сондай сыпайы. Сіз көресіз. Соңғы кездердің бәрінде ол менің үйіме жиі келетін; мен оны бүгінгі кешке де шақырып едім, ол келер деп үміттенемін, – деді де, Марья Дмитриевна ақырын күрсініп, кейіспен езу тартты. Бұл жымиудың мәнін Лиза түсінсе де, көңіл бөлген жоқ.

Варвара Павловна саусақтарымен әр тонды теріп талғап:

– Өзі жас дедіңіз бе? – деді.

– Жасы жиырма сегізде, жүзі де сондай келіскен. Тамаша жас жігіт.

Гедеоновский де үн қосып:

– Нағыз жігіт деуге болады, – деді.

Варвара Павловна оқыстан Штраустың бір үнді вальсін ойнай жөнеліп, соншалық бір күшті шапшаң құбылыстар төгілте бергенде, Гедеоновский селк етіп қалды; бірақ вальстің дәл ортасында әйел тез ғана мұнды күйге ауысып, “Лучияның” бір ариясын ойнап аяқтады... Өзінің халіне ойнақы күй дәл келмейтінін енді аңғарған еді. Сезімтал кездеріне көп бейіл берген “Лучия” ариясы Марья Дмитриевнаны қатты қобалжытты.

Ол Гедеоновскийге күбірлей сөйлеп:

– Қандай жан, – деді.

– Сильфида! – дей түсіп, Гедеоновский көзін аспанға қаратты.

Обед кезі болып еді. Марфа Тимофеевна келгенде, сорпа үстел үстінде тұрған-ды. Варвара Павловнамен ол өте салқын ғана кездесті. Бұның биязы сөздеріне болымсыз ғана жауаптар айтып, жүзіне қараған да жоқ. Варвара Павловнаның өзі де бұл кемпірден түк шығара алмайтынын аңғарып, оған орала беруін қойған еді; оның орайына Марья Дмитриевна қонағына өзгеше мейірімді болды: апасының әдепсіздігіне ол ызаланған болатын, Марфа Тимофеевна болса, Варвара Павловна ғана емес, көзі соншалық жалтылдап отырса да, ол Лизаға да қараған жоқ. Қыз өзі іштей сарғыш тартып, ернін жымырып, тастай боп отыр. Лиза сырттай тыныш сияқты, анығында да оның жаны тыныштала түскендей; ғажайып бір сезімсіздік, жазаға бұйырылғанның сезімсіздігі бұған оралғандай. Обед үстінде Варвара Павловна аз сөйледі: ол тыңдап сескенген кісідей боп, өз жүзіне мұнды уайым кейпін жиған. Жалғыз Гедеоновский ғана әңгімені созып, әртүрлі жайды сөз ғып отырды; әр кезде өтірік айтарда Марфа Тимофеевнадан жасқанып жөткіре беретін әдетіне басып, қазір де жөткіреді де, кемпірге қорқа қарай береді, бірақ қарт әйел оның сөзін

бұзып бөгеген жоқ. Астан кейін Варвара Павловна преферансты жақсы көретінін білдірді; Марья Дмитриевнаға бұнысы соншалық ұнаған еді, ол мейірленген бойында іштей: “тіпті Федор Иванович не деген ақымақ еді. Осындай әйелді түсіне білмегені несі екен” деп ойлады.

Сөйтіп, бұл қонақ әйелмен, Гедеоновскиймен карта ойнауға кірісті, ал Марфа Тимофеевна Лизаға сенің басың ауырып отырған болу керек, өң-түсің жоқ деп, жоғарыға ертіп әкетті. Марья Дмитриевна көзін құбылтып, Варвара Павловнаға қарап:

– Ия, оның басы қатты ауырады, менің өз басымның сондай сақинасы болатын, – деді.

Варвара Павловна “солай ма еді” деп қана қойды. Лиза апасының бөлмесіне кіре бере талықсыған күйде орындыққа зорға отырды. Марфа Тимофеевна бұған ұзақ уақыт үндемей қарады да, ақырын ғана тізерлеп тұрып, қыздың екі қолын үн қатпай сүйе бастады. Лиза ілгері ұмтыла түсіп, қызарды да, жылап жіберді; бірақ Марфа Тимофеевнаны тұрғызған жоқ, қолын да тартып алмады; оны тартып алуға өзін ықтиярсыздай сезді; өйткені кемпірдің кешегі үшін кешірім сұрап отырған жайын ойлап, оған бөгет болуға өзінің хақысы жоқтай көрді; Марфа Тимофеевна да мынау жүдеген, аппақ, әлсіз қолдарды сүйеге тоймайтындай, оның өз көзінен де, Лизаның көзінен де үнсіз жастар төгіледі; ал Матрос атты мысық жердегі түйіншек жанында пырылдап жатыр, икон алдындағы кішкене шырақтың ұзынша оты әлсіз ырғалып жанады, көрші бөлмеде есік сыртында Настасья Карповна түйіншектелген шұбар орамалымен көз жасын ұрлап сүртеді.

XL

Ал бұл шақта төменде, қонақ үйде преферанс жүріп жатты. Марья Дмитриевна ұта бастап көңілді болатын. Бір уақыт малай кіріп, Паншиннің келгенін мәлімдеді.

Марья Дмитриевна карталарын түсіріп алып, қозғалақтай бастады; Варвара Павловна бұған сәл мысқылмен қарап, енді көзін есікке бұрды. Бір сәтте Паншин кіріп еді,

қара фрак киген, ағылшынның биік жағасын салған, тамағына шейін түймеленген қалпы бар. Оның жаңа ғана сақал қырған жүзі, күлкісіз кескіні: “менің көнуім ауыр болса да, көріп тұрсыз, келіп тұрмын” дегендей.

Марья Дмитриевна дауыстап:

– Мархамат қылыңыз, Вольдемар, бұрын сіз мәлімдемей келуші едіңіз ғой, – деді.

Паншин Марья Дмитриевнаға тек көзқарасымен ғана жауап беріп, әдеппен иіліп қойды, қолынан сүйген жоқ. Жігітті Варвара Павловнамен таныс еткенде ол бір адым кейін шегініп, зор әдеппен иілді де, биязы тағзым танытты, енді карта столына келген еді. Преферанс тез бітті. Паншин Лизавета Михайловна туралы сұрастырып, оның сырқат екенін біліп, көңілқостық айтты; содан соң Варвара Павловнамен сөйлесіп, оның әр жауабын ақырына шейін құрметпен тыңдап, өзінің әр сөзін дипломаттық қалыпта өлшеп, салмақтап айтып отырды. Бірақ дипломаттық сәні, паңдығы Варвара Павловнаға әсер еткен жоқ, сезілмеді. Керісінше, әйел жігіт жүзіне күлкілі пейілмен қарап, сөйлегенде селқос сөйлейді, өзін күлкіден зорға тыйып отырғанын жұқалаң танауының жиі қозғалысы білдіріп отырды. Марья Дмитриевна бұның талантын мадақтай бастап еді; Паншин оның биік жағалары мүмкін еткен дәрежеде сыпайылап бас изеп, “бұл жөнде күмәнсіз иланған болатынмын” деді де, енді тіпті Меттернихтың өзі туралы сөйлегендей болып кетті.

Варвара Павловна өзінің қоңыр көздерін сығырайта түсіп, ақырын ғана “сіз де артист туғансыз ғой” деп бастап, тағы да баяулай түсіп, “бері жүріңіз” деп, басын фортепьяно жаққа изеді. Осылай тасталған: “бері жүріңіз” деген жалғыз сөз сиқырдай құбылтып Паншиннің бар жүзін өзгертіп жіберді. Оның салмақтаған қалпы жоғалып, енді жымылып, көңілденіп, фрагінің түймелерін ағытып:

– Увы, мен қайдан артист болайын, ал менің естуімше, шын артистка сіз ғой, – дей түсіп, Варвара Павловнаның соңынан еріп, фортепьяноға қарай басты. Марья Дмитриевна дауыстап, оның “Ай қалай қалқиды” деген романсын айтқызыңыз деді. Варвара Павловна өзінің жігітке бұрылып, жалт етіп жарқыраған көзқарасымен оның бойын

шұғыламен жапқандай болды да: “Сіз ән саласыз ба, отырыңыз” деді.

Паншин тартына бастап еді, әйел орындықтың сыртын бұйырған белгімен қаға түсіп және де “отырыңыз” деді. Жігіт енді отырып, жөткіріп, жағасын ағытты да, өзінің романсын айтты. “Тамаша” деп Варвара Павловна сүйсініп және де: “Сіз өзгеше айтасыз, сізде үлгі бар, тағы айтыңыз”, – деді.

Ол фортепьяноны айналып, Паншиннің қарсы алдына шықты. Жігіт романсын айтқанда өзінің даусын дірілдетіп, әсіресе сезімділік бергісі келді. Варвара Павловна өзінің аппақ қолдарын еріндерінің тұсына көтеріп, фортепьяноға шынтағын сүйеп, жігітке қадала қарап тұр. Паншин ән салып болған еді, әйел: “Тамаша, идеясы тамаша”, – деп білгір адамша салмақты сөйлеп: “айтыңызшы, сіздің әйел даусына арнап, меццо-сопраноға жазғаныңыз бар ма”, – деді.

– Жоқ, мен ешнәрсе жазбаймын, мынау әншейін жұмыс арасындағы бір нәрсе ғой... – деп, Паншин: – Немене сіз ән салушы ма едіңіз, – деді.

– Ән саламын.

– О-о, бізге бір нәрсе айтыңызшы, – деп Марья Дмитриевна өтінді.

Варвара Павловна қызарыңқыраған жүзінен шашын кейін қайырып, басын сілке түсіп, Паншинге қарап:

– Біздің даусымыз үйлесетін болар, дуэт айтайық, – деп итальянша сөйлеп, өлеңнің атын айтты: – “Айдың әлсіз сәулесін” білесіз бе? – деді.

Паншин әннің атын қайта айтып:

– Мен бұны бұрын айтушы ем, бірақ көп уақыт болды, ұмытып қаппын, – деді.

– Оқа емес, біз ақырындап репетиция жасайық, көне, мен отырайыншы, – деп, Варвара Павловна фортепиано жанына отырды. Паншин бұның қасында тұрды. Әуелі дуэтті ақырын айтысып еді, бұл кезде Варвара Павловна бір-екі рет жігіт әнін түзеп берді, кейін жаңағы әнді екі рет қайталап бірге шықты. Варвара Павловнаның даусы жастық сәнінен айрылса да, ол өз даусын тамаша билей біледі екен. Паншин басында қорқақтап фальші айтып тұрды, кейін екіленіп, онша әсем жырламаса да, иықтарын қозғап,

денесімен ырғалып, нағыз әншілер құсап, қолын да сермеп айтты.

Варвара Павловна Тальбергтің екі-үш нәрсесін ойнап және көңілді түрде французша бір ариетка айтты.

Марья Дмитриевна өзінің ризалығын қалай танытарын да білмеді; бірнеше рет Лизаны шақыртайын деп еді: Гедеоновский де айтарға сөз таба алмай, тек қана басын шұлғи беріп, бірақ оқыстан есінеп қалып, аузын басуға әрең үлгерді. Бұл есінеуді Варвара Павловна байқамай қалған жоқ: фортепьяноға сырт айналып, французша: “Музыка жеткілікті, одан да әңгімелесеміз”, – деп, екі қолын бір-біріне айқастырды. Паншин де французша: “Я, музыка жеткілікті”, – деп көңілдене қостап, енді француз тілінде ойнақы жеңіл әңгімелесе жөнелді.

Марья Дмитриевна бұлардың орағытқан, қиялағыш сөздерін тыңдап отырып: “дәл бір Париждің салонындағыдай” деп ойлады. Паншин барынша көңілді болатын; көздері жарқырап, жымия түседі, әуелгі кезде Марья Дмитриевнамен көздері ұшырасқанда, бетін сипап, қабағын түйіп, шұғыл күрсіне қалушы еді; бірақ кейін оның бәрін ұмытып, мынадай жарқын көркемдік әзіл әңгімеге барынша мәз бола кірісті. Варвара өзін үлкен философ қып танытты: оның бар мәселеге өз жауабы бар; ол ешбір жайда күдіктенбейді, іркілмейді; кезінде әралуан ақылды адамдармен көп те, жиі де әңгімелесіп жүргені байқалады. Оның бар ойы, сезімдері Париж айналасында. Паншин әңгімені әдебиетке ауыстырып еді: әйел де бұның өзі сияқты тек қана француз кітаптарын оқитын боп шықты, Жорж Санд бұны ыза қылады екен, Бальзак қажытса да, оны бұл сыйлайды екен. Сю мен Скриб анық жүрек шеберлері екен; аса құрметтейгіні – Дюма мен Феваль болып шықты; іштегі шынын айтса, бұл аталғандардың бәрінен де оның артық көретіні Поль де Кок болса да, әрине бұл жерде оның атын атамады. Анығына келгенде, бұны әдебиет онша алаң етпейтін. Варвара Павловна өзінің халін еске түсіргендей жайлардың бәрінен үлкен еппен жалтара біледі; бұның сөздерінде махаббат жайынан белгі де жоқ; қайта әр алуан құмарлық атаулыға қатал қарайтын, түңілген, тоқтаған жан тәрізді. Паншин бұнымен дауласа берді; әйел оған көнген жоқ...

бірақ бір ғажап хал бар, бұның сөзімен, аузы кінәлап, сынап сөйлесе де, дәл сол сөздерді айтқан үні еркеленіп, биязыланып шығады және бұның көздері... сондай тамаша көздері басқаны айтады, бірақ нені айтқанын білу қиын, тек байқалатыны, шын қаталдық жоқ, мәлімсіз тәтті жай дегендей. Паншин осы көздің анық мәнін білгісі кеп, өзі де көзімен сөйлеп көріп еді, бірақ оныкінен түк шықпады; бұның байқауынша, Варвара Павловна анық шет елде тәрбиеленген ұрғашы арыстандай, бұдан әлдеқайда шебер, жоғары сезіледі де, жігіт өзін оңдап билей алмады. Варвара Павловнаның кейбір әңгіме кезінде сөйлескен адамының жеңіне сәл қол тигізетін әдеті болушы еді; сондай сәт жанасулары Владимир Николаичті қатты қобалжытты. Варвара Павловна кіммен болса да тез жақындасуды білетін; енді екі сағат өтпестен Паншин бұл әйелді бір ғасырдан бері білетіндей сезінді. Ал бұның жақсы көретіні және жар болуын сұрағаны Лиза болса, ол қазір бұл үшін тұманға батқандай болды. Шайдың үстінде әңгіме бұрынғыдан да еркіндей түсті. Марья Дмитриевна малайын шақырып, Лизаның басы тәуір болса, төменге келсін деп еді. Паншин Лизаның атын ести сала, құрбандыққа еркек пен әйелдің қайсысы төзімді екенін сөз қып еді.

Марья Дмитриевна тез қобалжып, әйел төзімдірек деп және соны екі сөзбен дәлелдеймін деді де, шатасып барып, бір қолайсыз теңеумен тоқтады. Варвара Павловна нотаның тетрадын алып, сонымен өз бетін жартылай бүркеп, Паншинге қарай иіліп, бисквитті асай отырып, көзі де, еріндері де жымыып, ақырын ғана французша: “бұл сүйкімді ханымның дәрісі от алмай қалды”, – деді.

Паншин сәл шошып, Варвара Павловнаның өжеттігіне таң қалды; бірақ ол бұндай оқыс шыншылдықта бұның өзіне қаншалық жирену арналғанын түсінген жоқ; ол қайта Марья Дмитриевнаның бұған деген адалдығын, бұны сан рет әдеппен сыйлағанын, қарызға ақша бергенін – бәрін ұмытты; енді бұ да жымия түсіп, французша: “мен де солай ойлаймын” деп бірнеше қайтарып айтты.

Варвара Павловна бұған достықпен көз тастап, орнынан тұрды. Осы кезде Лиза кірген еді; Марфа Тимофеевна жібермеймін десе де, ол бүгінгі сынды барынша көтеріп

көрмек. Варвара Павловна бұған қарсы қозғалғанда, Паншин қасына ерді, жігіттің жүзіне бұрынғыша дипломаттық шырай пайда болған еді. Ол Лизадан: “саушылығыңыз қалай?” – деп сұрады.

– Алғыс айтамын, қазір жақсы.

– Ал біз мұнда азырақ музыкаға айналыстық; сіздің Варвара Павловнаны естімегеніңіз аяныш болды. Бұл кісі тамаша айтады, анық, толық артистка.

– Бері келіңізші, менің сүйіктім, – деп Марья Дмитриевна дауыстады.

Варвара Павловна сәтті, тіл алғыш жас баладай жетіп барып, аласа ғана орындыққа төмендеп отыра қалды. Марья Дмитриевнаның бұны шақырғаны қызының қасында оңашада, бір сәтке болса да, Паншин қалса екен деп еді: бұл ішінен әлде болса қызы қайта ойланар деп үміттенетін және қазір басына бір ой келіп, соны дәл осы арада айтып қалмақшы боп еді.

– Білесіз бе, – деп ол Варвара Павловнаға сыбырлап, – мен сізді күйеуіңізбен татуластырсам деймін; ойдағыдай шыға ма, көзім жетпейді, бірақ талап етемін. Ол, білесіз бе, мені құрметтейді, – деді.

Варвара Павловна көздерін Марья Дмитриевнаға баяу ғана көтере қарап, қолдарын сондай әсем ғып айқастырды. Қайғылы ғана үнменен сөйледі.

– Сіз менің қорғаным болар едіңіз, апатай. Маған деген рақымыңызға қайтіп алғыс айтарымды білмеймін; бірақ мен Федор Иванычқа соншалық айыптымын; ол маған кешіре алмайды.

Марья Дмитриевна сыбысқұмарлықпен ентелей түсіп:

– Әлде сіз... шынымен-ақ... – дегенде, Варвара Павловна оның сөзін бөліп:

– Оны менен сұрамаңыз. Мен жас едім, ақылсыз болдым... бірақ мен ақталғым да келмейді, – деді.

Марья Дмитриевна бұның бетін сипай түсейін деді де, жүзіне бұрыла қарап, сескеніп қалды. Ішінен “момын-момын, ал өзі ұрғашы арыстандай” деп ойлады да:

– Бірақ байқаса неменесі бар, түңілмеңіз, – деген еді.

Бұл кезде Паншин Лизаға:

– Сіз аурусыз ба? – деген.

– Ия, мен сау емеспін. Жігіт бірталай үнсіз тұрып:

– Мен сізді түсінемін, ия, мен сізді түсінемін, – деді.

– Қалайша?

Паншин жаңағы сөзін салмақтап, тағы да мен сізді түсінемін десе де, не айтқалы тұрғанын өзі де білмеуші еді.

Лиза басында қысылды да, кейін ішінен “мейлі” деді.

Паншин бір сыры бар кісі тәрізденіп үндемей қалып, шетке таман салқын қарады. Бұл кезде Марья Дмитриевна дауыстап:

– Осы, сағат он бірді соқты-ау, – деді.

Қонақтар бұл емеурінді түсініп, қоштаса бастады. Варвара Павловна келер күн обедке келуге және Аданы ала келуге уәде берді; бұрышта отырып ұйықтап қала жаздаған Гедеоновский әйелді ұзатып салуға әзірлігін білдірді. Паншин жұрттың бәрімен сәнденіп қоштасып, басқыш алдында Варвара Павловнаны оның күймесіне мінгізіп, қолын қысты да, французша “көріскенше” деді.

Гедеоновский әйелмен қатар отырған еді. Жол бойында байқамаған боп әйел бұның аяғының үстіне өз аяғының ұшымен баса берді. Анау бұдан ұялып, әйелге ылғи тағзым сөздер айтады; онысына әйел күле түсіп, күймеге көше фонарінің жарығы түскен сайын көзін құбылтып, ойнақылана қарайды. Бұның өзі тартқан вальс көкейінде сайрап тұрғандай боп қобалжытады; ол қай жерде болса да, жарық оты жайнаған музыкаға бағынып, айнала билеген балдардың залын есіне түсірсе – сол сәтте жаны жалындағандай болатын. Көзі тұмантып, әлденеден жымып, бар бойына сиқырлы биязылық, келісім, сең тарағандай болушы еді. Үйге жеткенде Варвара Павловна күймеден лезде ытқып түсті. Осылай түсу тек ғана ұрғашы арыстандарда болады, енді Гедеоновскийге айналып қарады да, оның дәл мұрнына тақай беріп, өте үнді дауыспен сақылдап күліп жіберді.

Статский советник өзінің пәтеріне келгенде, бұның майы сауытқа құйған аподельдокты ұсына берді, бірақ бұл ішінен: “сүйкімді ханым... менің салмақты адам болғаным да тәуір екен... бірақ ол неге күлді?” – деп ойлады.

Марфа Тимофеевна түн бойы Лизаның бас жағында отырды.

XLI

Лаврецкий бір жарым күн Васильевскоеде болғанда бар уақытын айналаны кезумен өткізді. Ол ешбір жерде байыздай алмайды: уайым кеміргендей; бұны айықпас ағыны бар, бірақ байлаусыз бір талаптар дамылсыз қинайды. Қыстаққа алғаш келген күннің ертеңінде ойлаған сезімін еске алып еді, сондағы ниеттерін де ескертіп, өзіне қатты наразы болатын. Бұның болашағының жалғыз міндетінен, өзінің қарызы деп білген жайынан бұны кім айырушы еді. Бақытқұмарлық, тағы да бақытқұмарлық. “Михалевичтікі рас” деген де бір ой келді. Өзіне-өзі: “Сен өмірде екінші рет бағыңды сынамақ болдың, сен бақыттың адам өмірінде бір оралуының өзі де ойда жоқ сый екенін ұмыттың. Ол толық болмады, жалған болды дейсіз ғой, ендеше, толық, анық бақытқа қандай хақың барын білдірші. Айналаңа қарап, кімнің рахатта, бақытта жүргенін көрші, аңдашы. Өне, шөп шапқалы мұжық кетіп барады, мүмкін, ол өз тағдырына риза шығар... несі бар. Бірақ сен онымен өз жайыңды айырбастар ма ең. Ананды есіңе алшы; оның талабы қандай аз еді, бірақ тағдыры ие болды. Сен Паншинмен сөйлескенде Россияға келіп жер жыртпақ болдым деген сөзді мақтан үшін айтқан боларсың; қартайған шағыңда қыздар соңынан сүйретілгелі келген жоқпысың. Сенің азаттығың туралы еміс хабар келе сала, барды тастап, барды ұмытып, көбелек қуған баладай болмадың ба...”

Осы ойларының арасында Лизаның бейнесі оған үнемі елестейтін; бұл сол елесті қинала тұрып жырақтатқысы келеді және тағы соңынан қалмас бір елес, қысылмайтын аяр сұлу, бұған соншалық жиренішті емес боп және де ойына келе береді. Шал Антон мырзасының көңілі жадау екенін біліп, есік сыртында бірнеше рет күрсініп, ақыры бұған келіп, жылырақ бір нәрсе ішкенді кеңес етіп еді, Лаврецкий әуелі бұған ақырып шығарып жібермек боп, артынан одан кешірім сұрады; Антон оған бұрынғысынан да қайғыра түсті. Лаврецкий қонақ үйде отыра алмады; бұған суреттегі үлкен әкесі Андрей ездiгiн мазақ етiп қарап тұрғандай көрiнедi. Атасының түйiлген ерiндерi бұған “әх, сен дәрменiң жоқ” дегендей, өзiнiң iшiнен “шынымен-ақ өзiмдi

билей алмаймын ба, бағынам ба осы... болымсызға” дейді (соғыста ауыр жараланғандар өз жарасын әр кезде “болымсыз” дейтін. Адам өзін алдамаса, жер үстінде тұра да алмайды ғой). Кішкене баламын ба, не болды осы. Ну, рас, жақыннан көрдім, бар өміріме жетерлік бақыт мүмкіншілігін қолыма ұстап тұрғандай болып ем, бірақ ол сәтте жойылды; лотерейде де дөңгелек сәл айналып, кей кедей сәтте байып та шығушы еді ғой. Бұйырмаса болмайды, бітті де. Іске кірісем де, тістеніп ап, өзіме-өзім үн шықпа деп бұйырамын; бір тәуірі, өзім қолға алуым бірінші рет емес қой. Осы қашуымның өзі немене. Осы араға келіп ап, түйекұс тәрізденіп, басымды жапырақ арасына сұғып тығылып отырғанымның өзі не. Сордың жүзіне қарауға қоркам ба – болымсыз, – дей түсіп, “Антон” деп қатты айғайлады да, – тез ат жеткіз, – деді. Ендігі ойлағаны: “өзіме үн шықпауды бұйыруым керек, өзімді тастай қымтап ұстауым керек...” – деді.

Осындай ойлармен Лаврецкий өз қайғысына ем іздеді. Бірақ ол қайғы мол, ауыр еді; оны ақылдан айрылмаса да, бар сезімнен ажыраған Апраксея да байқады, басын шайқап, мұнды көзбен қарап, тарантасқа мініп жатқан Лаврецкийді ұзатып салды. Аттар жортып келеді; ол тапжылмас-тан тура қарап, тапжылмастан алдағы жолға қарайды.

XLII

Лиза Лаврецкийге хат жазып, кеше өздеріне келсін деген еді; бірақ Лаврецкий әуелі өзінің пәтеріне келді. Үйінде әйелі де, қызы да жоқ екен, үйдегілерден білгені – олар Калитиндерге кетті десті. Бұл хабар оны таң қылумен бірге, жынын келтірді. Жүрегінде ыза толқыны қайнап, “Варвара Павловна, тегі, маған өмір сүргізбейін деген екен”, – деп ойлады. Ол арлы-берлі жүріп, кейде қолымен немесе аяғымен жолында кездескен баланың ойыншығын, кітапшаларын, әртүрлі әйел заттарын лақтырумен болды. Жюстинаны шақырып алып, жаңағы бар “қоқсықты” жинауға бұйырды. Жюстина французша “я, мырза” дей түсіп, қылмып бөлменің ішін жиыстыра бастады, әрбір сәнді қимылында

Лаврецкий оның сонша тозған, бірақ өзгеше мысқылшыл париждік жүзіне, ақ қолғабына, жібек алжапқышына, жеңіл қалпақшасына да жирене қарады. Әйелді жөнелтіп жіберіп, көп толқудың соңынан (Варвара Павловна әлі қайтқан жоқ еді) енді Калитиндерге баруға бекінді, бірақ Марья Дмитриевнаға бармайды (өзінің әйелі отырған қонақ үйге ол ешуақытта кірмекші емес), бармағы Марфа Тимофеевна болатын; бұның білуінше, қыздар кіретін есіктің артқы басқышы тура кемпірдің үйіне апарушы еді. Лаврецкий сол есіктен кірді. Сәті келіп, қорада Шурочка кездесті де, бұны Марфа Тимофеевнаға қарай ұзатып салды. Қарт әйел дағдыдан тыс жалғыз отыр екен. Ол бұрышта, шашы жайылып, бүкшііп, екі қолын кеудесіне аяқастырып отыр.

Лаврецкийді көріп, кемпір қысылып қалып, бөлмесінде арлы-берлі қозғалып, өзінің қалпақшасын іздегендей. Жігіттің көзіне қараудан жалтарып, сасқалақтап:

– А, бұл сенбісің, кеше сен қайда болдың? Ну, ол келді, ну, ия, ну, енді сөйтіп... бірдеңе ету керек қой, – деді.

Лаврецкий орындыққа отырды. Кемпір әлі де сөйлеп:

– Ну, отыр, отыр, сен тура үске тарттың ба? Ну, ия, әрине, солай ғой. Несі бар, сен мені көрейін деп келдің бе? Рақмет, – деді.

Кемпір енді үндемей қап еді, Лаврецкий не айтарын білмеді, бірақ мұны қарт әйел түсінді.

Қол сумкесін бір жауып, бір ашып отырып, Марфа Тимофеевна сөйлеп отыр.

– Лиза... ия, Лиза қазір осында болған еді. Ол оншалық сау да емес. Шурочка, сен қайдасың? Бері келші, шешекем, немене сен отыра алмайсың. Менің де басым ауырып отыр. Тегі, әне біреу ән мен музыкадан болса керек.

– Қандай ән?

– Е, бар емес пе, мұнда әлгі, не деуші едіңдер, әне бір дуэттерің басталған жоқ па. Үнемі және итальянша: чи-чи мен ча-ча, айнымаған сауысқандар. Көтеріп айта бастаса, жаныңды бірге суырғандай болады. Анау Паншинің, сенің мынауың. Және қандай тез үйлесті десеңші: дәл бір туысқан жандардай, қысылу да жоқ. Бірақ тағы ойласаң, ит екеш ит те бас пана іздейді, өлсін бе, жұрт болса кумайды.

Лаврецкий дау айтты:

– Шынымды айтайын, не десеңіз де, мұны күткен жоқ ем, бұл үшін үлкен батылдық керек қой.

– Жоқ, жаным, бұл ерлік емес, есеп. Е, құдайы жарылқасын, сен оны Лаврикке жібереді дейді, рас па?

– Ия, мен ол мекенді Варвара Павловнаға бердім.

– Ақша сұрады ма?

– Әзір сұраған жоқ.

– Ну, онысы кешікпес. Ал мен сені жаңа ғана анықтап көріп тұрмын, өзіңнің денің сау ма?

– Сау.

Марфа Тимофеевна дыбыстап:

– Шурочка, барып Лизавета Михайловнаға айтшы, а, жоға, сұрашы... Ол төменде ғой.

– Төменде.

– Ну, ия, ендеше сұрашы, менің кітабымды қайда қойды екен, ол біледі.

– Мақұл.

Кемпір және де қозғалақтап, шкафының тартпаларын аша бастады. Лаврецкий орындықта қозғалмай отыр.

Бір шақта басқышта жеңіл басқан аяқ дыбыстары білінді де, үйге Лиза кірді.

Лаврецкий тұрып иілген еді, Лиза есік алдында тоқтап қалды. Марфа Тимофеевна асыға сөйлеп:

– Лиза, Лизочка, сен менің кітабымды қайда қойдың? – деді.

– Қандай кітапты, апатай?

– Е, кітапты ше, тәңірім-ау, айтпақшы, сені мен шақырғам жоқ... Ну, бәрібір немене, сендер ана аста не істеп жатырсыңдар? Мұнда, міне, Федор Иваныч келді. Сенің басың қалай?

– Жай.

– Сен ылғи жай дейсің де тұрасың. Немене анау аста, тағы музыка ма?

– Жоқ, карта ойнап жатыр.

– Е, ол өзі төрт тарап екен ғой. Шурочка, сенің бақшада жүгіргің келсе керек. Баршы.

– Жоқ, Марфа Тимофеевна...

– Қой, тілеуің берсін, бар. Настасья Карповна бақшаға жалғыз кетті, сен қасында бол. Күтсеңші кемпірді. – Шурочка сонымен кетіп қалды. – Бұл менің қалпағым қайда

кетті? О, қайда кетті екен шынымен, – деп еді, Лиза араласып:

– Рұқсат етіңіз, мен іздейін, – деді.

– Отыр, отыр. Менің өз аяғым да әлі үзіліп қалған жоқ; тегі, ол жататын бөлмеде шығар.

Сөйтіп, Лаврецкийге қырынан көз тастап, Марфа Тимофеевна кетті. Басында есікті ашық қалдырып еді, бірақ тез оралып, жауып қойды.

Лиза орындықтың арқасына сүйеніп, екі қолын жүзіне ақырын ғана көтерген еді; Лаврецкий бұрынғы орнында отыр. Ақыры ол:

– Біз енді, міне, осылай көрісетін болдық, – деді.

Лиза қолдарын бетінен алды да, күңгірт үнмен:

– Я, біз тез жаза шектік, – деді.

– Жаза шектік, сіз неліктен шектіңіз?

Лиза бұған өзінің көздерін көтере қарады. Қайғы да, қобалжу да жоқ сияқты; бірақ көздері шікірейіп, мұнарланды. Жүзі сұрланып, сәл ашыла түскен еріндері де қансыз.

Лаврецкийдің жүрегі аяныш пен махаббаттан қалтырағандай болды; ол сыбырлап қана:

– Сіз маған баршасы тамам болды деп жаздыңыз, я, басталмай жатып баршасы тамам болды.

– Бұның бәрін ұмыту керек, келгеніңізге қуанамын, мен сізге жазайын деп едім, бірақ осының өзі артық. Жалғыз-ақ осы минуттармен тез пайдалану керек. Сіз екеуіміз де қарызымызды ада қылуымыз шарт. Сіз, Федор Иванович, әйеліңізбен татуласуыңыз керек.

– Лиза...

– Мен сізден осыны өтінемін: бар болғанды осының өзімен ғана жоюға мүмкін. Сіз ойланасыз да, менің өтінішімді тастамайсыз.

– Лиза, құдай үшін, сіз мүмкін еместі талап еттіңіз ғой. Мен сіз бұйырғанның бәрін істеуге әзірмін; бірақ қазір онымен татуласу деген не... Мен бәріне көнемін, барды ұмыттым; бірақ өз жүрегімді көндіре алмаймын ғой... Рақым етіңіз, бұл қаталдық қой.

– Мен сізден тілемеймін, сіз айтқанды тілемеймін, мүмкін болмаса онымен тұрмай-ақ қойыңыз, бірақ татуласуыңыз, – деп, Лиза қолын қайтадан көзіне апарды. – Қызыңызды еске алыңыз, осыны мен үшін істеңіз.

Лаврецкий тістеніп отырып:

– Жақсы, бұны мен істейін дейін, ол менің қарыз өтегенім болсын, ну, ал сіз, сіздің қарызыңыз не болады? – деді.

– Оны мен өзім білемін. Лаврецкий селк еткендей болды.

– Әлде Паншинге тимек боласыз ба?

Лиза сәл жымып калды.

– О, жоқ.

Лаврецкий дабыстап:

– Ах, Лиза, Лиза, біз қандай бақытты болар едік.

Лиза бұған тағы да қарады да:

– Енді сіз өзіңіз де көріп отырсыз, Федор Иваныч, бақыт еркі бізде емес, тәңірден екен, я, өйткені сіз... – дей бергенде, көрші бөлменің есігі ашылып, қолында қалпақшасы бар Марфа Тимофеевна кірді. Ол Лаврецкий мен Лизаның екі арасына тоқтап:

– Зорға таптым, өзім тығып қойып ем, көрілік деген осы екен, бір сор. Ай, тегі, жастық та содан артық емес қой, сен немене әйеліңмен Лаврикке өзің де барасың ба? – деп, Федор Иванычқа бұрылып еді.

– Онымен Лаврикке, мен бе? Білмеймін, – деп Лаврецкий жай жауап берді.

– Сен төменге бармайсың ба?

– Бүгін бармаймын.

– Ну, жақсы, өзің білесің; ал саған, Лиза, мен білсем бару керек, ах, жазған құдай-ай, мен әлі шымшығыма дән де сеппеппін-ау. Я, міне, тұра тұрындар, қазір... – деп, Марфа Тимофеевна қалпағын киместен тұра жөнелді.

Лаврецкий шапшаң ғана Лизаның қасына келді, “Лиза! – деді жалынған үнмен сөйлеп: – “Біз мүлде айрылысамыз, жүрегім қақ жарылғандай, қоштасарда маған қолыңызды беріңізші”.

Лиза басын жоғары көтерді. Оның талған, сөнгендей болған көздері бұған қадалған еді. “Жоқ, – деп, ол соза берген қолын алып, – жоқ, Лаврецкий, – деді. Ең бірінші рет осылайша атап еді. – Мен қолымды сізге бермеймін, не қыласыз, өтінемін, барыңыз, сіз білесіз ғой, мен сізді сүйемін... Я, мен сізді сүйемін, – деп ол қинала тұрып айтты да: – бірақ жоқ... жоқ”, – деді. Сөйтіп, орамалын өзінің ерніне тигізді.

– Тым құрыса мынау орамалды маған беріңіз. – Есік сықырлап еді... Орамал Лизаның тізесінен төмен сырғып кетті. Бірақ ол жерге түскенше Лаврецкий ұстай алып, қалтасына салып, сырт айналғанда, Марфа Тимофеевнамен көздері кездесті. Кемпір:

– Лизочка, мен білсем, сені шешен шақырады ғой деймін, – деді.

Лиза шапшаң тұрды да, жүріп кетті. Марфа Тимофеевна қайтадан өз бұрышына отырды. Лаврецкий онымен қоштаса бастап еді.

– Федя, – деді кемпір.

– Немене, апа?

– Сен адал адамсың ғой.

– Қалайша?

– Мен сенен сұраймен, сен адал адамсың ғой?

– Я, солай деп сенемін.

– Гмм... Ендеше, адал адаммын деп маған ант етші.

– Бұйырыңыз, бірақ қажеті не.

– Не екенін мен білемін. Жақсылап ойлансаң, шырағым, сен оны өзің де білесің, сен ақымақ емессің ғой, неге сұрап отырғанымды түсінесің. Ал қазір қош бол, әкем. Жайымды білгеніңе рақмет; ал айтылған сөзді ұмытпа, Федя, мені сүйіп кетші. Ох, жаным, саған ауыр, білемін; бірақ ешкімге де жеңіл емес, мен бір шақта шыбынға қызығушы ем; дүниеде өмір кешу осыған рахат шығар-ау деп ойлаушы едім; бірақ бір түнде өрмекшінің қолына түскен шыбынның ызыңын естіп, оның да соры бар екен дедім. Не істерсің, Федя; ал бірақ жаңағы сөзді ұмытпа. Бар, бара бер.

Лаврецкий артқы есіктен шығып, қақпаға тақап қалғанда, артынан малай қуып жетті. Лаврецкийге:

– Марья Дмитриевна сізді өзіне шақырғанын айтуға бұйырып еді, – деді.

Федор Иванович әуелі:

– Айта бар, туған, маған қазір мүмкін емес... – дегенде, малай тағы сөйледі.

– О кісінің бұйырғаны, қатты өтінген, қатты өтінгенін айт деп еді, жалғыз боламын деген.

– А, қонақтар кетті ме? – деді Лаврецкий.

– Дәл, солай, – деп күтуші қалбаң қақты. Лаврецкий иығын қозғап таңданды да, малайдың соңынан ерді.

XLIII

Марья Дмитриевна өз кабинетінде Вольтер креслода одеколон иіскеп жалғыз отыр екен: апельсин қосқан бір стакан су үстел үстінде, жанында тұр. Ол қобалжи түсіп, бір нәрседен қорыққандай, Лаврецкий кірді. Бұл салқын сөйлеп, иілді де:

– Сіз мені көрмек пе едіңіз? – деді. Марья Дмитриевна:

– Я, – дей түсіп, судан жұтты да:

– Сіздің апайға кеткеніңізді біліп едім; содан сізді келсе деп сұрадым: менің сізбен сөйлесуім керек. Отырыңыз, тілеуіңізді берсін, – деп, Марья Дмитриевна біраз дем алып алды. – Сіз білесіз ғой, – деп сөз бастап, – сіздің әйеліңіз келді, – деді.

Лаврецкий баяу ғана: “ол маған мәлім” деген еді.

– Ну, ия, менің айтайын дегенім: ол маған келіп, мен қабылдап едім; осы жөннен сізбенен, Федор Иваныч, түсініспек болдым. Мен, тәңірге шүкір, бұл дүниеде, ешуақытта лайықсыз істеп көрмегендіктен, барлық жұрттың құрмет ықыласын көріп жүрмін. Сізге жайсыз болатынын білсем де, мен оны қабылдамауға батылым бармады, Федор Иваныч, ол сіз тараптан маған жақын адам: менің халімді аңғарыңызшы, оны үйіме кіргізбеуге қандай хақым бар, ойлаңызшы.

– Сіз бекер қиналасыз, Марья Дмитриевна, өте жақсы істепсіз, мен титтей ренжімеймін. Варвара Павловнаны өзінің жақындарын көруден тыямын деп ойлаған емеспін. Бүгін сізге келмегенім, тек қана онымен көріскім келмегені, міне, бәрі сол-ақ.

Марья Дмитриевна көңілденіп:

– Ах, бұны маған сізден есту қандай сүйікті, Федор Иванович, тегі, мен сіздің биік таза сезіміңізге сенгендіктен осыны тосушы ем. Ал менің қобалжығанымды айтсаңыз, ол ғажап емес, мен әйелмін, анамын ғой. Және сіздің жұбыңыз... Әрине, мен сіз екеуіңізді тергей алмаймын, мен оны

өзіне де айттым; бірақ ол сондай тамаша ханум, адамға ризалықтан басқаны ойлатар емес, – деді.

Лаврецкий күлді де, шляпасымен ойнады.

– Жаңа сізге айтайын дегенім, Федор Иванович, – деп, Марья Дмитриевна бұған қарай сәл қозғала түсіп: – сіз оны көріп, биязылықпен өзін ұстауын білсеңіз, адамға деген тағзымын көрсеңіз етті – анығында бұл жанашырлық қой. Ал оның сіз туралы сөйлегенін естісеңіз. “Мен оның алдында айнала айыпты едім” дейді; “мен оны бағалай алмадым; ол адам емес, періште” деп сөйлейді. Анық солай деп отыр, періште дейді. Өкініші сондайлық... мен, құдай біледі, мұндай өкінішті көрген емеспін, – деді.

Лаврецкий жауап қатып:

– Я, Марья Дмитриевна, қызықты сұрауға рұқсат етіңіз, Варвара Павловна сіздің үйде ән салды деді ме, ол немене, өзінің өкініші кезінде айтты ма, әлде қалай болды? – деді.

– Ах, сізге солай айту ұят емес пе! Ол ән салып ойнағанда тек мен үшін істеді, оған бұны бұйырып істеткен мен. Анық бұйрығым. Байқасам, халі сондай ауыр екен, соны немен алаң етем дедім де, оның сондай ғажап талантты екенін естіп ем, рақым етіңіз, Федор Иванович, ол сондайлық қорлық шеккен, тым құрыса Сергей Петровичтен сұранышы, қайғыдан мүлде өлген әйел, соны ойласаңызшы.

Лаврецкий иығын ғана көтерді.

– Онан соң, анау Адочка қандай періште, не деген ғажап, ол қандай сүйкімді және ақылды; французша сөйлегенін айтыңызшы, орысша да түсінеді – мені апатай дейді, әлгі оның жасындағы балалардың жатырқайтыны бар ғой, бұнда ол мүлде жоқ. Онан соң сізге ұқсағаны, Федор Иванович, сондай өзгеше, көзі, қастары айнымаған сіз. Мен өзім ондай кішкене балаларды сүймеймін, шынымды айтайын, бірақ сіздің қызыңызға тура ғашық боп қалдым.

Лаврецкий шұғылынан бір нәрсе туралы сұрап:

– Марья Дмитриевна, сізден сұрауға рұқсат етіңіз, осыныңызды маған неменеге айтып отырсыз? – деді.

Марья Дмитриевна одеколон иіскеп, су жұтып алды:

– Неменеге дейсіз бе? Федор Иванович, менің айтатыным... мен сіздің туысқаныңызбын ғой, сіздің ісіңізге мен барыммен араласам, мен білем ғой, сіздің жүрегіңіз сондай

мейірімді, тыңдаңыз, туғаным. Мен не десеңіз де, тәжірибелі әйелмін, желге кететін шығасы сөз сөйлемеймін: кешіріңіз, кешіріңіз әйеліңізді.

Марья Дмитриевнаның көзі осы сәтте жасқа толып:

– Ойлаңыз, жастық, тәжірибесіздік... Ну, бәлкі, жаман үлгі әсер еткен болар, оны жолға салып отыратын ана да болған жоқ, оны кешіріңіз, Федор Иваныч, шеккен жазасы жеткілікті, – деді.

Марья Дмитриевна көз жасы екі бетінен тамшылап отыр, ол сүртінген жоқ: өзі жылағанды жақсы көруші еді. Лаврецкий қызыл шоқтың үстінде отырғандай, ішінен ол: “құдай-ау, бұл не ғажап, бүгін қандай күн туды маған?” деп ойлады. Марья Дмитриевна тағы сөйледі:

– Сіз жауап бермейсіз, мен қалай түсінейін. Шынымен сіз сондай қатал ма едіңіз. Жоқ, мен оған сене алмаймын, мен өз сөзім сізге әсер етті деп сеземін, Федор Иваныч, сіздің мейірімділігіңіз үшін құдай иеді, ал қазір, менің қолымнан әйеліңізді қабыл алыңыз.

Лаврецкий ықтиярсыз орнынан тұрды; Марья Дмитриевна да түрегеліп, шапшаң ғана ширманың ар жағына барып, Варвара Павловнаны алып шықты. Өңі қашқан, көздерін төмен салған, құр сұлдері ғана бар әйел сияқтанып, өз ойынан, ықтиярынан түгел жұда болған әйелдей, Варвара Павловна барымен Марья Дмитриевнаға берілген сияқты, Лаврецкий бір адым кейін шегінді де:

– Сіз әлі осында ма едіңіз? – деп айғайлап қалды. Марья Дмитриевна шапшаң ғана сөзге араласып:

– Ол кісіні айыптамаңыз, мұнда тіпті қалғысы келмеген еді, бірақ мен оған бұйырдым да, осы ширманың ішіне отырғыздым. Бұл сізді әсіресе ашуландырады деп айтып еді, мен онысын тыңдамадым; бұ кісіден де сізді мен артық білем ғой, сөйтіп менің қолымнан жарыңызды қабыл алыңыз; бері келіңіз, Варя, қорықпаңыз, тізе бүгіңіз, – деп (әйелді қолынан тартты да), – менің батам болсын, – дей бергенде, Лаврецкий оны бір күңгірт, бірақ қалтыратқандай дауыспен бөгей берді:

– Тоқтаңыз, Марья Дмитриевна. Сіз, тегі, сезімтал сахналарды сүйетін боларсыз (Лаврецкий қателескен жоқ еді: Марья Дмитриевна тіпті институт заманынан-ақ кейбір

театрлық халдерге құмар болатын); ол сізді қызықтырады ғой, бірақ бұл өзгелерге ауыр келеді, жә, мен сізбен сөйлеспеймін: бұл сахнада бас герой сіз емес қой, – деп әйеліне бұрылды да, – ханым, сізге менен не керек? – деді. – Қолымнан келгенді сізге мен істемедім бе? Мына кездесуді сіз істегенім жоқ деп дау айтушы болмаңыз; мен бәрібір сізге сенбеймін және сене алмайтынымды сіз білесіз. Сіз не тілейсіз. Сіз ақылды адамсыз, мақсатсыз ешнәрсе істемейсіз. Менің сізбен бұрынғыдай тұра алмайтынымды сіздің түсінуіңіз керек; ол сізге ашуланғанымнан емес, бүгінде мүлде басқа адам болғандығымнан. Мен осыны сіз келген күннің ертеңінде айтқамын, соны дәл қазір сіздің ішіңіз біліп тұр. Бірақ сіз көпшілік көзінде өзіңізді көтермек боласыз; менің үйімде тұруыңыз аз болғандай, менімен бір шатырдың астында тұрғыңыз келеді, солай емес пе?

Варвара Павловна көзін жоғары көтерместен:

– Мен сіздің кешіруіңізді тілеймін, – деді.

Марья Дмитриевна да бұл сөзді қайталап:

– Бұл кісі сіздің кешіруіңізді сұрайды, – деді.

Варвара Павловна:

– Өзім үшін емес, Ада үшін, – деп сыбырлай түсті.

Марья Дмитриевна тағы қостады:

– Өзі үшін емес, сіздің Адаңыз үшін.

Лаврецкий қиналып тұрып:

– Жақсы. Сіз осыны тілейсіз ғой. Бұйырыңыз, мен соған да разымын, – деді.

Варвара Павловна бұған қарап жалт етіп көз тастағанда, Марья Дмитриевна қуанып кетті.

– Я, құдай, – деп, Варвара Павловнаны тағы да қолынан тартып, – қабыл алыңыз енді менен... – дегенде, Лаврецкий оның сөзін бөлді.

– Токтаңыз дедім ғой, мен сізбен тұруға көнемін, Варвара Павловна, яғни мен сізді Лаврикке апарып, мұршам жеткенше бірге тұрам да, содан соң кетемін, кейде соға жүремін. Көрдіңіз бе, мен сізді алдағым келмейді; бірақ бұдан көпті талап етпеңіз. Біздің мына құрметті туысқан әйеліміздің тілегін орындап, сізді мен құшағыма алсам, еткен істер болған жоқ десем, кесілген ағаш қайта гүлденеді десем, оған сіздің өзіңіз де күлер едіңіз. Бірақ, көріп

тұрмын, көнуге қажет боп тұр. Сіз бұл сөзді басқаша түсінесіз... бірақ оның бәрібір. Тағы да айтайын, мен сізбен тұрамын... яки, жоқ, оны серт ете алмаймын... Мен сізге ораламын да, сізді өзімнің әйелім деп санайтын боламын...

Бұл шақта көз жасы әлдеқашан құрғаған Марья Дмитриевна:

– Тым құрыса осы үшін өзіне қолыңызды беріңізші, – деді.

Лаврецкий көнген жоқ:

– Мен бұл күнге шейін Варвара Павловнаны алдаған емеспін, ол бұған онсыз да сенеді. Мен өзін Лаврикке апарамын; және есіңізде болсын, Варвара Павловна, сіз ол жерден бір жаққа шығар болсаңыз, біздің шартымыз сол сәтте бұзылады. Ал маған кетуге рұқсат етіңіздер, – деп, екі ханымға иілді де, асыға басып шығып кетті.

Марья Дмитриевна оның соңынан айғайлап:

– Сіз өзін ерте кетпейсіз бе? – деп еді.

Варвара Павловна сыбырлап:

– Оны қоя-ақ қойыңыз, – дей сала, енді үй иесін құшақтап, оған алғыс айтып, қолдарынан сүйіп, бұны өзінің құтқарушысы деп алғыс айтты.

Марья Дмитриевна оның құрметін паңдықпен қабыл ала тұрса да, іштей Лаврецкийге де, Варвара Павловнаға да және барлық әзірленген сахнаға да риза болмады. Сезімпаздық аз шықты; оның ойынша, Варвара Павловна күйеуінің аяғын құша жығылу керек еді. Енді түсіндіріп:

– Сіздің мені ұқпай қалғаныңыз қалай. Мен тізе бүгіңіз дегенім қайда? – деді.

– Жаңағының өзі артық, сүйікті апатай, қиналмаңыз, бәрі де өте жақсы.

– Ну, бірақ ол мұздай салқын қанды ғой, рас, сіз де жылаған жоқсыз, оның алдында мен ғана жас төктім. Сізді Лаврикте тұсап қоймақ, сөйтіп сіз маған да келе алмайсыз ба? Еркектің бәрі де топас, – деп, сөз аяғында басын шайқап қойды.

– Мейір мен кешірімді бағалай білетін тек әйелдер ғана ғой, – деп, Варвара Павловна тізесін бүгіп, Марья Дмитриевнаның толық бойын құшақтап, басын иді. Жүзінде үнсіз жымию бар еді, ал Марья Дмитриевнаның көзінің жасы аға жөнелді.

Лаврецкий өз үйіне келіп, күтушісінің бөлмесіне кіріп, есікті жапты да, диванға құлай түсіп, таң атқанша тапжылмай жатып алды.

XLIV

Келесі күн жексенбі болатын. Таңғы намазға шақырған қоңырау үні Лаврецкийді оята алған жоқ, ол түн бойы көз жұмған жоқ-ты, бірақ кейін Лизаның тілегі бойынша өткен жексенбіде өзінің шіркеуге барғанын есіне алды. Ол шапшаң тұрып киінгенде, жасырын бір дауыс “бүгін де қыз сонда” дегендей болып еді. Үйден ақырын шығып, әлі ұйықтап жатқан Варвара Павловнаға өзінің түскі тамаққа ғана оралатынын айтуды бұйырып, енді адымдай түсіп, бір қалыпты мұнды қоңырау шақырған жаққа қарай беттеді. Ерте келген екен, шіркеуде әлі ешкім жоқ. Клироста дьячок дұға оқиды; анда-санда жөткіргені болмаса, зор даусы бір бәсеңдеп, бір дәуірлей түседі. Лаврецкий есікке жақын тұрды. Намазға келгендер бір-бірлеп кіріп, жай тоқтап, жанжағына бұрыла шоқынысады. Бұлардың аяқ тықыры қуыс үйдің ішінде, тыныштықта, биік күмбез астынан жаңғырығып естіледі. Ескі бөрік, шапан киген алжыған бір кемпір Лаврецкийдің қасына тізе бүгіп тұрып, бар ынтасымен жалбарына бастады; оның тісі жоқ, сарғайған, құрысқан жүзінде барынша тырысқан мүләйімдік бар; қызарған көздері жалтармастан жоғары қарап, көп икондағы әулие жүздерге қадалады; салдыраған сүйегі ғана қалған қолдары жиі қозғалып, баяу салмақпен үлкен кең крес жасайды. Қалың сақалы бар күнгірт жүзді бір мұжық шашы үрпиген, құнысқан қалпында шіркеуге кіріп, қос тізерлеп тұра қалып, салғаннан шоқына бастады. Әрбір сәждесінің артынан басын кейін шалқайтады. Бұның жүзінде, бар қозғалысында соншалық ащы зар білінгендіктен, Лаврецкий қасына келіп, жөнін сұрады. Мұжық сескеніп, салқын тартып тайқи беріп, бұған қарады да... “балам өлді” деп шапшаң айта салып және де сәжде қылуға кірісті.

Лаврецкий ішінен “бұлар үшін шіркеуден басқа жұбаныш бар ма” деп, өзі де дұға оқып көріп еді, бірақ жүрегі

ауырлап, қатаң тартты, ойлары да тәңірісінен жырақ еді. Ол үнемі Лизаны күткен. Бірақ Лиза әлі келмей тұр. Шіркеуге халық тола бастады; ол сонда да келмей тұр. Ертеңгі намаз басталып, дьякон енді інжілді оқыды. Үлкен дұғалықтың қоңырауы да қағылды; Лаврецкий сәл ілгері қозғалып еді, сол сәтте Лизаны көрді, ол бұдан ерте келсе де, жігіт оны байқамаған екен. Қабырға мен клиростың арасына жабыса жайғасып, ол ешқайда қарамай, қыбыр етпей тұрған-ды.

Лаврецкий намаз біткенше қыздан көзін алмай қарап тұрып, онымен іштей бақыл айтысып қоштасумен болды. Халық тарай бастаса да, ол әлі тұр еді, Лаврецкийдің кетуін тосып тұрғандай. Ақыры ол соңғы рет шоқынды да, бұрылмастан жүріп кетті; қасында бір ғана күтуші әйелі бар. Лаврецкий шіркеуден Лизаның артынан шығып, оны көшеде қуып жетті. Қыз басын төмен салып, бетіне вуалин түсіріп, аса жылдам басып барады екен.

– Есенсіз бе, Лизавета Михайловна, – деп ол өзін зорлап, қатаң үнмен, – сізді шығарып салуға рұқсат па? – деді.

Қыз түк айтқан жоқ. Бұл оның қасына ерді. Енді дауысын бәсеңдетіп:

– Сіз маған ризасыз ба, кешегі болғанды естіген шығарсыз, – деді.

Қыз сыбырлап сөйлеп:

– Ия, ия, бұныңыз жақсы, – деді.

Енді қыз бұрынғысынан да шапшаң басты.

– Сіз ризасыз ба?

Лиза тек басын ғана изеді. Енді жай әлсіз ғана дауыспен:

– Федор Иванович, мен сізден өтінейін деп едім: енді бізге келмеңіз, тез жүріп кетіңіз; біз тек кейін көрісе аламыз, бір шақта, мүмкін бір жылдан соң. Ал әзір осыны мен үшін етіңіз, осы тілегімді орындаңызшы, тәңір үшін! – деді.

– Мен сізге бар жайдан бағынуға әзірмін, Лизавета Михайловна, бірақ тек осылай ғана айрылысқанымыз ба? Маған бір ауыз да сөз айтпағаныңыз ба?

– Федор Иванович, міне, сіз қазір менің қасымда келесіз, ал сіз бірақ менен енді соншалық жырақ-жырақсыз. Және жалғыз сіз ғана емес, а...

Лаврецкий дауыстап:

– Өтінемін, айтып бітіріңіз, не айтпақ боласыз, – деді.

– Сіз естірсіз бәлки... бірақ не болса да, ұмытыңыз...

Жоқ, мені ұмытпаңыз, мені есіңізде тұтыңыз.

– Мен бе сізді ұмытатын.

– Жетті, бақыл болыңыз, ермеңіз соңымнан.

Лаврецкий “Лиза” дей беріп еді, қыз вуалін төмен тарта түсіп, енді жүгіре басып, тағы да:

– Бақыл болыңыз, бақыл болыңыз! – деді.

Лаврецкий оның соңынан басын төмен салып қарап қалды да, енді көше бойлап қайта жүрді. Жолда Леммге кездесіп еді, ол да шляпасын мұрнына түсіре киіп, екі аяғының астына ғана қарап келеді екен. Екеуі бір-біріне үнсіз қарады. Ақыры Лаврецкий:

– Ну, не айтасыз, – деп еді, Лемм уайымды жүзбен жауап қатты:

– Мен не айтайын, мен түк айтпаймын, бәрі де өлді, біз де өлдік, сіз оңға бұрыласыз ғой.

– Оңға.

– Ал маған солға. Бақыл болыңыз.

Келесі күні Федор Иванович әйелімен Лаврикке жөнелді. Әйелі Ада мен Жюстинаны алып алдағы күймеге мінгенде, Лаврецкий арттағы гарантасқа мінді. Әдемі кішкене қыз барлық жол бойында күйменің терезесінен кеткен жоқ; ол бар нәрсеге таңғалады: мұжықтар, қатындар, жолдағы жаман үйлер, құдықтар, доға мен қоңыраулар да, жол бойындағы көп ұзақтар да оны таңғалдырады; Жюстина да осы балаша таңданды; Варвара Павловна олардың сөздері мен мінездеріне күліп келе жатты. Ол қазір көңілді, О... шаһарынан шығар алдында ол өзінің күйеуімен арыла сөйлесіп алған. Бұл оған: “мен сіздің халіңізді түсінемін” дегенде, ол бұған ақылды көзінің ажарынан еркек халін анық түсініп отырғанын аңғарған-ды.

Сонда бұл әйел: “сіз тым құрыса менімен тұру жеңіл екенін білуіңіз әділ емес пе? Мен сізге жабыспаймын, қыспаймын; менің тілегім тек қана Адамның болашағын қамсыз ету; содан өзге маған түк те керегі жоқ” деген-ді.

Бұған Федор Иванович:

– Ия, сіз бар мақсатыңызға жеттіңіз, – деп жауап қайырған.

– Ендігі менің жалғыз қиялым бар: қараңғы түкпірге тығылып, сіздің жақсылығыңызды мәңгі есіме тұту, бар қиялым осы.

– Фи, жетер, – деп, Лаврецкий арғы сөзін жеткізе айтқызбаған. Әйел сонда да өзінің әзірлеген сөзін жеткізе түсіп:

– Сіздің азаттығыңыз бен тыныштығыңызды мен құрмет ете білермін, – деген болатын.

Лаврецкий ол үшін барынша иілген еді. Варвара Павловна күйеуінің бұған іштей алғыс айтқанын түсінген болатын.

Лаврикке бұлар келесі күні кешке жетті; бір жұмадан соң Лаврецкий әйелінің ендігі тұрмысына арнап бес мың сом қалдырып, өзі Москваға жүріп кетті, ал Лаврецкий кеткен күннің ертеңінде, “оңашалық жайында мені есіңізден шығармаңыз” деген Варвара Павловнаның өтініші бойынша, мұнда Паншин келді. Әйел оны өте жақсы қарсы алды. Түн ортасына шейін биік бөлмелерде, бақшада музыка даусы мен ән естіліп, француздың жеңіл әзілдері орын алды. Варвара Павловнаның қасында Паншин үш күн қонақ болды; онымен қоштасып, әйелдің тамаша сұлу қолын қатты қысып тұрып, “тез уақытта қайта ораламын” деп еді, ол сол уәдесін орындады.

XLV

Шешесінің үйінің екінші қабатында Лизаның жеке кішкене бөлмесі болатын, бұл таза, жарық, ақ төсегі бар, бұрыштар мен терезе алдында гүлдер қойылған, кішкентай жазу столы бар, бір топ кітап тұрған, қабырғада Ғайсаның суреті бар бөлме еді. Өзін бала бөлмесі дейтін; Лиза осында туған-ды. Лаврецкий көрген күні шіркеуден келісімен Лиза дағдыдан тыс, өз үйіне өзгеше тәртіп орнатты, бар жердің шаңын қағып, бар нәрсесін қайта қарап, жаңа жіңішке лентамен өзінің бар тетрадтарын және құрбы қыздарынан алған хаттарын қайтадан орады. Бар тартпаларын жауып, гүлдеріне су құйып, әрбір жеке гүлді өз қолымен сипап өтті. Осының бәрін ол асықпай, дыбыссыз мейірленіп, қамқорлық жасаған жүзбен істеді. Ақыры бөл-

месінің ортасына кеп тоқтады да, Ғайса суреті тұрған қабырғаға бұрылып, қос тізерлеп, екі қолын басына қойып, тапжылмай тұрып қалды.

Марфа Тимофеевна үйге кіргенде, бұны осы халде көрді. Лиза оның келгенін байқаған жоқ еді. Кемпір есік сыртына аяқ ұшымен басып қайта шығып, бірнеше рет қатты жөткіріп алды. Лиза сонда ғана шапшаң тұрып, көзінде тұрып қалған жарқыраған жас тамшыларын енді сүртті. Марфа Тимофеевна жас бір гүл бар құмыраға иіліп:

– Байқасам, сен өзіңнің намаз үйінді тағы тазалапсың-ау, мынаның исі қандай жақсы, – деді.

Лиза апасына ойлана қарады. Сыбырлап қана:

– Сіз қандай сөз айттыңыз? – деді. Кемпір жабыса түсіп:

– Қандай сөз, қандай! Сенің не айтқың келеді? Бұл сұмдық, деп, – ол қазір қалпағын жұлып тастап, Лизаның төсегіне отыра қап, сөйлей жөнелді. – Бұған менің қуатым жетпейді. Төрт күн болды қазанда қайнағандаймын. Түк байқамаған кісі боп енді күлгірсіп жүре алмаймын, сенің өңің жүдеп, түсің қашып, жылап жүргеніңді көре алмаймын, төзе алмаймын бұған! – деді.

– Оныңыз не, апатай, мен әншейін...

– Әншейін, оны сен маған емес, өзгеге айт, әншейін...

Ал жаңа тізерлеп тұрған кім, кірпігінде іркіліп жас тұрған кім. Әншейін, сен өзіңе қарашы әуелі, жүзіңді білдің бе, көзің қайда жоғалды осы сенің, әншейін, мен барды білмейді дейсің ғой.

– Бұның бәрі жоғалады, апатай, тек тоса тұрыңыз.

– Жоғалады, қашан жоғалады. Жасаған ие-ау. Сен оны соншалық жақсы көріп қап па едің. Ол шал ғой, Лизочка. Рас, мен таласпаймын, ол жақсы адам, ол итше тістемейді: бірақ неменесі бар, біздің бәріміз де жақсы адамбыз. Жер, дүние бітті деп пе ең, ол мақұлықтар әр кезде мол табылады.

– Мен сізге айттым ғой, бәрі де тез бітеді, тіпті бітіп те қалды.

Марфа Тимофеевна Лизаны өз қасына төсекке отырғызып, оның шашы мен басындағы орамалшасын түзей отырып, сөйлей жөнелді:

– Мен бір нәрсе айтайын, тыңдашы, Лизочка. Сенің қайғыңа шығар жол жоқ сияқты боп, алғашқы қызу үстінде

ғана солай көрінеді, эх, жаным менің, тек өлімге ғана дәрі жоқ. Сен өзіңе мынаны айтсаңшы, “көнбеймін, берілмеймін, бара берсін” деші, сонан соң қандай жеңіл, оңай өткенін өзің де байқамай қаларсың. Тек қана шыдап көрші.

– Апатай, ол енді өтті, бәрі де өтті.

– Өтті, қайдан өтті. Мінекей, қазір мұрның да үшкірленіп қалыпты, а, сен өтті дейсің. Өткен-ақ екен.

Сол шақта Лиза шапшаң өзгеріп, Марфа Тимофеевнаның мойнынан құшақтай алып:

– Я, өтті деймін, апатай, тек сіздің маған көмек еткіңіз келсе екен, жаным апатай, менің досым болыңыз, жәрдем етіңіз маған: ашуланбаңыз, түсініңізші мені... – деді.

– О не, о немене, шешекем-ау, тілеуің берсін, қорқытпашы мені, өзің маған бұлай қарамашы, қазір айғай саламын; шапшаң айтшы, о не?

– Мен, менің тілегім... – деп, өзінің жүзін Марфа Тимофеевнаның кеудесіне басты да, Лиза: – менің тілегім... монастырьге кетпекпін, – деп соншалық күңгірт үнмен сөйледі.

Кемпір отырған жерінен ырғып түсті.

– Шоқына көр, шешекем. Лизочка, есінді жи: құдай сақтасын, бұның не? – деп сасқалақтай сөйлеп: – Жатшы, көгершінім, ұйықтап алшы кішкене: сенде бұның бәрі ұйқысыздықтан ғой, жаным! – деді.

Лиза басын көтере қарады, екі беті оттай жанып тұр екен.

– Жоқ, апатай, бұлай деменіз, мен бекіндім, мен жалбарынып, тәңірімнен ақыл сұрадым. Бәрі тамам, менің сіздермен кешкен өмірім тамам. Алғаш ойлағаным бұл емес еді, енді мына сабақ тегін емес: маған бақыт оралмады, бақытты үміт еткен шағымда да жүрегім шанша беруші еді. Мен барда білуші ем, өз кінәмды да, өзгелердікін де білемін. Соның бәрі үшін жалбарыну-жалбарыну керек. Сізді де, апамды да, Леночканы да қимаймын: бірақ басқа шара жоқ, сеземін, бұнда маған тірлік жоқ: мен бар дүниенен, мұндағы үйдің бәрімен арыздасып, қоштастым, мені басқа дүние шақырады, жүрегім лоблып, мәңгіге бір жерге жабылып, бекініп қалғым келеді. Мені бөгеменіз, айнытам деменіз, көмек етіңіз, болмаса өзім-ақ кете барам...

Марфа Тимофеевна “бұл ауырған ғой, сандырақтанғаны шығар, докторға жіберу керек, қайсысын шақырсақ екен. Анада бір Гедеоновский әлдебірін мақтап еді: ол ыңғай өтірік айтса да, әлде осы жолы шын айтқан болар” деп ойлаған еді. Бірақ кейін Лизаның ауру да емес екенін, сөздері сандырақ емес екенін және Лизаның бұған берген әр жауабының айнымас бірқалыпты екенін көрген соң, Марфа Тимофеевна шошыды да, шынымен қайғыра бастады.

– Сен білмейсің ғой, менің көгершінім, монастырьдегі өмір қандай, ойлаймысың! – деді, өз айтқанына көндіргісі кеп. – Сәулешім, сені жап-жасыл зығыр майын жегізіп, үстіңе қатты, қалың көйлек кигізіп, суыққа айдап салады. Сен бұның бәріне шыдамайсың ғой, Лизочка. Бұның бәрі саған Агашаның қалдырған ізі ғой, сол ғой, сені адастырып тұрған. Ол өзі өмірін қызықтан бастап, бар тәтті, дәмдіні көріп алған жоқ па еді: сен де әуелі өмір сүрсеңші. Тым құрыса мен тыныш өлейін, содан соң ойдағыны істесеңші. Бүйткені, әлдебір, құдай сақтасын, әлдебір теке сақал еркектер үшін монастырьге кеткенді кім көріпті. Тіпті шыдамасаң, сопыға барып, жалбарынып дұға қыл, тек басыңа анау шошайған қара пәлені кие көрме. Әкем менің, шешетайым менің...

Сөйтіп, Марфа Тимофеевна егіліп жылап жіберді.

Лиза оны жұбатып, көзін сүртіп, өзі бірге жыласа да, дегенінен қайтқан жоқ. Марфа Тимофеевна қайғы үстінде шошытып көріп еді: барды шешене айтам деп еді... бірақ оның да көмегі болмады, тек кемпірдің аса қатты жалбарынуы бойынша, Лиза өз ниетін орындауды жарым жылға қалдыра тұратын болды: оның орайына Лиза өз ниетінен қайтпайтын болса, Марья Дмитриевнаның рызалығын өзі алып беруге Марфа Тимофеевна серт етті.

Күздің алғашқы суығы түсе бере, Варвара Павловна меңіреу түкпірде бекініп отырамын деген уәдесіне қарамай, ақшаны молырақ етіп алып, Петербургке көшті. Бұдан бұрын О... губерниясынан қайтқан Паншин сыпайы, бірақ аса сүйкімді пәтер әзірлеп қойған екен, соған кірді. О... қаласында тұрған кезінің соңғы шағында ол Марья Дмитриевнаның құрметінен айрылған-ды. Бұл үйге бармайтын

болып, көбінше Лавриктен шықпайтын да болған, Варвара Павловна оны құл ғып алды, анық құл етіп алды: әйелдің бұған деген шексіз, айнымас жауапсыз әкімшілігін басқа сөзбен айтып болмастай еді.

Лаврецкий қысты Москвада өткізді. Ал келесі көктемде бұған Россияның жарық бір шетіндегі Б... монастыріне барып, Лиза сопылар қатарына қосылыпты деген хабар жетті.

ЭПИЛОГ

Сегіз жыл өткен еді. Тағы да көктем келді... Бірақ өзгеден бұрын Михалевич, Паншин және Лаврецкая ханымның тағдырлары туралы аз сөз айтайық та, олармен айрылысайық.

Михалевич ұзақ уақыт кезіп жүріп, ақыры дәл өзінің жұмысын тапты: бір қазыналық кеңседе бас бақылаушысының орнын алды. Ол өз тағдырына дән риза: бұның тәрбиесіндегілер сыртынан мазақ ете жүрсе де, оны “құрметтейтін”.

Паншин шен жағынан көп ілгеріледі, енді директор болғалы жүр; біраз өзі еңкіштеніп жүреді: тегі, мойнына ілінген Владимир кресі ілгері үңілте түскен болар. Суретшінің орнына бұдан нағыз чиновник шықты: оның өлі де жасаң түсі сарғайыңқырап, шаштары да сиреген және ол енді ән де шырқамайды, сурет те салмайды, бірақ жасырын түрде әдебиетпен айналысады: “мақалдар” деген тәрізді бір кішкене комедия жазады және жұрттың бәрі қазір біреуді бейнелеп жазуды машық еткен соң, ол да бір жеңілтек әйелді бейнелеп жазып, өзіне тәуір қарайтын екі-үш ханымға сол жазғанын жасырын оқитын. Сан рет тамаша жағдайлар болса да, ол тегі үйленбеді: бұған айыпкер Варвара Павловна болатын. Бұл әйел болса, баяғысынша ұдайы Парижде тұрады: Федор Иванович оған өз атынан вексель беріп, әйелдің ойда жоқтан екінші рет қайта оралмауын ойлап, өз басын өзі сатып алды. Ол әйел бүгінде қартайып, жуандаған еді, бірақ өлі де сүйкімді және сұлу. Әр адамның өз қиялы бар ғой, Варвара Павловна сол қиялын жас Дюманың драмалық шығармаларынан тапты. Ол театрларға ұдайы барып,

сахнадағы сезімтал, бірақ көкірек аурулы ханымдарды көрді; Дош ханым тәрізді болу оған адам арманының зоры тәрізденді: бір шақта ол өз қызына осыдан зор ырысты тілемейтінін де айтқан еді. Бірақ илануға болады, бойжеткен Ада ондай рахаттан жырақ болар: себебі бұрынғы қыпқызыл толық баланың орнына, қазір кеудесі құнысқан, өңі жүдеу және нервлері тозған қыз болып еді.

Варвара Павловнаның сүйгендерінің саны азайған, бірақ олар жойылған жоқ: кейбіреулерін ол өз өмірінің ақырына шейін сақтайтын болар. Бұлардың ішіндегі ең бейілдісі соңғы кезде араласқан Закурдало-Скубырников дейтін біреу, өзі мұрт жіберген отставкадағы гвардеецтердің ішінен шыққан, жасы 38-де, ерекше кесек біткен адам еді. Лаврецкая ханымның салонына келетін француздар бұны французша Украинаның жуан бұқасы дейтін; Варвара Павловна өзінің сәнді кештеріне оны ешуақытта шақырмайтын, бірақ әйелдің мейірбандығын ол толық пайдаланушы еді.

Сөйтіп... сегіз жыл өтті. Тағы да аспаннан көктемнің жарқыраған бақыты аңқыды: ол көктем жерге, адамзатқа тағы да күле қарайды: оның еркелетуі арқасында айнала гүлдер махаббаттанып, жырлай бастады. О... шаһары бұл сегіз жыл бойында аз өзгерген-ді, бірақ Марья Дмитриевнаның үйі жасарған сияқты: жақында боялған қабырғалары көңілді түрде ағарып, кешкі шақта ашық терезелері қызара жасарып, жалтырай түседі. Бұл терезелерден көшеге қуанышты жастар үндері, үздіксіз күлкілер естіледі. Барлық үй ернеуінен асқан қуанышпен толқып, тірлік қазаны қайнап жатқандай көрінеді.

Үй иесі ханым әлдеқашан қара жерге кірген-ді. Лиза сопылыққа кеткеннен кейін екі жылдан соң Марья Дмитриевна қайтыс болған. Бұдан Марфа Тимофеевна да ұзақ тұрған жоқ, қала зиратында екеуінің қабірі қатар тұр. Настасья Карповна да қайтыс болған соңғы бірнеше жыл бойында бұл адал кемпір жұма сайын өзінің дос әйелінің басына дұға оқуға барушы еді... Мезгіл жетіп, оның да сүйегі қара жерге жайғасты. Бірақ Марья Дмитриевнаның үйі бөтен адамның қолына ауысқан жоқ, өз тұқымынан кетпеді; ұя бұзылмады; сұңғақ бойлы, сұлу қыз боп өскен Леночканың күйеуі – ақсары шашы бар, гусар офицері; Марья Дмит-

риевнаның ұлы Петербургте үйленіп, осы көктемге өзінің жас әйелін және оның қызыл жүзді, сүйкімді көзді он алты жасар институтка сіңлісін ертіп келген; Шурочка да ержетіп, көріктенген болатын. Калитин үйінің көркін енгізген күлкі мен кеңес осы жастардікі еді. Бұл үйдің бар нәрсесі өзгеріп, барлық жайы жаңа тұрғындарына бейімделген. Күлегеш, задор, сақалсыз малайлар бұрынғы салмақты қарт малайлардың орнына тұрыпты: бұрын семіз Роска салмақпен жүретін жерлерде екі тазы ит ойнақ салып, диванға шейін секіреді, атқорада жарау жорғалар, құтырып тұрған түпкі аттар және жалдары өрілген, жұлқынған шеткі аттар, салт мінетін Дон сәйгүліктері пайда болған: таңертеңгі, түскі, түнгі тамақтардың бәрінің мезгілдері өзгеріп, ауысып кеткен; көршілердің айтуы бойынша, “болмаған төртіп” орнаған.

Біз сөз қып отырған кеште Калитин үйінің тұрғындары (бұлардың ең үлкені, Леночканың күйеуі жиырма төрт қана жаста болатын) болымсыз ойынға айналысқан болса да, күлкілеріне қарағанда, солары өздеріне сонша қызықты еді: бұлар бөлмеден бөлмеге жүгіріп, бірін-бірі қуып жүр, иттер де қоса жүгіріп, үре түседі. Терезелер тұсында ілулі тұрған тордағы ұнпаз торғайлар да үй ішінің даурығын күшейтіп, тынбастан шырқап сайрасады. Осындай аспанды басына көтерген қуаныш дырдудың қайнар кезінде қақпа жанына шаң басқан бір тарантас кеп тоқтап, соның ішінен жол киімін киген, жасы қырық бес шамасына келген бір адам шығып, қайран боп қарап тұрып қалды. Ол біраз уақыт тапжылмай тұрып, үнді байыптап қарап алып, қақпадан кіріп, жай ғана басқышпен көтеріле бастады. Алдыңғы үйде ешкім қарсы алған жоқ, бірақ зал есігі шапшаң ашылып, қып-қызыл болған Шурочка жүгіре шықты және сол сәтте шулаған бойда барлық жастар тобы да қаптап келіскен еді. Шурочка оқыс тоқтай қап, бөтен адамды көріп тына қалды: бірақ қонаққа қараған көздер өлі де қуанышпен қадалып, жүздерден күлкі де айыққан жоқ-ты. Марья Дмитриевнаның ұлы қонаққа жақындап кеп, сыпайы түрмен бұл адамға не қажет екенін сұрады.

Қонақ:

– Мен Лаврецкиймін, – деді.

Бұған жауап ретінде жастар шулай үн қатысты – бұнысы бұл күнде ұмытылған алыс туысқанның келуіне бар жастың қуанғаны емес, тек не жөнінен болса да шу етуге әзір тұрған жастық қана белгісі еді. Бұлар Лаврецкийді лезде қоршап алды: Леночка ескі таныс есебінде өзін алдымен атап, енді біраз болса, не қылса да таныр едім деді де, қалған қауымды түгелімен бәрінің аттарын кішірейтіп атап, соның ішінде өз күйеуінің де атын кішірейтіп атап таныс етті. Барлық топ ас үйден өтіп, қонақ үйге ауысты. Екі бөлменің де қабырға бояулары өзгерген екен, бірақ жасаулары бұрынғыдай.

Лаврецкий фортепьяноны таныды. Терезе алдындағы өрмек те бұрынғы орнынша, тіпті сегіз жыл бұрын бітпей қалған тоқымасы да сол күйінде қалғандай. Лаврецкийді жайлы орындыққа отырғызып, өзгенің бәрі салмақпен бұны қоршай отырысты. Сұрақтар, таңданулар, әңгімелер үзілмей айтыла жөнелді. Леночка аңқаулықпен сөз бастап, “біз сізді көрмегелі көп болды, Варвара Павловнаны да көрмедік”, – деді.

– Қайдан! – деді ағасы сөзге араласып. – Мен сені Петербургке әкеткенімде, Федор Иваныч қыстақта тұрушы еді.

– Одан бері апам қайтыс болды ғой.

– Марфа Тимофеевна да, – деп Шурочка қостады. – Және Настасья Карповна, – деп Леночка сөйлеп, – мосье Лемм де, – дегенде, Лаврецкий:

– Қалайша, Лемм де өлді ме? – деді.

Енді жас Калитин жауап беріп:

– Ия, ол бұл жерден Одессаға кеткен еді; біреу сонда шақырып қызықтырыпты деседі, сонда ол қаза тауыпты, – деді.

– Сіздер білмейсіздер ме, оның музыкасы қалды ма екен?

– Білмеймін, қалды ма екен.

Жұрттың бәрі үндемей, біріне-бірі қарасты. Барлық жас жүздерге уайымның жұқа бұлты төнгендей. Леночка сол кезде “ал Матроска тірі” деді. Ағасы: “Гедеоновский де тірі”, – деді. Гедеоновскийдің аты естілгенде, жастар сақылдап күлісті.

Марья Дмитриевнаның ұлы:

– Я, ол тірі және өтірікті баяғысынша соғады, білдіңіз бе, мынау сотқар қыз, – деп, “ол өзінің” балдызын көрсетіп, – кеше оның шақшасына бұрыш сеуіп қойыпты, – деді. Леночка айғайлап: “оның түшкіргенін көрсеңіз” дегенде, жастар тоқтай алмай күле жөнелісті. Жас Калитин енді біразда: “біз жақында Лизадан хабар алдық” дегенде, айнала жұрт тына қалды; “қазір жақсы екен, саушылығы аз-аздап түзеліп келе жатқан көрінеді”, – деді.

Лаврецкий қинала отырып:

– Ол әлі де сол, мінәжат орнында ма? – деді.

– Әлі де сонда.

– Өзі сіздерге жаза ма?

– Жоқ, тіпті жазбайды: хабары кісі арқылы ғана жетеді.

Бір сәтке ауыр үнсіздік хал туды; бәрінің ойы “момын періште ұшты” дегендей. Калитин Лаврецкийге бұрылып: “бақшаға шыққыңыз келе ме, біз оны біраз күтімсіз етсек те, қазір тіпті жақсы боп кетті”, – деді.

Лаврецкий бақшаға шыққанда көзіне алдымен түскені, бір шақта Лизаның соншалық бақытты, қайта оралмас бір сәтті бірге өткізген орындықты көрді; ол қазір қарайып, қисайып тұр. Салған жерден танығанда бұның жүрегі теңі жоқ, тәттілік пен уайымның бірде-біріне ұқсамайтын күйге толды, – ол өтіп кеткен жастықтың, бір заманда қолың жеткен бақытың жайындағы жалынды уайым сезімі болатын. Жастармен бірге аллея бойларын аралады; жөке ағаштары сәл қартая түсіп, көлеңкесі қалыңдапты; оның орайына ұсақ бұталар тегіс көтеріліп, малина күшіне кіріпті, жаңғақ солған екен, айналаның бәрінен ағаштың, шөптің, сирень гүлінің исі аңқиды.

Леночка оқыс айғайлай түсіп, ағаштар қоршаған жазыл алаңға шыға беріп:

– Төрт бұрыш ойнайтын жер мынау ғой, өзіміз дәл бесеу екенбіз, – деді. Бұның ағасы: “сен Федор Иванычті ұмыттың ба, әлде өзінді санамай тұрмысың” деді. Леночка сәл қызарып қалды. “Федор Иваныч бұл жасында ойнай ала ма” дей беріп еді, Лаврецкий оны қостап:

– Рақым етіңіздер, ойнаңыздар, маған қарамаңыздар. Менің сіздерді қыспайтын болғаным өзіме бәрінен жайлы болады. Ал мені сіздер алдандыру қажет емес; біздей қарт-

тардың әлі сіздер білмейтін және ешбір алданыш оның орнын баса алмайтын бір кәсібі болады, ол естегілер, – деді.

Жастар Лаврецкийді сыпайы, бірақ сәл мысқылшыл жүзбен, әлдебір оқытушының сабағын тыңдағандай естіп болысты да, жаңағы алаңға қарай жүгіре жөнелісті; төртеуі төрт ағаштың қасына тұрып, біреуі ортаға тұрды да, ойындары бастала жөнелді.

Лаврецкий үйге қайтып, ас ішетін бөлмеге кіріп, фортепьяноға жақындады да, бір тілін басып еді; әлсіз де болса сондай таза үн шыққанда, бұның жүрегінен жасырын бір орын тепкендей болды: осы нотадан Лемм марқұмның бұны сонау бақытты бір түнде тамаша қуанып тартқан шабытты күйінің алғашқы кезі басталушы еді. Кейінірек Лаврецкий қонақ бөлмеге ауысып, көпке шейін содан шықпады. Лизаны ең жиі көрген бөлмесі осы болғандықтан, оның бейнесі осы үйде әсіресе айқын еске түседі: оның ізі айналасында айқын сезілгендей, бірақ уайым қинайды, ол жеңіл емес, бұнда өлім ойлататын тыныштық та жоқ. Лиза әлі тірі, әлдебір алыста, меңіреу шетте; бұл ол туралы тірі жандай ойлағанмен, бір шақта өзі сүйген қызын танымайды, ладанның түтін толқыны қоршап, сопы әйелдер киімін киген жүдеу әруақ тәрізді бейне бұның көңіліне қонбайды. Лаврецкий ойша: Лизаға қараған қалпымен өзін сондай етіп қараса, дәл өзін де танымас еді.

Соңғы сегіз жыл бойында ақыры бұның өміріндегі қайта жаңғыру анық болып өтті. Бұндай жаңғыру көпшілікте болмаса да, онсыз адам анық жақсы адам да болмас еді: ол шынымен өзінің бақыты, өзімшіл мақсаты дегеннің бәрін ойлаудан безген. Ол жуасып, енді несін жасырамыз, жүзі ғана емес, денесі де, жаны да қартайды; кейбіреулердің айтысындай, өзі қартайса да, жүрегін жас етіп ұстау қиын да, күлкі де; өзіне риза болатындар жақсылыққа сенуін жоймаған, тұрақты еріктен айрылмаған және әрекет етуден қажымаған жандар болар. Лаврецкийдің өзіне риза болуға хақысы бар еді: ол анық жақсы шаруа иесі боп алды, шынымен жер жыртуды үйреніп және еңбекті бір өзі үшін ғана істемейтін болды; қолынан келгенше өзінің крестьяндарының тұрмысын да қамсыз етіп, күшейтуге тырысты.

Лаврецкий үйден бақшаға шығып, өзіне таныс орындыққа отырды; және осы қымбат жайды, өмірінде соңғы рет рахаттың алтын шарабы қайнап ойнаған бір шараны алсам деп қол созған үйдің алдында отырып, ол бүгіндегі жапа-жалғыз панасыз жолаушы екенін ойлады, бүгінде бұның орнына келген жас буынның қуаныш-дырдуын ести отырып, өзінің бар өмірін шолып өтті. Жүрекке уайым оралды, бірақ ол ауыр емес, ғазап емес: өкінетіні көп, бірақ ұялатыны жоқ екен. “Ойнаңдар, шаттаныңдар, өсіндер, жас қуаттар” деп ойлайды және бұл ойында дерт жоқ. “Сендердің өмірің алдында, сендер бізден жеңілірек өмір кешесің, біздерше қараңғы тұман ішінде, өз жолын алысумен, бір жығылып, бір тұрумен іздеу болмайды; біз аман қалсақ деп тырысатынбыз және қанша жандар аман қалмай жойылды. Ал сіздер іс етуге, қайрат етуге міндеттісіздер, сонда біздей қарттардың тілек, батасы сендермен бірге болмақ. Ал мен бүгінгі күннен соң, мынау сезімдерден соң сіздерге соңғы рет қош айтып, мұңды болсам да, ешбір қызғанышсыз, ешбір қараңғы сезімсіз алдымды тосқан тәңірімді және тірлігімнің сонын көре тұрып айтарым: “есен бе, жалғыздықтағы кәрілік, сөне бер, пайдасыз тірлік”.

Лаврецкий ақырын тұрып, ақырын жүріп кетті; оны ешкім байқаған жоқ, ешкім бөгеген де жоқ; шат дыбыстар бақша жақтан, биік жөке ағаштарының арасынан бұрынғыдан да қатты естіліп жатты. Ол тарантасына мініп, көшіріне атты қатты айдамай, үйге қарай тартуға бұйырды.

Қанағаттанбаған оқушы әлде бізден “осы соңы ма?” деп сұрар. “Ал Лаврецкий кейін қандай болды? Лиза қайтті?” десер, бірақ әлі тірі болғанмен, жер мекенінен кеткен жандар туралы не айтамыз, оларға несіне ораламыз. Естуімізше, Лаврецкий Лиза жай тапқан сонау алыс монастырьге барып, оны көріпті. Клиростан клиросқа ауысып, әйел мұның қасынан өтіп кетіпті; жүрісі баяу, барынша мүләйім табынған сопы әйелдің жүрісіндей екен, бұған қарамапты да, тек бұл жақтағы көзінің кірпіктері әнтек қана дір етіп, жүдеу жүзін бұрынғысынан да төмен иіп өте беріпті. Айқасқан қолдарын тәспік қоршаған бойда бір-біріне қыса түсіпті. Бұл екеуі не ойлап, нені сезісті? Кім білсін, кім айтсын. Өмірде мұндай сәттер, мұндай сезімдер бар ғой... Ондай күйлерге нұсқап қана қасынан өтуден басқа не бар.

**ҒЫЛЫМИ
ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**



“Еңбегім – ұлы Отанымдікі”

М. Әуезовтің бұл мақаласы “Социалистік Қазақстан” газетінің 1949 жылғы 29 сәуірдегі санында жарық көрді. Кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына (275–277-бб.) өзгеріссіз енді. Бұл томда осы екі басылымы салыстырылып берілді.

1949 жылдың 10 сәуірінде М. Әуезовке “Абай” романы үшін Мемлекеттік (ол кездегі Сталиндік) сыйлық берілді. Сол уақыттағы КСРО Жазушылар одағы басшылары: Фадеев, Скосарев, Климович, Шульгинадан және Одақтың түкпір-түкпірінен құттықтау хаттар мен телеграммалар алған М. Әуезов бұл мақаланы сол құттықтауларға жауап ретінде жазады.

М. Ахетов

“Пушкин и братские литературы Советского Востока”

Мақала алғаш рет А.С. Пушкиннің туғанына 150 жыл толуына орай “Правда” газетінің 1949 жылғы 5 маусымдағы санында жарияланды. Одан соң М. Әуезовтің “Мысли разных лет” (1961) жинағында, орыс тіліндегі бес томдығының 5-томында (1973), жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томында (1985), таңдамалы бір томдығында (1997) жарық көрді. Көп өзгеріске түспеген жиһат (материал) бес томдықтағы нұсқа бойынша беріліп отыр.

М. Әуезов халықтар достығы тақырыбын орыстың ұлы ақыны шығармашылығына әдеби байланыстар тұрғысынан келу арқылы қозғайды. А.С. Пушкинге тән даналық ретінде, оның XIX ғасырда-ақ Ресей болашағын сезгендей, мемлекет дәрегейіндегі кіші халықтарды алаламай, өз отандасы санауы бағаланған.

А. Пушкиннен шын мәнінде үйренген ұлт қаламгерлерінің жаңашыл үрдісті меңгеріп, классик дәрежесіне көтерілуінен автор ол қалдырған мұраның өміршеңдігі мен даралық қасиетін таниды. Ұлт ақын-жазушыларына А. Пушкиннің сыншыл назары мен үмітшілдігі, халқына, адамзатқа сүйіспеншілігі әсер еткені мақалада баса айтылған.

М. Әуезов Абай, Ыбырай ғана емес, Ф. Тоқай, М. Ахундов, А.Тоқамбаев, Коста Хетагуров шығармашылығын тың ой, өрісті сезім, құнарлы мазмұнмен дамытудағы А.С. Пушкин поэзиясының мәні мен маңызын кеңінен таратып баяндайды.

Кенестік дәуірдің жағымсыз әсері “панисламизм”, “пантюркизмге” ыңғай бермеуден, “большевиктік партияны” көтермелеуден байқалса да, бұл мақала әдебиеттану мен көркемдік үдерістің заңды сабақтастығын танытуға жақсы мысал бола алады.

Б. Майтанов

“Путь гигантов”

М. Әуезовтің бұл шағын көлемді мақаласы “Литературная газетаның” 1950 жылғы 22 ақпандағы санында жарияланды. Жазушының 50 томдық академиялық басылымының осы томына газеттегі нұсқасы беріліп отыр. Жазушы бұл мақаласында 1950 жылы 14 ақпанда Москвада Кеңес өкіметі мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық келісімге қол қойылғанын, экономика саласында үлкен жол ашылғандығын, бұл келісім екіжақты ынтымақтықтың белгісі екенін атап өткен.

А. Болсынбаева

“Закон, по которому все мы равны”

Мақала “Литературная газетаның” 1950 жылғы 4 наурыздағы санында жарияланған. Қолжазбасы сақталмаған.

Мақалада жазушы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа сайлану жайына тоқталған. Қазан төңкерісіне дейінгі сайлау мен совет заманындағы сайлаудың өзгешеліктері жөнінде ой бөлісе отырып, Жоғарғы Кеңеске шаруа ортасынан шыққан адамдардың да үміткер бола алатынын айтқан. Қарапайым халық ортасынан шыққан театр қайраткері Қалибек Қуанышбаев, Семей облысынан сайланып отырған биология ғылымдарының докторы Нәйлә Базановаларды халық екінші рет Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа ұсынып отырғандығы, Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің де Жоғарғы Кеңес депутаты болғаны, академик Қ. Сәтбаевтың да депутаттыққа сайланғаны айтылады. Сонымен бірге мақалада жазушы түрік еліндегі қарапайым шаруа халықтың жағдайын совет халқының тұрмысымен салыстырады. Халық бұл сайлауды үлкен мейрам ретінде қабылдап, оған үлкен сеніммен, жауапкершілікпен қарағанын, заң алдында барлық адам тең екендігін де айтып өткен.

Жазушы шығармаларының елу томдық академиялық басылымының осы томына мақаланың газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

А. Болсынбаева

“Мысли избирателя”

Мақала 1950 жылы жазылып, “Правда” газетінің 14 наурыздағы санында жарияланған. Онда сайлау мерекесі қарсаңындағы дауыс берушілердің жауапкершілікті сезінген көтеріңкі көңіл-күйі мен Отан алдындағы ізгі ой, жарқын сенімдері көрініс тапқан. Жазушы Мәскеуде өтіп жатқан сайлау кезіндегі халықтың ұйымшылдықпен өз қалаулылары үшін дауыс беру салтанатын бейнелейді.

Мақала М. Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымының кезекті томына газеттегі нұсқасы бойынша дайындалды.

Р. Қайшыбаева

“Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы”

М. Әуезовтің бұл көлемді мақаласы “Әдебиет және искусство” журналының 1950 жылғы 8-санында (71–79-бб.) жарық көрді. Кейін “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1962. 318–335-бб.) жинағына, он екі томдық шығармалар жинағының 12-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 15–35-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 344–364-бб.) енді. Алғашқы жарияланған нұсқасы мен кейінгі басылымдары арасында айырмашылық жоқ.

Өткен ғасырдың 50-жылдары М. Әуезов тұтастай Одақ көлемінде фольклор мен әдебиеттің санаулы білгір мамандарының бірі ретінде танылған еді. 1949 жылы Сталиндік сыйлыққа ие болуы жазушы-ғалым беделін бұрынғыдан да арттыра түсті. Қаламгердің Сталиндік сыйлықты алғаны жөнінде хабарландыруды орталық басылымдардың барлығы дерлік жариялаған болатын. Оның үстіне, “шығармаларын түпнұсқаларынан оқуымызға мүмкіншілік болған ұлт жазушыларының бірнеше романдары жөнінде ішінара пікір айтпақпыз” деп жазушының өзі ескерткендей, ол тұстары ұлт әдебиеттерін түпнұсқадан оқып, пікір айтарлықтай мамандар жоқтың қасы еді. Осы тұрғыдан М. Әуезовтей беделді маман пікіріне социалистік реализмге бағыт алған ұлттар әдебиеті де, орталық басылымдар да зәру болатын. Оған М. Әуезовке өз шығармаларына пікір жазып беруін өтінген өзге ұлт өкілдерінің хаттары дәлел.

Жазушының бұл мақаласында татар жазушысы Башировтың “Намыс” романы, өзбек жазушысы Айбектің “Алтын атыраптан ескен желдер”, қазақ жазушысы Ф. Мұстафиннің “Миллионер”, қырғыз Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары”, украин Бабаевскийдің “Алтын жұлдызды жігіт”, “Жер бетіндегі жарық” романдары сөз болады. Бір мезгілде, бір ғана саяси кеңістікте

дүниеге келген ұлт әдебиеттері туындыларына жан-жақты талдаулар жасаған, олардың орыс тіліне аударылу барысындағы кемшіліктеріне де тоқталады. Барлығына ортақ тақырып мәселесін, шығармалардың жетістіктерін, сондай-ақ “шығарманың жосықсыз ұзақ болуы, сюжетінің ойлы-қырлы, кедір-бұдыр болуы, немесе шығарманың көркемдігі ойдағыдай болып шықпауы” сынды олқылықтарға тоқталады.

М. Ахетов

“Пушкин мен Абай”

М. Әуезовтің “Пушкин мен Абай” атты арнайы мақаласы 1950 жылы Абайдың туғанына 105 жыл толуына арналған. Бұл еңбектің “Абай жолы” романындағы халықтар достығына қатысты эпизодтарды көрсететін тұстарға қажеттілік мәні де болғанын білеміз. М. Әуезов үшін Пушкин мен Лермонтов Абайға қоғамдық мерезді шенеу тұрғысынан Некрасов пен Салтыков-Щедриннен артық әсер етпеген. Ал махаббат, көңіл-күй лирикаларындағы әсемдік сымбат ыңғайымен қарағанда, Абай ұлы ұстаздарына көзсіз еліктеуші емес, иықтас, теңдес дәрежеде жарыса ой түзуші, сыр жаюшы есебінде қабылданады. Абайдың 1887 жылдан бастап тәржіме туындыларға ықылас бергенінен құлағдар ететін оқымысты, күн сайын саны арта түскен бұл дүниелердің ақын шығармашылығына тікелей және сол арқылы қазақ тілді жазба әдебиетке тигізген мәдени ықпалының аражігін ажырата сөйлейді. А.С. Пушкиннің тұтас бітімді романын дала шайыры бөліп-бөліп, жеке үзінділер түрінде қотарады. “Онегиннің сыпаты”, “Татьянаның хаты”, “Онегиннің ойы”, “Онегиннің сөзі”, “Онегиннің хаты”, “Татьянаның сөзі”, “Ленскийдің сөзі” деген дара туындылар қазақ үшін толықтай таныс емес мотивтерден оқшаулап алынған таза махаббат әлеміне қатысты қуатты сезім драматизмін әлдеқайда қызықты, ғажайып романтикаға орап, ұлғайта, шерлендіре жеткізеді. Абайдың Пушкинді дәлме-дәл қайталамайтынын еске салған М. Әуезов қазақ шайырының түпнұсқамен салыстырғанда көп еркіндігіне, сонымен қатар қайсыбір тіл оралымдарын, троп, фигура түрлерін де шебер жеткізетін поэтикалық тыңғылықтығына да көңіл аударады. Ал А. Құнанбаевтың Онегин өмірін тығырыққа тірейтін жаңа кадам ойлап қосуы – характерлер логикасына сай шешімдердің тың баламасын ұсыну әрі оқиға сорабын, тартыс табиға-

тын ұлттық қабылдау ерекшелігі. Капиталистік қоғамдағы орыс тіршілігінде реализм басымдық танытса, шығыс дәстүріндегі дала перзенттері үшін асыл махаббаттың шұғыл, өзгеше соқталы көріністері неғұрлым әсерлі. Абай Онегинге соңғы сөз береді, ол өмір мен өлу мәселесін дилемма қалпында ұстана бастайды. М. Әуезов осы көркемдік-эстетикалық ұйғарымдардың астарында жатқан эмоционалдық жағдайдың арасында зерделену мүмкіндіктері аясындағы “күту көкжиегін” терең сезініп, Абай әрекетінің суггестивті мұқтаждықтар талабынан туындағанын жаңашыл бастама ретінде ұғындырады. Әрі ол – шайырдың интуитивті тапқырлығы, әрі ол – ерікті күйдегі сол сәттік шабыт пен ер-тұрманы берік таланттың сәтті қосындысы.

М. Әуезов үшін сахара ғұламасының Онегинді романдағы сұлбасындай жеңілтек, сырдаң танытпай, қазақ тыңдаушысының талғам-тілегіне сай өз ісі үшін қамығатын мұнды, қапалы жан етіп бейнелеудегі тағылым-танымдық, ақындық көрегендік айрықша бағалы. Ол бұл ыңғайда Абайдың Онегин турасында неғұрлым халықшыл аңсардан табылуына В.Г. Белинский еңбектерінің ролі мол болғанын жоққа шығармайды. Басқа бір себеп, дала жастары үшін сыбай-салтаң, паң-кердең, суық жүректі Онегиннен гөрі турашыл, сыншыл, әділетті Онегин қадірлі болғанын түсінумен тамырлас.

Өлең құрылымы жағынан келгенде зерттеуші: “1889 жылға дейін Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің “Құп білемін сізге жақпас” деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерде Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы – шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Абай Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады”, – деп, айқын аңғарымпаздықпен ой түйеді.

Демек, өлең ырғағы мен ұйқас болмысындағы жаңа өрнек әдеттегі кара өлең не жыр үрдісіндегі ой-сезім үдерісіне де өзгешелік әкеледі. Эмоционалды-экспрессивті сөз ағымында көңілге тән бұрылыс, иірім соқпақтары әдемі нақыш шекиді. Абай орыс әріптесіндегі дәлдікке оралма жолмен, бірақ қайтарма қарым, әдіс-тәсілдермен бару арқылы жалпыхалықтық құндылықтардың дара этнопсихологиялық айшықтарын әсем көмкере білгені анық.

Автор орыс пен қазақ арасындағы ментальдық ерекшеліктерді теңдес дәрежеде жеткізуде христиан діні мен мұсылман

діні аясындағы әліптес терминология мүмкіндіктерін игеруді ұлы Абайдың табысына санай отырып, “михраб”, “ғүзір” іспетті сөздердің ақын поэзиясында ұлттық бояумен қанығу мезеттерін ұтымды факторға жатқызады.

Бұл мақала алғаш рет “Социалистік Қазақстанда” (1950. 10 тамыз) жарияланды. Осы нұсқа жазушы шығармаларының 20 томдығына да (19-т. 1985. 6–12-бб.), 50 томдық басылымына да толық беріліп отыр.

Б. Майтанов

“Заметки о романе”

Жазушының әдеби-теориялық сипаттағы бұл мақаласы 1950 жылы 5 қазанда “Литературная газетада” шыққан. Бұдан кейін мерзімді баспасөз беттерінде, шығармалар жинақтарында берілген жоқ. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

Осы жылы (1950) “Әдебиет және искусство” журналының 8-санында М. Әуезовтің “Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы” атты мақаласы шыққан. “Заметки о романе” мақаласын қазақ тіліндегі мақаламен салыстырған кезде екі мақаланың тақырыбы бір екені байқалды. Бірақ дәл аударма емес. Екі мақалада да өзбек жазушысы Айбектің “Алтын атыраптан ескен желдер”, татар жазушысы Г. Башировтың “Намыс”, Ғ. Мұстафиннің “Миллионер”, қырғыз жазушысы Т. Сыдықбековтың “Біздің заманның адамдары”, С. Бабаевскийдің “Алтын жұлдызды жігіт”, “Жер бетіндегі жарық” романдары көркемдік, идеялық тұрғыдан талданады. Орыс тіліндегі мақалада шығармалардың идеялық қырына сол кездің идеологиялық талаптары тұрғысында басымырақ талдаулар жасалынған. Көркем шығарманың тілі туралы орысша мақалада Сталин сөзі, қазақша мақалада Жданов сөзі (цитата) берілген. “Заметки о романе” мақаласында, бүкілодақтық газетке, орыс тілді оқырманға арналып жазылғандықтан болу керек, “Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы” мақаласындағы аталған романдардың орыс тіліне аударылуы туралы айтылған бөлім жоқ. Орыс тіліндегі мақала ықшамдалған. Романдарды талдау кезінде орысшада тақырыптық-идеялық талдаулар жасалған бөліктер көлемі сәл артық болса, қазақша мақалада аталған авторлардан басқа да авторлар шығармалары мысал ретінде аталған, романдардың фабулалық, сюжеттік қырларына көбірек көңіл бөлінген.

Мақала жазылған кезде соғыс жылдарында (1941–1945) сәл саябырлаған солақай идеологиялық талаптар қайтадан өршіп

келе жатты. Кеңес Одағының барлық республикаларында “мазмұны социалистік” шығармалар жазуға деген талап күшейіп тұрған. Жағымды кейіпкер-коммунист образы параллельді, осы параллельді көбіне орыс ұлтына жататын образдарға жанастыру үрдісі етек алды. Совет халқы деген ұғыммен дара ұлттық ерекшеліктерді көлегейлеу әрекеттері етек алып, космополитизм өріс жайды. Осы саясаттың ақыры ұлттық республикаларда бірталай ақын-жазушылардың, өнер адамдарының, ғалымдардың, т.б. идеологиялық тұрғыда қуғындалып, кейбірінің істі болуына әкелген. Идеологиялық қысымның әсерін М. Әуезовтің осы мақаласынан да көруге болады. Мақала айқын ажыратылатын екі мағыналық бөліктен тұрады. Бірі – тақырыптық-идеологиялық талдау, екіншісі – көлемі үлкен көркемдік-поэтикалық талдау. Мақалада кеңестік идеология мен орыс тілінің әсерінен ұлттық әдебиет өкілдерінің тіліндегі, сөйлем синтаксисіндегі өзгерістерге дейін көрсетілген. Негізгі жағымды кейіпкердің көбіне ұлты орыс коммунист болып келуі кеңес әдебиетінде, киносында, театрында, т.б. өнер салаларында жаппай етек алған. Осы бағыттағы автор ойлары – аталған талаптардың нәтижесі.

Мақаланың негізгі бөлімінде көркемдік-поэтикалық, әдеби-теориялық талдаулар жасалынған. Романдардың тілі лингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың халықтық тілдегі негізі мен әдеби тілдік даму процесіндегі нәзік қатынастар дөп басылып, ғылыми деңгейде ашылған.

Кейіпкер тілін талдау барысында көркем образдарды ұлттық сипат, даралық, типтік ерекшеліктер талаптары тұрғысынан теориялық деңгейде талдаған. Аталған авторлардың стилін нәзік аңғарып, өзіндік шығармашылық ерекшеліктерін даралап көрсеткен.

Томға мақала мәтіні газеттегі нұсқа бойынша берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Абай өмірбаянының төртінші нұсқасы”

Ақынның шығармашылығына, оны зерттеудің жай-күйіне арналған жиында (1951 ж.) сөйлеген сөзінде: “Менің тарапымнан Абай өмірбаянының төрт нұсқасы жазылды; біріншісі – 1933 жылы Абай шығармаларын бастыру үшін, екіншісі – 1940 жылғы басылым үшін, үшіншісі – 1945 жылы, ең соңғы, яғни төртінші нұсқасы 1950 жылы жазылды. Осыны қазіргі күнде екінші рет редакциялау үстіндемін” (278-бума, 21-б.) дегенді айтады. Осы бағыттағы өзіндік екшеу, өзіндік түйіндеулері, деректерді пайдалану, соңғы жаңалықтар мен толықтырулары ақынды танудың үнемі жаңа қырларын ізденумен болғандығын елестетеді. Алғашында арғы ата-тегі, олардың заманы молырақ қамтылса, соңғы жазылымдарында айтарлықтай екшеліп, жинақталып қалды. Ақын өмірбаянының ғылыми негіздерін жасауына алып барған бұл еңбектерінде абайтанудың күрделі мәселелерін ұдайы көтеріп, іздестіріп отыруына себепші болды. Бұлардың ішінде алдымен шығармаларының толық жинағын бастыруы, солардың ішінде көптеген естелік-деректерді қоса беруі ерекше орын алады, осының барлығы үлкен зерттеулерге баруының алғашқы баспалдағы болды, мұндай әрекеттер көркем шығармасын жетілдіруіне де, күрделі, жан-жақты, иірімді толғаныстарға баруына да көп септігін тигізді. Бұндағы сабақтастық әрі қызықты, әрі нәтижелі еңбек өнімділігіне иек арттырды. Осының бәрі ақын жөніндегі таным-пайымын байытып, түрлендіре, жетілдіре түсті. Ақынмен тікелей араластығы, шығармашылық байланысы бар адамдардың естеліктерін жинауы, сұхбаттасуы, оларды бастыруы да еңбек салмағын және әрбір нұсқадағы белгілері, қосымша нобайлары алдағы жұмыстың қалай жүзеге асарын елестетеді. Бұл басылымда түпнұсқаның (197-бума) 11–12, 15, 16, 18, 20, 26–27, 30, 62–67, 71–72, 77–80, 84, 98–99-беттеріндегі қысқарып қалған үлкенді-кішілі мәтіндері қайта қалпына келтірілді.

Т. Әкім

“Сөз басы”

Кеңестік қырғыз халқының 25 жылдық мерекесіне арналып шыққан “Қырғыз жырлары” атты (Алматы: ҚМКӘБ, 1951) өлеңдер жинағына М. Әуезов алғы сөз жазды. “Сөз басы” деп аталатын бұл шағын алғы сөзде жазушы қырғыз халқының атақты ақындары: Тоғалақ Молда, Т. Сатылғанов, А. Тоқамбаевтардан бастап А. Тоқтамышевқа дейінгі өлең сөздегі жетістіктерін бағалай талдап кеп, бұдан кейін де олардың халықтық поэзиясының үдеп өсуіне зор тілектестік білдіреді.

Бұл алғы сөздің қолжазба нұсқасы сақталмаған. Алғаш рет аталған жинақта жарияланған. Бұдан соң жазушының әр жылдарда шыққан көп томдықтарына, басқа да басылымдарына енген. Ал “Казахстанская правда” газетінде (1951 ж. 1 ақпан) жарияланған “В дружной семье социалистических наций” деген мақала осы алғы сөзге біршама сәйкес келеді, екеуі де Қырғыз КСР-ның 25 жылдығына орай жазылған. Бірақ “Сөз басы” жинаққа арналған. Ондағы негізгі ой осы кітапқа енген ақындар поэзиясы туралы болса, орысша мақалада жазушы жалпы қырғыз поэзиясы жөнінде кеңірек толғап айтқан ғылыми пікірге ойысқан.

“Сөз басы” М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағына “Қырғыз жырлары” кітабындағы (1951 ж., қаңтар) жарияланамы бойынша ешбір өзгертусіз берілді.

Е. Қаныкейұлы

“В дружной семье социалистических наций”

М. Әуезовтің бұл мақаласы “Казахстанская правда” газетінің 1951 жылғы 1 ақпанындағы санында шыққан. Қолжазбасы сақталмаған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында аталған мақала мазмұндас идеологиялық сипаттағы мақалалардың қолжазбалары да, негізінен, сақталмаған. Жазушы осындай “зорлық” күшімен жазылған мақалаларына мән бермегені анық. Осы тектес мақалаларды кейінгі шығармалар жинақтарына кіргізбеген.

Қырғыз КСР-ның 25 жылдығына орай жазылған мақалада ең алдымен қазақ, қырғыз халықтарының бірнеше ғасыр бойы өздерінің тарихи атымен аталмай келгенін, ұлттық тұрғыда кемсітілгенін айта келіп, екі ұлттың да өзіндік ерекшеліктері, тарихы, мәдениеті, тілі, мекен еткен аймағы бар екенін дәлелдеп айтқан. Мақалада аздаған идеологиялық мәтіннен кейін қырғыздың мәдениеті мен әдебиетіне қысқаша шолу жасалған.

1. 146-б. **Токтогул** – Тоқтағұл Сағылғанов (1864–1933), қырғыздың халық ақыны. Халықшыл прогрессивтік ойлары үшін Сібірге жер аударылған. Қырғыз совет әдебиетінің негізін салушы деп есептеледі.

2. 146-б. **Алимқұл** – Әлімқұл Үсенбаев (1894–1963), халық ақыны, суырыпсалма жыршы.

3. 146-б. **Калык** – Қалық Ақиев (1883–1953), халық ақыны, халық поэзиясын насихаттаушы, таратушы.

4. 146-б. **Аалы Тоқамбаев** – Аалы Тоқамбаев (1904–1988), ақын, жаңа қырғыз поэзиясының негізін салушы. Қырғыз КСР ҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Қырғыз прозасы мен драматургиясының бастауларында тұрған. М. Әуезовпен жақын қарым-қатынаста болған, хат жазысқан.

5. 146-б. **Жомарт Бокомбаев** – Жомарт Бөкембаев (1910–1944), қырғыз ақыны, драматург. Қырғыз әдебиетіне жұмысшы, өндіріс тақырыбын әкелген жазушы. Бірнеше операға либретто жазған.

6. 146-б. **Маликов** – Қуанышбек Маликов (1911–1978), кыргыз ақыны, драматург. Кыргыз драматургиясының негізін салушылардың бірі.

7. 146-б. **Уметалиев** – Темірқұл Үмбеталиев (1908–1991), Кыргызстанның халық ақыны (1968). Үмбеталиев шығармашылығы халық поэзиясына жақын. Балаларға арналған бірнеше кітаптың авторы.

8. 147-б. **Қасымалы Баялинов** – Қасымалы Баялинов (1902–1997), жазушы, кыргыз реалистік прозасының алғашқы өкілдерінің бірі, аудармашы.

9. 147-б. **Түгелбай Сыдықбеков** – Түгелбай Сыдықбеков (1912–1997), кыргыз жазушысы. Кыргыз КСР ҒА академигі. Шығармашылығын ақындықтан бастап, кейін прозаға ауысқан. М. Әуезовпен достық қарым-қатынаста болған.

10. 147-б. **Турусбеков** – Жүсіп Тұрысбеков (1910–1943), кыргыз ақыны, драматург. Кыргыз жазба әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Майданда қайтыс болған.

11. 147-б. **Шүкүрбеков** – Раликан Шүкүрбеков (1913–1962), жазушы. Комедиограф, сатирикалық өлеңдердің, мысалдардың, интеркомедиялардың авторы. Фирдоусидің “Шахнамесін” кыргыз тіліне аударған.

Д. Қонаев

“Абай мұрасы жайында”

1951 жылы “Лениншіл жас” газетінің 14 қаңтардағы санында С. Нұрышевтің “Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы” атты мақаласы жарияланды. “Тікір алмасу ретінде” деген ескертпемен шыққан мақалада Абай Құнанбайұлының 1945 жылы өткен жүз жылдық мерейтойына орай жарық көрген толық жинағына қатысты сындар айтылған. Абай шығармаларын жариялау тарихындағы жетекші жинақтардың бірі болып саналатын жинақтың негізгі шығарушысы М. Әуезов болатын. “Абай” творчествосында орыс әдебиетінің әсері зор” деп бастаған мақаласында С. Нұрышев “Ал шығысқа тарту, қазақ әдебиетінде шығыстың әсерін күшейту бұл ескілік еді”, – деп, Абай шығармашылығының қайнар көздерінің біріне тыйым салмақ болады. Сонымен қатар Абайдың 1882 жылға дейінгі өлеңдеріне күдік айтып, жоққа шығарады. Одан әрі “Абай творчествосының негізін шығыстан шығару бір кезде ұлтшылдық ұраны болды”, “Абайды орыс әдебиетіне оншалықты жолатқысы келмеді”, “ескілікпен күрескен тамырлары” деген сияқты солақай идеологиялық сындар айтқан. Нұрышев мақаласында М. Әуезов аты тікелей аталмағанмен, Абайдың 1945 жылы шыққан толық жинағының құрастырушысы М. Әуезов екені белгілі. “Дегенмен, кәзір де Абайды зерттеушілер “Абай ақындығының алғашқы кезінде шығыс әдебиетінің ескі дәстүрлеріне еліктеді” деген пікірді көп айтып жүр” дегендегі “зерттеушілер”, негізінде, Әуезов екені белгілі.

Осы мақала шыққаннан кейін “Социалистік Қазақстан” және “Лениншіл жас” газеттерінде (екеуі де 1951 жылы 4 ақпанда) М. Әуезовтің “Абай мұрасы жайында” атты мақаласы шықты. Осы жылғы Қазақ КСР Ғылым академиясы “Хабаршысының” 2-санында басылды. Әуезовтің өз мақаласын осыншалықты шұғыл түрде дайындап, бірден үш басылымға беруінің өзіндік

себептері бар. Жазушы 1930 жылдан 1932 жылға дейін НКВД абақтысында отырып, тергеліп, үш жылдық шартты мерзіммен босатылған. Бұл мерзім тек он жылдан кейін ғана алынған. Сондағы негізгі тағылған айып – “өз шығармаларында қазақ халқының ескі өмірін әсірелеп суреттеген” деген сияқты айыптар болып, ұлтшыл деген “атақ” берген. Отызыншы жылдардағы әсіреқызыл солақай идеологиялық саясат соғыс жылдарында (1941–1945) біраз басылып барып, 1947–1948 жылдары қайтадан өрши бастаған. Дәл осы кезеңде “Социалистік Қазақстан” газетінде (1947 ж. 14 қараша) С. Бәйішевтің “Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында” атты мақаласы шықты. Бұл мақала отызыншы жылдардың ең сорақы ұрда-жық мақалаларының үлгісінде жазылып, М. Әуезовке өрескел идеологиялық сындар айтты. Жазушыға қайтадан ұлтшыл, буржуазияшыл деген айыптар тағылды.

1950 жылы “Правда” газетінің 26 қарашадағы санында “За марксистско-ленинское освоение вопросов истории Казахстана” атты мақала шығып, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты сындар айтылды. Осы мақалаға байланысты Қазақ КСР КП(б) Орталық Комитеті арнайы қаулы қабылдап, өзі ушығып тұрған идеологиялық ахуал одан әрі өршіп кетті. Осы себепті С. Нұрышев мақаласы С. Бәйішев мақаласынан “жұмсақтау” болғанмен, М. Әуезов тез арада шұғыл түрде ғылыми-зерттеу еңбегі деңгейіндегі көлемді мақала жазып, үш басылымға қатар ұсынған. Нұрышевтің солақай идеологиялық сипаттағы қарадүрсін дәлелсіз сындарына абайтану ғылымының негізін салып, Абайдың шығармашылық мұрасын жинақтап, үлкен текстологиялық жұмыстар атқарған М. Әуезов жан-жақты, дәлелді, терең ғылыми сипаттағы мақаламен жауап беруге мәжбүр болады. Нұрышевтің долбарлап соққан ойларына кең көсіліп жауап беріп, мол мысалдар алып, дәл цифрлық мәліметтер бере отырып, өз ұстанымдарын қорғап шыққан. Әуезов мақаласы ғылыми тұрғыдан алғанда қаншалықты дәлелді болғанмен, бұл тұрғыдағы айтыс, тіпті дау-дамай тоқтамаған. Оның бір дәлелі – Нұрышевтің 1953 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы “Хабаршысының” 4-санында шыққан “До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая” атты мақаласы.

“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының мұрағатында (201-бума) Қазақ КСР Ғылым академиясы мен Кеңес Жазушы-

лар одағы басқармасы бірігіп өткізген ғылыми дискуссиясында академияның Тіл және әдебиет институтының абайтану мәселелеріне қатысты жұмыстарын қараған кешкі отырысының стенограммасы сақталған. Отырысты басқарып, сөз беріп отырған – Қ.И. Сәтбаев. Сондағы отыз бетке жуық М. Әуезовтің сөзінде “Нұрышев мұндағы бір сағаттық сөзінде сол баяғысын қайталай бергенмен, өз айтқандарына сенімді ғылыми дәлел келтіре алмады”, – дейді. Әуезов мұндағы сөзінде “Абай мұрасы жайында” мақаласында айтқандарын дамытып, ғылыми тұрғыда тереңдете түскен. Абай шығармашылығы, Абай жайындағы айтыстар одан әрі де тоқтамай, Әуезовті 1953 жылы амалсыз Мәскеуге кетуге мәжбүр етті. М. Әуезовтің осы саладағы жұмыстары жайлы деректер жазушының әртүрлі баяндамаларында (мұражай қорында сақталған, баспа бетін көрмеген) көптеп кездеседі.

Мақала жоғарыда аталған үш басылымнан кейін М. Әуезовтің “Абай Құнанбаев” (1967. 275–289-бб.) монографиясында, 20 томдық шығармалар жинағының 19-томында (1985. 12–27-бб.) берілді. Академияның “Хабаршысы” мен “Социалистік Қазақстанда” шыққан нұсқалар көлемі жағынан бірдей дерлік. Газеттегі нұсқада мақаланың бас жағына таман “Бұл жөнде жолдас Сталиннің...” деп басталатын абзац түгелімен және мақала ортасынан бірер сөйлем берілмеген. Хабаршыдағы мәтінде бар “Біз Абайдың осы дәуірінің...” деп басталатын абзацтан кейінгі мақала соңындағы жарты бет көлеміндегі мәтін “Социалистік Қазақстанда” жоқ. Оның орнына газетте: “Әлде де Абай жөнінде тың ғылыми еңбектер керек, ол жайында орынды, ғылыми негізді сындар да қажет. Бірақ ол сындар, Нұрышев жолдастiкiндей, үстірт болмасын, жеңіл-желпі болмасын. Абай мұрасын партиялық тұрғыдан, ғылыми тұрғыдан дұрыстап таныық, оны халқымыздың қажетiне жарата берейiк”, – деген абзац берiлген. “Лениншiл жастағы” нұсқаның көлемi екi есеге жуық қысқарған. Мақаланың негiзi мәтiнiнен Нұрышев сынына тiкелей жауап беретiн бөлiктерi алынған. Бұл мәтiннiң соңғы абзацы: “Жұртшылығымыздың көмегi арқылы бiздiң Абай жөнiнде алғашқы iстеген еңбегiмiз бен соңғы келген нәтижелерiмiз арасында бiрталай өрiс жатқаны халқымызға қанық-ты. Абайды тану мәселесiн өзiнiң қыңыр-кисық, бұлдыр- бұраң есебiне қарай “бұрып пайдаланамын” дегендерге жұртшылығымыздың жол бермейтiнiне көзiмiз кәмiл жетедi”, – деп, мақаланы өзiнше аяқтаған.

Мұражайдың қолжазба қорында (251-бума) мақаланың машинкада терілген қолжазбасы бар. Жазушының өз қолымен күлгін көк сиямен түзетілген. Қолжазбаның көлемі “Лениншіл жаста” шыққан нұсқаның шамасында. Бірақ бірдей емес. Қолжазбадағы мәтін бөліктері “Хабаршыда” басылған нұсқада түгелдей бар. Осыған қарағанда, “Лениншіл жастағы” нұсқа тәрізді дайындалғанға ұқсайды.

М. Әуезовтің “Абай Құнанбаев” монографиясы мен 20 томдық шығармалар жинағына мақаланың “Хабаршыда” шыққан нұсқасы алынған. Тек Сталин аты бар бірер сөйлем мен тіркестер қысқартылған. Кейбір сөздердің жазылуы жаңа орфографиялық ережелерге сәйкес өзгертілген. “...ж. Нұрышев” дегендегі қысқарту “...жолдас Н.” деп берілген. М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағына “Хабаршыдағы” нұсқа толығымен алынды. 20 томдықтағы жаңа орфографиялық ережелерге сәйкес өзгертілген мәтіндер бұл басылымда да ескерілді.

Р. Әбдігүлов

“Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында”

“Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында” деген атпен жазылған бұл мақала тұңғыш рет “Коммунист” журналының 1951 жылғы 3-санында (20–29-бб.) жарық көреді. Мақаланың тақырыбынан кейін “Профессор Әуезов М., Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі” деген жазушының ғылыми атағы берілген. Ал мақаланың тақырыбына ескертпе ретінде жұлдызша қойылып, бірінші беттің төменгі жағына “М. Әуезов жолдастың мақаласы пікір алысу ретінде басылып отыр. – Ред.” деген түсініктеме жазылған.

Мақала И.В. Сталиннің “Тілтану ғылымындағы марксизм жөнінде” атты шығармасының шығуына орай жазылды. Бұл еңбек кеңестік тілтану ғылымында үлкен мәселе көтерген, әсіресе гуманитарлық ғылымдар саласында қызу талқыға түсіп, пікірталасқа айналған мақала болатын. Бұнда И.В. Сталин әдебиет пен әдебиеттің тілі, Пушкин тілінің әсері, РАПП пен пролеткульт жайы, Н.Я. Маррдың жаңа жүйесі туралы талдау, сынаулардан тұратын көптеген ойлар айтқан еді. Міне, осы ойларға үн қосып, әсіресе сол уақыттың саяси сұранысына жауап боларлықтай мақаланы М. Әуезов осылай жазды.

Бірақ, бұл мақалада М. Әуезов Сталиннің тіл мен ой жайындағы пікірлерін құптай келе, қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелеріне жан-жақты тоқталады. Олар: қазақ әдебиет тілінің қалыптасу жолдары; “Қазақ әдеби тілі Абайдан басталады” дейтін пікірлерге қарсылығы; бай әдеби эпос пен фольклорлық мұралар; орыс тілінің қазақ әдеби тілінің қалыптасуына тигізіп отырған оң ықпалдары және орыс, шет ел сөздерін дұрыс жазу – орфография; пунктуация; диалект, т.б. тілтану ғылымындағы тілші ғылымдардың алдында тұрған кезек күттірмес мәселелерді

қозғайды. Бірлесіп жауап іздеуге, пікірлесуге, олқылықтың орнын толтыруға шақырады.

Осындай бірқыдыру мәселелердің түйінін ашуға арналған мақала жазушының бірден қағаз бетіне түсірген ойлары болуы керек, көп өңдеп жатпастан “Коммунист” журналына жарияланады. Себебі, бұдан көп өтпей-ақ, бұл мақаланың “Әдебиет және искусство” журналының осы жылғы 4-санында “Қазақтың әдеби тілі туралы” деген өңделген, толықтырылған екінші нұсқасы жарияланады. Міне, осы толық нұсқа жазушының 20 томдықтарына негіз болды да, “Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында” (1951. № 3) деген бірінші жарияланым бұдан кейін еш жерде жарияланбаған және қолжазба нұсқасы сақталмаған.

Біз бұл мақаланы “Қазақтың әдеби тілі туралы” (1951. № 4) деген екінші нұсқасымен өзара текстологиялық салыстырулар жүргіздік. Салыстыру барысында әуелі көлемі ұлғайған. Шартты түрде I, II нұсқа деп алдық. I-шісі – 11,5 бет, II-шісі – 20 бет. Екі нұсқаның да мазмұны біреу болғанымен, сөз, сөйлемдерде өзгешеліктер көп. II нұсқаға жаңа сөйлемдер, жаңа абзацтар енген. Әр абзац өңделген, толықтырылған және бұлардың саны өте мол.

II нұсқада: “Халықтың салттық сөздерін молынан пайдалануда драматургия жанрының да орны ерекше. Шекспир сөздігіндегі төл сөздің саны 18 мыңға жетуі – саны көп, сапасы зор неше алуан драмалық шығармаларды туғызғандықтан” делінген. Бұл I нұсқада жоқ.

II нұсқада: “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшіннен” алған екі жол:

“Хат жаздым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,

Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз”;

немесе Көкбайдың Абайдан сұраған сұрағы; “Тарғын” жырынан келтірілген алты шумақ өлең; Марабай ақын туралы Абайдың айтқаны; Бұхардың төрт жол өлеңі, ондағы араб, иран тілінен енген “дарахт” сөзі туралы; Түбек, Сүйінбай, Жамбылдар туралы; Арменияда шыққан медицинаның үлкен сөздігі; Латвияда шыққан 40 мың сөзден тұратын сөздік; Пекарский шығарған якут тілінің 13 томдық сөздігі, міне; бұлар мүлде тыңнан қосылған; Сәбит, Тайыр, Әбділда, Ғали, Жұмағали, Әбу, Қалижан, Хамит, Сырбайлардың поэзиясындағы түрлік ізденулер; Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Әлжаппар, А. Тоқмағамбетов жайын-

дағы бүтін абзацтар; Жетісу, Сыр қазақтарының тіл ерекшеліктері; өзбек, татар тілдерінің ықпал-әсерлері; “Жамбыл”, “Мар-тук” сөздері туралы айтқан, қосқан абзацтары түгелдей дерлік I нұсқада, яғни “Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында” (1951. № 3) мақаласында жоқ.

Біз осыны ескере отырып, екі мақаланы жеке-жеке жіберуді жөн көрдік. Бұл жазушы зертханасы үшін аса қажет материал.

М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағына “Коммунист” журналындағы (1951. № 3) нұсқасы ешбір қысқарту, өзгеріссіз ұсынылды.

Е. Қаныкейұлы

“Қазақтың әдеби тілі туралы”

Мақала тұңғыш рет “Коммунист” журналының 1951 жылғы 3-санында (20–29-бб.) “Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында” деген тақырыппен жарық көреді. Бұдан кейін толықтырылып, “Әдебиет және искусство” журналының 1951 жылғы 4-санында (59–70-бб.) “Қазақтың әдеби тілі туралы” деген атпен жарияланды. Осы мақала басылған журналдың 59-бетіне “Тіл және әдебиет мәселесі” деген жалпы тақырыппен айдар берілген. Міне, осы айдардың аясында “Қазақтың әдеби тілі туралы” деп мақала жазып және осы тақырыпқа жұлдызшамен ерекше белгі қойған. Бұл белгіге – беттің төменгі жағында “Пікір алысу ретінде” деген түсініктеме жазылған.

Қазақ әдеби тілі туралы пікір алысу ретінде жазылған осы проблемалық материалдан кейін М. Әуезов пен тілші ғалымдар (М. Балақаев) арасында дискуссия пайда болады. Тіпті, кей тарапта М. Әуезовке әдеби шабуыл да бой көрсетеді. Жазушы жауап та жазады (Тағы да көркем әдебиет тілі туралы. Социалистік Қазақстан. 1954. 24 ақпан).

“Өзім жазушы, әдебиетші бола тұрып, өмірде бір ғана рет тіл мәселесіне атсалысқаным бар еді. И.В. Сталиннің тіл жөніндегі даналық еңбегіне байланысты мен де қазақ әдебиет тілінің жайын сөз еткемін. Сол мақала қазақша да, орысша да бірнеше рет басылды. Орысшасы 1951 жылы “Литературная газетада” қысқартылып, “Дружба народов” альманағында толық күйде басылған. Кейін біздің Одақтағы тіл жөніндегі ең беделді журнал “Вопросы языкознания” сол мақалаға үш рет тоқтап өтті. Бірінші рет 1952 жылдың бірінші санында бас мақалада дұрыс атады. Және сол 1952 жылы Собортыанның “Қазақ тілшілерінің қателері туралы” деген мақаласында сөз болды. Онан бері де 1953 жылдың бірінші санында және бас мақалада академик В.В. Виноградов жазған бас мақалада, тағы да менің

сол мақалам дұрыс мысал есебінде бағаланып еді” (224-бума, 35-б.) – деп те ақталғандай болады. Қысқасы, өз кезінде М. Әуезов көркем әдебиет тілі туралы орнықты, ғылыми ой айтып, пікірлесуге шақырығанымен, тілші-ғалымдар тарапынан қанағаттанарлық жауап ала алмады.

Бұл мақала жазушы шығармаларының 12 томдығының 12-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 12-т. 59–85-бб.), жиырма томдықтың 19-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 247–272-бб.) енген. Мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмаған. Ал әр жылдарда (1951, 1969, 1985) жарық көрген басылымдарына мұқият текстологиялық салыстырулар жүргізілді. Өзгертілген, қысқарған жерлері кездеспеді және кейбір әріп қателері орфографиялық емлесілік ережелерге сай қалпына келтірілді.

Жазушы шығармаларының академиялық толық жинағына түпнұсқа ретінде “Әдебиет және искусство” журналындағы (1951. № 4) жарияланым ешбір өзгертусіз негіз болды.

Е. Қаныкейұлы

“Некоторые вопросы развития казахского литературного языка”

Бұл мақала алғашында қазақ тілінде жазылып, “Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында” деген атпен 1951 жылы “Коммунист” журналында жарияланған. Кейін толықтырылып, “Қазақтың әдеби тілі туралы” деген атпен М. Әуезовтің көп томдық шығармалар жинағына енген. Мақаланың осы орыс тіліне жасалған жолма-жол аудармасы алғаш рет 1951 жылы 4 қазанда “Литературная газета” басылымында жарық көрген.

Орыс тіліне аудару барысында мақала көлемі біршама ықшамдалып, мазмұн жүйесі айтарлықтай өзгерістерге түскен. Мақаланың қазақ тіліндегі нұсқасындағы көбірек таратыла айтылатын әдеби тіліміздің қалыптасуы, оның өткен кезеңдері мен кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің тілі жайлы пікірлер біраз қысқарып, оның орнына орыс классикалық әдебиеті мен әдеби тілінің қазақ тілінің дамуына тигізген әсері жайында білдірілген пікірлер молырақ қамтылады. Тіліміздің өркен жайып дамыған тілдер қатарына қосылуы оқу-білім, әдебиет өсіп дамыған кеңес дәуірінде жүзеге асып, ол шын мәніндегі ғылым мен мәдениет тіліне айналғанын қаламгер орынды атап өткен. Оның өткендегі бай қорын дұрыс пайдалану мен әдеби тілдің озық үлгілерін оқып үйрену, ана тілдің заман талабына сай болуына үнемі назар аударып, озық елдердің әдебиетін елімізге кең насихаттап отырудың да маңызды екеніне тоқталады. Мақала мазмұнындағы кейбір сөйлемдерде кездесетін сол уақытқа байланысты қолданылған “Гениальные труды И.В. Сталина”, “Товарищ Сталин”, “панисламисты и пантюркисты”, “буржуазные националисты” деген сияқты сөз тіркестері өзгеріссіз сол қалпында алынды.

Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық толық жинағына газеттегі нұсқасы бойынша дайындалды.

К. Рахымжанов

“Дворян ұясы” романының аудармасы туралы”

М. Әуезов 1952 жылы орыстың классик жазушысы И.С. Тургеневтің “Дворян ұясы” романын аударды. Міне, осы аударманың барысы, бұл жұмысқа қалай келді, жалпы И.С. Тургенев романының тәржімесіне өз тарапынан нені мақсат етті, немен ерекшеленбек, жинақтап келгенде, көркем аударманың ең негізгі талаптары не деген сұрақ төңірегінде оқырман көпшілікпен сырласу ретінде “Дворян ұясы” романының аудармасы туралы” деген кіріспе мақаланы жазды.

Мақала тұңғыш рет “Әдебиет және искусство” журналының 1952 жылғы 9-санында (7–10-бб.) жарияланады. Бұдан кейін М. Әуезовтің “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазмемкөркем-әдеббас., 1962. 350–354-бб.) жинағына, жазушы шығармаларының жиырма томдығының 14-томына (Алматы: Жазушы, 1983. 14-т. 292–297-бб.) енді. Кейінірек орыс тілінде (“О переводе романа “Дворянское гнездо”) “Простор” журналында да басылған (1968. № 11).

Бұл мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмаған. Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағына әр жылдарда жарық көрген нұсқаларға (1952, 1962, 1983) өзара текстологиялық салыстырулар жүргізгеннен кейін “Әдебиет және искусство” журналындағы жарияланымы бойынша ешбір өзгертулерсіз жіберілді.

Е. Қаныкейұлы

“Дворян ұясы”

Орыс әдебиетінің ұлы классигі И.С. Тургеневтің “Дворян ұясы” романы – Мұхтар Әуезов қазақшалаған рухани қазыналардың, жалпы аударма мәдениетінің ең көрнекті үлгілерінің бірі. Қарап отырсақ, М.Әуезов сонау 1918 жылдардан бастап аудармамен айналыса бастағанын байқаймыз. Алғаш Л.Н. Толстойдың “Будда” әңгімесін аударса, кейін Шекспир, Дж. Лондон, Н.В. Гоголь, К. Тренев, А. Афиногенов шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Тіпті, басқа сала еңбектерін де (Ю. Вагнер, В. Эвальд) тәржімелеп байқады. Міне, осының бәрі де жазушының аударма саласына деген жауапкершілігі, үздіксіз машықтану және шығармашылық кеңістігін молайта түсуі болып табылады.

Осы үрдісті үнемі есте тұтқан жазушы өзі сүйіп оқитын И.С. Тургеневтің “Дворян ұясы” романын 1952 жылы аударып жариялады. Ең әуелі оқырманмен сырласу ретінде 1952 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 9-санында (7–10-бб.) “Дворян ұясы” романының аудармасы туралы” деген мақаласы жарық көрді. Бұл мақаладан кейін іле-шала журналдың осы санында (11–63 бб.) романның үзіндісі басылды (I–XXVII тарауға дейін). Ал жалғасы журналдың 10-санында (71–120 бб.) толық жарияланды (XXVIII–XLV тараулар. Эпилог.). Тап осы жылы романның толық нұсқасы өз алдына жеке кітап болып шықты (И.С. Тургенев. Дворян ұясы. Роман. Қазмемкөркемәдеббас., 1952. Аударған – Мұхтар Әуезов.). Роман екінші рет 1968 жылы тағы да жарық көрді (И.С. Тургенев. Дворян ұясы (Екінші басылуы). Аударған – Мұхтар Әуезов. Алматы: Жазушы, 1968. 144 б.) Бұдан кейін “Дворян ұясы” жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томына (Алматы: Жазушы, 1983. 14-т. 6–160-бб.) енді. Міне, осы томдағы түсініктемеде: “М. Әуезовтің қазіргі жиырма томдық шығармалар жинағына “Дворян ұясы”

романының “Жазушы” баспасы шығарған 1968 жылғы екінші басылымы ұсынылып отыр”, – деген анықтама берілген (370-б.). Сондықтан да жиырма томдықтың 14-томы мен 1968 жылғы романның екінші басылымы арасында ешбір айырмашылық жоқ. Екеуінде де роман 46 (XLVI) бөлімнен тұрады. Эпилогі бар.

Ал “Әдебиет және искусство” журналының 1952 жылғы 9–10 сандарында жарияланған романның үзінділері мен осы жылы жеке кітап боп шыққан (И.С. Тургенев. Дворян ұясы. Роман. ҚМКӘБ, 1952) толық нұсқа арасында да ешбір айырмашылық жоқ. Екеуінде де роман 45 (XLV) бөлімнен тұрады. Эпилогі бар. Демек, “Әдебиет және искусство” мен 1952 жылғы жеке кітап бір нұсқа. Ал 1968 бен 1983 (14-т.) жылғы жарияланымды бір нұсқа екені жоғарыдағы түсініктемеде айтылған. Олай болса, айырма осы төрт түрлі басылымдардың екі түрлі нұсқаларында болуы мүмкін деген мақсатпен шартты түрде 1952 жылғы екі жарияланымды I нұсқа деп, 1968, 1983 жылғы екі басылымды II нұсқа деп алдық.

I нұсқада 44-бөлім (XLIV): “Келесі күні жексенбі болатын” деген абзацтан басталып, “...тез уақытта қайта ораламын” деген сөйлеммен аяқталады.

Ал 45-бөлім (XLV): “Шешесінің үйінің екінші қабатында Лизаның жеке кішкене бөлмесі болатын...” деген абзацтан басталса, “Ал келесі көктемде бұған Россияның жарық бір шетіндегі Б... монастыріне барып, Лиза сопылар қатарына қосылыпты деген хаттар жетті” деген сөйлемдермен аяқталады. Эпилогімен.

II нұсқада 44-бөлім (XLIV) жоғарыдағы сөйлемдермен басталады да, “Ал маған солға. Бақыл болыңыз” деген Леммнің сөзімен бітеді. 45-бөлім (XLV) “Келесі күні Федор Иваныч әйелімен Лабрикке жөнелді” деген абзацтан басталады да, жоғарыдағы I нұсқаның 44-бөліміндегі сөйлемдермен аяқталады. Енді I нұсқада 45-бөлім басталатын абзац II нұсқада 46 (XLVI) бөлім болады да, “...Лиза сопылар қатарына қосылыпты деген хабар жетті” деген сөйлемдермен дұрыс бітеді. Эпилогімен. Тек мұнда I тарау ғана артық жасалған.

“Әдебиет және искусство” журналының 29-бетіндегі: “...қысқасы, өмір кемесін барынша шалқытты” деген сөйлем II нұсқаларда: “қысқасы, өмір кемесі құлаш ұрып аққандай болатын” (28-б.) деп өзгерсе, тағы да I нұсқада: “...Майдың түні тыныш,

әсем еді, шал тәтті ұйқыға кетті” деген сөйлемдер II нұсқаларда: “...Майдың түні тыныш, әсем еді, шал тәтті ұйықтады” болып өзгеріске түскен.

Жазушы шығармаларының академиялық толық жинағына әр жылдарда жарияланған төрт түрлі нұсқасы толық текстологиялық салыстырулардан өтіп, түпнұсқа ретінде 1952 жылғы “Әдебиет және искусство” журналындағы (осы жылғы кітап жеке болып шыққан нұсқасы) жарияланымдары (№ 9,10) негіз болғандықтан, жоғарыда аталған стильдік түзетулер (жазушының өзі емес, редакцияның) қалпына келтірілді. Яғни 1952 жылғы нұсқалар бойынша жіберуді жөн көрдік. Себебі, бұл нұсқалар жазушының көзі тірісінде жарық көрген болатын. Ал қалғандарында (1968, 1983) редакторлық өңдеу, жөндеулер енген. “Дворян ұясын” 50-томдық толық жинаққа әзірлеу барысында жазушы мұражайынан бұл роман аудармасының қолжазбасы кездеспеді.

Е. Қаныкейұлы

М А З М Ұ Н Ы

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР	3
Еңбегім – ұлы Отанымдікі	5
Пушкин и братские литературы Советского Востока	7
Путь гигантов	11
Закон, по которому все мы равны	12
Мысли избирателя	18
Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы	21
Пушкин мен Абай	43
Заметки о романе	50
Абай өмірбаянының төртінші нұсқасы	61
Сөз басы	141
В дружной семье социалистических наций	145
Абай мұрасы жайында	149
Қазақ әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында	165
Қазақтың әдеби тілі туралы	182
Некоторые вопросы развития казахского литературного языка	211
“Дворян ұясы” романының аудармасы туралы	222
II. АУДАРМА	227
<i>И.С. Тургенев. Дворян ұясы</i>	229
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	393

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

30-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 22,4.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1330.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dair81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-172-2



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 7 2 2